GSr Rus 00_foreword_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:23 Страница 1

HYUNDAI

ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Пайдалану
Техникалық қызмет көрсету Техникалық сипаттамалары

Осы пайдалану нұсқаулығындағы барлық ақпарат жарияланған кездегі жағдай бойынша келтірілген.HYUNDAI компаниясы өнімді жаңғыртудың тұрақты қолданыстағы бағдарламасы шеңберінде кез келген уақытта өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Бұл нұсқаулық осы автокөліктің барлық модельдеріне қатысты және қосымша және стандартты жабдықтың сипаттамасы мен түсіндірмелерін қамтиды. Сондықтан осы нұсқаулықта Сіздің автокөліктің нақты моделіне қатысы жоқ материалдарды да таба аласыз.

Кейбір модельдер оң жақты басқарылатынына назар аударыңыз. Шығыс басқаруы бар үлгілердегі операциялар үшін мәліметтер мен суреттер осы нұсқаулықта келтірілген.

GSr Rus 00_foreword_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:23 Страница 2

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: СІЗДІҢ HYUNDAI АВТОКӨЛІГІҢІЗГЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

HYUNDAI автокөлігіңіздің құрылмасына кез келген өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Мұндай өзгерістер автокөліктің жұмысын, оның қауіпсіздігін нашарлатуы немесе оның қызмет мерзімін қысқартуы мүмкін, сондай-ақ Сіздің автокөлігіңізге кепілді қызмет

ДУПЛЕКСТІ РАДИОБАЙЛАНЫС НЕМЕСЕ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ЖҮЙЕЛЕРІН ОРНАТУ

Сіздің автокөлігіңіз электрондық жанармай бүрку жүйесімен және басқа да электрондық компоненттермен жабдықталған. Дуплексті радиобайланыс немесе ұялы телефон жүйесін қате орнату және баптау автокөліктің электрондық блоктарының жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан, егер сіз осындай құрылғыларды орнату

АБАЙЛАҢЫЗ! (БАР БОЛСА)

Автокөлік ЭРА-ГЛОНАСС шұғыл жедел қызметтерін шақыру құрылғысымен жабдықталған. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесіне, автокөлік және/немесе оның компоненттерінің жүйелеріне кез келген дербес және/немесе рұқсатсыз араласу, сондай-ақ автокөлік дайындаушымен ұсынылмаған және/немесе HYUNDAI дилерлік орталықтарынан тыс жабдықтарды орнату ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының дұрыс жұмыс істемеуіне, жалған шақыруларды бастамашылыққа,жол-көлік оқиғасы кезінде және/немесе төтенше көмек қажет болған жағдайда құрылғының іске

GSr Rus 00_foreword_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:23 Страница 3

Осы нұсқаулықта «ҚАУІПТІ», «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ», «АБАЙ БОЛЫҢЫЗ», «НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ» тақырыпшаларымен белгіленген мәліметтер бар.
Төменде осы тақырыптарға қатысты түсінік берілген:

ҚАУІПТІ

Осындай тақырыпшамен белгіленген жағдай осы ескертуді елемеген жағдайда өлім жағдайына немесе елеулі жарақаттарға алып келеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Осындай тақырыпшамен белгіленген жағдай осы ескертуді елемеген жағдайда өлім жағдайына немесе елеулі жарақаттарға алып келуі мүмкін.

Осындай тақырыпшамен белгіленген жағдай осы ескертуді елемеген жағдайда мардымсыз немесе орташа жарақаттарға алып келуі мүмкін.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ тақырыпшасымен елемеген жағдайда автокөліктің зақымдануына алып келуі мүмкін ескертулер белгіленген.

GSr Rus 00_foreword_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:23 Страница 4

АЛҒЫСӨЗ

Сізге HYUNDAI маркалы автокөлікті таңдағаныңыз үшін рахмет айтамыз! Біз Сізді біздің автокөліктерді басқаратын сапаны бағалайтын тұлғалардың өскелең қауымдастығында қарсы алуға қуаныштымыз. Жобалау кезінде негізі қаланған озық идеялар, және біздің компанияда құрылған әр автокөліктің жоғары сапалы орындалуы – бұл біз мақтан тұтатын құндылықтар.

Осы пайдалану бойынша нұсқаулық Сізді Сіздің жаңа HYUNDAI автокөлігіңізді құрастыру және пайдалану ерекшеліктерімен таныстырады. Біз Сізге осы құжатты егжей-тегжейлі зерделеуді ұсынмыз, себебі онда көрсетілген ақпарат Сізге өзіңіздің жаңа автокөлігіңізден максималды лөззат алуға айтарлықтай көмектесуі мүмкін.

Өндіруші сонымен қатар сіздің автокөлігіңізді жөндеуді және техникалық қызмет көрсетуді HYUNDAI авторизацияланған дилер орталығында орындауды ұсынады.

HYUNDAI MOTOR КОМПАНИЯСЫ

HYUNDAI автокөлігін сатқан жағдайда автокөліктің болашақ иелеріне де осы нұсқаулықтағы ақпарат қажет болатындықтан, өтінеміз, осы нұсқаулықты автокөлікте қалдырыңыз. Рахмет.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

HYUNDAI компаниясының техникалық талаптарына сәйкес келмейтін, төмен сапалы отынды және майлау материалдарды пайдалану қозғалтқыштың және берілістер қорабының елеулі зақымдануына алып келуі мүмкін. Пайдалану бойынша жетекшіліктің 8-6 парақшасында, «Автокөліктің техникалық сипаттамалары» бөлімінде баяндалған техникалық талаптарға жауап беретін жоғары сапалы отынды және майлау материалдарын ғана пайдалану керек.

©HYUNDAI MotorCompany,2016г. Барлық құқықтар қорғалған. Осы құжаттың ешқандай бөлігі, HYUNDAI Motor Company компаниясының жазбаша рұқсатын алдын ала алмай, жаңғыртыла, қандай да бір ақпараттық-іздеу жүйесіне орналастырыла немесе байланыс арналары бойынша кез келген нысанда және кез келген әдіспен орналастырыла алмайды.

Біз Сізге осы автокөлікті жүргізуден максималды мүмкін ләззатты алуға көмектескіміз келеді. Осы Пайдалану бойынша нұсқаулық осы тұрғыда әр түрлі әдістермен жәрдем көрсетуі мүмкін. Біз нұсқаулықты толық оқып шығуды қадала ұсынамыз. Адамдардың қайтыс болуының және жарақаттануының ықтималдығын минимумға дейін азайту мақсатында осы нұсқаулықта бар, «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ» және
«АБАЙ БОЛЫҢЫЗ» сигналық сөздерімен белгіленген бөлімдерді міндетті түрде оқып шығу керек.

Осы автокөліктен ләззат алу жолын барынша жақсы көрсету үшін суреттемелерді осы нұсқаулықта келтірілген сөздік сипаттамалар толықтырады. Осы нұсқаулықты оқып шығып, автокөліктің иесі оның өзіндік ерекшеліктерімен, қауіпсіздік туралы маңызды ақпаратпен және әр түрлі жол жағдайларында пайдалану бойынша кеңестермен танысады.

Нұсқаулықтың жалпы құрылымы «Мазмұны» бөлімінде келтірілген. Танысуды бастау үшін қолайлы орын атау көрсеткіш болып табылады, онда алфавиттік тәртіпте нұсқаулықта бар барлық ақпараттың тізбесі келтірілген.

Бөлімдер: Осы нұсқаулықта сегіз тарау және алфавиттік көрсеткіш бар. Әр бөлім қысқа сипаттамадан басталады, бұл осы бөлімде қажетті ақпараттың бар/жоқ екендігін жылдам білуге мүмкіндік береді.

Сіздің қауіпсіздігіңіз және айналадағылардың қауіпсіздігі бірінші дәрежелі маңыздылыққа ие. Осы пайдалану бойынша нұсқаулықта көптеген сақтық шаралары және технологиялық нұсқаулықтар бар. Келтірілген ақпарат сізге немесе айналадағыларға арналған әлеуетті қауіп туралы, сонымен қатар автокөліктің зақымдануының ықтималдығы туралы ескерту болып табылады.

Автокөлік тақтайшаларындағы және осы нұсқаулықтағы ескерту хабарламалары барлық осы қауіптерді, сонымен қатар тәуекелдерді төмендетуге арналған сақтық шараларын түсіндіреді.

Осы нұсқаулықта баяндалған ескертулер және нұсқаулықтар сіздің қауіпсіздікке бағытталған. Ескертулерді және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамау елеулі жарақаттарға немесе өлім жағдайына алып келуі мүмкін.

Кіріспе

Осы нұсқаулықта «ҚАУІПТІ», «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ», «АБАЙ БОЛЫҢЫЗ» және «НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ» ескерту тақырыпшалары, сонымен қатар
«қауіп символы» пайдаланылады

Бұл - қауіп символы.Ол жарақаттану қаупі туралы хабардар қылу үшін пайдаланылады. Ықтимал жарақаттардың немесе өлім жағдайының алдын алу үшін осы белгіленумен бірге ұсынылатын барлық ескертулі хабарламаларды сақтаңыз. Қауіп символы «ҚАУІПТІ», «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ»және«АБАЙ БОЛЫҢЫЗ» тақырыпшылары алдында орналасады

Осындай тақырыпшамен белгіленген жағдай осы ескертуді елемеген жағдайда өлім жағдайына немесе елеулі жарақаттарға алып келеді.

Осындай тақырыпшамен белгіленген жағдай осы ескертуді елемеген жағдайда өлім жағдайына немесе елеулі жарақаттарға алып келуі мүмкін.

GSr Rus 00_foreword_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:23 Страница 6

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Осындай тақырыпшамен белгіленген жағдай осы ескертуді елемеген жағдайда мардымсыз немесе орташа жарақаттарға алып келуі мүмкін.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ тақырыпшасымен елемеген жағдайда автокөліктің зақымдануына алып келуі мүмкін ескертулер белгіленген.

ОТЫНҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Бензинді қозғалтқыш

Этилдендірілмеген бензин

Европа елдері үшін

Автокөліктің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін 95/AKI(антидетонациялық көрсеткіш) 91 немесе одан жоғары этилденбеген бензинсоктан есептегішron (зерттеу әдісі бойынша октанды Сан) пайдалану ұсынылады. RON октанды саны 91-ден 94/AKI көрсеткіші 87-ден 90-ға дейін болатын этилденбеген бензинді қолдануға болады, алайда бұл автокөліктің жұмыс сипаттамаларының азғана нашарлауына әкелуі мүмкін. (Метанол қоспасы бар отынды пайдаланбаңыз.)

Европа елдерінен басқа

Автокөліктің оңтайлы жұмыс сипаттамаларына қол жеткізу үшін RON октан санымен (зерттеу әдісі бойынша) 91/AKI 87 немесе одан жоғары антидетонациялық көрсеткіші бар этилденбеген бензинді қолдану ұсынылады. (Метанол қоспасы бар отынды пайдаланбаңыз.)

Автомобиль этилденбеген бензинді пайдалану кезінде ең жоғары пайдалану сипаттамаларына қол жеткізу үшін әзірленген, бұл сондай - ақ зиянды заттардың шығарылуын және оталдыру шамаларының ластануын азайтуға әкеп соғады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөлікке отын құйған кезде отынды тарату бағанасы автоматты сөндірілгеннен кейін құю қылтасының жоғарғы жиегінен асыра толықтыра құймаңыз.**
- **Отын құйғаннан кейін, авария жағдайында отынның төгілуінің алдын алу үшін тығынның тиісінше орнатылғанына көз жеткізу керек.**

ЕШБІР ЖАҒДАЙДА ЭТИЛДЕНДІРІЛГЕН ОТЫНДЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ! Этилдендірілген отынды пайдалану каталитикалық бейтараптандырғыштың қызмет ету мерзімін қысқартады және қозғалтқышты басқару жүйесінің оттегі бергішінің зақымдануына алып келеді, бұл пайдаланылған газдар уыттылығын бақылау жүйесінің жұмысына жағымсыз әсер етеді.

Ешбір жағдайда отын бағына пайдалануға рұқсат етілмеген, отын жүйесін тазартуға арналған құрамдарды қоспаңыз (толық ақпаратты HYUNDAI авторландырылған дилер орталығында алуға болады).

GSr Rus 00_foreword_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:23 Страница 7

Этилдендірілген бензин (бар болса)

Кейбір елдерге арналған орындалуда осы модельдің автокөліктері этилдендірілген отынды пайдалануға есептелген. Егер этилдендірілген отынды пайдалану жоспарланса, HYUNDAI авторизацияланған дилер орталығына жүгінуді ұсынамыз.

Этилдендірілген және этилдендірілмеген бензиннің октан саны бірдей.

Құрамында этил немесе метил спирті бар бензин,

Бензинспирт, бензин мен этил спиртінен тұратын қоспа (сонымен қатар тағамдық спирт атауымен белгілі),және құрамында метил спирті бар бензин немесе бензин спирт (сонымен қатар ағаш спирті атауымен белгілі) нарықта этилдендірілген немесе этилдендірілмеген спиртпен бірге немесе олардың орнына сатылады. Құрамында 10% астам этил спирті бар бензин спиртті және құрамында метил спиртінің қандай да бір үлесі бар бензинді немесе бензинспиртті пайдалануға болмайды. Осы типті отындар автокөлікті басқару кезінде мәселелер тудыруы және отын жүйесінің зақымдануына алып келуі мүмкін.

Автокөлікті басқару кезінде мәселелер туындаған кезде кез келген типті бензинспиртті пайдалануды тоқтатыңыз.

Келесі отын түрлерін пайдаланумен тудырылған жағдайда, автокөліктің зақымдануы немесе оны басқару кезіндегі мәселелер өндіруші кепілдігімен қамтылмауы мүмкін:

1. Этил спиртінің құрамы 10% асатын бензинспирт.
2. Құрамында метил спирті бар бензин немесе бензин спирт.

1. Этилдендірілген бензин немесе этилдендірілген бензин спирт.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Ешбір жағдайда құрамында метанол бар бензинспиртті пайдаланбаңыз. Егер автокөліктің жұрыс қасиеттерінің нашарлауына алып келсе, кез келген бензинспиртті пайдалануды тоқтатыңыз.

Өзге отын түрлері

Отын қосындыларын пайдалану:

- силиконды отын қосындысы;
- магний отын қосындысы (ММТ);
- ферроценді(құрамында темір бар) отын қосындысы;
- басқа құрамында металл баротын қосындылары

цилиндрлердегі тұтану өткізбелеріне, динамикалық сипаттамалардың нашарлауына, қозғалтқыштың өздігінен тоқтауына, каталитикалық бейтараптандырғыштың зақымдануына немесе үдетілген коррозияға, сонымен қатар қозғалтқыштың зақымдануына және күштік агрегаттың қызмет ету мерзімінің жалпы қысқаруына алып келуі мүмкін.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Жаңа автокөлікке арналған кепілдік шарттары аталған типті отынды пайдаланумен тудырылған отын жүйесінің зақымдануына немесе автокөліктің жұмыс сипаттамаларының нашарлауына таралмауы мүмкін.

GSr Rus 00_foreword_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:23 Страница 8

Метилтербутилэфирді(MTBE) пайдалану

HYUNDAI компаниясы осы автокөлікте құрамындағы метилтербутилэфирдің (MTBE) көлемдік үлесі 15,0% (оттегінің массалық үлесі2,7%) асатын отынды пайдалануды ұсынбайды.

Құрамындаметилтербутилэфирдің (MTBE) көлемдік үлесі 15,0% (оттегінің массалық үлесі2,7%) асатын отынды пайдалану автокөліктің пайдаланымдық сипаттамаларының нашарлауын тудыруы және бу тығындарының түзілуіне және қиындатылған іске қосуға алып келуі мүмкін.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Өндіруші ұсынған жаңа автокөлікке арналған шектеулі кепілдік метанолдыңнемесеметилтретбутилэфирдің (МТБЭ) көлемдік үлесі 15,0% (оттегінің массалық үлесі 2,7% астам болғанда) астам болатын отын жүйесінің зақымдануына және автокөліктің жұмыс сипаттамаларының нашарлауына таралмайды

Метилспиртін пайдаланбаңыз

Автокөлікте метанол (ағаш спирті) бар отынды пайдлануға болмайды.Осындай отын автокөліктің жұмыс сипаттамаларын нашарлатуы мүмкін және отын жүйесінің, қозғалтқышты басқару жүйесінің және шығарындылар уыттылығын бақылау жүйесінің зақымдануына себепші болуы мүмкін.

Отынға арналған қосындылар

HYUNDAI компаниясы RON (зерттеу әдісі бойынша октан саны) 95/AKI (антидетонациялық көрсеткіш) 91 немесе жоғарырақ (Еуропа үшін) болатынRON (зерттеу әдісі бойынша октан саны)91/AKI (антидетонациялық көрсеткіш) 87, немесе жоғарырақ (Еуропаны қоспағанда) болатын этилдендірілмеген бензинді пайдалануды ұсынады.
Отын қосындылары қосылған жоғары сапалы бензинді пайдаланбайтын және қозғалтқышты іске қосумен немесе оның баяу жұмыс жасауымен қиындықтарға ұшырайтын клиенттер отын бағына техникалық қызмет көрсетудің ұсынылған кестесіне сәйкес бір бөтелке қосындыны қосу керек(«Техникалық қызмет көрсетуден өтудің қарапайым кестесі» 7-тарауын қар.). Қосындыларды HYUNDAI авторизацияланған дилер орталығында сатып алуға болады.Сонымен қатар оларды пайдалану бойынша ұсыныстарды алуға болады. Әр түрлі қосындыларды араластырмаңыз

Автокөлікті шетелде пайдалану

Осы автокөлікте басқа елге жол жүру шеккенде келесілерді қамтамасыз ету керек:

- тіркеуге және сақтандыруға қатысты барлық талаптарды сақтау;
- сатылымда қажетті сападағы отынның бар екендігін анықтау

GSr Rus 00_foreword_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:23 Страница 9

АВТОКӨЛІК ҚҰРЫЛЫМЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

Осы автокөлік құрылымына өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Автокөліктің құрылымын өзгерту автокөліктің сипаттамаларына, оның қауіпсіздігіне және қызмет ету мерзіміне жағымсыз әсер етуі мүмкін. Кейбір жағдайларда олар тіпті қауіпсіздік және шығарындыларды шектеу бойынша мемлекеттік ережелерді бұзуы мүмкін.

Сонымен қатар, құрылымның қандай да бір өзгерістерімен тудырылған зақымдау немесе сипаттамаларды төмендету кепілдікті міндеттемелер әрекетінің шегіне кірмейді.

- Тыйым салынған электронды аспаптарды пайдалану автокөліктің ақаулы жұмысына, сым тартылымының зақымдануына, аккумуляторлық батареяның разрядталуына және тұтануға алып келуі мүмкін. Қауіпсіздік мақсатында қолдануға жіберілмеген электронды құрылғыларды пайдаланбау керек

АВТОКӨЛІКТІ СЫНАУ ТӘРТІБІ

Жүрілген жолдың алғашқы 1000 км (600 миль) барысында бірнеше қарапайым сақтық шараларын сақтау автокөліктің пайдаланымдық сипаттамаларына, үнемділігінде және қызмет ету мерзімінде жағымды әсер етуі мүмкін.

- Қозғалтқыштың иінді біліктің жоғары жиілігі кезінде жұмыс жасауына жол бермеңіз.
- Қозғалыс кезінде иінді біліктің айналу жиілігін (айн/мин немесе минутына айналымдар)2000 бастап4000 айн/мин дейінгі шектерде ұстап тұрыңыз.
- Ұзақ уақыт бойы өзгерімейтін жылдамдықпен (жоғары да, төмен де) қозғалмаңыз. Иінді біліктің айналу жиілігін өзгерту дұрыс сынау үшін қажет.
- Тежеуіш қалыптардың дұрыс түйісуін қамтамасыз ету мақсатында, төтенше жағдайларды қоспағанда, кенет тежелуден сақтаныңыз.
- Жүрілген жолдың алғашқы 2000 км (1200 миль) барысында тіркемені сүйретпеңіз.

ЖҮРГЕН АВТОКӨЛІКТЕРДІ ҚАЙТАРУ (ЕУРОПА ЕЛДЕРІ ҮШІН)

HYUNDAI компаниясы өңделген ресурсы бар автокөліктерді экологиялық қауіпсіз кәдеге жаратуды қолдайды және көлік құралдарын пайдаланудың соңғы мерзімдерінің Еуропалық Одағының (ЕО) Директивасына сәйкес өңделген ресурсы бар HYUNDAI автокөлігін қайтаруға мүмкіндік береді.

Толық ақпаратты HYUNDAI Жергілікті веб-сайтынан алуға болады.

GSr Rus 1_LM (FL).qxd 24.03.2017 15:56 Страница 1

Сіздің автокөлікпен танысу

Сыртқы көрінісі(I).....1-2
Сыртқы көрінісі(II) 1-3
Салонға шолу 1-4
Аспаптар панеліне шолу 1-5
Моторлы бөлік.....1-6

GSr Rus 1_LM (FL).qxd 24.03.2017 15:56 Страница 2

СЫРТҚЫ КӨРІНІСІ (I)

■ Алдынан көрінісі



1. Дөңгелек және шиналар 7-40
2. Жел әйнектің әйнек тазартқышының щеткалары 7-33
3. Сыртқы артқы көрініс айнасы 3-26
4. Есік 3-6
5. Әйнектеу 3-29
6. Фара 7-66
7. Тұманға қарсы фара * 7-67
8. Капот 3-34

* : бар болса

Нақты нысан суретте көрсетілгендерден ерекшеленуі мүмкін.

OGSR016001

GSr Rus 1_LM (FL).qxd 24.03.2017 15:56 Страница 3

СЫРТҚЫ КӨРІНІСІ (II)

■ артқы көрінісі



1. Антенна 4-2
2. Отын бағының отын құю қылтасының қақпағы 3-38
3. Артқы жүрісті тұрақ кезіндегі көмек жүйесі *. 3-93
4. Артқы құрамафонар 7-75
5. Артқы әйнектің әйнек тазартқыш щеткалары 7-35
6. Тежелудің қосымша сигналының фонары 7-78
7. Артқы көрініс камерасы* 3-92
8. Багаж бөлігінің қақпағы 3-36


* : бар болса

OGSR016002

Нақты нысан суретте көрсетілгендерден ерекшеленуі мүмкін.

GSr Rus 1_LM (FL).qxd 24.03.2017 15:56 Страница 4

САЛОННЫҢ ЖАЛПЫ КӨРІНІСІ




Нақты иысан суретте көрсетілгендерден ерекшеленуі мүмкін.

1. Есіктерді бұғаттау және бұғаттан шығару батырмалары.....3-17
2. Электрлі әйнек көтергіштердің ауыстырып-қосқышы 3-29
3. Орталық басқарылатын есіктерді құлыптау жүйесінің қосқышы 3-17
4. Электрлі әйнек көтергіштерді бұғаттау көрсеткіші 3-29
5. Артқы көріністің сыртқы айналарын реттеу ауыстырып қосқышы * 3-27
6. Артқы көріністің сыртқы айналарын жинау батырмасы*. 3-28
7. Отын құятын қылта қақпағын ашу иінтірегі 3-38
8. Фаралардың көлбеу бұрышын реттеу құрылғысы.....3-85
9. Аспаптар комбинациясының жарық реттегіші * 3-42
10. Жел әйнек жылытқышын қосу батырмасы * 3-95
11. ESC OFF батырмасы.....5-33
12. Сақтандырғыштар блогы 7-58
13. Рөлдік дөңгелек 3-20
14. Рөлдік дөңгелекті көлбетуді және жылжытуды басқару 3-21
15. Орындықтар 2-4
16. ..... Капоттың құлпын бұғаттан ашу иінтірегі 3-34
17. Тұрақ тежегіші 5-29
18. Тежегіш басқысы 5-28

GSr Rus 1_LM (FL).qxd 24.03.2017 15:56 Страница 5

АСПАПТАР ПАНЕЛІНІҢ ЖАЛПЫ КӨРІНІСІ



Нақты нысан суретте көрсетілгендерден ерекшеленуі мүмкін .

1. Жарық аспаптарын және бұрылыс көрсеткіштерін басқару 3-80
2. Рөлдік дөңгелекте Bluetooth функциясы бар дыбыс жүйесі мен телефонды басқару 4-3
3. Аспаптар комбинациясы 3-41
4. Дыбыстық сигнал 3-23
5. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы 2-44
6. Әйнек тазартқыш/ әйнек жуғыш 3-89
7. Маршруттық комьютерді қосу 3-71,3-76
8. Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы оталдыру ажыратқышы 5-8
9. Цифрлы сағат 3-125
10. Авариялық жарық сигнализациясының ажыратқышы 6-2
11. Микроклиматты басқару жүйесі. 3-97
12. Электрлі розетка 3-124
13. AUX, USBиiPod® Қосқышы 4-2
14. Электрлі розетка 3-124
15. Берілісті ауыстырып қосу иінтірегі .. 5-17,21
16. Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы 2-44
17. Қолғап жәшігі 3-120
18. Жүргізуші орындығын жылытқыш* 2-17
19. Жылытылатын рөлдік дөңгелек* .. 3-22

GSr Rus 1_LM (FL).qxd 24.03.2017 15:56 Страница 6

20. DBC батырмасы.....5-39
21. 4WDLOCK* батырмасы.....5-49
22. Жолаушы орындығын жылытқыш* 2-17

* : бар болса


OGSR016004

1-5


GSr Rus 1_LM (FL).qxd 24.03.2017 15:56 Страница 7

МОТОРЛЫ БӨЛІК

■ **Қозғалтқыш GAMMA1.6**



■ **Қозғалтқыш NU2.0**



1. Қозғалтқыштың май құю қылтасының қақпағы..... 7-3
2. Қозғалтқыштың май сүңгіші 7-19
3. тежегіш сұйықтығы/ ілінісу гидрожетегі сұйықтығына арналған бак.....7-25
4. Сақтандырғыштар блогы 7-58
5. Ауа сүзгісі 7-30
6. Радиатор қақпағы.....7-21
7. Қозғалтқыш салқындату сұйықтығына арналған бак.....7-21
8. Жел әйнек жуғыштың сұйықтығына арналған бак.....7-28
9. Рөлдік басқару күшейткішінің сұйықтық бөшкесі * 7-27

* : бар болса

Қозғалтқыш бөлігінің нақты құрастырылуы көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 1-бет

Автокөліктің қауіпсіздік жүйесі

Аталған бөлім жүргізуші мен жолаушыны қорғау жөнінде маңызды ақпараттардан тұрады. Онда орындықтарды және қауіпсіздік белдіктерін тиісті қолдануға түсініктер, сонымен қатар қауіпсіздік жастықтарына түсінік келтіріледі. Бұдан басқа, аталған тарау, автокөлікте жаңа туған нәрестелер мен балаларды қалай дұрыс тағындыру қажет екені түсіндіріледі.

Маңызды сақтық шаралары 2-2
Қауіпсіздік белдіктерін тағыну..... 2-2
Балаларды ұстау жүйесін қолдану 2-2
Қауіпсіздік жастығының іске қосылу қауіптілігі 2-2
Жүргізуші назарын ауыстыру 2-2
Автокөлік жылдамдығын бақылау..... 2-3
Автокөліктің қауіпсіз күйін ұстап тұру 2-3
Орындық..... 2-4
Сақтық шаралары 2-5
Алдыңғы орындық 2-6
Артқы орындық 2-9
Бас тірегіш 2-12
Орындық жылытқыштары 2-16
Қауіпсіздік белдіктері.....2-19
Қауіпсіздік белдігін қолдану кезіндегі сақтық шаралары 2-19
Қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы 2-20
Қауіпсіздік белдігінің жүйесі 2-21
Қауіпсіздік белдігін қолдану кезіндегі қосымша сақтық шаралары2-26
Қауіпсіздік белдігін күту.....2-28
Балаларды ұстау жүйесі.....2-29
Балалар әрдайым артқы орындықта болуы тиіс 2-29
Балаларды ұстау жүйесін таңдау.....2-30
Балаларды ұстау жүйесін орнату.....2-32
Қауіпсіздік жастығы — Пассивті қауіпсіздік жүйесі.....2-42
Қауіпсіздік жастықтарының орналасуы.....2-44
Қауіпсіздік жастығы жүйесінің жұмыс қағидаты 2-47
Қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін не болады 2-51
Неліктен қауіпсіздік жастығы соқтығысу кезінде ашылмайды ?.....2-53
Пассивті қауіпсіздік жүйесі күту.....2-58
Қосымша сақтық шаралары 2-59
Қауіпсіздік жастығының ескерту жапсырмасы 2-60

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 2-бет

МАҢЫЗДЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Осы бөлімде және барлық нұсқаулықта қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша көптеген шаралар мен ұсыныстар келітірілген. Осы бөлімде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша анағұрлым маңызды шаралар ұсынылған.

Қауіпсіздік белдіктерін тағыну

Қауіпсіздік белдігін қолдану кезінде, барлық апат түрі кезінде анағұрлым тиімді қорғаныс қамтамасыз етіледі. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі, қауіпсіздік белдігіне қосымша ретінде жобаланған және оларды алмастыра алмайды. Сондықтан да, көлік құралы қауіпсіздік жастығымен жабдықталғанымен, жүргізуші мен жолаушы ӘРДАЙЫМ қауіпсіздік белдігін лайықты түрде қолдануы тиіс.

Балаларды ұстау жүйесін қолдану

13 жасқа дейінгі барлық бала, көлік құралының қозғалыс кезінде, әрдайым артқы орындықта болуы тиіс. Бұл ретте, олар қауіпсіздік белдігін тағынулары тиіс. Жаңа туған нәрестелер мен балалар үшін тиісті балаларды ұстау жүйесі қолданылады. Жеткіншектер, егер олар қосымша жастықсыз қауіпсіздік белдігін қолдана алмаса, белбеулі/иыққа тағатын қауіпсіздік қолдануы тиіс.

Қауіпсіздік жастығының іске қосылу қауіптілігі

Қауіпсіздік жастығы, авария жағдайында, өмірді құтқаруы мүмкін, алайда, егер оған тым жақын отырса немесе оны тиісті қолданбаса, ауыр жарақаттар немесе арты өліммен аяқталатын жарақаттарға алып келуі ықтимал.

Аталған нұсқаулықта келтірілген барлық нұсқаулықтар мен ескертулер сақталуы тиіс.

Жүргізуші назарын ауыстыру

Жүргізуші назарын ауыстыру, әсіресе тәжірибесі жоқ жүргізушілер үшін ауыр әрі әлеуетті өлім қауіп-қатері болып саналады. Рөлде болған кезде, қауіпсіздікке шамадан тыс назар аудару қажет. Жүргізушілер назар аударудың әртүрлі әлеуетті факторларын білуі тиіс, атап айтқанда, мысалы, ұйқышылдық, заттарды алу, тамақ ішу, жеке гигиена, басқа да жолаушылар мен мобильді телефонды қолдану (тізім осымен шектелмейді)

Назарын басқа жаққа аудара отырып, жүргізуші жолдағы жағдайды бақылаудан айрылып қалуы немесе жүргізуден басқа әрекеттерге назарын қойып, рөлдік дөңгелектен қолын алуы мүмкін. Назарын ауыстыру және апат ықтималдығы қаупін төмендету үшін

- Көлік құралы тоқтатылған кезде, мобильді құрылғыларды (атап айтқанда, MP3-плеерлер, телефондар, навигациялық блоктар және т.б.) баптауды жүргізу қажет.
- Мобильді құрылғыларды қолдану, ТЕК қана егер бұл заңмен рұқсат етілген және жағдай оны қауіпсіз қолдануға жол берілген кезде ғана жол беріледі. Қозғалыс кезінде мәтін теру және электронды пошта жіберуге ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ. Көптеген елдерде заңды деңгейде мәтін теруге тыйым салады. Кейбір елдер мен қалаларда, жүргізушілерге, сондай-ақ қозғалыс кезінде мобильді телефонды қолдануға тыйым салынады.

● Мобильді құрылғыны, егер бұл жүргізуден алаңдататын болса қолдануға болмайды. Жүргізуші өз жолаушылары мен және басқа жол қозғалыс қатысушылары үшін жауапкершілік жүктейді, сондықтан да өз көлік құралыңызды қауіпсіз түрде басқаруыңыз қажет. Бұл ретте, қолдар рөлдік дөңгелекте тұруы және үнемі жол жағдайын қадағалап жүргізілуі тиіс.

Автокөлік жылдамдығын бақылау


Жылдамдықты арттыру, авария кезінде зақым алудың, сонымен бірге арты өліммен ақталудың негізгі себебі болып саналады. Осылайша, жылдамдықты арттыру үлкен қауіп болып табылады, алайда ауыр жарақаттар төмен қозғалыс жылдамдығы кезінде алынуы мүмкін. Жылдамдық, егер ол тіпті рұқсат етілгеннен төмен болса да, ағымдағы жағдайларға сәйкес таңдалуы тиіс.

Автокөліктің қауіпсіз күйін ұстап тұру

Шина тесіктері немесе механикалық ақаулардың болуы, шамадан тыс қауіпті болуы мүмкін. Осындай қиындықтардың ықтималыдығын төмендету үшін, шиналардағы ауа қысымын және олардың жалпы күйін ұдайы тексеру қажет. Барлық жоспарлы техникалық қызмет көрсету дер кезінде орындалуы тиіс.

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 4

Орындық



Алдыңғы орындық

1. Бойлық жылжу
2. Орындық арқасының иілуі
3. Жастық биіктігі (жүргізуші орындығы)
4. Бас тірегіш
5. Орындық жылытқышы*

Артқы орындық

6. Орындық жылытқышы *
7. Бас тірегіш (артқы орталық)*
8. Орындық арқасын жинау
9. Бас тірегіш
10. (сол/оң)

* : бар болса

OGSR036049

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 5

Сақтық шаралары

Орындық онда отыру қауіпсіз болатындай ретке келітірілуі тиіс. орындықтың қолайлы күйі, жүргізуші мен жолаушылардың авария кезінде (қауіпсіздік белдігі және қауіпсіздік жастық жүйесімен қатар) қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл ойнайды.

Орындық пен жолаушылар арасында үйкелісті төмендету үшін, орындық жастығындағы қаптаманы қолданбаңыз. Соқтығысу немесе оқыс тежелу кезінде, қауіпсіздік белдігінің төменгі бөлігінен сырғып кетуі мүмкін. Бұл ретте, автокөлікті бақылау жоғалуы, бұл апатқа себепші болуы мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтар жүйесі

Қауіпсіздік жастығы ашылған жағдайда, жарақат алу қаупін төмендету үшін, белгілі шаралар қабылдануы мүмкін. Егер қауіпсіздік жастығына тым жақын отыратын болса, бұл ол іске қосылған кезде, дене жарақаттарын алу қаупін айтарлықтай ұлғайтуы мүмкін. Орындықты, алдыңғы қауіпсіздік жастығынан мүмкіндігінше алыс, бұл ретте көлік құралын бақылауды сақтай отырып орналастыру қажет.

Қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде, дене жарақаттары қаупін төмендету үшін, келесі сақтық шаралары қабылдануы тиіс: Жүргізуші орындығын артқа, көлік құралын басқару мүмкіндігін сақтай отырып алысырақ орналастыру қажет.

- **Алдыңы жолаушы орнығын мүмкіндігінше артқа орналастыру қажет. -**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Рөлдік дөңгелек тоғынын, қолдың жарақаттану қаупін азайту үшін, сағат тілінің “9” және “3” сағат күйіне сәйкес жерлерде ұстап тұру қажет.**
- **Қауіпсіздік жастығының алдында әлденені немесе әлдекімді орналастыруға ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ.**
- **Алдыңғы жолаушыға аяқ жарақаты қаупін азайту үшін, аяғын алдыңғы панельге қоюға рұқсат етпеңіз.**

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 6

Қауіпсіздік белдіктері

Жол жүрер алдында қауіпсіздік белдігін әрдайым тағыну қажет. Жолаушылар әрдайы тура отыруы және қауіпсіздік белдіктерін тағынған болуы тиіс. Жаңа туған нәрестелер мен балалар тиісті балаларды ұстау жүйесімен тағынуы тиіс. Қосымша жастықты қолданатын балалар мен жеткіншектер қауіпсіздік белдіктерін тағынуы тиіс.

Қауіпсіздік белдігін ретке келтіру кезінде, келесі шаралар қабылдануы тиіс:

- **Қауіпсіздік белдігін бір адамнан артық тағынуға ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ.**
- **Орындық арқасын, қауіпсіздік белдігінің белбеу бөлігінің мықынын байлап, әрдайым тігінен орнату қажет.**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Қауіпсіздік белдігінің белбеу бөлігімен балалар немесе жаңа туған нәрестелерді тағындыруға ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ:**
- **Қауіпсіздік белдігін мойынмен, үшкір жиектері арқылы салуға немесе қолдың астына иық бауды өткізуге жол берілмейді.**
- **Қауіпсіздік белдігінің қысып тұруына жол берілмейді.**

Алдыңғы орындық

Алдыңғы орындықтың күйі, орындық жастығының сырт жағында орналасқан саптың көмегімен ретке келітіреді. Жол жүрер алдында, орындықтардың күйін, рөлдік дөңгелегін, басқыштар мен аспаптар панеліндегі басқару органдарымен басқаруға қолайлы болатындай ретке келтіру қажет.

Орындықты реттеу кезінде, келесі сақтық шаралары қолданылуы тиіс:

- **Автокөлік қозғалған кезде, орындықты реттеуге ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ: орындық күтпеген жерден жылжып кетуі мүмкін, бұл автокөлікті басқаруан айрылып қалуға және апатқа себепші болуы ықтимал.**
- **Алдыңғы орындыққа қандай да бір заттарды қоймаңыз. Жүргізуші аяғының маңайында тұрған бекітілмеген заттар, басқышты басқаруға кедергі келітруі, бұл жол-көлік оқиғаларына алып келуі ықтимал.**

(жалғасын қар)

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 7


(жалғасы)

- **Әлдекімге орындық арқалығының қалыпты күйін өзгеруге немесе оның бекіткішін бұғаттауға мүмкіндік бермеңіз.**
- **Оттықты еденге немесе орындыққа қоймаңыз. Орындықты жылжытқан кезде, оттықтың зақымдалуы және ондағы газдың жалындауы мүмкін.**
- **Орындық астында немесе орталық консоль арасында тұрып қалған ұсақ заттарды шығыру кезінде абай болыңыз. Орындықты ретке келтіру механизмінің өткір жиектерінен қолды күтпеген жерден жарақаттап алуға болады.**
- **Егер артқы орындықта жолаушылар болса, орындықты реттеу кезінде абай болыңыз.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жарақаттануды болдырмау үшін:

- **Егер қауіпсіздік белдігі тағылған кезде, орындықты ретке келітурге болмайды. Орындық көпшігін алға жылжыту, іште күшті қысымды тудыруы мүмкін.**
- **Қолдар немесе саусақтар орындық механизміне оны жылжытқан кезде түспеуі үшін абай қолу қажет.**




OGC034049

Орындықты алға немесе артқа жылжыту үшін:

1. Жоғары көтеріңіз және орындық жылжымасының реттеу иінтірегін ұстап тұрыңыз.
2. Орындықты талап етілген күйге ауыстырыңыз.
3. Иінтіректі босатыңыз және орындықтың жаңа күйге бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Орындықты иінтіректі қолданбай алға және артқа жылжытуға тырысыңыз. Егер орындық жылжытылса, ол тиісінше бекітілмеген.

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 8



Орындық арқалығын еңкейту

Орындық арқалығын қайыру үшін:

1. Ақырын алға еңкейтіңіз және арқалықты еңкейтуді реттеу тұтқасын жоғары көтеріңіз.

2. Абайлап артқа еңкейтіңіз және орындық арқалығын талап етілген күйге орнатыңыз.

3. Иінтіректі жіберіңіз және орындық арқалығы жаңа күйде бекітілуін қадағалаңыз. (орындық бекітілуі үшін, иінтірек бастапқы қалпына қайтарылуы ҚАЖЕТ)

Орындық арқалығын қайыру

Автокөлікті орындық арқалығы қайырылған кезде басқару қауіпті болуы мүмкін. Арқалықты қайыру кезінде, тіпті қауіпсіздік белдігін тағынған жағдайда, қауіпсіздік жүйесінің тиімділігі (қауіпсіздік белдігін мен қауіпсіздік жастығы) едәуір төмендейді.


Орындық арқалығы қайырылып тұрған кезде, көлік құралын басқаруға ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ.

Орындық арқалығы қайырылып тұрған кезде, көлік құралын басқару кезінде соқтығысу немесе оқыс тежелу жағдайында, ауыр жарақаттар немесе арты өліммен аяқталатын жарақаттар алу ықтималдығы едәуір артады.

Жүргізуші мен жолаушылар, орындықта ӘРДАЙЫМ тиісінше отыруы, қауіпсіздік белдігі тағылуы, ал орындық арқалығы тік күйде орнатылуы тиіс.

Қауіпсіздік белдігі жамбас мен көкіректі, олар тиісінше жұмыс істей алатындай байлануы тиіс. Орындық арқалығы қайырылған кезде, иық белдігімен оның функциясы орындалмауы мүмкін, себебі ол көкірекке қысылып тұрған жоқ. Басқа да жарақаттарды тудыратын күшті соққы болуы ықтимал.

Орындық арқалығы көбірек қайырылып тұрса, жолаушы жамбасы қауіпсіздіктің белбеу белдігімен қозғала бастауы немесе жолаушы мойнын иықбауға соғылу ықтималдығы соғұрлым көбірек болады.




Орындық жастығының биіктігі (жүргізуші орындығы)

Орындық жастығының биіктігін өзгерту үшін:

Орындық жастығын түсіруге арналған тұтқаны бірнеше рет басыңыз

- орындық жастығын көтеруге арналған тұтқаны жоғары қарай бірнеше рет тартыңыз.



Алдыңғы жолаушылар орындығының арқалығында қалта қарастырылған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындық арқалығының қалтасына ауыр немесе өткір заттарды салуға болмайды. Апат жағдайында, олар адамдардың жарақат алуына себепші болуы мүмкін.


Артқы орындық

Артқы орындықты жинау


Ұзын заттарды тасымалдау немесе автокөліктің жүк салатын бөлігінің көлемін үлкейту үшін, артқы орындықтың арқалығын жинауға болады.

- **Ешбір жағдайда, жолаушыларға автокөлік қозғалған кезде, артқы орындық арқалығына отыруға жол бермеңіз: бұл жер отыруға арналмаған; оған қоса осындай жағдайда қауіпсіздік белдігін тағу мүмкін емес. Оқыс тежелу немесе жол-көлік оқиғалары кезінде, артқы орындықтың жиналған арқалығында отырған жолаушы, ауыр қауіпке немесе өлімге әкелетін жарақаттарға ұшыратады.**
- **Артқы орындықтың жиналған арқалығында тұрған заттар, алдыңғы орындық арқалығының үстінен асып кетпеуі тиіс. Оқыс тежелу кезінде, осындай жүктер алға жылжуы және адамдарды жарақаттауы немесе мүлікті зақымдауы мүмкін.**

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 10



1. Артқы қауіпсіздік белдігінің ленталары бғыттауышта тұруын қадағалаңыз: әйтпесе белдік зақымдалуы мүмкін.
2. Алдыңғы орындық арқалығын тік күйде орнатыңыз және қажет болған жағдайда, оны алға жылжытыңыз.




3. Бас тірегіш тірегіндегі бекіткіш (1) батырмасын басыңыз және ұстап тұрыңыз. Бас тірегішті төмен ең төменгі күйге ауыстырыңыз.(2).



4. Орындық арқалығын жинау иінтірегінің алдыңғы бөлігін көтеріңіз және орындықты алға жинаңыз.

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 11



5. Артқы орындықты қолдану үшін, орындық арқалығын артқа тартыңыз. Орындық арқалығын тиісті күйде бекіту қажет. Орындық арқалығының бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Артқы орындық арқалығын қоймалағаннан кейін жоғарғы күйге қайтара отырып, абай болыңыз:

Лентаны немесе қауіпсіздік белдігінің құлпын зақымдамаңыз. Артқы орындықты жинау кезінде, лентаның немесе қауіпсіздік белдігінің құлпының жерге тұйықталуына немесе басылуына жол бермеңіз. орындық арқалығының, тік күйде бекітілгенін, арқалықтың жоғарғы бөлігін басып көз жеткізіңіз. Әйтпесе, оқыс тежелу немесе жол-көлік оқиғалары кезінде, орындық жиналады және жүк салатын бөліктегі жүк жолаушылар салонына жылжиды. Бұл ауыр немесе өліммен аяқталатын жарақаттарға әкелуі мүмкін.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- **Артқы орындық арқалығын жоғарғы күйге қайтару кезінде, артқы қауіпсіздік белдігін тиісті күйге қайтаруды ұмытпаңыз.**
- **Қауіпсіздік белдігі ленталарының артқы орындықтың бағыттауышында орындық арқалығының қауіпсіздік белдігінің қысылуына жол бермеу үшін бекітіңіз.**

Жүк

Жүкті соқтығысу жағдайында (бұл автокөлік ішінде тұрған адамдардың жарақаттануымен қауіпті) автокөлік ішінде оның жылжытылуын болдырмау үшін міндетті түрде бекіту қажет. Артқы орындыққа қандай да бір заттарды қоймаңыз, себебі ол жерде оларды тиісінше бекітуге болмайды. Соқтығысу жағдайында, олар алдыңғы орындықтарда отырған адамдарға жарақат келтіруі мүмкін

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 12

Жүктің артылуы

Жүкті тиеу және түсіру кезінде, қозғалтқыш тоқтатылуы, берілісті ауыстыру иінтірегі 1-ші немесе артқы беріліс күйінде тұруын, ал тұрақ тежегішінің қосылуын қадағалаңыз. Осы талаптарды орындамау автокөліктің берілісті ауыстыру иінтірегі күтпеген жерден ығысқан кезде қозғала бастауына алып келуі мүмкін.


Бас тірегіш

Автокөліктің алдыңғы және артқы орындығы, реттелтін бас тірегіштермен жабдықталған. Бас тірегіштермен жолаушылардың жайлылығы қамтамасыз етіледі, алайда болардың негізгі қолданысы авария кезінде, әсіресе арт жақтан соғылған кезде жолаушыларда омыртқа немесе мойын жарақаттарын қорғауға мүмкіндік береді.

Жол-көлік оқиғалары жағдайында, ауыр дене жарақаттары қаупін төмендету үшін, бас тірегішті ретке келтіру кезінде келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- **Қозғалыс басталар АЛДЫНДА барлық жолаушылар үшін бас тірегіш биіктігін әрдайым тиісінше ретке келтіріңіз.**
- **ЕШҚАШАН адамдарды бас тірегіші алыс жердегі орындықта тасымаңыз. (жалғасын қар.)**

(жалғасы



- **Бас тірегіш оны орнатқаннан және реттегеннен кейін бекітілуі үшін әрдайым тексеріңіз.**
- **Автокөлік қозғалған кезде, бас тірегіш күйін ЕШҚАШАН ретке келтірмеңіз.**
- **Бас тірегіш орындықта отырғанның басына мүмкіндігінше жақын тұруы тиіс. Адам денесін орындық арқалығынан бөлектейтін, орындық арқалығындағы қаптаманы қолданбаңыз.**

Ретке келтіргеннен кейін бас тірегіштің орнықты бекітілгенін қадағалаңыз.


GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 13

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Зақымдануды болдырмау үшін, бас тірегішті соғуға және тартуға БОЛМАЙДЫ.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер артқы орындықта жолаушылар болмаса, бас тірегішті ең шеткі төменгі күйге орнатыңыз. Артқы орындықтың бас тірегіші арттағы шолуды нашарлатуы мүмкін.


ODH033105L

Алдыңғы орындықтың бас тірегіші

Жайлылықты және жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, алдыңғы орындық реттегіш бас тірегіштермен жабдықталған.


OGS035023

Биіктігі бойынша жоғары және төмен реттеу


Бас тірегішті көтеру:

1. Бас тірегішті жоғары талап етілген күйге (1) ауыстырыңыз.

Бас тірегішті түсіру:


1. Бас тірегіш тірегіндегі бекіткіш (2) батырмасын басыңыз және ұстап тұрыңыз.
2. Бас тірегішті төмен талап етілген күйге (3) ауыстырыңыз.

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 14


OLF034015

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Зақымдануды болдырмау үшін, бас тірегішті соғуға немесе тартуға БОЛМАЙДЫ.



OGSR036055

Шешіп алу және орнату

Бас тірегішті шешіп алу:

1. Орындық (2) арқалығын арқалықты еңкейту иінтірегі (1) көмегімен еңкейтіңіз.
2. Бас тірегішті бұл мүмкін болғанша көтеріңіз.
3. Бас тірегіш (3) бекіткішінің батырмасын басыңыз және бас тірегішті бір мезгілде жоғары (4) тартыңыз


● **ЕШҚАШАН адамдарды бас тірегіші алыс жердегі орындықта тасымаңыз.**


OGSR036056

Бас тірегішті орнату:

1. Орындық арқалығын еңкейтіңіз.
2. Бас тірегіш (2) өзекшесін тесікке, бекіткіш (1) иінтірегіне бір мезгілде басып орнатыңыз.
3. Бас тірегішті қажетті биіктікте ретке келтіріңіз.
4. Арқылықты еңкейту иінтірегінің (3) көмегімен орындық (4) арқалығыны еңкейтіңіз.


● **Бас тірегіш оны орнатқаннан және реттегеннен кейін бекітілуі үшін әрдайым қадағалаңдар.**



* : бар болса

Артқы орындықтардың бас тірегіші (бар болса)

Жайлылықты және жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, артқы орындық бас тірегіштермен жабдықталған.




Биіктігі бойынша реттеу (бар болса) Бас көтергішті көтеру:

1. Бас тірегішті жоғары талап етілген күйге (1) ауыстыру

Бас тірегішті түсіру:

1. Бас тірегіш тірегіндегі бекіткіш (2) батырмасын басыңыз және ұстап тұрыңыз. Бас тірегішті төмен талап етілген күйге (3) ауыстыру.




Шешіп алу (бар болса)

Бас тірегішті шешіп алу үшін, оны тоқтағанша көтеріңіз және көтеруді (2) жалғастырып, бекіткіш батырманы басыңыз.

Бас тірегішті орнына орнату үшін, бас тірегіш өзекшесін (3) орнына орнатыңыз және бекіткіш батырманы (1) басыңыз. Содан кейін, бас тірегішті биіктігі бойынша ретке келтіріңіз.

Автокөлікте отырған адамдардың қорғанысын қамтамасыз ету үшін, ретке келтіргеннен кейін бас тірегіштердің орнықты бекітілгенін қадағалаңыз.

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 16



- **ЖКО жағдайында бас тірегіштің барынша тиімділігі, егер бас тірегіш жастығының ортасы орындықта отырған адамның басының ауырлық ортасымен бір биіктікте тұрған жағдайда қамтамасыз етіледі.**
- **Автокөлік қозғалған кезде, бас тірегіштер өз орнына орнатылуы тиіс. Әйтпесе, жол-көлік оқиғалары кезінде, автокөлік ішіндегі адамдардың жарақаттануы ықтимал. Дұрыс ретке келтірілген бас тірегіш, арт жақтан соққан кезде мойынның ауыр жарақаттарынан қорғауды қамтамасыз етеді.**

Орындық жылытқыштары

Орындық жылытқыштары суық күні орындықты жылыту үшін арналған.

орындық жылытқышы, тіпті төмен температура кезінде де, әсіресе ұзақ қолдану кезінде, АУЫР КҮЙІКТЕРГЕ себеп болуы мүмкін.

Жолаушылар орындықтың тым ысып бара жатқанын сезетін және жылытқышты дер кезінде сөндіретін күйде болуы тиіс.

Температураның өзгеруін немесе терідегі ауырсынуды анықтай алмайтын адамдар аса абай болуы қажет:

Жаңа туған нәрестелер, балалар, егде адамдар немесе әрекет қабілетсіз тұлғалар, сонымен бірге жақында шығарылған емделушілер.

- **Терісі сезімтал адамдар.**
- **Қалжыраған адамдар.**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Алкогольдік немесе есірткіден масаң адамдар**
- **Қалғу немесе ұйқышылдықты тудыратын медициналық дәрілердің ықпалында тұрған адамдар.**


Орындық жылытқышынан жылудың таратылуына (мысалы, көрпе немесе жастық) кедергі келтіретін заттарды қоюға БОЛМАЙДЫ. Бұл орындық жылытқышының қызып кетуін тудыруы және күйіп қалуға немесе орындықтың зақымдалуына себеп болуы мүмкін.

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 17

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Орындықтарды жылыту жүйесі мен орындықтардың өзінің зақымдалуын болдырмау үшін, келесі ережелерді сақтау қажет:

- Орындықтарды тазарту үшін, еріткіштерді, атап айтқанда бояу сұйылтқышы, бензол, спирт және бензинді қолдануға тыйым салынады.
- Жылытылатын орындыққа ауыр немесе өткір заттарды қоюға болмайды.
- Орындықта тысқаптарды ауыстыруға болмайды. Бұл орындық жылытқышының зақымдалуына себеп болуы мүмкін.



Алдыңғы орындық жылытқышы (бар болса)

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, жүргізуші немесе жолаушы орындығының жылытқышын қосуға болмайды. Егер ауа райы жылы болса немесе орындықты жылыту функциясы талап етілмесе, ажыратқыштар «сөндірілген» күйінде орнатылуы тиіс.

- Ажыратқышты әр басқан кезде, орындықтың температуралық режимі келесі үлгіде өзгереді:


СӨНД.□КҮШТІ(□□)□ҚАЛЫПТЫ.(□□)□□ӘЛСІЗ.(□□)
↑

- Егер жылытқыш жұмыс істеп тұрғанда, ауыстырып-қосқышты 1,5 секундтан ұзағырақ басып тұру, орындық жылытқышы өшіріледі.
- Әдепкі қалпы бойынша, оталдыруды қосқан кезде, орындық жылытқышының ауыстырып-қосқышы сөндірілген күйінде тұрады.

i Ақпараттар

Орындық жылытқышының ажыратқышын «қосылған» күйіне басқан кезде, орындық температурасына байланысты орындықты жылыту жүйесі автоматты қосылады және сөндіріледі.

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 18



Артқы орындық жылытқыштары (бар болса)

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, артқы орындық жылытқышының кез келгенін қосуға болады.

Егер ауа райы жылы болса немесе орындықты жылыту функциясы талап етілмесе, ажыратқыштар «сөндірілген» күйінде орнатылуы тиіс.

Ажыратқышты әр басқан кезде, орындықтың температуралық режимі келесі үлгіде өзгереді:

СӨНД. → КҮШТІ. ( ) → ӘЛСІЗ. ( )

↑ |

Әдепкі қалпы бойынша, оталдыруды қосқан кезде, орындық жылытқышының ауыстырып-қосқышы сөндірілген күйінде тұрады

i Ақпараттар

Орындық жылытқышының ажыратқышын «қосылған» күйіне басқан кезде, орындық температурасына байланысты орындықты жылыту жүйесі автоматты қосылады және сөндіріледі.

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 19

ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІКТЕРІ

Осы бөлімде қауіпсіздік белдіктерін тиісінше қолдану сипаттамасы келтірілген. Сонымен қатар, қауіпсіздік белдігін қолдану кезіндегі жол берілмейтін әрекеттердің кейбіреулері көрсетіледі.

Қауіпсіздік белдігін қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Жол жүру басталар алдында қауіпсіздік белдігін тағу және барлық жолаушылардың қауіпсіздік белдігін тағынғанына көз жеткізу қажет. Қауіпсіздік жастық жүйесі (бар болса), тек қауіпсіздік белдігіне қосымша болып саналады және қауіпсіздік белдігін алмастыра алмайды. елдердің көпшілігінде, көлік құралындағы барлық адамдардың қауіпсіздік белдігін тағуы талап етіледі.

Автокөлік қозғалысы кезінде БАРЛЫҚ жолаушылар қауіпсіздік белдігін тағынуы керек. Қауіпсіздік белдігін тағу кезінде мына сақтық шаралары қолданылуы тиіс:

- **Тиісті ұстап тұратын жүйенің көмегімен артқы орындықта 13 жасқа дейінгі балаларды отырғызыңыз.**
- **Алдыңғы жолаушылар орындығына балаларды отырғызуға тыйым салынады. Жасы 13-тен асқан бала алдыңғы орындықта отыруы тиіс, орындық мүмкіндігінде артқа жылжытылуы және балаға қауіпсіздік белдігінің көмегімен тағылуы тиіс.**
- **Автокөлік қозғалған кезде, балаларды тізеде ұстап отыруға ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ.**
- **Атокөлікті орындық арқалығы қайырылып тұрған кезде басқаруға ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ.**
- **Балаларды бір орындыққа отырғызуға немесе оларға бір белдік тағуға жол берілмейді.**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Қол астында немесе арқада иық белдігін өткізуге жол берілмейді.**
- **Қауіпсіздік белдігін сынғыш заттардың үстінен тағуға жол берілмейді. оқыс тежелу немесе қақтығысу жағдайында олар белдікпен зақымдалуы мүмкін.**
- **Бұралған қауіпсіздік белдігін қолдануға болмайды. Бұралған қауіпсіздік белдігі апат жағдайында тиісті қорғанысты қамтамасыз етпейді. Зақымдалған қауіпсіздік белдігін қолдануға жол берілмейді.**
- **Қауіпсіздік белдігінің айылбасын басқа орындықтың құлпына тағуға болмайды. Жол жүру кезінде қауіпсіздік белдігін ағытуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Бұл автокөлікті басқарудан айрылуға және апатқа себеп болуы мүмкін.**

(жалғасын қар.)

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 20

(жалғасы)

- **Қауіпсіздік белдігі құлпында айылбастың бекітілуіне ештеңенің бөгет келтірмейтініне көз жеткізу қажет. Бұл құлыптағы айылбастың тиісті бекітілуіне бөгет жасауы мүмкін.**
- **Автокөлік иесіне қауіпсіздік белдігінің кергіштерінің қалыпты жұмысына немесе белдікті тартуды реттеуге бөгет келтіретін құрылмасына өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге жол берілмейді.**

Зақымдалған қауіпсіздік белдіктері мен керу механизмдері, тиісінше жұмыс істемейтін болады. Ауыстыруды ұдайы жүргізу қажет:

- **Тозған, ластанған немесе зақымдалған иықбаулар.**
- **зақымдалған бөлшектер.**
- **Апаттан кейін құрастырудағы қауіпсіздік белдігінің барлық жүйесі, тіпті көрініп тұрған зақымданулар болмаған кезде де ауыстырылуы тиіс.**

■ Жүргізуші үшін (аспаптар комбинациясында)



Қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы


Тағылмаған қауіпсіздік белдігі жөнінде ескерту

Жүргізушінің есіне салу ретінде, тағылмаған қауіпсіздік белдігінің шамы оталдыру қосылғаннан кейін қауіпсіздік белдігінің тағылғанына қарамастан, шамамен 6 секунд жанады. Егер жүргізушінің қауіпсіздік белдігі оталдыруды қосқан кезде тағылмаса, немесе олар оталдыру қосылғаннан кейін шешілген болса, тиісті қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы белдікті таққанша жаантын болады. Егер белдік тағылмаса, ал автокөлік жылдамдығы 9 км/с (5 миль/с) асатын болса, бақылау шамы жылдамдық 6 км/с (3 миль/с) дейін төмендегенше жанады.

Егер қауіпсіздік белдігі тағылмаса, ал автокөліктің қозғалыс жылдамдығы 20 км/с (12 миль/с) асатын болса, шамамен 100 секунд ішінде, тағылмаған қауіпсіздік белдігінің ызылы естіледі, ал тиісті бақылау шамы жыпылықтай бастайды.

Орындыққа қате отырғызу, тағылмаған қауіпсіздік белдігі жөнінде ескерту жүйесінің жұмысына кері әсер етеді. Жүргізуші жолаушыны осы нұсқаулықта келтірілген орындыққа отыруға қатысты талаптармен таныстыруы тиіс.

Қауіпсіздік белдігінің жүйесі



Белбеулі-иықты қауіпсіздік белдігі

Қауіпсіздік белдігін тағу үшін:

Белдікті тартылатын құрылғыдан тартып алу және құлыпқа (2) металл тілшікті (1) салу қажет. Құлыпта тілшікті бекіткен кезде шырт еткен дыбыс естіледі.

Белдік ұзындығы, белдіктің белбеу бөлігі, белдік отырған адамның жамбасына тығыз тиіп тұруы үшін, қолмен тартылатынғаннан кейін автоматты түрде бапталады.

Белдік ұзындығы сәйкесінше үлкейетін болады. Оқыс тежелу немесе соқтығысу жағдайында, белдік ағымдағы күйде бұғатталатын болады. Белдік, сондай-ақ тым оқыс алға еңкейген кезде бұғатталады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Егер белдікті, тартушы құрылғыдан жеткілікті ұзындықта тартып алу мүмкін болмаса, белдіктен қатты тарту және жіберу қажет. Жібергеннен кейін, белдікті талап етілген ұзындықта бір қалыпты суырып алуға болады.



Қауіпсіздік белдігін тиісінше ретке келтірмеген жағдайда, апат кезінде ауыр жарақаттар алу қаупі ұлғаяды. Қауіпсіздік белдігін реттеу кезінде, келесі шаралар қолданылуы тиіс:

- **Қауіпсіздік белдігінің белбеу бөлігін жамбас арқылы мүмкіндігінше төмен, алайда қолайлы болу үшін белде орналастырудың қажет жоқ. Бұл соқтығысу кезінде, ішкі жарақат ықтималдығын азайта отырып, соғылу күшін мықты жамбас сүйектерімен жұтуға мүмкіндік береді.**

(жалғасын қар.)

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 22


(жалғасы)

- **Бір қолды иық астындағы иықбауға, ал екіншісін белдіктің жоғарғы жағына, суретте көрсетілгендей етіп орналастырыңыз.**
- **Иықбауды бекіту талап етілген биіктікте бекітілуі тиіс.**
- **Иықбауды мойын немесе бет арқылы салуға жол берілмейді.**

Биіктікті реттеу

Барынша жайлылықты және белдіктің иық бөлігін бекіту биіктігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, үш күйдің біреуімен ретке келтіріледі.

Белдіктің иық бөлігі, көкіректен және мойын арқылы емес есік жағындағы иық ортасынан өтуі тиіс




Қауіпсіздік белдігін бекіту биіктігін реттеу үшін, биіктік реттегішін талап етілген күйде жылжыту қажет.

Биіктікті үлкейту үшін, биіктікті реттегіш жоғары (1) қарай жылжытылуы тиіс. Биіктікті кішірейту

үшін, оны бекіткіш (2) батырмасын басып, оны төмен (3) жылжыту қажет.

Бекіткішті талап етілген күйде бекіту үшін, батырманы жіберу қажет. Тиісті бекітілуін тексеру үшін, биіктік реттегішін жылжытуға әрекеттену қажет.



Артқы орталық қауіпсіздік белдігі

Орталық артқы орындықтың қауіпсіздік белдігі үшін, “CENTER” (орталық) таңбаламасы бар құлпыпты қолдану қажет.

i Ақпараттар

Егер қауіпсіздік белдігі тартушы құрылғыдан тартып алынбаса, бұғаттауды шешіп алу үшін, белдікті күшпен тартыңыз. жібергеннен кейін, белдікті талап етілген ұзындықта біркелкі тартып алуға болады.

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 23




Айылбасқа (A') міндетті түрде металл тілшікті қондырыңыз.



Қауіпсіздік белдігін ағыту үшін:

Қауіпсіздік белдігі құлыбында айылбасты (1) ағыту батырмасын басыңыз.

Ағытылған күйінде иықбау, тартушы құрылғымен автоматты түрде оралуы тиіс. Егер осылай болмаса, белдіктің бұралуын тексеру қажет.



Алдын ала кергіштері бар қауіпсіздік белдігі (жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындығы)

- **SRS жүйесінің компоненттері мен сым құрылмасына өзгеріс енгізбеңіз, сонымен қатар қауіпсіздік жастығы модулінің төбесіне жапсырма орналастырмаңыз және шанақ құрылмасына өзгеріс енгізбеңіз.**

Рөлдік дөңгелектегі қауіпсіздік жастығы модулінің жанына және аспаптар панелінің алдыңғы жолаушы жағынан қандай да бір нысандарды қоймаңыз.

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Қауіпсіздік жастығы үлгілерінің қақпақтарын тазарту үшін, таза суға малынған жұмсақ шүберекті қолданыңыз. Еріткіштерді немесе тазартқыштарды қолдану, қауіпсіздік көпшігі модулінің қақпағының күйіне кері әсерін тигізуі және жүйе жұмысының бұзылуын тудыруы мүмкін.**
- **Қауіпсіздік жастығын ауыстыру үшін, HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгіну ұсынылады.**
- **Қауіпсіздік жастығы жүйесі компоненттерін немесе жиынтық автокөлікті кәдеге жарату үшін, кейбір сақтық шараларын сақтау қажет. Қосымша ақпарат алу үшін, HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгініңіз. Айтылып өткен сақтық шараларын сақтамау жарақаттану қаупін арттырады.**

Қосымша сақтық шаралары

Жолаушылар автокөлік қозғалған кезде орындықтан орындыққа көшпеуі тиіс. Қақтығыс немесе авариялық тоқтату кезінде қауіпсіздік белдігін тағынбаған жолаушы автокөліктің ішкі бөлшектеріне, салондағы басқа адамдарға соғылуы, немесе көлік құралынан шығып кетуі мүмкін. Қауіпсіздік белдігі үшін қосымша айла-бұйымдарды қолдануға болмайды. Жайлылықты арттыру немесе қауіпсіздік белдігін орналастыру орнын өзгерту үшін қолданылатын құрылғылар қауіпсіздік белдігімен қамтамасыз етілетін қорғанысты азайтуы және соқтығысу кезінде ауыр жарақаттар алу ықтималдығын ұлғайтуы мүмкін.

Алдыңғы орындықты түрлендіруге жол берілмейді. Алдыңғы орындықтарды түрлендіру пассивті қауіпсіздік жүйесі бергішінің немесе бүйір қауіпсіздік жастықтарының қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіреді.

Алдыңғы орындықтың астына қандай да бір заттарды қоюға жол берілмейді. Алдыңғы орындықтың астына заттардың орналастыру, пассивті қауіпсіздік жүйесі бергішінің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруі және сым бумаларының зақымдалуына себепші болуы мүмкін.

Есікке соғуға жол берілмейді. Оталдыру қосылып тұрған кезде, есікті соғу бүйір қауіпсіздік жастығының ашылуына алып келуі мүмкін.

Қауіпсіздік жастығы жүйесіне жабдықтарды қосу немесе түрлендіру

Егер автокөлікке жақтауын, бамперін, алдыңғы немесе бүйір элементтерін, шанағын ауыстырып немесе жол саңылауын өзгерте отырып түрленіру жүргізсе, бұл қауіпсіздік жастығы жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін.

GSr Rus 2_LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 Страница 60

Қауіпсіздік жастығының ескерту жапсырмасы (бар болса)



Ескерту жапсырмасы жүргізуші мен жолаушыларды қауіпсіздік жастығы жүйесімен байланысты қауіп-қатер жөнінде хабарлау үшін қауіпсіздік жастығының модуліне бекітіледі.

Пайдалану бойынша нұсқаулықта баяндалған қауіпсіздік жастығы жүйесіне қатысты ескертулермен танысу қажет.

Кілттер 3-3
Автокөлігіңіздің кілт нөмірін жазыңыз 3-3
Кілтті қолдану 3-3
Иммобилайзер жүйесі 3-4
Автокөлікке қолжеткізу 3-6
Қашықтық кілті 3-6
Қашықтық кілтті қолдану кезіндегі сақтық шаралары 3-8
Электронды кілт 3-10
Электронды кілтті қолдану кезіндегі сақтық шаралары 3-13
Иммобилайзер жүйесі 3-14
Есік құлыптары 3-15
Автокөліктің сыртындағы есіктердің құлыптарын басқару 3-15
Автокөлік ішіндегі есіктердің құлыптарын басқару 3-17
Есіктерді автоматты бұғаттау және бұғаттан шығару функциясы 3-19
Артқы есіктердің құлыптарын бұғаттау, оларды балалардың ашуын болдырмау құрылғысы 3-19
Рөлдік дөңгелек 3-20
Рөлдік басқару күшейткіші 3-20
Рөлдік басқарудың электрлік күшейткіші (EPS) 3-20
Ретке келтіретін рөлдік бағана 3-21
Жылытылатын рөлдік дөңгелек 3-22
Дыбыстық сигнал 3-23
Айна 3-24
Артқы жағындағы ішкі айна 3-24
Электрлі хром айна 3-25
Арт жағындағы ішкі айна 3-26
Терезе 3-29
Электрлі әйнек көтергіш 3-29
Шанақ элементтері 3-34
Капот 3-34
Жүк салғыш қақпағы 3-36
Отын құю қылтасының қақпағы 3-38
Аспаптар комбинациялары 3-41
Аспаптар панеліндегі басқару органдары 3-42
Көрсеткіштер мен өлшеуіштер 3-43
Ескерту және индикаторлық сигналдар 3-47
СК-дисплейдегі хабарламалар 3-59
СК-дисплей (В типіндегі аспаптар комбинациялары үшін) 3-66
СК-дисплеймен басқару 3-66
..... 3-66
Пайдаланушы баптаулар режимі 3-69
Маршруттық компьютер және техникалық қызмет көрсету туралы дабыл бергіш (А типіндегі аспаптар комбинациялары үшін) 3-71
Маршруттық компьютер 3-71
Техникалық қызмет көрсету туралы дабыл бергіш 3-74

Маршруттық компьютер
(В типіндегі аспаптар комбинациялары үшін) 3-76
Маршруттық компьютер 3-76
Жарық беру 3-80
Сырттан жарық беру.....3-80
Іштен жарық беру.....3-86
Әйнек тазартқыштар мен әйнек жуғыштар 3-89
Жел әйнегінің әйнек тазартқыштары.....3-90
Жел әйнегінің әйнек жуғыштары.....3-90
Артқы әйнектің әйнек тазартқыштары мен әйнек жуғыштары 3-91
Артқы жағындағы камера..... 3-92
Артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесі 3-93
Мұзқатыртпауыш..... 3-95
Жел әйнегінің жылытқышы 3-95
Артқы әйнектің жылытқышы.....3-96
Қолмен басқарылатын микроклиматпен басқару жүйесі 3-97
Ауаны жылыту және кондициялау 3-98
Жүйе жұмысы.....3-102
Жүйеге техникалық қызмет көрсету.....3-105
Микроклиматпен автоматты басқару жүйесі3-106
Ауаның жылытылуы мен кондициялауын автоматты басқару 3-107
Ауаның жылытылуы мен кондициялауын қолмен басқару3-108
Жүйе жұмысы.....3-113
Жүйеге техникалық қызмет көрсету 3-116
Жел әйнегінен қырауды және булануды кетіру 3-117
Қолмен басқарылатын микроклиматпен басқару жүйесі 3-117
Микроклиматты автоматты басқару жүйесі 3-118
Булануды кетіру жүйесі жұмысының алгоритмі 3-119
Заттарды сақтауға арналған бөлік..... 3-120
Орталық консольдегі бөлім 3-120
Қолғап жәшігі 3-120
Күннен қорғайтын көзәйнектер салатын бөлік.....3-121
Ішкі өңдеу элементтері..... 3-122
Күлсауыт.....3-122
Сусындарға арналған ұстағыш.....3-122
Күңқағар.....3-123
Электр розеткасы 3-124
Сағат.....3-125
Киім-кешектерге арналған ілмек 3-125
Кілемшені орнықтырғыш 3-125
Жүк салғышты орнықтыруға арналған тор.....3-126
Сыртқы элементер 3-127
Төбесіндегі жүксалғыш (бар болса).....3-127

КІЛТТЕР

Автокөлігіңіздің кілт нөмірін жазыңыз



Кілттің кодты нөмірі автокөліктің кілттер жиынтығына бекітілген нөмірлі пластинада жазылған немесе мөрленген.

Кілт жоғалған жағдайда, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады. Кілт нөмірі бар пластинаны шешіп алыңыз және оны қауіпсіз жерде сақтаңыз. Сонымен қатар, кілттің нөмірін жызыңыз және осы жазбаны автокөліктің өзінде емес, қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Кілтті қолдану



ohd046

- Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату.
- Есіктерді бұғаттау және бұғаттан шығару

Оталдыру кілті

Балаларды автокөлік салонында онда оталдыру кілті тұрған кезде қалдыру, тіпті ол оталдыру тетігіне салынбағанның өзінде де қауіпті. Балалар ересектердің әрекетін қайталауы және оталдыру тетігіне кілтті салуы мүмкін.

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

Оталдыру тетігіндегі кілт, балаларға электрлі әйнек көтергіштерді немесе басқа да басқару органдарын қолдануға немесе тіпті автокөлікті қозғалтуға мүмкіндік береді, мұның аты ауыр дене жарақаттарына және тіпті өлімге алып келуі мүмкін. Ешқашан кілтті ішінде үлкендердің қарауынсыз қалған балалары бар автокөлікке қалдырмаңыз.

Автокөлікте тек HYUNDAI бірегей оталдыру кілттерін қолданыңыз. Тараптық өндірушілердің кілттерін қолдану кезінде, оталдыру ажыратқышы START күйінен ON күйіне оралмауы мүмкін. Бұл жағдайда, стартер жұмыс істеуін жалғастырады, бұл электр қозғалтқышының зақымдалуына алып келеді және электр сымына ток күшінің ұлғаюы салдарынан тұтану орын алуы мүмкін.

CSr Rus 3a(79) LM (FL) qxd 12.09.2017 10:51 4-бет

Иммобилайзер жүйесі

Аталған автокөлікте оның тыйым салынбаған қолданылуын төмендететін, электронды қозғалтқышты бұғаттау жүйесі орнатылған.

Иммобилайзерге кілтке кіріктірілген шағын габаритті таратқыш және автокөлік ішіне орнатылған электронды құрылғылар кіреді.

Электронды кілт жүйесі жоқ автокөліктер

Оталдыру тетігіне салынған, кілтті oN күйіне әр бұрған кезде, иммобилайзер аталған оталдыру кілтін жарамды екенін немесе жарамды емес екенін қайта-қайта тексереді.

Егер кілт жарамсыз болып танылса, онда қозғалтқыш іске қосылады.

Егер кілт жарамсыз болып танылмаса, онда қозғалтқыш іске қосылмайды.

Иммобилайзерді сөндіру үшін:

Оталдыру тетігіне кілтті салыңыз және оны oN күйіне бұрыңыз.

Иммобилайзерді қосу үшін:

Оталдыру кілтін oFF күйіне бұрыңыз. Бұл ретте, иммобилайзер автоматты белсендіріледі. Аталған автокөліктен жарамсыз кілтсіз қозғалтқыш іске қосылмайды.

Электронды кілт жүйесі бар автокөліктер

Қозғалтқышты oN күйінде қосу/тоқтату батырмасын басқан кезде, система иммобилайзер жүйесі қолданылған кілттің түпнұсқалылығын тексереді.

Егер кілт түпнұсқалы емес болып танылса, онда қозғалтқыш іске қосылады.

Егер кілт түпнұсқалы болса, онда қозғалтқыш іске қосылмайды

Иммобилайзерді сөндіру үшін

Қозғалтқышты қосу/тоқтату батырмасын oN күйінде басыңыз.

Иммобилайзерді қосу үшін

Қозғалтқышты қосу/тоқтату батырмасын oFF күйінде басыңыз.

Бұл ретте автоматты түрде белсендіріледі.

Түпнұсқалы емес кілтсіз сіздің автокөлігіңіздегі қозғалтқыш іске қосылмайды.

Ақпараттар

Қозғалтқышты іске қосу кезінде, салонда иммобилайзердің кіріктірілген таратқыштары бар басқа кілттердің болуына жол бермеңіз. Бұлай болмаған жағдайда, қозғалтқыш іске қосылмауы немесе іске қосылғаннан кейін көп ұзамай өздігінен тоқтап қалуы ықтимал Қозғалтқышты іске қосу кезінде ықтимал бөгелістерді болдырмау үшін, барлық кілттерді бір-бірінен бөлек сақтаңыз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Оталдыру ажыратқышының қасына металл заттарды қоймаңыздар.

Металл заттар таратқышпен таратылатын сигналдар үшін кедергілер тудыруы мүмкін, салдарынан қозғалтқыш іске қосылмауы ықтимал.

Ақпараттар

Кілт жоғалғанда немесе қосымша кілттерді әзірлеу қажет болған жағдайда, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Оталдыру кілтіндегі таратқыш иммобилайзер жүйесінің маңызды бөлігі болып саналады. Ол ұзақ қызмет мерзіміне шақталған, алайда оны ылғалдың және статикалық электрдің әсерінен қорғау қажет. Кілтті ұқыпты қолдану қажет. Әйтпесе иммобилайзер жүйесінің жұмысқа жарамдылығы бұзылуы ықтимал.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Иммобилайзер жүйесін ауыстырмаңыз, оны ретке келтірмеңіз және оған өзгеріс енгізбеңіз, себебі бұл жүйенің тоқтап қалуына алып келуі мүмкін. Осы жүйеге қызмет көрсетуді тек HYUNDAI авторизацияланған дилерінде орындау ұсынылады.

Иммобилайзер жүйесіне тыйым салынбаған өзгерістер енгізуден, оны ретке келтіру немесе өз бетінше жөндеу жүргізуден туындаған ақаулықтар автокөлік өндірушімен ұсынылған кепілдікпен жабылмайды.

GSr Rus 3a(79) LM (FL) qxd 12.09.2017 10:51 6-бет

АВТОКӨЛІККЕ ҚОЛЖЕТКІЗУ

Қашықтық кілті (бар болса)



oIB034040

HYUNDAI автокөлікте қашықтан басқару құрылғысы қолданылады және оны есіктерді бұғаттау немесе бұғаттан шығару үшін (оған қоса жүксалғыш қақпағы) және тіпті қозғалтқышты іске қосу үшін қолдануға болады.

1. Есіктерді бұғаттау
2. Есіктерді бұғаттан шығару
3. Жүк салатын бөлік есігін бұғаттан шығару

Есіктерді бұғаттау
Бұғаттау үшін:

1. Барлық есіктерді, капотты және жүк салатын бөлік есіктерін жабыңыз.
2. Қашықтық кілтіндегі есіктерді (1) бұғаттау батырмасын басыңыз.
3. Автокөлік есіктері бұғатталады. Бұл ретте, авариялық дабыл бергіш шамы жыпылықтайды.
4. Автокөлік ішіндегі есік құлпын бұғаттау батыраларының күйіне қарай, есіктердің бұғатталғанына көз жеткізіңіз.

Ешқашан кілтті ішінде үлкендердің қарауынсыз қалған балалар отырған автокөлікке қалдырмаңыз. Оталдыру тетігіндегі кілт балаларға электрлі әйнек көтергіштерді немесе басқа да басқару органдарын қолдануға немесе тіпті автокөлікті қозғалтуға мүмкіндік береді, мұның арты ауыр дене жарақаттарына және тіпті өлімге алып келуі мүмкін.

Есіктерді бұғаттан шығару
Бұғаттан шығару үшін:

1. Қашықтық кілтіндегі есіктерді (2) бұғаттан шығару батырмасын басыңыз.
2. Барлық есіктердің бұғаттан шығару орын алады. Бұл ретте, авариялық дабыл бергіш шамы екі рет жыпылықтайды.

Ақпараттар

Егер 30 секунд ішінде қандай да бір есік ашылмаса, есіктер автоматты түрде бұғатталады.

Жүксалғыш қақпағын бұғаттан шығару

Бұғаттан шығару үшін:

1. Қашықтық кілтіндегі жүксалғышты (3) бұғаттан шығару батырмасын бір секундтан ұзақ басыңыз және ұстап тұрыңыз.
2. Авариялық дабыл бергіш шамдары 2 рет жыпылықтайды. Жүксалғыш қақпағын ашқаннан және жапқаннан кейін, жүксалғыш автоматты түрде бұғатталады.

i Ақпараттар

- **Жүксалғыш қақпағын бұғаттан шығарғаннан кейін, автоматты түрде бұғатталады.**
- **Батырмада "HOLD" (ұстап тұру) сөзі жазылған, бұл батырманы бір секундтан ұзақ басу және ұстап тұру қажеттілігін көрсетеді.**

Қозғалтқышты іске қосу

Анағұрлым толық ақпараттар 5-тараудың «Оталдыру ажыратқышы» бөлімінде келтіріледі.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Қашықтық кілтінің зақымдалуын болдырмау үшін:

- Таратқышты судан, сұйықтар мен оттан аулақ ұстау қажет. Егер таратқыштың ішкі бөлшектері су болса (төгілген сусындар мен ылғалдан) немесе шамадан тыс қызған болса, бұл ішкі тізбектердің бұзылуына алып келеді, бұл автокөлікке кепілдікті жояды.
- Қашықтық кілтінің құлап кетуіне жол бермеңіз.
- Қашықтық кілтін төтенше температураның әсерінен қорғау қажет.



Механикалық кілт

Егер қашықтық кілті тиісінше жұмыс істемесе, есік құлыптарын механикалық кілттің көмегімен бұғаттауға және бұғаттан шығаруға болады.

Кілтті жазу үшін батырманы басыңыз, содан кейін кілт автоматтты түрде жазылады.

Кілтті жинау жазу батырмасын басу кезінде қолмен жүргізіледі.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Батырманы баспай кілтті жинауға болмайды. Бұл кілттің зақымдалуына себеп болуы мүмкін.

CSr Rus 3a(79) LM (FL) gxd 12.09.2017 10:51 8-бет

Қашықтық кілтті қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Қашықтық кілт келесі жағдайлардың кез келгенінде жұмыс істемейді:

- Кілт оталдыру тетігіне салынса.
- Кілт әрекет ету аймағынан тыс жерде болса (шамамен 30 м [90 фут]).
- Қашықтық кілт батареясының қуаты таусылса.
- Сигнал басқа көлік құралдарымен немесе нысандармен бұғатталады.
- Төтенше төмен ауа температурасы
- Қашықтық кілт радиотаратқыштың қасында, радиостанциялардың қасында немесе Қашықтық кілтінің қалыпты жұмыс істеуі үшін кедергілер тудыруы мүмкін әуежолдардың жанында тұрса.

Егер қашықтық кілт тиісінше жұмыс істемесе, есіктерді ашу және жабу механикалық кілттің көмегімен жүргізіледі. Қашықтық кілтпен қиындықтар болса, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.


Егер қашықтық кілт мобильді телефонның қасында тұрса, кілт сигналы мобильді телефон сигналымен бұғатталуы мүмкін. Бұл телефонның белсенді күйінде (шақыру немесе шақырулар қабылдау, тарату немесе мәтіндік хабарламаларды немесе электронды поштаны қабылдау) анағұрлым ықтимал. Қашықтық кілт пен мобильді телефонның бір сөмкеде, немесе бір қалтада қойылуын болдырмаңыз. Ең дұрысы екі құрылғының арасында жеткілікті ара қашықтықты сақтаған жөн.

i Ақпараттар

Нормативтік құжат талаптарының сақталуына жауапты тараппен мақұлданбаған өзгерістер мен түрлендірулер енгізу өзімен бірге аталған жабдықтарды пайдалану үшін пайдаланушы құқықтарынан айрылуына алып келуі мүмкін. Автокөлік өндірушінің кепілдігінің қолданылуы, нормативтік құжат талаптарының сақталуы үшін жауапты тараппен мақұлданбаған, өзгерістен немесе түрлендірулердің енгізілуімен туындаған есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің бұзылуына таратылмайды.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Қашықтық кілтін кілтті электрмагниттік шағылысуын бұғаттайтын электрмагниттік құралғылардан аулақ ұстаңыз.



Батареяны ауыстыру

Егер қашықтық кілт тиісінше жұмыс істемесе, оның батареясын ауыстыру қажет.

Батарея типі: CR2032

Батареяны ауыстыру:

1. Жіңішке құралды кілтке қойыңыз және абайлап қақпағын ашыңыз.
2. Пайдаланылған батареяны жағасына ауыстырыңыз. Батареялардың тиісті орналасқанына көз жеткізіңіз.
3. Қашықтық кілтінің артқы қақпағын орнына орнатыңыз.

Қашықтық кілтінің зақымдалғанда немесе оның тиісінше жұмыс істемеген жағдайда, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Ақпараттар

Батареяны тиісті кәдеге жаратпаған кезде, қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін. Батареяны кәдеге жарату, жергілікті заңдар мен нормаларға сәйкес жүргізілуі тиіс.

GSr Rus 3a(79) LM (FL) gxd 12.09.2017 10:51 10-бет

Электронды кілт (бар болса)



oBA043222l

HYUNDAI автокөлікте қашықтан басқару құрылғысы қолданылады және оны есіктерді бұғаттау немесе бұғаттан шығару үшін (оған қоса жүксалғыш қақпағы) және тіпті қозғалтқышты іске қосу үшін қолдануға болады.

1. Есіктерді бұғаттау
2. Есіктерді бұғаттан шығару
3. Жүк салатын бөлік есігін бұғаттан шығару


oGS045001L

Есіктерді бұғаттау

Бұғаттау үшін:

1. Барлық есіктерді, капотты және жүк салатын бөлік есіктерін жабыңыз.
2. Қашықтық кілтіндегі есіктерді (1) бұғаттау батырмасын басыңыз.
3. Автокөлік есіктері бұғатталады. Бұл ретте, авариялық дабыл бергіш шамы жыпылықтайды.
4. Автокөлік ішіндегі есік құлпын бұғаттау батыраларының күйіне қарай, есіктердің бұғатталғанына көз жеткізіңіз

i Ақпараттар

Есік тұтқасындағы батырма, егер электронды кілт есіктің сыртқы бетінен 0,7-1 м (28-40 дюйм) ара қашықтықта тұрған жағдайда ғана жұмыс істейді.

Төменде атап көрсетілген жағдайлардың кез келгенінде, тіпті сыртқы тұтқадағы батырма басылып тұрғанда да, есіктер бұғатталмайды және үш секунд ішінде дыбыстық сигнал берілетін болады:

- Салонда электронды кілт болмайды.
- Қозғалтқышты қосу/тоқтату батырмасы ACC немесе oN күйінде тұр
- Жүксалғыш қақпағын қоспағанда, қандай да бір есік ашылып тұр.

Ешқашан кілтті ішінде үлкендердің қарауынсыз қалған балалары бар автокөлікке қалдырмаңыз. Оталдыру тетігіндегі кілт балаларға электрлі әйнек көтергіштерді немесе басқа да басқру органдарын қолдануға немесе тіпті автокөлікті қозғалтуға мүмкіндік береді, мұның арты ауыр дене жарақаттарына және тіпті өлімге алып келуі мүмкін



Есіктерді бұғаттан шығару
Бұғаттан шығару үшін:

1. Өзімен бірге электронды кілт болуы қажет.
2. Электронды кілттегі есіктерді (2) бұғаттан шығару батырмасын басыңыз.
3. Барлық есіктердің бұғаттан шығару орын алады. Бұл ретте, авариялық дабыл бергіш шамы екі рет жыпылықтайды.

Ақпараттар

- **Есік тұтқасындағы батырма электронды кілт есіктің сыртқы бетінен 0,7-1 м (28-40 дюйм) ара қашықтықта тұрған жағдайда ғана жұмыс істейтін болады**
- **Бұл ретте автокөліктің барлық басқа есіктері ашылуы мүмкін.**
- **Егер 30 секунд ішінде қандай да бір есік ашылмайтын болса, есіктер автоматты түрде бұғатталады.**

Жүксалғыш қақпағын бұғаттан шығару
Бұғаттан шығару үшін:

1. Өзімен бірге электронды кілт болуы қажет
2. Электронды кілттегі жүксалғыш (3) қақпағының тұтқасындағы батырманы басыңыз және бір секундтан астам ұстап тұрыңыз.
3. Авариялық дабыл бергіш шамдары 2 рет жыпылықтайды

Жүксалғыш қақпағы ашылғаннан және жабылғаннан кейін, автоматты түрде бұғатталады.

Ақпараттар

Егер 30 секунд ішінде қандай да бір есік ашылмайтын болса, есіктер автоматты түрде бұғатталады.

GSr Rus 3a(79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 12-бет

Қозғалтқышты іске қосу

Қозғалтқышты кілтті салмай іске қосуға болады. **Анағұрлым толық ақпаратты 5-тараудан «Қозғалтқышты қосу/тоқтату батырмасы» қар.**

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Электронды кілттің зақымдалмауын болдырмау үшін:

- Электронды кілтті судан, сұйықтар мен оттан аулақ ұстау қажет. Егер электронды кілттің ішкі бөлшектері су болса (төгілген сусындар мен ылғалдан) немесе шамадан тыс қызған болса, бұл ішкі тізбектердің бұзылуына алып келеді, бұл автокөлікке кепілдікті жояды
- Электронды кілттің құлап кетуіне жол бермеңіз.
- Электронды кілтті төтенше температураның әсерінен қорғау қажет.



oAd045042L

Механикалық кілт

Егер электронды кілт тиісінше жұмыс істемесе, есік құлыптарын механикалық кілттің көмегімен бұғаттауға және бұғаттан шығаруға болады.

Батырманы (1) басыңыз және ұстап тұрыңыз, содан кейін механикалық кілтті (2) шығарыңыз. (2). Механикалық кілтті есік құлпындағы кілттерге арналған тесікке салыңыз.

Механикалық кілтті орнына орнату үшін, кілтті тесікке салу және оған шертпекке дейін басу қажет.

Электронды кілттің жоғалуы

Бір автокөлік үшін екеуден аспайтын электронды кілт тіркелуі мүмкін. Электронды кілт жоғалған жағдайда, автокөлікті дереу жеткізу және екінші кілтті HYUNDAI (өз жүрісімен немесе қажет болған жағдайда сүйретуде) техникалық қызмет көрсету ресми орталығына жеткізу ұсынылады.

Электронды кілтті қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Электронды кілт келесі жағдайлардың кез келгенінде тиісті жұмыс істемейтін болады:

- Электронды кілт радиотаратқыштың қасында, радиостанциялардың қасында немесе таратқыштың қалыпты жұмыс істеуі үшін кедергілер тудыруы мүмкін әуежолдардың жанында тұрса.
- Электронды кілт мобильді қабылдау-тарату радиожүйесімен немесе мобильді телефонның қасында болса.
- Автокөліктің жанында басқа автокөліктің электронды кілті қолданылса.

Егер электронды кілт тиісінше жұмыс істемесе, есіктерді ашу және жабу, механикалық кілттің көмегімен жүргізіледі. Электронды кілтпен қиындықтар болған кезде, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады

Егер электронды кілт мобильді телефонның қасында тұрса, кілт сигналы мобильді телефон сигналымен бұғатталуы мүмкін. Бұл телефонның белсенді күйінде (шақыру немесе шақырулар қабылдау, тарату немесе мәтіндік хабарламаларды немесе электронды поштаны қабылдау) анағұрлым ықтимал.

Электронды кілт пен мобильді телефонның бір сөмкеде немесе бір қалтада қойылуын болдырмаңыз. Ең дұрысы екі құрылғының арасында жеткілікті ара қашықтықты сақтаған жөн.

Ақпараттар

Нормативтік құжат талаптарының сақталуына жауапты тараппен мақұлданбаған өзгерістер мен түрлендірулер енгізу, өзімен бірге аталған жабдықтарды пайдалану үшін пайдаланушы құқықтарынан айрылуына алып келуі мүмкін. Автокөлік өндірушінің кепілдігінің қолданылуы, нормативтік құжат талаптарының сақталуы үшін жауапты тараппен мақұлданбаған өзгерістен немесе түрлендірулердің енгізілуімен туындаған есік құлыптарын қашықтақ басқару жүйесінің бұзылуына таратылмайды.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Электронды кілт кілттің бетіне электр магниттік толқындардың өтуіне кедергі келтіретін электрмагниттік аспаптардан қашық орналасуы қажет.



Батареяны ауыстыру

Егер электронды кілт тиісті жұмыс істемесе, оның батареясын ауыстыру қажет.
Батарея типі: CR2032
Батареяны ауыстыру:

1. Электронды кілттің артқы қақпағын ашыңыз.
2. Пайдаланылған батареяны жаңасына ауыстырыңыз.
3. Батареялардың тиісінше орналасқанына көз жеткізіңіз.
4. Электронды кілттің артқы қақпағын орнына орнатыңыз.

Электронды кілт зақымдалғанда немесе тиісінше жұмыс істемеген жағдайда, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Ақпараттар



Батареяны тиісті кәдеге жаратпаған кезде, қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін. Батареяны кәдеге жарату жергілікті заңдар мен нормаларға сәйкес жүргізілуі тиіс.

Иммобилайзер жүйесі

Иммобилайзер жүйесі автокөлікті ұрлаудан қорғайды. Егер коды сәйкес келмейтін кілт (немесе басқа құрылғы) қолданылатын болса, қозғалтқыштың отын жүйесі өшіріледі

Оталдыру кілтін oN күйіне ауыстырған кезде, иммобилайзер жүйесінің индикаторы қысқа уақыт аралығында жануы, ал содан кейін сөнуі тиіс. Егер индикатор жыпылықтаса, бұл жүйенің кілттің кодын айырып танымайтынын білдіреді.

Оталдыру кілтін LoCK/oFF, күйіне ауыстырыңыз, содан кейін оны кері oN күйіне ауыстырыңыз.

Жүйемен, егер қасында басқа кілт немесе металл зат (мысалы, кілтке арналған алқа) тұрса, кілттің кодын айырып танылмайды. Қозғалтқышты іске қосу мүмкін емес болып көрінуі мүмкін, себебі металл транспондермен сигналды таратуға кедергі келтіреді.


Егер жүйемен қайта-қайта кілттің коды айырып танылмаса, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады. Осы жүйеге өзгерістер енгізуге немесе оған басқа құрылғыларды қосуға жол берілмейді. Бұл ретте ықтимал ақаулықтар көлік құралдарының жұмысқа жарамдылығын бұзуы мүмкін.

Сіздің автокөлігіңізді айдап кетуді болдырмау үшін, автокөлікте қосалқы кілттерді қалдырмаңыз. Сіздің автокөлігіңіздің иммобилайзерінің құпия сөзі бірегей және құпия сақталуы тиіс.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Кілттің транспондері иммобилайзер жүйесінің маңызды бөлігі болып саналады. Ол ұзақ қызмет мерзіміне есептелген, алайда оны ылғал және статикалық электр әсерінен қорғау қажет. Кілтті ұқыпты қолдану керек. Әйтпесе иммобилайзер жүйесінің жұмысқа жарамдылығының бұзылуы ықтимал.

Автокөлік сыртындағы есіктердің құлыптарын басқару




Механикалық кілт

Кілтті бұрғаттан шығару үшін, автокөліктің артқы бөлігіне қарай бұру және есік құлыптарын бұрғаттау үшін, автокөліктің алдыңғы бөлігіне қарай бұру қажет.

Кілтпен жүргізуші есігінің құлпын бұрғаттау (бұрғаттан шығару) үшін, автокөліктің барлық есік құлыптарын автоматты бұрғаттау (бұрғаттан шығару) жүргізіледі.

Құлыптарды бұрғаттан шығарғаннан кейін, есіктер тұтқаның көмегімен ашылады.

Жабу үшін, есікті қолмен басу қажет. Есіктердің орнықты жабылғанына көз жеткізу қажет.



Қашықтық кілті


Есіктерді бұрғаттау үшін, қашықтық кілтіндегі есіктерді (1) бұрғаттау батырмасын басыңыз.

Есіктерді бұрғаттан шығару үшін, өашықтық кілтіндегі есіктерді (2) бұрғаттан шығару батырмасын басыңыз.

Құлыптарды бұрғаттан шығарғаннан кейін, есіктер тұтқаның көмегімен ашылады. Жабу үшін, есікті қолмен басу қажет. Есіктердің орнықты жабылғанына көз жеткізу қажет

Ақпараттар

- **Суық және ылғалды климаттық жағдайларда құлыптар мен есік механизмдері қату салдарынан нашар жұмыс істеуі мүмкін.**
- **Қысқа уақыт аралығында, бірнеше рет жабу/ашу кезінде, кілттің көмегімен, сондай-ақ есіктерді бұғаттау батырмаларының көмегімен, электр тізбегін қорғау және жүйе элемнттерінің зақымдалуын болдырмау мақсатында жүйе жұмысы уақытша тоқтатылуы мүмкін.**



Электронды кілт

1. Есіктерді бұғаттау
2. Есіктерді бұғаттан шығару
3. Жүксалғыш қақпағын ашу

Есіктерді бұғатту үшін, есіктің сыртқы тұтқасындағы батырма (бұл ретте өзімен бірге электронды кілт болуы қажет) және электронды кілттегі есіктерді бұғаттау батырмасы қолданылады.

Есіктерді бұғаттан шығару үшін, есіктің сыртқы тұтқасындағы батырма (бұл ретте өзімен бірге электронды кілт болуы қажет) немесе электронды кілттегі есіктерді (2) бұғаттан шығару батырмасы қолданылады.

Құлыптар бұғаттан шығарылғаннан кейін, есіктер тұтқаның көмегімен ашылады. Жабу үшін, есікті қолмен басу қажет. Есіктердің орнықты жабылғанына көз жеткізу қажет.

Ақпараттар

- **Суық және ылғалды климаттық жағдайларда құлыптар мен есік механизмдері қату салдарынан нашар жұмыс істеуі мүмкін.**
- **Қысқа уақыт аралығында, бірнеше рет жабу/ашу кезінде, кілттің көмегімен, сондай-ақ есіктерді бұғаттау батырмаларының көмегімен, электр тізбегін қорғау және жүйе элемнттерінің зақымдалуын болдырмау мақсатында жүйе жұмысы уақытша тоқтатылуы мүмкін.**

Автокөлік ішіндені есіктердің құлыптарын басқару



oGS045009L

Есіктерді бұғаттау батырмасының көмегімен

- Есіктерді бұғаттан шығару үшін, есік (1) құлыптарын бұғаттау батырмасын, «бұғаттан шығарылған» күйіне ауыстыру қажет.
- Есіктерді бұғаттау үшін, есік (1) құлпын бұғаттау батырмасын «бұғатталған» күйіне ауыстыру қажет.
- Есіктерді ашу үшін, есік (2) тұтқасын тарту қажет.
- Егер жүргізуші есігін немесе адыңғы жолаушы) ішкі тұтқасын тартса, есіктер құлпын бұғаттау батырмасы «бұғатталған» күйіне тұрса, онда батырма бұғаттан шығарылады және есік ашылады. Алдыңғы есіктер, егер оталдыру кілті оталдыру тетігінде, ал алдыңғы есік ашық тұрса бұғатталмайды.
- Алдыңғы есікті, егер электронды кілт автокөлік ішінде болса және есіктердің кез келгені ашық болғанда бұғаттау мүмкін болмайды.

i Ақпараттар

Есік құлпының электр сымы тоқтап қалған жағдайда, автокөлік ішінде тұрған адам сыртқы шығу үшін келесі жолдардың біреуін және бірнешеуін қолдана алады:

Есік тұтқасын өзіңізге қарай бір мезгілде тартып, есік құлпын (электр сымының көмегімен, сондай-ақ қолмен) есік құлпын ашуға бірнеше рет әрекеттеніп көріңіз.

Басқа есік құлыптары мен тұтқаларын қолданыңыз, алдыңғы, сондай-ақ артқы.

Алдыңғы есік терезесінің әйнегін түсіріңіз және кілтті есікті сыртынан ашу үшін қолданыңыз.


oGS045003L

Есік құлыптарын орталықтандырылған басқару

Ауыстырып-қосқыштың (🔒) бөлігін басқан кезде, барлық есіктер бұғатталады.

- Егер кілт оталдыру тетігіне салынса және есіктердің кез келгені ашық болса, есіктер, тіпті егер есік құлыптарын орталықтандырылған басқару ауыстырып-қосқышының (1) батырмасы басылып тұрса да бұғатталатын болады.
- Егер электронды кілт салонда болса және есіктердің кез келгені ашық болса, егер есік құлыптарын орталықтандырылған басқару ауыстырып-қосқышының (1) батырмасы басылып тұрса да бұғатталатын болады.



Есіктерді бұғаттан шығару үшін, есіктерді бұғаттан шығару ажыратқышын басыңыз. Автокөліктің барлық есіктері бұғаттан шығарылатын болады.

Автокөлік қозғалған кезде, есіктер әрдайым толықтай жабық және бұғатталған болуы тиіс. Егер есіктер бұғатталмаса, соқтығысу кезіне жүргізуші мен жолаушы ашық тұрған есік арқылы машинадан шығып кету ықтималдығы өседі.

Автокөлікте қараусыз балалар мен жануарларды қалдыруға болмайды. Күн сәулесінің әсерінен автокөлік салоны өте қатты қызып кетеді, бұл автокөліктен тысқары көмексіз шыға алмайтын балалар мен жануарлардың жарақаттануына немесе өліміне себеп болуы ықтимал. Балалар автокөліктің басқару органдарын іске қосу мүмкін, салдарынан жарақат алуы және көлік құралына бөгде адамдардың кіруінен зиян шегуі мүмкін.

Автокөліктің есіктерін әрдайым жауып жүріңіз.

Автокөлікті бұғатталмаған есіктермен қалдыра отырып, сіз оны ұрылар немесе айдап әкетушілердің көздеген нысаны етесіз.

(жалғасын қар)

(жалғасы)

Автокөліктен кетерде, берілісті ауыстыру иінтірегін міндетті түрде P (тұраққа қою) (автоматты беріліс қорабы) күйіне орнатыңыз, бірінші немесе артқы берілісті (механикалық беріліс қорабы) қосыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз және оталдыру ажыратқышын LOCK/OFF күйіне ауыстырыңыз, барлық есіктерді жабыңыз және барлық есіктерді бұғаттаңыз.

Жақындап келе жатқан кедергілер болған кезде есіктерді ашу, мүліктің зақымдалуына немесе адамдардың жарақаттануына алып келуі мүмкін. Есіктерді ашқан кезде абай болыңыздар және жақындап келе жатқан автокөліктердің, мотоциклдердің, велосипедшілердің немесе есік ашылатын аймақта болуы ықтимал жаяу жүргіншілердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Есіктерді автоматты бұғаттау және бұғаттан шығару функциясы

Соқтығысу кезінде есіктерді бұғаттан шығару жүйесі

Үрілген қауіпсіздік жастықтары іске қосылатын соқтығысу жағдайларда, барлық есіктер бұғаттан шығарылады.

Қозғалыс кезінде есіктерді бұғаттау жүйесі (бар болса)

Барлық есіктер автокөлік жылдамдығы 15 км/с (9 миль/с) артық болған кезде автоматты түрде бұғатталады.

Есіктерді бұғаттау/бұғаттан шығару функциясын СК-дисплейдегі пайдаланушылар баптаулары режимінде белсендіруге немесе әрекетсіздендіруге болады. **Толығырақ осы тараудың «СК-дисплей» тармағынан қар.**

Артқы есіктердің құлыптарын бұғаттау, оларды балалардың ашуын болдырмау құрылғысы



Артқы есік құлыптарын бұғаттау құрылғысы, автокөлік ішінде тұрған балалардың оны кездейсоқ ашуын болдырмау үшін арналған. Құлыптарды бұғаттау құрылғысы, балалар үшін, автокөлікте балалар болған кезде әрдайым қолданылуы тиіс.

Балаларды қорғауға арналған құлыпты бұғаттау құрылғысы, әрбір артқы есіктің жиегінде орналасқан. Балаларды қорғауға арналған құлыпты бұғаттау құрылғысы бұғаттау күйінде тұрған кезде, артқы есік ішкі есік тұтқасының көмегімен ашылмайды.

Ішкі тұтқаны бұғаттау үшін, кілтті немесе бұрауышты (1) тесікке салу және бұғаттау күйіне бұру қажет.
Артқы есіктердің ішінен ашу мүмкін болу үшін, құрылғы бұғаттан шығарылуы тиіс.

Егер автокөлік қозғалған кезде, балалар артқы есіктерді кездейсоқ ашатын болса, олар сыртқа құлап қалуы мүмкін. Балаларды қорғауға арналған құлыпты бұғаттау құрылғысы, автокөлікте балалар тұрған кезде әрдайым қолданылуы тиіс.

CSr Rus 3a(79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 20-бет

РӨЛДІК ДӨҢГЕЛЕК

Рөлдік басқару күшейткіші (бар болса)

Рөлдік басқару күшейткіші автокөлікпен басқаруды жеңілдету үшін қозғалтқыш қуатын қолданады. Егер қозғалтқыш тоқтаса немесе күшейткіші бар рөлдік жетек жүйесі жұмыс емес күйде тұрса, автокөлікті басқару әлі де болса мүмкін болады, алайда бұл ретте көп күш қажет болады.

Рөлдік басқару жұмысында қандай да бір қалыптан ауытқулар табылған жағдайда, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Рөлдік дөңгелекте ешбір жағдайда шеткі оң жақ немесе шеткі сол жақ күйде қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, 5 секундтан ұзақ ұстамаңыз. Егер рөлдік дөңгелекті кез келген шеткі күйде 5 секудтан артық ұстап тұратын болса, бұл рөлдік басқару күшейткіші сорғысының зақымдалуына алып келуі мүмкін.

i Ақпараттар

Рөлдік басқару күшейткіші сорғысының жетек белдігі үзілген немесе сорғының өзі тоқтап қалған жағдайда рөлдік дөңгелекті бұру үшін қажетті күш біршама өседі.

i Ақпараттар

Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы суық күні (температура -10°C/14°F төмен болған кезде) ашық тұрақта болса, қозғалтқышты іске қосқаннан кейін, рөлдік дөңгелектің айналуы үшін, қосымша күш қажет болады. Бұл суық ауа райымен туындаған, күшейткіштегі жұмыс сұйықтығының шамадан тыс тұтқырлығынан туындауы мүмкін және ақаулық белгісі болып табылмайды.

Егер бұл осылай болса, иінді біліктің жиілігін акселератор басқысы арқылы 1500 айн/мин дейін арттырыңыз, содан кейін басқыны жіберіңіз не болмаса қозғалтқышқа сұйықтық қызу үшін екі-үш минут ішінде бос жүрісте жұмыс істеуіне мұрша беріңіз.

Рөлдік басқарудың электрлі күшейткіші (EPS) (бар болса)

Бұл жүйе автокөлікті басқаруда көмек беру үшін арналған. Егер қозғалтқыш тоқтаса немесе күшейткіші бар рөлдік жетек жүйесі жұмыссыз күйде тұрса, автокөлікті басқару әлі де болса мүмкін болады, алайда бұл ретте көп күш қажет болады.

Бұдан басқа, автокөлікті тиімді басқару үшін, қосалқы күш автокөлік жылдамдығы артқанда және жылдамдық төмендеген кезде аратады.

Рөлдік басқару жұмысында қандай да бір қалыптан ауытқулар табылған жағдайда, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Егер рөлдік басқарудың электрлі әйнек көтергіштер жүйесі тиісінше жұмыс істемесе, аспаптар комбинациясында сигналды шам ( ) жанады. Бұл ретте

рөлдік дөңгелектің айналуы үшін, біршама күш қажет болуы немесе жүйе тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін. Автокөлікті тексеру үшін, мүмкіндігінше тезірек HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну қажет.

Ақпараттар

Автокөлікті қалыпты жағдайларда пайдаланған кезде, келесі құбылыстар байқалуы мүмкін:

- **Оталдыру ажыратқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын ON күйіне ауыстырған кезде рөлдік күш жоғары болуы мүмкін.**

  Бұл EPS жүйесінің диагностикасын орындау нәтижесінде болады. Диагностика аяқталғаннан кейін, рөлдік басқару жүйесі қалыпты жұмысына қайта оралады.

- **Оталдыру ажыратқышын LOCK/OFF немесе ON (электронды кілт жүйесінсіз) күйіне ауыстырған кезде немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын ON немесе OFF күйінде басқар кезде (электронды кілт жүйесімен) мотор бөлігінде EPS релесінің шертілуі естілуі мүмкін.**

- **Тоқтағанда немесе аз жылдамдықпен қозғалған кезде, электр қозғалтқышының шуылы естілуі мүмкін.**

- **Төмен температурада рөлдік дөңгелек айналған жағдайда, бөтен шуыл туындауы мүмкін. Температура жоғарылаған кезде, шуыл жоғалады. Бұл қалыпты жағдай.**

- **Егер автокөлік қозғалмаса және рөлдік дөңгелек үнемі солға немесе оңға тірелгенше бұрылатын болса, рөлдік басқару күші артады. Бұл жүйенің ақаулығы болып саналмайды. Бірнеше уақыт өткеннен кейін, рөлдік басқару күші қалыпқа қайта оралады.**

Ретке келтірілетін рөлдік бағана (бар болса)

Қозғалыс кезінде, рөлдік бағанмен ретке келтіруді орындауға болмайды. Бұл ретте, автокөлікті басқаруды жоғалтып алуға болады, бұл ауыр жарақаттарға, өлімге немесе апаттарға алып келуі мүмкін.

Ақпараттар

Кейбір жағдайларда, ретке келтіруді орындағаннан кейін, бұғаттау иінтірегі рөлдік дөңгелекті бұғаттай алмауы мүмкін.

Бұл ақаулық болып саналмайды. Осындай жағдай, екі тегершік ілініскен жағдайда туындайды. Бұл жағдайда, рөлдік дөңгелекті ретке келтіруді қайталаңыз және оны бұғаттаңыз.

GSr Rus 3a(79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 22-бет



oGC044020

Рөлдік дөңгелек бетке емес, көкірек тұсы жағына қарай бағытталуы тиіс. Аспаптар комбинацияларының және барлық сигналды шамдардың көрініп тұрғанына көз жеткізіңіз. Ретке келтіргеннен кейін, оның орнықты бекітілгеніне көз жеткізу үшін, рөлдік дөңгелекті жоғары және төмен жылжытыңыз.

Қозғалыс кезінде рөлдік дөңгелектің күйін ретке келтіруге болмайды.

Рөлдік дөңгелек биіктігінің көлбеу бұрышын өзгерту үшін:

1. Бұғаттау иінтірегін (1) төмен тартыңыз.
2. Рөлдік дөңгелектің көлбеу бұрышын (2) және биіктігін (3) (бар болса) ретке келтіріңіз.
3. Рөлдік дөңгелекті орнықтыру үшін, бұғаттау иінтірегін бастапқы күйіне қайтарыңыз.

Жылытылатын рөлдік дөңгелек (бар болса)


oGSR046193

Рөлдік дөңгелекті жылыту оталдыру қосылған кезде немесе қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде батырманы басу арқылы қосылады. Батырмада индикатор жанады.

Рөлдік дөңгелекті жылытқышты сөндіру үшін, батырманы тағы бір рет басу қажет. Батырмадағы индикатор сөнеді.

Ақпараттар

Рөлдік дөңгелекті жылытқыш қосқаннан кейін шамамен 30 минуттан кейін сөнеді.

Егер рөлдік дөңгелекті жылытқыш қосылып тұрса, қозғалтқыш тоқтатылады, рөлдік дөңгелекті жылыту таймері түсірілетін болады.

Рөлдік дөңгелекті жылытуды қайта қосу үшін, батырманы тағы бір рет басыңыз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Рөлге қаптар немесе қосымша жабдықтар орнатуға болмайды. Бұл рөлдік дөңгелекті жылыту жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Дыбыстық сигнал



Дыбыстық сигналды қосу үшін, тиісті таңбамен белгіленген (суретті қар.) рөлдік дөңгелектегі аймақты басыңыз. Дыбыстық сигнал осы аймақты басқан уақытта ғана жұмыс істейтін болады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Күшті соққының көмегімен дыбысты сигналды қоспаңыз, дыбыстық сигналды қосатын аймақты жұдырықпен ұрмаңыз. Осы үшін үшкір заттарды қолданбаңыз.

GSr Rus 3a(79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 24-бет

АЙНА

Артқы жағындағы ішкі айна

Автокөлік қозғалысын бастар алдында, айнаны артқы терезе арқылы жақсы шолуды қамтамасыз ететіндей етіп ретке келтіріңіз.


Автокөлік айналасында қажетті шолудың қамтамасыз етілетініне көз жеткізіңіз. Артқы орындықтарда жүксалғышта немесе артқы орындықтың бас тірегішінде, егер бұл ретте артқы терезе арқылы шолу бұзылатын болса, қандай да бір заттарды қоюға болмайды.

Авария жағдайында немесе қауіпсіздік көпшігі ашылған кезде ауыр жарақатарды болдырмау үшін, артқы жақтағы айнаны түрлендіруге немесе панорамалы айнаны орнатуға жол берілмейді.

Қозғалыс кезінде айнаны реттке ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ. Автокөлікті басқарудан айрылуға алып келуі және апатқа себеп болуы мүмкін.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Айнаны тазарту үшін, әйнектерге арналған тазартқышқа малынған қағаз майлықтарды немесе осыған ұқсас материалды қолдану қажет. Әйнектерге арналған тазартқышты, тікелей айнаға шашыратуға болмайды, себебі бұл ретте сұйықтық айна корпусының ішіне түсуі мүмкін.



Артқы жақтағы күндізгі/түнгі айна (бар болса)

Артқы жақтағы айнаның күйін реттеу үшін, қозғалыс алдында күндізгі/түнгі режимді ауыстыру иінтірегі күндізгі режим күйінде тұрған кезде жүргізу қажет.

Түнде жол жүрген уақытта артта келе жатқан автокөлік фараның көзді шағылыстыратын әрекетін әлсірету үшін, иінтіректі өзіңізге қарай тартыңыз.

Түнгі режимде артқы жақтағы айна режимінде кескіннің дәлдігінің белгілі жоғалуы орын алады.

Электрлі хром айна (бар болса

Түнгі уақытта немесе артқы жақтағы электр айнасымен жарық жеткіліксіз болған жағдайларда, арттан ілесіп келе жатқан көлік құралдарының фарасынан түскен ашық жарық автоматты түрде бақыланады.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, ашық жарықтың болуы артқы жақтағы айнаға кіріктірілген бергішпен бақыланады. Бергішпен көлік құлдарының айналасындағы жарық деңгейі анықталады және арттан ілесіп келе жатқан көлік құрлдарынан түсетін жарықтың ашықтығына байланысты автоматты түзету жүргізіледі.

Селекторды R (артқы жүріс) күйінде ауыстырған кезде, айна жүргізушіге арттан тиімді көруді қамтамасыз ету үшін, ең ашық баптауға автоматты түрде ауысады.



Артқы жақтағы электрхромды айнамен басқару

- Автоматты қараңғылату функциясын сөндіру үшін, oN/oFF (1) батырмасын басыңыз. Айнадағы индикатор сөнеді. автоматты қараңғылау функциясын қосу үшін oN/oFF (1) батырмасын басыңыз. Айнадағы индикатор жанады.
- Әдепкі қалпы бойынша, айна оталдыру ауыстырып-қосқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын әр қосқан сайын, ҚОСУ күйінде болады.

CSr Rus 3e(79) LM (FL) qxd 12.09.2017 10:51 26-бет

Артқы жағындағы сыртқы айна

Автокөлікте екі жағынан артқы жақтағы сыртқы айна орнатылған.

Артқы жақтағы айна


- **Артқы жақтағы сыртқы айналар дөңес пішінді болады.**

  Осындай айнадағы заттар, олар шын мәнінде жақын тұрғандай болып көрінеді.
- **Қайта ауыстырылар алдында, келесі артта келе жатқан көлік құралдарына дейінгі қашықтықты бағалау үшін артқы жақтағы ішкі немесе сыртқы айналар арқылы артқа қарау қажет.**

Артқы жақтағы сыртқы айнаның күйін ретке келтірмеңіз және оларды автокөлік қозғалған кезде жинамаңыз. Бұл басқарудан айрылуға және жол-көлік оқиғаларына алып келуі және салдарынан адамдардың өліміне, ауыр жарақаттар әкелуіне немесе мүлік шығының келтірілуіне алып келуі ықтимал.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Айнаның алдыңғы жағындағы мұзды қырмаңыз, себебі бұл әйнек бетінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Егер әйнек қатып қалса, оны күш қолданып ретке келтіруге әрекеттенуге болмайды. Еріту үшін мұзқатуға қарсы спрейді (салқындату жүйесіне арналған антифриз емес) немесе ыстық суға малынған жұмсақ шүберекті қолдану қажет.



Айнаның күйін ретке келтіру үшін, реттеуіш иінтіректі араластырыңыз.



Электр сыммен (бар болса)

Артқы жақтағы айнаны реттеу: Реттеуге тиісті айнаны таңдау үшін, иінтіректі (1) солға (L) немесе оңға (R) ауыстырыңыз.

Айнаны жоғары, төмен, солға немесе оңға жылжыту үшін, реттеу (2) ауыстырып-қосқышын қолданыңыз. Реттеу аяқталғаннан кейін, иінтіректі (1) ортаңғы күйге қайтарыңыз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Айна шетке күйге жеткен кезде жылжуын тоқтатады, алайда электр сымы ауыстырып-қосқыш басылып тұрғанша жұмысын жалғастыратын болады. Ауыстырып-қосқышты қажет болғаннан ұзақ басылған күйде ұстап тұрмаңыз, себебі бұл электр қозғалтқышының зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Артқы жақтағы сыртқы айна күйін қолмен ретке келтіруге болмайды, бұл ретте электр қозғалтқышы зақымдалуы мүмкін.





Электр сымымен (бар болса)

Арт жақтағы сыртқы айнаны жинау үшін, (1) батырманы басыңыз.

Арт жақтағы айнаны жазып қою үшін, батырманы тағы бір рет басыңыз.

Батырма басылып тұрған кезде, артқы айна автоматты түрде жиналады және жазылады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ


Артқы жақтағы электрлі сыртқы айнаны басқару, тіпті оталдыру сөніп тұрған кезде де жұмыс істейді. Алайда, АКБ орынсыз разрядын болдырмау үшін, қозғалтқыш сөніп тұрған кезде қажет болғаннан ұзақ ретке келтірмеңіз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Артқы жақтағы сыртқы айнаны қолмен жинауға жол берілмейді. Жетек механизмін зақымдауы мүмкін.

ТЕРЕЗЕ

Электрлі әйнек көтергіш (бар болса)



(1) Жүргізуші есігінің электрлі әйнек көтергішінің ауыстырып-қосқышы

(2) Жолаушылар есігінің электрлі әйнек көтергішінің ауыстырып-қосқышы

(3) Сол жақ артқы есіктің электрлі әйнек көтергішінің ауыстырып-қосқышы

(4) Оң жақ артқы есіктің электрлі әйнек көтергіштің ауыстырып-қосқышы

(5) Терезелерді ашу және жабу

(6) Автоматты электрлі әйнек көтергіштер*

(7) Электрлі әйнек көтергіштерді бұғаттау ауыстырып-қосқышы

* : бар болса

GSr Rus 3a(79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 30-бет

Электрлі әйнек көтергіштер оталдыру қосылып тұрған кезде ғана жұмыс істейді. Әр есікте электрлі әйнек көтергіштердің жеке ауыстырып-қосқыштары орнатылған. Жүргізуші үшін, электрлі әйнек көтергіштерді бұғаттау ауыстырып-қосқышы қарастырылған, ол арқылы жолаушылар есігінің әйнек көтергіштер жұмысы бұғатталатын болады. Оталдыру ажыратқышын ACC немесе oFF күйіне орнатқаннан кейін, электрлі әйнек көтергіштер тағы шамамен 3 секунд басқарылатын болады. Алайда, алдыңғы есіктердің кез келгенін ашқан жағдайда, электрлі әйнек көтергіштерді тіпті осы 30 секунд ішінде басқаруға болмайды.

Ауыр жарақаттарды немесе өлімді болдырмау үшін, қозғалыс кезінде терезеден басты, қолды немесе денені шығаруға болмайды.

i Ақпараттар

- **Суық және ылғалды климаттық аймақтарда, қатып қалумен байланысты электрлі әйнек көтергіштердің жұмысында бұзылыстар байқалуы мүмкін.**
- **артқы терезелер ашық болғандағы қозғалыс жағдайында, салонда ауа ағынының құйындауы немесе дүмпілді дыбыстар естілуі мүмкін. Бұл дыбыстар қалыпты құбылыс болып саналады. Олар жойылуы немесе олардың деңгейі төменде атап көрсетілген шараларды қолданып төмендетілуі мүмкін. Егер шуыл, бір немесе екі әйнек түсірілген кезде туындайтын болса, екі алдыңғы әйнекті шамамен 2,5 см (1 дюйм) түсіріңіз.**



Терезелерді ашу және жабу

Ашу:

Электрлі әйнек көтергіштер ауыстырып-қосқышына бірінші орнықтырылған күйге дейін (5) басыңыз. Әйнектер қалаған биіктікке жеткен кезде, ауыстырып-қосқышты жіберіңіз.

Жабу:

Электрлі әйнек көтергіштер ауыстырып-қосқышын бірінші орнықтырылған күйге (5) дейін жоғары қарай тартыңыз.

Әйнектер қалаған биіктікке жеткен кезде, ауыстырып-қосқышты жіберіңіз.

Терезелерді автоматты ашу (бар болса)

Электрлі әйнек көтергіштер ауыстырып-қосқышын екінші белгіленген күйде (6) жылдам басыңыз, сосын әйнек тіпті батырманы жібергеннен кейін де толықтай жіберіледі. Электрлі әйнек көтергіш жұмыс істеген уақытта, әйнекті қажетті күйде тоқтату үшін, ауыстырып-қосқыш батырмасын басу және жіберу қажет.

Терезелерді автоматты ашу
(бар болса)


Электрлі әйнек көтергіш ауыстырып-қосқышын екінші белгіленген күйде (6) бірден басқан кезде, тіпті ауыстырып-қосқышты жібергеннен кйеін де, толық жіберіледі немесе әйнек көтеріледі. Электрлі әйнек көтергіш жұмыс істеген уақытта, әйнекті қажетті күйде тоқтату үшін, ауыстырып-қосқыш батырмасын басу және жіберу қажет.

Электрлі әйнек көтергіштерді басқару жүйесінің артық жүктелуі

Егер электрлі әйнек көтергіш тиісті жұмыс істемесе, автоматты басқару жүйесі артық жүктелуі мүмкін. Бұл үшін төменде атап көрсетілген әректтерді орындау қажет.

1. Оталдыруды қосыңыз.
2. Терезені жабыңыз және электрлі әйнек көтергіш ауыстырып-қосқышын кем дегенде 1 секунд тартыңыз.

Егер артық жүктелгеннен кейін, электрлі әйнек көтергіштер әлі де тиісінше жұмыс істемесе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.



Автоматты реверс (бар болса)

Егер терезелерді автоматты жабу кезінде, кедергі туындаса, әйнек тоқтайды және нысанды алуға мүмкіндік бере отырып, шамамен 30 см (12 дюйм) төмен түседі.

Егер шамадан тыс кедергі электрлі әйнек көтергішінің ауыстырып-қосқышы жоғары ұстап тұрылған кезде табылса, әйнек көтеруді тоқтатады және содан кейін шамамен 2,5 см (1 дюйм) түседі.

Егер электрлі әйнек көтергіш ауыстырып-қосқышын автоматты реверс функциясымен әйнекті түсіргеннен кейін әлі де 5 секунд ішінде жоғары қарай тартуды жалғастыратын болса, функция өшіріледі.


GSr Rus 3a(79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 33-бет

i Ақпараттар

Әйнектің автоматты реверс функциясы, екінші күйдегі ауыстырып-қосқыштың көтерілуін белсендіретін, автоматты көтеру функциясын қолданған жағдайда ғана белсенді болады.

Терезені жабудан бұрын, барлық дене мүшелерінің немесе бөтен заттардың әйнекті жылжыту жазықтығынан қауіпсіз ара қашықтықта тұрғанына міндетті түрде көз жеткізіңіз.

Автоматты реверс функциясы, егер әйнек пен терезе жақтауы арасында қысылып қалған бөтен заттардың диаметрі 4 мм (0,16 дюйм) кем болса, іске қосылмауы мүмкін, яғни осындай заттан болатын кедергі электрлі әйнек көтергіштерді басқару жүйесімен табылмауы мүмкін.



Электрлі әйнек көтергіштер бұғатауын ажыратқыш

Жүргізуші артқы есіктердің электрлі әйнек көтергіштерімен бұғаттау ажыратқышын басып бұғаттай алады.

Электрлі әйнек көтергіштерді бұғаттауын ажыратқышы бұғаттау күйінде тұрған кезде:

- Жүргізуші жағынан орнатылған басты ауыстырып-қосқыш барлық электрлі әйнек көтергіштерді басқаруға мүмкіндік береді.
- Алдыңғы жолаушы алдыңғы электрлі әйнек көтергіштерді басқара алмайды.
- Жолаушылар арттан артқы электрлі әйнек көтергіштерді басқара алмайды.

Балаларға электрлі әйнек көтергіштермен ойнауға жол бермеңіз. Жүргізуші есігіндегі электрлі әйнек көтергіштер бұғаттауының ажыратқышының батырмасы әрдайым LOCK күйінде тұруы тиіс. Баланың электрлі әйнек көтергіштерді абайсызда басқаруы ауыр жарақаттарға немесе өлімге алып келуі мүмкін.


НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Электрлі әйнек көтергіштер жүйесінің ықтимал зақымдалуын болдырмау үшін бірнеше әйнекті бір мезгілде ашпаңыз және жаппаңыз. Бұл сонымен қатар созылмады сақтандырғыштың ұзақ уақыт қызмет етуіне ықпал етеді.
- Жүргізуші есігінде негізгі ауыстырып-қосқышты және электрлі әйнек көтергіш ажыратқышын қандай да бір әртүрлі бағыттағы басқа есіктермен бір мезгілде басқаруға ешқашан әрекеттенбеңіз. Бұл жағдайда, әйнек тоқтайды, оның бұдан әрі жылжуы мүмкін болмайды.


- **ЕШҚАШАН қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, егер автокөлікте балалар үлкендердің қарауынсыз қалатын болса, автокөлікте кілтті қалдырмаңыз.**
- **ЕШҚАШАН автокөлікте балаларды қараусыз қалдырмаңыз. Тіпті өте кішкентай балалар да автокөлікті іске қосуы, әйнек көтергіштен жарақат алуы немесе өзін және автокөлік ішіндегі басқа бөлшектерді бұғаттап тастауы мүмкін.**
- **Терезені жабудан бұрын, барлық дене мүшелерінің (алақан, қол, бас) және басқа кедергілердің әйнекті жылжыту жазықтығынан қауіпсіз ара қашықтықта тұрғанына міндетті түрде көз жеткізіңіз.**
- **Балаларға электрлі әйнек көтергіштермен ойнауға жол бермеңіз. Жүргізуші есігіндегі электр көтергіштерді бұғаттау батырмасы үнемі LOCK (басылған күйінде тұруы тиіс. Электрді әйнек көтергішті баланың абайсызда басқаруы ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.**
- **Қозғалыс кезінде, терезеден басты, қолды немесе денені шығаруға жол берілмейді.**

ШАНАҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Капот


oGS045010L


oGSR046013


oGC044014

Капотты ашу

1. Автокөлікті тоқтатыңыз және тұрақ тежегішін қосыңыз.
2. Оның тетегін бұғаттау үшін, капотты ашу тұтқасын тартыңыз. Капот шамалы ашылуы тиіс.
3. Автокөлікке алдыңғы жағынан жақындаңыз, капот астындағы орталық бойынша қосымша ілмекті (1) сәл көтеріңіз және капотты (2) ашыңыз.
4. Капотты тіреп шығарыңыз.
5. Ашылған капотты тіреп жабыңыз(3).

Капот тіреуі

- **Капот тіреуін оның кесілген бөлігінен ұстау қажет. Резеңке беті ыстық қозғалтқышпен қызған металдан күйіп қалудың пайда болуын болдырмайды.**
- **Мото бөлігін қарап тексеру кезінде, капот тіреуі капоттағы ол үшін қарастырылған ұяшыққа толық салынуы тиіс. Бұл капоттың құлауын және онымен жарақат алуды болдырмайды.**


Капотты жабу

1. Капотты жабар алдында келесілерді тексеріңіз:
   - Мото бөлігіндегі құю қылтасының барлық қақпақтары дұрыс орнатылуы тиіс.
   - Қолғаптар, ескі шүберектер мен басқа да тұтанатын материалдар мотор бөлігінен алынып тасталуы тиіс.
2. Капот тіреуін, оның салдырлауын болдырмау үшін қайтадан орнықтырғышқа орнатыңыз.
3. Капотты жартылай жіберіңіз (жабық күйге дейін шамамен 30 см), содан кейін ол сарт етіп бекітілуі үшін капотты жіберіңіз. капоттың орнықты жабылғанына көз жеткізіңіз.

- **Капотты жаппас бұрын, оның ойығынан барлық бөтен заттардың алынып тасталғанына көз жеткізіңіз.**
- **Қозғалыс басталар алдында капоттың құлыппен орнықты жабылғанына көз жеткізіңіз. Қозғалыс кезінде, ашық капот жүргізушінің шолуын шектеуі және ауыр жағдайларға алып келуі мүмкін.**
- **Ықтимал жол-көлік оқиғаларына немесе қозғалыс кезінде капоттың зақымдалуына жол бермеу үшін, әрдайым капотты мықтап жабыңыз.**

GSr Rus 3e(79) LM (FL) qxd 12.09.2017 10:51 36-бет

Жүксалғыш қақпағы


oGC044007

Жүксалғыш қақпағын ашу

- Жүксалғыш қақпағы, кілтті, таратқышты, электронды кілтті немесе орталық тетік ажыратқышын қолданып, есіктерді әр бұғаттау/бұғаттаудан шығарған сайын бұғатталады және бұғаттан шығарылады.
- Бұғатталған жүксалғыш қақпағын ашу үшін, оның тұтқасын басу және жоғары тарту қажет.

i Ақпараттар

Суық әрі ылғалды климаттық жағдайларда, құлыптар мен есік механизмдері қатып қалу салдарынан нашар жұмыс істеуі мүмкін.

Жүксалғыш қақпағы жоғары қарай ашылады. Жүксалғыш қақпағын ашқан кезде, автокөліктің артқы бөлігінің қасында бөтен нысандар немесе адамдардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Автокөлікте қозғалысты бастамас бұрын жүксалғыш қақпағын міндетті түрде жабыңыз. Егер қозғалыс басталар алдында жүксалғыш қақпағын жаппаса, көтергіш цилиндрлер мен тіреуіштер зақымдалуы мүмкін.


oGC044008

Жүксалғыш қақпағын жабу

Жүксалғыш қақпағын жабу үшін, оны жіберіңіз және мықтап қысыңыз. Жүксалғыш қақпағының орнықты бұғатталғанына көз жеткізіңіз.

Жүксалғыш қақпағын жаппас бұрын дене мүшелері немесе бөтен заттардың жүксалғыш ойығынан қауіпсіз алшақ тұрғанына көз жеткізіңіз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Жүксалғыш қақпағын жапқан кезде, құлып пен фиксатордың маңайында бөтен заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Олар жүксалғыш қақпағын зақымдауы мүмкін.

Пайдаланылған газдар

Қақпағы ашылған жүксалғыш қозғалған кезде, салонға қауіпті пайдаланылған газдар тартылуы мүмкін, бұл ауыр улануға немесе жүргізуші мен жолаушылардың өліміне алып келеді.

Жүксалғыштың ашылған қақпағымен қозғалу қажет болған кезде, салонды қосымша таза ауамен қамтамасыз ету қажет, сол үшін желдету арналары мен барлық терезелерді ашылған күйде ұстау қажет.

Жүк салатын бөлік

Жолаушыларды пассивті қауіпсіздік жоқ жүк салатын бөлімде тасымалдауға тыйым салынады. ЖКО немесе оқыс тежелу жағдайларында жарақаттануды болдырмау мақсатында жүргізуші мен жолаушылар әрдайым тиісінше түймеленген болуы тиіс.



Жүк салғыш қақпағын авариялық ашу

Автокөлік оның төменгі бөлігінде орналасқан жүксалғыш қақпағының авариялық ашу құрылғысымен жарықталған. Адам жүксалғышта абайсызда жабылып қалған жағдайда, келесідей ашуға болады:

1. Жалпақ бұрауышты тесікке салыңыз.
2. Бұрауышқа оң жағынан басыңыз.
3. Жүксалғыш қақпағын көтеріңіз.

- **Керек болған жағдайда, жүк салғыш қақпағының апатты ашу иінтірегінің орналасқан жерін және жүк салатын бөліктегі өзің жабылып қалған жағдайда оны ашу тәртібін жақсы білу қажет.**
- **Жүк салатын бөлімде адамдардың болуына жол берілмейді. Жүксалғыш соқтығысқан жағдайда, адамдар үшін өте қауіпті жер болып саналады.**

Төтенше жағдайларда апатты ашу иінтірегін қолданыңыз. Әсіресе, қозғалыс кезінде өте абай болыңыз.


Отын құю қылтасының қақпағы



Отын құю қылтасының люк қақпағын ашу

Отын құю қылтасы люгінің қақпағы автокөлік ішіндеі тұтқамен ашылады.

1. Қозғалтқышты тоқтатыңыз.
2. Отын құю қылтасы люгі қақпағының тұтқасын тартыңыз.



3. Отын құю қылтасы(1) люгінің қақпағы толық ашылғанша тартыңыз.
4. Отын құю қылтасының (2) тығынын оны сағат тіліне қарсы бағытта бұрып шешіп алыңыз. Бактағы қысым теңестірілген кезде, шуыл дыбыс естіледі.
5. Отын құю қылтасына тығынды орнатыңыз.

i Ақпараттар

Егер отын құю қылтасы люгінің қақпағы қатып қалса және ашылмаса, оны аздап қағуға немесе мұзды сындыру үшін қақпақты басу қажет, содан кейін қақпақ ашылуы тиіс. Қақпақты иінтіректің көмегімен ашуға әрекетенудің қажеті жоқ. Қажет болған жағдайда, есік жиегіне мақұлданған мұзқатыртпауышты (салқындату жүйесі үшін антифризді қолдануға тыйым салынады) бүркуге немесе автокөлікті мұз еру үшін жылытылған жерге қою қажет.

Отын құю қылтасы люгінің қақпағын жабу

1. Отын құю қылтасының тығынын орнату үшін, оны шертілгенше сағат тілі бағыты бойымен бұрыңыз.
2. Отын құю қылтасы люгінің қақпағын орнықтырылғанша жабыңыз.

Автокөлік бензині өрт және жарылысқа қауіпті заттарға жатқызылады. Төменде келтірілген нұсқауларды сақтамау АУЫР ЖАРАҚАТТАРҒА НЕМЕСЕ ӨЛІМГЕ алып келуі мүмкін. Автокөліктерге жанармай құятын станциялардағы барлық ескертулерді оқып шығу және бұлжытпай сақтау қажет.

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Отын құяр алдында, отын-тарату бағанында (бар болса) авариялық тоқтату батырмасының орналасқан жерін анықтау қажет.**
- **Май құятын пистолетке тигізер алдында, статикалық электр әсерін болдырмау үшін, отын құю қылтасынан немесе басқа да отын буы көздерінен қауіпсіз ара қашықтықта автокөліктің металл бөлігіне, жалаңаш қолды тигізуі қажет.**
- **Автокөліктерге жанармай құю станцияларында мобильді телефон қолдануға тыйым салынады. Мобильді телефондардан болатын электр тогы және немесе радиокедергілер, жанармай буларының тұтануын тудыруы мүмкін.**
- **Жанармай құяр алдында, автокөлікке қайта оралудың қажеті жоқ. Кез келген затқа немесе мата қаптауына жанасу, сүйкену немесе тайғанаған кезде,**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

статикалық электрдің пайда болуы мүмкін. Статикалық электр разряды отын буының тұтануына алып келуі мүмкін. Автокөлікке қайта оралған жағдайда, статикалық электр разряды үшін, тағы да отын құю қылтасынан, май құятын пистолеттен немесе басқа да әлеуетті отын буы көздерінен қауіпсіз ара қашықтықта көлік құралының металл бөлігіне жалаңаш қолды тигізуі қажет.

- **Отын құю кезінде, берілісті ауыстыру иінтірегін міндетті түрде P (көлік қою) (автоматты беріліс қорабы) күйіне орнату немесе бірінші немесе артқы берілісті (механикалық беріліс қоарбын) қосу, тұрақ тежегішін іске қосу және оталдыруды LOCK/OFF күйіне ауыстыру қажет. Электр компоненттерінен болған ұшқын**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

отын буының тұтануына тудыруы мүмкін.

- **Егер канистра қолданылса, май құяр алдында оны жерге қою керек. Канистрден статикалық электр разряды отын буының тұтануына алып келуі мүмкін. Май құюдан бұрын, май құю аяқталғанша автокөлікке жалаңаш қолдың тиіп кетуінен сақтау қажет.**
- **Бензинді сақтау үшін, оған үшін арналған арнайы пластик канистрлер қолданылуы тиіс.**

Автокөліктерге май құятын станцияларда шылым шегуге, ашық отты қолдануға немесе көлік құралында жағылған темекіні қалдыруға тыйым салынады, әсіресе отын құю кезінде.

Отын багын толық толтырмаған дұрыс, себебі бұл бензиннің төгілуін тудыруы мүмкін.

(жалғасын қар.)

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 40

(жалғасы)

- **Егер отын құю кезінде тұтану орын алса, көлік құралынан дереу кету, автокөліктерге май құю станцияларының операторына хабарлау және жергілікті өрт сөндіру командасын шақыру қажет. Барлық нұсқаулар мен нұсқаулықтарды орындау қажет.**
- **Қысымдағы отын шашыраған кезде, ол теріге және киімге тиюі мүмкін. Тұтанған жағдайда, бұл ауыр күйіктерге алып келуі мүмкін. Отын бағының тығынын баяу тиісті сақтықпен шешіп алу қажет. Егер тығын астынан отын буы шығатын болса немесе шуыл дыбысы шықса, тоқтату тығынды ақырғы рет шешіп алмас бұрын, осы құбылыстың тоқтағанын күту керек.**
- **Май құйғаннан кейін, авария жағдайында отынның төгілуін болдырмау үшін, тығынды орнына тиісті орнату қажет.**

i Ақпараттар

Автокөлікке отынды әрдайым «Кіріспе» тарауының «Отынға қойылатын талаптар» тармағындағы нұсқаулықтарға сәйкес құйыңыз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Отынның автокөліктің сыртқы бетіне төгілмеуін қадағалаңыз. Боялған бетке отынның кез келген төгілуі баяуын бүлдіруі мүмкін.
- Егер отын құю қылтасының тығынын ауыстыру қажет болса, тек HYUNDAI бірегей тығындарын немесе аталған автокөлік үшін арналған оның аналогтарын қолдану қажет. Отын құю қылтасының сәйкес келмейтін тығынын қолдану, отын жүйесін немесе пайдаланылған газдарды басқару жүйелерінің бұзылуына алып келуі мүмкін.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 41

АСПАПТАР КОМБИНАЦИЯЛАРЫ

■ **А типі**



■ **В типі**



1. Тахометр
2. Спидометр
3. Салқындатқыш сұйықтық температурасын көрсеткіш
4. Отын деңгейін көрсеткіш
   Ескерту және индикаторлық сигналдар
5. СК-дисплей (борттық компьютерді қосқанда)

Автокөлікте орнатылған аспаптар комбинациясы суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
Толық ақпараттар осы тараудың «Көрсеткіштер бөлімінде келтіріледі.

oGSR046138/oGSR046146

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 42

Аспаптар панеліндегі басқару органдары



Автокөлікте габариттік шырақтар немесе алдыңғы фаралар қосылған кезде, аспаптар панелін өзгерту және көмескі жарық үшін көмескі жарық реттегіштерін қолданыңыз.

Көмескі жарық реттегіштерін қолданған кезде, сол секілді ауыстырып-қосқыштардың қарқыны өзгереді.

Қозғалыс кезінде, аспаптар комбинациясында баптаулар орындауға жол берілмейді. Бұл жол-көлік оқиғаларына әкелуі және оның салдары адамдардың өліміне, ауыр жарақаттарға немесе мүліктік шығын келтірілуіне алып келуі ықтимал



Аспаптар панелі көмескі жарығының ашықтығы бейнеленеді .

- Көмескі жарық максималды немесе минималды деңгейге жеткен кезде, дыбыстық сигнал беріледі. (бар болса).

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 43



oGC044140

Спидометр

Спидометрде автокөлік жылдамдығы сағатына километрмен (км/с) бейнеленеді.



oGC044142


Тахометр

Тахометрде қозғалтқыш иінді білігінің айналу жиілігі минутына айналыммен (айн/мин) бейнеленеді .

Тахометр берілісті ауыстырудың тиімді мезетін таңдау және иінді біліктің айналу жиілігінің жұлқуларын және/немесе оқыс жылжуын болдырмау үшін қолданылады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Тахометр тілшігі ҚЫЗЫЛ АЙМАҚТА тұрған кезде, қозғалтқыштың режимде жұмыс істеуіне жол бермеңіз.



oGS045144/oGS045147

Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтық температурасының көрсеткіші

Бұл аспап, оталдыру ажыратқышы oN күйінде тұрған кезде, қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының температурасын көрсетеді.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Егер көрсеткіш тілшігі қалыпты температурасы ауқымы шегінен "130" белгісі бағытында шығып кетсе, бұл қызып кетуді көрсетеді және бұл қозғалтқыштың зақымдалуын тудыруы мүмкін.

(жалғасын қар)


GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 44

(жалғасы)


Қызып кеткен қозғалтқышпен жол жүруді жалғастыруға болмайды. Егер қозғалтқыш қызып кетсе, 6-тараудың «Егер қозғалтқыш қызып кетсе» тармағын қар.

Қозғалтқыш ыстық болған кезде, радиаторды немесе кеңейткіш бакты шешіп алмаңыз. Салқындатқыш сұйықтық қысыммен тұрса, ауыр күйіктер келтіруі мүмкін. Бөшкеге салқындатқыш сұйықтықты қосар алдында қозғалтқыштың салқындатылуын күтіңіз.

■ A типі



B типі



Осы көрсеткішпен отын багындағы отынның шамамен берілген мөлшері бейнеленеді.

Ақпараттар

- **Отын багының көлемі бойынша деректер 8-тарауда келтірілген.**
- **Отын деңгейін көрсеткіштің көрсетулері, бак босағанға дейін аз ғана бұрын жанған, отынның төмен деңгейін бақылау шамымен толықтырылады.**
- **Еңістер мен бұрылыстарда бактағы отынның қозғалуы салдарынан, отын деңгейін көрсеткішінің тілшігі құбылады немесе отынның төмен деңгейін бақылау шамы әдеттегіден ерте жанады.**

Отын қорының өнімі автокөлікте тұрған адамдарды қауіпке ұшыратуы мүмкін.

Отынның төменгі деңгейін бақылау шамы жанғаннан кейін, немесе отын деңгейі көрсеткішінің тілшігі "0" белгісіне жақындаған кезде, мүмкіндігінше тезірек тоқтау автокөлікке май құю қажет

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Отын деңгейінің тым көп төмендеуіне жол бермеуге тырысыңыз. Отынды толық шығындау оталдыруда іркілістерге және каталикалық бейтараптандырғыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Сыртқы ауа температурасын көрсеткіш


Бұл көрсеткіш сыртқы ағымдағы ауа температурасын Цельсий (°C) немесе Фарен - гейт (°F) градустарында бейнелейді.

- Температураны өлшеу ауқымы:
  -40...60 °C (-40...140 °F)

Дисплейдегі сыртқы ауа температурасы жүргізушінің назарын аудармау үшін, әдеттегі термометрде дереу өзгермейді.

Температураны өлшеу бірліктері арасында ауыстыру (°C-тан °F –ке дейін және керісінше) келесі үлгіде жүргізіледі

· A -типі



oGC044150

– Автокөліктің жүріп өткен жолын бейнелеу режимінде отын қалдығында рөлдік дөңгелектегі RESET батырмасын 5 секунд ішінде басыңыз және ұстап тұрыңыз.

· B типі



oTL045130


– Аспаптар комбинациясының пайдаланушылар баптаулары режимі: температураны өлшеу бірліктері «other Features (Басқа функциялар) - Temperature unit (Температураны өлшеу бірліктері)» тармағында өзгеруі мүмкін.

– Микроклиматпен автоматты басқару жүйесін oFF батырмасын басылған күйінде ұстап тұрып, AUTo батырмасын басыңыз және оны 3 секундтан кем емес ұстап тұрыңыз.

Температураны өлшеу бірліктеріне ауыстыру аспаптар комбинациясы және микроклиматпен басқару жүйесі үшін бір мезгілде жүзеге асырылады.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 46

■ A типі ■ B типі




oGC044148/oTL045136

Одометр

Одометрде кезекті техникалық қызмет көрсету мерзімін анықтау үшін қолданылуы тиіс, автокөліктің жүріп өткен толық жолы бейнеленеді.

■ A типі ■ B типі



oGC044152/oTL045132

Беріліс қораптарын ауыстыру индикаторы

Автоматты беріліс қораптарын ауыстыру индикаторы

(бар болса)

Бұл индикатор берілісті ауыстыру иінтіректерінің таңдап алынған күйлерін көрсетеді..

- Тұраққа қою: P
- Артқы жүріс: R
- Бейтарап: N
- Қозғалыс: d
- Спорттық режим: 1, 2, 3, 4, 5, 6

■ A типі ■ B типі



oGC044154/oTLE045134

Механикалық беріліс қораптарын ауыстыру индикаторы (бар болса)

Бұл индикатор беріліс нөмірлерін көрсетеді, таңдаған кезде ең жақсы үнемділік қамтамасыз етіледі. ,

Анағұрлым жоғары беріліске ауысу: ▲2, ▲3, ▲4, ▲5, ▲6

- Анағұрлым төмен беріліске ауысу: ▼1, ▼2, ▼3, ▼4, ▼5

Мысалы

▲3 : Дұрысы, 3-ші берілістегі «жоғарыға» ауысу керектігін көрсетеді (қазіргі уақытта 2-ші немесе 1-ші беріліс қосылған)

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 47


▼3 :Дұрысы, 3-ші берілістегі «төменге» ауысу керектігін көрсетеді (қазіргі уақытта 4-ші, 5-ші немесе 6-шы беріліс кезінде)

Егер жүйе қате жұмыс істесе, индикатор бейнеленбейді.

Қалқыма ауыстыру индикаторы (бар болса)

Қалқыма индикатор аспаптар комбинациясында 2 секундқа пайда болады және ауқымдарды (P/R/N/d) ауыстырған кезде, берілісті ауыстыру иінтірегінің ағымдағы күйін бейнелейді.

· B типі



oTL045134

Ақпараттар

Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін, барлық бақылау шамдарының сөнгеніне көз жеткізіңіз. Егер олардың біреуі жануын жалғастыратын болса, бұл ерекше назар аударуды қажет ететін жағдайлардың туындағанын көрсетеді.

Қауіпсіздік жастығының ақаулығын бақылау шамы

Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру ажыратқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 6 секундқа жанады және содан кейін сөнеді.
- SRS жүйесінде ақаулықтар туындаған кезде.

  Бұл жағдайда, жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 48

Қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы



Бұл бақылау шамы жүргізушіге қауіпсіздік белдігінің тағылғандығы жөнінде хабардар етеді.

Анағұрлым толық ақпарат алу үшін 2-тараудың «Қауіпсіздік белдіктері» тармағын қараңыз.

Тұрақ тежегіші мен тежегіш сұйықтығының төменгі деңгейін бақылау шамы



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру ажыратқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 3 секундқа жанады және содан кейін сөнеді.
  - Егер тұрақ тежегіші іске қосылса, үздіксіз жанады.
- Тұрақ тежегіші іске қосылған кезде.
- Тежеу жүйесіндегі бакта тежегіш сұйықтығының деңгейі төмендеген кезде.
  - Егер бақылау шамы тұрақ тежегішін сөндіргеннен кейін жанатын болса, бұл тежеу жүйесіндегі бакта тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін көрсетеді.

Бактағы тежегіш сұйықтығы деңгейі төмендеген жағдайда:

1. Сақтық сақтай отырып, жақын маңдаңы қауіпсіз жерге жетіңіз және автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқыш тоқтатылған кезде, тежегіш сұйықтығының деңгейін дереу тексеріңіз және қажет болса үстемелеп құйыңыз

(Толық ақпарат алу үшін 7-тараудың «Тежегіш сұйықтығы» тармағына жүгініңіз.

Сұйықтықты құйғаннан кейін, тежеу жүйесінде аққан жерлердің жоқ екенін білу үшін, барлық элементтерін тексеріңіз. Егер, тежеуіш жүйеде аққан жерлер табылған жағдайда, автокөлікпен қозғалысты жалғастыруға жол бермеңіз, бақылау шамы жануын жалғастырады немесе тежеу жүйесінің жұмысы қалыптан ерекшеленеді. Жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Жиектері диагональді бөлінген екі жиекті тежеуіш жүйесі

Сіздің автокөлігіңіз диагональді сұлба бойынша орындалған екі жиекті тежеуіш жүйемен жабдықталған. Бұл, тіпті оның магистральдерінің біреуі істен тоқтап қалған күннің өзінде, автокөліктің екі дөңгелегіндегі тежегіш жұмыс күйінде болатынын білдіреді.

Бұл жағдайда, автокөлікті тоқтату үшін тежегіш басқысының көп жүрісі және оған үлкен күш салу қажет болады.

Бұдан басқа, тек тежеуіш жүйесінің бөлігі ғана жұмыс істейтін автокөліктің тежеу жолы, әдеттегіден көбірек болады

Автокөліктің қозғалысы кезінде тежегіштер тоқтап қалған кезде, қозғалтқышпен тежелу үшін анағұрлым төмен беріліске ауыстырыңыз және бұған қауіпсіз мүмкіндік болған кезде автокөлікті тоқтатыңыз.

Тұрақ тежегішінің бақылау шамы мен тежегіш сұйықтықтың төмен деңгейін бақылау шамы

Бақылау шамы жанып тұрған кезде автокөлікті басқару қауіпті. Егер бақылау шамы тұрақ тежегішін сөндіргеннен кейін жанатын болса, бұл тежеуіш жүйе бөшкесіндегі тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін көрсетеді.

Бұл жағдайда, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесін бақылау шамы (ABS)



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру ажыратқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 3 секундқа жанады және содан кейін сөнеді.
- Тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесіндегі ақаулықтар кезінде, (автокөліктің жұмыс тежеуіш жүйесі бұғаттауға қарсы жүйенің қолдауынсыз жұмысын жалғастыратын болады)

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Тежеу күшін электронды үлестіру жүйесін бақылау шамы (EBd)



Бұл екі бақылау шамдары қозғалыс кезінде бір мезгілде жанады:



- ABS жүйесі мен жұмыс тежеуіш жүйесі тиісінше жұмыс істемеген кезде.

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 50

Тежеу күшін электронды үлестіру жүйесін бақылау шамы (EBD)

Егер ABS бақылау шамы мен тұрақ тежегішінің бақылау шамы бір мезгілде жанатын болса, тежеуіш жүйе қалыпты жұмыс істемейді, бұл оқыс тежелген жағдайда қауіпті жағдайларға алып келуі мүмкін.

Бұл жағдайда, жоғары жылдамдықпен қозғалуға және оқыс тежелулерден аулақ болу қажет.

Жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторландырылған дилеріне тезірек жүгіну ұсынылады.

i Ақпараттар — Тежеу күшін электронды үлестіру жүйесін бақылау шамы (EBd)

Егер ABS бақылау шамы мен тұрақ тежегішінің бақылау шамы бір мезгілде жанып тұрса және тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болса, спидомер, одометр немесе жүріп өткен жол есептегішінің көрсетулері бұзылған болуы ықтимал. Бұдан басқа, EPS бақылау шамы жануы және рөлдік дөңгелектегі күш өсуі немесе кемуі мүмкін.

Бұл жағдайда, жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне мүмкіндігінше тезірек жүгіну ұсынылады.

Рөлдік басқарудың электрлі күшейткішін бақылау шамы (EPS) (бар болса)



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру ажыратқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/ тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 3 секундқа жанады және содан кейін сөнеді.
- EPS жүйесінде ақаулықтар туындаған кезде.

  Бұл жағдайда, жүйені тексеру HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 51

Қозғалтқыш ақаулықтарын бақылау шамы (mIL)



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру ажыратқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйінде ауыстыру кезінде.

  - Шамамен 3 секунд жанады және содан кейін сөнеді.

- Қозғалтқыш шығарындыларын бақылау жүйесінде ақаулықтарын, сонымен қатар қозғалтқыштың және беріліс қораптарының басқа да ақаулықтары туындаған кезде.

  Бұл жағдайда, жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Жанған бақылау шамын ұзақ қозғалысы пайдалынылған газдардың уыттылығын бақылау жүйесінің зақымдалуына алып келеді, бұл автокөліктің жүріс сипаттамаларына және/немесе отын шығынына әсер етуі мүмкін.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Егер қозғалтқыш ақаулықтарын бақылау шамы (mIL) жанса, климаттық бейтараптандырғыштың зақымдалуы мүмкін, бұл қозғалтқыш қуатынан айрылуына алып келеді. Бұл жағдайда, жүйені тексеру үшін

HYUNDAI авторизацияланған дилеріне дереу жүгіну ұсынылады.

Аккумулятор батареясының бақылау шамы



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру ажыратқышын және/немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйінде ауыстырған кезде.

  – Қозғалтқышты іске қосқанға дейін жануын жалғастырады.

  – Генераторда немесе аккумулятор батареясының қуаттау жүйесіне ақаулықтар болған кезде.

Генераторда немесе аккумулятор батареясының қуаттау жүйесіне ақаулықтар туындаған жағдайда:

1. Сақтық сақтаңыз, жақын маңдағы қауіпсіз жерге жетіңіз және автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты сөндіріңіз және генаратор сымы белдігінің тартылуын жоқ екенін тексеріңіз. Егер белдіктің тартылуы қалыпты болса, аккумулятор батареясын қуаттау жүйесінде ақаулық бар.
   Бұл жағдайда, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне дереу жүгіну ұсынылады.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 52

Мотор майының төменгі қысымын бақылау шамы



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру ажыратқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйінде ауыстыру кезінде.
  - Қозғалтқыш іске қосылғанға дейін жануын жалғастырады.
- Мотор майының төмен қысымында.

Мотор майының қысымы төмендеген жағдайда:

1. Сақтық сақтаңыз, жақын маңдағы қауіпсіз жерге жетіңіз және автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты сөндіріңіз және мотор майының деңгейін тексеріңіз (**анағұрлым толық ақпарат алу үшін 7-тараудың «Мотор майы» бөлімін қараңыз**).

   Егер мотор майының деңгейі нормадан төмен болса, қажетті май мөлшерін еселеп құйыңыз.

   Жүйені тексеру үшін, HYUNDAI ресми дилеріне жүгіну ұсынылады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Егер мотор майының төмен қысымын бақылау шамын қосқаннан кейін, қозғалтқышты тоқтатпаса, қозғалтқыш ауыр зақымдалуы мүмкін.
- Егер мотор майының төмен қысымын бақылау шамы қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған уақытта жануын жалғастыратын болса, қозғалтқыштың ауыр зақымдалуы ықтимал. Бұл жағдайда келесі әрекеттерді орындаңыз:
  1. Автокөлікті бірінші қауіпсіз мүмкіндік болған кезде тоқтатыңыз.
  2. Қозғалтқышты сөндіріңіз және май деңгейін тексеріңіз. Егер май деңгейі нормадан төмен болса, талап етілген майды еселеп құйыңыз.
  3. Қозғалтқышты іске қосыңыз. Егер бақылау шамы іске қосқаннан кейін жануын жалғастыратын болса, қозғалтқышты дереу тоқтатыңыз. Бұл жағдайда, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Отынның төмен деңгейін бақылау шамы



Бұл бақылау шамы келесі жағдайлар жанады:

- Бактағы отын толық шығындалған кезде.

  Автокөлікке мүмкіндігінше тезірек отын құйыңыз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Отынның төмен деңгейінде жанған шаммен ұзақ қозғалу немесе отын деңгейін көрсеткіш тілшігі “E” немесе “0” белгісінде тұрса, қозғалтқыш цилиндірінде оталдырудың өткізілуіне және каталикалық бейтараптандырғыштың (бар болса) зақымдалуына алып келуі мүмкін.



Жуғыш сұйықтықтың
төмен деңгейін бақылау шамы
(A типіндегі аспаптар комбинациясы, бар болса)

Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

● Әйнек тазартқыш багындағы жуғыш сұйықтық толық шығындалған кезде.

Бұл жағдайда, бөшкеге жуғыш сұйықтықты құйған жөн.



Басты бақылау шамы (B типіндегі аспаптар комбинациясы)
Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады :

- Оталдыру ажыратқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйінде ауыстыру кезінде.
  - Шамамен 3 секунд жанады және содан кейін сөнеді.
- Ақаулықтар немесе келесі жүйелердің кез келгенінің жұмысы бұзылған кезде:

-Әйнек тазартқыш сұйықтығының төмен

деңгейі (бар болса)

- Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPmS, бар болса)
- Техникалық қызмет көрсету жөніндегі ескерту дабыл бергіші

Себептерді анағұрлым дәлірек анықтау үшін СК-дисплейдегі индикацияны тексеріңіз.



- Шиналардағы төмен қысымды бақылау шамы

Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру ажыратқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйінде ауыстыру кезінде.
  - Шамамен 3 секунд жанады және содан кейін сөнеді.
- Бір немесе бірнеше шиналарда қысым едәуір түскен кезде (қысымның төмендетілуімен шиналардың орналасуы, СК-дисплейде бейнеленеді, бар болса)

Анағұрлым толық ақпараттар 6-тараудың «Шиналардағы қысымды бақылау (TPmS)» жүйесі» бөлімінде келтірілген.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 54

Бақылау шамы 60 секунд жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанады және үш секундта бір рет жиілікпен үздіксіз жыпылықтайды:

- TPmS жүйесінде ақаулықтар туындаған кезде
  Бұл жағдайда, жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне дереу жүгіну ұсынылады.

Анағұрлым толық ақпараттар 6-тараудың «Шиналардағы қысымды бақылау (TPmS) жүйесі» бөлімінде келтірілген.

Қауіпсіз тоқтату

- **TPMS жүйесі жүргізушіні сыртқы факторлармен туындаған шиналардың ықтимал зақымдалуы жөнінде ескерте алмайды.**
- **Автокөліктің тұрақтылығы нашарлаған жағдайда, акселератор басқысынан аяғыңызды тежегіш басқысын білқалыпты баса отырып көп кешіктірмей алыңыз, автокөлікті жолдың шетіне қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.**



Жабылмаған есіктерді бақылау шамы (А типіндегі аспаптар комбинациясы)

Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Есіктер толық жабылмаған кезде.



Жүксалғыштың жабылмаған қақпағын бақылау шамы (А типіндегі аспаптар комбинациясы)

Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Жүк салғыш қақпағын тығыз жаппаған кезде.



Электронды тұрақтандыру жүйесінің индикаторы (ESC)

Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру ажыратқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйінде ауыстыру кезінде.
  - Шамамен 3 секунд жанады және содан кейін сөнеді.
- ESC жүйесінде ақаулықтар туындаған кезде.
  Бұл жағдайда, жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне дереу жүгіну ұсынылады.

Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- ESC жүйесі іске қосылған уақытта.

Анағұрлым толық ақпараттар 5-тараудың «Электронды тұрақтандыру жүйесі (ESC)» бөлімінде келтірілген.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 55

Электронды тұрақтандыру жүйесін өшіру индикаторы (ESC)




Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру ажыратқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйінде ауыстыру кезінде.
  - Шамамен 3 секунд жанады және содан кейін сөнеді.
- ESC oFF батырмасын басып, ESC жүйесін өшірген кезде

Анағұрлым толық ақпараттар 5-тараудың «Электронды тұрақтандыру жүйесі (ESC)» бөлімінде келтірілген.

Кілттің жоқ болу индикаторы (А типіндегі аспаптар комбинациясы, бар болса)



Егер қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы ACC немесе oN күйіне тұрса, онда кез келген есікті ашқан кезде, жүйе электронды кілттің болуын тексеруді орындайды. Егер электронды кілт автокөлік салонында болса, индикатор жыпылықтай бастайды, бұл ретте автокөліктің барлық есіктері жабық болса, онда 5 секунд ішінде ескерту сигналы естіледі.

Индикатор автокөлік қоғала бастағаннан өшеді. Электронды кілт салонда тұруы тиіс.

Иммобилайзер индикаторы (электронды кілтсіз) (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру ажыратқышын иммобилайзер әрекетсіздендіргеннен кейін, oN күйінде ауыстыру кезінде.
  - Бұл сәтте қозғалтқышты іске қосуға болады.
  - Индикатор қозғалтқышты іске қосқаннан кейін сөнеді.

Индикатор келесі жағайдайларда жыпылықтайды:

- Иммобилайзер жүйесінде ақаулықтар туындаған кезде.

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 56

Иммобилайзер индикаторы (электронды кілтпен) (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда 30 секундта жанады:

- Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы ACC немесе oN күйінде тұрған кезде, автокөлік салонында электронды кілт табылған кезде.

  - Бұл сәтте қозғалтқышты іске қосуға болады.

  - Индикатор қозғалтқышты іске қосқаннан кейін сөнеді.

Бұл индикатор келесі жағдайларда бірнеше секунд жыпылықтайды:

- Егер электронды кілт салонда болмаса.

  -Бұл сәтте қозғалтқышты іске қосуға болмайды.

Бұл индикатор келесі жағдайларда 2 секундта жанады:

- Егер электронды кілт салонда болса және қозғалтқышты іске қосу/оқтату батырмасын oN күйінде ауыстырғанда, алайда жүйе электронды кілті таппауы мүмкін. Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Бұл индикатор келесі жағдайларда жыпылықтайды:


Электронды батарея кернеуі азайған кезде.

- Бұл сәтте қозғалтқышты іске қосуға болмайды. Қозғалтқышты, егер қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын тікелей электронды кілтпен басқан кезде іске қосуға болады **(қосымша ақпарат алу үшін, 5-тараудың «Қозғалтқышты іске қосу бөліміне жүгініңіз).**

- Иммобилайзер жүйесінде ақаулықтар туындаған кезде.

- Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Бұрылыс көрсеткіштерін қосу индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

Бұрылыстың жарық көрсеткіштерін қосқан кезде.

Төменде атап көрсетілген белгілердің кез келгені бұылыс көрсеткіштерінің ақаулықтарын көрсетеді

Бұрылыс көрсеткіші жанады, бірақ жыпылықтамайды

- Бұрылыс көрсеткіші үлкейтілген жиілікпен жыпылықтайды.

- Бұрылыс көрсеткіші жанбайды. Көрсетілген жағдайларда, жүйенің тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Фараның жақыннан түсетін жарығын қосу индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Фараны қосқан кезде.

Фараның алыс түсетін жарығын қосу индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Фараның алысқа түсетін жарығын қосқан кезде.
- Бұрылыс көрсеткіші иінтірегін алысқа түсетін жарық дабыл бергіші күйіне жылжытқан кезде.

Жарықты қосу индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Габариттік шырақтар немесе фараларды қосқан кезде.

Тұманға қарсы фараларды қосу индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Тұманға қарсы фараны қосқан кезде.

Тұманға қарсы шамдарды қосу индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Тұманға қарсы артқы фонарьларды қосқан кезде.

Жылдамдықтың артуын бақылау шамы (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Жылдамдық 120 км/с асқан кезде
  - Бұл функция жылдамдық арттырылған қозғалысты болдырмауға мүмкіндік береді.
  - Бұдан басқа, шамамен 5 секундта ескерту дыбыстық сигналы естіледі.

Криуз-бақылау жүйесін бақылау шамы (бар болса)



Бұл индикатор криуз-бақылау жүйесін қосқан кезде жанады

- Аспаптар комбинациясында круиз-бақылаудың қосылуын бақылау шамы рөлдік дөңгелекте орналасқан криуз-бақылау жүйесінің oN-oFF батырмасын асқан кезде жанады
- Круиз-бақылау жүйесі ажыратқышының oN-oFF батырмасын қайта басқан кезде, бақылау шамы сөнеді.

Анағұрлым толық ақпарат 5-бөлімнің «Круиз-бақылау жүйесі» тармағында келтірілген.

Круиз-бақылау SET жүйесін бақылау шамы (бар болса)



Бұл индикатор ауыстырып-қосқыштардың атқарымдық ажыратқышын жылжытқан кезде жанады

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 58

ON индикациясы кезінде криуз-бақылау жүйесі (SET- или RES+)

- Аспаптар кобинациясындағы криуз-бақылаудың SET жүйесінің жарық индикаторы, егер криуз-бақылау жүйесінің (SET- немесе RES+) басқарушы ауыстырып-қосқышы басылып тұрса айқын көрінетін болады.
- SET шамы криуз-бақылау жүйесінің “CANCEL” ауыстырып-қосқышы басылған кезде немесе осы жүйе сөніп тұрған кезде жанбайды.

Толық жетекті бақылау шамы (4Wd) (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыру ажыратқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйінде ауыстыру кезінде.

  - Шамамен 3 секунд жанады және содан кейін сөнеді.

- 4Wd LoCK батырмасын басып, толық жетек жүйесінде бұғаттау режимін қосқан кезде.

  - Бұғаттау режимі (4Wd LoCK) автокөлік дымқыл беттерде, қар басқан жолдар мен жолсыздарда қозғалған кезде ауырлық күші артады.

НАЗА АУДАРЫҢЫЗ

4WD LOCK бұғаттау режимі

Құрғақ асфальтталған жолда немесе автодаңғылда қозғалған кезде, 4WD LOCK бұғаттау режимін қолданбаңыз. Олай болмаған жағдайда, шуыл, діріл пайда болуы және толық жетек жүйесі бөлшектерінің зақымдалуы мүмкін.

Толық жетекті (4Wd) бұғаттау индикаторы (бар болса)

Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:



- Оталдыру ажыратқышын немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйінде ауыстыру кезінде.

  - Шамамен 3 секунд жанады және содан кейін сөнеді.

- Тиісті батырманы басып, dBC жүйесін қосқан кезде.

Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- dBC жүйесінің жұмысы кезінде.

Бұл бақылау шамы сары түске келесі жағдайларда жанады:

- dBC жүйесінде ақаулықтар туындаған кезде.

  Бұл жағдайда, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Қосымша ақпараттар алу үшін, 5-тараудың «Еңістe тежелуді басқару (dBC) жүйесі» бөліміне жүгініңіз.

Төмен түсу кезінде тежелуді басқару жүйесінің (dBC) индикаторы



GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 59

· B типі



oGSR046217


Селекторды

“P” (электронды кілт және автоматты беріліс қорабы жүйесі үшін) күйіне ауыстырыңыз

Бұл ескерту хабарламасы, қозғалтқышты селектор иінтірегін “P” (тұраққа қою) күйіне аудармай тоқтатуға әрекеттенген кезде бейнеленеді.

Аталған кезеңде қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырасын ACC режиміне (егер қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын тағы бір рет басса онда оталдыру қосылады) қосылады

· B типі



oGSR046108

Кілттің аккумулятор қуаты таусылған (электронды кілті бар жүйелер үшін)

Бұл ескерту хабарламасы электронды кілт батареясының қуаты таусылған жағдайда, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасымен оталдыру ажыратқышын сөндіргеннен кейін бейнеленеді.

· B типі



oGSR046109

Рөлдік дөңгелекті бұрыңыз және START батырмасын басыңыз (электронды кілті бар жүйелер үшін)

Бұл ескерту хабарламасы рөлдік дөңгелек қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басу кезінде әдеттегі жолмен бұғатталмаса бейнеленеді.

Рөлдік дөңгелекті оңға және солға бұрып, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басу қажет.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 60

· В типі



oGSR046122

Іске қосуға арналған тежегіш басқысын басыңыз (электронд кілт жүйесіне және автоматты беріліс қорабы үшін)

Бұл ескерту хабарламасы, егер қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы ACC күйіне тежегіш басқысы басылмай екі рет басылса бейнеленеді.

Қозғалтқышты тежегіш басқысын басқаннан кейін іске қосуға болады.

В типі



oTL045143RU

Іске қосу үшін, ілінісу басқысын басыңыз (электронды кілт және механикалық беріліс қорабы үшін)

Бұл ескерту хабарламасы, егер қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы ACC күйінде ілінісу басқысы басылмай екі рет басылса бейнеленеді.

Қозғалтқышты іске қосу үшін, ілінісу басқысын басыңыз.

В типі



oGSR046113

Кілт машинада емес

(электронды кілт жүйесі үшін)

Бұл ескерту хабарламасы, егер қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басқан кезде, автокөлік салонында болмаған кезде бейнеленеді.

Бұл өзімен бірге әрдайым кілтті алып жүру керектігін шамалайды.

· B типі



oGSR046121

Кілт табылған жоқ
(электронды кілт жүйесі
үшін)

Бұл хабарлама, электронды кілт қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басқан кезде жүйемен табылмаймаған кезде бейнеленеді.

· B типі



oTL045145RU

START батырмасын тағы бір басыңыз
(электронды кілт жүйесі үшін)

Бұл ескерту хабарлмасы, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басу арқылы қозғалтқышты іске қосу мүмкін болмаған жағдайда бейнеленеді.

Қозғалтқышты тікелей электронды кілтпен іске қосу/тоқтату батырмасын басып, қозғалтқышты іске қосып көріңіз.

Егер ескерту хабарламасы қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын әр басқан сайын бейнеленетін болса, жүйені тексеру үшін, HYUNDAI ресми дилеріне жүгіну ұсынылады.

· B типі



oGSR046137

Кілтпен START батырмасын басыңыз
(электронды кілт жүйесі үшін)

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы «Кілт табылған жоқ» ескерту хабарламасы бейнеленген кезде басылып тұрса, осы ескерту хабарламасы бейнеленеді.

Бұл ретте, сондай-ақ иммобилайзер индикаторы жыпылықтайды.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 62

· B типі



oTL045147RU

BRAKE SWITCh сақтандырғышын тексеріңіз (электронды кілт жүйесі және автоматты беріліс қорабы үшін)

Бұл ескерту хабарламасы, тежегіш ажыратқышының сақтандырғышы өшірілген жағдайда пайда болады.

Бұл сақтандырғышты жаңасына ауыстыру қажеттілігін көрсетеді.

Егер бұл мүмкін болмаса, қозғалтқышты оны ACC күйіне ауыстырғаннан кейін, 10 секунд ішінде қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басып іске қосыңыз.

· B типі




oTL045146RU

Іске қосу үшін “P” немесе “N” иінтірек (электронды кілт жүйесі және автоматты беріліс қорабы үшін)

Бұл ескерту хабарламасы, қозғалтқышты берілісті ауыстыру иінтірегін P (тұраққа қою) немесе N (бейтарап) күйіне орнатпай, іске қосқан кезде пайда болады.

i Ақпараттар

Қозғалтқышты селектор иінтірегі N (бейтарап) күйінде тұрған кезде де іске қосуға болады. Жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, қозғалтқышты селектор иінтірегі P (тұраққа қою) күйінде тұрған кезде іске қосыңыз.



oGC044176/oGC044177

Есікті, жүксалғыш қақпағын ашу

Бұл ескерту хабарламасы, қандай да бір есіктің немесе жүксалғыш қақпағының ашық екенін көрсетеді.

· B типі



oGSR046174

Рөл жылытқышы сөндірілген (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы, рөлдік дөңгелек жылытқышы сөндірілген кезде бейнеленеді.

Қосымша ақпараттар осы тараудың «Жылытылатын рөлдік дөңгелек» бөлімінде келтірілген.

· B типі



oGSR066014

Төменгі қысым (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы шиналардағы қысым түскен кезде бейнеленеді. Сондай-ақ тиісті дөңгелектің пиктограммасы жанады.

Анағұрлым толық ақпарат 6-тараудың «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPmS)» бөлімінде келтіріледі.

B типі



oTL045155RU

FUSE SWITCh ауыстырып-қосқышын қосыңыз

Бұл ескерту хабарламасы, рөлдік дөңгелек астындағы сақтандырғыш-ажыратқыш сөндіріліп тұрған кезде пайда болады.

Сақтандырғыш-ажыратқышты қосу қажет.

Анағұрлым толық ақпарат 7-тараудың «Сақтандырғыштар» бөлімінде келтіріледі.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 64

· В типі



oGSR046177

Жарықтандыру режимі

Бұл индикатор сыртқы жарықтандыруды қосылған аспаптарын бейнелейді.

■ В типі

● Алдыңғы жағынан

● Артқы жағынан



oGSR046176/oGSR046178

Әйнек тазартқыш

Бұл әйнек тазартқыштың жұмыс жылдамдығын бейнелейді.

В типі



oTL045159RU

Әйнек тазартқыш сұйықтығының төмен деңгейі (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы, егер әйнек тазартқыш багындағы сұйықтық деңгейі төмен болса, қызмет көрсету туралы ескерту режимінде пайда болады.

Сұйықтықты әйнек тазартқыш бөшкесіне құю қажет.

· B типі



oTL045160RU

Бұл ескерту хабарламасы, бактағы отын аяқталған кезде бейнеленеді.

Осы хабарламаның бейнеленуі, отынның төмен деңгейін бақылау шамының қосылуымен қабат жүреді.

Бұл жағдайда, автокөлікке жақын маңдағы автокөліктерге отын құю станцияларында май құю қажет.

Автокөлікке мүміндігінше тезірек отын құйыңыз.

· B типі



oGSR046175

Артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесінің ақаулықтары (бар болса)

Бұл ескерту хабарламасы артқы жүріспен тұраққа қою кезінде көмек жүйесінде ақаулықтар туындаған кезде бейнеленеді. Жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Анағұрлым толық мәліметтер 3-тараудың «Артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі көмек жүйесі» бөлімінде келтіріледі.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 66

СК-ДИСПЛЕЙ (В ТИПІНДЕГІ АСПАПТАР КОМБИНАЦИЯСЫ)

СК-дисплейді басқару



СК-дисплей режимдерін, басқару батырмаларының көмегімен ауыстыруға болады.

(1) : Режимді өзгерту үшін modE батырмасы

(2) : мәзірді таңдау үшін moVE ауыстырып-қосқышы

(3) oK : мәзірді таңдау және мәзір бөлімін таңдауды болдырмау үшін SELECT/RESET батырмасы

СК-дисплей режимдері

Режимдер	Таңбалар	Сипаттамасы
Маршруттық компьютер		Осы режимде дисплейде жүргізушіге арналған ақпараттар бейнеленеді, атап айтқанда, тәулік бойы жүгіріп өткен қашықтық, отын шығыны және т.б. Анағұрлым толық ақпараттар осы тараудың «Маршруттық компьютер» бөлімінде келтіріледі.
Ақпараттар	немесе	Осы режимде қызмет көрсету интервалы туралы (жүріп өткен қашықтықтағы км немесе күнмен) және ескерту хабарламасы туралы, мысалы, жуғыш сұйықтығының төмен деңгейі жөніндегі ақпараттар шығарылады.
Пайдаланушылар баптауы		Осы режимде есіктерге, шамдарға арналған баптауларды өзгертуге болады және т.б.



Тұрақ тежегіші қосылған кездегі түзету параметрлері / Edit settings after shifting to P

Бұл ескерту хабарламасы автокөлік қозғалған уақыттағы пайдаланушылар баптауларын өзгертуге әрекеттенген кезде бейнеленеді.

- **Механикалық беріліс қорабы**

Қауіпсіздік мақсатында, тұрақ тежегішін іске қоса отырып, пайдалнушылар баптауларына өзгеріс енгізіңіз.

- Автоматты беріліс қорабы

- Қауіпсіздік мақсатында автокөлікті қойып, тұрақ тежігішін іске қосып және берілісті ауыстыру иінтірегін P (тұраққа қою) күйіне ауыстыра отырып, пайдаланушылар баптауларына өзгеріс енгізіңіз.



- Маршруттық компьютер режимі (Trip Computer mode)

Маршруттық компьютер режимінде, дисплейде автокөліктің қозғалыс параметрлері, оған қоса отын шығыны, тәуліктік жүріп өткен қашықтық және автокөліктің жылдамдығы жөнінде ақпараттар бейнеленеді

Анағұрлым толық ақпараттар осы тараудың «Маршруттық компьютер» бөлімінде келтіріледі.

Ақпараттар режимі (Information mode)

Бұл режимде техникалық қызмет көрсету арасындағы интервал бейнеленеді. (жүріп өтілген жолдар мен күндер).



Техникалық қызмет көрсету арасындағы интервал

Арқылы қызмет көрсету (Service in)

. Жоспарлы техникалық қызмет көрсету орындалуы тиіс кезінде есептеледі және бейнеленеді. (жүріп өткен қашықтық немесе күндер)

Оталдыруды әрбір қосқан сайын бірнеше секундқа интервал мерзімі өткен кезде, «Арқылы қызмет көрсету» хабарламасы пайда болады.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 68



oGSR046180

ТҚҚ талап етіледі (Service required)

Егер көрсетілген интервал ішінде автокөлікке техникалық қызмет көрсету орындалмаса, онда оталдыруды әр қосқан сайын «ТҚҚ талап етіледі» хабарламасы пайда болатын болады.

Техникалық қызмет көрсету аралығын жүріп өткен қашықтық және бұрын енгізілген күндерге түсіру.

- ОК батырмасын 1 секундтан астам уақыт бойы ұстап тұрыңыз.



oGSR046184

СӨНД. арқылы қызмет көрсету (Service in OFF)

Егер техникалық қызмет көрсету арасындағы интервал берілмесе, СК-дисплейде «СӨНД. арқылы қызмет көрсету» хабарламасы бейнеленеді.

i Ақпараттар

Келесі жағдайлардың кез келгені туындаған кезде, жүріп өткен қашықтық пен күндер қате бейнелеуі мүмкін.

- **Аккумулятор батареясының кабелі ағытылған.**
- **Сақтандырғышы бар ауыстырып-қосқыш сөндірілген.**
- **Аккумулятор батареясының қуаты таусылған.**

Ескерту хабарламасы

Төменде атап көрсетілген жағдайлардың біреуі басталған жағдайда, бірнеше секунд ішінде ескерту хабарламасы бейнеленетін болады.

- Әйнек тазартқыштың сұйықтық деңгейі төмен (TPmS, бар болса)
- Шиналарда қысымды бақылау жүйесі (TPmS, бар болса)
- Техникалық қызмет көрсету жөнінде ескерту дабыл бергіші

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 69

Элементтер	Сипаттамасы
Автоматты бұғаттау	● Сөндірілген: есіктерді автоматты бұғаттау функциясы өшірілетін болады ● Жылдамдықта қосу: Барлық есіктер жылдамдықты 15 км/с (9,3 миль/сағат) асырған кезде автоматты бұғатталады. ● Берілісті ауыстыру кезінде қосу: Барлық есіктер берілісті ауыстыру иінтірегін P (көлік қою) күйінен R (артқы жүріс), N (бейтарап) немесе d (қозғалыс) күйлеріне ауыстыру кезінде автоматты бұғатталады.
Автоматты бұғаттан шығару	● Сөндірілген: есіктерді автоматты бұғаттан шығару функциясы өшірілетін болады. ● Оталдыру кілтін шығару: Барлық есіктер оталдыру тетігін кілтті шығарған кезде немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасымен оталдыруды сөндірген кезде автоматты түрде бұғаттан шығарылатын болады. P күйіне ауыстыру: Барлық есіктер берілісті ауыстыру иінтірегін P (көлік қою) режиміне ауыстырған кезде автоматты түрде бұғаттан шығарылады.
Бір рет тигізіп бұрылыс көрсеткіштерін қосу	● Сөндірілген: Бұрылыс көрсеткішін бір рет тигізіп қосу функциясы сөндірілген. ● 3, 5, 7 жыпылықтау: Бұрылыс көрсеткіштері ауыстырып-қосқышы иінтірегін орнықтырылмаған күйге жылжытқаннан кейін, бұрылыс көрсеткіші 3,5 немесе 7 рет жыпылықтайды. ● **Қосымша ақпараттар осы тараудың «Жарықтандыру» бөлімінде келтіріледі.**
Фараның сөндірілуінің кешіктірілуі	● Осы тармақты таңдаған кезде, фараның сөндірілуін кідірту функциясы қосылатын болады.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 70

Қолайлылық

Элементтер	Сипаттамасы
Әйнек тазартқыш (фара режимі	Осы тармақты таңдаған кезде, әйнек тазартқыш және фара режимі бейнеленетін болады.
Ауыстырып-қосқыштың қалқыма индикаторы (бар болса)	Осы тармақты таңдаған кезде, берілісті ауыстыру иінтірегін жылжытқан кезде қосылған беріліс жөнінде ақпараттар бейнеленетін болады.

Техникалық қызмет көрсету арасындағы интервал

Элементтер	Сипаттамасы
Техникалық қызмет көрсету интервалы	Осы тармақты таңдаған кезде, техникалық қызмет көрсету интервалын баптау режимі белсендірілетін болады. Осы режимде жүріп өткен қашықтық немесе уақыт негізінде техникалық қызмет көрсету интервалын орнатуға болады. **Толық ақпараттар осы тараудың «Ақпараттар режимі» бөлімінде келтіріледі.**

Other features

Элементтер	Сипаттамасы
Отын шығынын автоматты түсіру	• Сөндірілген: Осы тармақты таңдаған кезде, орташа отын шығыны құйылғаннан кейін автоматты түрде түсірілмейді. • Оталдыруды қосқан кезде: Осы тармақты таңдаған кезде, орташа отын шығыны қозғалыс кезінде автоматты түсірілетін болады. • Май құйғаннан кейін: Осы тармақты таңдаған кезде, орташа отын шығыны отын құйғаннан кейін автоматты түсірілетін болады. • Отынның орташады құйғаннан кейін автоматты түсірілетін болады. • **Толық ақпараттар осы тараудың «Маршруттық компьютер» бөлімінде келтіріледі.**
Температураны өлшеу бірлігі	Температураны өлшеу бірлігін таңдау. (°C, °F)
Шиналардағы ауа қысымын өлшеу бірлігі (бар болса)	Шиналардағы ауа қысымын өлшеу бірлігін таңдау. (шаршы дюймдегі фунттар, кПа, барлар)
Тіл	Тілді таңдау

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 71

МАРШРУТТЫҚ КОМПЬЮТЕР МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ДАБЫЛ БЕРГІШ (А ТИПІНДЕГІ АСПАПТАР КОМБИНАЦИЯСЫ ҮШІН)


Бағдарық компьютер

Маршруттық компьютер — бұл микрокомпьютермен басқарылатын жүргізушіні хабардар ету жүйесі, ол дисплейде автокөлік қозғалысына жатқызылатын ақпараттарды бейнелейді.

i Ақпараттар

Маршруттық компьютерде сақталған кейбір ақпараттар (мысалы, көлік құралдарының орташа жылдамдығы) аккумулятор батареясын өшірген кезде жойылады.

Тәуліктік жүріп өтетін қашықтық режимі





Тәуліктік жүріп өткен қашықтық режимін өзгерту үшін, рөлдік дөңгелектегі TRIP батырмасын басыңыз.

GSr Rus 3a(-79)_LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 Страница 72



oGSR046188

Тәулік бойы жүріп өткен қашықтықты естептегіш (1)

- Тәуліктік жолды есептегіште есептегішті соңғы нөлдеуден кейінгі жүріп өткен қашықтық бейнеленеді.
- Есептегіш көрсеткіштерін түсіру үшін, тәулік бойы жүріп өткен қашықтық есептегіші бейнеленген кезде RESET батырмасын басыңыз және 1 секундтан ұзағырақ ұстап тұрыңыз.

Шығындалған отынға дейінгі қашықтық (2)

- Шығындалған отынға дейінгі қашықтық— автокөлік қалған отынмен жүріп өте алатын қашықтық.
- Егер қалған қашықтық 1 км-ден аз болса, маршруттық компьютер шығындалған отынға дейінгі қашықтық ретінде «---» бейнелей бастайды.

Ақпараттар

- **Егер автокөлік тегіс бетте тұрса немесе аккумулятор батареясы өшірілген болса, қалған отындағы автокөліктің жүріп өткенін анықтау функциясы дәл жұмыс істемеуі мүмкін.**
- **Шығындалған отынға дейінгі қашықтық нақты жүріп өткен қашықтықтан ерекшеленуі мүмкін, себебі бұл қолжетімді жүріп өткен қашықтықты бағалау. Маршруттық компьютер егер оның көлемі 6 л аз болса, автокөлікке отынның үстемелеп құйылуын ескермеуі мүмкін.**
- **Отын шығынының мәні қозғалыс жағдайларына, қозғалыс режиміне және автокөліктің жай-күйіне байланысты өзгеруі мүмкін.**

Орташа отын шығыны (3)

- Орташа отын шығыны жүріп өткен толық қашықтық және отын шығыны бойынша орташа отын үнемділігін соңғы рет түсіруден бастап есептеледі.
- Орташа отын көрсетулерін түсіру үшін, рөлдік дөңгелектегі RESET батырмасын басыңыз, орташа отын шығыны бейнеленген кезде, оны 1 секундтан артық басып тұрыңыз.



oGSR046189

Отынның лездік шығыны (1)

● Бұл режимде көлік құралдарының жылдамдығы 10 км/с артық болған кезде, соңғы бірнеше секунд үшін отынның лездік шығыны бейнеленеді.

Көлік құралдарының орташа жылдамдығы (2)

● Автокөліктің орташа жылдамдығы жүріп өткен толық қашықтық және отын шығыны бойынша, орташа отын үнемділігін соңғы рет түсіруден бастап есептеледі.

● Орташа қозғалыс жылдамдық көрсеткіщін түсіру үшін, рөлдік дөңгелектегі RESET батырмасын басыңыз, қозғалтқыштың орташа жылдамдығы бейнеленген кезде, оны 1 секундтан астам ұстап тұрыңыз.

i Ақпараттар

- **Автокөліктің орташа жылдамдығы, егер жүріп өткен қашықтық 300 метрден кем болса немесе жол жүру ұзақтығы оталдыруды қосқаннан кейін 10 секундтан кем болса бейнеленбейді.**
- **Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, орташа жылдамдықты есептеу, тіпті егер автокөлік орнында тұрса да (мысалы, бағдаршаммен тыйым салынған жерде), жалғасатын болады.**

Жолдағы уақыт (3)

● Жолдағы уақыт — есептегішті соңғы нөлдеуден кейінгі толық жол жүру уақыты.

- Құрылғы: Bluetooth® Wireless Technology интерфейсімен сіздің құрылғыңыздан іздеу кезінде, суретте көрсетілгендей құрылғы атауы шығады
- Құпиясөз: құрылғыны үйіндестіру үшін қолданылатын құпиясөз


③ Bluetooth® Wireless Technology (яғни мобильді телефон) интерфейсімен сіздің құрылғыңыздан іздеуді және автокөлікті борттық аудиожүйесін таңдауды орындаңыз.

❊ SSP: Secure Simple Pairing (қарапайым қауіпсіз түйіндесу)

Қауіпсіз түйіндесуді қуаттамайтын құрылғы:

④ бірнеше уақыттан кейін құпиясөзді енгізу экраны көрсетілетін болады.

Автокөліктің аудиожүйесі бар Bluetooth® Wireless Technology сымсыз интерфейсімен сіздің құрылғыңызды түйіндестіру үшін, «0000» құпиясөзін енгізіңіз-



④ Бірнеше уақыттан кейін алты таңбалы құпиясөзді енгізу экраны көрсетілетін болады.

Bluetooth® Wireless Technology сымсыз интерфейсімен құрылғыдағы құпиясөзді тексеріңіз .


⑤ Түйіндесу аяқталғаннан кейін, келесі экран бейнеленеді.

Кейбір телефондар (мысалы, iPhone®, Android және Blackberry телефондары) әдепкі қалпы бойынша Bluetooth интерфейсі арқылы қосылу үшін барлық болашақ сұраныстарға келісу мүмкіндігін ұсынуы мүмкін.

GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 86

Үйлесімді телефондар тізімімен танысу және Bluetooth сымсыз интерфейсі бар сіздің құрылғыңыздың түйіндесуі туралы қосымша ақпараттар алу үшін, http://www.HYUNDAI .com/#/bluetooth. сайтына кіріңіз.


НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ



Егер *Bluetooth*® Wireless Technology интерфейсі бар құрылғы түйіндессе, бірақ олардың ешбіреуі қосылмаса, әдетдік дөңгелектегі [PHONE] немесе [CALL] батырмаларын басу, келесі экранның бейнеленуіне алып келеді. Жаңа құрылғымен түйіндестіру үшін [Pair] (Байланыстыру) басыңыз немесе бұрын түйіндескен құрылғыны қосу үшін, [Connect] (Қосу) басыңыз.

[ТЕЛЕФОН] баптаулар мәзірі арқылы түйіндестіру

[SETUP] батырмасын басыңыз ▶ [Телефон] таңдаңыз.



Телефонмен түйіндесу

Бұдан кейінгі әрекеттер, алдыңғы беттегі «Түйіндескен құрылғылар жоқ болған кезде» бөлімінде сипатталған әрекеттерге сәйкес келеді.

i Ақпараттар

- **Телефонды түйіндестіру кезіндегі күту кезеңі, бір минутқа созылуы мүмкін. Егер көрсетілген уақытта құрылғыны түйіндестіру орындалмаса, процесс кейінге қалдырылады. Процесс кейінгі қалдырылған жағдайда, оны басынан бастауға тура келеді.**
- **Әдетте, *Bluetooth*® Wireless Technology интерфейсі бар құрылғылардың көпшілігі, түйінесу аяқталғаннан кейін жүйеге автоматты түрде қосылады. Алайда, кейбір құрылғыларды қосу үшін, растау қажет болуы мүмкін. Сіздің телефоныңыздың *Blue- tooth*® Wireless Technology интерфейсі арқылы қосылғанына көз жеткізіңіз.**
- ***Bluetooth*® Wireless Technology интерфейсі арқылы түйіндескен құрылғылар тізімін, [SETUP] (Баптау) [Phone] (Телефон) [Paired Phone List] ▶(Телефондар тізімі) ▶атырмаларын басып қарап шығуға болады.**

Телефондар тізімі
[SETUP] (Баптау)
▸ [Phone] (Телефон) ▸ [Paired Phone list] (Телефондар тізімі) батырмасын басыңыз.

- Қосылған телефон: аталған сәтте қосылған құрылғы.
- Түйіндескен телефон: түйіндескен, бірақ қосылмаған құрылғы.



Құрылғыны қосу

Телефондар тізімінен, сіз қосқыңыз келген құрылғыны таңдаңыз және [Connect] (Қосу) басыңыз (1).



Құрылғыны өшіру

Телефондар тізімінен аталған сәтте қосылған құрылғыны таңдаңыз және [Disconnect] (Өшіру) басыңыз(2).

Құрылғыны жою

Телефондар тізімінен сіздің жойғыңыз келетін құрылғыны таңдаңыз және [Delete] (Жою) басыңыз (3).

Ақпараттар

- **Аталған сәтте қосылған құрылғыны жою кезінде, ол жоюды орындау үшін автоматты түрде өшірілетін болады.**
- ***Bluetooth*® Wireless Technology интерфейсі бар түйіндескен құрылғыны жою кезінде, сонымен қатар шақырулар журналы және байланыс деректері жойылатын болады.**
- **Жойылған құрылғыны қайтадан қолдануды бастау үшін, оны түйіндестіруді қайтадан орындау қажет.**

GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 88

Басымдықты өзгерту

Bluetooth® Wireless Tech - nology интерфейсі арқылы автокөліктің аудиожүйесімен бір мезгілде түйіндесуге бес телефонға дейін енгізіледі. Басымдықты өзгерту функциясы түйіндескен телефондарды баптау үшін қолданылады. Алайда, ең көп басымдыққа соңғы қосылған телефон ие болады.

Телефондар тізімінен жоғары басымдықты беру қажет телефонды таңдаңыз, содан кейін [Change priority] (Басымдықты өзгерту) басыңыз(4). Таңдалған құрылғы жоғары басымдыққа ие болады.

Егер аталған сәтте қосылған құрылғы болса, онда басымдықты басқа құрылғыға орнатқан кезде де, аталған сәтте қосылған құрылғы әрдайым жоғары басымдыққа ие болады.

Телефон мәзірінің экраны




Телефон мәзірі

Құрылғы Bluetooth®, сымсыз интерфейсімен қосылған кезде, телефон мәзірі экранына ауысу үшін, [PHoNE] (Телефон), басыңыз.

- Нөмірді теру: сандық пернетақтасы бар экранға ауысу, оның көмегімен шақырылатын абонент нөмірін теруге болады.
- Шақырулар журналы: шақырулар журналы экранын бейнелеу.
- Байланыс: байланыстар тізімі бар экранды бейнелеу
- Баптау: телефонмен байланысты баптауларды бейнелеу .

i Ақпараттар


- **Егер шақырулар журналының деректері жоқ болған кезде [Шақырулар журналы] басса, шақырулар журналын жүктеуді орындауға ұсынысы бар сұраныс пайда болады.**
- **Егер байланыс деректері жоқ болған кезде, [Байланыстар] басса, телефоннан байланыстарды жүктеуді орындау ұсынысы бар сұраныс пайда болады.**
- **Аталған функция кейбір мобильді телефондарда қуатталмауы мүмкін. Жүктеуді қолдау жөнінде толық ақпарат алу үшін, телефонды пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.**



Нөмірді теру арқылы шақырулар жасау

- Нөмірді теру панелі:

  абонент нөмірін енгізу үшін қолданылады.
- Шақыру: егер нөмір терілген болса, шақыруды жүзеге асырады. Егер нөмір терілмесе, шақырулар журналына ауысады.
- Шақыруды аяқтау: енгізілген телефон нөмірін жояды.
- Жою: енгізілген телефон нөмірінен бір цифрдан жояды.



Шақыруға жауап


Bluetooth® Wireless Technology интерфейсі бар қосылған құрылғыдан шақыруға жауап беру кезінде, келесі экран бейнеленеді:

- Шақырушы абонент: Егер аталған байланыс телефонның телефон кітабында сақталса, шақырушы абонент аты бейнеленеді.
- Шақырушы абоненттің нөмірі: шақырушы абоненттің нөмірі бейнеленеді.
- Жауап беру: кіріс щақыруларын қабылдау.
- Қабылдамау: кіріс шақыруларын қабылдамау.

i Ақпараттар

- **Кіріс шақыруларының қалқыма терезесі бейнеленген кезде, дыбысты жаңғырту режимі функциясының көп бөлігі мен БАПТАУЛАР өшіріледі. Тек қана қоңыраулардың дауыс қаттылығын реттеу жұмыс істейді.**
- **Кейбір мобильді телефондарда нөмір дұрыс бейнеленбеуі мүмкін.**
- **Егер шақыруларға жауап мобильді телефоннан жүзеге асырылатын болса, шақыру режимі автоматты түрде құпия режимге ауысады.**

GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 90



Гарнитура арқылы шақыру уақыты

- Шақыру абоненті: Егер аталған байланыс телефонның телефон кітабында сақталса, шақырушы байланыстың аты бейнеленеді.
- Шақырушы абоненттің телефон нөмірі: шақырушы абонент нөмірі бейнеленеді.
- Шақыру уақыты: шақыру ұзақтығын бейнелейді.
- Шақырудың аяқталуы: шақыруды аяқтайды.
- Құпия режим: жүйені құпия режимге ауыстыру.
- Шығыс дауыс қаттылығы: шақырушы абоненттер үшін дабыс қаттылығын баптау.
- Дыбысты өшіру: микрофонды қосады/өшіреді.

i Ақпараттар

Егер микрофон сөндіріліп тұрса, онда абонент сізді ести алмауы мүмкін.



Шақырулар журналы

Кіріс, шығыс және өткізіліп алынған шақырулар тізілімін бейнелейді.

Шақырулар журналын жүктеу үшін, [Download] (Жүктеу) басыңыз.

- Шақырулар журналы:
  - Соңғы шақырулады бейнелейді (шақырулар журналы).
  - Байланыстардың ішінен біреуін таңдау кезінде шақыру жасайды.
- Жүктеу: шақырулар журналын жүктеу.

i Ақпараттар

- **Шақырулар журналы, соңғы 50 кіріс, шығыс және өткізіп алынған шақырулардан тұрады.**
- **Шақырулар журналын жүктеу кезінде, бұрын сақталған журналдар жойылады**
- **Шақырулар журналында жасырылған абонент нөмірі бар шақырулар сақталмайды.**
- **Байланыстардың бұрын сақталған позициялары, тіпті егер құрылғы өшірілсе және қайта қосылса да сақталады.**
- **Кейбір мобильді телефондардағы жүктеу функциясы қуатталмауы мүмкін. *Bluetooth*® Wireless Technology интерфейсі бар құрылғысының жүктеу функциясын қуаттайтынына көз жеткізіңіз.**



Байланыстар

Сақталған байланыстар тізімі бейнеленеді. Шақырулар журналын жүктеу үшін, [Download] (Жүктеу) басыңыз.

- Байланыстар тізімі:
  - Жүктелген байланыс деректерін бейнелейді.
  - Байланыстардың біреуін таңдау кезінде шақырулар жасайды.
- Жүктеу: жүктелген байланыс деректерін бейнелейді.

Ақпараттар

- **Борттық жүйе байланыстарында 1000 жазбаға дейін жүктеуге болады.**
- **Байланыс деректерін жүктеудің аяқталуына қарай, бұрын сақталған байланыс жзбалары жойылатын болады.**
- **Егер жүктеу функциясы *Bluetooth*® Wireless Technology интерфейсі бар құрылғыда сөндірілген болса жүктеу мүмкін болмайды. Бұдан басқа, осындай құрылғылар жүктеуге әрекеттенген кезде, құрылғыны авторландыруды талап етуі мүмкін. Егер әдеттегі жолмен жүктеуді орындаса, *Bluetooth*® Wireless Technology интерфейсі бар құрылғы баптауларын немесе экранның жай-күйін тексеріңіз.**
- **Нөмірі байланыстарда сақталмаған абоненттер үшін, абонент аты бейнеленбейді.**
- **Кейбір мобильді телефондардағы жүктеу функциясы қуатталмауы мүмкін. *Bluetooth*® Wireless Technology интерфейсі бар құрылғысының жүктеу функциясын қуаттайтынына көз жеткізіңіз**

GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 92

Дауысты айырып тану режимі (бар болса)

Дауысты айырып тану режимі



Дауысты айырып тану режимін қосу

Рөлдік дөңгелектегі перненені басыңыз және жіберіңіз, сосын пәрменді айтыңыз.

Егер дауыстық пәрмендер [Қалыпты режимге] келсе, жүйе дауыстық ескерту көрсетеді
«Өтінеміз, пәрменді айтыңыз (дыбыстық сигнал)».

- Егер дауыстық пәрмендер [Шұғыл режимге] келсе, жүйе тек дыбыстық сигнал береді. ,
- Қалыпты және шұғыл режимдер арасында ауыстыру үшін, [SETUP] (Баптаулар) ▸ [System] (Система) ▸ [Voice Recognition System] (Дауысты айырып тану режимі) батырмаларын басыңыз.

Еркін айырып тану үшін, дауыстық нұсқаулықтан және үнді сигналдан кейін, пәрмендерді айтыңыз.

Ақпараттар
Байланыстар тізімі бар ұсынылған жұмыс әдісі

Байланыстар тізімі бар ұсынылған жұмыс әдісі

1) **Байланыстарды жалғыз аттармен (мысалы: Иван, ана және т.с.с.) сақтамаңдар. Мұның орнына, әрдайым толық аттарды (аты немесе тегі) қолданыңыз. Мысалы, «Папа» орнына «Иван Петров»**
2) **Қысқартуларды (яғни, «л-т.» орнына «лейтенант») немесе «с-т.» орнына «сержант» қолданыңыз)**
3) **Инициалды аббревитураларды («ТҚҚС» орнына «техникалық қызмет көрсету станциясы» қолданыңыз) қолданбаңыз.**
4) **Арнайы таңбаларды (мысалы, @, тасымалдау таңбасы, жұлдызша және т.с.с.) қолданбаңыз.**
5) **Егер ат басқа байланыстарға қатысты біршама дифференциалданған болса, оны кеңейтіңіз (мысалы, «ата» орнына «Степан ата» қолданыңыз).**

Ескерту өткізіп жіберу

Ескерту шығару кезінде,

рөлдік дөңгелектегі батырманы басыңыз және жіберіңіз.

Ескерту дереу аяқталады және дыбыстық сигнал естіледі. Қоңыраудан кейін дауыстық пәрмендерді айтыңыз.

Дауысты айырып тануды қайта қосу

Жүйе ᴜ пәрменін күткен

кезде, рөлдік дөңгелектегі батырманы басыңыз және жіберіңіз.

Пәрмендерді күту режимі, бірден аяқталады және тонды сигнал естіледі. Қоңыраудан кейін, дауыстық пәрменді айтыңыз.

Дауысты айырып тану режимін аяқтау

Дауысты айырып тану режимі белсенді болған кезде, ᴜ басыңыз және рөлдің дөңгелектегі батырманы ұстап тұрыңыз.

- Рөлдік дөңгелектегі кез келген батырманы немесе дауыстық пәрмендерді қолдану кезінде аспаптар панелінегі кез келген батырманы басу, дауыстық пәрмендерді айырып тану режимінің аяқталуына алып келеді.
- Жүйе дауыстық пәрмендерді күту күйінде тұрған кезде, дауыстық пәрмендерді айырып тану режимін аяқтау үшін, «болдырмау» немесе «соңы» деп айту қажт.
- Жүйе дауыстық пәрмендерді күту күйінде тұрған кезде, дауыстық пәрмендерді айырып тану режимін аяқтау үшін, рөлдік дөңгелектегі пернені басыңыз және ұстап тұрыңыз.

i Ақпарат

Дауысты тану және байланыстармен жұмыс бойынша кеңестер

HYUNDAI дауыстарын айырып тану жүйесі кейбір акценттерді немесе сирек аттары айырып тану кезінде қиындықтар сезінуі мүмкін.

Абонентті шақыру үшін дауысты айырып тануды қолдану кезінде, бірқалыпты үнмен сөйлеңіз және сөздерді анық айтыңыз.

Байланыстарды сақтау кезінде дауысты айырып тануды барынша тиімді қолдану үшін, келесі кеңестерді ұстаныңыз: Байланыстарды жалғыз аттармен (мысалы: Иван, ана және т.с.с.) сақтамаңыз. Мұның орнына әрдайым толық аттарды (аты немесе тегі) қолданыңыз.

- **Арнайы таңбаларды ((@, сызықшаны, *, $ және т.с.с.) қолданбаңыз.**
- **Қысқартуларды («л-т.» орнына «лейтенант») және инициалды аббревитураларды («ТҚҚС» орнына «техникалық қызмет көрсету станциясы» қолданыңыз) қолданбаңыз. Атты ол байланыстарда қалай енгізілді, дәл солай айту қажет.**


GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 94

Дауыс шығаратын пәрмендерді айырып тануға мысал

Дауысты айырып тану режимін қосу

батырмасын басыңыз


және жіберіңіз



Дауыстық ескерту өткізіп жіберу


:батырмасын басыңыз

және жіберіңіз



Дауысты айырып тану режимінің аяқталуы

батырмасын басыңыз және ұстап тұрыңыз:



Дауыс шығаратын пәрмендер тізімі

Жалпы пәрмендер

Бұл пәрмендер көптеген әрекеттер кезінде қолданылуы мүмкін.
(Алайда, кейбір пәрмендер белгілі әрекеттер кезінде қолжетімді болмауы мүмкін.)

Пәрмен	Функция
Қосымша көмек	Барлық жүйелерде қолданылуы мүмкін пәндер туралы хабарлайды.
Көмек	Ағымдағы режимде қолданылуы мүмкін пәндер туралы хабарлайды..
Шақыру <Аты>	Телефон кітабында сақталған, «Аты» нөмірін теру мысалы: «Иван шақыруын» айтыңыз.
Телефон	Телефон режимімен басқару командаларын алдын ала анықтайды. Тиісті функцияларды орындау үшін, Атадған пәрмені бергеннен кейін «Шақырулар тарихы», «Байланыстар», «Нөмір теру» айту қажет.
Шақырулар журналы	Шақырулар журналы экранын бейнелеу.
Байланыстар	Телефон кітабынан байланыстар экранын бейнелеу. Аталған пәрмен берілгенннен кейін, нөмірді автоматты шақыру үшін, байланыстарда сақталған атты айту қажет.
Нөмәірді таңдау	Нөмірді теру экранын бейнелеу. Пәрмен берілгеннен кейін, теру қажет нөмірді атау қажет.
Нөмірді қайта теру	Соңғы терілген нөмірді қайта теру.
Радиоқабылдағыш	• Радиоқабылдағышты тыңдаған кезде, бейнеленетін экрандарды келесі тәртіпте ауыстырады. (FM1➞FM2➞FMA➞AM➞AMA) • Әртүрлі режимдерде тыңдау кезінде, радиоқабылдағыштың соңғы экранын бейнелейді.

Команда	Функция
FM	• FM ауқымын тыңдаған кезде, радиоқабылдағыш ағымдағы жай-күйді сақтайды . • әртүрлі режидерде тыңдау кезінде, радиоқабылдағыштың FM ауқымының соңғы экранын бейнелейді.
FM1 (бір FM)	FM1 ауқымының экранын бейнелеу.
FM2 (екі FM)	FM2 ауқымының экранын бейнелеу .
FMA	FMA ауқымының экранын бейнелеу.
AM	AM ауқымының экранын бейнелеу.
AMA	AMA ауқымының экранын бейнелеу.
1~6 FM станциялар	Баптаулары, FM 1~6 алдын ала баптау батырмаларымен алдын ала сақталған, FM радиостанцияларының ойнатылуы.
1~6 AM станциялар	Баптаулары, AM 1~6 алдын ала баптау батырмаларымен алдын ала сақталған, AM радиостанцияларының ойнатылуы.
FM 87.5~108.0	Тиісті жиілігі бар FM радиостанцияларының ойнатылуы.
AM 522~1620	Тиісті жиілігі бар AM радиостанцияларының ойнатылуы.
TA қосу	Жолдағы хабарлау функцияларын (TA) қосу.
TA сөндіру	Жолдағы хабарлау функцияларын (TA) өшіру
Жаңалықтарды қосу	RDS жаңалықтарды бейнелеу функциясын қосу.
Жаңалықтарды сөндіру	RDS жаңалықтарды бейнелеу функциясын сөндіру.

GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 96

Пәрмен	Функция
Деректер тасығыш	Деректер тасығыш режимінде соңғы бейнеленетін экранға ауысу
Play Track 1~30 (1~30 композицияларының ойнатылуы)	Егер музыкалық жинақ-диск жүктелсе, тиісті жолақ ойналатын болады.
Жинақ-диск	Жина-дискіде музыкалардың ойнатылуы.
Search CD (Жинақ-диск бойынша іздеу	Жина-дискінің белгілі жолшығына немесе файлды таңдау экранына ауысу – Музыкалық жинақ дискіні ойнау үшін, жолақтар тізбесі экранына ауысқаннан кейін, тиісті жолақ нөмірін айту қажет. MP3 жинақ-дискісінің файлдарын таңдау экранын ауысу. Содан кейін экранда жаңғырту үшін файл құрылғысын қолмен таңдау қажет.
	USB-құрылғысында музыканың ойнатылуы.
USB-құрылғысында табу	USB-құрылғысында файлдарды таңдау экранына ауысу. Содан кейін, құрылғы экранында жаңғыртуға арналған файлды қолмен таңдау қажет.
iPod	iPod® музыканың ойнатылуы
iPod іздеу	iPod® файлдарды таңдау экранына ауысу. Содан кейін құрылғы экранында жаңғыртуға арналған файлды қолмен таңдау қажет.
Менің музыкам	Менің музыкам папкасында сақталған, музыканың ойнатылуы.
Менің музыкам папкасында табу	Менің музыкам папкасында файлды таңдау экранына ауысу. Содан кейін Содан кейін құрылғы экранында жаңғыртуға арналған файлды қолмен таңдау қажет.

Пәрмен	Функция
AUX (қосымша көз)	Қосылған сыртқы көздерді жаңғырту.
Bluetooth Audio*	Bluetooth® Wireless Technology интерфейсі бар қосылған құрылғыда сақталған композицияларды жаңғырту
Дыбысты өшіру	Радио немесе музыканы ойнату кезінде дыбысты өшіру.
Кешіріңіздер?	Соңғы фразаны қайталау.
Болдырмау (Шығу)	Дыбыстық пәрмендер режимінің аяғы.

* бар болса

GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 97

FM/AM радиоқабылдағыш пәрмендері

Пәрмендер FM/AM радиоқабылдағыш режимінде қолжетімді.

Пәрмен	Функция
1~6 станциясы	Баптаулары, 1~6 алдын ала баптау батырмаларымен алдын ала сақталған радиостанциялардың ойнатылуы
Автоматты сақтау	1~6 алдын ала баптау батырмаларымен ең жақсы қабылдау және сақталған радиостанцияларды автоматты таңдау
1~6 станциясын сақтау	1~6 алдан ала баптаулар батырмаларымен ағымағы радиостанциялар жиілігін сақтайды.
Келесіні іздеу	Келесі қабыладанатын радиостанциялардың ойнатылуы
Алдағыны іздеу	Алдыңғы қабылданған радиостанциялардың ойнатылуы.
Келесі станция	Соңғы тыңдалған, станциядан кейінгі келесі станцияны таңдау. (Мысалы: Егер №3 станциясы тыңдалса, №4 станция таңдалатын болады.)
Алдыңғы станция	Соңғы тыңдалған, станцияға қатысты алдыңғы станцияны таңдау. (Мысалы: Егер №3 станциясы тыңдалса, №2 станция таңдалатын болады.)
Сканерлеу	Ағымдағы ауқымда қабылданған радиостанцияларды сканерлейді және 5 секунд ішінде ойнатылады.
AF қосу	Балама жиілік функциясын қосу.
AF сөндіру	Балама жиілік функциясын сөндіру.
Өңір	«Өңір» функциясын қосу.
Өңірді сөндіру	«Өңір» функциясын сөндіру

Дыбыстық жинақ-дискілерге арнаған пәрмендер

Пәрмендер дыбыстық жинақ-дискілердің күй табақ ойнатқыш режимінде қолжетімді

Пәрмен	Функция
Еркін таңдау	Жинақ-диск жолақтарының еркін тәртіпте ойнатылуы.
Еркін таңдауды сөндіру	Жинақ-диск жолақтарының еркін тәртіпте ойнатылу режимін болдырмау
Қайталау	Ағымдағы жолақты қайта жаңғырту.
Қайталауды сөндіру	Жолақтарды қайта жаңғыртуды болдырмау және олардың кезекті жаңғыртылуына ауысу
Келесі жолақ	Келесі жолақтың ойнатылуы
Алдыңғы жолақ	Алдыңғы жолақтың ойнатылуы
Сканерлеу	10 секунд ішінде жаңғырта отырып, келесіден бастап жолақтарды сканерлеу
1~30 жолық	Талап етілген нөмірі бар жолақтардың ойнатылуы
Жолышқты табу	Жолақтарды таңдау экранына ауысу. Содан кейін оны ойнату үшін тиісті жолақ атауын айту қажет.
Ақпарат	Дисплейде ағымдағы жолақ жөнінде бейнелеу

MP3/USB жинақ-дискісіне арналған пәрмендер

Пәрмендер MP3/USB жинақ-дискілердің ойнатқышы режимінде қолжетімді.

Пәрмен	Функция
Еркін таңдау	Ағымдағы папкалардан алынған композицияларды еркін тәртіпте жаңғырту
Барлығынан еркін таңдауо	Барлық сақталған композияциялардың еркін тәртіпте ойнатылуы
Еркін таңдауды сөндіру	Композицияларды ойнату режимін кездейсоқ тәртіпте болдырмау және композицияларды рет-ретімен ойнатылу режиміне ауысу.
Қайталау	Ағымдағы композицияны қайталау
Папканы қайталау	Ағымдағы папкада барлық композициялардың ойнатылуын қайталау
Айталауды сөндіру	Қайталау режимін болдырмау және композицияларды кезекті ойнату режиміне ауысу.
Келесі композиция	Келесі композицияна ойнату
Өткен композиция	Өткен композицияны ойнату
Сканерлеу	10 секунд ішінде жаңғыртумен, келесіден бастап жолақтарды сканерлеу
Файлды табу	Файдарды таңдау экранына ауысу
Папканы табу	Папкаларды таңдау экранына ауысу
ақпараттар	Дисплейге ағымдағы композицияларды бейнелеу
Көшіру	Ағымдағы композицияны Менің музыкам папкасына көшіру

iPod арналған пәрмендер

Пәрмендер iPod® ойнатқышы режимінде қолжетімді

Пәрмен	Функция
Барлығынан еркін таңдау	Барлық сақталған композициялардың еркін тәртіпте ойнатылуы.
Еркін таңдау	Ағымдағы санатта композицияларды еркін тәртіпте жаңғырту.
ЕРкін таңдауды сөндіру	Композицияларды еркән тәртіпте ойнатылу режимін болдырмау және кезекті ойнатылу режиміне ауысу.
Қайталау	Ағымдағы композицияны қайталау
Қайталауды сөндіру	Қайталау режимін болдырмау және композицияларды кезекті ойнату режиміне ауысу.
Келесі композиция	Келесі композициялардың ойнатылуы:
Өткен композиция	Өткен композициялардың ойнатылуы.
Композицияны табу	Композицияларды таңдау экранын ауысу.
Ақпарат	Дисплейде ағымдағы композициялар жөнінде ақпараттарды бейнелеу

My Music (Менің музыкам) командасы

My Music (Менің музыкам) режимінде қолжетімді.

Пәрмен	Функция
Еркін таңдау	Еркін тәртіпте барлық сақталған композициялардың ойнатылуы
Еркін таңдауды сөндіру	Композицияларды ойнату режимін кездейсоқ тәртіпте болдырмау және композицияларды рет-ретімен ойнатылу режиміне ауысу.
Қайталау	Ағымдағы композицияны қайталау
Қайталауды сөндіру	Қайталау режимін болдырмау және композицияларды кезекті ойнату режиміне ауысу
Келесі композиция	Келесі композициялардың ойнатылуы.
Өткен композиция	Өткен композицияның ойнатылуы
Сканерлеу	10 секунд ішінде жаңғыртумен, келесіден бастап композицияларды сканерлеу
Файлды табу	Файлдарды таңдау экранын ауысу
Ақпарат	Дисплейде ағымдағы композицияларды бейнелеу
Жою	Ағымдағы композицияны жою. Растауға қосымша сұраныс орындалатын болады.
Барлығын жою	Менің музыкам папкасындағы барлық композициялар жойылатын болады. Растауға қосымша сұраныс орындалатын болады.

***Bluetooth*® Wireless Technology интерфейсі арқылы жаңғыртуға арналған пәрмендер (бар болса)**

Пәрмендер Bluetooth® Wireless Technology интерфейсімен мобильді телефоннан ағынды аудионы жаңғырту кезінде қолжетімді.

Пәрмен	Функция
Ойнау	Үзіліске қойылған ағымдағы композицияны жаңғырту
Үзіліс	Ағымдағы композицияны үзіліске қою

GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 100

Баптаулар режимі



Баптауларын экранын бейнелеу үшін, [SETUP] (Баптау) батырмасын басыңыз.

Бұл жерде келесі бөлімдермен байланысты параметрлерді таңдауға және баптауға болады: [Display] (Дисплей), [Sound] (Дыбыс), [Phone] (Телефон) және [System] (Жүйе).

Дисплей мәзірі

[SETUP] батырмасын басыңыз және [Display] (Дисплей) таңдаңыз.

Бұл жерде келесі бөлімдермен байланысты параметрлерді таңдауға және баптауға болады: [Brightness] (Ашықтық), [Pop-up Mode] (Қалқыма мәзір), [Scroll text] (Мәтінді айналдыру) және [Song Info] (Композиция жөнінде ақпараттар).




Ашықтықты реттеу

Дисплей жарықтылығын ретке келтіру және келесі жарықтылық режимдерін таңдау үшін,[солға/оңға] тілшіктерін қолданыңыз: автоматты, күндізгі немесе түнгі.

Баптауларды түсіру үшін, [Default] (Әдепкі қалпы бойынша баптау) басыңыз.

- Автоматты режим: жарықтылықты ретке келтіру автоматты түрде жүргізіледі.
- Күндізгі режим: Жарықтылықтың жоғары деңгейімен қуатталады.
- Түнгі режим: жарықтылықтың төменгі деңгейімен қуатталады.



Қалқыма мәзір

Аталған функция радиоқабылдағыш режиміне немесе тасығыш режиміне ауысу кезінде, қалқыма мәзір экранын бейнелеу үшін қолданылады.

Егер аталған функция қосылып тұрса, [RADIo]([FM]/[AM]) или [MEDIA] батырмаларын басу, дисплейге қалқыма мәзір экранының шығуына алып келеді.

i Ақпарат

Тасығыштың қалқыма терезе режимінің экраны, егер дыбыстық жүйеге екі немесе одан да көп тасығыш қосылған жағдайда ғана бейнеленеді.



Мәтінді айналдыру

Аталған функция, көрсетілген мәтінді бір экранда сыйғызу мүмкін болмаған кезде, дисплейде бейнеленетін мәтіні айналдыру үшін қолданылады.

Функцияны қосқан кезде, мәтін кезеңмен айналатын болады. Функцияны сөндірген кезде, мәтін тек бір рет айналатын болдаы.



Ойналатын MP3 композициясы жөнінде мәліметтер

Аталған функция,
USB режимінде MP3 жинақ-дискісінде бейнеленетін ақпараттарды өзгерту үшін қолданылады.

- Папка, файл: файл мен папка атауларын бейнелеу
- Альбом, шығарманы орындаушы: албомды, орындаушы атауын, шығарманы бейнелеу.

GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 102

Дыбыс мәзірі



[SETUP] және [Sound] (Дыбыс) батырманы басыңыз.

Бұл жерде келесі бөлімдермен байланысты параметрлерді таңдауға және баптауға болады: [Audio Settings] (Дыбысты таңдау), [Speed Dependent Vol.] (SDVC), [Volume Dialogue] (Диалогтың дыбыс деңгейі) және [Touch Screen Beep] (Сенсорлы экран дыбысы.




Дыбысты таңдау

Fader/Balance (Федингі/Ба- ланс) баптауларын ретке келтіру, [жоғары/төмен/ солға/оңға] тілшіктерін қолданыңыз.

Bass/ Middle/Treble (Төмен/Орташа/ Жоғарғы жиілік) ретке келтіру үшін, [солға/оңға] тілшіктерін қолданыңыз.

Баптауларды түсіру үшін, [Default] (Әдепкі қалпы бойынша баптау) басыңыз.




SDVC (автокөлік жылдамдығына байланысты дыбыс деңгейін өзгерту)

Функция қосылып тұрған кезде, дыбыс деңгейі автокөлік жылдамдығына байланысты автоматты түрде реттеледі. SDVC функциясын қосуға немесе сөндіруге болады.



Диалогтың дыбыс деңгейі (бар болса)

Диалогтың дыбыс деңгейін ретке келтіру үшін, [-] және [+] батырмасын қолданыңыз.




Сенсорлы экран дыбысы

Аталған функция, сенсорлы экранға жанасқан кезде, кері байланыстың дыбыстық сигналын қосу/сөндіру үшін қолданылады.

«Телефон» мәзірі


[SETUP] (Баптау) басыңыз және [Phone] (Телефон) таңдаңыз. Бұл жерде келесі бөлімдермен байланысты параметрлерді таңдауға және баптауға болады: [Pair Phone] (Телефонды қосу), [Paired Phone list] (Телефонды қосу), [Phone book Download] (Байланысты жүктеу), [Auto Download] (Автоматты жүктеу), [outgoing Volume] (Шығыс дыбыс деңгейі) және [Bluetooth System off] (Bluetooth сөндіру).



Жаңа құрылғының түйіндесін орындау

Bluetooth® Wireless Technology интерфейсі бар құрылғыны бортты дыбыстық жүйемен түйіндестіруге болады. Анағұрлым толық ақпарат алу үшін, -

Bluetooth® Wireless Technology бөліміндегі «Телефон мәзірі арқылы түйіндесу» қар.



(Телефон тізімі) батырмасын басыңыз.

Аталған функция дыбыстық жүйемен түйіндескен телефондарды қарап шығу үшін қолданылады. Түйіндескен телефонды таңдау үшін, баптаулар мәзірі бейнеленеді.

Анағұрлым ақпаратты алу үшін, Bluetooth® Wireless Technology бөліміндегі «Bluetooth® сымсыз интерфейс бойынша бөлімін қар.

(1) Өткен экранға ауысу.

GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 104

(2) Аталған сәтте таңдалған телефонды қосу/өшіру.

(3) Аталған сәтте таңдалған телефонды жояды.

(4) Аталған сәтте таңдалған телефонға жоғары приоритет орнатады.

Ақпараттар
- Байланыстарды жүктер алдында


- **Байланыстарды жүктеу, қосылған телефондардан ғана мүмкін болады. Сонымен қатар, сіздің телефоныңызбен байланыстардың жүктеу функциясын қуатталатынан көз жеткізу қажет.**
- **Сіздің телефоныңыздың байланыстарды жүктеу функциясын қуаттайтыны жөнінде толығырақ білу үшін, сіздің мобильді телефоныңызды пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.**



Байланыстарды жүктеу

Байланыстар мобильді телефонннан жүктелген кезде, байланыстар саны бейнеленеді.

- Бортты жүйе байланысында 1000 жазбаға дейін жүктеуге болады.
- Әр түйіндескен құрылғы үшін 1000 байланыс жазбасына дейін жүктеуге болады.
- Аталған байланыс деректерін жүктеу аяқталған кезде, бұрын сақталған байланыс жазбалары жойылатын болады. Алайда, байланыс деректері басқа түйіндескен телефондар үшін жойылмайды.



Автоматты жүктеу (байланыстар)


Аталған функция Bluetooth® Wireless Technology интерфейсі арқылы мобильді телефондарды қосқаннан кейін байланыстарды автоматты жүктеу үшін қолданылады


- Байланыстар телефонды әр қосқан сайын автоматты жүктеледі. Жүктеу уақыты, сақталған жазабалар санына және деректермен алмасу күйіне байланысты.
- Байланыстарды жүктеу кезінде, алдымен, сіздің мобильді телефоныңыздың байланыстарды жүктеу функциясын қуаттайтынына көз жеткізу қажет.



Шығыс дыбыс деңгейі

Шығыс дыбыс деңгейін баптау үшін, [-] және [+] қолданыңыз.





Bluetooth жүйесін сөндіру

Bluetooth® Wireless Technology интерфейсін сөндіргеннен кейін, онымен байланысты дыбыстық жүйе функциялары жұмыс істемейді.

Bluetooth® сымсыз интерфейсін қосу үшін, [SETUP] (Баптау) және [Phone] (Телефон) батырмасын басыңыз және «Иә» басыңыз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Bluetooth® Wireless Technology интерфейсі арқылы ағынды аудионы жаңғырту кейбір мобильді телефондарда қуатталмайды.

GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 106

Жүйе мәзірі

[SETUP] (Баптау) батырмасын басыңыз және

[System] (Жүйе) таңдаңыз. Бұл жерде келесі бөлімдермен байланысты параметрлерді таңдауға және баптауға болады: [Memory Information] (Жады), [Voice Recognition System] (Дауысты айырып тану) және [language] (Тіл).



Жады жөнінде ақпараттар

Аталған функция жүйе жады жөнінде ақпараттарды шығарады.

Қолдану: аталған сәтте бос емес көлемді бейнелейді. Сыйымдылығы: жалпы жады саны.


✻ Таңдалған дыбыстық жүйеге байланысты ерекшеленуі мүмкін.



Дауысты айырып тану режимі (бар болса)

Аталған функция талап етілген ескерту нұсқасын таңдау үшін қолданылады: әдеттегі немесе сарапшы

- Әдеттегі: дауысты айырып тануды қолданған кезде осыған ұқсас ескертулер ұсынылады.
- Сарапшы: дауысты айырып тануды қолданған кезде, кейбін ескертулер төмен түседі.



Тіл

Аталған функция жүйе тілі мен дыбыстық командаларды өзгерту үшін қолданылады.

Егер тіл өзгертілсе, жүйе қайта жүктелетін болады, содан кейін таңдалған тіл қолданылатын болады.

- Келесі тілдер қуаталады:

Русский, Dansk, Deutsch, English(UK), Español, Français, Italiano, Nederlands, Polski, Svenska, Türkçe

GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 107

ЭРА-ГЛОНАСС ҚҰРЫЛҒЫСЫ АРҚЫЛЫ ШҰҒЫЛ ШАҚЫРУЛАР ЖАСАУ КЕЗІНДЕГІ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЖҰМЫСЫ (БАР БОЛСА)

ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы арқылы шұғыл шақыруларды жүзеге асыру кезінде, мультимедиялық жүйе жұмысы үзіледі. Мультимедиялық жүйе экранында «SoS» (не болмаса «SoS тесті» —ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысын тексеру режимін белсендіру кезінде) белгісі пайда болады, сонымен қатар динамиктер арқылы шұғыл шақыруларды орындаудың ағымдағы мәртебесі жөнінде дыбыстық хабарлама көрсетіле бастайды.

GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 108

Қосымша

Атауы		Сипаттамасы
12 c		12-САҒАТТЫҚ
24 c		24-САҒАТТЫҚ
AST(A.Store)		АВТОМАТТЫ САҚТАУ
AMA		РАДИО AM (АВТОМАТТЫ САҚТАУ)
FMA		РАДИО FM (АВТОМАТТЫ САҚТАУ)
AUX		Сыртқы көз режимі
BASS		BASS
TREBIE		TREBIE
BT		Bluetooth
PRESET		АЛДЫН АЛА БАПТАЛҒАН РАДИОСТАНЦИЯЛАР
RDS іздеу		Радио-ақпараттар жүйесі бойынша іздеу
TA		Жол хабарламасы
Radio		Радиоқабылдағыш
FM/AM/USB		FM/AM/USB
Max		МАКСИМУМ
Min		минимум
low		Төменгі
Mid		Орташа
on		Қосу
off		Сөнд.
PowerBass		PowerBass
Setting		Баптау
oK		oK
MENU		МӘЗІР
PowerTreble		PowerTreble

Атауы		Сипаттамасы
SDVC		Автокөлік жылдамдығына байланысты дыбыс деңгейін өзгерту
Баптау		Баптау
CURRENT		АҒЫМДАҒЫ
Current/Total		Ағымдағы/жалпы
DEVICE NAME		ҚҰРЫЛҒЫ АТАУЫ
NAME		АТАУЫ
NAME HERE		NAME HERE
NUMBER		НӨМІРІ
PHoNE NAME		ТЕЛЕФОН АТАУЫ
Received Date		Алынған күні
Received Message		Алынған хабарлама
Received Time		Алынған уақыты
TIME		УАҚЫТ
AST		АВТОМАТТЫ САҚТАУ
AM		РАДИО AM
Жинақ-диск		ЖИНАҚ-ДИСК
FM		РАДИО FM (АВТОМАТТЫ САҚТАУ)
I=R		СОЛ = ОҢ
Middle		Ортаңғы
My Music		Менің музыкам
Track		Жолақ, композиция
USB		USB

Атауы		Сипаттамасы
Phone		Телефон
Engineering Mode		Инженерлік режим
SEEK		ІЗДЕУ
Icon		Белгіше

IDA DA104328
стандартына
сәйкес келеді

GSr Rus 4_YF eng 4c-Audio.qxd 21.02.2017 16:39 Страница 110

Сәйкестік декларациясы

CE





CSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 1-бет

Жол жүрер алдында 5-3
Автокөлікке отырмас бұрын 5-3
Қозғалтқышты іске қосар алдында 5-3
Оталдыру ажыратқышы 5-5
Негізгі оталдыру ажыратқышы 5-5
Қозғалтқышты іске қосу/тоқтатубатырмасы..... 5-8
Механикалық беріліс қорабы..... 5-17
Механикалық беріліс қорабын басқару 5-17
Қауіпсіз жүргізу тәсілдері 5-19
Автоматты беріліс қорабы 5-21
Автоматты беріліс қорабын басқару 5-21
Тұраққа қою 5-25
Қауіпсіз жүргізу тәсілдері 5-26
Тежеу жүйесі..... 5-28
Тежегіштер күшейткіші 5-28
Дискілік тежегіштердің тозу индикаторы 5-29
Тұрақ тежегіші..... 5-29
Тежегіштерді бұғаттауға қарсы жүйе (ТБҚЖ)..... 5-31
Электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC). 5-33
Автокөліктің тұрақтандырылуын басқару жүйесі (VSM). 5-36
Еңісте қозғалған кездегі көмек жүйесі (HAC)..... 5-38
Шұғыл тежелу жөнінде ескерту жүйесі (ESS). 5-39
Төмен түсу кезіндегі тежелуді басқару жүйесі (DBC). .5-39
Қауіпсіз жүргізу тәсілдері 5-41
Круиз-бақылау 5-43
Круиз-бақылау жүйесінің жұмысы..... 5-43
Толық жетек (4WD)..... 5-48
Толық жетек жұмысы 5-49
Авариялық жағдайлардағы ескерту шаралары 5-53
Ерекше жүргізу ережелері 5-55
Қауіпті жүргізу жағдайлары 5-55
Автокөліктің шайқалуы..... 5-55
Бірқалыпты бұрылыстар орындау 5-56
Автокөлікті түнгі уақытта жүргізу..... 5-56
Автокөлікті жаңбырда жүргізу..... 5-56
Автокөлікті су басқан жерлерде жүргізу 5-57
Автомагистраль бойымен қозғалу 5-57
Қыс жағдайында жүргізу.....5-58
Қар жән мұз үстінен жүргізу..... 5-58
Қыс кезіндегі сақтық шаралары..... 5-58
Тіркемені сүйрету..... 5-63
Тіркемені сүйрету кезінде..... 5-64
Тіркемені сүйретуге арналған жабдық 5-67
Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу 5-68
Тіркемені сүйрету кезіндегі техникалық қызмет көрсету5-71
Автокөлік массасы 5-72
Артық артылу..... 5-72

CSr Rus 5_I M (FL).qxd 27.03.2017 10:40 2-бет

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Тұншықтырғыш газ (CO) улы болып саналады. Оны жұту естен тануға және өлімге алып келуі мүмкін.
Пайдаланылған түсі мен иісі жоқ және көмірқышқыл газынан тұрады.
Пайдаланылған газдарды жұтпаңыздар.
Салон ішінде пайдаланылған газ иісі пайда болған кезде, дереу терезені ашу керек. Тұншықтырғыш газды жұту естен тануға және тұншығудан өліп кетуге алып келуі мүмкін.

Пайдаланылған жүйеде газдың кемуінің болмауын қадағалаңыз.
Пайдаланылған жүйені майды ауыстыру және басқа да мақсаттар үшін автокөлікті әр көтерген сайын тексеру қажет. Пайдаланылған жүйе жұмысының дыбысы өзгерген кезде немесе автокөліктің төменгі жағы әлдеңеден соғылған жағдайда, HYUNDAI ресми дилерлік орталығында пайдаланылған жүйені мүмкіндігінше тезірек тексеруге болады.
Қозғалтқышты жабық үй-жайларда қосулы күйінде қалдырмаңыз.
Қозғалтқыштың көлікжайдағы бос жүріспен жұмысы, егер тіпті көлікжай есіктері ашық болғанның өзінде қауіп төндіреді. Қозғалтқышты іске қоса отырып, көлікжайдан бірден шығып кеткен жөн.

Автокөлік салонында адамдар болған кезде, қозғалтқыштың бос жүріспен ұзақ уақыт жұмыс істеуін болдырмаңыз.
Автокөлік салонында адамдар болған кезде, қозғалтқыштың бос жүрісте мәжбүрлі ұзаққа созылған жұмысына, тек қана жабық үй-жайлардан тыс жерде ғана рұқсат етіледі. Сонымен бірге ауа ағыны реттегішін таза ауа жіберу күйіне салонға таза ауаның жіберілуін қамтамасыз ету үшін, желдеткіш реттегішін жоғары қуатта орнату қажет.

Ауа жинағыш тесіктердің бітелуіне жол бермеңіз.

Желдету жүйесімен қалыпты жұмысты ұстап тұру үшін, жел әйнегінің алдында орналасқан ауа жинағыш тесіктердің қармен, мұзбен және т.с.с. бітеліп қалмауын қадағалаңыз.

Ашық жүк салғыш қозғалысы қажет болған жағдайда:
Барлық терезелерді жабыңыз.
Аспаптар панелінің ауа жапқыштарын ашыңыз.

Ауа ағыны реттегішін таза ауа жіберу күйінде, ауа ағынын басқару реттегішін «Еден» немесе «Бет» күйінде, ал желдеткіш реттегішін жоғарғы қуат күйінде орнатыңыз.

ЖОЛ ЖҮРУ АЛДЫНДА

Автокөлікке мінбес бұрын

• Барлық терезелер, ішкі айналар мен сыртқы жарық беру құралдары таза және ештеңемен көлегейленбеген болуы тиіс.

• Қырауды, қар немесе мұзды кетіріңіз.

• Шиналардың тозуы мен зақымдануларын қарап шығыңыз.

• Автокөлік астында кему іздерінің жоқ екеніне көз жеткіңіз.

• Артқы жүріспен қозғалар

алдында, автокөлік артында қандай да бір кедергілердің жоқ екеніне

көз жеткіңіз.

Қозғалтқышты іске қосар алдынд

• Капот, жүксалғыш пен есіктердің тығыз жабылып тұрғанына көз жеткіңіз.

• Орындық пен рөлдік дөңгелек күйін ретке келтіріңіз.

• Ішкі айналар мен арт жағындағы ішкі айналардың күйін ретке келтіріңіз.

• Ішкі жарық беру құралдарының жұмысын тексеріңіз.

• Қауіпсіздік белдігін тағыңыз. Барлық жолаушылардың қауіпсіздік белдігін таққанына көз жеткізіңіз.

• Оталдыру кілтін "ON" күйіне бұрыңыз және аспаптар панеліндегі көрсеткіштер мен индикаторларды, сонымен қатар аспаптар комбинациялары дисплейіндегі хабарламаларды тексеріңіз.

• Барлық жүктің орнықты салынғанына немесе бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

АУЫР ЖАРАҚАТТАР НЕМЕСЕ ҚАЗА БОЛУ ықтималдығын төмендету үшін, келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- **Қауіпсіздік белдігін МІНДЕТТІ түрде қолданыңыз. Қозғалыс кезінде барлық жолаушылар тиісінше қауіпсіздік белдігін тағулары керек. Толық ақпараттарды 2-тараудың «Қауіпсіздік белдігі» бөлімінен қар.**
- **Қозғалыс кезінде ешқашан назарды бос ұстамаңыз. Басқа қозғалыс қатысушыларының немесе жаяу жүргіншілердің мұқият болмауын және қателіктер жасауы мүмкін екенін ойлау қажет.**
- **Қозғалыс кезінде үнемі жолға назар аударыңыз. Жүргізушінің алаңдауы апатқа себепші болуы мүмкін.**
- **Келесі алда келе жатқан көлікке дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.**

Ішімдіктен немесе есірткіден мас болған күйде жүргізуге тыйым салынады.

Осындай күйде жүргізу АУЫР ЖАРАҚАТҚА немесе ӨЛІМГЕ себеп болуы мүмкін.

Мас күйінде жүргізу- жыл сайын жолдарда адамдардың опат болуының бірінші себебі. Тіпті ішімдіктің шамалы мөлшері Сіздің рефлексіңізге, жіті жауап қайтаруыңызға және жылдам шешім қабылдауыңызға әсерін тигізеді. Тіпті ішімдіктің бір үлесі жағдайлар мен күтпеген мән-жайлардың өзгеруіне жауап қайтаруды төмендетеді. Жауап қайтару уақыты ішімдіктің әр жаңа үлесімен ұлғая түседі. Есірткі қабылдаған күйінде жүргізу, дәл солай, тіпті мас күйінде жүргізуден анағұрлым қауіпті.

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

Ауыр авариялардың туындау ықтималдығы, егер сіз ішіп алсаңыз немесе есірткі қабылдасаңыз және автокөлік жүргізсеңіз, анағұрлым арта түседі. Егер сіз ішіп алсаңыз немесе есірткі қабылдасаңыз, рөлге отырмаңыз. Ішімдік ішіп алған немесе есірткі қабылдаған жүргізушінің автокөлігіне отырмаңыз. Жауапты жүргізушіге жүгініңіз немесе такси шақырыңыз.

АУЫР ЖАРАҚАТТАНУ немесе ҚАЗА БОЛУ ықтималдығын азайту үшін, келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- **Балаларға немесе автокөлік жүргізе алмайтын тұлғаларға тұтандыру кілтіне немесе қозғалтқышты іске қосумен байланысты басқару элементтеріне жақындауларына ЕШҚАШАН жол бермеңіз.**

Салдарында автокөліктің күтпеген жерден қозғалып кетуі мүмкін.

- **Оталдыру кілтіне немесе басқа басқару органдарына қол жеткізу үшін, қозғалыс кезінде рөл арқылы ЕШҚАШАН қолды созбаңыз. Осындай әрекеттер автокөлікті басқарудан айрылуға және апатқа алып келуі мүмкін.**
-



- **Оталдыру кілтін қозғалыс кезінде, төтенше жағдайларды қоспағанда, LOCK немесе ACC күйіне ЕШҚАШАН ауыстырмаңыз. Бұл қозғалтқыштың, рөлдік дөңгелектің күшейткіші мен тежегіш күшейткіштерінің сөнуіне алып келуі мүмкін.**
- **Бұл басқарудан және тежеу функцияларынан айрылуға алып келуі, апатқа себепші болуы ықтимал.**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Автокөліктен кетпес бұрын, міндетті түрде берілісті 1-ші беріліске (МБАҚ) немесе P күйіне (көлікті қою, АБАҚ/БАҚ бар қосарлы ілінісуі бар көлік құралдарына арналған) орнатыңыз, тежегіш басқысына басыңыз және оталдыру кілтін LOCK күйіне ауыстырыңыз.**
- **Егер осы сақтық шараларын қолданбаса, автокөліктің күтпеген жерден қозғалып кетуі мүмкін.**

CSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 6-бет

Кілтті оталдыру ажыратқышының күйлері

Ажыратқыштың күйі	Әрекеті	Ескертулер
LOCK	Оталдыру ажыратқышын LOCK күйіне бұру үшін, кілтті ACC күйінде басыңыз және оны LOCK бағытында бұрыңыз. Оталдыру кілтін тек LOCK күйінде шығаруға болады. Рөлдік дөңгелек автокөлікті айдап кетуден қорғау үшін (бар болса) бұғатталады (тиісті жиынтықталым кезінде)	
ACC	Электр аспаларын қолдануға болады. Рөлдік дөңгелек бұғаттан шығарылады.	Егер оталдыру ажыратқышын ACC күйіне бұра алмасаңыз, бұғатталған орнықтырғышты босатып рөлдік дөңгелекті оңға немесе солға шайқаңыз және кілтті бұрыңыз.
ON	Бұл кілттің қалыпты жұмыс күйі, онда іске қосылған қозғалтқыш жұмыс істейді. Осы күйде автокөліктің барлық негізгі және қосалқы жүйелері әрекет етеді. Оталдыру ажыратқышын ACC күйінен ON қалпына аудару кезінде, барлық бақылау шамдарын тексеруге болады.	Оталдыру ажыратқышын аккумулятор батареясы қуатының таусылып қалмауы үшін, қозғалтқыш сөніп тұрғанда, ON күйінде қалдырмаңыз.
START	Қозғалтқышты іске қосу үшін, оталдыру ажыратқышын START күйіне бұрыңыз. Жіберілген кілт ON күйіне автоматты оралады.	Иінді білік, кілт түсірілмейінше айналатын болады.

Қозғалтқышты іске қосу

- **Автокөлікті басқару кезінде аяқ киім сәйкес болуы тиіс. автокөлікті биік өкшелі туфли, шаңғы бәтеңкелерінде, сандалилер немесе жағажай тәпішкелерінде және т.б. басқаруға болмайды. Осындай аяқ киімде тежегіш басқысын, газды және ілінісуді басу ыңғайсыз болады.**
- **Акселератор басқысы басылып тұрған кезде, қозғалтқышты іске қосу мүмкін болмайды. Көлік құралы қозғалып кетуі және апат тудыруы мүмкін.**
- **Иінді біліктің айналу жиілігі қалыпқа келгенше күтіңіз. Иінді біліктің жиілігі жоғары болған кезде тежегіш басқысын жіберу, автокөліктің бақыланбайтын қозғалысын тудыруы мүмкін.**

***Б*ензинді қозғалтқышты іске қосу**

Механикалық беріліс қорабы бар автокөлік

1. Тұрақ тежегішінің іске қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Берілісті ауыстыру иінтірегі бейтарап күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Ілінісу және тежегіш басқысын басыңыз.
4. Оталдыру ажыратқышын START күйіне бұрыңыз. Кілтті қозғалтқышты іске қосқанға дейін (10 секундтан аспайтын) ұстап тұрыңыз, содан кейін жіберіңіз.

Автоматты беріліс қорабы бар автокөлік

1. Тұрақ тежегішінің іске қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Селектордың P (Тұраққа қою) күйіне тұрғанына көз жеткізіңіз
3. Тежегіш басқысын басыңыз.
4. Оталдыру ажыратқышын START күйіне бұрыңыз. Кілтті қозғалтқышты іске қосқанға дейін (10 секундтан аспайтын) ұстап тұрыңыз, содан кейін жіберіңіз.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 8-бет

i Ақпараттар

• Бәрінен бұрын, қозғалтқыш қалыпты жұмыс температурасына дейін қызғанша, иінді біліктің бір қалыпты айналу жиілігін ұстап тұру қажет. Қозғалтқыш қызғанға дейін, қарқынды және оқыс үдетілуін болдырмаңыз.

• Қозғалтқышты іске қосу кезінде, міндетті түрде аяқты тежегіш басқысына ұстаңыз. Қозғалтқышты іске қосқанда, акселератор басқысын баспаңыз. Қызған кезде, иінді біліктің айналу жиілігін арттырмаңыз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Автокөлікті зақымдап алмау үшін, келесі ережелерді сақтаңыз.

- Оталдыру кілтін 10с астам START күйінде ұстамаңыз. Қайта іске қосудан бұрын, 5-10с күтіңіз.
- Оталдыру ажыратқышын, қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, START күйінде бұрмаңыз. Бұл стартердің зақымдалуына себепші болуы мүмкін.
- Егер көлік ағыны мен жол жағдайлары мүмкіндік берсе, берілісті ауыстыру иінтірегін, автокөлік тағы қозғалғанша N (бейтарап) күйіне ауыстыру, және қозғалтқышты қайтадан іске қосу үшін, оталдыру ажыратқышын START күйінде бұруыңыз
- Қозғалтқышты сүйретуге немесе автокөлікті итеріп іске қосуға әрекеттенбеңіз.

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы (бар болса)



Алдыңғы есікті ашқан кезде, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасының көмескі жарығы жанады. Есікті жапқаннан кейін ол тағы 30 секундтан кейін көмескі жарық (бар болса) сөнеді.

Төтенше жағдайларда қозғалтқышты тоқтату тәртібі

Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын екі секундтан астам уақыт басып, ұстап тұрыңыз немесе осы батырманы үш рет басыңыз және осы батырманы жіберіңіз. Егер автокөлік тоқтамаса, қозғалтқышты тежегіш басқысын баспай қайта іске қосуға болады. Бұл үшін, берілісті ауыстыру иінтірегін "N" бейтарап күйіне аударуға және қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын басуға болады.

- **Төтенше жағдайлардан басқа, ЕШҚАШАН автокөлік қозғалған кезде, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын баспаңыз. Бұл қозғалтқыштың, рөлдік басқару күшейткішінің және тежегіш күшейткішінің сөндірілуіне және тежеу функциясынан айрылуға алып келеді, бұл авариияға себепші болуы мүмкін.**
- **Автокөліктен кетпес бұрын, берілісті ауыстыру иінтірегін «P» (көлік қою) күйіне міндетті түрде орнатыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз, қозғалтқышты сөндіру үшін, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын OFF режиміне ауыстырыңыз. Кетерде, өзіңізбен бірге электронды кілтті алып кетіңіз. Егер осы сақтық шараларын қолданбаса, автокөлік бақыланбайтын қозғалысты бастауы мүмкін.**

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмаларының жай-күй нұсқалары
- Механикалық беріліс қорабы бар автокөлік

Батырма күйінің нұсқалары	Әрекеті	Ескертпелер
OFF  Жанбай тұр	Қозғалтқышты іске қосу үшін, автокөлікті тоқтатыңыз және қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын басыңыз. Рөлдік дөңгелек автокөлікті айдап кетуден қорғау үшін (тиісті жиынтықталымы болған кезде) бұғатталады.	Егер рөлдік дөңгелек тиісінше бұғатталмаса, жүргізуші есігі ашылған кезде сигналды ызыл беріледі.
ACC  Қызғылт сары индикатор	Оталдыру жүйесі OFF режимінде тұрған кезде, ілінісу басқысын баспай, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын батырмасын басыңыз. Электр аспаптарын қолдануға болады. Рөлдік дөңгелек бұғаттан шығарылатын болады	Егер оталдыру жүйесін ACC күйінде қалдырса, онда 1 сағаттан кейін АКБ қуат көзі оның қуатының таусылуын болдырмау үшін автоматты түрде өшіріледі. Егер рөлдік дөңгелек тиісінше бұғаттан шығарылмаса, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасы әрекет етпейді. Бұғаттау орнықтырғышын босату үшін, рөлдік дөңгелекті оңға және солға бір мезгілде бұрып, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басыңыз.

- Механикалық беріліс қорабы бар автокөлік

Батырма күйінің нұсқалары	Әрекеті	Ескертпелер
ON  Көк индикатор	Ілінісу басқысын баспай, оталдыру жүйесі ACC режимінде тұрған кезде,қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын басыңыз. Қозғалтқышты іске қосар алдында бақылау шамдарын тексеруге болады.	Аккумулятор батареясының таусылуын болдырмау мақсатында, егер қозғалтқыш жұмыс істемей тұрса, оталдыру жүйесін ON күйінде қалдырмаңыз.
START  Жанбай тұр	Қозғалтқышты іске қосу үшін, ілінісу басқысы мен тежегіш басқысын басыңыз, содан кейін қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын басыңыз. Берілісті ауыстыру иінтірегі "N" (Бейтарап) күйінде тұруы тиіс.	Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын тежегіш басқысын баспай басқан кезде, қозғалтқыш қосылмайды. Бұл жағдайда қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басу келесі режимдер арасында кезеңдік ауысуға алып келеді және келесі үлгіде жұмыс істейді: **OFF→ ACC → ON→ OFF немесе ACC**

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмаларының жай-күй нұсқалары
- Автоматты беріліс қорабы бар автокөлік

Батырма күйінің нұсқалары	Әрекеті	Ескертпелер
OFF  :fy,fq n9h	Қозғалтқышты тоқтату үшін, селектор иінтірегін "P" (көлікті қою) күйіне орнатыңыз және қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын басыңыз. Егер селектор иінтірегі P (Көлік қою) басқа, қандай да бір басқа күйде тұрған кезде басса, оталдыру жүйесі OFF режимінде емес, ACC күйіне ауысады. Рөлдік дөңгелек автокөлікті айдап кетуден қорғау үшін (тиісті жинақтау кезінде) бұғатталады.	Егер рөлдік дөңгелек тиісінше бұғатталмаса, жүргізуші есігі ашылған кезде сигналды ызыл беріледі.
ACC  Қызғылт сары индикатор	Оталдыру жүйесі OFF режимінде тұрған кезде, тежегіш басқысын баспай, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басыңыз. Электр аспаптарын қолдануға болады. Рөлдік дөңгелек бұғаттан шығарылатын болады	Егер оталдыру жүйесін ACC күйінде қалдырса, онда 1 сағаттан кейін АКБ қуат көзі оның қуатының таусылуын болдырмау үшін автоматты түрде өшіріледі. Егер рөлдік дөңгелек тиісінше бұғаттан шығарылмаса, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасы әрекет етпейді. Бұғаттау орнықтырғышын босату үшін, рөлдік дөңгелекті оңға және солға бір мезгілде бұрып, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басыңыз.

- Автоматты беріліс қорабы бар автокөлік

Батырма күйінің нұсқалары	Әрекеті	Ескертпелер
ON  Көк индикатор	Оталдыру жүйесі ACC режимінде тұрған кездетежегіш басқысын баспай, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын басыңыз. Қозғалтқышты іске қосар алдында бақылау шамдарын тексеруге болады.	Аккумулятор батареясының таусылуын болдырмау мақсатында, егер қозғалтқыш жұмыс істемей тұрса, оталдыру жүйесін ON күйінде қалдырмаңыз.
START  Жанып тұрған жоқ	Қауіпсіздік мақсатында, тежегіш басқысын басыңыз, Берілісті ауыстыру иінтірегі " N " (Бейтарап) немесе "P" (Көлік қою) күйінде тұруы тиіс. Қауіпсіздік мақсатында, селектор P (Көлік қою) күйінде тұрған кезде қозғалтқышты іске қосыңыз.	Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын тежегіш басқысын баспай басқан кезде, қозғалтқыш қосылмайды. Бұл жағдайда қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басу келесі режимдер арасында кезеңдік ауысуға алып келеді және келесі үлгіде жұмыс істейді: **OFF→ ACC → ON→ OFF немесе ACC**

Қозғалтқышты іске қосу

- **Автокөлікті басқару кезінде аяқ киім сәйкес болуы тиіс. Автокөлікті биік өкшелі туфли, шаңғы бәтеңкелерінде, сандалилер немесе жағажай тәпішкелерінде және т.б. басқаруға болмайды. Осындай аяқ киіммен тежегіш, акселератор және ілінісу басқысын басу ыңғайсыз.**
- **Акселератор басқысы басылып тұрған кезде, қозғалтқышты іске қосу мүмкін болмайды. Автокөлік қозғалып кетуі және апат тудыруы мүмкін.**
- **Иінді біліктің айналу жиілігі қалыпқа келгенше күтіңіз. Иінді біліктің жиілігі жоғары болған кезде тежегіш басқысын жіберу автокөліктің бақыланбайтын қозғалысын тудыру мүмкін.**

Ақпараттар

- **Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату кезінде, соңғысы, электронды кілт автокөлікті болған кезде ғана іске қосылады.**
- **Егер электронды кілт автокөлікте, алайда жүргізушіден алыс жерде болса, қозғалтқыш іске қосылмайды.**
- **Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын, есікті ашылған кезінде, ACC немесе ON режиміне ауыстырса, жүйе электронды кілтті іздеуді бастайды. Егер электронды кілт автокөлікте болмаса, онда " " индикаторы жыпылықтай бастайды және "Key not in vehicle" (Кілт машинада емес) сигналды хабарламасы бейнеленеді. Егер бұл ретте барлық есіктер жабық болса, онда 5 секунд ішінде дыбыстық сигнал берілетін болады. Оталдыру жүйесі ACC режимінде тұрған кезде немесе қозғалтқыш іске қосылғанда электронды кілт автокөлік ішінде тұруы тиіс.**

Бензинді қозғалтқышты іске қосу

Механикалық беріліс қорабы бар автокөлік

1. Электронды кілтті Әрдайым өзіңізбен бірге ұстаңыз.
2. Тұрақ тежегішінің қосулы тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Берілісті ауыстыру иінтірегі бейтарап күйде тұруы тиіс.
4. Ілінісу және тежегіш басқысын басыңыз.
5. Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын басыңыз.

Автоматты беріліс қорабы бар автокөлік

1. Электронды кілтті Әрдайым өзіңізбен бірге ұстаңыз.
2. Тұрақ тежегішінің қосулы тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Селектор иінтірегін P (Тұраққа қою) күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
4. Тежегіш басқысын басыңыз.
5. Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын басыңыз.

Ақпараттар

- **Бәрінен бұрын, қозғалтқыш қалыпты жұмыс температурасына дейін қызғанша, иінді біліктің бір қалыпты айналу жиілігін ұстап тұру қажет. Қозғалтқыш қызғанға дейін, қарқынды және оқыс үдетілуін болдырмаңыз.**
- **Қозғалтқышты іске қосу кезінде, міндетті түрде аяқты тежегіш басқысына ұстаңыз. Қозғалтқышты іске қосқанда, акселератор басқысын баспаңыз. Қызған кезде, иінді біліктің айналу жиілігін арттырмаңыз.**

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Автокөлікті зақымдап алмау үшін, келесі ережелерді сақтаңыз.

- Егер қозғалтқыш қозғалыс кезінде өздігінен тоқтаса, селектор иінтірегін P (тұраққа қою) күйіне ауыстыруға әрекеттенбеңіз.
- Егер көлік ағыны мен жол жағдайлары мүмкіндік берсе, берілісті ауыстыру иінтірегін автокөлік әлі инерция бойынша қозғалып тұрғанша N (бейтарап) күйіне ауыстырыңыз және қозғалтқышты қайта іске қосуға әрекеттену үшін, қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын басыңыз
- Қозғалтқышты сүйретуге немесе автокөлікті итеріп іске қосуға әрекеттенбеңіз.


НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Автокөлік жүйесін зақымдап алмау үшін:

Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын тоқтату-сигналы сақтандырғышы жанып кеткен жағдайларды қоспағанда, басылған күйінде 10с астам ұстап тұрмаңыз.

Осы сақтандырғыш күйіп кеткен жағдайда, қозғалтқышты әдеттегідей іске қосу мүмкін емес. Сақтандырғышты ауыстырыңыз. Егер мүмкіндік болмаса, онда қозғалтқышты қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын ACC күйіне 10с ішінде басып және ұстап тұрып іске қосуға болады.

Кез келген жағдайда, қауіпсіздік мақсатында, қозғалтқышты іске қосу кезінде, тежегіш және/немесе ілінісу басқысын міндетті түрде басыңыз.



Ақпараттар

Егер аккумулятор батареясының қуаты таусылса немесе электронды кілт қалыпты жұмыс істемесе, қозғалтқышты қозғалтқышты іске қосу және тоқтату батырмасын басып және электронды кілтті жоғарыдағы суретте келтірілген бағытта бұрып іске қосуға болады

МЕХАНИКАЛЫҚ БЕРІЛІС ҚОРАБЫ (БАР БОЛСА)



⇨ Берілісті ауыстыру иінтірегін аудару (1) батырманы басу арқылы мүмкін болады

➡ Берілісті ауыстыру иінтірегін аудару үшін, (1) батырманы басу қажет.

OGC054021

Механикалық беріліс қорабын басқару

Механикалық беріліс қорабының алдыңғы 6 жүрісі бар. Трансмиссия алдыңғы жүрістің барлық берілістерінде толықтай синхрондалған, сондықтан да ауыстыру, жоғары, сондай-ақ төменгі берілісте оңай жүзеге асырылады.

Автокөліктен кетпес бұрын, берілісті ауыстыру иінтірегін, 1-ші беріліс күйіне (егер автокөлік көтерілуде тоқтатылса) немесе артқы жүріс (егер автокөлік түскен кезде тоқтатылса) күйіне ауыстырыңыз. Тұрақ тежегішін іске қосыңыз және оталдыру ажыратқышын LOCK/OFF күйіне ауыстырыңыз. Егер осы сақтық шараларын қолданбаса, автокөліктің бақыланбайтын қозғалысы басталуы мүмкін.

Артқы жүріс берілісін "R" қосу үшін, автокөлікті толықтай тоқтату қажет. Содан кейін берілісті ауыстыру иінтірегін 1-ші беріліс алдымен бейтарап күйге, содан кейін ғана артқы жүріс "R" (артқы жүріс) күйіне ауыстырыңыз.
Егер автокөлік толықтай тоқтаса, онда иінтіректі 1-ші беріліске немесе артқы жүріс берілісіне "R" ауыстыру қиын болады.

1. Берілісті ауыстыру қорабын бейтарап күйге ауыстырыңыз және ілінісу басқысын басыңыз.
2. Ілінісу басқысын басыңыз және берілісті ауыстыру иінтірегін бірінші беріліс немесе артқы жүріс (R) күйіне ауыстырыңыз.

i Ақпараттар

Суық күн райында ауыстырып-қосу беріліс қорабының майы қызғанша қиындатылуы мүмкін.

CSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 18-бет

Ілінісуді қолдану

Ілінісу басқысы келесі жағдайларда тірелгенше басылып тұруы тиіс.

- Қозғалтқышты іске қосу

  Ілінісу басқысы басылып тұрғанда, қозғалтқыш іске қосылады.

- Берілісті қосу, жоғарылатылған немесе төмендетілген беріліске ауысу.

  Ілінісу басқысын баяу жіберу қажет. Ілінісу басқысын қозғалыс кезінде қажет болмаған кезде баспау қажет.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Шамадан тыс тозу мен ілінісудің зақымдалуын жою үшін келесі ережелерді сақтау қажет:

- **Қозғалыс кезінде, аяқты ілінісу басқысында ұстамаңыз**.
- Автокөлікті бағдаршамның рұқсат беретін сигналын күтуде және т.с.с. ілінісу көмегімен еңіс жерде ұстауға әрекеттенбеңіздер.
- Шуылдың пайда болуын және ілінісудің зақымдалуын болдырмау үшін, ілінісу басқысын әрдайым тірелгенше басыңыз.
- 2-ші беріліспен қозғалысты тек тайғанақ жолда ғана бастауға болады.

Төмен берілісте ауыстыру

Көлік құралдары тығыз болғанда немесе тік беткеймен қозғалған кезде-қозғалтқыштың артық жүктелуін болдырмау үшін, бәсеңдету үшін төмендетілген беріліске ауыстырыңыз. Төмен беріліске ауысу, қозғалтқыштың өздігінен тоқтау ықтималдығын қысқартады.

Бұдан басқа, қажет болғанда төмендетілген жылдамдықта үдетуге жылдамырақ ауысуға болады.

Беткеймен төмен қозғалу кезінде, қозғалтқышты тежеу есебінен қауіпсіз жылдамдықты ұстап тұруға мүмкіндік береді. Бұл ретте, тежеуіш жүйе азырақ тозады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Қозғалтқыштың, ілінісу мен трансмиссияның зақымдалуын болдырмау үшін, төменде атап көрсетілген ережелерді сақтаңыздар:

• 5-шіден 4-ші беріліске ауысу кезінде, иінтіректі аулақ жылжытып, 2-ші берілісті кездейсоқ қосып алмау үшін мұқият болыңыз. Төмен беріліске оқыс ауысу, қозғалтқыш айналымының қатерлі деңгейіне (тахометрдің қызыл аймағы) көтерілуіне алып келуі мүмкін. қозғалтқыштың зақымдалу қаупі туындайды.

● Бір операция үшін екеуден асатын беріліске ауыспаңыз және егер бұл қозғалтқыштың рұқсат етілген айналымынан асып кетуіне алып келетін болса (5000 айн/мин және одан астам) төмендетілген берілісті қоспаңыз. Төмендетілген берісте осында жағдайда ауыстыру, қозғалтқыштың, ілінісу жалғастырғышының мен беріліс қорабының зақымдалуына себеп болуы мүмкін.

Қауіпсіз жүргізу тәсілдері

• Ешбір жағдайда,беріліс қорабы бейтарап күйде тұрған кезде «домалатып» еңіске қарай қозғалмаңыз. Бұл аса қауіпті

• Тек тежегішті ғана қолданбаңыз. Бұл тежеуіш жүйенің және онымен байланысты компоненттердің қызып кетуіне және істен шығуына алып келуі мүмкін. Еңіске қарай ұзақ қозғалған кезде, жылдамдықты азайтыңыз және төмендетілген беріліске ауысыңыз. Қозғалтқышпен тежелу, қозғалысты бәсеңдетуі мүмкін

• Анағұрлым төмен беріліске ауысу алдында, жылдамдықты азайтыңыз. Бұл оның зақымдалуына алып келуі мүмкін қозғалтқыш айналымының шектен тыс артуын болдырмауға мүмкіндік береді.

• Бүйірден жел соққан кезде, жылдамдықты түсіріңіз. Бұл автокөліктің басқаралуын жақсартуға мүмкіндік береді.

• Трансмиссияны зақымдамау үшін, артқы жүрісті "R" қосар алдында, міндетті түрде автокөлікті толық тоқтатыңыз

• Тайғанақ жолмен қозғалыс кезінде өте абай болыңыз. Әсіресе тежеу, үдету және берілісті ауыстыру кезінде мұқият болыңыз. Тайғанақ жолда жылдамдықты оқыс өзгерту кезінде, жетекші дөңгелектердің жолмен жоғалуы және автокөлік басқарылуын жоғалтады. Салдары авариға алып келуі мүмкін.

Тайғанақ жолда қозғалтқышпен оқыс тежелуді (анағұрлым төмен беріліске ауысу) қолданбау қажет. Сонымен бірге көлік құралы сырғып кетуі және авариға себепші болуы мүмкін.

АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУ немесе ҚАЗА БОЛУ қаупін төмендетуге мүмкіндік беретін сақтық шаралары:


- **Қауіпсіздік белдігін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ қолданыңыз. Қақтығысқан жағдайда, белдікті тағынбаған жолаушы мен жүргізушінің ауыр жарақат алу және қаза болу ықтималдығы анағұрлым жоғары.**
- **Бұрылыстарда немесе айналған кезде қауіпсіз жылдамдықты арттырмаңыз.**
- **Рөлдік дөңгелекпен оқыс қозғалыстарға жол бермеңіз, мысалы, сызықтарды ауыстырғанда немесе жылдам, кілт айналу кезінде.**
- **Жылдам автожолдарда басқарудан айрылған кезде, аударылу қаупі біршама жоғары.**
- **Басқарудан айрылу, көбінесе екі немесе одан да көп дөңгелектердің жолдан шығып кеткен кезінде, жүргізуші рөлдік дөңгелектің жолға қайта оралуы үшін, оқыс артқа бұрған кезде орын алады**

(жалғасын қар)

(жалғасы)

- **Егер автокөлік жолдан шығып кетсе, рөлдік дөңгелекпен оқыс қозғалыстар жасамаңыз. Мұның орнына, алдымен жылдамдықты түсіріңіз, содан кейін ғана қозғалыс жолағына оралыңыз.**
- **HYUNDAI жол белгілерімен көрсетілген жылдамдық шектеулерін сақтауды ұсынады.**

АВТОМАТТТЫ БЕРІЛІС ҚОРАБЫ (БАР БОЛСА)



Тежегеш басқысын қысыңыз, беріліс ауыстыру батырмасын басыңыз және иінтіректі ауыстырыңыз.

Берілісті ауыстыру батырмасын басыңыз және иінтіректі аударыңыз.

Селектор иінтірегін шектеусіз аударуға болады.

OGC054002

Автоматты беріліс қоарбын басқару

Автоматты трансмиссияда алты алдыңғы жүріс және бір-артқы жүріс берілісі бар.

Берілістерді таңдау, D режимінде қозғалған кезде автоматты түрде жүзеге асырылады.

CSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 22-бет

Төменде ауыр жарақаттану немесе қаза болуы қаупін төмендетуге мүмкіндік беретін сақтық шаралары атап көрсетілген.

- **Алдыңғы жүрісті «D» немесе артқы жүрісті «R» режимін қосар алдында, МІНДЕТТІ ТҮРДЕ автокөлік алдында немесе артында адамдардың, әсіресе балалардың жоқ екеніне көз жеткіңіз.**
- **Автокөліктен кетпес бұрын, селектор иінтірегін «P» (көлік қою) күйіне міндетті түрде ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз және оталдыру ажыратқышын LOCK немесе OFF күйіне бұрыңыз. Егер осы сақтық шараларын қолданбаса, автокөліктің бақыланбайтын қозғалысы басталуы мүмкін.**
- **Берілісті қолмен белсенді ауыстыру режимі кезінде, тайғанақ жолда қозғалтқышпен оқыс тежелмеу (аз жоғары беріліске ауысу) қажет. Бұл сырғып кету және авариярға себеп болуы мүмкін.**

Селектор иінтірегінің күйі

Аспаптар комбинациясындағы индикаторлар оталдыру жүйесі ON күйі кезінде, селектор иінтірегінің күйін бейнелейді

P (Тұраққа қою)

"P" (тұраққа қою) режимін ауыстыру, тек автокөлік тоқтағаннан кейін ғана орындалады.

Иінтіректі «P» (тұраққа қою) күйінен шығарар алдында, тежегіш басқысын қатты басу қажет. Акселератор басқысынан аяқты алу қажет.

Егер жоғарыда көрсетілген әрекеттерді орындағаннан кейін, иінтіректі P (тұраққа қою) күйінен шығару әлі де мүмкін болмаса, осы тараудың «Берілісті ауыстыруды бұғаттан шешу» нұсқауларын басшылыққа алыңыз.

Қозғалтқышты тоқтатар алдында, селектор иінтірегі "P" (тұраққа қою) күйінде тұруы тиіс

- **Қозғалыс кезінде селектор иінтірегін «P» (көлік қою) күйіне ауыстыру, автокөлікті басқарудан айрылуға алып келуі мүмкін.**
- **Автокөлікті тоқтатқаннан кейін, селектор иінтірегін міндетті түрде «P» (көлік қою) күйіне ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз және қозғалтқышты тоқтатыңыз.**
- **«P» (көлік қою) күйін тұрақ тежегішімен бірге қолданбаңыз.**

R (Артқы жүріс)

Осы күйді автокөлікпен артқы жүріспен қозғалған кезде қолданыңыз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Артқы жүрісті қосар немесе сөндірер алдында, автокөлікті міндетті түрде тоқтатыңыз. Селектор иінтірегін R (артқы жүріс) күйіне ауыстыру трансмиссияны зақымдауы мүмкін

N (Бейтарап)

Дөңгелектер мен трансмиссия бөлектенген.

Бейтарап күйді "N" сөніп қалған қозғалтқышты қайта іске қосу үшін немесе жұмыс істеп тұрған қозғалтқышты тоқтату үшін қолдануға болады. Автокөліктен кету кезінде, тұраққа қою "P" күйін қосқан жөн.


Бейтарап күйден ("N") кез келген басқа күйге ауысқан кезде, ілінісу басқысын міндетті түрде басыңыз

Тежегіш басқысын аяғына дейін баспай, берілісті қоспаңыз. Қозғалтқыш жоғары айналымда болған кезде берілісті ауыстыру, автокөліктің өте оқыс қозғалуына алып келуі мүмкін. Бұл автокөлікті басқарудан айрылуға алып келуі мүмкін. Соның салдарынан адамдарды немесе қандай да бір заттарды басып кетуі мүмкін

D (Қозғалыс)

Бұл қозғалыс кезіндегі қалыпты күй. Беріліс қорабында 6 сатыдан тұратын бірізділік шегінде автоматты ауысу орын алады.

Берілістерді таңдау, қозғалтқыштың қуаты жоғары болған кезде отынның барынша үнемділігін қамтамасыз етеді. Басып озу немесе көтерілу үшін қозғалу кезінде қосымша қуат алу үшін, акселератор басқысын қатты басыңыз. Беріліс қорабында бір немесе бірнеше (беріліс жағдайына байланысты) автоматты ауысу орын алады.



Берілісті қолмен ауыстыру режимі

Берілісті қолмен ауыстыру режимін белсендіру үшін, селектор иінтірегін D (Қозғалыс) күйінен қолмен ауыстыру секторына ауыстыру қажет. D (Қозғалыс) режиміне қайтару үшін, иінтіректі негізгі секторға қайтарыңыз.

Қолмен ауыстыру режимінде, иінтіректі алға және артқа жылжыта отырып, нақты жағдайлар үшін тиімді беріліс ауқымдарын таңдауға мүмкіндік береді

+ (жоғары) келесі жоғары беріліске ауысу үшін, иінтіректі алға бірнеше рет итеріңіз.

- (төмен) Келесі төмендетілген беріліске ауысу үшін, иінтіректі бірнеше рет артқа тартыңыз.

i Ақпараттар

- **Жалпы алғанда алты алдыңғы жүрісті беріліс көзделген. Артқы жүріспен қозғалу немесе автокөлікті қою үшін, селектор иінтірегін, "R" (артқы жүріс) немесе "P" (тұраққа қою) күйіне, жағдайға байланысты ауыстырыңыз.**
- **Автокөлікті бәсеңдеткен кезде төмендетілген беріліске ауысу автоматты түрде болады. Автокөлікті тоқтатқан кезде, 1-ші беріліс автоматты түрде қосылады**
- **Қозғалтқыш өте қиын айналымға жеткен кезде (қызыл аймақ), анағұрлым жоғары беріліске ауысу автоматты түрде болады.**
- **Селектор иінтірегін + (жоғары) немесе - (төмен) күйге ауыстырған кезде, талап етілген беріліс қосылмауы (егер таңдалған беріліс қозғалыстың жоғары рұқсат етілген айналымына алып келетін болса) мүмкін**
- **Жүргізуші берілісті жол жағдайларына сәйкес ауыстыруы және қозғалтқыш айналымы тахометр бойынша қызыл аймаққа дейін жетпеуін қадағалауы қажет.**
- **Тайғанақ жолда қозғалу кезінде, селектор иінтірегін алға + (жоғары) күйге итеріңіз. Бұл қорапта тайғанақ жолда бірқалыпты қозғалу үшін анағұрлым жарамды 2-ші беріліс қосылады. 1-ші беріліске қайта ауысу үшін, селектор иінтірегін – (төмен) жаққа тартыңыз.**
- **Берілісті қолмен ауыстыру режимінде қозғалу кезінде, төмендетілген беріліске ауысу үшін, қозғалысты бәсеңдету қажет. Егер қозғалтқыш айналымы рұқсат етілген ауқым шегінен тыс болса, төмендетілген беріліске ауыспауы мүмкін.**

Берілісті ауыстыруды бұғаттау жүйесі

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, беріліс қорабы берілісті ауыстыруды бұғаттау жүйесімен жабдықталған, ол трансмиссияны тежегіш басқысын баспай, "P" (тұраққа қою) күйінен "R" (атқы жүріс) күйіне ауыстыруды болдырмайды.

Төменде берілісті ауыстыру қорабының "P"(тұраққа қою) күйінен "R" (артқы жүріс) күйіне ауыстыру тәртібі сипатталған:

1. Тежегіш басқысын басыңыз және ұстап тұрыңыз.
2. Қозғалтқышты іске қосыңыз немесе оталдыру ажыратқышын "ON" күйіне ауыстырыңыз.
3. Селектор иінтірегін қажетті күйге ауыстырыңыз.

Берілісті ауыстыру бұғатын шешу

Егер берілісті ауыстыру иінтірегін "P" (тұраққа қою) күйінен "R" (артқы жүріс) күйіне тежегіш басқысы басылып тұрған кезде жылжыту мүмкін болмаса, тежегіш басқысын жібермей, келесі операцияларды орындаңыз:



1. Оталдыру ажыратқышын LOCK немесе OFF күйіне ауыстырыңыз
2. Тұрақ тежегішін іске қосыңыз.
3. Берілісті ауыстыру бұғатын шешу батырмасын басыңыз.
4. Берілісті ауыстыру бұғатын шешу батырмасы басылған кезде, селектор иінтірегін қажетті күйге ауыстырыңыз.
5. Берілісті ауыстыру бұғатын шешу батырмасын жіберіңіз.
6. Тежегіш басқысын басыңыз және қозғалтқышты іске қосыңыз.

Егер берілісті ауыстыру үшін берілісті ауыстыру бұғатын шешу батырмасын қолдануға тура келетін болса, автокөлікті тексеру үшін көп кешіктірмей HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Тұраққа қою

автокөлікті міндетті түрде толықтай тоқтаңыздар және тежегіш басқысын басылған күйінде ұстап тұрыңыз. Селектор иінтірегін "P" (тұраққа қою) күйіне ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз және оталдыру ажыратқышын LOCK немесе OFF күйіне бұрыңыз. Автокөліктен кетіп бара жатқанда, өзіңізбен бірге кілтті алып кетіңіз.

- **Қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған автокөлікте отырып, акселератор басқысын тым ұзақ баспаңыз. Бұл қозғалтқыш пен пайдаланылған жүйенің қызып кетуіне немесе пайдаланылған жүйенің ақырында жанып кетуіне алып келуі мүмкін.**
- **Пайдаланылған газдар мен сыртқа шығару жүйесінің элементтері жоғары температураға дейін қызып кетеді. Сыртқы шығаратын жүйе компоненттеріне жақындамаңыз.**
- **Автокөлікті жеңіл тұтанатын материалдардың үстінде аялдамалар немесе тұрақтарға тоқтатпаңыз, мысалы, құрғақ шөп қағаз немесе жыпырақтар . Осындай материалдардың жануы, өрт тудыруы мүмкін.**
-

CSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 26-бет

Қауіпсіз жүргізу тәсілдері

• Берілісті ауыстыру иінтірегін "P" (тұраққа қою) немесе "N" (бейтарап) күйінен кез келген басқа күйге, егер акселератор басқысы басылса, аудармаңыз.

• Қозғалыс кезінде селектор иінтірегін "P" (тұраққа қою) күйіне аудармаңыз.

• Артқы "R" немесе алдыңғы "D" жүріс берілісін қоспас бұрын, автокөліктің толық тоқтағанын күтіңіз

• Селектор интірегін

R (Артқы жүріс) немесе D (Қозғалыс) күйіне ауыстырудан бұрын, автокөлікті толықтай тоқтатыңыз.

• Автокөлік қозғалған кезде, селектор иінтірегін "N" күйге ауыстырыңыз. Бұл қозғалтқышпен тежелу әсерінің жоғалуынан аварияға алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, беріліс қорабы зақымдалуы мүмкін

• Қозғалыс кезінде аяқты тежегіш басқысына ұстамаңыз. Тежегіш басқысын, тіпті елеусіз, алайда үнемі басу, тежегіштің қызып етуіне, тозуына және істен шығуына алып келуі мүмкін

• Автокөліктен шығарда тұрақ тежегішін міндетті түрде іске қосыңыз. Тұрақ тежегішінің орнына «P» (тұраққа қою) режиміне қосылған бұғаттау жүйесін қолданбаңыз.

• Тайғанақ жолда қозғалу кезінде өте абай болыңыз. Тежелу, үдету және берілісті ауыстыру кезінде өте мұқият болыңыз. Тайғанақ жолда жылдамдықты оқыс өзгерту кезінде, жетекті дөңгелектердің жолмен ілінісуі жоғалуы және автокөлік басқарудан айрылуы мүмкін. Салдары авариға алып келуі мүмкін.

• Автокөліктің тиімді сипаттамалары мен үнемділігі акселератор басқысының бірқалыпты іске қосылған кезде қол жеткізіледі

АУЫР ЖАРАҚАТТАР алу немесе ҚАЗА БОЛУ қаупін төмендетуге мүмкіндік беретін сақтық шаралары:

- **Қауіпсіздік белдігін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ қолданыңыз. Қақтығысқан жағдайда, белдікті тағынбаған жолаушы мен жүргізушінің ауыр жарақат алу және қаза болу ықтималдығы анағұрлым жоғары.**
- **Бұрылыстарда немесе айналған кезде қауіпсіз жылдамдықты арттырмаңыз.**
- **Рөлдік дөңгелекпен оқыс қозғалыстарға жол бермеңіз, мысалы, қайта ауыстырғанда кілт айналу кезінде**
- **Жоғары жылдамдықта басқарудан айрылу кезінде, аударылу қаупі айтарлықтай өседі.**
- **Басқарудан айрылу, көбінесе екі немесе одан да көп дөңгелектердің жолдан шығып кеткен кезінде, жүргізуші рөлдік дөңгелекті жолға қайтару үшін, бұрышқа артық бұрған кезде орын алады**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Егер автокөлік жолдан шығып кетсе, рөлдік дөңгелекпен оқыс қозғалыстар жасамаңыз. мұның орнына, алдымен жылдамдықты түсіріңіз, содан кейін ғана жүруге оралыңыз.**
- **HYUNDAI жол белгілерімен көрсетілген жылдамдық шектеулерін сақтауды ұсынады.**

CSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 28-бет

ТЕЖЕУІШ ЖҮЙЕ

Тежегіш күшейткіші

Сіздің автокөлігіңіз күшейткіші бар тежегіштермен жабдықталған. Қалыпты пайдалану барысында тежегіш механизмдерін реттеу, автоматты түрде жүзеге асырылады. Қозғалтқыш тоқтаған кезде, тежегіштер күшейткіші әрекет етпейді. Автокөлікті тоқтату әлі де болса мүмкін, бірақ бұл үшін тежегіш басқысын қатты басу қажет. Тежеуіш жол тежегіш күшейткішіне қарағанда, ұзындау түседі.

Егер қозғалтқыш тоқтатылса, онда тежегіш күшейткішінің қоры тежегіш басқысын әр басқан сайын біртіндеп азаяды. Егер тежегіштер күшейткіші әрекет етпесе, тежегіш басқысын тербемеңіз. Тежегіш басқысын тербеуді мақсатқа сай тайғанақ жол бетінде автокөлікті басқаруын сақтау үшін ғана қолдану қажет.

Келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- **Қозғалыс кезінде, аяқты тежегіш басқысында ұстамаңыз. Бұл тежегіштердің қызып кетуіне, тежегіш қаптамалары мен қалыптарының шамадан тыс тозуына және тежеуіш жолдың ұлғаюына алып келеді.**
- **Ұзақ еңісте қозғалу кезінде, селектор иінтірегін берілісті қолмен ауысу режиміне аударыңыз және тежеуіш жүйесін артқы қолданбай жылдамдықтың арттырылуын ұстап тұру үшін, төмендетілген беріске ауыстырыңыз.**
- **Тежегіштердің үнемі іске қосылуы оның қызып кетуі және бұл тежеуіш жүйе тиімділігінің нашарлауына себеп болуы мүмкін. (жалғасын қар.)**

(жалғасы)

- **Тежегіштердің су болуы, автокөліктің бәсеңдеу тиімділігіне кері әсерін тигізуі мүмкін; сонымен қатар автокөлік бір жағына ауыр кетуі мүмкін. Жеңіл тежелу, тежеуіш жүйе тиімділігі төмендеді ме, соны анықтауға мүмкіндік береді. Тежегішті, осылайша, терең сумен қозғалған кезде міндетті түрде тексеріңіз. Тежегішті кептіру үшін, жеңіл тежелуді бірнеше рет орындап, оларды қыздырыңыз. Тежегіштердің жұмысқа жарамдылығы толық қалпына келтірілгенше, қауіпсіз жылдамдықты сақтаңыз. Жылдамдықты тежегіштердің жұмысы тиісті шамаға дейін қалпына келмейінше арттырмаңыз.**

Дискілік тежегіштердің тозу индикаторы

Егер тежегіш қалыптар тозса, жаңа қалыптар қажет болса, алдыңғы немесе артқы тежегіштерден жоғары ескерту дыбысы естіледі. Дыбысына қарай, бұл дыбыстың пайда болғанын және жоғалғанын анықтауға болады немесе ол тежегіш басқысы басылған кезде әрдайым пайда болады.

Кейбір жүргізу жағдайлары немесе белгілі қозғалыс режимдерінде тежегіштердің шықылдауының, ақауы жоқ тежегіш механизмдерінде (мысалы, бастапқы тежелу кезінде немесе жеңіл тежелген кезде) туындауы мүмкін екенін ойға алыңыз.


Бұл қалыпты жағдай, ол тежеуіш жүйенің ақаулығын көрсетпейді.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Тежеуіш жүйенің қымбат тұратын жөндеуін болдырмау мақсатында автокөлікті шамадан тыс тозған тежегіш қалыптармен пайдаланбаңыз.

i Ақпараттар

Тежегіш қалыптар тек алдыңғы және артқы осьтер үшін арналған жиынтығымен ғана ауыстырылады




Тұрақ тежегішін іске қосу

Автокөліктен шықпас бұрын тұрақ тежігішін міндетті түрде іске қосыңыз.
Тежегіш басқысын қатты басыңыз.
Тұрақ тежегішінің иінтірегін барынша жоғары тартыңыз.

АУЫР ЖАРАҚАТТАНУ немесе ҚАЗА БОЛУ қаупін төмендету үшін, автокөлік қозғалған кезде тұрақ тежегішін қолданбаңыз. Бұл тежеуіш жүйенің зақымдалуына және апатттарға алып келуі мүмкін

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 30-бет



Тұрақ тежегішін жіберу

Тұрақ тежегішін жіберу үшін, келесі операцияларлы орындаңыз.

Тежегіш басқысын қатты басыңыз. Бұғаттан шығару (1) батырмасын басып сәл көтеріңіз, содан кейін тұрақ тежегішінің иінтірегін (2) басыңыз.

- **Автокөліктен шықпас бұрын, тұрақта автокөлікті міндетті түрде толықтай тоқтатыңыз және тежегіш басқыны ұстап тұруды жалғастырыңыз. Берілісті ауыстыру иінтірегін механикалық беріліс қорабы бар автокөлікте 1-ші беріліс күйіне немесе автоматты беріліс қорабы бар автокөлікте P (көлік қою) күйіне ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз және отлдыру ажыратқышын LOCK/OFF күйіне аударыңыз. Егер тұрақ тежегіші жеткілікті шамада іске қосылмаса, автокөліктің бақыланбайтын қозғалысы басталуы мүмкін, бұл жүргізушінің немесе оның айналасындағылардың жарақаттануына алып келеді.**
- **ЕШБІР ЖАҒДАЙДА, автокөлікті басқара алмайтын тұлғаларға тұрақ тежегішінің иінтірегіне жақындауына жол бермеңіз. Тұрақ тежегішін абайсызда сөндіру, ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.**
- **Тұрақ тежегішін жіберген кезде, тежегіш басқысын қатты басу және ұстап тұру қажет.**

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Тұрақ тежегіші қосылып тұрған кезде, акселератор басқысын баспаңыз. Тұрақ тежегіші қосылып тұрғанда, акселератор басқысын басқан кезде дыбыстық дабылдама іске қосылады. Тұрақ тежегіші зақымдалуы мүмкін.
- Қосылған тұрақ тежегішімен жол жүрген кезде, тежеуіш жүйенің қызып кетуі мүмкін, бұл тежегіш бөлшектерінің тозуына және зақымдалуына алып келеді. Қозғалыс басталар алдында, тұрақ тежегішінің түсіріліп тұрғанына және тиісті бақылау шамының жанбай тұрғанына көз жеткізіңіз.



Оталдыру ажыратқышын ON (қозғалтқышты іске қоспай) күйіне бұрыңыз және тұрақ тежегішінің бақылау шамының жанып тұрғанын бақылаңыз.

Егер тұрақ тежегіші іске қосылса, бұл шам оталдыру ажыратқышы START және ON күйлерінде тұрған кезде жануы тиіс.

Қозғалыс басталар алдында, тұрақ тежегішінің түсірілгеніне, ал тиісті бақылау шамының жанбай тұрғанына көз жеткізіңіз.

Егер тұрақ тежегішінің бақылау шамы қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, тұрақ тежегішін жібергеннен кейін сөнбесе, онда тежеуіш жүйеде ақаулықтар болуы ықтимал. Осындай жағдай мұқият назар аударуды талап етеді.

Егер мүмкін болса, қозғалысты дереу тоқтатыңыз. Егер бұл мүмкін болмаса, автокөлікті, оны қауіпсіз тоқтатуға болатын жерге, біршама абайлап жеткізіңіз.

Бұғаттауға қарсы тежегіштер жүйесі (БҚТЖ)

Бұғаттауға қарсы тежегіштер жүйесі (БҚТЖ) және электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC), қозғалыс кезіндегі сәтсіз немесе қауіпті қимылдармен байланысты апаттардың алдын алмайды. Төтенше тежелу кезінде автокөлікпен басқарудың жақсарғанына иек артпаңыз, әрдайым, келесі алда келе жатқан көлікке дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз. Шұғыл жол жағдайларында автокөлік жылдамдығын міндетті түрде төмендету қажет.

АБС немесе ESC жүйесімен жабдықталған автокөлікердің тежеу жолы, төменде атап көрсетілген жағдайларда, осы жүйелері жоқ автокөліктерге қарағанда ұзынырақ болуы мүмкін

Келесі жағдайларда жылдамдықты түсіріңіз.

- **Тегіс емес жолда, қиыршықты беттерде немесе қар басқан жолдарда қозғалған кезде.**

(жалғасын қар.)

жалғасы)

- **Ойықтары немесе шұңқырлары бар немесе жол беті биіктігі әртүрлі жолмен қозғалған кезде**
- **Егер автокөлік сырғуға қарсы шынжырмен жабдықталса.**

Жоғары жылдамдықта немесе оқыс бұрылыстарда, АБС немесе ESC жабдықталған автокөліктердің қауіпсіздік сипаттамаларын тексеруге тырыспаңыз. Бұл жүргізушінің өзіне немесе айналасындағылар үшін қауіпті.

БҚТЖ – бұл тежелу кезіндегі сырғуды болдырмауға көмектесетін электронды тежелу жүйесі. БҚТЖ жүйесі қарқынды тежелу кезінде рөлдік жүйе тиімділігінің сақталу қамтамасыз етеді.

CSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 33-бет

БҚТЖ қолдану

Шұғыл жағдайларда БҚТЖ барынша пайдалы қолдану үшін, тежегіш басқысындағы күшті өзгертіп және тежегіш басқысын тербелтіп, тежегіш күшін түрлендіруге әрекеттенбеңіз. Тежегіш басқысын мүмкіндігінше қаттырақ басыңыз

Егер тежеу, дөңгелектерді бұғаттау шегінде орындалса, тежеуіш жүйе тежегіш басқысының дірілімен ілесетін ерекше дыбыс шығаруы мүмкін. Бұл БҚТЖ қалыпты жұмыс белгісі.

БҚТЖ тоқтату уақыты мен тежеу жолын қысқартпайды.

Алдағы келесі автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықты әрдайым сақтаңыз.

БҚТЖ жүйесі қозғалыс бағыты кенет өзгерген кезде туындайтын сырғуды болдырмайды, мысалы тым жылдам бұрылғанда немесе қозғалыс жолақтары кенет ауысқан кезде. Жол және ауа райы жағдайларын ескере отырып, әрдайым қауіпсіз жылдамдықты таңдаңыз.

БҚТЖ курстық тұрақтылықтың жоғалуының алдын алмайды. Оқыс тежеу кезінде, рөлдік жүйені абайлап қолдану қажет. Рөлдік дөңгелектің оқыс бұрылуы автокөліктің қарсы қозғалыс жолағына тап болуына немесе жол шегінен шығып кетуге алып келуі мүмкін.

Қатты емес немесе тегіс емес жол бетіндегі бұғаттауға қарсы тежегіш жүйесінің жұмысы, осы жүйемен жабдықталмаған автокөлікпен салыстырғанда, тежеу жолы ұзындау болуы мүмкін.

Оталдыру жүйесін ON режиміне ауыстырғаннан кейін, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасының көмегімен

Бұғаттауға қарсы тежегіштер жүйесінің бақылау шамы ((ABS)) бірнеше секунд жанады.

Егер бақылау шамы әрі қарай жанатын болса, БҚТ жүйесінде ақаулық болуы

мүмкін. Бұл жағдайда, автокөлікті тексеру үшін, мүмкіндігінше тезірек HYUNDAI ресми дилерлік орталығына жүгіну ұсынылады.

БҚЖ бақылау шамының тұрақты жануы ((ABS)) осы жүйенің ақауығын көрсетеді. Тежегіштер күшейткіші қалыпты жұмыс істейді. Апат салдарынан ауыр жарақаттану мен қаза болу ықтималдығын төмендету үшін, автокөлікті тексеру үшін, мүмкіндігінше тезірек HYUNDAI ресми дилерлік орталығына жүгіну ұсынылады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Дөңгелектердің ілінісуі төмен жол бойымен қозғалған кезде, (мысалы, мұз басқан жолда) үнемі тежегішті қолдануға тура келетін кезде, БҚЖ тежегіштерінің жиі іске қосылуымен үздіксіз жұмыс істейтін болады. Бұл ретте, БҚЖ ( ) (ABS) бақылау шамы жануы мүмкін. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және қозғалтқышты сөндіріңіз.

Қозғалтқышты қайтадан іске қосыңыз. Егер БҚЖ бақылау шамы сөнсе, онда бұғаттауға қарсы жүйе бұзылмаған. Олай болмаған жағдайда, АБС ақаулықтар болуы ықтимал.

Бұл жағдайда, автокөлікті тексеру үшін мүмкіндігінше тезірек HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Ақпараттар

Қозғалтқышты сыртқы қуат беру көзінен іске қосу кезінде, АКБ қуатының таусылуы салдарынан БҚЖ бақылау шамы ((ABS)) жануы мүмкін. Бұл АКБ төмен кернеуінен болуы мүмкін. Бұл АКБ ақаулы екенін көрсетпейді. АКБ автокөлікпен жол жүрер алдында қуаттаңыз. Бұл АКБ кернеуінің төмен болуынан болады.

Электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC)


OGSR056012

Электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) автокөліктің бұрылыстардағы тұрақтылығын сақтауға ықпалын тигізеді.

ESC жүйесі, рөлдік жүйемен берілген бағыт пен нақты қозғалыс бағытын салыстырады. ESC жүйесі дөңгелекті тежегіш механизмдерін ішінара іске қосады және жүргізушіге таңдап алынған қозғалыс траториясын сақтауға көмектесе отырып, қозғалтқышпен басқару жүйесіне араласады. Осы жүйенің болуы, қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтау қажеттілігінің күшін жоймайды.

Ешбір жағдайда, нақты жол жағдайларында жылдамдықты асырмаңыз, сонымен бірге кілт бұрылыстарда тым жылдам қозғалмаңыз. ESC жүйесі апаттардың алдын алмайды.

Бұрылыстарда жылдамдықты арттыру, оқыс әрекеттер мен дымқыл жолдардағы аква жоспарлау ауыр жол-көлік оқиғаларына себеп болуы мүмкін.

Жол жағдайларын ескере отырып, қозғалыс жылдамдығы мен жүргізу сипатын түзетіңіз.

CSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 34-бет

ESC жүйесінің жұмысы

ESC жүйесін белсендіру жағдайы

Оталдыру кілтін ON күйіне ауыстырған кезде, ESC және ESC OFF шамамен 3 секунд) индикаторы жанады. ESC жүйесі екі индиктор сөнгеннен кейін белсендіріледі.

Іске қосылу

ESC жүйесінің іске қосылуы, төменде сипатталған жағдайларда ESC индикаторының жыпылықтауымен бірге жүреді:

- Егер тежеу дөңгелектерді бұғаттау шегінде орындалса, тежеуіш жүйесі тежегіш басқысының дірілімен ілесетін ерекше дыбыс шығаруы мүмкін. Бұл ESC жүйесінің қалыпты жұмыс белгісі.
- ESC белсенді жүйесінде, белгілі жағдайларда қозғалтқыш акселератор басқысының басылуына жауап қайтармайды

• ESC жүйесін қосу, ол бар болған кезде криуз-бақылаудың сөнуіне алып келеді. Қолайлы жол жағдайлары қалыптасқан кезде, криуз-бақылау қайта қосылады. Осы тараудың «Круиз-бақылау жүйесі» бөлімін (бар болса) қар.

• Батпақтан жерден шығуға әрекеттенген кезде немесе тайғанақ жолда қозғалған кезде, қозғалтқыш тіпті акселератордың басқысын қатты басқан кезде де ағымдағы айналымын сақтайды. Бұл курстық тұрақтылықты және шиналардың жолмен тиісінше ілінісуін ұстап тұру үшін қажет автокөлік дөңгелегін жолмен ілінісуін ұстап тұру қажет және қалыптан ауытқу болып табылмайды.

ESC жүйесін өшіру жағдайлары

ESC жүйесінің жұмысын болдырмау:

OFF

● 1-жағдай

· Аспаптар комбинациясының дисплейі



OLF054439RU

ESC OFF батырмасын қысқа мерзімде басыңыз. ESC OFF индикаторы жанады және тиісті хабарлама (аспаптар комбинациялар дисплейі бар автокөлікте) пайда болады. Бұл жағдайда, ESC ауырлық күшін бақылау функциясы қозғалтқышты басқару) әрекетсіздендіріледі, алайда ESC тежеуіш жүйесін бақылау функциясы (тежеуді басқару) белсенді болып қалады.

● 2-жағдай

· Аспаптар комбинациясының дисплейі



OTLE055030RU

ESC OFF батырмасын басыңыз және оны 3 секундтан кем емес ұстап тұрыңыз. ESC OFF индикаторы жанады, тиісті хабарлама аспаптар комбинациялар (дисплейі бар автокөлікте) пайда болады. Бұл жағдайда, ESC ауырлық күшін бақылау функциясы қозғалтқышты басқару) әрекетсіздендіріледі.

Егер ESC жүйесі сөндіріліп тұрған кезде, оталдыру ажыратқышын LOCK (OFF) күйіне бұрса, ESC жүйесі сөндірілген күйінде қалады. Қозғалтқышты кезекті іске қосқан кезде, ESC жүйесі автоматты түрде қайта қосылады.

Индикаторы

■ ESC индикаторы (жыпылық т а й д ы)



■ ESC OFF индикаторы (жанып тұ р)



Егер ESC жүйесі қалыпты жұмыс істесе, онда оталдыру ажыратқышын ON күйіне ауыстырған кезде, ESC индикаторы жанады және бірнеше уақыттан соң жыпылықтайды.

ESC жүйесі іске қосылған кезде, ESC индикаторы жыпылықтай бастайды.

Егер ESC индикаторы сөнсе, ESC жүйесінде ақаулықтар болуы мүмкін. Бақылау шамын қосқан кезде, қысқа мерзім ішінде автокөлікті тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

ESC OFF индикаторы ESC жүйесін батырмамен сөндірген кезде жанады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Егер автокөлікте әртүрлі өлшемдегі дөңгелектер немесе шиналар орнатылса,

ESC индикаторының жыпылықтауы ESC жүйесінің белсенді жұмысын көрсетеді.

Абайлап қозғалыңыз және ЕШБІР ЖАҒДАЙДА жылдамдықты арттырмаңыз. ESC индикаторы жыпылықтаған кезде, ESC OFF батырмасын баспаңыз. Бұл автокөлікті басқарудан айрылуға және салдары апатқа алып келуі мүмкін.

ESC жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Шиналарды ауыстыру кезінде, барлық төрт шина мен барлық төрт дөңгелекті дискілер бірдей өлшемде болуын қадағалаңыз. Ешбір жағдайда әртүрлі өлшемдегі шиналар және/немесе дөңгелек дискілері орнатылған автокөлікпен жолға шықпаңыз.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 36-бет

ESC жүйесін өшіру функциясын қолдану

Қозғалыс кезінде

ESC жүйесін ұзаққа, тек дөңгелектердің айналу моментін ұстап тұрып өшіру қажет, егер ол қарда немесе батпақта тұрып қалса, автокөлікті шығаруды оңайлатады.

ESC жүйесін қозғалыс кезінде өшіру үшін, жолдың көлденең учаскесінде ESC OFF батырмасын басыңыз

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Беріліс қорабын зақымдап алмау үшін келесі ережелерді сақтаңыз:

- ESC, АБС жүйелерінің бақылау шамдары мен тұрақ тежегішін белсендіру үшін, бір көпірдегі бір немесе екі дөңгелектің шамадан тыс сүйретілуіне жол бермеңіз. Осы жағдайда талап етілетін жөндеу автокөлікке берілетін кепілдікпен жабылмайды.
- Егер осы бақылау шамдары жанса, қозғалтқыш айналымын түсіріңіз және бір немесе екі дөңгелектің шамадан тыс сүйретілуіне жол бермеңіз.
- Динамометрлік стендіде автокөлікті тексеру кезінде, ESC жүйесін өшіру қажет ("ESCOFF" бақылау шамы жанып тұруы тиіс).

Ақпараттар

ESC жүйесін сөндіру БҚЖ және тежеуіш жүйесінің жұмысына әсер етпейді.

Автокөліктің тұрақтандырылуын басқару жүйесі (VSM) (бар болса)

Автокөліктің тұрақтандырылуын басқару жүйесі (VSM) электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) функцияларының бірі болып саналады. Бұл жүйе оқыс үдету немесе дымқыл, тегіс емес жолдарда автокөліктің тұрақтылығының сақталуына ықпалын тигізеді, оған шинаның жолмен ілінісуі бірден және болжап болмайтындай өзгереді.

Автокөліктің тұрақтандырылуын басқару жүйесін (VSM) қолдану кезінде, келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- **Келесі алда келе жатқан автокөліктерге дейінгі ара қашықтықты ӘРДАЙЫМ бақылаңыз. VSM жүйесінің болуы қауіпсіз жүру ережелерін сақтауды жоймайды.**
- **Нашар жолдарда ешқашан тым жылдам қозғалмаңыз. VSM жүйесі апаттардың алдын алмайды. Нашар күн райында, тайғанақ немесе тегіс емес жолдарда жылдамдықты арттыру, ауыр жол-көлік оқиғаларына себепші болуы мүмкін.**

VSM жүйесінің жұмысы

VSM жүйесінің белсендіру жағдайлары

VSM жүйесі келесі жағдайларда белсендіріледі:

- Электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) қосылған.
- Автокөлік 15 км/с (9 миль/с) астам жылдақдықпен бұралаң жол бойымен қозғалған кезде.
- Тежелу кезіндегі автокөліктің жылдамдығы тегіс емес жолда 20 км/с (12 миль/с) асады.

Іске қосылған кезде

Еер тежелу ESC жүйесін белсендіруге тән жағдайларда орындалатын болса, тежеуіш жүйе тежегіш басқысының дірілімен бірге ілесетін ерекше дыбыс шығаруы мүмкін. Бұл VSM жүйесінің қалыпты жұмыс белгілері.

i Ақпараттар

VSM жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді:

- **Көтерілу немесе түсу кезіндегі қозғалыс**
- **Артқы жүріспен қозғалу.**
- **Егер "ESC OFF" индикаторы жанып тұрса.**
- **Егер рөлдік басқарудың электр күшейткіштің (EPS) бақылау шамы жанса немесе жыпылықтаса**

VSM жүйесін өшіру жағдайлары

VSM жүйесінің жұмысын болдырмау үшін, ESC OFF батырмасын басыңыз. ESC OFF ( ) индикаторы жанады.

VSM жүйесін қосу үшін, ESC OFF батырмасын тағы бір рет басыңыз. ESC OFF индикаторы сөнеді.

Егер ESC ( ) немесе EPS ( ) бақылау шамы сөнбесе, бұл VSM жүйесіндегі ақаулықтарды көрсетеді. Егер бақылау шамы жанса, қысқа мерзімде автокөлікті тексеру үшін, HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгіну ұсынылады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Егер автокөлікте әртүрлі өлшемдегі дөңгелектер немесе шиналар орнатылса, ESC жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Шиналарды ауыстыру кезінде, барлық төрт шина мен барлық төрт дөңгелекті дискілер бірдей өлшемде болуын қадағалаңыз. Ешбір жағдайда әртүрлі өлшемдегі шиналар және/немесе дөңгелек дискілері орнатылған автокөлікпен жолға шықпаңыз.

Еңісте қозғалған кезде көмек жүйесі (HAC)

Тік беткейде толық тоқтағаннан кейін қозғалысты қалпына келтіру кезінде, автокөлік акселератор басқысындағы тежегіш басқысынан аяқты ауыстырған кезде артқа сырғып кетуі мүмкін. HAC жүйесі 2 секунд ішінде тежеуіш жүйені автоматты басқару есебінен домалап кетуді болдырмайды. Акселератор басқысын басқан кезде, тежегіш автоматты түрде әрекетсіздендіріледі.

HAC жүйесі 2 секунд ішінде ғана жұмыс істейді. Сондықтан толық тоқтағаннан кейін көтерілу үшін акселератор басқысын міндетті түрде басу қажет.

Ақпараттар

- **HAC жүйесі, егер селектор берілісі "P" (көлікті қою) немесе "N"(бейтарап) күйінде тұрған кезде жұмыс істемейді.**
- **HAC жүйесі тіпті электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESC) сөндіріліп тұрған кезде де іске қосылады. Алайда, егер ESC жүйесі тиісінше әрекет етпесе, ол қосылмайды.**

Шұғыл тежелу туралы ескерту жүйесі (ESS)

Шұғыл тежелу туралы ескерту жүйесі артта ілесіп келе жатқан көлік құралдарының жүргізушілерін тоқтату-сигналын жыпылықтау арқылы оқыс, қарқынды тежелу туралы хабарлайды. – Автокөлік кенет тоқтайды. (Теріс үдету бастапқы қозғалыс жылдамдығы е 55 км/с (34 мили/с) жоғары болған кезде 7 м/с^2 артады

- БҚЖ белсендірілді.

Егер қозғалыс жылдамдығы, БҚЖ әрекетсіздендірілгеннен кейін және шұғыл тежелу тоқтатылғаннан кейін, 40 км/с (25 миль/с) төмендесе, жарық авариялық дабылдама автоматты түрде жанады.

Жарық дабыл бергіші толық тоқтағаннан кейін, 10 км/с (6 миль/с) дейін көтерілген кезде өшіріледі. Сол сияқты қозғалыс белгілі уақыт ішінде аз жылдамдықпен қозғалса, жарық дабыл бергіші жалғасады. Жүргізуші батырманы басып, жарық авариялық дабыл бергішті қолмен сөндіре алады.

Ақпараттар

Шұғыл тежелу туралы ескерту жүйесі (ESS), егер жарық дабыл бергіші әлдеқашан қосылса, әрекет етпейді.

Түсу үшін тежелуді басқару жүйесі (DBC)


OGSR056013

Түсу кезінде тежелуді басқару жүйесі (DBC) тежегіш басқыны баспай құламалы еңістe жарамды жылдамдықты ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Жүргізуші рөлдік басқаруға зейін қою үшін, жүйе автокөлікті 8 км/с (5 миль/с) жылдамдыққа дейін бәсеңдетеді.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 40-бет

Әдеттегі жолда қозғалған кезде, DBC жүйесін міндетті түрде өшіріңіз. DBC жүйесі дайындық режимінен абайсызда шыға алады және жылдамдық оқыс өзгерген кезде немесе кілт бұрылыста белсендіріледі.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Оталдыру ажыратқышын ON күйіне ауыстырған кезде, система DBC жүйесі әдепкі қалпы бойынша белсенді емес күйде тұрады.
- Активация системы DBC жүйесін белсендіру тежеуіш жүйе тарапынан шуылмен немесе дірілмен қоса ілееді.
- DBC жүйесі іске қосылған кезде, тоқтату-сигналы жанады.

DBC жүйесінің жұмысы

Режимі	Индикаторы	Сипаттамасы
Дайындық режимі	 Жанады	Автокөлік жылдамдығы 40 км/с (25 миль/с) кем қозғалған кезде DBC жүйесінің батырмасын басыңыз. DBC жүйесі қосылады және кезекшілік режиміне көшеді Егер қозғалыс жылдамдығы 40 км/с (25 миль/с) асатын болса, жүйе қосылмайды.
Белсендірілген	 Жыпылықтайды	Дайындық режимінде тұрып, автокөлік құламалы еңісте 35 км/с (22 миль/с) кемқозғалған кезде, DBC жүйесі автоматты түрде қосылады.
Уақытша әрекетсізденділген	 Жанады	DBC белсенді жүйесі, келесі жағдайларда уақытша әрекетсіздендіріледі: • Жол еңісі жеткілікті тік емес. • Тежегіш немесе акселератор басқысы басылған. Жоғарыда атап көрсетілген жағдайлар болмаған кезде, DBC жүйесі автоматты түрде қайта белсендіріледі
OFF	 Жанбайды	DBC жүйесі келесі жағдайларда өшіріледі. • DBC батырмасы қайта басылған. • Автокөлік жылдамдығы 60 км/с (38 миль/с) асады.

DBC жүйесінің сары (янтарлы) индикаторының қосылуы қызып кетуді немесе жүйенің ақаулықтарын көрсетеді. Егер бақылау шамы DBC жүйесін салқындатқаннан кейін жанатын болса, қысқа мерзімде автокөлікті тексеру үшін, HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгіну ұсынылады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Құламалы еңісте DBC жүйесі тіпті тежегіш немесе акселератор басқысы басылған кезде де өшіріледі.
- 3-ші немесе анағұрлым жоғары берілісте (механикалық беріліс қорабы бар автокөлік) қозғалған кезде, DBC жүйесін қоспаңыз. DBC жүйесі іске қосылған кезде, қозғалтқыш өздігінен тоқтатылуы мүмкін.
- DBC жүйесі келесі жағдайларда іске қосылмайды:
  - Селектор иінтірегі P (Тұраққа қою) күйінде тұрғанда.
  - ESC жүйесі белсенді.

Қауіпсіз тежеу тәсілдері

Автокөліктен кетпес бұрын, міндетті түрде автокөлікті тоқтатыңыз және тежегіші басқысын ұстап тұруды жалғастырыңыз. Селектор иінтірегін, P (Көлік қою) күйіне аударыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз және оталдыру жүйесін қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасымен OFF режиміне аударыңыз.

Тұрақта қалдырылған және тұрақ тежегішімен белгілеп алынбаған (немесе толық көлемде белгілеп алынбаған) автокөлік, өздігінен домалап кетуі және жүргізушіге немесе басқа тұлғаға жарақат келтіруі мүмкін. Автокөліктен шықпас бұрын, тұрақ тежегішін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ іске қосыңыз.

CSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 42-бет

- Дымқыл тежегіштер қауіп төндіреді! Ақпайтын суда қозғалған кезде немесе автокөлікті жуған кезде, тежегіштер су болып қалуы мүмкін. Тежегіштері дымқыл автокөлік жеткілікті түрде жылдам тоқтай алмайды. Тежегіш дымқыл болған кезде автокөлік бір жағына қарай бұрылып кетуі мүмкін.
- Тежегішті құрғату үшін, олардың қалыпты әрекет күйіне келгенше, сонымен бірге автокөлікке үнемі бақылауды сақтай отырып ақырын тежеңіз. Егер тежегіштердің қалыпты әрекет күйіне келтірілмесе, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгініңіз.
- Қозғалыс кезінде аяғыңызды тежегіш басқысында ұстамаңыз. Тежегіш басқысын тіпті елеусіз, алайда үнемі басу, тежегіштің қызып кетуіне, тозуына және істен шығуына алып келуі мүмкін.


Қозғалыс кезінде дөңгелек шинасы жарылған кезде, автокөлікті бәсеңдету кезінде тік ұстауға тырыса отырып тежеңіз. Жылдамдық біршама төмендеген кезде, жолдан бұрыңыз және қауіпсіз жерге тоқтаңыз.
Автокөлікті тоқтатқаннан кейін, автокөліктің тербелуін болдырмау үшін, аяғыңызды тежегіш басқысында мықтап ұстаңыз.

- Еңісте тоқтаған кезде, сақ болыңыз. Тұрақ тежегішін іске қосыңыз және автоматты беріліс қорабы бар автокөлікте берілісті ауыстыру иінтірегін P (Тұраққа қою) күйіне немесе механикалық беріліс қорабы бар автокөлікте 1-ші беріліс күйіне ауыстырыңыз. Түсетін кезде, автокөліктің өздігінен қозғалуын болдырмау үшін, алдыңғы тасты жиектастарға бұрыңыз. Көтерілуде алдыңғы дөңгелектерді автокөліктің сырғанап кетуін болдырмау үшін, жиектасқа қарама-қарсы жаққа бұрыңыз.

Жиектас болмаған кезде немесе егер автокөліктің басқа мақсаттарда өздігінен қозғалуын болдырмау үшін, дөңгелектерді бұғаттаңыз.

КРУИЗ-БАҚЫЛАУ (БАР БОЛСА)

Криуз- бақылау жүйесінің жұмысы



1. CRUISE индикаторы
2. SET индикаторы

Криуз-бақылау жүйесі, акселератор басқысын баспай, тұрақты жылдамдықпен (40 км/с (25 миль/с) жылдамырақ қозғалған кезде) қозғалуға мүмкіндік береді.

Келесі сақтық шараларын сақтаңыз

- **Егер круиз-бақылауды қосылған күйінде қалдырса (аспаптар комбинациясында "CRUISE" круиз-бақылау жүйесінің индикаторы жанады), оның кенеттен қосылып кетуі мүмкін. Жылдамдықтың абайсызда берілу ықтималдығын болдырмау үшін, круиз-бақылау жүйесін қоспаңыз.**
- **Круиз-бақылау жүйесін тек жақсы ауа райында ашық магистральдерде ғана қолданыңыз.**
- **Криуз-бақылауды, егер тұрақты жылдамдықпен қозғалу қауіпсіз болмаса қоспаңыз:**
  - **тығыз көлік ағынында қозғалған кезде немесе өзгермелі жылдамдық ағынында;**
- **Тайғанақ жолмен (жаңбырдан су болған, мұз немесе қар басқан) қозғалған кезде.**

(жалғасын қар

(жалғасы)

- **кедір-бұдырлы және желді жолдарда.**
- **Өте қатты желді аймақтарда.**

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 44

Круиз-бақылау ауыстырып-қосқышы



CRUISE / : Круиз-бақылау жүйесін қосады немесе сөндіреді

CANCEL / O: Круиз-бақылау жүйесінің жұмысын болдырмайды.

RES+: Круиз-бақылау жүйесі жылдамдығын қалпына келтіреді немесе өсіреді.

SET-: Круиз-бақылау жүйесі жылдамдығын ортады немесе азайтады.

Криуз-бақылау жылдамдығын орнату



1. ЖҮЙЕНІ қосу үшін, рөлдік дөңгелектегі CRUISE батырмасын басыңыз. Круиз-бақылау жүйесінің бақылау шамы жанады.
2. Жылдамдықты талап етілген деңгейге дейін арттырыңыз, ол 40 км/с (25 миль/с) асуы тиіс.

Ақпараттар

Механикалық трансмиссия

Механикалық беріліс қорабы бар автокөліктерде қозғалтқышты іске қосқаннан кейін криуз-бақылауды орнату үшін, тежегіш басқысын кем дегенде бір рет қысу қажет



3. Иінтіректі (1) төмен қарай (SET- қарай-) итеріңіз және оны жіберіңіз. SET индикаторы жанады.
4. Акселератор басқысын жіберіңіз.

Ақпараттар

Еңіспен жоғары немесе төмен қозғалған кезде, автокөлік аздап бәсеңдетілуі немесе үдетілуі мүмкін.

Круиз-бақылаудың көмегімен жылдамдықты арттыру



• Иінтіректі (1) жоғары (RES+) итеріңіз және аспаптар комбинациясында берілген жылдамдықтың арттырылуын қадағалай отырып, оны ұстап тұрыңыз.
Талап етілген жылдамдықты көрсетіп, иінтіректі босатыңыз. Автокөлік өзі берілген жылдамдыққа дейін үдетіледі.
Иінтіректі (1) жоғары (RES+) итеріңіз және бірден жіберіңіз. Бұл жағдайда, ажыратқышты әрбір осындай басу кезінде, жылдамдық 2,0 км/с (1,2 миль/с) өсетін болады

• Акселератор басқысын жіберіңіз. Автокөлік талап етілген жылдамдыққа жекен кездеі, иінтіректі (1) төмен қарай (SET- қарай -) итеріңіз.

Круиз-бақылау жылдамдығын төмендету



• Автокөлік қажетті жылдамдыққа жеткен кезде, тежегіш басқышы бойынша сәл ұстаңыз, төмен иінтіректі итеріңіз (1) (SET-ке).
• Иінтіректі (1) төмен (SET- қарай) итеріңіз және оны ұстап тұрыңыз. Автокөлік жылдамдығы бірқалыпты азаятын болады. Иінтіректі қажетті жылдамдық кезінде жіберіңіз.

• Иінтіректі (1) төмен (SET- қарай) итеріңдер және оны жіберіңіз. Бұл жағдайда, ажыратқышты әрбір осындай басу кезінде, жылдамдық 2,0 км/с (1,2 миль/с) өсетін болады. Автокөлік талап етілген жылдамдыққа жеке кездегі иінтіректі (1) төмен қарай (SET- қарай -) итеріңіз.

Қосылып тұрған круиз-бақылаумен уақытша үдету

Акселератор басқысын басыңыз. Сіздер аяғыңызды акселератордың басқысынан алғаннан кейін, круиз-бақылау жүйесі бұрын берілген қозғалыс жылдамдығын күйіне келтіреді.

Егер тұтқасын, жылдамдық арттырылған кезде төмен қарай (SET- қарай) басқан кезде, криуз-бақылау жүйесі осы арттырылған жылдамдықты берілген ретінде сақтайды.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 46

Круиз-бақылаужүйесінің сөну себептері


OGS046164

- Тежегіш басқысын басыңыз.
- Ілінісу басқысын басу (МБАҚ бар автокөлік)
- Рөлдік дөңгелекте CANCEL/O (болдырмау/О) ауыстырып-қосқышын басу.
- Берілісті ауыстыру иінтірегін N (бейтарап) (АБАҚ бар автокөліктер) күйге жылжыту.
- Жылдамдықты берілгеннен төмен 15 км/с (9 миль/с) астам төмендету.
- Автокөлік жылдамдығын 40 км/с (25 миль/с) кемге дейін төмендету
- Егер ESC жүйесі (электронды тұрақтылықты бақылау жүйесі) жұмыс істесе.
- Спорттық режимде анағұрлым жоғары 2-ші беріліске ауысу.

Ақпараттар

Жоғарыда атап көрсетілген әрекеттердің әрқайсысы, круиз-бақылау жұмысын болдырмауға алып келеді (аспаптар комбинациясында SET индикаторы (орнату) жанады, бірақ CRUISE (круиз-бақылау) батырмасын ғана басу, жүйені есептеуге алып келеді. Круиз-бақылау жұмысын қалпына келтіру үшін, рөлдік дөңгелектегі иінтіректі жоғары (RES+-ке қарай (қайтару+) итеріңіз. Егер жүйе CRUISE (круиз-бақылау) батырмасымен сөндірілсе, ол бұрын берілген қозғалыс жылдамдығын қалпына келтіреді.

Круиз-бақылаудың бұрын берілген жылдамдығын қалпына келтіру



Иінтіректі (1) (RES+ қарай) жоғары итеріңіз. Егер автокөлік жылдамдығы 40 км/с (25 миль/с) асатын болса, жүйе бұрын берілген қозғалыс жылдамдығын қалпына келтіреді.

Круиз- бақылау жүйесін өшіру



- CRUISE / (круиз-бақылау) батырмасын басыңыз (CRUISE индикаторы (круиз-бақылау) сөнеді)
- Қозғалтқышты тоқтатыңыз.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 48

ТОЛЫҚ ЖЕТЕК (4WD) (БАР БОЛСА)

(4WD) толық жетек жүйесі барынша ауырлық күшін қамтамасыз ету мақсатында, барлық дөңгелектерге қозғалтқыш қуатын тарату үшін қолданылады. Толық жетекті ауырлық күшін ұлғайыту үшін қолдануға болады, бұл тайғанақ, батпақты, дымқыл немесе қар басқан жолдарда қозғалыс кезінде қажет болуы мүмкін.

толық жетекті автокөліктермен топырақты жолдарда немесе жолсыздарда қозғалу ыңғайлырақ. Осы жағдайларда, ол нақты ол жағдайына сәйкес келуі үшін, жылдамдықты төмендету маңызды.

АУЫР ЖАРАҚАТТАНУ немесе ҚАЗА БОЛУЫ қаупін төмендетуге мүмкіндік беретін сақтық шаралары


- **Автокөлікті оған арналмаған жағдайларда қолдануға тырыспаңыздар, мысалы, күрделі қиылысқан жерлерде жол жүру үшін.**
- **Бұрылыстар немесе айналымдарда қауіпсіз жылдамдықты асырмаңыз.**
- **Рөлдік дөңгелекпен оқыс қозғалыстарға жол бермеңіз, мысалы, қайта ауыстыру немесе тік бұрылыстарда.**
- **Жоғары жылдамдықта басқарудан айрылған кезде, аударылу қаупі айтарлықтай өседі.**
- **Басқарудан айрылу, көбінесе, егер екі дөңгелекпен жолдан шыққан кезде, жүргізуші жолға оралу үшін, рөлдік дөңгелекті артқы бұрышпен бұрылған кезде болады.**
- **Егер жолдан шығы кету орын алатын болса, рөлдік дөңгелекпен оқыс қозғалыстар жасамаңыз. Мұның орнына, жылдамдықты азайтыңыз және содан кейін ғана жүргін жолға оралыңыз.**

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Егер оның деңгейі автокөлік түбінің деңгейінен асып кететін болса, суда қозғамаңыз.
- Терең батпақты немесе су басқан учаскені еңсере отырып, тежегіштердің жарамдылығын тексеріңіз. Аз жылдамдықпен қозғала отырып, тежегіш басқысын қалыпты тежелуді сезінгенше, бірізді басыңыз.
- Егер жолсызбен қозғалға тура келетін болса, мысалы, құм, батпақ немесе жолдың су басқан учаскелерімен техникалық қызмет көрсету мерзімділігін (7-тараудың «Ауыр пайдалану жағдайларындағы техникалық қызмет көрсету» бөлімін қар.) мерзімділігін қысқартыңыз.
- Жолсызбен қозғалғаннан кейін, автокөлікті міндетті түрде (әсірсе, түбін) мұқият жуып тазартыңыз.
- Барлық төрт дөңгелегі бір типте және өлшемде болуы тиіс.
- Толық жетекті автокөліктерді тасымалдау үшін, платформасы бар эвакуаторларды ғана қолдануға болады.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 49

Толық жетек (4WD) режимін таңдау

Үлестіру қорабы	Таңдау батырмасы	Индикатор	Сипаттамасы
4WD AUTO (4WD LOCK режимі сөндірілген)		LOCK (жанып тұрған жоқ)	4WD AUTO режимінде және қалыпты жағдайларда, толық жетегі бар автокөліктердің әрекеті, бір осьтегі жетегі бар әдеттегі автокөлік әрекетінен ерекшеленеді. Алайда, егер жүйе толық жетек режимін қосу қажеттілігін анықтайды, қозғалтқыш қуаты барлық төрт дөңгелекке автоматты түрде таратылады. Осы режимді әдеттегі жолмен қозғалған кезде қолданыңыз.
4WD LOCK		**LOCK** (жанып тұр)	4WD LOCK режимінде жүйе өшіріледі, 4WD AUTO автоматты бұғаттауы, жылдамдықты 30 км/с (19 миль/с) дейін өсіргеннен кейін қосылады. Жылдамдықты 30 км/с (19 миль/с) дейін төмендеткеннен кейін, 4WD LOCK режимі қайта қосылады. Осындай режим тік өрлер мен құламаларды еңсеру үшін, жолсызбен, құмдақты немесе батпақты жол бойымен қозғалу үшін, және т.с. максималды тарту күшін алу мақсатында қолданылады.

Егер аспаптар комбинациясынағы толық жетектің ( ) бақылау шамы сөнбесе, онда сіздің автокөлігіңіздің толық жетекті жүйесінде, ақаулықтар болуы мүмкін. Егер толық жетектің бақылау шамы ( ) жанса, автокөлікті тексеру үшін, қысқа мерзімде HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгіну ұсынылады.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 50

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Әдеттегі жол бойымен қозғалған кезде, 4WD LOCK (4WD LOCK индикаторы бұл ретте сөнеді) батырмасын басумен, 4WD LOCK режимін сөндіріңіз. 4WD LOCK режимде әдеттегі жол бойымен қозғалған кезде, (әсіресе, бұрылыстарда), механикалық шуыл немесе діріл туындауы мүмкін. 4WD LOCK режимі өндірілгеннен кейін, механикалық шуыл немесе діріл тоқтатылады. Шуыл және діріл жағдайларында ұзаққа созылған қозғалыс, күштік берілістің кейбір компоненттерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

4WD LOCK бұғаттау режимін сөндіру үшін, жүргізуді сезіну өзгереді, себебі қозғалтқыштың барлық қуаты тек алдыңғы дөңгелектерге ғана беріледі.

Толық жетекті қолдану кезіндегі қауіпсіздік

Жол жүрер алдында

- Барлық жолаушылар қауіпсіздік белдігін тағынуы тиіс.

- Рөлдік дөңгелекке әдеттегіден тік және жақын отырыңыз. Рөлдік дөңгелек күйін, қолайлы болатындай етіп ретке келтіріңіз.

Қар және мұз басқан жол бойымен қозғалу

- Қозғалысты баяу, акселератор басқысын біркелкі басып бастаңыз.
- Автокөлікті қысқы шиналармен немесе сырғуға қарсы шынжырлармен жабдықтаңыз.
- Алда келе жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз ара қашықтықты сақтаңыз.
- Бәсеңдету үшін, қозғалтқышпен тежелуді қолданыңыз.
- Жолда сырғудан аулақ болу үшін, жылдамдықты асырмаңыз, қарқынды үдету, оқыс тежелулер мен кілт бұрылыстарды болдырмаңыз.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 51

Құм және батпақ бойымен қозғалу


- Баяу және тұрақты жылдамдықпен қозғалыңыз.
- Егер қажет болса, батпақта қозғалу үшін сырғуға қарсы шынжырды қолданыңыз.
- Алда келе жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз ара қашықтықты сақтаңыз.
- Автокөлік жылдамдығын азайтыңыз және жолдағы жағдайды үнемі қадағалаңыз.
- Батпақта тұрып қалмау үшін, тиісті жылдамдықты асырмаңыз, қарқынды үдету, оқыс тежелулер мен кілт бұрылыстарды болдырмаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер автокөлік қарда, құмда немесе батпақта батып қалса, тиісті ілінісуді қамтамасыз ету үшін, жетекті дөңгелек астына сырғанамайтын материал төсеңіз немесе автокөлікті оны босату мақсатында алға және артқа баяу кезекпен қозғалыс жасаңыз. Бұл ретте, жоғары айналымдарда қозғалтқыштың тұрақты жұмысына жол бермеңіз, әйтпесе толық жетек жүйесінің зақымдалуы мүмкін.

Көтерілу және түсу кезіндегі қозғалыс

- Көтерілу кезіндегі қозғалыс
  - Қозғалысты бастамас бұрын, көтерілуді еңсеруге болатынына көз жеткізіңіз.
- Мүмкіндігінше тік қозғалыңыз.
- Түсу кезіндегі қозғалыс
  - Түсу үшін қозғала отырып, берілісті ауыстырыңыз. Берілісті түсу басталғанға дейін таңдаңыз. Түсу үшін қозғалыс кезінде, қозғалтқышпен тежелуді қолдана отырып баяу қозғалыңыз.
  - Мүмкіндігінше тік қозғалыңыз.



Тік өрлер мен құламаларда қозғалғанда, барынша абай болыңыз. Белгілі еңіс, бедер, су немесе батпақ болған кезде, автокөліктің аударылуы мүмкін.

5-51

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 52



Тік қия беткей бойымен қозғалмаңыз. Дөңгелектердің бұрыштық күйінің аздаған өзгеруі, автокөліктің тұрақтылығын бұзуы мүмкін. Тұрақтылықтың жоғалуы, сондай-ақ қозғалыс алға оқыс тоқтатылған кезде болуы мүмкін. Осындай жағдайда, автокөлік аударылуы мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға немесе қаза болуға алып келеді.

Су басқан учаскелер бойымен қозғалу

- Терең ағынды емес суда қозғалысты болдырмаңыз. Бұл ретте, қозғалтқыштың өздігінен тоқтауы немесе газ шығаратын құбырдың бітелуі мүмкін.
- Су басқан учаскені еңсеру үшін, автокөлікті тоқтатыңыз, 4WD LOCK толық жетегін бұғаттау режимін қосыңыз және 8 км/с-тан (5 миль/с) аспайтын жылдамдықпен қозғалыңыз.
- Су басқан учаскелермен қозғала отырып, беріліске ауыспаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Су басқан учаске бойымен баяу қозғалу қажет. Тым жылдам қозғалға кезде, мото бөлігіне су кіріп кетуі мүмкін, бұл қозғалтқыштың өздігінен тоқтауына алып келеді.

Жүргізуге қатысты қосымша талаптар

- Жолсызбен қозғалуға кіріспес бұрын, осындай жағдайларда жүргізу тәсілдерімен танысыңыз.
- Жолдан тыс қозғалған кезде, өте мұқият болыңыз және қауіпті учаскелерден аулақ болыңыз.
- Күшті желде баяу қозғалыңыз.
- Бұрылыстарда жылдамдықты түсіріңіз. Толық жетекті автокөліктердің ауырлық ортасы бір жетекті осі бар автокөліктердің ауырлық ортасынан жоғары. Сондықтан кілт бұрылыстарда осындай автокөліктер аударылуға анағұрлым көп ұшырағыш келеді.



● Жолдан тыс қозғалған кезде, рөлдік дөңгелекті әрдайым мықтап ұстаңыз.

⚠ Абай болыңыз

Жолдан тыс қозғалған кезде, рөлдік дөңгелекті ішінен қармап ұстамаңыз. Бұл оқыс әрекеттер немесе рөлдік дөңгелектің жерде тұрған затқа соғылуы салдарынан өздігінен айналған кезде, қолдың жарақаттануына алып келуі мүмкін. Бұл ретте, рөл қолдан шығып кетуі, бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге алып келеді.

Авариялық жағдайлардағы сақтық шаралары

Шиналар

Автокөлік белгілі типтегі және өлшемдегі шиналармен және дөңгелекті дискілермен жинақталған. Басқа дөңгелектерді орнатпаңыз. Бұл автокөліктің қауіпсіздігі мен сипаттамасына әсерін тигізуі мүмкін, басқарудан айрылуға немесе аударылуға алып келеді, соның салдарынан ауыр жарақаттар болуы ықтимал.

Ауыстыру үшін орнатылған шиналардың бірдей протектор суреті болуы және бір өлшемде, типте, маркада, барлық төрт дөңгелектерде жүк көтергіштігі болады. егер автокөлік жолсызбен жол жүру үшін, HYUNDAI компаниясымен ұсынылмаған, шиналар және дөңгелекті дискілермен жабдықталса, жылдам магистральдерде жол жүру үшін осындай дөңгелектерді қолданбаңыз.

Сүйрету

Толық жетекті автокөліктерді сүйрету үшін, дөңгелектерге арналған көтергіштерді, дөңгелекті арбаларды немесе барлық төрт дөңгелектің топырақпен түйісуімен болдырмайтын платформаларды қолжану қажет.

⚠

Ешбір жағдайда, домкратпен көтерілген, толық жетегі бар автокөлік қозғалтқышын іске қоспаңыз. Автокөліктің іске қосылған қозғалтқышпен домкраттан тайғанауы немесе сырғанауы, жүргізушінің немесе жақын жердегі басқа адамның ауыр жарақаттануына немесе өліміне алып келеді.

Толығырақ мәлілеметтер 6-тараудың «Сүйрету» бөлімінен қар.

Динамометрлік сынақтар тұрақты толық жетегі бар автокөліктерді тексеру, арнайы динамометрлік стендтерде орындалуы тиіс.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 54



Бір осьте жетегі бар автокөліктерге арналған аунақшалы стенділер тұрақты толық жетегі бар автокөліктері тексеру үшін жарамды. Егер тексеру үшін бір осьте жетегі бар автокөліктер үшін арналған аунақшалы стендірлерді қолдануға тура келетін болса, келеі әрекеттерді орындаңыз. Шиналардағы қысымның, сіздің автокөлігіңіз үшін қарастырылған нормативке сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

1. Спидометрдің дәлдігін тексеру үшін, аунақшалы стендіге алдыңғы дөңгелектерді қойыңыз. (суретті қар.).

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Ешбір жағдайда, сынақ орындау кезінде тұрақ тежегішін іске қоспаңыз.**
- **Сәл көтеріліп тұрған автокөлікте алдыңғы және артқы дөңгелектерді жеке-жеке айналдырмаңыз. Барлық төрт дөңгелекті айналдыру қажет.**

Берілісі қосылған динамометрлік стендінде орнатылған автокөлік алдында тұрмаңыз. автокөліктің оқыс алға ұмтылуын болдырмаңыз, бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге алып келуі мүмкін.

2. Тұрақ тежегішін түсіріңіз.
3. Артқы дөңгелектерді уақытша бос аунақшалы стендке қойыңыз.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 55

Қауіпті жүргізу жағдайлары

Қауіпті жағдайларда (мысалы, су, қар, батпақ, құм), келесі ұсыныстарды сақтаңыз.

Абайлап қозғалыңыз және автокөліктің тежеу олының көп болатынын естеріңізде болсын. Рөлдік дөңгелектің оқыс тежелуі мен оқыс бұрылуын болдырмаңыз.

- Егер автокөлік қарға, батпаққа немесе құмға батып қалса, екінші берілісті қолданыңыз. Дөңгелектердің артық батып қалуын болдырмау үшін, үдетуді баяу орындаңыз.
- Егер автокөлік мұзға, қарға немесе батпаққа батып қалса, құм, тас тұзын, дөңгелек шынжырларын немесе бетімен қосымша ілінісуді қамтамасыз ету үшін, басқа да сырғып кетуді төмендететін құралдарды қолданыңыз.

Автокөліктің тербелуі

Егер автокөлікті қардан, құмнан немесе батпақтан «теңселтіп» босату қажет болса, алдыңғы дөңгелектердің айналасындағы кеңістікті тазарту үшін, рөлдік дөңгелекті оңға және солға бұрыңыз

Тайғанақ жол бетіндегі қозғалыс кезінде, төмен берілісте автоматты беріліс қорабын ауыстыру, авариияға алып келуі мүмкін. Дөңгелектердің айналу жиілігінің өзгеруі, батып қалуға себеп болуы мүмкін. Тайғанақ жолда қозғалыс кезінде, төмен беріліске ауысу кезінде абай болыңыз.

Содан кейін, алдыңғы және артқы берілісті кезекпен қосыңыз. Дөңгелектердің батып қалуына және қозғалтқыштың рұқсат етілген айналымның асып кетуіне жол бермеуге тырысыңыз.

Беріліс қораптарының тозуын болдырмау үшін, берілісті ауыстыру кезінде, дөңгелектердің тоқтатылуын күтіңіз. Ааксселератор басқысын, ауыстыру кезінде жіберіңіз және берілісті қосқаннан кейін ақырын басыңыз. Дөңгелектерді алға баяу айналдыру және автокөлікті теңселту, оның босатылуына септігін тигізеді.

Егер автокөлік батып қалса, ал дөңгелектер шамадан тыс батып қалса, шиналардағы температура өте жылдам өсіп кетуі мүмкін. Зақымдалған шинасынып кетуі мүмкін. Бұл қауіпті: жүргізуші немесе айналасындағылар жарақатталуы мүмкін. Автокөлікті, егер оның қасында адамдар немесе қандай да бір нысандар тұрса, тербелтуге әрекеттенбеңіз.

Босатуға әрекеттенген кезде, автокөлік қозғалтқышы жылдам қызып кетуі мүмкін, бұл мотор бөлігінің жанып кетуі немес басқа зақымдалуына алып келеді. Қозғалтқыштың немесе шиналардың қызып кетуіне жол бермеу үшін, мүмкіндігінше дөңгелектердің шамадан тыс батып қалуына жол бермеңіз. Жиілігі жоғары қозғалыс жылдамдығына 56 км/с (35 миль) және одан жоғары сәйкес келетін, автокөлік дөңгелегін батып қалуына жол беруге БОЛМАЙДЫ.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 56

Ақпарттар

Автокөлік шайқалудан бұрын, ESC жүйесін (бар болса) сөндіру қажет.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Егер автокөлікті бірнеше әрекеттен босату мүмкін болмаса, қозғалтқыштың қызып кетуін, шиналардың беріліс қорабының ықтимал зақымдалуын болдырмау үшін, буксирді қолдану қажет, 6-тараудың «Сүйрету» бөлімін қар.

Бір қалыпты бұрылыстарды орындау

Бұрылыстарда, әсіресе, дымқыл жол бетінде тежелу мен ауыстырудан аулақ болыңыз. Дұрысы бұрылысты шамалы үдетумен орындаған дұрыс.

Автокөлікті түнгі уақытта жүргізу

Түнгі уақытта жүргізу күндізгіге қарағанда анағұрлым қауіпті. Төменде есте сақтау қажет кейбір ұсыныстар келтірілген:

- Жылдамдықты азайтыңыз және өз және басқа автокөліктер арасындағы көбейтілген жылдамдықты ұстаңыз, себебі түнде көру бірден төмендейді, әсіресе, көше жарығы жоқ жерлерде.
- Басқа автокөлікерді фарасынан блгін азайту үшін, айнаны ретке келтіріңіз.
- Фараны таза ұстаңыз және оларды тиісінше ретке келтіріңіз. Кір немесе тиісінше ретке келтірілмеген фаралар түнде көруді айтарлықтай нашарлатады.
- Қарсы автокөліктің фарасына тіке қарауға тырыспаңыз. Уақытша көрмей қалуға және қараңғыға қайтадан үйрену үшін, көзге бірнеше секунд қажет болады.

Автокөлікті жаңбырда жүргізу

Жаңбыр мен дымқыл жолдар, жүргізуді қауіпті етуі мүмкін. Жаңбырлы ауа райында немесе тайғанақ жол бетінде қозғалыс кезінде, белгілі шараларды қолдану қажет.

- жылдамдықты азайтыңыз және көбейтілген қашықтықты ұстап тұрыңыз. Күшті нөсер көруді нашарлатуы және автокөлікті тоқтату үшін қажетті ара қашықтықты өсіріңіз.
- Круиз-бақылауды (бар болса) сөндіріңіз.
- Алдыңғы әйнек тазартқыштың щеткасын, егер олар жолақтар түзетін болса немесе жел әйнегінде бос қуыстар қалдыратын болса ауыстырыңыз.
- Шиналардың тозуын қадағалаңыз. Егер шиналар қатты тозса,

дымқыл жол бетінде оқыс тежелу, батып қалуға салдары авариядға алып келуі мүмкін. **7-тараудың «Шиналар протекторы» бөлімін қар.**

- Автокөлік басқа қозғалыс қатысушыларына жақсырақ көрінуі үшін, алдыңғы фараларды қосыңыз.
- Шалшықпен тым жылдам қозғалу тежеуіш жүйесінің тиімділігіне кері әсерін тигізеді. Шалқыштарды баяу жүріп өту керек.
- Егер сіз тежегіш механизмдер су болып қалуы мүмкін деп шамаласаңыз, қозғалыс кезінде тежеуіш жүйе қалыпты әрекет етуін бастамайынша, бірнеше рет аздап тежелеңіз.

Акважоспарлау

Егер жол біршама дымқыл болса, ал жылдамдық айтарлықтай жоғары болса, автокөлік дөңгелегі іс жүзінде су бетімен сырғып, жол бетімен байланысын жоғалтуы мүмкін. Ең жақсы кеңес дымқыл жолмен қозғалған кезде ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ТӨМЕНДЕТУ.

Акважоспарлаудың қаупі протектор тереңдігін азайтуымен артады. 7-тараудың «Шиналар протекторы» бөлімін қар.

Автокөлікті су басқан жерлерде жүргізу

Егер су деңгейі дөңгелек күпшегіне жеткеніне сенімділік жоқ болса, су басқан жол учаскелерінен аулақ болыңыз. Суда баяу қозғалыңыз. Себебі, тежегіштердің жұмыс сипаттамасы төмендеуі мүмкін, тиісті қашықтықты таңдаңыз.

Су басқан учаскені еңсергеннен кейін, тежегішті аз жылдамдықпен қозғалған кезде, бернеше рет бірқалыпты тежелумен кептіріңіз.

Автомагистральдермен қозғалу

Шиналар

Шиналарда қалыпты қысымды ұстап тұрыңыз. Төмен қысымда шинадар қызып кетуі немесе зақымдалуы мүмкін.

Тозған немесе зақымдалған шиналарды қолданбаңыз. Бұл дөңгелектің жолмен ілінісуін төмендетуі және тежелуді нашарлатуы мүмкін.

Ақпараттар

Шиналарда жоғары нормативті қысымды асырмаңыз.

Отын, қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы және мотор майы

Шосседе жоғары жылдамдықпен қозғалу кезінде, отын көп көлемде жұмсалады және біркелкі жылдамдықпен қозғалуға қарағанда соғұрлым төмен.

Отынды сақтау үшін, автомагистральдармен қозғалған кезде орынды жылдамдықты ұстаныңыз.

Жол жүрер алдында, қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтық деңгейі мен мотор майының деңгейін тексеріңіз.

Жетекті белдік

Жетекті белдіктің босауы немесе зақымдалуы, қозғалтқыштың қызып кетуіне алып келеді.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 58

ҚЫС ЖАҒДАЙЫНДА ЖҮРГІЗУ

Қатал қысқы күн райындағы жағдайлар, шиналардың жылдам тозуына және басқа да қиындықтарға алып келеді. қысқы уақытта қозғалыс кезінде қауіпті төмендеу үшін, келесі ұсыныстарды сақтау қажет:

Қар немесе мұз үстінен жүргізу

Алдынан ілескен автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз. Бірқалыпты тежеліңіз. Жоғары жылдамдықпен оқыс үдету және тежелу, сонымен қатар кілт бұрылыстарда қозғалу қауіпті. Бәсеңдету үшін, қозғалтқыштың тежеуішін барынша қолданыңыз.

Қар басқан және мұз басқан жолдарда оқыс тежелу, батып қалуды тудыруы мүмкін.

Терең қарда жүргізу үшін, қысқы шиналар немесе сырғуға қарсы шынжырлар қажет болуы мүмкін.

Әрдайым автокөлікте авариялық жиынтықтың болатынын естен шығармаңыз. Оның құрамына сырғанауға қарсы шынжыр, сүйрету лентасы немесе шынжырлар, қалта фонары, сигналды оттар, құм, күреу, қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясынан іске қосуға арналған сым, әйнекті тазартуға арналған қырғыш, қолғап, төсеме, тысқап, көрпе және т.б. кіреді.


Қысқы шиналар

Қысқы шиналардың өлшемі мен типі, автокөліктердің стандартты шиналарындағыдай болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда, бұл автокөлікті үргізу қауіпсіздігіне әсерін тигізуі мүмкін.

Автокөлікке қысқы шиналарды орнату кезінде, бұл радиалдық шиналардың бірегей шиналардағыдай дәл осындай өлшемде және осындай жүк көтергіштігіне ие екеніне көз жеткізіңіз. Автокөлікпен кез келген күн райында басқаруды теңгеру үшін, қысқы шиналарды барлық төрт дөңгелекке орнатыңыз. Құрғақ жолдарда қысқы шиналарды қамтамасыз ететін ілінісу күші, бірегей шиналарға қарағанда аз болуы мүмкін. Сатушыдан қысқы шиналарда жол жүру үшін ұсынылған жоғары жылдамдықты анықтап алыңыз.

i Ақпараттар

Тікенекті шиналарды оларды қолдану үшін ықтимал шектеулер үшін, жергілікті және мемлекеттік ережелерді зерделемей орнатпаңыз.



Сырғуға қарыс шынжыр

Себебі, радиалдық шиналардың бүйірі басқа типтегі шиналарға қарағанда жұқалау, олар сырғуға қарсы шынжырларды орнату кезінде зақымдалуы мүмкін. Сондықтан, сырғуға қарыс шынжырлардың орнына, қысқы шиналарды қолдану ұсынылады. Сырғуға қарсы шынжырларды, алюминий дискілі автокөліктерге орнатпаңыз. Егер бұл қажет болса, арқан типіндегі шынжырларды қолданбаңыз. Сырғуға қарсы шынжырларды қолдану қажет болған кезде, HYUNDAI компаниясының бірегей бұйымдарын қолданыңыз, ал шынжырларды монтаждауды нұсқаулықты оқып шыққаннан кейін орындаңыз.

Шынжырларды орнату, автокөліктің басқарылуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

- **30 км/с-тан (20 миль/с) аспайтын немесе дайындаушымен ұсынылған жылдамдықпен, қай жылдамдықтың төмен екеніне байланысты қозғалыңыз.**
- **автокөлікті абайлап жүргізіңіз, жолда кедір-бұдырлы және шұқанақтан, кілт бұрылыстарды және тұрақтылықтың жоғалуына алып келетін басқа да қауіптерден аулақ болыңыз.**
- **Дөңгелектерді бұғаттаумен, кілт бұрылыстар мен тежелулерден аулақ болыңыз. колес.**

Лайықсыз шынжырларды қолданудан туындаған автокөліктің зақымдануы дайындаушының кепілдігімен жабылмайды.

Ақпараттар

- **Сырғуға қарсы шынжырларды тек алдыңғы дөңгелектерге орнатыңыз. сырғуға қарсы шынжырларды орнатудың тартым күшін көбейтпеуге мүмкіндік беретінін, алайда батып қалулардың алдын алмайтыны естеріңізде болсын.**
- **Тікенекті шиналарды жергілікті және мемлекеттік ережелерді зерделемей орнатпаңыз.**

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 60

Шынжырларды орнату

Сырғуға қарсы шынжырларды орнату кезінде, дайындаушының нұсқаулықтарын басшылыққа алыңыз және оларды мүмкіндігінше тығыз етіп орнатыңыз. Шынжырды орнатып, 30 км/с (20 миль/с) аспайтын жылдамдықпен қозғалыңыз. Егер шынжыр шассиге немесе автокөлік шанағына тиетін болса, тоқтаңыз және оны тартыңыз. Егер жанасуды жою мүмкін болмаса, жылдамдықты жанасу бақыланбайтын мәнге дейін азайтыңыз. Шынжырларды тазартылған жолмен қозғалысты бастаған бойда шешіп алыңыз.

Шынжырларды орнату үшін, автокөлікті өткінші көліктен шеткері тегіс алаңға қойыңыз. Авариялық жарық дабыл бергішін қосыңыз және автокөлік артынан авариялық тоқтатудың үшбұрышты ескерту белгісін (егер ол бар болса) орнатыңыз. Шынжырларды орнату алдында, селектор иінтірегін P (Тұраққа қою) күйіне ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз және қозғалтқышты іске қосыңыз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Сырғуға қарсы шынжырларды қолдану кезінде, келесі ережелерді сақтаңыздар.

- Шиналардың өлшемін қате таңдау немесе шынжырларды қате орнату тежегіш құбыр желілерінің, шанақ және дөңгелектердің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- SAE S санатындағы шиналарды немесе сырғуға қарсы арқан шынжырларды қолданыңыз
- Егер шиналар шанаққа тисе, жанасуды болдырмау үшін, оларды қайтадан тартыңыз.
- Шанақтың зақымдалуын болдырмау үшін, шынжырды әр 0,5~1,0 км (0,3~0,6 миль) сайын қысып тартыңыз.
- Алюминий дискісі бар автокөліктерде шынжырды орнатпаңыз. Егер сонда да қажет болса, арқан типіндегі щынжырларды қолданыңыз.
- Сырғуға қарсы шынжыр буындарының ені, шынжырлар қосылысын зақымдамау үшін, 15 мм (0,59 дюйм) артық болмауы тиіс.

Қыс кезіндегі сақтық шаралары

Салқындатқыш сұйықтық ретінде, жоғары сапалы этиленгликольді қолданыңыз.

Сіздің автокөлігіңіздің салқындату жүйесіне, жеткізу кезінде жоғары сапалы этиленгликоль құйылған. Тек осы типтегі салқындатқыш сұйықтықты қолданыңыз, себебі ол тоттануды және қатып қалуды болдырмайды, сонымен қатар салқындату жүйесінің сорғысын майлайды. 7-тарауда келтірілген техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес, салқындатқыш сұйықтықты ауыстыруды және үстемелеп құюды ұмытпаңыздар. Қыс түсер алдында, салқындатқыш сұйықтыққа сынақ жүргізіңіз және оның қату нүктесінің қысқы жағдайлары үшін жарамды екеніне көз жеткізіңіз.

Аккумулятор батареясы мен кабелін тексеріңіз

Төмен температура АКБ қуатының таусылуын жеделдетеді. АКБ және кабельдерді, 7-тарауда көрсетілгендей тексеріңіз. АКБ қуаттау деңгейін, HYUNDAI авторизацияланған дилерінде немесе техникалық қызмет көрсету станцияларында тексеруге болады.

Қажет болған кезде, «қысқы майды» құйыңыз.

Кейбір өңірлерде қыс уақытында тұтқырлығы аз қысқы майды қолдану ұсынылады. Толық ақпараттар 8-тарауда ұсынылған. Егер сіз қысқы майға қатысты сенімді болмасаңыз, көмек үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгініңіз.

Оталдыру білтесін және оталдыру жүйесін ексеріңіз.

Оталдыру білтесін 7-тарауда көрсетілгендей тексеріңіз.

Қажет болған кезде ауыстыруды орындаңыз. Сонымен қатар, желілеуді және оталдыру жүйесінің компонентерінде жарықшақтар, тозулар мен зақымдардың болуын тексеріңіз.

Есік құлыптарын қатып қалудан қорғау үшін, келесі ережелерді сақтаңыздар. Құлыптардың қатып қалуын болдырмау үшін, қолдануға ұсынылған мұзқатыртпауыш сұйықтықты немесе кілттерге арналған тесікке глицеринді бүркіп шашыңыз. Егер құлып тесігін әдеқашан мұз басқан болса, оны кетіру үшін мұзға қолдануға ұсынылған мұзқатыртпайтын сұйықтықты бүркіп шашыратыңыз. Егер құлыптың ішкі компоненттері қатып қалса, қыздырылған кілттің көмегімен оларды жібітуге тырысыңыз. Қыздырылған кілтпен, жарақат алуды болдырмау үшін абайлап қолданыңыз.

Әйнек жуғыш жүйесінде қолдану үшін ұсынылған антифризді қолданыңыз.

Әйнек жуғыш сұйықтықтың қатып қалуын болдырмау мақсатында, резервуарға әйнек жуғыш сұйықтығының қатып қалуын болдырмайтын ұсынылған құрам резервуарына қосыңыз. әйнек жуғыш сұйықтығының қатып қалуын болдырмайтын құрамды, HYUNDAI авторизацияланған дилерінен, сонымен қатар автокөліктің қосалқы бөлшектері дүкендерінің көпшілігінен сатып алуға болады. Автокөліктің лак-бояу бетін зақымдап алмау үшін, әйнек жуғышты қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын немесе антифризді құймаңыз.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 62

Тұрақ тежегішінің қатып қалуына жол бермеңіз

Кейбір жағдайларда, қосылған күйінде тұрақ тежегішінің қатып қалуы орын алуы мүмкін. Көбінесе, артқы тежеуші мехнизмдерде қар немесе мұздың жинақталып қалуын, сонымен қатар тежегіш механизмі су болып қалған кезде болады. Егер тұрақ тежегішінің қатып қалу қаупі болса, оны селектор иінтірегін P (Тұраққа қою) күйінде бірге іске қосыңыз. Сонымен қатар, автокөлік ашылмауы үшін, артқы дөңгелектері домалап кетпеуі үшін, алдын ала бұғаттаңыз. Содан кейін тұрақ тежегішін жіберіңіз.

Түбінде қар және мұздың жинақталуына жол бермеңіз.

Кейбір жағдайларда, автокөлік қанатының астында қар жинақталады және рөлмен басқаруға бөгет келтіретін мұз қоны пайда болады. Осындай қатал қыс жағдайларында қозғалған кезде, алдыңғы дөңгелектердің және рөлдік басқарудың басқа компоненттерінің бұрылуын бұғаттауды болдырмау үшін, автокөліктің төменгі бөлігін ұдайы тексеру қажет.

Автокөлікте авариялық жарық болсын.
Ауа райы жағдайларына байланысты, қозғалыс кезінде өзімен бірге тиісті авариялық жабдықтар болуы тиіс. Оның құрамына сырғуға қарсы шынжырлар, сүйрету ленталары немесе шынжырлар, қалта фонары, сигналды оттар, күреу, қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясын іске қосуға арналған сым, әйнекті тазартуға арналған қырғыш, қолғаптар, төсемелер, тысқаптар, көрпе және т.б. кіреді.

Бөтен заттарды немесе материалдарды мотор бөлігіне салмаңыз. Мотор бөлігіндегі бөтен заттар немесе материалдар, қозғалтқыштың бұзылуына немесе жанып кетуіне алып келеді, себебі олар қозғалтқыштың салқындауына кедергі келтіреді. Өндірушінің кепілдіктері, осындай бұзылыстарға таратылмайды.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 63

ТІРКЕМЕНІ СҮЙРЕТУ

Өз автокөлігіңізде тіркемені сүйрету үшін қолданбас бұрын, тиісті ведомоствалармен бекітілген, жергілікті ережелермен танысып шығу қажет. Әртүріл елдердің заңнамасындағы айырмашылықтарға байланысты, тіркемелерді, автокөліктер мен басқа да көлік құралдарын және құрылғыларды сүйретуге қатысты талаптар ерекшеленуі мүмкін. Сүйрету бойынша анағұрлым толық мәліметтер үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгініңіз.

Тіркемелі автокөлікті жүргізудің жалғыз автокөлікті жүргізуге қарағанда өзгеше болатынын есіңізден шығармаңыз. Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу басқарудағы өзгерістерге, орнықтылық пен отын шығынына байланысты. тіркемесі бар автокөлікті қауіпсіз басқару үшін, осы үшін жарамды шынжырлар мен лайықты қолданылатын жабдықтар талап етіледі. Сүйрету кезінде қателіктермен байланысты автокөліктің зақымдалуы өндірушінің кепілдіктерімен жабылмайды.

Бұл бөлім тіркемесі бар автокөлікт жүргізу бойынша уақытпен тексерілген көптеген маңызды ұсыныстар мен қауіпсіздік ережелерінен тұрады.Олардың көпшілігінің жүргізуші және жолаушылар үшін үлкен маңызы бар. Тіркемені сүйретер алдында осы бөлімді мұқият оқып шығыңыз.

Келесі сақтық шараларын сақтаңыз.

- **Лайықты сүйретілмеген жабдық немесе басқарудағы қателіктер, автопойызды басқарудан айрылуға алып келуі мүмкін. Мысалы, егер, тіркеме тыс ауыр болса, тежелу тиімділігі заюы мүмкін. соның салдарынан сіз және сіздің жолаушыларыңыз зардап шегуі және қаза болуы мүмкін. Тіркемені осы бөлімде келтірілген барлық ұсыныстарды толық сақтаған кезде ғана сүйретіңіз.**
- **Сүйретер алдында, тіркеменің толық массасы, автопойыздың толық массасы (GCW), автокөліктің толық массасы (GVW), көпірдегі толық массасы (GAW) және тіркеменің оқ ағашындағы жүктеме шектеулер шегінен шығып кетпегеніне көз жеткізіңіз.**

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 64

Ақпараттар -
Еуропалық елдер үшін


- **Артқы көпірге (көпірлер) техникалық рұқсат етілген максималды жүктеме, 15%-дан аспауы, ал көлік құралдарының максималды толық массасы 10% -дан немесе 100 кг (220,4 фунт) аспайтын, қай мәннің аз екеніне байланысты асырылмауы тиіс. Бұл жағдайда, жылдамдықты M1 санатындағы көлік құралдары үшін 100 км/с-тан (62,1 миль/с) және N1 санатындағы көлік құралдары үшін 80 км/с-тан (49,7 миль/с) асырмауы тиіс .**
- **Егер M1 санатындағы көлік құралдары тіркемені сүйретсе, тіркеменің ілінісу құрылғысына түсірілген, қосымша жүктеме, шиналарда максималды рұқсат етілген жүктемеден асып кетуі, алайда 15%-дан аспауы тиіс. Бұл жағдайда, жылдамдықты**

  100 км/с (62,1 миль/с) асырмаңыз және шиналардағы қысымды кем дегенде 0,2 бар-дан арттырмаңыз.

Тіркемені сүйрету кезінде

Төменде тіркемні сүйретуге ниет білдірген автокөлік иесіне бірнеше маңызды ұсыныстар келтірілген:

- Тіркеменің шайқалуын бақылау жүйесін қолдану мәселесін қарастырыңыз. Тіркемені сатушыдан, тіркеменің шайқалуын бақылау жүйесі жөнінде біліңіз.
- Қозғалтқышты сынау үшін алғашқы 2000 км (1200 миль) автокөлігіңізді қолданбаңыз. Осы талаптарды сақтамау қозғалтқыш пен беріліс қорабының қатты сынуына алып келуі мүмкін.
- Тіркемені қолдануды жоспарлай отырып, қосымша талаптар туралы ақпараттар алу үшін, мысалы сүйрету жиынтығын қолдану бойынша, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгініңіз.
- Тек бірқалыпты жылдамдықпен (100 км/с (60 миль/с) немесе сүйрету жылдамдығының белгіленген шектеулерімен қозғалыңыз.
- Ұзаққа созылған өрлерде 70 км/с (45 миль/с) немесе жол белгісімен белгіленген максималды сүйрету жылдамдығын, қайсы мәннің аздау екеніне байланысты асырмаңыз.
- Келесі беттерде келтірілген масса және жүктеме шектеулері туралы нұқаулықты мұқият оқып зерделеңіз.



Тіркеме массасы

Тіркеменің қауіпсіз максималды массасы қандай? Бұл масса, тежеуіш жүйемен жабдықталған тіркеменің максималды массасынан асып кетпеуі тиіс. Бірақ, тіпті осындай тіркеме тым ауыр болуы мүмкін. Бұл тіркемені қолдану мақсатына байланысты. Барлығы маңызды, мысалы, жылдамдық, теңіз үсті деңгейінің биіктігі, жол еңісі, сыртқы ауа температурасы және автокөліктің тіркемені сүйрету үшін жиі қолданылатыны. Тіркеменің тиімді массасы автокөлікте бар арнайы жабдықтарға байланысты болуы мүмкін.



Тіркеменің тертесіндегі жүктеме

Тіркеме тертесіндегі жүктеме үлкен мәнге ие, себебі автокөліктің толық массасына әсер етеді. Тіркеменің тертесіндегі жүктеме тертесіндегі максималды рұқсат етілген жүктеме шегінде тиелген, тіркеменің толық массасының 10%-нан асып кетпеуі тиіс .

Тіркемені тиегеннен кейін, тертесіндегі тіркеменің салмағы мен жүктемесін осы параметрлердің талаптарға сәйкес келетініне көз жеткізу үшін, жеке-жеке анықтаңыз. Сәйкес келмеген жағдайда, түзетулер енгізуге болады, мысалы,тіркемедегі кейбір жүктерді жай ғана жылжытуға болады.

Келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- **Ешбір жағдайда тіркеменің артқы бөлігін, алдыңғы бөлігіне қарағанда артық тиемеңіз. тіркеменің алдыңғы бөлігіндегі жүктің салмағы, шамамен жүктің жалпы салмағының 60%-ын құрауы тиіс; демек, тіркеменің артқы бөлігіндегі жүктің салмағы, жүктің жалпы салмағының 60%-ын құрауы тиіс.**
- **Ешбір жағдайда, тіркеменің және тіркеменің сүйрету құрылғысының максималды рұқсат етілген массасын асырмаңыз. Коммерциялық таразылардағы немесе тазылармен жабдықталған жол инспекция постындағы масса мен жүктемені тексеріңіз.**

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 66


Тіркемені сүйрету кезіндегі массалық параметрлер мен ара қашықтық көрсеткіші

Көрсеткіш		1,6 л MPI				2,0 л MPI	
		2WD		4WD		2WD	4WD
		M/T	A/T	M/T	A/T	A/T	A/T
Тіркеменің максималды массасы кг (фунт)	Тежеуіш жүйесіз	550 (1212)		550 (1212)		550 (1212)	550 (1212)
	Тежеіш жүйемен	1300 (2866)	1100 (2425)	1300 (2866)	1100 (2425)	1100 (2425)	1100 (2425)
Ілінісу құрылғысындағы максималды рұқсат етілген статикалық тік жүктеме кг (фунт)		80 (176)					
Артқы дөңгелек ортасынан тіркеу орталығына дейінгі ұсынылған ара қашықтық мм (дюйм)		940 (37)					

M/T : Механикалық беріліс қорабы

A/T : Автоматты беріліс қорабы

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 67



Тіркеу құрылғысы

Ақпараттар

Тіркеу құрылғыларын бекітуге арналған монтаждау тесіктегі артқы дөңгелек артындағы шақа түбінің екі жағында орналасқан.

Тіркеу құрылғысын дұрыс таңдаудың үлкен мәні бар. Бүйір желдер қозғалып бара жатқан жүк автокөліктері және тегіс емес жолдар

— тіркеу құрылғысын дұрыс таңдау қажеттілігіне негізделген кейбір себептер ғана. Төменде басшылыққа алу тиіс бірнеше ереже келтірілген.

- Тіркеменің тіркеу құрылғысын орнату үшін, шанақта тесік жасау қажет пе? Егер солай болса, онда осы құрылғыны бөлектегеннен кейін, тесіктерді саңылаусыз етіп жабыңыз. Егер оларды саңылаусыздандырмаса, онда автокөлікте пайдаланылған газдар, оған қоса тұншықтырғыш газ (CO), сонымен қатар батпақ пен су өтіп кетуі мүмкін.
- Автокөліктің бамперлері, тіркеу құрылғыларын бекітуге арналмаған. Оларға бамперге емес, автокөлік шанағына бекітілген тіркеу құрылғыларын қолданыңыз.
  - Тіркеу құрылғыларына арналған керек-жарақатарды HYUNDAI авторизацияланған дилерінен сатып алуға болады.

Сақтандырғыш шынжырлар

Міндетті тәртіпте тіркемесі бар автокөлікке жалғанған сақтандырғыш шынжырларды қолданыңыз. Сақтандырғыш шынжырларды тіркеменің тертесі астына тертені тіркеу құрылғысынан ағытқан кезде жолға тимейтіндей етіп айқастырыңыз. Сақтандырғыш шынжырларды қолдану бойынша нұсқаулықтар, тіркеу құрылғысын немесе тіркемені айындаушылармен ұсынылуы мүмкін. Сақтандырғыш шынжырларды бекіту бойынша дайындаушының ұсыныстарын басшылыққа алыңыз. тіркемесі бар автқөліктің бұрылуын қамтамасыз ету үшін, жеткілікті босаңдау жер қалдырыңыз. Ешбір жағдайда, жолда сақтандырғыш шынжырлардың сүйретілуіне жол бермеңіз.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 68

Тіркеменің тежеуіш жүйесі

Егер тіркеме тежеуіш жүйемен жабдықталса, оның ұлттық заңнамаға сәйкес келетініне, дұрыс орнатылғанына және жұмысқа жарамдылығына көз жеткізіңіз.

Егер тіркеме массасы, тежегіштермен жабдықталмаған тіркеме үшін максималды рұқсат етілген массадан асып кететін болса, тіркемені тиісті тежегіштермен жабдықтау қажет. Оны орнату, реттеу және қызмет көрсетуді тиісті дәрежеде орындау үшін, тіркеменің тежеуіш жүйесіне қатысты нұсқаулықты міндетті түрде оқып шығыңыз және сақтаңыз. Тіркеменің тежеуіш жүйесін, автокөліктің тежеуіш жүйесіне қоспаңыз. Тіркеменің тежеуіш жүйесі тартқыштың тежеуіш жүйесіне тәуелсіз әрекет етуі тиіс.

Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу

Тіркемені сүйрету үшін, белгілі тәжірибе қажет. Көпшілік қолданыстағы жолға шығар алдында, тіркеме құрылғысымен танысу қажет. Жеке өзіңіз, қосылған тіркеме массасымен, басқару сезгіштігі мен тежелу тиімділігін сынап көріңіз.

Тіркемені тәуелсіз тежеуіш жүйемен, егер тежеуіш жүйенің дұрыс реттелуіне күмән болатын болса, қолданбаңыз. Бұл реттеуді тек кәсіпқойлар ғана орындауы тиіс. Осы жұмыстарды орындау үшін, тіркемелерге қызмет көрсету бойынша құзыретті орталыққа жүгініңіз.

Сіздің басқарған автокөліктің Дара автокөлік секілді, айтарлықтай ұзақ болғанын және басқаруға сонша көндіге бермейтіні жөнінде есіңізден шығарақыз.

Қозғалыс басталар алдында, тіркеу құрылғысы және тіркеме платформасын, сақтандырғыш шынжырларды, электр қосылыстарын, жарық бергіш аспаптарды, шиналар мен тежегіштерді тексеріңіз.

Жол жүру кезінде, жүктің орнықты бекітілуін, сонымен қатар жарық беру аспаптары мен тіркеменің тежеуіш жұмысын мерзім сайын тексеріңіз.

Қашықтық

Қозғалыс кезінде, алда келе жатқан автокөлікке дейінгі әдеттегі қашықтықтан кем дегенде екі есе аспайтын қашықтықты сақтаңыз. Бұл оқыс тежелу мен кілт бұрылуларды талап ететін жағдайларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Басып озу

Тіркемені сүйрету кезінде, басып озу үшін қажетті қашықтық арттырылады. Бұдан басқа, автопойыз ұзындығының артуы салдарынан, бұрынғы жолаққа қайта оралу басып озған автокөлікке дейін біршама үлкен ара қашықтықты талап етеді.

Артқы жүріспен қозғалу

Рөлдік дөңгелекті бір қолыңызбен төмен қарай ұстаңыз. Содан кейін, тіркемені солға жылжыту үшін, жай ғана қолды солға қозғалтыңыз.

Тіркемені оңға жылжыту үшін, қолды оңға жылжытыңыз. Артқы жүріспен мүмкіндігінше баяу қозғалыңыз және қозғалысты бағыттай отырып, әлдекімнен көмек сұраңыз.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 69

Бұрылыстарда қозғалу

Тіркемені сүйрете отырып, әдеттегіден анағұрлым бірқалыпты бұрылыстар жасаңыз.
Мұны, тіркеме шет жаққа шығып кетпейтіндей, ол жиектатарға, жол белгілеріне немесе басқа да нысандарға соғылмайтындай етіп жасаңыз. Жұлқулар мен оқыс әрекеттерге жол бермеңіз. Бұрылыс сигналдарын күні бұрын қосыңыз.

Бұрылыс көрсеткіштері

Тіркемені сүйретуші автокөлікті, қосымша бұрылыс көрсеткіштерінен және сымдармен жабдықтау қажет. Аспаптар панеліндегі жасыл тілшік, бұрылыс немесе қозғалыс жолағын ауыстыру жөнінде сигнал берген кезде жыпылықтайды. Тіркеменің дұрыс қосылған жарық беру аспаптары, сол секілді басқа жүргізушілерді сіздің бұрылысты орындауға, қозғалыс жолағын ауыстыру немесе тоқтату ниетіңіз жөнінде ескере отырып жыпылықтайды.

Тіркемені сүйрету кезінде, аспаптар панеліндегі жасыл тілшіктер, тіпті, егер тіркемедегі шамдар жанып кеткен жағдайда да жыпылықтайтын болады. Бұл ретте, сіз артта ілесіп келе жатқан автокөліктердің жүргізушілерінің сигналдарды көріп тұр деп шамалайсыз, ал іс жүзінде сигналдар болмайды. Сондықтан да, тіркеме шамдарының ақаусыздығын мерзім сайын тексеру маңызды. Сонымен қатар, электр сымдар жүйесінің жалғағыштарын ағыту және қайта қосқан кезде, жарық беру аспаптарының жұмысын міндетті түрде тексеріңіз.

Тіркеменің жарық беру жүйесін автокөліктің жарық бру жүйесіне тікелей қоспаңыз. Қолдану үшін рұқсат етілген тіркеме сымдар бумасын қолданыңыз. Осы талаптарды орындамау, автокөліктің электр жүйесінен зақым алуға және/немесе жарақатануға алып келуі мүмкін. Көмек үшін, HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгініңіз

Еңісте жүргізу

Ұзаққа созылған немесе құламалы еңісте қозғалысты бастар алдында, жылдамдықты азайтыңыз және төмендетілген берілісті қосыңыз. Егер төмендетілген берілісті қоспаса, тежелуді жиі қолдануға тура келеді, ал бұл тежегіштің қызып кетуіне және олардың тиімділігінің төмендеуіне алып келеді.

Ұзаққа созылған өрлерде қозғалтқыштың және беріліс қораптарының қызып кетуін болдырмау үшін, төмендетілген берілісті қосыңыз және жылдамдықты шамамен 70 км/с (45 миль/с), дейін азайтыңыз.

Егер автокөлік автоматты беріліс қорабымен жарақталса, онда тіркемені сүйрету кезінде тежегішсіз тіркеменің максималды рұқсат етілген массасынан асатын массамен D (Қозғалыс) режимінде қозғалу қажет

Тіркемені сүйрету кезінде, D (Қозғалыс) режимінде автокөлікті басқару тежеуіш жүйе температурасының артуын мейлінше төмндетуге мүмкіндік береді және беріліс қорабының қызмет мерзімін ұзартады.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 70

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Қозғалтқыш пен беріліс қорабының қызып кетуін болдырмау үшін, келесі ережелерді сақтаңыз:

- Тік өрлерде тіркемені сүйрету кезінде (6%-дан астам) , қозғалтқыштың қызып кетуіне жол бермеу үшін, қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткішіне ерекше назар аударыңыз. Егер салқындатқыш сұйықтық температурасыннң көрсеткіші «130 градус» немесе «H (жоғары температура)» шкала аймағына кіретін болса, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және қозғалтқышты бос жүріс режиміне, ол суығанша ауыстырыңыз. Қозғалтқыш жеткілікті дәрежеде суығаннан кейін, қозғалысты жалғастыруға болады.
- Тіркемені сүйрету кезінде, сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығы, жалпы көлік құралдарының жылдамдығына қарағанда біршама төмен болуы ықтимал. Тік өрлерде тіркемені сүйрету кезінде, оң жақ жолақты ұстаныңыз. Автокөлік жылдамдығын, автопойыздар үшін көзделген максималды рұқсат етілген жылдамдықты, еңіс ылдилылығын және тіркеме массасын есепке ала отырып таңдаңыз.

Еңістегі тұрақ

Жалпы жағдайларда, тіркеме жалғанған автокөлікті еңістегі тұрақтарға қоюға болмайды.

Алайда, егер тіркемесі бар автокөлікті дегенмен еңісте қою қажет болса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. автокөлікті тұрақтарға арналған орынға шығарыңыз.
2. Рөлдік дөңгелекті жиектас (оңға, егер автопойыз құламаға қарай қойылса және оңға, егер автопойыз өр жаққа қойылса) жағына бұрыңыз.
3. Селектор иінтірегін автоматты беріліс қорабы бар автокөлікте P (Тұраққа қою) күйіне немесе механикалық беріліс қорабы бар автокөлікте бейтарап күйге ауыстырыңыз.
4. Тұрақ тежегішін іске қосыңыз және қозғалтқышты тоқтатыңыз.
5. Тіркеме дөңгелектерін еңістің төменгі бөлігі жағынан тұрақ қалыптарымен бұғаттаңыз.
6. Қозғалтқышты іске қосыңыз, тежегіш басқысын басыңыз, беріліс қорабын бейтарап күйге ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін жіберіңіз және тіркеме дөңгелектері тұрақ қалыптарына тірелуі үшін, тежегіші басқысын баяу жіберіңіз.
7. Тежегіш басқысын қайтадан басыңыз және тұрақ тежегішін іске қосыңыз.
8. Селектор иінтірегін P (тұраққа қою) күйіне (автоматт беріліс қорабы бар автокөліктер үшін) ауыстырыңыз; берілісті ауыстыру иінтірегін, егер автокөлік өрде немесе артқы жүріс күйінде тоқтатылса, егер автокөлік құламада (механикалық беріліс қорабы бар автокөліктер үшін) тоқтатылса, беріліс күйіне ауыстырыңыз.
9. Қозғалтқышты тоқтатыңыз және тежегіш басқысын жіберіңіз, бірақ тұрақ тежегішін іске қосулы қалпында қалдырыңыз.

Ауыр жарақаттар және қаза болу ықтималдығын жою үшін, келесі ережелерді сақтаңыз.

- **Автокөліктен, тұрақ тежегіші іске қосылғанша шықпаңыз. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, автокөліктің бақыланбайтын қозғалысы басталуы мүмкін. Бұл жүргізушінің немесе оның қасында тұрған адамдардың ауыр жарақаттануына немесе қаза болуына алып келуі мүмкін.**
- **Өрлерде акселератор басқысының көмегімен автокөлікті ұстап тұрмаңыз.**

Автокөлікті еңістегі тұрақтан кейін жүргізу

1. Селектор иінтірегі P (Тұраққа қою) (автоматты беріліс қорабы бар автокөлікте) күйінде немесе бейтарап күйде (механикалық беріліс қорабы бар автокөлікте) тұрған кезде, келесі әрекеттерді орындай отырып, тежегіш басқысын басылған үйіне ұстаңыз.
   - Қозғалтқышты іске қосыңыз.
   - Берілісті қосыңыз.
   - Тұрақ тежегішін жіберіңіз.
2. Тежегіш басқысынан аяқты ақырын алыңыз.
3. Автопойызды, тіркемені тұрақ қалыптарынан босату үшін ақырын жылжытыңыз.
4. Сақтаудағы тұрақ қалыптарын көтеру және алып тастау үшін, автопойызды тоқтатыңыз.

Тіркемені сүйрету кезінде техникалық қызмет көрсету

Тіркемені ұдайы сүйету кезінде, автокөлікке қызмет көрсетуді жиілету қажет. Мотор майына, автоматты беріліс қораптарына арналған сұйықтыққа, жетекті көпір майларына және салқындатқыш жүйе сұйықтығына ерекше назар аудару қажет. Сонымен қатар, тежеуіш жүйенің күйін жиірек тексеріп отыру маңызды. Егер, сіз тіркемесі бар автокөлікті жүргізтін болсаңыз, жолға шықпас бұрын осы бөлімдерді қарап шығыңыз. Тіркемені және тіркеу құрылғыларына қызмет көрсетуді ұмытпаңыз. Тіркемеге қоса берілген техникалық қызмет көрсету кестесін сақтаңыз және оны мерзім сайын тексеріңіз. Күн сайын пайдалануды бастамас бұрын, автокөлік пен іркемені тексерген жөн. Тіркеу құрылғыларының бекіткішін тексеріңіз және оның автокөлікте орнықты бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Тіркеменің электр сымдарын тексеріңіз және тоқтату сигналдарының, бұрылыс көрсеткіштерінің, габаритті фонарьлардың және авариялық дабыл бергіштің тиісті жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Автокөліктің зақымдалуын жою үшін келесі ережелерді сақтаңыз.

- Ыстық күні немесе өрмен қозғалған кезде, тіркеменің болуына негізделген жоғары жүктеме, қызып кетуді тудырады. Егер салқындатқыш сұйықтығы температурасының көрсеткіші қызып кетуді көрсететін болса, кондиционерді сөндіріңіз және қозғалтқышты суыту үшін қауіпсіз жерге тоқтаңыз.
- Сүйрету кезінде, автоматты беріліс қорабындағы жұмыс сұйықтығының деңгейін жиі тексеріңіз.
- Егер автокөлік кондиционермен жабдықталмаса, тіркеменің сүйрету кезінде қозғалтқыштың сипаттамасын жақсарту үшін, радиаторды салқындату үшін қосымша желдеткіш орнатыңыз.

GSr Rus 5_LM (FL).qxd 27.03.2017 10:40 Страница 72

АВТОКӨЛІК МАССАСЫ

Жүргізуші есігінде автокөліктің рұқсат етілген жүктемесі көрсетілген екі кестеше бар: шиналар жүктеме жөнінде ақпараттары бар кестеше және сертификаттау кестесі.

Автокөлікке жүктер алдында, сертификаттау кестешесіндегі деректер бойынша автокөліктің массалық сипаттамаларын түсінуге мүмкіндік беретін, келесі терминдермен танысып шығыңыз.

Толықтай жабдықталған автокөліктің жеке массасы

Бұл автокөліктің, оған қоса толықтай май құйылған отын бағы мен барлық стандартты жабдықтардың массасы. Бұған жолаушылардың, жүктер мен қосымша жабдытардың массасы кіреді.

Автокөліктің жеке массасы

Бұл дилердік орталықтан алынған жаңа автокөліктің массасы, оған қосымша жабдықтардың кейбір элементтері орнатылған.

Жүктің массасы

Бұл параметр, толықтай жабдықталған автокөліктің жеке массасына қосылатын барлық компоненттердің массасын, оған қоса жүк және қосымша жабдықтарды қамтиды.

Көпірдегі толық жүктеме (GAW)

Бұл әр оське (алдыңғы және артқы) келетін толық масса- автокөліктің жеке массасы мен барлық пайдалы жүктемені қоскқанда.

Көпірдегі толық номиналды жүктеме (GAWR)

Бұл белгілі оське (алдыңғы немесе артқы) рұқсат етілген, максималды рұқсат етілген массасы. Бұл мәндер сертификаттау кестешесінде көрсетілген. Әр осьтегі жалпы жүктеме GAWR мәнін асып кетпеуі тиіс.

Автокөліктің толық массасы (GVW)

Бұл жүк массасы мен жолаушылар массасымен толық жабдықталған автокөліктің жеке массасы.

Автокөліктің номиналды толық массасы (GVWR)

Бұл толық жабдықталған автокөліктің (қосымша жинақталымдағы барлық элементтердің, жабдықтардың, жолаушылар мен жүктің массасын қоскқанда) максималды рұқсат етілген массасы. Автокөліктің максималды толық массасы (GVWR) жүргізуші есігінде орналасқан сертификаттау кестешесінде көрсетілген.


Сіздің автокөлігіңіз үшін көпірдегі толық номиналды жүктеме (GAWR) және автокөліктің номиналды толық массасы (GVWR) жүргізуші (немесе алдыңғы жолаушы) есігінде бекітілген сертификаттау кестешесінде көрсетілген. Осы номиналдық жүктемелерді асыру авариярға немесе автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Оларды автокөліктерге қоймас бұрын заттарды (және адамдарды) өлшеп, жүктеме массасын есептеуге болады. Абай болыңыздар, автокөлікті артық жүктемеңіз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 1

Авариялық жарық дабыл бергіші 6-2
Қозғалыс кезінде күтпеген жағдайлар болған жағдайда 6-2
Егер қозғалтқыш өшіп қалса..... 6-3
Егер қозғалыс кезінде шиналар төмен түсіп кетсе..... 6-3
Егер қозғалтқышты іске қосу мүмкін болмаса 6-4
Егер қозғалтқыш айналмаса немесе баяу айналса 6-4
Егер қозғалтқыш қалыпты айналса, бірақ іске қосылмаса 6-4
Қозғалтқышты сыртқы қуат көздерден іске қосу... 6-4
Егер қозғалтқыш қызып кетсе 6-8
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS, A типі).....6-10
Шиналардағы төмен қысымды дабыл бергіш 6-11
TPMS жүйесінің ақаулықтар индикаторы 6-12
TPMS жүйесі бергішімен шиналарды ауыстыру..... 6-13
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS) (B типі)..... 6-16
Шиналы манометр (бар болса)..... 6-16
Шиналарда қысымды бақылау жүйесі..... 6-17
Шиналардағы төмен қысымы дабыл бергіші 6-18
Төмен қысымды шиналардың орналасу индикаторы және шиналардағы қысым индикаторы.....6-18
TPMS жүйесіндегі ақаулықтар индикаторы malfunction indicator.....6-19
TPMS жүйесібергішімен шиналарды ауыстыру 6-20
Егер шиналар төмен түссе 6-22
Домкрат және құралдар.....6-22
Дөңгелектерді ауыстыру 6-23
Домкрат жапсырмасы.....6-27
Домкрат үшін ЕС нормативтеріне сәйкестік туралы өтінім 6-28
Сүйрету 6-29
Сүйрету қызметі.....6-29
Алмалы-салмалы тіркеу арқан ілмегі.....6-30
Авариялық сүйрету.....6-31
Авариялық жиынтық.....6-33
Өрт сөндіргіш.....6-33
Дәрі қобдишасы 6-33
Авариялық тоқтату белгісі 6-33
Шиналы манометр 6-33
ERA-GLONASS шұғыл шақыруы 6-34
ERA-GLONASS жүйесі 6-35

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Page 6

АВАРИЯЛЫҚ ЖАРЫҚ ДАБЫЛ БЕРГІШІ



Авариялық дабыл бергіші, басқа жүргізушілерді аталған көлік құралдарының қасында тұрған кезде өте сақтық сақтау қажеттілігі жөнінде ескерту ретінде қолданылады.

Ол авариялық жағдайларда жөндеу жүргізу немесе автокөлікті жол шетіне тоқтату кезінде қолданылуы тиіс.

Авариялық жарық дабыл бергішін қосу немесе сөндіру үшін, оталдыру кілті кез келген күйде тұрған кезде, авариялық дабыл бергіш ажыратқышын басу қажет. Ажыратқыш аспаптар панелінің орталық бөлігіндегі жақтаушада орналасқан. Барлық бұрылыс сигналдары бір мезгілде қосылады.

- Авариялық дабыл бергіш көлік құралының қозғалатынына немесе тоқтайтынына қармастан, жұмыс істей алады.
- Авариялық жарық дабыл бергіші қосылған кезде, бұрылыс көрсеткіштері жұмыс істемейді.

ҚОЗҒАЛЫС КЕЗІНДЕ КҮТПЕГЕН ЖАҒДАЙЛАР БОЛҒАН КЕЗДЕ

Егер қозғалтқыш қозғалыс кезінде сөніп қалса

- Тіке жүруді жалғастыра отырып, жылдамдықты біртіндеп азайтыңыз. Жол шетіндегі қауіпсіз жерге абайлап тоқтаңыз.
- Авариялық жарық дабыл бергішін қосыңыз.
- Қозғалтқышты іске қосуға тырысыңыз. Егер көлік құралының қозғалтқышын іске қосу мүмкін болмаса, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Егер қозғалтқыш қиылыста немесе өткелде өшіп қалса

Егер қозғалтқыш қиылыста немесе өткелде тоқтаса, берілісті ауыстыру иінтірегін N (бейтарап) күйінде орнату және көлік құралын қауіпсіз жерге домалатып апару қажет.

Егер қозғалыс кезінде шиналар төмен түссе

Егер шиналар қозғалыс кезінде төмен түсе бастаса:

- Акселератор басқысынан аяғыңызды алыңыз және автокөлікке жылдамдықты түсіруге мүмкіндік бере отырып, тіке жүруді жалғасырыңыз. Тежелуге және жол шетіне жүруге болмайды, себебі бұл автокөлікті басқарудан айырылуға алып келуі және авариядағы себеп болуы ықтимал. Жылдамдықты қауіпсіз деңгейге дейін түсіргеннен кейін, абайлап тежелуге болады, содан кейін автокөлікті жолдың шетіне тоқтату қажет. Тоқтату үшін беті қатты, мүмкіндігінше жолдан алыс орналасқан тегіс учаске таңдап алынуы тиіс. Автомагистральдің бөлу жолағына тоқтауға тыйым салынды.
- Автокөлікті тоқтатқаннан кейін, авариялық дабыл бергіш ажырақышын басу, берілісті ауыстыру иінтергін P (автоматты беріліс қорабы) күйіне немесе бейтарап күйге (механикалық беріліс қорабы) орнату, тұрақ тежегішін іске қосу және оталдыру ажыратқышын LOCK/OFF күйіне ауыстыру қажет.
- Барлық жолаушылар көлік құралынан шығуы тиіс. Бұл ретте, олар жолдың қарама-қарсы жағындағы тұрған көлік құралында болуы тиіс.
- Дөңгелектерді ауыстыру кезінде, осы тараудың бұдан кейін келтірілген нұсқаулықтарын сақтаңыз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 4-бе

ЕГЕР ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСУ МҮМКІН БОЛМАСА

Егер қозғалтқыш айналмаса немесе баяу айналса

- Берілісті ауыстыру иінтірегінің, егер бұл автоматты беріліс қорабы бар автокөлік болса, N (бейтарап) немесе P (тұраққа қою) күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз. Қозғалтқышты іске қосу берілісті ауыстыру иінтірегін N (бейтарап) немесе P (тұраққа қою) күйінде орнатқан жағдайда ғана мүмкін болады.

Аккумулятор батаре

- яларының сыртқа шығарылатын өткізгішінің қосылыстарын тексеріңіз және олардың таза әрі жақсы тартылғанына көз жеткізіңіз.
- Салон жарығын қосыңыз. Егер шамдар қараңғыланса немесе стартерді қосқан кезде өшсе, аккумулятор батареясының қуат таусылған .

6-4

Автокөлікті сүйрету немесе итеру арқылы қозғалтқышты іске қосуға әрекеттенбеңіз. Бұл автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
Осы тарауда келтірілген, қозғалтқышты сыртқы қуат көздерінен іске қосу бойынша нұсқаулықтарды қар.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлікті сүйрету немесе итеру арқылы қозғалтқышты іске қосуға әрекетену, каталикалық бейтараптандырғышқа көп мөлшерде отынның түсіп кетуіне әкеледі, бұл шығарындыларды бақылау жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Егер қозғалтқыш қалыпты айналса, бірақ іске қосылмаса

- Отын деңгейін тексеріңіз және қажет болған жағдайда отынды құйыңыз.

Егер қозғалтқыш бұрынғысынша іске қосылмаса, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ СЫРТҚЫ ҚУАТ КӨЗДЕРІНЕН ІСКЕ ҚОСУ

Қозғалтқышты сыртқы қуат көздерінен іске қосу, егер қате орындалса қауіп төндіруі мүмкін. Ауыр жарақаттануды немесе көлік құралдарының зақымдалуын болдырмау үшін, осы бөлімде келтірілген қозғалтқышты сыртқы қуат көздерінен іске қосу шараларын сақтау маңызды. Қозғалтқышты сыртқы қуат көздерінен іске қосуды орындау мүмкіндігіне сенімділік жоқ болған кезде, қызмет көрсету бойынша мамандардың немесе эвакуатордың қызметтерін пайдалану ұсынылады.

Ықтимал АУЫР ЖАРАҚАТТАР немесе ӨЛІМДІ ескерту үшін, аккумулятор батареяларының қасында жұмыстар орындаған кезде немесе оған қызмет көрсету кезінде, әрдайым келесі сақтық шараларын қолдану қажет:



Аккумулятор батареясымен жұмысты бастар алдында, төменде келтірілген нұсқаулықтарды оқып шығу қажет.



Электрлит шашырауынан көзді қорғау үшін, қорғаныс көзәйнектерін қолдану қажет.



Аккумулятор батареяларына тікелей жақын тұрғанда ашық отты қолдануға немесе шылым шегуге тыйым салынады.



Аккумулятор батареясы элементтерінде әрдайым тез тұтанатын газ тәрізді сутегі болады, ол жарылып кетуі мүмкін.

(жалғасын қар.)

(жалғасы)



Аккумулятор батареялары балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы тиіс .



Аккумулятор батареяларында күкірт қышқылы бар, ол күшті тұтануды тудырады. Қышқылдың көзге, сонымен қатар теріге немесе киімге тиіп кетуіне жол беруге болмайды.

Қышқыл көзге тиіп кеткен кезде, 15 минуттан кем емес уақытта көзді таза сумен жуу және медициналық көмекке жүгіну қажет. Қышқыл теріге тиіп кеткен кезде, зақымдалған жерді мұқият жуу қажет. Егер зақымданған жер ауырса немесе күйік белгілері болса, дереу медициналық көмекке жүгіну қажет. Аккумулятор батареясын көтерген кезде, пластмасса корпусын шамадан тыс басу, аккумулятор қышқылының төгілуіне алып келуі мүмкін. Аккумулятор батареясын оны тасымалдауға арналған арнайы айла-бұйымның көмегімен немесе

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

қарама қарсы бұрыштарын қолмен ұстап ұстау қажет.

- **Қозғалтқышты, егер автокөлікте орнатылған аккумулятор батареясындағы электролит қатып қалса, сыртқы қуат көздерінен іске қосуға жол бермеңіз.**
- **Аккумулятор батареясын, егер ол көлік құралына қосылса, қуаттауға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**
- **Оталдыру жүйесі жоғары кернеумен жұмыс істейді. Қозғалтқыш ON күйінде жұмыс істеп тұрған кезде, осы компоненттерге жақындауға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

Сыртқы қуат көздерінен іске қосу үшін кабельдерді (+) және (-) өзара тигізуге жол берілмейді. Бұл ретте, ұшқын пайда болуы мүмкін. Аккумулятор батареясы, егер қуаты таусылған немесе қатып қалған аккумулятор батареясынан келетін сыртқы қуат көзінен іске қосуға әрекет ететін болса, шытынап кетуі немесе жарылып кетуі мүмкін.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 6-бе

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Автокөліктің зақымдалуын болдырмау үшін келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- Қозғалтқышты іске қосу үшін, тек 12-вольтті қуат беру көзі (аккумулятор батареясы немесе басқа қуат беру көзі) қолданылуы тиіс.
- Автокөлікті сүйрету немесе итеру арқылы қозғалтқышты іске қосуды орындауға жол берілмейді.


Ақпараттар



Батареяларды тиісті кәдеге жаратпау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерін тигізуі мүмкін. Аккумулятор батареяларын кәдеге жарату жергілікті заңдар мен нормаларға сәйкес жүргізілуі тиіс.

Қозғалтқышты сытқы қуат көздерінен іске қосу шаралары

1. Автокөлікті, сыртқы қуат көздерінен іске қосуға арналған кабельдердің ұзындығы жеткілікті болуы үшін, бір-бірінен біршама жақын ара қашықтықты орналастырыңыз
2. Тіпті егер автокөлік қозғалтқышы тоқтап тұрса да, желдеткішпен және мотор бөлігіндегі кез келген басқа қозғалып тұрған бөлшектермен байланысуынан аулақ болу қажет.
3. Барлық электр құрылғыларын сөндіріңіз, атап айтқанда, радиоқабылдағыш, жарық беру аспаптары, кондиционер және т.б. Берілісті ауыстыру иінтірегін P (автоматты беріліс қорабы) күйіне немесе бейтарап күйге (механикалық беріліс қорабы) орнатыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз. Екі автокөліктің қозғалтқышы тоқтатылуы тиіс.



4. Қозғалтқышты сыртқы қуат беру көздерінен (іске қосу кабельдері) іске қосуға арналған кабельдерді суретте көрсетілген тізбекпен қатаң басшылыққа ала отырып жалғаңыз. Алдымен, іске қосу кабелінің бір ұшын тоғы ажыратылған АКБ (1) қызыл плюсті (+) сыртқы шығарылған өткізгішіне жалғаңыз.
5. Содан кейін, іске қосу кабелінің екінші ұщын қосалқы батареяның (2) плюсті сыртқы шығарылған өткізгішіне жалғаңыз.
6. Екінші іске қосу кабелінің бір ұшын қосалқы автокөлік (3) шассийіндегі АКБ/ «масса» қара теріс (-) сыртқа шығарылған өткізгішіне жалғаңыз.
7. Іске қосу кабелінің екінші ұшын, тоғы ажыратылған АКБ (4) автокөлік шассийі «массасына» жалғаңыз.
8. Кабельдерді АКБ тиісті сыртқа шығарылатын өткізгіші, сыртқы қуат көздерінен іске қосуға арналған сыртқа шығарылатын өткізгіш немесе тиісті (массалардан» басқа, қандай да бір басқа жерлерге жалғауға жол берілмейді. Қосылу жүргізілген кезде, аккумулятор батареясы үстіне еңкеюге жол берілмейді.
9. Қуатталған батареясы бар автокөлікте қозғалтқышты іске қосыңыз және оған бірнеше минут шамамен 2000 айн/мин жиілікпен жұмыс істеуіне мұрша беріңіз. Содан кейін, автокөл қозғалтқышын қуатталған аккумулятор батареясымен іске қосуды орындаңыз. Егер қозғалтқышты бірнеше әрекеттерден кейін іске қосу мүмкін болмаса, техникалық қызмет көрсетуді орындау қажет. Бұл жағдайда, білікті маманға көмекке жүгіну қажет. Егер аккумулутор батареясы қуатының таусылу себебі белгілі болмаса, тексеруді орындау үшін, автокөлікті HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жеткізу қажет.

Сыртқы қуат көздерінен іске қосу үшін, кабельдерді кері тізбектілікте ажырату қажет:


1. Іске қосу кабелін қуаты токтан ажыратылған АКБ (4) бар автокөлік шассийінің «массасынан» ажыратыңыз.
2. Іске қосу кабелінің екінші ұшын, қуатталған АКБ (3) бар автокөлік шассийіндегі АКБ / «масса» қара теріс (-) сыртқа шығарылатын өткізгішінен ажыратыңыз.
3. Іске қосу кабелінің екінші ұшын қуатталған АКБ (2) бар автокөлікте сыртқы қуа көзінен іске қосу үшін, АКБ / сыртқы шығарылған өткізгіш оң (+) қызыл сыртқа шығарылатын өткізгішінен ажыратыңыз
4. Іске қосу кабелінің екінші ұшын токтан ажыратылған АКБ (1) оң (+) қызыл сыртқа шығарылатын өткізгішінен ажыратыңыз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 8

ЕГЕР ҚОЗҒАЛТҚЫШ ҚЫЗЫП КЕТСЕ

Егер температура көрсеткіші қызып кеткенін көрсетсе, қуаттың жоғалуы сезілсе, қатты тарсыл немесе детонация етілсе, онда қозғалтқыш қызып кетуі мүмкін. Егер осылай болса, сіз төмендегілерді орындауға тиіссіз:

1. Жолдан мүмкіндігінше тезірек шығып кету және қауіпсіз жерге тоқтау.
2. Берілісті ауыстыру иінтірегін P (автоматты беріліс қорабы) күйіне немесе бейтарап күйге (механикалық беріліс қорабы) орнатыңыз және тұрақ тежегішін қосыңыз. Егер ауа кондиционері жұмыс істесе, оны сөндіру қажет.
3. Егер қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы көлік құралдарынан ағатын болса немесе капот астынан бу шықса, қозғалтқышты сөндіру қажет. Салқындатқыш сұйықтық пен будың шығуы тоқтағанша, капотты ашуға болмайды. Егер салқындатқыш сұйықтықтың ағуы көрінбесе, жұмысты тастау қажет, бұл ретте қозғалтқыштың салқындату жүйесі желдеткішінің жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізу қажет.



Ауыр жарақаттарды болдырмау үшін, қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде қозғалып тұрған бөлшектерге, атап айтқанда салқындату жүйесінің желдеткіші мен жетекті белдіктерге жақындауға болмайды.

Егер желдеткіш жұмыс істемесе, қозғалтқышты сөндіру қажет.

3. Радиатордың салқындатқыш сұйықтығының аққан жерінің жоқ екенін, шлангтер мен автокөлік астындағы кеңістікті тексеру. (Егер кондиционер қолданылса, онда автокөлік тоқтағаннан кейін одан салқынның судың ағуы қалыпты болып саналады.)
3. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы аққан болса, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.



Егер қозғалтқыш әлі суымаған болса, радиатор қақпағын ашуға немесе ағызатын тығынды бұрауға БОЛМАЙДЫ. Ыстық салқындатқыш сұйықтықтың және қысымдағы тұрған будың атылуы мүмкін, бұл ауыр жарақаттануға себеп болуы ықтимал.

Қозғалтқышты тоқтату және оның салқындауын күту қажет. Радиатор қапқағын шешкен кезде, өте абай болыңыз. Бұл үшін, қақпағын қалың майлықпен орау және оны баяу сағат тіліне қарсы бағытта бірінші тоқтағанға дейін бұру қажет. Салқындату жүйесінен қысымды өршіту кезінде аулақ кетіңіз. Барлық қысымы өршітілген кезде, қақпақты басыңыз және оны тағы бір рет радиатордан ақырғы рет шешіп алу үшін, сағат тіліне қарсы бағытта бұрыңыз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 9

4. Егер қызып кету себебін табу мүмкін болмаса, қозғалтқыш температурасы нормаға қайта оралғанша күту қажет. Содан кейін, қажет болған жағдайда кеңейткіш бөшкеге орташа деңгейге дейін салқындатқыш сұйықтықты абайлап қосу қажет.
5. Қызып кету белгілерін қадағалай отырып, қозғалысты абайлап жалғастыру. Қызып кету қайтадан туындаған жағдайда, көмек үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгініңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Салқындатқыш сұйықтықтың айтарлықтай шығыны салқындату жүйесінде аққан жерлердің болуын көрсетеді, сондықтан да жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгіну ұсынылады.**
- **Егер қозғалтқыш салқындатқыш сұйықтықтың төмен деңгейде болуынан қызып кетсе, қозғалтқышқа көп мөлшерде салқындатқыш сұйықтықты қосқан кезде, жарықшақтар пайда болуы мүмкін. Салқындатқыш сұйықтықтың зақымдалуын болдырмау үшін, баяу шамалы мөлшермен қосу қажет.**

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 10

ШИНАЛАРДАҒЫ ҚЫСЫМДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (TPMS) (А ТИПІ)



Шиналардағы төмен қысымды индикатор/ TPMS ақаулықтар иникаторы

Суық күн райында шиналардағы қысымды, оған қоса қосалқы дөңгелектерді (бар болса) ай сайын тексеру және қажет болған кезде, шиналардағы қысымды, дайындаушымен ұсынылған деңгейге дейін (ұсынылған мәндер автокөлікті ңақпараттық кестешесінде немесе шиналардағы қысым туралы ақпараттары бар жапсырмада көрсетілген) қажет. (Егер автокөлікте кестешеде көрсетілген өлшемнен өзгеше шиналар орнатылса, олар үшін тиісті қысым деңгейін анықтау қажет Қосымша қауіпсіздік жүйесі ретінде, автокөлік шиналарда қысымды бақылау жүйесімен (TPMS) жабдықталуы тиіс, ол шиналардағы төмен қысымды дабыл бергіштің көмегімен бір немесе бірнеше шиналарда қысымды біршама төмендеу индикациясын қамтамасыз етеді. Егер шиналарда төмен қысымды дабыл бергіш жанса, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек тоқтату, шиналардың күйін тексеру және ондағы қысымды нормаға дейін жеткізу қажет. Шиналарда төмен қысым болған кезде қозғалысты жалғастыру, шиналардың қызып кетуіне және механикалық бұзылуына алып келуі мүмкін. Жеткілікті үрілмеген шиналарды пайдалану, сол секілді отын шығынының өсуіне, шиналарды қызмет мерзімінің қысқаруына алып келеді, сонымен қатар автокөлікті басқаруға және тежеу жолының ұзындығына әсер етеді.

TPMS жүйесін қолдану TPMS жүйесіндегі шиналардағы төменгі қысым дабыл бергіші іске қосылу үшін қысым деңгейінің төмендеуі жеткіліксіз болса да, шиналарға дұрыс қызмет көрсету және оларда тиісті қысымды ұстап тұру қажеттілігінің болмауын білдіреді.

Автокөлікте, сонымен қатар жүйенің дұрыс жұмысына бақылауды қамтамасыз ететін, TPMS жүйесінің ақаулықтар индикаторы қарастырылған. TPMS ақаулықтар индикаторы шиналардағы төмен қысымды индикаторлармен біріктірілген. Жүйе ақаулықты тапқан кезде, индикатор шамамен бір минут ішінде жыпылықтайды, содан кейін үздіксіз жарқылдауын жалғастырады

Индикатор ақаулық болғанша, қозғалтқышты іске қосқаннан кейін тұрақты жанып тұрады. Ақаулық индикаторы жанып тұрған кезде, жүйе шиналардағы төмен қысым туралы табу немесе дабыл беру күйінде болмауы мүмкін

TPMS жүйесінің ақаулықтары әртүрлі себептерден, оған қоса шиналар немесе дөңгелектерді қате орнату немесе ауыстырудан туындауы мүмкін. Бір немесе бірнеше шиналар немесе дөңгелектерді ауыстырмас бұрын, сонымен қатар дөңгелектерді қайта ауыстырғаннан кейін, TPMS жүйесінің жұмыс жарамдылығына көз жеткізу үшін, әрдайым TPMS жүйесінің ақаулықтар индикаторының көрсетулерін тексеріңіз.

i Ақпараттар

Егер TPMS индикаторы оталдыру кілтін ON күйіне бұрғаннан кейін немесе қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде 3 минут ішінде жанбаса не болмаса шамамен бір минут ішінде жыпылықтағаннан кейін жанса, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Шиналардағы төмен қысым дабыл бергіші

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ескерту индикаторы қосылса, бұл бір немесе бірнеше шиналарда қысымның ұсынылғаннан едәуір төмен екенін білдіреді.

Индикатор құрылғысының кез келген шамы қосылған кезде, оқыс бұрылыстарды болдырмай, тежеуіш жолдың көбейтілуі мүмкін екенін ескеріп жылдамдықты дереу түсіріңіз. Мүмкіндігінше тезірек тоқтау және шиналарды тексеру қажет. Шиналарды автокөліктің ақпараттық кестешесінде немесе жүргізуші жағындағы орталық бағанның сыртқы панелінде орналасқан, шиналардағы қысым туралы ақпараттары бар жапсырмада көрсетілген қысымның тиісті деңгейіне дейін үріңіз. Егер техникалық қызмет көрсету станцияларына жету мүмкін болмаса немее егер шиналадағы қысым ауа үрлегеннен кейін тиісті деңгейді ұстап тұрмаса, төмен түскен шиналары бар дөңгелектерді қосалқы дөңгелектерге ауыстырыңыз.

⚠НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Суық күн райында шиналардағы төмен қысымды дабыл бергіші, егер шинада жылы күн райы үшін ұсынылған қысым орнатылса, жануы мүмкін. Бұл TPMS жүйесінің ақаулықтарын білдірмейді, себебі температураның төмендеуі, шиналардағы қысымның тепе-тең төмендеуіне алып келеді.

Төмен температуралы облыстан жоғары температуралы облысқа қозғалған кезде және керісінше, егер сыртқы температура айтарлықтай жоғары немесе төмен болса, шиналардағы қысымды тексеру және оны ұсынылған қысымға дейін жеткізу қажет.

Содан кейін, шиналардағы төмен қысым индикаторы шамамен бір минут ішінде жыпылықтауы, ал содан кейін үздіксіз, қозғалтқышты кезекті іске қосқан кезде және шамамен 20 минут үздіксіз қозғалу кезінде, төмен қысымды дөңгелек жөнделгенше және ауыстырылғанша жыпылықтауы мүмкін.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 12

Төмен қысымның қауіптілігі

Шиналардағы тым төмен қысым автокөлікті басқарудан айырылуға және тежеу жолының өсуіне алып келуі мүмкін.

Шиналарда төмен қысым кезіндегі қозғалысты жалғастыру, шиналардың қызып кетуіне және механикалық бұзылуына алып келуі мүмкін.



Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақаулық индикаторы (TPMS)

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесіндегі ақаулықтар жағдайында, шиналардағы төмен қысым индикаторы бір минут ішінде жыпылықтай бастайды және содан кейін үздіксіз жана бастайды. Егер жүйе қысымның жетіспеушілігі жөніндегі ескертулерді бір мезгілде жүйе жаңылыстарымен бірге дұрыс анықтай алса, TPMS жүйесінің ақаулықтар индикаторы қосылады.

Жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгінуді ұсынамыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **TPMS жүйесінің ақаулықтар индикаторы, сонымен бірге автокөлік электр тарату кабельдері немесе радиотаратқыштардың жанынан жүрген кезде жанады, мысалы, автокөлік инспекциясы бөлімінің, мемлекеттік мекемелер, радиохабар тарату станциялары, әскери нысандар, әуежайлар, таратушы станциялар және т.б. жанынан. Бұл ретте туындайтын кедергілер, шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) жұмысында жаңылыстар тудыруы мүмкін.**
- **TPMS ақаулықтар индикаторы автокөлікте сырғуға қарсы шынжырларды немесе кейбір жеке сатып алынған аспаптарды қолданған жағдайда жануы мүмкін, атап айтқанда ноутбук, мобильді қуаттау құрылғысы, қашықтық стартер, система спутниктік навигация және т.б. Бұл шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) қалыпты жұмыс істеуіне бөгет жасауы мүмкін.**

TPMS жүйесінің бергіші бар шиналарды ауыстыру

Егер шина төмен түссе, шиналарда төмен қысым индикаторы жанады. Төмен түскен шиналарды тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінуді ұсынамыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шиналарды жөндеу үшін, HYUNDAI компаниясымен мақұлданған құраларды қолдануды ұсынамыз.

Шиналар қысым бергішіндегі шиналы қымтақты, шиналарды ауыстыру кезінде, жаңсына/жөнделгеніне жұлып алып тастау қажет.

Әр дөңгелек шұра соташығы артында орнатылған, ауа қысымы бергішімен жабдықталған. Автокөлікте TPMS жүйесімен үйлестірілген дөңгелектерді қолданылуы тиіс. Шиналарға қызмет көрсетуді, HYUNDAI авторизацияланған дилерінде жүргізу ұсынылады.

Тіпті төмен түскен шиналарды қосалқыға ауыстыру езінде де, шиналардағы төмен қысым дабыл бергіші төмен түскен шиналарға жөндеу жасағанға дейін және оны автокөлікке қайта орнатуға дейін, жыпылықтайтын немес үздіксіз жанатын болады.

Төмен түскен шиналарды қосалқыға ауыстырғаннан кейін, шиналардағы төмен қысым дабыл бергіші бірнеше минуттан кейін жыпылықтауы немесе жануы мүмкін. себебі қосалқы дөңгелекке орнатылған TPMS бергіші іске қосылмаған.

Төмен түскен шиналарды үрлеп алғанғаннан және автокөлікті орнатқаннан кейін, қосалқы дөңгелекте орнатылған TPMS бергішін іске қосу үшін, HYUNDAI компаниясының авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады. TPMS жүйесінің ақаулықтар индикаторы мен шиналардағы төмен қысым индикаторы қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минуттан кейін сөнеді.

Егер қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минуттан кейін индикатор өшірілмесе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орнатылған дөңгелек қосалқыға ауыстыру кезінде, қосалқы дөңгелектегі TPMS бергішін іске қосу қажет. Бастапқы орнатылған дөңгелектегі TPMS бергішін өшіруді HYUNDAI дилерінде орындау ұсынылады. Егер қосалқы дөңгелек ұстатқышында орналасқан TPMS бергіші белсенді болып қалса, шиналарда қысымды бақылау жүйесі үздіксіз жұмыс істей алады. Жүйені HYUNDAI авторландырылған дилерінде қызмет көрсетуді ұсынамыз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 14

Сіз төмен қысымды шиналарды анықтай алмайсыз, жай ғана оған қарай аласыз. Шиналардағы қысымды өлшеу үшін, әрдайым ақаусыз шиналы манометрді қолданыңыз. Ыстық шинаның (автокөліктің қозғалысынан кейін) суық шиналарға қарағанда, анағұрлым жоғары қысымда болатынына назар аударыңыз.

«Суық шина» сөзі автокөліктің 3 сағат бойы тұрып қалғанын немесе осы 3-сағаттық кезең ішінде 1 мильден км емес (1,6 км) жүріп өткенін білдіреді.

Қысымды өлшер алдында, шиналарды суытыңыз. Ұсынылған қысымға дейін үрлеу алдында шиналардың салқын болуын әрдайым қадағалаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер автокөлік шиналардағы қысымды бақылау жүйесімен жабдықталған жағдайда, HYUNDAI компаниясымен мақұлданған шиналы қымтақты қолдануды ұсынамыз. Сұйық қымтақ шинадағы қысым бергішін зақымдауы мүмкін.

TPMS жүйесі

- **Система TPMS жүйесі сыртқы факторлардан туындаған шиналардың кенеттен зақымдалуы жөнінде хабарлауға арналған, мысалы жолдағы үшкір заттармен.**
- **Егер жолдағы автокөліктің әрекеті, тұрақсыз бола түссе, аяқты газ басқысынан дереу алыңыз, бірқалыпты және аздаған күш салумен тежегіш бақысын басыңыз және автокөлікті баяу жол шетіндегі қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.**

TPMS жүйесін қорғау

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін тиісті қолданбау, өзгерту немесе өшіру жүргізушіні шиналардағы қысымның төмендеуі немесе TPMS жүйесінің ақаулықтары жөнінде хабарлау бойынша жүйе мүмкіндіктеріне әсер етуі мүмкін. Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін тиісті қолданбау, өзгерту немесе өшіру аталған автокөлік жүйесіне берілген кепілдіктің жойылуына алып келуі мүмкін.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 15

Европа үшін

- **Көлік құралдарына түрлендіру жүргізуге тыйым салынады, себебі бұл TPMS жүйесінің жұмысы істеуіне әсерін тигізуі мүмкін.**
- **Нарықта қолжетімді дөңгелектер TPMS бергіштерімен жабдықталған.**

  Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, ауыстыруға арналған бөлшектерді HYUNDAI авторландырылған дилерінен қолдану ұсынылады.
- **Егер нарықта қолжетімді дөңгелектер қолданылса, міндетті түрде HYUNDAI дилерімен мақұлданған TPMS бергіштері қолданылуы тиіс. Егер автокөлік TPMS бергішімен жабдықталмаса, TPMS жүйесі тиісінше жұмыс істемейді, автокөлік міндетті техникалық қараудан өтпей қалуы мүмкін.**

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 16

ШИНАЛАРДАҒЫ КРУИЗ-БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (TPMS) (В ТИП)



■ Аспаптар комбинациясындағы дисплей



(1) Шиналардағы төмен қысым / TPMS ақаулықтар индикаторы

(2) Төмен қысымды шиналарды орналастыру индикаторы мен шиналардағы қысым индикаторы (СК-дисплейде бейнеленеді)

Шиналы манометр бар болса)



• Шиналардағы қысымды аспаптар комбинациясындағы ақпараттық режимде тексеруге болады.

3-тараудың «Пайдаланушылар баптаулары» қар.

Шинадағы ауа қысымы қозғалтқышты алған іске қосқаннан кейін бірнеше минуттан кейін бейнеленеді.

• Егер қысым автокөлікті тоқтатқаннан кейін бейнеленбесе, «Drive to display» (Қозғалысты бейнелеу үшін бастаңыз). Қозғалыс басталғаннан кейін, шиналардағы қысымды тексеріңіз.

• Шиналардағы көрсетілген қысым мәндері шиналық манометрдің көмегімен өлшеу кезінде алынған мәндерден өзгеше болуы мүмкін.

• Шиналардағы қысымды өлшеу бірліктерін аспаптар комбинациясындағы пайдаланушы баптауларында өзгертуге болады.

• шаршы дюйм фунты, кПа, барлар

(3-тараудың «Пайдаланушылар баптаулары режимі» бөлімін қар.)

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі

Артық немесе жеткіліксіз қысым шиналардың қызмет мерзімін азайтуы автокөлікті басқаруға кері әсерін тигізуі және шиналардың кенет жарылуына алып келуі мүмкін, бұл басқарудан айрылып қалу және жол-көлік оқиғаларына себепші болады.

Суық күн райында әр шиналардағы, оған қоса қосалқы дөңгелектердегі (бар бола) қысымды ай сайын тексеру қажет және қажет болған кезде, шиналардағы қысым деңгейін өндірушімен ұсынылған (автокөліктің ақпараттық кестешесінде және шиналар қысымы деңгейінде көрсетіледі) деңгейге дейін жеткізу қажет. (Егер автокөлікте, кестешеде көрсетілген өлшемнен өзгеше шиналар орнатылса, олар үшін тиісті қысым деңгейін анықтау қажет).

Қосымша қауіпсіздік жүйесі ретінде автокөлік шиналардағы қысымды бақылау жүйесімен (TPMS) жабдықталуы мүмкін, ол шиналардағы төмен қысым дабыл бергішінің көмегімен бір немесе бірнеше шинадағы қысымның біршама төмендеу индикациясын қамтамасыз етеді. Егер шиналардағы төмен қысым дабыл бергіші жанса, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек тоқтату, шиналардың күйін тексеру және ондағы қысымды нормаға дейін жеткізу қажет. Шиналарда төмен қысым кезінде қозғалысты жалғастыру шиналардың қызып кетуіне және механикалық бұзылуына алып келуі мүмкін.

Жеткілікті түрде үрілмеген шинамен шиналарды пайдалану, сол секілді отын шығынының өсуіне, шиналардың қызмет мерзімінің қысқаруына алып келеді, сонымен қатар басқаруға және автокөліктің тежеу жолының ұзындығына әсер етуі мүмкін.

Тіпті егер қысым деңгейінің төмендеуі, TPMS жүйесінің шиналардағы төмен қысым дабыл бергіші іске қосылуы үшін жеткіліксіз болса да, TPMS жүйесін қолданудың, шиналарға дұрыс қызмет көрсету немесе онда тиісті қысымды ұстап тұру қажеттілігінің жоқ екенін білдірмейтініне назар аударыңыз.

Автокөлікте жүйенің дұрыс жұмысын бақылауды қамтамасыз ететін, TPMS жүйесінің ақаулықтар индикаторы қарастырылған. TPMS ақаулықтар индикаторы шиналардағы төмен қысым индикаторымен біріктірілген. Жүйе ақаулықты тапқан кезде, индикатор шамамен бір минут ішінде жыпылықтай бастайды, содан кейін үздіксіз жарқылдауын жалғастырады. Индикатор ақаулық болғанша, қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін тұрақты жанады.

Ақаулықтар индикаторы жанған кезде, жүйе шиналардағы төмен қысым жөнінде табу немесе дабыл беру күйінде болмауы мүмкін. TPMS жүйесінің ақаулықтары әртүрлі себептерден, оған қоса шиналар немесе дөңгелектерді қате орнату немесе ауыстырудан туындауы мүмкін.

Бір немесе бірнеше шина немесе дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін, сонымен қатар дөңгелектерді ауыстырып қойғаннан кейін, TPMS жүйесінің жұмысқа жарымдылығына көз жеткізу үшін, әрдайым TPMS жүйесінің ақаулықтар индикаторының көрсетулерін тексеріңіз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 18

НАЗРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Төменде көрсетілген жағдайлардың біреуі туындаған жағдайда, жүйені тексеру үшін HYUNDAI жақын маңдағы авторизацияланған дилеріне жүгініңіз.

1. Шиналарда төмен қысым индикаторы/ TPMS ақаулықтар индикаторы, оталдыру кілтін ON күйіне ауыстырғаннан кейін немесе қозғалтқышты іске қосқаннан кейін 3 секунд ішінде жанбайды.
2. TPMS ақаулықтар индикаторы шамамен минут ішінде жыпылықтағаннан кейін қосулы қалады.
3. Төмен қысыммен шиналардың орналасу индикаторы қосылған күйінде қалады.



Шиналарда төмен қысым дабыл бергіші

Төмен қысыммен шиналардың орналасу индикаторы және шиналардағы қысым индикаторы



OGSR066014

Шиналарда қысымды бақылау жүйесінің ескерту индикаторы қосылған кезде, бұл бір немесе бірнеше шиналардағы қысымның ұсынылғаннан біршама төмен екенін білдіреді. Төмен қысыммен шиналардың орналасу индикаторы қай шинадағы қысымның тиісті жарық таңбасының көмегімен нормадан төмен екенін көрсетеді.

Индикатордың кез келген таңбасын қосқан кезде, оқыс бұрылыстарды болдырмай және тежеу жолының ұлғаю мүмкін екенін ескеріп, жылдамдықты дереу азайтыңыз. Мүкіндігінше тезірек тоқтау және шиналарды тексеру қажет. Шиналарды автокөліктің ақпараттық кестешесінде немесе жүргізуші жағындағы орталық бағанның сыртқы панелінде орналасқан шиналардағы қысым туралы ақпараттар берілген жапсырмаларда көрсетіген тиісті қысым деңгейіне дейін үрлеңіз.

Егер техникалық қызмет көрсету станциясына жету мүмкін болмаса немесе шинадағы қысым ауаны үрлегеннен кейін тиісті деңгейде ұсталмаса, шиналары төмен түскен дөңгелектерді қосалқы дөңгелектерге ауыстырыңыз.

Шиналардағы төмен қысымы индикаторы жанатын болады, ал TPMS ақаулықтар индикаторы бір минут ішінде жыпылықтайды, ал содан кейін шамамен 20 минут төмен қысымды дөңгелек жөнделгенше және автокөлікке қайта орнатылғанша үздіксіз жанатын болады (автокөлік жылдамдығы 25 км/с (15,5 миль/с астам болған кезде)

Ақпараттар

Қосалқы дөңгелек шиналардағы қысым бергішімен жабдықталған .

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Суық күн райында шиналардағы төмен қысым индикаторы, егер шинада жылы ауа райы үшін ұсынылған қысым орнатылса, жануы мүмкін. Бұл TPMS жүйесінің ақаулығын көрсетпейді, себебі температураның төмендеуі, шиналардағы қысымының пропорционалды төмендеуіне алып келеді.

Төмен температуралы облыстан жоғары температуралы облысқа және керісінше қозғалған кезде, немесе сыртқы температура біршама жоғары болса немесе төмен болса, шиналардағы қысымды тексеру қажет және оны ұсынылған деңгейге дейін жеткізу қажет.

Төмендетілген қысымның қауіптілігі

Шиналардағы тым төмен қысым, автокөлікті басқарудан айрылуға және тежеу жолының ұлғаюына алып келуі мүмкін.

Шиналарда төмен қысым болған кезде ұзаққа созылған қозғалыс шиналардың қызып кетуіне және механикалық бұзылуына алып келуі мүмкін.

Шиналарда қысымды бақылау жүйесінің ақаулықтар индикаторы (TPMS)

Шиналарда қысымды бақылау жүйесінде ақаулық жағдайында шиналарда төмен қысым индикаторы бір минут ішінде жыпылықтайтын және содан кейін үздіксіз жана бастайтын болады.

Бұл жағдайда, жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне мүмкіндігінше тезірек жүгінуге болады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

TPMS жүйесінде ақаулықтар жағдайында, шиналардағы төмен қысым индикаторы, тіпті автокөлік шиналарында қысым жеткіліксіз болған кезде де бейнеленбейтін болады.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 20

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

TPMS жүйесінің ақаулықтар индикаторы шамамен бір минут ішінде жыпылықтағаннан кейін, автокөлік электр тарату кабельдерінің немесе радиотаратқыштар жанынан жол жүрген кезде жанады, мысалы, автокөлік инспекциясы посты, мемлекеттік мекемелер, әскери нысандар, әуе жайлар, таратушы станциялар және .б. жанынан.

Бұдан басқа, TPMS жүйесінің ақаулықтар индикаторы, сырғуға қарсы шынжырлар немесе электронды құрылғыларды, атап айтқанда, мысалы компьютерлер, қуаттау құрылғысы, қашықтық стартер, спутниктік навигация жүйесі және тб. қолданған жағдайда жанады. Бұл TPMS жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіреді.

TPMS жүйесінің бергіші бар шиналары ауыстыру

Егер шиналар төмен түссе, шиналардағы төмен қысым индикаторы және төмен қысыммен шиналарды орналастыру индикаторы жанады. Төмен түскен шиналарды HYUNDAI авторизацияланған дилерінде мүмкіндігінше тезірек жөндеңіз немесе қосалқы дөңгелекке ауыстырыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шиналарды жөндеу, төмен түскен шиналарды жөндеу және/немесе үру үшін, HYUNDAI дилермен мақұлданбаған құралдарды қолдануға тыйым салынады. HYUNDAI дилермен мақұлданбаған шиналы қымтақ, шиналардағы қысым бергшін зақымдауы мүмкін.

Қосалқы дөңгелек (бар болса) шиналардағы қысымды бақылау бергішімен жабдықталмаған. Төмен қысымды шиналарды немесе түсірілген шиналарды қосалқымен ауыстыру кезінде, шиналардағы төмен қысым индикаторы шамамен 20 минут ішінде 25 км/с (15,5 миль/с) жуық жылдамдықпен қозғалады.

Қысымды бақылау бергішіме жабдықталған, бірегей шиналарды ұсынылған қысымға дейін үрлегеннен және оны автокөлікке орнатқаннан кейін, шиналардағы төмен қысымды индикатор және TPMS ақаулық индикаторы қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минуттан кейін сөнеді.

Егер бірнеше минуттан кейін индикатор сөнбесе, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгініңіз.

Әр дөңгелек шұра соташығы артындағы шинада (қосалқы дөңгелектен басқа) орнатылған, ауа қысымы бергішімен жабдықталған. Автокөлікте TPMS жүйесіен үйлестірілген дөңгелек қолданылуы тиіс. Шиналарға қызмет көрсетуді әрдайым HYUNDAI авторизацияланған дилерінен жүргізу ұсынылады.

Сіз төмен қысымды шиналарды оларға жай ғана қарап анықтай алмайсыз. Шиналардағы қысымды өлшеу үшін, әрдайым ақаусыз шиналы манометрді қолданыңыз. ыстық шиналарға (автокөлік қозғалғаннан кейін) назар аударыңыз.

Суық шинаға қарағанда, анағұрлым жоғары қысымға ие болады.

«Суық шина» сөзі автокөліктің 3 сағат бойына тұрып қалғанын немесе осы 3 сағаттық кезеңде, 1,6 км (1 миль) кем жол жүріп өткенін білдіреді.

Шинаға, қысымды өлшер алдында сууға мұрша беріңіз. Ұсынылған қысымға дейін үрілгенше шиналардың суық болуын әрдайым қадағалаңыз.

Абай болыңыз

- **TPMS жүйесі сыртқы факторлардан туындаған шиналардың кенеттен зақымдалуы жөнінде хабарлауға арналған, мысалы, жолдарда үшкір заттармен.**
- **Егер жолдағы автокөліктің әрекеті тұрақсыз болатын болса, газ басқысынан бірқалыпты аяқты дереу алыңыз және шамалы күшпен тежегіш басқысын басыңыз және автокөлікті қауіпсіз жерге баяу тоқтатыңыз.**

Шиналарда қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін тиісті қолданбау, өзгерту немесе өшіру, жүргізушіге шиналардағы қысымның төмендеуі немесе TPMS жүйесіндегі ақаулықтар туралы хабарлау жүйесінің мүмкіндіктеріне әсерін тигізеді. Шиналарда қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін тиісті қолданбау, өзгерту немесе өшіру, аталған автокөлік жүйесіне берілген кепілдеменің жойылуына алып келуі мүмкін.

ЕУРОПА ҮШІН

- **Көлік қралдарына түрлендіру жүргізуге тыйым салынады, себебі бұл TPMS жүйесінің жұмыс істеуіне әсерін тигізуі мүмкін.**
- **Нарықты қолжетімді дөңгелектер TPMS бергіштерімен жабдықталған.**

  Қауіпсіздікі қамтамасыз ету үшін, HYUNDAI авторландырылған дилерінен ауыстыру үшін бөлшектерді қолдану ұсынылады.
- **Егер нарықта қолжетімді дөңгелектер қолданылатын болса, міндетті түрде HYUNDAI дилерімен мақұлданған TPMS бергіштері қолданылуы тиіс. Егер автокөлік TPMS бергішімен жабдықталмаса немесе TPMS жүйесі тиісінше жұмыс істемесе, автокөлік міндетті техникалық қараудан өтпеуі мүмкін.**

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 22

ЕГЕР ШИНА ТӨМЕН ТҮСІП КЕТСЕ

Дөңгелектерді ауыстыру қауіп келтіруі мүмкін. Ықтимал өлімге алып келетін ауыр жарақаттар алу қаупін төмендету үшін, осы бөлімде келтірілген нұқсаулар сақталуы тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жалпақ шет жақтарымен түйісуді болдырмай, домкрат тұтқасын қолдану кезінде сақ болыңыз. Жалпақ шет жақтарының үшкір жиектері болады, одан жарақат алуы мүмкін.

Домкрат және құралдар инструменті


OGC064002b

(1) Домкрат
(2) Домкрат тұтқасы
(3) Баллон кілті
(4) Сүйрейтін тесік (бар болса)
(5) Сомын кілті (бар болса)
(6) Бұрауыш (бар болса)

Домкрат, домкрат тұтқасы мен дөңгелектер сомынына арналған кілт жүксалғыш жәшігінің қақпағы астындағы жүксалғыш бөлікте тұрады.

Домкрат тек дөңгелектерді авариялық ауыстыру үшін арналған.


OGS065012

Қосалқы дөңгелектерді шешіп алу үшін, құлақты қысқыш бұрандаманы сағат тілі бағытна қарсы айналдырыңыз.

Қосалқы дөңгелектерді құлақты қысқыш бұрандаманы сағат тілі бағыты бойымен тартып, сол бөлімде сақтаңыз.

Қосалқы дөңгелектер мен құралдардан салдырлаған дыбыстың туындауын болдырмау үшін, оларды тиісті жерде сақтаңыз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 23

Домкратпен көтеру кезінде, автокөлік сырғанап кетуі немесе айналып кетуі мүмкін, бұл ауыр жарақаттар немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Келесі сақтық шараларын сақтау қажет:

- **Автокөлік астынан, егер ол тек домкратпен көтерілген күйінде ұсталып тұрса, мінбеңіз.**
- **Қозғалыс жолағында дөңгелектерді ауыстыруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ: Дөңгелектерді ауыстыру, тегіс және қатты бетте, ӘРДАЙЫМ жолдан тыс жерде жүргізілуі тиіс. Егер тегіс және қатты беті бар алаң табылмаса, эвакуаторды шақыру қажет.**
- **Домкрат аталған автокөлік үшін, шоферлік құрал жиынтығынан ғана қолданылуы тиіс.**
- **Автокөлікті көтеру үшін арналған домкрат, ЕШҚАШАН бампер астына немесе (жалғасын қар.)**

(жалғасы)

автокөліктің басқа бөліктерінің астына орнатылмауы тиіс.

Домкратпен көтерілген автокөліктің қозғалтқышы тоқтатылуы тиіс.

Егер ол домкраттың көмегімен көтерілсе, автокөлікте ешкім болмауы тиіс.

- **Балалар жолдан және автокөліктен жеткілікті ара қашықтықта тұруын қадағалау қажет.**

Қосалқы доңғалақ

Уақытша қосалқы шиналарды орнату кезінде, жылдамдықтың 120 км/с шектелуін және шиналардағы ауа қысымының 230 кПа (шаршы дюймде 33 фунт) болуын әрдайым қадағалаңыз. Уақытша қосалқы шиналар негізінен төтенше жағдайларда қолданылады, атап айтқанда, дөңгелек түскен кезде немесе шиналардағы ауа қысымы тым жеткіліксіз болса, қызмет көрсету үшін, автокөлікпен қауіпсіз жерге

(жалғасы)

жету қажет болған жағдайларда. Уақытша қосалқы шиналарды орнатқаннан кейін, HYUNDAI компаниясының авторландырылған дилеріне мүмкіндігінше тезірек жүгіну ұсынылады. Уақытша қосалқы жиналарда үлкен ара қышықтықтарға жылжымаңыздар.


Дөңгелектерді ауыстыру үшін, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Автокөлікті тегіс бетке тоқтатыңыз.
2. Берілісті ауыстыру иінтірегін P (автоматты беріліс қорабы бар автокөлік үшін) күйіне немесе бейтарап күйге (механикалық беріліс қорабы бар автокөліктер үшін) орнатыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз және оталдыру кілтін LOCK/OFF күйіне ауыстырыңыз.
3. Авариялық дабыл бергіш ажыратқышын басыңыз.
4. Автокөлік жүксалғышынан дөңгелек сомынына арналған кілтті, домкратты, домкрат тұтқасын және қосалқы дөңгелектерді алып шығыңыз.
5. Ауыстыруға жататын дөңгелектерге қарсы алдыңғы және артқы дөңгелектерді диагоналі бойынша бұғаттаңыз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 24



6. Дөңгелектерді бекіту сомынын сағат тілі бағытына қарсы босатыңыз, алайда дөңгелектер жер үстіне көтерілмейінше оларды толық бұрамаңыз.



7. Домкартты дөңгелектерді ауыстыруға жатқызылған жақын арнайы көтерілу нүктесіне орнатыңыз. Көтерілу нүктесі — бұл тілімше жақтауына дәнекерленген,екі тіреуі мен дөңесі бар тілімшелер. Домкратпен автокөлікті қандай да бір басқа жерге көтеру жүргізуге тыйым салынады. Бұл ретте, бүйір тығыздағыш молдинг зақымдалуы мүмкін.



8. Тұтқаны домкратқа салыңыз және оны дөңгелек жерден жұлып алынбайынша, сағат тілі бойымен айналдырыңыз. Домкратпен көтерілген автокөліктің орнықты екеніне көз жеткізіңіз.

9. Кілттің көмегімен дөңгелектерді бекіту сомынын босатыңыз және оларды қолмен ақырғы рет бұраңыз. Дөңгелекті түйреуіштен шешіп алыңыз және жерге қойыңыз. Түйреуіштен, монтаждау бетінен және дөңгелектен батпақты кетіріңіз.
10. Қосалқы дөңгелекті күпшеу түйреуішіне орнатыңыз.
11. Дөңгелектерді бекіту сомынын қолдан конус бөлігінен дөңгелектің бір жағына тартыңыз.
12. Домкрат тұтқасын сағат тілі бағытына қарсы айналдыра отырып, автокөлікті жерге түсіріңіз.


OGS066007

13. Дөңгелек сомындарына арналған кілттің көмегімен дөңгелектерді бекіту сомынын бірізділікте көрсетілгеніндей бұраңыз. Әр сомынның тартылуына қайта бақылауды орындаңыз. Дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін, тиісті тарту моментімен дөңгелек сомынын тарту үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне мүмкіндігінше жылдамырақ жүгіну ұсынылады. Дөңгелектерді бекіту сомынын тарту моменті : 11~13 кгс·м (79~94 фунт-күш·футтар).

    50 км кейін дөңгелек сомынын тартыңыз және олардың босап кетпегенін тексеріңіз. Шамамен 100 км кейін дөңгелек сомынының босап кетпегенін қайтадан тексеріңіз

Шиналық манометр болған кезде, шиналардағы ауа қысымын тексеру (шиналардағы ауа қысымына қатысты көрсетулер, 8-тараудың "Дөңгелектер мен шиналар" бөлімінде келтіріледі) қажет. Егер қысым нормаға сәйкес келмесе, автокөлікті төмен жылдамдықта шиналардағы қысымды реттеу үшін, жақын маңайдағы техникалық қызмет көрсету станциясына апару қажет.Шиналардағы ауа қысымын ретке келтіргеннен кейін, шұра қақпағы орнына бұралуы тиіс. Егер қақпақ орнына бұралмаса, шиналардан ауа шығып кетуі мүмкін. Егер шұра қақпағы жоғалса, жаңасын сатып алу және оны ең бірінші мүмкіндік болғанда, орнына орау қажет. Төмен түскен дөңгелекті ауыстырғаннан кейін, домкрат және құралдар өз штаттық орнында бекітілуі тиіс.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Қосалқы дөңгелекті орнатқаннан кейін, бірінші мүмкіндік болған кезде, шиналардағы ауа қысымын тексеру қажет. Ұсынылған қысымды орнатыңыз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 26

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Осы автокөлікте түйреуіштер мен метрлік бұрандасы бар дөңгелектерді бекіту сомыны қолданылады. Дөңгелектерді ауыстыру кезінде, дөңгелектерді бекітудің бірегей сомындарын қолдану қажет. Егер дөңгелектерді бекіту сомынын ауыстыру қажет болса, метрлік бұрандасы бар сомындар қолданылуы қажет, әйтпесе дөңгелектерді бекіту түйреуіндегі бұранда зақымдалуы мүмкін және дөңгелектер тиісінше бекітілмейтін болады. Қосымша ақпараттар алу үшін, HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Егер қандай да бір жабдық, атап айтқанда домкрат, түйреуіш, сомын немесе басқа да кез келген жабдық зақымдалса немесе тиісті күйде тұрмаса, дөңгелектерді ауыстыруды жүргізуге әрекеттенудің қажеті жоқ.

Шағын қосалқы дөңгелекті қолдану (бар болса)

Шағын қосалқы дөңгелек төтенше жағдайларда қолдану үшін арналған. Шағын қосалқы дөңгелектерді орнатқан жағдайда, көлік құралдарын абайлап, барлық сақтық шараларын сақтап басқару қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шағын дөңгелектердің зақымдалуын және ықтимал апатпен кезекті басқарудан айрылуды болдырмау үшін:

- **Шағын қосалқы дөңгелек төтенше жағдайдарда қолданылуы тиіс.**
- **Көлік құралдырының жылдамдығы 80 км/с-тан (50 миль/с) асып кетпеуі тиіс.**
- **Шағын қосалқы дөңгелектердің бүйірінде көрсетілген максималды жүктемені немесе жүк көтергіштікті асыруға жол берілмейді. (жалғасын қар.)**

(жалғасы)

- **Шағын қосалқы дөңгелекті үнемі қолдануға тыйым салынады. Бірегей шиналарды жөндеу немесе ауыстыру, шағын қосалқы дөңгелектердің зақымдалуын болдырмау үшін, мүмкіндігінше жылдам орындалуы тиіс.**

Көлік құралдарында жинақ қосалқы дөңгелекті қолдану кезінде:

- Шағын қосалқы дөңгелекті орнату кезінде, ондағы ауа қысымы тексеруі тиіс. Шағын қосалқы дөңгелектегі ауа қысымы, 230 kPa (33 psi) (205/65 R16) теңестірілуі тиіс.
- Шағын қосалқы дөңгелектерді орнатқан жағдайда, автоматты жуу қызметтерін пайдаланбау қажет.
- Шағын қосалқы дөңгелек басқа көлік құралдарында қолданбауы тиіс, себебі ол тек осы көлік құралдарына арналған.

• Шағын қосалқы дөңгелек шиналары протекторының қызмет мерзімі әдеттегі шиналарға қарағанда аз. Шағын қосалқы дөңгелек шиналарының протекторының тозуы, ұдайы түрде тексерілуі тиіс.


• Бір рет бір шағын қосалқы дөңгелектен астам қолдануға жол берілмейді.

• Егер көлік құралында шағын қосалқы дөңгелек орнатылатын болса, тіркемені сүйретуге жол берілмейді.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Бірегей дөңгелектерді жөндеу және орнына орнатқаннан кейін, бекіту сомыны дөңгелектердің дірілін болдырмау үшін, тиісті моментпен тартылып бұралуы тиіс. Дөңгелектерді бекіту сомынын тартудың тиісті моменті: 11–13 кгс·м (79–94 фунт·күш·фут)

Домкрат жапсырмасы



OHYK065011

Домкраттың нақты жапсырмасы суретте көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін. Толық сипаттама, домкратқа бекітілген жапсырмада көрсетілген.

1. Үлгі атауы.
2. Максималды рұқсат етілген жүктеме.
3. Домкратты қолдану кезінде, тұрақ тежегішін іске қосыңыз.
4. Домкратты қолдану кезінде, қозғалтқышты өшіріңіз.
5. Тек домкратқа тіркелетін автокөлік астында тұруға тыйым салынады. Жақтау астында көзделген орнату орны.
6. Автокөлікті көтеру кезінде, домкраттың табаны тік орналастырылуы және көтерілу нүктесінің астында тұруы тиіс.
7. Механикалық беріліс қорабы бар автокөліктерде берілісті ауыстыру иінтірегін артқы жүріс күйіне, автоматты беріліс қорабы бар автокөліктерде берілісті ауыстыру иінтірегін P күйіне ауыстырыңыз.
8. Домкрат қатты көлденең бетіне тірелуі тиіс.
9. Домкратты өндіруші.
10. Өндірілген күні.
11. Өкіл-компания және мекенжайы.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 28

Доскрат үшін ЕС нормативтеріне сәйкес туралы өтінім




JACKDOC14S

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 29

СҮЙРЕТУ

Сүйрету қызметі



Авариялық сүйрету қажет болған жағдайда, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне немесе автокөліктерді коммерциялық көшіру қызметіне жүгіну ұсынылады


автокөліктің зақымалуын болдырмау үшін, тиісті көтеру және үйрету шаралары сақталуы тиіс. Жылжымалы арбалар немесе платформаны қолдану ұсынылады.

Артқы дөңгелектер жерде (жылжымалы арбасыз), ал алдыңғы дөңгелектер көтеріліп тұрған кезде, автокөлікті сүйретуге жол берілмейді.

Егер дөңгелектердің кез келгені зақымдалса, аспа бөлшектері зақымдалса немесе автокөлік жердегі алдыңғы дөңгелектермен сүйретілсе, алдыңғы дөңгелектердің астында жылжымалы арба қолданылуы тиіс.

Эвакуатормен сүйреткен жағдайда, жылжымалы арба қолданылмаса, көлік құралдарының артқы емес алдыңғы бөлігі әрдайым көтерілуі тиіс.

Толық жетекті автокөліктерді сүйрету үшін, дөңгелекке арналған көтергіштерді, дөңгелекті арбаларды немесе платформаларды қолдану қажет, онда автокөліктің барлық төрт дөңгелегі жер үстінен көтеріліп тұрады.





- **Егер оның алдыңғы дөңгелектері жерге тиіп тұрса, автокөлікті сүйретуге болмайды.**
- **Иілгіш тіркеуде сүйретуге болмайды. дөңгелекті көтергішті немесе платформаны қолдану қажет.**

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 30


Дөңгелектерге арналған сүйрету арбаларын қолданбай, автокөлікті авариялық сүйрету кезінде:

1. Оталдыру кілтін ACC күйіне орнатыңыз.
2. Берілісті ауыстыру иінтірегін N (Бейтарап) күйіне орнатыңыз.
3. Автокөлікті тұрақ тежегішінен шешіп алыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер берілісті ауыстыру иінтірегі N (бейтарап) күйінде орнатылмаса, бұл трансмиссияның зақымдалуына алып келуі мүмкін.


Алмалы-салмалы сүйрету ілмегі


OGC064010

■ Алдыңғы жағынан


OGC064011

■ Артқы



1. Жүксалғышты ашыңыз және құралдар жәшігінен сүйрету ілмегін алып шығыңыз.
2. Алдыңғы немесе артқы бампердегі төменгі қақпақ бөлігіне басып, тесіктен қақпақты шешіп алыңыз.
3. Сүйрету ілмегін оны сағат тілі бағыты бойымен бұрап, тесікке орнатыңыз.
4. Қолдану аяқталғаннан кейін, сүйрету ілмегін бұрап шығарыңыз және қақпақты орнына орнатыңыз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 31



Сүйрету қажет болған жағдайда, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне немесе автокөліктерді коммерциялық көшіру қызметіне жүгіну ұсынылады

Егер авариялық жағдайларда эвакуаторды шақыру мүмкін болмаса, уақытша құрал ретінде, автокөлікті арқан немесе шынжырдан ұстап, оларды алдыңғы немесе артқы сүйрету ілмегіне бекітіп сүйреп апаруға болады.


Арқан немесе шынжырдың көмегімен автокөлікті сүйрету кезінде, шекті сақтық сақталуы тиіс. Жүргізуші рөлдік дөңгелек және тежегіш басқысының көмегімен басқару үшін автокөлікте болуы тиіс.

Осы тәсілмен сүйрету, қатты жол бетінде, қысқа ара қашықтықта және төмен жылдамдықта ғана жол беріледі. Бұдан басқа, дөңгелектер, көпірлер, трансмиссия, рөлдік басқару және тежегіштер ақаусыз күйде тұруы тиіс.

Авариялық сүйрету кезінде әрдайым келесі талаптарды сақтаңыздар:

- Рөлдік дөңгелекті бұғаттау үшін, оталдыру кілтін ACC күйіне орнатыңыз.
- Берілісті ауыстыру иінтірегін N (Бейтарап) күйіне орнатыңыз.
- Автокөлікті тұрақ тежегішінен шешіп алыңыз.
- Тежегіш басқысын әдеттегімен салыстырғанда, көп күшпен басуға тура келеді. Тежеуіш жүйенің тиімділігі төмендетілетін болады.
- Рөлдік дөңгелекпен басқару үшін, көп күш жұмсауға турал келеді, себебі рөлдің күшейткіш жүйесі жұмыс емес күйде болады.
- Ауырлық ретінде, анағұрлым ауыр көлік құралы қолданылуы тиіс.
- Екі көлік құралының жүргізушілері арасында байланыс ұсталуы тиіс.
- Авариялық сүйрету алдында, сүйрету ілмегінің ақаусыз күйде екеніне көз жеткізу қажет.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 32



- Сүйрету арқанына немесе шынжырға сүйрету ілмегін орнықты етіп бекітіңіз.
- Оқыс жұлқуға жол бермеңіз. Орнынан бірқалыпты қозғалу және біркелкі күш салу қажет. Сүйрету арқанының ұзындығы немесе шынжырлар 5 м (16 фут) кем емес болуы тиіс. Сүйрету арқанынында ортасында жақын көруді қамтамасыз ету үшін, ақ немесе қызыл матаны (ені шамамен 30 см [12 дюйм]) бекіту қажет.
- Сүйрету кезінде, арқан немесе шынжыр тартылған күйінде қалуы тиіс.
- Сүйретер алдында, автоматты беріліс қорабынан сұйықтықтың ақпағына көз жеткізу қажет.

Сүйрету кезінде автокөліктің зақымдалуын болдырмау үшін:

- **Сүйрету ілмектерін қолдану кезінде, тік алға тарту қажет. Бір жағына немесе тік бұрышпен тартуға жол берімейді.**
- **Егер автокөлік өз жүріспен шыға алмайтын болса, автокөлікті батпақтан, құмнан және т.с.с. шығарып алу үшін сүйрету ілмектерін қолданбау қажет.**
- **Сүйрету кезіндегі автокөлік жылдамдығы 15 км/с (10 миль/с), аспауы, ал сүйрету ара қашықтығы автоматты беріліс қорабының ауыр зақымдалуын болдырмау мақсатында, 1,5 км (1 миль) аспауы тиіс.**

Автоматты беріліс қорабы үшін, сұйықтықтың ағуы бар болған кезде, сүйретуді тиеу платформасы немесе сүйрету арбасының көмегімен жүргізу қажет.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 33

АВАРИЯЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ (БАР БОЛСА)

Автокөлік төтенше жағдайларда қолдану үшін арналған авариялық жиынтықпен жабдықталған.

Өрт сөндіргіш

Аздаған тұтану болған кезде, оны өшіру үшін өрт сөндіргіш қолданылады. Бұл үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

1. Сақтандыру сұққышын өртсөндіргіштің үстінен шығарыңыз, онымен қолмен абайсызда басуға жол берілмейді. Шүмекті жалын түбіне бағыттаңыз.
2. Жалыннан шамамен 2,5 м (8 фут) ара қашықтықта тұрыңыз және өрт сөндіргіш разряды үшін тұтқаны басыңыз. Тұтқаны жіберген кезде, разряд тоқтатылады.
3. Шүмекті жалын түбі бойынша алға және артқа жылжытыңыз. Содан кейін, жалын қуылып тасталғаннан кейін, қадағалауды жалғастыру қажет, себебі қайтадан тұтануы мүмкін.

Дәрі қобдишасы

Алғашқы көмек көрсету кезінде қолдану үшін арналған. Құрамына қайшы, байлау материалы, жабысқақ пластырь және тб.кіреді

Авариялық тоқтату белгісі

Авариялық тоқтату белгісі төтенше жағдайлар кезінде, жүргізушілерді жақындап қалған көлік құралдарын ескерту үшін жолда орнатылуы тиіс, мысалы, автокөлікті ақаулығы салдарынан жол шетіне тоқтату кезінде.

Шиналы манометр (бар болса)

Шиналар әдетте күнделікті қолдану кезінде аздап ауа жоғалтады және мерзімді тартуды талап етеді. Бұл шиналардың саңылаусыздық белгісі емес, ал қалыпты тозу белгісі.

Шиналарда қысымды тексеру үшін, келесі әрекеттер орындалуы тиіс:

1. Дөңгелек құрсауында орналасқан шұра қақпағын бұраңыз.
2. Манометрді шина шұрасына қысыңыз және ұстап тұрыңыз. Бұл ретте, шамалы ауа шығарылатын болады. Манометрді ауаның шығуы тоқтатылуы үшін, біршама қатты қысу қажет.
3. Қатты басқан кезде (аз шыққан кезде) өлшеу орындалатын болады.
4. Манометр көрсетуі бойынша, шиналардағы ауаның нақты қысымын анықтауға болады.
5. Шиналардағы ауа қысымын талап етілген деңгейге дейін ретке келтіріңіз. 8-тараудағы «Дөңгелектер мен шиналар» қар.
6. Шұра қақпағын орнына ораңыз.


GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 34

ЭРА-ГЛОНАСС ШҰҒЫЛ ШАҚЫРУЫ (БАР БОЛСА)

Аталған автокөлікте «ЭРА-ГЛОНАСС» жүйесіне қосылған шұғыл қызметтерді шақыру құрылғысы орнатылған.

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі — бұл Ресей Федерациясының автокөлік жолдарындағы жол-көлік немесе басқа ** оқиғалар кезінде шұғыл жедел қызметтерді шақырудың автоматтандырылған жүйесі.

Аталған жүйе қажет болған жағдайда, РФ автокөлік жолдарында қандай да бір оқиғалар болған жағдайда, Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызмет (БКДҚ) операторымен байланысуға мүмкіндік береді. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі автокөлікті пайдалану бойынша аталған Нұсқаулықта орнатылған жағдайларды, сонымен қатар автокөлікке қатысты Сервистік кітапшаны есепке ала отырып, шағын деректер жиыны бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметке таратады, соның ішінде автокөліктің орналасқан жері, соның ішінде автокөліктің үлгісі, vIN коды (автокөліктің сәйкетендіру коды).



① Жол-көлік оқиғасы
② Сымсыз байланыс желісі
③ Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызмет (БКДҚ)
④ Құтқару

* БҰЛ АВТОКӨЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚТА АТАЛҒАН АВТОКӨЛІКТЕ ОРНАТЫЛҒАН ЖӘНЕ ЖӘНЕ ЖӘНЕ ЭРА-ГЛОНАСС ЖҮЙЕСІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУШІ ЖАБДЫҚТАР ЭРА-ГЛОНАСС ҚҰРЫЛҒЫСЫ ДЕП АТАЛАДЫ.

** РФ АВТОКӨЛІК ЖОЛДАРЫНДАҒЫ КЕЗ КЕЛГЕН ОҚИҒАЛАР «БАСҚА ОҚИҒАЛАРМЕН» ДЕП ОЛАРДЫҢ САЛДАРЫ ЗАРДАП ШЕГУШІЛЕРДІҢ БОЛУЫ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ӘЛДЕКІМГЕ КӨМЕК ҚАЖЕТ ЕТЛЕТІН КЕЗ КЕЛГЕН ОҚИҒАЛАРДЫ АЙТАДЫ. ҚАНДАЙ ДА БІР ОҚИҒА БЕЛГІЛЕНГЕН ЖАҒДАЙДА, АВТОКӨЛІКТІ ТОҚТАТУ ЖӘНЕ SOS (АТАЛҒАН БАТЫРМАНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, ОСЫ ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫНЫҢ ЭРА-ГЛОНАСС ШҰҒЫЛ ШАҚЫРУ» БӨЛІМШЕСІНДЕГІ СУРЕТТЕ КЕЛТІРІЛГЕН) БАТЫРМАСЫН БАСУ ҚАЖЕТ. БҰЛ РЕТТЕ, ШАҚЫРУЛАР ЖАСАҒАН КЕЗДЕ, ШАҚЫРУ ЖАСАЛҒАН АВТОКӨЛІК ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР ЖИЫНЫ ҚҰРЫЛАДЫ ЖӘНЕ ШАҚЫРУ СЕБЕПТЕРІ ТУРАЛЫ АЙТУ ҚАЖЕТ БҚДҚ ОПЕРАТОРЫМЕН ҚОСЫЛУ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 35

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінде сақталған деректерді таратқаннан кейін, жүргізуші мен жолаушыларға тиісті көмек көрсетуге арналған құтқару орталығында бұл деректер құтқару операциялары аяқталғаннан кейін жойылады. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің құраушы жұмысы үшін (Автокөлікте орнатылған жабдықтарды қоспағанда), «ЭРА-ГЛОНАСС мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі туралы» 28.12.2013 № 395-ФЗ Федералды заң ережелеріне сәйкес, «ЭРА-ГЛОНАСС» («ЭРА-ГЛОНАСС» АҚ) жүйесінің операторы жауапкершілік жүктейді.

ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы



Автокөлік салонында орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің элементтері:
① Микрофон
② SOS батырмасы
③ SOS ТЕСТ батырмасы
④ Жарық диодтары

SOS батырмасы: Жүргізуші/жолаушы батырманы басып, бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметке (БКДҚ) шұғыл шақыруларды хабарлайды.

SOS ТЕСТ (тексеру) батырмасы: Аталған батырма HYUNDAI ресми дилерлік орталығының жағдайларында, жүйенің жұмысқа жарамдылығын тексеруді қамтамасыз етеді. «SOS ТЕСТ» режимі HYUNDAI ресми дилерлік орталығының маманымен ерекше белсендірілуі мүмкін. Жалған шақыруларды болдырмау мақсатында, аталған батырманы баспауды және «SOS тест» режимін өз бетіңізбен белсендірмеуіңізді сұраймыз.

Жарық диоды Қызыл және жасыл жарық диоды оталдыруды қосқаннан кейін 3 с кейін жанады. Содан кейін ол жүйе қалыпты жұмыс істеген кезде сөнеді.

Жүйеде қиындықтар болған кезде, жарық диоды қызыл болып жануын жалғастырады.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 36

Жол-көлік оқиғалары кезіндегі шұғыл шақыруларды автоматты белсендіру



ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы құтқару, автокөліктің қатысуымен болған жол-көлік оқиғалары кезінде дер кезінде әрекеттер орындау үшін, бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметке шұғыл шақыруларды автоматты түрде жасайды.

Дер кезінде көмек беру және ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің қолдау үшін, бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметке жол-көлік оқиғалары жөнінде деректерді автоматты түрде таратады

Бұл жағдайда, шұғыл шақыруды SOS батырмасын басып жасауға болмайды, ал ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі шақыруды қабылдайтын Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызмет шұғыл шақыруды үзбейінше қосылған күйінде қалады.


i Ақпараттар

Аздаған жол-көлік оқиғалары жағдайларына ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі автоматты шұғыл шақыруды орындамауы мүмкін. Бұл ретте, SOS батырмасын басып, қол режимінде шұғыл шақырулар жасауы керек (6-36-беттер).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жүйенің іске қосылуы, қозғалмалы ұялы байланыс желілерінің жабыны болмаған кезде және GPS мен ГЛОНАСС сигналдары жоқ болған кезде мүмкін болмайды.

«SOS» батырмасын басып, қол режимінде шұғыл шақыруды белсендіру



Жүргізуші/жолаушы шұғыл жедел қызметтерді шақыру үшін, SOS батырмасын қолмен басып, бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметті жасай алады.

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің көмегімен, авариялық қызметті шақыруды, бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызмет операторымен қосылысты орнатуға дейін, SOS батырмасын қайта басып болдырмауға болады.

Қол режимінде шұғыл шақыруларды белсендіру үшін, көмек көрсету және ЭРА-ГЛОНАСС жүйесін қолдау үшін, SOS батырмасын басып, көмекті шақыру кезінде, бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызмет операторына жол-көлік оқиғалар/басқа оқиғалар жөнінде деректер таратады.

Жол-көлік оқиғалар/басқа оқиғалар туындаған жағдайда, қол режимінде шұғыл шақыруларды белсендіру үшін мыналар қажет:

1. Сіздің автокөлігіңізді тоқтату, содан кейін жол қозғалыс Ережелеріне сәйкес өзіне және басқа қозғалыс қатысушыларына қауіпсіздікті қамтамасыз ету

2. SOS батырмасын басу. SOS батырмасын басқан кезде, қозғалмалы радиотелефон байланысы желілерінде құрылғы тіркеледі және құрылғының техникалық жұмыс талаптарына сәйкес автокөлік және оның орналасқан орны жөнінде шағын деректер жиыны құрылады. Содан кейін, шұғыл шақырулардың мән-жайын анықтау үшін, ЭРА- ГЛОНАСС операторымен қосылу жүзеге асырылады.

3. Шұғыл шақыру мән-жайлары анықталғаннан кейін, БКДҚ операторы шағын деректер жиынын шұғыл қызметке таратады және шұғыл шақыруды аяқтайды.

Егер шұғыл шақыру жоғарыда көрсетілген алгоритмге сәйкес аяқталмайтын болса, аталған шақыру жалған ретінде сәйкестендірілетін болады.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 38

Батареядан ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің резервті қуат беру көзі

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің батареясы бір сағат ішінде, шұғыл жағдайларда соқтығу салдарынан автокөліктің негізгі қуат көзі өшірілген жағдайда, қуат береді. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің батареясын, әр 3 жыл сайын ауыстыру қажет. Толық ақпарат 7 тараудың «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімінде ұсынылған .

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

Қызыл жарқ диодын қосу (жүйенің ақаулығы)

Егер автокөліктің қалыпты қозғалыс жағдайларында қызыл жарық диоды жанса, бұл ЭРА–ГЛОНАСС жүйесінің ақаулығын көрсетеді. ЭРА- ГЛОНАСС жүйесін тексеру үшін, HYUNDAI ресми дилеріне дереу жүгініңіз. Олай болмаған жағдайда, сіздің автокөлігіңізде орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының жұмысына кепілдік берілмейді. Жоғарыда атап көрсетілген ережелерді сақтамау салдарынан болған салдар үшін жауапкершілікті, автокөлік иесі жүктейді.


(жалғасын қар.)

(жалғасы)

Жүйені өз бетімен шешіп алу және өзгеріс енгізу

ЭРА–ГЛОНАСС жүйесі көмек көрсетуге, шұғыл жедел қызеттерді шақыруға арналған. Сондықтан, ЭРА-ГЛОНАСС жүйесін баптауға дербес шешу немесе өзгерістер енгізу, қозғалыс кезінде сіздің қауіпсіздігіңізге әсер етуі мүмкін. Бұл сонымен қатар бірыңғай кезекшілік – диспетчерлік қызметте жалған шұғыл шақырулар жасауға алып келеді. Осыған байланысты, сіздің автокөлігіңізге орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің жабдықтарының баптауына, өз бетіңізге/үшінші тұлғалар арқылы қандай да бір өзгеріс енгізбеуіңізді сұраймыз.

Тексеру режимі



EGSR-002

Автокөлік салонында орнатылған, ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің элементтері:
① Микрофон
② SOS батырмасы
③ SOS ТЕСТ батырмасы
④ Жарық диоды


CSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.03.2017 11:43 1-бет

Қозғалтқыштың бөлігі 7-3
Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені..... 7-4
Иеленушінің жауапкершілігі..... 7-4
Автокөлік иесімен техникалық қызмет көрсетуді жүргізу кезіндегі сақтық шаралары..... 7-4
Автокөлік иесімен орындалатын техникалық қызмет көрсету..... 7-5
Автокөлік иесімен жүргізілетін техникалық қызмет көрсету кестесі..... 7-6
Мерзімдік техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені 7-8
Әдеттегі техникалық қызмет көрсету кестесі — бензинді қозғалтқыш 7-9
Қиын пайдалану жағдайларындағы техникалық қызмет көрсету кестесі 7-13
Мерзімдік техникалық қызмет көрсету позициялары 7-15
Қозғалтқышты майлау жүйесі..... 7-19
Мотор майы деңгейін тексеру 7-19
Мотор майы мен сүзгіні ауыстыру..... 7-20
Салқындату жүйесінің сұйықтығы 7-21
Салқындатқыш сұйықтығы деңгейін тексеру..... 7-21
Салқындатқыш сұйықтығын ауыстыру 7-24
Тежегіш сұйықтығы/ ілінісу гидрожетегінің сұйықтығы 7-25
Тежегіш сұйықтығы /ілінісу гидрожетегі сұйықтығы деңгейін тексеру..... 7-25
Рөлдік басқару күшейткішінің сұйықтығы..... 7-27
Рөлдік басқару күшейткішінің сұйықтық деңгейін тексеру 7-27
Рөлдік басқару күшейткішінің шлангісін тексеру..... 7-27
Жел әйнек жуғышының сұйықтығы..... 7-28
Жел әйнек жуғышы бағындағы сұйықтық деңгейін тексеру 7-28
Тұрақ тежегіші..... 7-29
Тұрақ тежегішін тексеру 7-29
Ауа сүзгісі..... 7-30
Сүзгіні ауыстыру 7-30
Микроклиматпен басқару жүйесінің ауа сүзгісі 7-31
Сүзгінің жай-күйі..... 7-31
Сүзгіні ауыстыру 7-31
Әйнек жуғыш щеткасы 7-33
Щетканың жай-күйін тексеру 7-33
Щеткаларды ауыстыру 7-33


Аккумулятор батареясы..... 7-36
Аккумулятор батареясын қолдану бойынша ұсынымдар 7-36
Аккумулятор батареясының сыйымдылығы көрсетілген жапсырма 7-38
Аккумулятор батареясын қуаттандыру 7-38
Аспаптар параметрлерін түсіру 7-39
Дөңгелектер мен шиналар 7-40
Шиналарды күту 7-40
Суық шиналардағы ұсынылған ауа қысымы.....7-40
Шиналардағы ауа қысымын тексеру 7-42
Дөңгелектердің орнын ауыстыру.....7-43
Дөңгелектерді орналастыру бұрышын ретке келтіру және шиналарды теңгеру..... 7-44
Шиналарды ауыстыру.....7-44
Дөңгелектерді ауыстыру.....7-46
Шиналардың жолмен ілінісуі.....7-46
Шиналарға техникалық қызмет көрсету.....7-46
Шиналардың бүйір бетіндегі таңбалау.....7-46
Төмен профильді шиналар 7-51
Балқымалы сақтандырғыш 7-52
Балқымалы сақтандырғыштар панельдері мен реле сипаттамасы
Жарық бергіш шамдар..... 7-66
Фара шамдарын, бұрылыстың көмескі жарығының статистикалық оттарын, габариттік шырақтарды, бұрылыс көрсеткіштері мен тұманға қарсы фараларды ауыстыру 7-67
Бұрылыс көрсеткішінің бүйірлік қайталаушы шамын ауыстыру 7-70
Фаралар мен тұманға қарсы фараларды ретке келтіру (Еуропа үшін) 7-70
Артқы құрамалы фонарь шамдарын ауыстыру 7-75
Қосымша тежеу сигналын ауыстыру 7-78
Нөмірлік белгінің жарық беру шамдарын ауыстыру . 7-78
Салонға жарық беру плафонының шамын ауыстыру 7-78
Автокөліктің сыртқы жағын күту 7-80
Сырттай күту 7-80
Салонды күту..... 7-86
Шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі 7-88
1. Қозғалтқыш картерінен келетін шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі..... 7-88
2. Отын багыніен келетін шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі 7-88
3. Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі 7-89

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ Г...

■ GAMMA 1.6 қозғалтқышы



■ NU 2.0 қозғалтқышы



2. Қозғалтқыштың май сүңгішісі
3. Тежегіш сұйықтығына/ ілінісу гидрожетегінің сұйықтығына арналған бөшке*
4. Аккумулятор батареясының оң клеммасы
5. Аккумулятор батареясының теріс клеммасы
6. Балқымалы сақтандырғыш блогы
7. Ауа сүзгісі
8. Радиатор қақпағы
9. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығына арналған ұлғайма күбішігі
10. Жел әйнек жуғышы сұйықтығына арналған бөшке
11. Рөлдік басқару күшейткіші сұйықтығына арналған бөшке*

*: бар болса

OGSR076006/OGSR076005

Қозғалтқыш бөлігінің нақты көрінісі көрсетілгеннен ерекшеленуі мүмкін.

1. Қозғалтқыштың май құятын ауызының қақпағы

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 4-бет

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР КЕШЕНІ

Техникалық қызмет көрсету немесе тексеру бойынша кез келген жұмыстар орындау кезінде, автокөлікті зақымдамау және өзіңді жарақаттап алмау үшін барынша абай болу қажет.

Автокөлікке қызмет көрсетуді және жөндеуді орындау үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады. HYUNDAI авторизацияланған дилерлері HYUNDAI қызмет көрсету сапасының жоғары стандарттарын сақтайды және жоғары деңгейдегі техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін HYUNDAI компаниясынан техникалық қолдау алады.

Иеленушінің жауапкершілігі

Автокөлік иесі қызмет көрсету және құжаттардың сақталуы үшін жауап береді.

Төменде келтірілген мерзімдік техникалық қызмет көрсету картасына сәйкес, автокөлікке тиісті техникалық қызмет көрсетудің жүргізілуін растайтын құжаттарды сақтауы қажет. Бұл ақпарат автокөлікке техникалық қызмет көрсету және алдын алудың автокөлікке кепілдемелік міндеттемелердің сақталуына қойылатын талаптарға сәйкес келетінін растау үшін қажет.

Кепілдемелік міндеттемелер туралы толық ақпараттар автокөлікке қызмет көрсету паспортында ұсынылған.

Кепілдемелік міндеттемелер өндірушінің талаптарына сәйкес келмейтін техникалық қызмет көрсету салдарын немесе қажетті техникалық қызмет көрсетуді орындамауды жою үшін жүргізілетін жөндеу және реттеу бойынша жұмыстарға таратылмайды.

Автокөлік иесімен техникалық қызмет көрсетуді жүргізу кезіндегі сақтық шаралары

Лайықсыз, толық емес немесе жеткіліксіз қызмет көрсету автокөлікпен пайдалану мәселелерінің туындауына алып келуі мүмкін, бұл зақымданулар, жол-көлік апаттарына немесе жарақаттануға себеп болуы мүмкін. Аталған тарау, техникалық қызмет көрсетудің тек жеңіл орындалатын тармақтарынан тұрады. Кейбір операцияларды тек арнайы аспаптарды қолданатын HYUNDAI авторизацияланған дилері ғана орындай алады. Автокөлікті қандай да бір жолмен түрлендіруге тыйым салынады. Осындай түрлендірулер автокөліктің пайдалану сипаттамаларына, қауіпсіздігі мен орнықтылығына теріс әсерін тигізуі, бұған қоса автокөлікке шектелген кепілдемелік шарттарды бұзуы мүмкін.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Кепілдемелік мерзім ішінде автокөлік иесімен жүргізілген қате техникалық қызмет көрсету кепілдеменің қолданылуына әсерін тигізуі мүмкін. Толық ақпараттар автокөлікпен жиынтықта жеткізілетін техникалық қызмет көрсету паспортында ұсынылған. Егер автокөлікке жөндеу немесе техникалық қызмет көрсетудің қандай да бір жосығын дұрыс орындайтыңызға сенімсіз болсаңыз, жүйеге қызмет көрсету үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінуді ұсынамыз.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 Страница 5

Автокөлікке техникалық қызмет көрсетуді дұрыс орындамау қауіп төндіруі мүмкін. Егер сіздің біліміңіз бен тәжірибеңіз жеткіліксіз болса немесе жұмыстарды орындау үшін тиісті аспаптарыңыз бен жабдықтарыңыз болмаса, жүйеге қызмет көрсетулерді орындауды HYUNDAI авторландырылған дилеріне сеніп тапсыру ұсынылады. Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау кезінде, ӘРДАЙЫМ келесі сақтық шараларын сақтаңыз.

- **Автокөлікті тегіс жерге қойыңыз, берілісті ауыстыру иінтірегін P (көлік қою, автоматты беріліс қорабы бар автокөліктер үшін) ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз және оталдыру ажыратқышын LOCK/OFF күйіне аударыңыз.**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Автокөліктің жылжуының алдын алу үшін, дөңгелектерді (алдыңғы және артқы) бұғаттаңыз.**

  Қозғалмалы бөліктерге шатасуы мүмкін бос киімдер мен әшекейлерді шешіп алыңыз.
- **Егер техникалық қызмет көрсету кезінде қозғалтқышты іске қосу қажет болса, мұны үй-жайлардан тыс жерлерде немесе жеткілікті деңгейде желдетілген үй-жайларда орындау қажет.**
- **Жалын мен ұшқынның туындауынан аулақ болыңыз, сонымен қатар аккумулятор батареясының және отын жүйесі компоненттерінің жанында шылым шекпеңіз.**

Бұдан әрі, автокөлікті қауіпсіз және орнықты пайдалану үшін, көрсетілген жиілікпен иесі немесе HYUNDAI авторизацияланған дилері орындау тиіс тексерістер тізімі жүргізіледі.

Кез келген қолайсыз жағдайлар жөнінде дилерді дереу хабардар ету қажет.

Автокөлік иесімен орындалатын техникалық күйді аталған тексерулер, негізінен, кепілдемелік міндеттемелердің әсеріне жатпайды. Осыған байланысты, кебір жағдайларда иеленуші жұмыстардың орындалуын, сонымен қатар қолданылған бөлшектер мен майлауыш материалдарды төлейтін болады.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 6-бет

Автокөлік иесімен жүргізілетін техникалық қызмет көрсету кестесі

Автокөлікке отын құю кезінде:

- Мотор майының деңгейін тексеріңіз.
- Ұлғайма күбшіктегі қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы деңгейін тексеріңіз.
- Жел әйнек жуғышы бөшкесіндегі сұйықтық деңгейін тексеріңіз.
- Шиналардағы қысымның біршама жоғары екеніне көз жеткізіңіз.

Ыстық қозғалтқыштағы салқындатқыш сұйықтығының деңгейін тексере отырып, абай болыңыз. Бұл тесіктен салқындатқыш сұйықтықтың шайқалып төгілуіне және қатты күйіктер мен жарақаттарға себеп болуы мүмкін.

Автокөлікті пайдалану барысында:

- Пайдалану дыбысындағы барлық өзгерістерді, сонымен қатар салондағы пайдаланылған газ иісінің пайда болуын белгілеңіз.
- Рөлдік дөңгелектің дірілін қадағалаңыз. Рөлдік дөңгелектің бұрылуы үшін талап етілетін, күштің өсуіне, рөлдік дөңгелектегі люфттің пайда болуына, оның бейтарап күйінің өзгеруіне назар аударыңыз.
- Жылтыр тегіс жолда қозғалған кезде, автокөліктің бір жағына қарай үнемі аздап «ауып кетуі» болмай ма, соған назар аударыңыз.
- Тежеу кезінде, автокөлік жүйесінің жұмысына құлақ түріңіз, ерекше дыбыстардың пайда болуын, бір жағына ығысуды, тежегіш басқысы жүрісінің ұлғаюуын немесе оны басу кезіндегі күштің өсуін белгілеп отырыңыз.
- Трансмиссия жұмысында сырғанақтау немесе өзгерістер жағдайында, трансмиссия сұйықтығы деңгейін тексеріңіз.
- P (тұраққа қою) режимінде автоматты беріліс қорабының жұмысын тексеріңіз.
- Тұрақ тежегішінің жұмысын тексеріңіз.
- Автокөлік түбінде сұйықтықтың ағу іздерінің (жұмыс барысында ауаны баптау жүйесінен немесе оны сөндіргеннен кейін тамған су, ақаулық белгісі болып табылмайды) болуын тексеріңіз.

Айына бір реттен сирек емес:

- Қозғалтқыштың ұлғайма күбішіктегі сұйықтық деңгейін тексеріңіз.
- Барлық жарық бергіш аспаптардың жұмысын, оған қоса тоқтату-сигналдарын, бұрылыс көрсеткіштері мен авариялық дабыл бергіш шамдарын тексеріңіз.
- Барлық шиналардағы қысымды, оған қоса тозған шина, тегіс емес тозған шина немесе зақымдалған шина дөңгелектің орнына орнатылған қосалқы дөңгелектерді тексеріңіз.
- Барлық дөңгелек сомындарының бар екеніне және тығыз етіп тартылғанына көз жеткізіңіз.

Жылына екі реттен сирек емес (яғни, әр көктем және күз сайын):

- Радиатордың, жылытқыш және кондиционердің иілімді шлангтерін, тесіктері мен зақымдардың болуын тексеріңіз.
- Радиатордың икемді шлангтерін, жылытқыш пен кондиционерді, ағу және зақымданулардың жоқ екенін тексеріңіз.
- Жел әйнек жуғыштары мен әйнек тазартқыштарын тексеріңіз. әйнек тазартқыш щеткасын жуатын сұйықтыққа малынған мата қиындысымен тазартыңыз.
- Фаралардың ретке келтірілуін тексеріңіз.
- Басқыштарды, пайдаланылған құбырларды, қаптамалар мен қамыттарды тексеріңіз. Қауіпсіздік белдіктерінің тозуы мен дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз.

Жылына бір реттен сирек емес:

- Шанақтағы және автокөлік есігіндегі құрғатқыш тесікті қарап шығыңыз.
- Есік ілгектері мен капот ілгектерін майлаңыз.
- Құлыптар, есіктер мен капот ілмектерін майлаңыз.
- Есіктердің резеңке тығыздағыштарын майлаңыз.
- Есік шектегіштерін майлаңыз.
- Жылы жыл мезгілі басталмас бұрын, ауаны баптау жүйесін тексеріңіз.
- Автоматты беріліс қорабы бар басқару механизмдерінің ауырлығы мен топсасын тексеріңіз және майлаңыз.
- Аккумулятор батареясы мен оның клеммасын тазартыңыз
- Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 8-бет

МЕРЗІМДІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР КЕШЕНІ

Техникалық қызмет көрсету кестесін, егер автокөлік төменде атап көрсетілген режимдердің біреуінде үнемі пайдаланылмаса әдеттегі көлемде қолданыңыз.

Егер автокөлік төменде келтірілген режимдердің біреуінде пайдаланылатын болса, ауыр пайдалану жағдайларында техникалық қызмет көрсету кестесін басшылыққа алыңыз.

- Қалыпты температурада 8 км (5 миль) кем қысқа қашықтықта немесе нөлден төмен температурада 16 км (10 миль) кем қысқа қашықтықта бірнеше мәрте жол жүрулер
- Қозғалтқыштың бос жүрісті ұзақ жұмысы немесе үлкен ара қашықтықта аз жылдамдықпен қозғалуы
- тегіс емес, шаңданған, ласталған жолмен, төсемі жоқ жолмен немесе қиыршық тастар немесе тұз төселген жолмен қозғалуы
- Тұз немесе басқа да тоттану материалдары қолданылатын жерлермен қозғалу немесе өте суық ауа райында қозғалу.
- Қозғалтқышқа құм немесе шаң түскен жағдайларда қозғалу
- Тиелген жол бойымен қозғалу
- Тауда, таудан түскенде немесе таулы жол бойымен жиі қозғалыстар
- Тіркемені сүйрету, тұрғын автотіркемені немесе төбедегі жүксалғышты қолдану
- Қарауыл автокөлігі такси ретінде, коммерциялық автокөлікті немесе сүйретпені қолдану
- 170 км/с (106 миль/с) жоғары жылдамдықпен қозғалу
- Жиі тоқтаулармен қозғалу

Егер автокөлік жоғарыда атап көрсетілген режимдердің бірімен пайдаланылатын болса, онда оның техникалық күйін тексеруді, ауыстыру немесе жұмыс сұйықтығын үстеме құюды әдеттегі жағдайларда пайдалану кезіндегі техникалық қызмет көрсету кестесіне қарағанда жиірек жүргізу қажет. Километражды немесе кестеде көрсетілген уақыт аралықтарынан өткеннен кейін, техникалық қызмет көрсетудің көрсетілген интервалдарын сақтауды жалғастырыңыз.

Әдеттегі техникалық қызмет көрсету кестесі — бензинді қозғалтқыш

ТЕХ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ / ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПОЗИЦИЯЛАРЫ	Айлар саны немесе қайсы бірінші басталатынына байланысты аралығы								
	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96
	Мили×1000	10	20	30	40	50	60	70	80
	км×1000	15	30	45	60	75	90	105	120
Жетекті белдіктер *1			I		I		I		I
Қозғалтқыштың мотор майы мен май сүзгісі*2		R	R	R	R	R	R	R	R
Ауа сүзгісі		I	I	R	I	I	R	I	I
Отын қоспасы *3		Әр 15000 км (10000 миль) немесе 12 ай сайын қосу							

I : Тексеру және қажет болған кезде ретке келтіру, жөндеу немесе тазарту немесе ауыстыру. R : Ауыстыру.

*1 : Айнымалы ток генераторын, гидрокүшейткіші бар (және су сорғысының жетекті белдігін) рөлдік механизмді, сонымен қатар кондиционер сығымдағышының жетекті белдігін (бар болса) ретке келтіріңіз.
Тексеру және қажет болған кезде жөндеу немесе ауыстыру.

*2 : Мотор майының деңгейін және әр 500 км (350 миль) сайын немесе ұзаққа созылған жол жүру алдында аққан жерлердің жоқ екенін тексеру.

*3 : Егер еуропалық отын стандартына ((EN228) сәйкес келетін сапасы жақсы отын немесе отын қоспасына кіретін ұқсас отын қолжетімді болмаса, отын қоспасының бір флаконын қосу ұсынылады. Қоспалар, сонымен қатар оларды қолдану бойынша ақпараттарды HYUNDAI компаниясының авторизацияланған дилерінен сатып алуға болады. Әртүрлі қоспаларды араластырмаңыз.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 10-бет

(жалғасы) Әдеттегі техникалық қызмет көрсету кестесі — бензинді қозғалтқыш

ТЕХ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ / ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПОЗИЦИЯЛАРЫ			Айлар саны немесе қайсысы бірінші басталатынына байланысты аралығы							
			Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96
			Мили×1000	10	20	30	40	50	60	70	80
			км×1000	15	30	45	60	75	90	105	120
Оталдыру шамы *4	Nu 2.0		Әр 165 000 км (102 500 миль) сайын ауыстыру								
	Gamma 1.6	Этилдендірілмеген бензин	Әр 60 000км (40 000 миль) сайын ауыстыру								
		Этилдендірілмеген бензин	Әр 30 000 км (20 000 миль) сайын ауыстыру								
Қысымтығындар саңылауы *5 (1.6 қозғалтқышы үшін)									I		
Желдету шлангісі және отын бағының құятын ауызының қақпағы							I				I
Отын бағының желдету жүйесінің ауа сүзгісі (бар болса)					I		R		I		R
Вакуумды шланг			I	I	I	I	I	I	I	I	I
Отын сүзгісі *6					I		R		I		R
Отын құбырлары, икемді шлангтегі қосылыстар							I				I

I : Тексеру және қажет болған кезде ретке келтіру, жөндеу немесе тазарту немесе ауыстыру.
R : Орнына орнату немесе ауыстыру

*4 : Ауыстыруға ыңғайлы болу үшін, басқа техникалық қызмет көрсету бөлімдері орындалған кезде, көрсетілген мерзімнен бұрын жүргізілуі мүмкін.

*5 : Қысым тығындарды күшті шуылдардың және/немесе қозғалтқыштардың дірілігін болуын тексеріңіз және қажет болған жағдайда ретке келтіріңіз. Жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінуді ұсынамыз.

*6 : Отын сүзгісі қызмет көрсетуге жатқызылады деп есептеледі, алайда аталған техникалық қызмет көрсету кестесі үшін, мерзімдің тексеруді отын сапасына байланысты орындау ұсынылады. кейбір маңызды мәселелер болса, атап айтқанда, отын шығынын шектеу, помпаж, қуаттың жоғалуы, іске қосудағы қиындықтар және т.с.с., техникалық қызмет көрсету кестесіне байланысты отын сүзгісін дереу ауыстыру және толық ақпараттар үшін, дилеру HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

(жалғасы)

Әдеттегі техникалық қызмет көрсету кестесі — бензинді қозғалтқыш

ТЕХ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ	Айлар саны немесе қайсысы бірінші басталатынына байланысты аралығы								
	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПОЗИЦИЯЛАРЫ	Мильдер×1000	10	20	30	40	50	60	70	80
	км×1000	15	30	45	60	75	90	105	120
Салқындату жүйесі		Салқындатқыш сұйықтық деңгейі мен кемудің болуын күн сайын тексеру							
		Алғашқы тексеруді 60 000 км (40 000 миль) немесе 48 ай сайын Бұдан әрі — әрбір 30 000 км (20 000 км) немесе 24 ай сайын орындау							
Салқындату жүйесінің сұйықтығы *7		Бірінші тексеруді, 210 000 км (120 000 миль) немесе 120 месай сайын Бұдан әрі — әрбірдые 30 000 км (20 000 км) иемесе 24 ай сайын тексеру *8							
Аккумулятор батареясының күйі		I	I	I	I	I	I	I	I
Тежегіш жүйенің құбыр жолдары, икемді шлангтер мен қосылыстар		I	I	I	I	I	I	I	I
Тежегіш, ілінісу басқысы (бар болса)			I		I		I		I
Тұрақ тежегіші			I		I		I		I
Тежегіш сұйықтығы/ілінісу гидрожетегінің сұйықтығы		I	I	I	I	I	I	I	I
Дискілік тежегіштер мен тежегіш қалыптар		I	I	I	I	I	I	I	I

I : Тексеру және қажет болған кезде ретке келтіру, жөндеу немесе тазарту немесе ауыстыру.
R : Орнына орнату немесе ауыстыру.

*7 : Салқындатқыш сұйықтықты қосу кезінде, ионсыздандырылған немесе жұмсақ суды ғана қолдану қажет. Бірегей салқындатқыш сұйықтыққа қатты суды қосуға тыйым салынады . Салқындатқыш сұйықтықтың сәйкес келмейтін қоспасы үлкен ақаулықтарға немесе қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

*8 : Ауыстыру ыңғайлы болу үшін, техникалық қызмет көрсетудің басқа бөлімдерін орындау кезінде көрсетілген мерзімінен бұрын жүргізілуі мүмкін.

(аяғы) Әдеттегі техникалық қызмет көрсету кестесі — бензинді қозғалтқыш

ТЕХ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ МЕРЗІМДІЛІГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПОЗИЦИЯЛАРЫ	Айлар саны немесе қайсысы бірінші басталатынына байланысты аралығы							
	Айлар	12	24	36	48	60	72	84	96
	Мильдер×1000	10	20	30	40	50	60	70	80
	км×1000	15	30	45	60	75	90	105	120
Тісті тақтай, жетек және рөлдік механизмінің тысқаптары		I	I	I	I	I	I	I	I
Дөңгелек жетегінің білігі мен тысқаптар			I		I		I		I
Шиналар (қысым және протектордың тозуы)		I	I	I	I	I	I	I	I
Алдыңғы аспаның шарлы топсалары		I	I	I	I	I	I	I	I
Шасси мен шанақтың бұрандалары мен сомындары		I	I	I	I	I	I	I	I
Ауа кондиционерінің суық агенті (бар болса)		I	I	I	I	I	I	I	I
Ауа кондиционерінің сығымдағышы (бар болса)		I	I	I	I	I	I	I	I
Микроклиматпен басқару жүйесінің ауа сүзгісі (бар болса)		R	R	R	R	R	R	R	R
Механикалық беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса) *9					I				I
Автоматты беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса)		Тексеруге және техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді							
Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі			I		I		I		I
Үлестіруші қорап майы (толық жетек) *9					I				I
Артқы дифференциал майы (толық жетек) *9					I				I
Кардан білігі (толық жетек)			I		I		I		I
ERA-GLONASS жүйесі (бар болса)		I	I	I	I	I	I	I	I
ERA-GLONASS жүйесінің батареясы (бар болса)		Әр 3 жыл сайын ауыстыру							

I : Тексеру және қажет болған кезде ретке келтіру, жөндеу немесе тазарту немесе ауыстыру.
R : Орнына орнату немесе ауыстыру.
*9 : Ауыстыру ыңғайлы болу үшін, басқа тораптарға техникалық қызмет көрсету жүргізу кезінде, көрсетілген аралықты аяқтағанға дейін жүргізілуі тиіс.

Қиын пайдалану жағдайларында техникалық қызмет көрсету кестесі

Төменде қиын жағдайларда автокөлікті пайдалану кезіндегі анағұрлым жиі техникалық қызмет көрсету талап етілетін позициялар тізбесі келтірілген.
Төменде келтірілген кестеде техникалық қызмет көрсетудің тиісті мерзімділігі көрсетілген.
R : Ауыстыру I : Тексеру және қажет болған кезде ретке келтіру, жөндеу немесе тазарту немесе ауыстыру.

Қызмет көрсету позициялары	Қызмет көрсету операциялары	Техникалық қызмет көрсету мерзімділігі	Пайдалану шарттары
Мотор майы мен май сүзгісі	R	Әр 7500 км (4650 миль) немесе 6 ай сайын ауыстыру	A, B, C, D, E, F, G, H, I, K, L
Ауа сүзгісі	R	Күйіне байланысты анағұрлым жиі ауыстыру	C, E
Оталдыру шамы	R	Күйіне байланысты анағұрлым жиі ауыстыру	A, B, H, I
Тік тақтай, рөлдік механизмінің жетектері мен тысқаптары	I	Күйіне байланысты анағұрлым жиі тексеру	C, D, E, F, G
Алдыңғы аспаның шарлы топсалары	I	Күйіне байланысты анағұрлым жиі тексеру	C, D, E, F, G
Артқы дифференциалдың майы (толық жетек)	R	Әр 120 000 км (80 000 миль) сайын ауыстыру	C, D, E, G, I, K, H
Үлестіруші қорап майы (толық жетек)	R	Әр 120 000 км (80 000 миль) сайын ауыстыру	C, D, E, G, I, K, H
Кардан білігі (толық жетек)	I	Әр 15 000 км (10 000 миль) немесе 12 ай сайын ауыстыру	C, E

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 14-бет

(жалғасы)

Қызмет көрсету позициялары	Қызмет көрсету операциялары	Техникалық қызмет көрсету мерзімділігі	Пайдалану шарттары
Дискілік тежегіштер, тежегіш қалыптар, суппорттар мен дискілер	I	Күйіне қарай анағұрлым жиі тексеру	C, D, E, G, H
Тұрақ тежегіші	I	Күйіне қарай анағұрлым жиі тексеру	C, D, G, H
Дөңгелек жетегінің білігі мен тысқаптар	I	Күйіне қарай анағұрлым жиі тексеру	C, D, E, F, G, H, I
Механикалық берліс қорабының сұйықтығы (бар болса)	R	Әр 120 000 км (80 000 миль) сайын	C, F, G, I, K
Автоматты беріліс қорабының сұйықтығы (бар болса)	R	Әр 100 000 км (62 000 миль)сайын	A, C, F, G, I
Микроклиматпен басқару жүйесінің ауа сүзгісі (бар болса)	R	Күйіне қарай анағұрлым жиі тексеру	C, E
ERA-GLONASS жүйесі	I	Әр 7500 км (4650 миль) немесе 6 сайын тексеру	A–L

Қиын пайдалану жағдайлары

A : Қалыпты температурада 8 км (5 миль) кем немесе нөлден төмен температурада 16 км кем (10 миль) қысқа қашықтықта бірнеше мәрте жол жүрулер

B : Қозғалтқыштың бос жүріспен ұзақ жұмысы немесе үлкен ара қашықтықта аз жылдамдықпен қозғалу

C : Тегіс емес, шаңданған, ласталған, төсемі жоқ жолмен немесе қиыршық тастар немесе тұз төселген жолмен қозғалуы

D : Тұзды немесе тоттануды тудыратын басқа да заттарды көп қолданатын аудандарда немесе өте төмен температурада автокөлікті пайдалану

E : Қозғалтқышқа құм немесе шаң түскен жағдайларда қозғалу 7-14

: Тиелген жолмен қозғалу

F : Тауға, таудан немесе таулы жолдарда жиі қозғалу

G : Тіркемені сүйрету, тұрғын автотіркемені немесе төбесіндегі жүксалғышты қолдану

H : Автокөлікті патрульдік машина, такси, басқа да коммерциялық мақсатта емес сүйрету үшін пайдалану

I : 140 км/с (87 миль/сағ) жоғары жылдамдықпен қозғалу

J K : 170 км/с (106 миль/с) жоғары жылдамдықпен қозғалу

K L : жиі тоқтаулармен қозғалған жағдайларда жүру

Қозғалтқыштың мотор майы мен май сүзгісі

Қозғалтқыштың мотор майы мен май сүзгісі техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген мерзімділікпен ауыстыру қажет. Автокөлікті қиын жағдайларда пайдалану кезінде, ауыстыруды жиірек жүргізу қажет.

Жетек белдіктері

Барлық жетекті белдіктерде кертіктер, жарықшақтар, шамадан тыс тозу немесе маймен ластанулардың болуын тексеріңіз және қажет болған жағдайда оларды ауыстырыңыз. Жетекті белдіктерді мерзім сайын тексеру және қажет болған жағдайда оларды ретке келтіру қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Белдікті тексеру кезінде, оталдыру ажыратқышын LOCK/OFF немесе ACC күйінде орнатыңыз.

Отын сүзгісінің сүзгілеу элементі

Бітелген отын сүзгісі жылдамдықтың шектелуіне себеп болуы мүмкін, онда автокөліктің қозғалуы, пайдаланылған газдардың уыттылығын бақылау және қозғалтқыштың қиындатылған іске қосылуын бақылау жүйесінің ақаулықтары болуы ықтимал. Егер отын багында бөгде заттардың артық мөлшері жинақталса, отын сүзгісін анағұрлым жиі ауыстыру қажет болуы мүмкін.

Жаңа сүзгіні орнатқаннан кейін, қозғалтқышқа бірнше минут жұмыс істеуіне мұрша беріңіз және қосылған жерлерінде ағудың жоқ екенін тексеріңіз. Отын сүзгісін ауыстыруды HYUNDAI авторизацияланған дилерінде орындау ұсынылады.

Отын құбыр жолдары, икемді шлангтер мен қосылыстар

Отын құбыржолдарын, отын беретін шлангтер мен қосылыстарды ағу немесе зақымданулардың болуын тексеріңіз. Отын құбырларын, отын шлангтері мен жалғағыштарын ауыстыру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Желдету шлангісі мен құю қылтасының қақпағы мен отын багы

Отын багының желдету шлангісі мен оның құю қылтасының қақпағының күйін, техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген мерзімділікпен тексеру қажет. Отын багының желдету шлангісін немесе оның құю қылтасының қақпағын ауыстырудың тиісті жүргізілгеніне көз жеткізіңіз.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 17-бет

Ауа сүзгісі

Ауа сүзгісін ауыстыруды HYUNDAI авторизацияланған дилерінде орындау ұсынылады.

Оталдыру шамы

Орнатылған оталдыру шамдарының жылу сипаттамаларының берілген талаптарға сәйкес келетініне көз жеткіңіз.

Оталдыру шамын ыстық қозғалтқышты тексеру кезінде шешіп алмаңыз. Бұл күйіп қалуға себеп болуы мүмкін.

Вакуум жүйесі мен қозғалтқыш картерінің желдету жүйесі (бар болса)

Икемді шлангтердің бетінде термиялық және/немесе механикалық зақымданулардың болмауын тексеріңіз. Олардың сапасының нашарлау сигналдары резеңке жабынының қаттылығы мен сынғыштығы, кертіктер, жемірлік сипаттағы зақымданулар және шамадан тыс ісінулер болып саналады. Қуатты жылу көздеріне, атап айтқанда газ шығатын коллекторға жақын орналасқан, икемді шланг беттеріне ерекше назар аудару қажет.

Икемді шлангтерді олардың бар ұзындығын,олардың қандай да бір жылу көздерімен, өткір жиектермен немесе қозғалып тұрған бөліктермен түйісуінің жоқтығын тексеріңіз, бұл олардың термиялық зақымдануына немесе механикалық тозуына себепші болуы мүмкін. Икемді шлангтердің барлық қосылған жерлерін (қамыттар, келте қосқыштар және т.б.) тексеріңіз және кез келген тозу белгілерін, ескіру немесе зақымданулар болғанда, икемді шлангтерді дереу ауыстыру қажет.

Қысымтығын саңылаулары

Қысымтығында шамадан тыс шуылдар болуын, қозғалтқышта дірілдің болуын тексеріңіз, қажет болған кезде ретке келтіріңіз. Жүйені қызмет көрсетуді HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүйеге қызмет көрсетуді ұсынамыз.

Салқындату жүйесі

Қозғалтқышты салқындату жүйесінің элементтерін, атап айтқанда радиаторды, ұлғайма бөшке, икемді шлангтер мен қосылыстарды ағулар мен зақымданулардың болуын тексеріңіз. барлық зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз.

Салқындату жүйесінің сұйықтығы

Салқындатқыш сұйықтықты ауыстыру, техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген мерзімділікпен жүргізіледі.

Автоматты беріліс қорабы бар сұйықтық (бар болса)

Автоматты беріліс қорабындағы майдың күйін, егер автокөлікті пайдалану, қалыпты жағдайларда жүргізілетін болса, тексеру қажет емес.

Автоматты беріліс қорабының сұйықтығын ауыстыру үшін, техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

i Ақпараттар

Автоматты беріліс қорабына арналған май, әдетте қызыл реңке ие.

Автокөлікті пайдалануға қарай, автоматты беріліс қорабындағы май анағұрлым қара бола түседі.

Бұл қалыпты күй, сондықтан да алаңдаудың керегі жоқ және оның түсі өзгерген кезде майды ауыстыру қажет.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Талаптарға сәйкес келмейтін трансмиссиялық сұйықтықты қолдану беріліс қорабының бұзылуына және істен шығуына алып келуі мүмкін.

Автоматты беріліс қорабы үшін сұйықтықтың тек ұсынылған маркаларын ғана қолданыңыз. (8-тараудың «Ұсынылған майлау материалдары мен көлемі жөнінде ақпараттар» қар.)

Механикалық беріліс қорабының сұйықтығы
(бар болса)

Механикалық беріліс қорабының сұйықтығын техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес тексеріңіз.

Тежеуіш жүйенің құбыржолдары мен икемді шлангтері

Сырттай қараумен, орнату дұрыстығын, қырылулар жарықшақтар, тозулар мен кез келген ағулардың болмауын тексеріңіз. Барлық зақымдалған немесе тозған бөлшектерді дереу ауыстырыңыз.

Тежегіш сұйықтығы мен ілінісу гидрожетегінің сұйықтығы (бар болса)

Тежеуіш жүйесінің бағындағы тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Деңгей бөшкенің бүйір бетіндегі "MIN" және "MAX" қауіптері арасында тұруы тиіс. DOT 3 немесе DOT 4 класына сәйкес келетін тежегіш сұйықтығын ғана қолданыңыз.

Тұрақ тежегіші

Тұрақ тежеуіш жүйесін, оған қоса тұрақ тежегішінің иінтірегін (немесе басқысын) және жетек арқанын тексеріңіз.

Дискілік тежегіштер, тежегіш қалыптар, суппорттар мен дискілер

Тежегіш қалыптарын, шамадан тыс тозулар, дискілерді- соғылулар мен тозуларды, суппорттарды- тежеуіш сұйықтығының ағуларының жоқ екенін тексеріңіз.

Фрикциялық қаптамаларды шекті тозуын тексеру жөнінде анағұрлым толық ақпараттарды HYUNDAI веб-сайтынан алуға болады.
(http://service.HYUNDAI -motor.com)

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 19-бет

Аспаны бекіту бұрандамалы

Аспа элементтерін бекіту тораптарын, бұрандаламаларды тартудың босауы немесе зақымданулардың жоқ екенін тексеріңіз. Көрсетілген тарту моментімен көрсетілген бұрандылы қосылыстарды тартыңыз.

Рөлдік механизмінің картері, жетегі мен тысқабы/ төменгі иінтіректің шарлы тірегі

Автокөлікті тоқтатыңыз және қозғалтқышты сөндіріңіз және рөлдік дөңгелектің артық люфтінің жоқ екенін тексеріңіз.

Рөлдік жетегінде деформациялар мен зақымданулырадың жоқ екенін тексеріңіз.

Дөңгелек жетегінің білігі мен тысқаптар


Дөңгелек жетегінің біліктерін, қаптары мен қамыттарды, жарықшақтар, тозулар немесе зақымданулардың болмауын тексеріңіз. Барлық зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз және қажет болған жағдайда, тораптар тығындамасын консистенті маймен қалпына келтіріңіз.

Баптау жүйесінің суық агенті/ауа кондиционерінің сығымдағышы

Кондиционер магистралін және қосылған жерлерді ағулар мен зақымданулардың жоқ екенін тексеріңіз.


ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ МАЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

• Gamma 1.6 MPI



OGSR076060

■ Nu 2.0 MPI



OGSR076002

Мотор майы деңгейін тексеру

1. Автокөліктің көлденең бетпен орнатылғанына көз жеткізіңіз.
2. Қозғалтқышты іске қосыңыз және оған қалыпты жұмыс температурасына дейін қызуына мұрша беріңіз.
3. Қозғалтқышты сөндіріңіз және майға картер табандығына ағуына мүмкіндік беру үшін, бірнеше минут (шамамен 5 минут) күтіңіз.
4. Сүңгішті шығарып алыңыз және құрғатып сүртіңіз және тірелгенше қайтадан салыңыз.

Радиатор келте құбыры


Барынша абайлық танытыңыз және май құю кезінде немесе қозғалтқыштағы май деңгейін тексеру кезінде радиатордың келте құбырына жақындамаңыз, себебі ол күйіп қалуды тудыратын температураға дейін қызып кетуі мүмкін.

5. Сүңгішті қайтадан шығарып алыңыз және деңгейін тексеріңіз. Деңгей F және L белгілерінің арасында тұруы тиіс.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- **Мотор майының артық мөлшерін құймаңыз. Бұл қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.**
- **Мотор майын қосу немесе ауыстыра отырып, оның төгілілмеуін қадағалаңыз. Мотор майының тамшысы мотор бөлігіне тамған кезде, дереу оны сүртіп алыңыз.**
- **Қозғалтқыштың май сүңгішесін таза шүберекпен сүрту қажет. Оны ластануы қозғалтқыштың зақымдалуына себепші болуы мүмкін.**

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 21-бет



Егер деңгей L белгісінің қасында тұрса, деңгей F белгісіне дейін көтерілуі үшін, осындай май мөлшерін үстемелеп құйыңыз. Максималды деңгейден асып кетуіне жол бермеңіз.

Қозғалтқыш элементеріне майдың төгілуін болдырмау үшін, құйғышты қолданыңыз.

Мотор майларының тек ұсынылған маркаларын ғана қолданыңыз. (8-тараудың «Ұсынылған майлау материалдары мен көлемі жөнінде ақпараттар» қар.

Мотор майын және сүзгіні ауыстыру

Мотор майы мен сүзгіні ауыстыру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінуді ұсынамыз.

Терімен ұзаққа созылған байланыс кезінде, пайдаланылған мотор майы терінің тітіркенуін немесе ісікті тудыруы мүмкін. Пайдаланылған мотор майы химиялық заттардан тұрады, олар зертханалық жануарларда ісік аурын тудырды. Теріні қорғау үшін, пайдаланылған маймен жұмыс істегеннен кейін, қолды сабынмен мұқият жуу қажет.

САЛҚЫНДАТУ ЖҮЙЕСІНІҢ СҰЙЫҚТЫҒЫ


Қысыммен жұмыс істейтін салқындату жүйесінде, төменгі қату температурасы бар ауа райын талғаймайтын салқындатқыш сұйықтыққа толтырылған бөшке бар. Салқындатқыш сұйықтық дайындаушы-зауыттағы бөшкеге құйылады.

Қатудан қорғау дәрежесін тексеріңіз және салқындатқыш сұйықтық деңгейі қыс маусымы басталар алдында немесе суық климаты бар аудандарда жол жүрерден бұрын жылына бір реттен сирек емес.


НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- **Егер қозғалтқыш салқындатқыш сұйықтықтың төмен деңгейінің нәтижесінде қызып кетсе, салқындатқыш сұйықтықтың көп мөлшерін жылдам қосқан кезде, қозғалтқышта сызат пайда болуы мүмкін. Салқындатқыш сұйықтықтың зақымдалуын болдырмау үшін, шамалы порциялармен баяу қосу қажет.**
- **Қозғалтқышты салқындатқыш сұйықтықсыз іске қосуға болмайды. Бұл су сорғысының бұзылуына және қозғалтқыштың қарысып қалуына алып келуі мүмкін.**

Салқындатқыш сұйықтық деңгейін тексеру



⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ



Радиатор қақпағын шешіп алу

- **Жұмыс істеп тұрған немесе ыстық қозғалтқышта, радиатор қақпағын ашуға тырыспаңыз. Бұл салқындату жүйесінің және қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі, сонымен қатар ыстық салқындатқыш сұйықтық немесе будың атылу салдарынан ауыр жарақаттарға себепші болуы мүмкін.**
- **Қозғалтқышты сөндіріңіз және ол суығанша күтіңіз. Радиатор қақпағын шешіп алу кезінде, өте абай болыңыз. Қақпағын қалың шүберекпен ораңыз және оны сағат тіліне қарсы бағытта алғаш тірелгенше баяу бұрыңыз. Салқындату жүйесінде қысым өршіп тұрғанша, бір жағына қарай аулақ тұрыңыз**

(жалғасын қар.)

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 23-бет


(жалғасы)


Қысымның төмендегеніне көз жеткізген соң, қалың шүберекті қолданып, радиатордың қақпағын басыңыз, сосын сағат тіліне қарсы бағытта айналдыруды жалғастыра отырып, қақпағын шешіп алыңыз. Тіпті, егер қозғалтқыш тоқтатылса да, радиатор қақпағын немесе ағызу тығынын қозғалтқыш пен радиатор суғынша шешіп алмаңыз. Ыстық салқындатқыш сұйықтық пен қысыммен шығарылған бу ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.



Салқындату жүйесі желдеткішінің электр қозғалтқышының жұмысы салқындатқыш сұйықтық температурасына, суық агент қысымына және автокөлік жылдамдығына байланысты. Ол кейде тіпті қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде де жұмыс істеуі мүмкін. Салқындау жүйесі желдеткішінің қалақшасының маңайында жұмыс істей отырып, өте мұқият болыңыз, себебі айналып тұрған қалақшалар жарақат келтіруі мүмкін. Қозғалтқыш температурасының төмендеуіне қарай, электр қозғалтқышы автоматты түрде өшіріледі. Бұл қалыпты.

Салқындату жүйесі желдеткішінің электр қозғалтқышы, аккумулятор батареясының теріс кабелі ағытылғанша жұмыс істейтін болады.





Салқындату және жылыту жүйелерінің барлық шлангтерінің күйін, сонымен қатар қосылыстарын тексеріңіз. Барлық тозған немесе ісінген шлангтерді ауыстырыңыз.

Салқындатқыш сұйықтық деңгейі суық қозғалтқышта орналасқан ұлғайма бөшкенің қабырғасындағы L (MAX) және F (MIN) белгілерінің арасында тұруы тиіс

Егер салқындатқыш сұйықтық деңгейі төмен болса, тазартылған (ионсыздандырылған) суды қосыңыз. Деңгейді F (MAX) белгісіне дейін жеткізіңіз, бірақ бөшкені толтырып жібермеңіз.

Егер толтыруды жиі жүргізуге тура келетін болса, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінуді ұсынамыз.

Салқындату жүйесінің ұсынылған сұйықтығы

- Салқындатқыш сұйықтықты қосу кезінде, тек ионсыздандырылған немесе жұмсартылған суды қолдану қажет. Бірегей салқындатқыш сұйықтыққа кермек суды қосуға тыйым салынады. Салқындатқыш сұйықтықтың лайық келмейтін қоспасы үлкен ақаулықтарға немесе қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Автокөліктің аллюминий бөлшектерін тоттанудан қорғау үшін, фосфаты бар этиленгликоль негізіндегі салқындатқыш сұйықтықты қолдану қажет.
- Метил және этил спирттерін қосуға, сонымен қатар оларды ұсынылған салқындатқыш сұйықтыққа қосуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
- Құрамында 60% астам немесе 35% кем антифризасы бар ерітінділерді қолдануға болмайды, себебі олар төменгі тиімділікке ие.

Қоспа компоненттерінің пайыздық құрамы келесі кестеде келтірілген.

Қоршаған ауа температурасы	Қоспа компоненттерінің пайыздық құрамы (көлемі бойынша)	
	Антифриз	Су
-15 °C (5 °F)	35	65
-25 °C (-13 °F)	40	60
-35 °C (-31 °F)	50	50
-45 °C (-49 °F)	60	40

Ақпараттар

Су мен антифриз пропорциясының ара қатынасына күмән туындаған жағдайда, ең дұрысы 50% су мен
50% антифризаны араластыру қажет, себебі әр сұйықтық тең болады. Осындай нұсқа -35 °C (-31 °F)-тен бастап және одан жоғары кез келген температуралық ауқым үшін түгелдей дерлік лайық келеді.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 25-бет

Салқындатқыш сұйықтықты ауыстыру

Салқындатқыш сұйықтықты ауыстыру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Сұйықтықтың аузынан төгіліп кетуін және оның қозғалтқыштың басқа бөліктерінің, соның ішінде генераторға тамуын болдырмау үшін, салқындатқыш сұйықтықты құймас бұрын, бөшке ауызын қалың матамен ораңыз.

- **Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығын немесе антифризаны жуғыш бөшкесіне құймаңыз.**
- **Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы, ол жел әйнегін тозаңданған кезде көруді біршама нашарлатуы және автокөлікті басқарудан айырылуға немесе себепші болуы немесе лакбояу жабыны мен шанақ қаптауының зақымдалуына себепші болуы мүмкін.**


ТЕЖЕГІШ СҰЙЫҚТЫҒЫ/ІЛІНІСУ ГИДРОЖЕТЕГІНІҢ СҰЙЫҚТЫҒЫ (БАР БОЛСА)

Тежегіші сұйықтығын/ілісіну гидрожетегінің сұйықтығын тексеру

■ Gamma 1.6 MPI



■ Nu 2.0 MPI



Бөшкедегі сұйықтық деңгейін мерзім сайын тексеріңіз. Деңгей бөшкенің бүйір бетіндегі MIN (Мини - мум) және MAX (Максимум) белгілерінің арасында тұруы тиіс.

Бөшкенің қақпағын шешіп алу және тежегіш сұйықтығын/ілінісу гидрожетегінің сұйықтығын қосу алдында, сұйықтықтың ластануын болдырмау үшін, бөшке қақпағының маңайын мұқият тазартыңыз.

Егер деңгей төмен болса, MAX (Максимум) деңгейіне дейін сұйықтықты қосыңыз. Автокөліктің жүріп өткен жолының ұлғаюына қарай, сұйықтық деңгейі төмендейді. Бұл тежегіш қалпақшаларының тозуымен байланысты қалыпты жағдай. Егер сұйықтық деңгейі шамадан тыс төмен болса, тежегіштер/ілінісу жүйелерін тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

i Ақпараттар

Тек қана ұсынылған тежегіш сұйықтығын/ілінісу гидрожетегінің сұйықтығын ғана қолданыңыз. (8-тараудың «Ұсынылған майлау материалдары мен көлемі жөнінде ақпараттар» қар.)

Егер сұйықтықты тежегіш жүйесінің/ілінісу гидрожүйесінің бөшкесіне жиі қосуға тура келетін болса, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгіну ұсынылады.

i Ақпараттар

Тежегіштер/ілінісу гидрожетегінің бөшкесінің қақпағын шешіп алар алдында, бөшке қақпағындағы жапсырма мазмұнымен танысыңыз.

i Ақпараттар

Шешіп алмас бұрын, құю қылтасының қақпағын тазартыңыз. Саңылаусыз жабылған контейнерден алынған DOT3 немесе DOT4 тежегіш сұйықтығын/ілінісу гидрожетегінің сұйықтығын ғана қолданыңыз.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 27-бет

Тежегіш сұйықтығын/ілінісу гидрожетегінің сұйықтығын ауыстыру және қосу кезінде, сақ болу қажет. Оның көзге тиіп кетпеуін қадағалаңыз. Тежегіш сұйықтығы/ілінісу гидрожетегінің сұйықтығы көзге тамып кеткен кезде, оны су құбырының таза суының көп мөлшерімен дереу жуып шаю керек. Мүмкіндігінше тезірек медициналық көмекке жүгіну қажет.


НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Тежегіш сұйықтығы/ілінісу гидрожетегінің сұйықтығы, автокөлік шанағының боялған бетіне түспеуі үшін, сақтық шараларын қолдану қажет, себебі бұл оның бояуын бүлдіруі мүмкін. Ұзақ уақыт бойына ашық ауамен байланыста болған тежегіш сұйықтығын/ілінісу гидрожетегінің сұйықтығын қолдануға тыйым салынады, себебі бұл жағдайда оның сапасына кепілдік беруге болмайды. Оны тиісінше кәдеге жарату қажет. Тек ұсынылған тежегіш сұйықтығы типін ғана қолданыңыз.

Тежеуіш жүйесіне тамған минералды негіздегі (мсыалы, мотор майы) бірнеше май тамшысы оның бөлшектерін зақымдауы мүмкін.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 28-бет

Рөлдік басқару күшейткішінің сұйықтық деңгейін тексеру



Рөлдік басқару күшейткішінің бөшкесіндегі сұйықтық деңгейін, автокөлікті тегіс бетке орналастырып мерзім сайын тексеріңіз. Қалыпты температурада сұйықтық деңгейі, бөшкенің бүйір бетіндегі MAX (максимум) және MIN (минимум) сызық із арасында тұруы тиіс.

Рөлдік басқару күшейткішінің сұйықтығын үстемелеп құймас бұрын, сұйықтықтың ластануын болдырмау мақсатында, бөшке қақпағының айналасындағы бетін мұқият тазартыңыз.

Егер деңгей төмен болса, MAX (Максимум) деңгейіне дейін сұйықтықты құйыңыз.

i Ақпараттар

Сұйықтық деңгейінің бөшкедегі "HOT" (ыстық) ауқымы шегінде тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер сұйықтық суық болса, оның деңгейінің "COLD" (суық) ауқымында тұрғанына көз жеткізіңіз.

Егер рөлдік басқару күшейткішінің сұйықтығын жиі еселеп құю талап етілетін болса, автокөлікті HYUNDAI компаниясының авторизацияланған дилерінде тексеру қажет.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- **Рөлдік басқару күшейткішінің сорғысының зақымдалуын болдырмау мақсатында, автокөлікті ұзаққа созылған уақыт ішінде, рөлдік басқарылатын күшейткіш сұйықтығының төмен деңгейінде пайдалану қажет.**
- **Қозғалтқышты рөлдік басқарылатын күшейткіштің бөшкесі бос болған кезде іске қоспаңыз.**
- **Жұмыс сұйықтығын қосқан кезде, бөшкеге батпақ түспеуін қадағалаңыз.**
- **Сұйықтықтың жеткіліксіз мөлшерде болуы рөлдік дөңгелекті бұру үшін талап етілетін күштің ұлғаюына алып келуі және/немесе рөлдік басқару күшейткіші жүйесінде шуылдың пайда болуына алып келуі мүмкін.**
- **Талаптарға сәйкес келмейтін жұмыс сұйықтығын қолдану кезінде, рөлдік басқарылатын күшейткіштің жұмыс тиімдігі төмендеуі және оның элементтерін зақымдалуы мүмкін.**

  Рөлдік басқару күшейткіш сұйықтығының тек ұсынылған маркаларын ғана қолданыңыз. (8-тараудың «Ұсынылған майлау материалдары мен көлемі жөнінде ақпараттар» қар.)

Рөлдік басқару күшейткіші шлангісін тексеру

Автокөлікті пайдалану басталар алдында, қосылыстарында, майдың ағуын, рөлдікпен басқару күшейткішінің шлангтерінің зақымдануы мен майысуларын тексеріңіз.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 29-бет


ЖЕЛ ӘЙНЕГІНІҢ ЖУҒЫ-ЖАЙҒЫСЫНЫҢ СҰЙЫҚТЫҒЫ

Жел әйнек жуғышы сұйықтығы деңгейін тексеру

Жуғыш бөшкесіндегі сұйықтық деңгейін тексеріңіз, егер қажет болса, сұйықтықты еселеп құйыңыз.

Арнайы ерітінді болмаған кезде, таза суды қолдануға болады.

Алайда, климаты суық аудандарда қатпайтын жуғыш ерітінділерді қолдану қажет.



Бөшке жартылай ашық түсте жасалған, бұл үстір қарау кезінде сұйықтық деңгейін көз мөлшермен бағалауға мүмкіндік береді.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Салқындатқыш сұйықтық


Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы мен антифризаны жуғыш бөшкесіне құймаңыз

- **Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы ол жел әйнегі тозаңданған кезде көруді біршама нашарлатуы және автокөлікті басқарудан айырылуға себепші болуы немесе лакбояу жабыны мен шанақ қаптауының зақымдалу мүмкін.**
- **Жел әйнегі жуғыш сұйықтығы кейбір спирт мөлшерінен тұруы және белгілі жағдайларда жалындауы мүмкін. жуғыш сұйықтығынан немесе жуғыш сұйықтығына арналған бөшкеден ұшқан ұшқындардан немесе ашық жалынның қосылуына жол бермеңіз. Бұл ретте, автокөлікке және жолаушылардың денсаулығына залал келтірілуі мүмкін.**
- **Жел әйнегі жуғыш сұйықтығы адамдар ме жануарлар үшін улы болып табылады. Жел әйнегі жуғыш сұйықтығын ішуге тыйым салынады. Сонымен қатар, оның теріге тиіп кетуіне жол бермеңіз. Бұл денсаулыққа елеуді зиян келтіруі немесе арты өліммен аяқталуы мүмкін.**

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 30-бет

ТҰРАҚ ТЕЖЕГІШІ

Тұрақ тежегішін тексеру




Тұрақ тежегіші иінтірегінің жүрісін, оның ажыратылған күйінен толық қосылған кезде естілетін шерту санын есептеп тексеріңіз. Бұдан басқа, тұрақ тежегіші, басқа құрылғылардан тәуелсіз, автокөлікті тік беткейде біршама орнықты ұстап тұруы тиіс. Егер жүріс талап етілгеннен ерекшеленетін болса,
жүйені тексеру үшін,
HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады

Иінтірек жүрісі: күш салған кезде 6~8 шыртыл
20 кг (44 фунт, 196 Н).

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 31-бет

АУА СҮЗГІСІ

Сүзгіні ауыстыру



Ауа сүзгісін тексеру үшін қысылған ауамен тазартуға болады. Оны жууға немесе шаюға тырыспаңыздар, себебі бұл сүзгінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Қатты кір болған жағдайда, ауа сүзгісін ауыстыру қажет.

1. Ілмекті, ауа тазартқыш қақпақты жіберіңіз және қақпақты ашыңыз.



1. Ауа тазартқыштың ішкі беттерін сүртіңіз.
2. Ауа сүзгісін ауыстырыңыз.
3. Қақпақты ілмектің көмегімен бекітіңіз.

i Ақпараттар

Егер автокөлік шамадан тыс шаң болғанда немесе құмды өңірлерде пайдаланылатын болса, сүзгілеу элементтерін ауыстыру арасындағы аралық қалыпты пайдалану жағдайларындағы аралықтан кем болуы тиіс (осы тараудағы «Қиын пайдалану жағдайларындағы техникалық қызмет көрсету» бөлімін қар.)

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- **Автокөлікті ауа сүзгісінсіз пайдаланбаңыз. Бұл қозғалтқыштың шамадан тыс тозуына алып келеді.**
- **Ауа сүзгісінің сүзгілеу элекментін шешіп алған кезде, сору магистраліне шаң немесе кірдің түспеуін қадағалаңыз, себебі бұл қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.**
- **HYUNDAI бірегей бөлшектерін қолданыңыз. Басқа бөлшектерді қолдану ауа шығыны бергіштерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.**

МИКРОКЛИМАТПЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ АУА СҮЗГІСІ

Сүзгінің жай -күйі

Егер автокөлік ауасы қатты ласталған қалаларда немесе ұзаққа созылған уақыт ішінде шаңданған, топырақты жолдарда пайдаланылатын болса, сүзгіні тексеру және жиірек ауыстыру қажет. микроклиматпен басқару жүйесінің ауа сүзгісін өз бетінше ауыстыру кезінде, төмендегі сипатталған әдістемені басқышылыққа алыңыз; ауыстыруды орындай отырып, автокөліктің басқа компоненттерін зақымдалмауын қадағалаңыз.


Баптау жүйесінің ауа сүзгісін, техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстыру қажет.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ


Микроклиматпен басқару жүйесінің жаңа ауа сүзгісін дұрыс бағытта орнатыңыз, онда тілшік таңбасы (□) төменге қаратылуы тиіс.

Олай болмаған жағдайда, микроклиматпен басқару жүйесі жұмысының тиімділігі төмендеуі, ал жүйе шуыл шығаруы мүмкін.

Сүзгіні ауыстыру



1. Қолғап қоятын жәшікті ашыңыз
2. Бекіткіш бауын (1) ажыратыңыз.




3. Суретте көрсетілгеніндей, қолғап жәшігін екі жағынан қысыңыз. Қолғап жәшігінің тірек сұққышы бекіткіш тесіктен шыққаннан кейін, қолғап жәшігін төмен түсіріңіз.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 33-бет



4. Микроклиматпен басқару жүйесінің сүзгі корпусының қақпағын, қақпақтың оң жағындағы бекіткішті басып шешіп алыңыз.



5. Микроклиматпен басқару жүйесінің ауа сүзгісін ауыстырыңыз.
6. Орнату шешуге қарсы тәртіпте орындалдалады.

Ақпараттар

Микроклиматпен басқару жүйесінің ауа сүзгісін ауыстырғаннан кейін, оны тиісінше орнатыңыз. Олай болмаған жағдайда, шуыл пайда болуы, ал сүзгілеу тиімділігі төмендеуі мүмкін.

ӘЙНЕК ЖУҒЫШ ЩЕТКАСЫ

Щетканың күйін тексеру



OLMB073019

Ақпараттар

Автоматты автокөлік жуатын жерлерде жағылатын ыстық өнеркәсіп балауызының беткі әйнекті тазартуды қиындатынын белгілі.

Беткі әйнектің немесе әйнек тазартқыш щеткаларының бөгде заттармен ластануы әйнек тазартқыш жұмысының тиімділігін төмендетеді.

Әдеттегі ластану көздері шыбын-шіркейлер, ағаш шырыны мен кейбір коммерциялық автокөлік жуатын жерлерде қолданылатын ыстық балауыз болып табылады. Егер щеткалар әйнекті нашар тазартатын болса, әйнек пен щеткаларды сапалы жуғыш құралдармен немесе бейтарап тазалағыш құралдармен жуыңдар, содан кейін таза сумен мұқият шайыңыз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Әйнек тазартқыш щеткасын бұлдірмеу үшін, олардың жанында бензин, керосин, сольвент немесе басқа да еріткіштерді қолданбаңыз.

Щеткаларды ауыстыру

Егер әйнек тазартқыштар әйнекті тиісінше тазартпайтын болса, бұл щеткалардың тозғанын немесе бүлінгенін және оларды ауыстыру қажет екенін білдіреді.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Әйнек тазартқыш иінтіректерін зақымдап алмау үшін, оларды қолмен араластыруға тырыспау қажет.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Талаптарға сәйкес келмейтін әйнек тазартқыш щеткаларын қолдану әйнек тазартқыштардың ақаулықтарын және істен шығуына алып келуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жел әйнегіне әйнек тазартқыш иінтірегінің құлауына жол бермеңіз, себебі ол әйнек кесегін соғуы немесе әйнекті сындыруы мүмкін


GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 35-бет




Жел әйнегінің әйнек тазартқыш щеткасы

А типі

1. Әйнек тазартқыш иінтірегін көтеріңіз, ілмекке қол жеткізу үшін, ілмек түйіншегін бұрыңыз.




2. Ілмекті қысыңыз және щетка түйіншегін жоғары жылжытыңыз.
3. Щетканы иінтіректен шешіп алыңыз.
4. Щетканы орнату шешіп алуға кері тәртіпте орындалады.




B типі

1. Әйнек тазартқыш иінтірегін көтеріңіз.
2. Әйнек тазартқыш щеткасының қысқышын көтеріңіз. Содан кейін щетканы жоғары тартыңыз және оны шешіп алыңыз.



Артқы әйнектің әйнек тазартқыш щеткасы

1. Әйнек тазартқыш иінтірегін көтеріңіз және щетканы шешіп алыңыз.



2. Әйнек тазартқыштың жаңа щеткасын орнатыңыз. Бұл үшін, әйнек тазартқыш иінтірегінде тұрған кілтеге орталық бөлігін салыңыз, сосын ілмекті басыңыз.
3. Оны аздап тартып, щетканың тығыз орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Әйнек тазартқыш иінтректерінің немесе басқа да компоненттерінің зақымдалуын болдырмау үшін, әйнек тазартқыш щеткаларын ауыстыру кезінде, осы операцияларды HYUNDAI авторизацияланған дилерінде орындау ұсынылады.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 37-бет

АККУМУЛЯТОР БАТАРЕЯСЫ

Аккумулятор батареясын қолдану бойынша ұсынымдар



- Аккумулятор батареясының орнықты бекітілуін қадағалаңыз.
- Аккумулятор батареясы таза әрі құрғақ болуы тиіс.
- Клеммалар мен жалғағыштар түйіспелері таза, тығыз жапсарласқан және техникалық вазалин немесе электр түйіспелеріне арналған арнайы майлағышпен жабылуы тиіс.
- Аккумулятор батареясынан құйылған электролитті, ас содасының су ерітіндісімен дереу жуып кетіру қажет.

• Егер автокөлік ұзақ уақыт бойына пайдаланылмаса, аккумулятор батареясынан кабельді ажыратыңыз.

i Ақпараттар

Автокөлікте орнатылған бірегей аккумулятор батареясы қызмет көрсетуді қажет етпейді. Егер автокөлікте, бүйір бетінде LOWER (төменгі) және UPPER (жоғарғы) белгілері бар батареялар орнатылатын болса, электролит деңгейін тексеру қажет.

Электролит деңгейі LOWER (төменгі) және UPPER (жоғарғы) белгілерінің арасында тұруы тиіс. Егер электролит деңгейі жеткіліксіз болса, тазартылған немесе минералсыздандырылған суды еселеп құйыңыз. (күкірт қышқылын немесе басқа да электрлиттерді қосуға тыйым салынады.)

Абай болыңыз және тазартылған (минералсыздандырылған) судың батарея корпусына немесе басқа да бөлшектерге тамуына жол бермеңіз.

Аккумулятор батареясы ұяшығын толтырмаңыз.

Бұл батареяның немесе басқа да бөшектердің тоттануын тудыруы мүмкін. Қызмет көрсеткеннен кейін, АКБ ұяшытарын тығыз етіп жабыңыз. АКБ қызмет көрсетуді жүргізу үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

АУЫР ЖАРАҚАТТАНУ немесе ӨЛІМ ықтималдығын болдырмау үшін, аккумулятор батареясының жанында жұмыстарды орындау кезінде немесе оған қызмет көрсету кезінде, әрдайым келесі сақтық шараларын қолдану қажет:

Аккумулятор батареясымен жұмыстар басталар алдында, төменде келтірілген нұсқауларды оқып шығу қажет.

Көзді электрлиттің шашырап кетуінен қорғау үшін, қорғаныс көзәйнектерін қолдану қажет.

Ашық отты қолдануға немесе аккумулятор батареясына тікелей жақын жерде шылым шегуге тыйым салынады.

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

Аккумулятор батареясының элементтерінде тез тұтанатын газ тәрізді сутегі болады.



Аккумулятор батареялары балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы тиіс.



Аккумулятор батареяларында күкірт қышқылы болады, ол күшті тоттануды тудырады. Қышқылды көзге, сонымен қатар теріге немесе киімге тигізуге болмайды.



Дұрыс кәдеге жаратылмаған аккумулятор батареясы, қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Аккумулятор батареяларын кәдеге жарату, жергілікті заңнамаларға немесе нормативтерге сәйкес жүргізілуі тиіс.



Аккумулятор батареясы қорғасыннан тұрады. оны қолданғаннан кейін кәдеге жаратуға болмайды.

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

Аккумулятор батареясын оны кезекті қайта өңдеу үшін, HYUNDAI авторландырылған дилеріне қайтарыңыз.

Қышқыл көзге тиген кезде, оны 15 минуттан кем емес уақытта таза сумен жуып кетіру және дереу медициналық көмекке жүгіну қажет. Қышқыл теріге тиген кезде, зақымданған жерді мұқият жуу қажет. Егер зақымдалған жер ауырса немесе күйік белгілері болса, дереу медициналық көмекке дереу жүгінген жөн.

Пластмасса корпусты аккумулятор батареясын көтеру кезінде, шамадан тыс басу аккумулятор қышқылының төгілуіне алып келуі мүмкін. Аккумулятор батареясын оны тасымалдауға арналған арнайы айла-бұйымның көмегімен немесе қарама–қарсы бұрыштарын қолмен ұстап көтеру қажет. Қозғалтқышты іске қосуды, сыртқы көздерден іске қосуға, егер автокөлікте орнатылған аккумулятор батареясындағы электрлит қатып қалса оррындауға әрекеттенуге тыйым салынады.

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Аккумулятор батареясын қуаттандыруға, егер ол автокөліктің электр жүйесіне қосылған кезде ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**
- **Оталдыру жүйесі жоғары кернеумен жұмыс істейді. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, осы компоненттерге немесе ON күйіндегі іске қосу/тоқтату батырмасына жақындауға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**
- **Сыртқы көздерден іске қосу үшін, кабельдерді өзара (+) және (−) тигізуге жол берілмейді. Бұл ретте ұшқын пайда болуы мүмкін.**
- **Аккумулятор батареясы, егер қуаты таусылған немесе қатып қалған аккумулятор батареясымен сыртқы көздерден іске қосуды жүргізуге әрекеттенген жағдайда, жарылып кетуі мүмкін.**

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

АКБ рұқсат етілген электронды құрылғыларды қосу кезінде, ол тоқтан ажыратылуы мүмкін. Рұқсат етілмеген құрылғыларды қолдануға тыйым салынады.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 39-бет

Аккумулятор сыйымдылығы көрсетілген жапсырма

■ Мысал



OGSR076071

❈ Аккумулятор батареясындағы жапсырма суретте көрсетілгеннен ерекшеленуі мүмкін.

CMF68L-BCI: HYUNDAI компаниясында қабылданған аккумулятор батареясы үлгілерінің атауы

1. 12V: Номинальды кернеу
2. 68Ah(20HR): Номиналды сыйымдылық (ампер-сағатпен)
3. 113RC: Номиналды резервті сыйымдылық (минутпен)
4. 600CCA(SAE): SAE әдістемесі бойынша ампермен суық айналдыру тогы
5. 480A (EN): EN әдістемесі бойынша ампермен суық айналдыру тогы

Аккумулятор батареясын қуаттандыру

Сіздің автокөлігіңізде кальцийді қолдану арқылы әзірленген, қызмет көрсетуді талап етпейтін аккумулятор батареясы орнатылған.

Егер қысқа уақыт ішінде аккумулятор батареясының қуаты таусылса, (мысалы, қандай да бір уақыт ішінде қолданылмаған, автокөлік салонын жарықтандыру фарасы немесе шамдарының қосулы күйінде қалдырылу себебіне байланысты), 10 сағат ішінде батареяны (аз токпен) баяу қуаттау қажет.

Егер аккумулятор батареясы автокөлікті қолдану барысында жоғары электр жүктеме салдарынан токтан ажыратылатын болса, оны екі сағат ішінде 20~30 А токпен қуаттаңыз.

Аккумулятор батареясын қуаттандыру кезінде, келесі сақтық шараларын сақтау қажет:

Техникалық қызмет көрсету аккумулятор батареясын қуаттандандыру бойынша операцияларды орындар алдында, барлық электр жабдықтарын өшіріңіз және қозғалтқышты сөндіріңіз.

Аккумулятор батареясына жақын жерде шылым шегуге, сонымен қатар ұшқын немесе ашық жалын туындау қауіптілігімен байланысты әрекеттер орындауға тыйым салынады.

- **Қуаттау барысында, аккумулятор батареясын тексеруді орындау кезінде қорғаныс көзәйнегін киіңіз.**
- **Автокөліктен аккумулятор батареясын шешіп алу және оны жақсы желдетілген жерге орналастыру қажет. (жалғасын қар.)**

(жалғасы)

- **Қуаттау барысында батареяны қадағалаңыз, қуаттандыруды тоқтатыңыз және егер батарея элементтерінде газдың күшті бөлінуі басталса (қайнау) немесе егер электролит темпертурасы элементтердің кез келгенінде 49 °C-тен (120 °F) асатын болса, оның жылдамдығын азайтыңыз.**
- **Аккумулятор батареясының теріс клеммасына баратын кабель, бірінші болып өшірілуі, соңғы болып қосылуы тиіс. Аккумулятор батареясының қуаттау құрылғысын өшіру, келесі тәртіпте жүргізіледі.**
  1. **Аккумулятор батареясының қуаттау құрылғысының негізгі ажыратқышын «Сөндірілген» күйіне аударыңыз.**
  2. **Түйіспелік қысқышты аккумулятор батареясының теріс клеммасынан ажыратыңыз.**
  3. **Түйіспелік қысқышты аккумулятор батареясының оң клеммасынан ажыратыңыз.**

Аспаптар параметрлерін түсіру

Аккумулятор батареясын қуаттау немесе өшіргеннен кейін, кейбір функциялар мен аспаптардың параметрлерін түсіру қажет:

- Терезелерді автоматты көтеру/түсіру (3-тарауды қар.)
- Маршруттық компьютер (3-тарауды қар.)
- Микроклиматты басқару жүйесі (3-тарауды қар.)

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 41-бет

ДӨҢГЕЛЕКТЕР МЕН ШИНАЛАР

Шиналарды күту

Отынды пайдалану және барынша үнемдеуде, лайықты қызмет көрсету, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, шиналарды үнемі ұсынылған қысымды ұстап тұру және сіздің автокөлігіңіз үшін дөңгелектердің шекті жүктемелері мен жүктемені үлестіруді сақтау ұсынылады. .

Суық шиналардағы ұсынылған ауа қысымы

Барлық шиналарда (қосалқы дөңгелектерді қосқанда) қысымға тексерісті күн сайын жүргізу қажет. «Суық» болып, қозғалыста болмаған, кем дегенде үш сағаттай немесе 1,6 км (1 миль) кем жол жүрген автокөлік шиналары саналады.

Ұсынылған қысым шамасы ыңғайлы және автокөлікті қауіпсіз жүргізу, жақсы басқару және шиналардың аз тозуы үшін ұсталуы тиіс.

Ұсынылған қысым шамасы 8-тараудың «Дөңгелектер мен шиналар» бөлімінде келтірілген.



Барлық техникаық сипаттамалар (өлшемдер мен қысым) автокөлікке бекітілген кестешеде келтірілген.

Шиналардағы жеткіліксіз қысым

Қысымның біршама төмендеуі (70 кПа-ға (10 фунт/ш. дюйм) және одан артық) қыздырудың кенет күшеюіне әкелуі осылайша шиналардың жарылуына, протектордың қабаттануына және басқа да шиналардың зақымдануларына алып келуі мүмкін, соның салдарынан автокөлікті басқарудан айрылу орын алуы ықтимал, бұл өз кезегінде ауыр жарақаттарға немесе өлімге алып келуі мүмкін. Осындай қатты қызу қаупі, ыстық күндері немесе ұзақ уақыт бойына жоғары жылдамдықпен қозғалған кезде біршама артады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Шиналардағы төмендетілген қысым, сол секілді шамадан тыс тозуға, нашар басқаруға және отынның үнемделуін төмендеуіне алып келеді. Сонымен қатар, дөңгелектердің деформациялануы мүмкін. Шиналарды қажетті қысым деңгейін ұстап тұрыңыз. Егер шиналарды ауамен толтыру жиі қажет етілетін болса, шиналарды тексеру үшін, HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгіну ұсынылады**
- **Шиналардағы шамадан тыс артық қысым, жолдың кедір-бұдырлығына, сезгіштігіне, шина протекторының ортаңғы бөлігінің шамадан тыс тозуына және жол бетінің ақауларынан шиналардың зақымдалу ықтималдығының ұлғаюына алып келеді.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Қыздырылған шиналардағы қысым, әдетте суық шиналарда 28~41 кПа-ға (шаршы дюйге 4~6 фунт) ұсынылған қысым шамасынан асады. Қысымды ретке келтіру үшін, қыздырылған шиналардағы ауаны түсірмеңіз Олай болмаған жағдайда, қысым ұсынылған деңгейден төмен болады.**
- **Жұмыстар аяқталғанда, шиналардың қуаттау қысымтығыны қақпақшаларының орнатылғанына көз жеткізіңіз. Қақпақша болмаған жағдайда, кір немесе ылғал қысымтығын ішіне өтуіп кетуі және ауаның шығып кетуіне себеп болуы мүмкін. Егер қысымтығын қақпақшасы жоғалса, жаңасына мүмкіндігінше тезірек орнату қажет.**

Шиналарды үру

Шиналардағы жоғарылатылған және төмендетілген қысым оның ресурсын төмендетеді, автокөлікті басқаруға кері әсер етеді және шиналардың зақымдалуына алып келеді. Бұл, өз кезегінде, автокөлікті басқарудан айрылуға және жарақат алуға алып келуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шиналардағы ауа қысымы

Төменде келтірілген ұсыныстары әрдайым қадағалаңыз:

- **Суық шиналардағы ауа қысымын тексеріңіз (Автокөлік кем дегенде үш сағаттай қойылғаннан кейін немесе қозғалтқышты іске қосқаннан кейін 1,6 км (1 миль) жол жүргеннен кейін).**
- **Қосалқы дөңгелек шиналарындағы ауа қысымын шиналардағы ауа қысымын әр тексерген сайын тексеріңіз.**
- **Автокөлікке шамадан тыс жүк артпаңыз. Егер автокөлік осылай жабдықталатын болса, төбесіндегі жүксалғышына артық жүк тиемеңіз.**
- **Тозған, ескі шиналар апаттарға себепші болуы мүмкін. Егер протектор күшті тозса немене шиналар зақымдалса, оларды ауыстыру қажет.**

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 43-бет

Шиналардағы ауа қысымын тексеру

Шиналардағы ауа қысымын айына бір реттен сирек емес тексеріңіз.

Сонымен қатар, қосалқы дөңгелек шиналарындағы ауа қысымын тексеріңіз.

Тексеру әдістемесі

Шиналардағы қысымды тексеру үшін, сапалы манометрді қолданыңыз. Шиналардағы ауа қысымының ұсынылған шамаға сәйкес келуін, өлшеулер жүргізбей, сыртқы белгілері бойынша анықтау мүмкін емес. Радиалдық шиналар, тіпті төмендетілген қысым кезінде де қалыпты үрілген болып көрінуі мүмкін.

Суық шиналардағы ауа қысымын тексеріңіз. - “Суық” болып, қозғалыста болмаған, кем дегенде үш сағаттай немесе 1,6 км (1 миль) кем жол жүрген автокөлік шиналары саналады.

Шиналардың қуаттау қысымтығының соташығынан қақпақшаны шешіп алыңыз. Қысымды өлшеуді орындау үшін, манометрді қысымтығынға қатты қысыңыз. Егер суық шиналарда қысым шиналарда көрсетілген ұсынылған шамаға және кестешедегі автокөліктің рұқсат етілген жүктемесі жөніндегі деректерге сәйкес келетін болса, қысымды бұдан әрі реттеу талап етілмейді. Егер қысым төмен болса, ауаны, ұсынылған шамаға жеткенше айдаңыз.

Шиналардағы жоғарылатылған ауа қысымы кезінде, шиналардағы қуаттау қысымының ортасындағы металл соташықты басып, ауаны бүлдірмеңіз. Манометр бойынша қысым шамасын қайтадан тексеріңіз. Жұмыс аяқталғанда, қақпақшаны шиналар қысымтығының соташығына орнатуды ұмытпаңыз. Жұмыс аяқталғанда, қысымтығын соташығына қақпақшалар орнатылғанын қадағалаңыз.

- **Шиналардағы қысымды, сонымен қатар олардың тозуы немесе зақымдануларының болмауын ұдайы тексеріңіз. Тексеріс жүргізу кезінде, міндетті түрде манометрді қолданыңыз.**
- **Жоғарылатылған немесе төмендетілген қысымы бар шиналар әркелкі тозады. Соның салдарынан, автокөлікті басқару нашарлайды, автокөлікті басқарудан айрылу орын алуы немесе шиналардың кенеттен жаралуы мүмкін, бұл апаттарға, адамдардың жарақаттануына немесе қаза болуына алып келуі мүмкін, Автокөліктің суық шиналарында ұсынылған ауа қысымы, аталған нұсқаулықта, сонымен қатар жүргізуші жағындағы ортаңғы бағанда орналасқан шиналар маркасы бар кестешеде келтіріледі.**
- **Тозған, ескі шиналар апаттарға себепші болуы мүмкін. Тозған және зақымдалған шиналарды, сонымен қатар әркелкі тозу ізі бар шиналарды ауыстыру қажет.**
- **Қосалқы доңғалақ шиналарындағы ауа қысымын тексеруді ұмытпаңыз. HYUNDAI компаниясы қосалқы доңғалақ шиналарындағы ауа қысымын тексеруді, негізгі доңғалақ шиналарындағы ауа қысымыгн әр тексерген сайын орындауды ұсынады.**


Дөңгелектердің орнын ауыстыру

Протектор тозын тегістеу үшін, дөңгелектерді, жүріп өткен 12 000 км (7500 миль) сайын немесе әркелкі тозу орын алса ауыстыру ұсынылады

Орны-орнына қоюды жүргізе отырып, дөңгелектердің дұрыс теңгерілуін тексеріңіз. Орны-орнына қою кезінде, дөңгелектерді әркелкі тозу және зақымдалулардың болуын тексеріңіз. Шамадан тыс тозу себебі, әдетте шиналардағы қате ауа қысымы, дөңгелектерді қате орналастыру бұрышы, дөңгелектердің теңгерімсіздігі, оқыс тежелулермен жол жүру және бұрылулар болып табылады. Протекторда және шиналардың бүйір жақтарында кедір-бұдырлар бар немесе жоқ екеніне көз жеткізіңіз.


Егер атап көрсетілген ақаулардың бірі табылатын болса, шинаны ауыстыру қажет. Сонымен қатар шинаны, егер мата немесе корд көрініп тұрса ауыстыру қажет. Дөңгелектерді орны-орнына қойғаннан кейін, алдыңғы және артқы дөңгелектердегі қысымының ұсынылған мәндерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

i Стандартты өлшемдегі қосалқы дөңгелегі бар (бар болса)




CBGQ0706

Қосалқы дөңгелексіз



CBGQ0707

Бағытталған протекторы бар шиналар (бар болса)



CBGQ0707A

Дөңгелектерді орны-орнына қою кезінде, тежегіш қалыптарда тозудың болуын тексеру қажет.

Ақпараттар

Симметриялы емес шиналардың сыртқы және ішкі жақтары бір-бірінен ерекшеленеді. Симетриялы емес шиналарды орнату кезінде, «Outside» (сыртқы) таңбасы бар жағы сыртында тұруын қадағалаңыз. Егер «Inside» (ішкі) таңбасы бар жағы сыртында тұратын болса, бұл автокөліктің пайдалану сипаттамаларына кері әсерін тигізетін болады.

- **Орны-орнына қою кезінде, жинақ қосалқы дөңгелекті қолданбаңыз.**
- **Ешбір жағдайда, диагоналді және радиалдық кордты шиналарды бір мезгілде қолданбаңыз. Бұл жолда автокөлікті басқарудың өзгеруіне алып келуі, салдарынан ауыр жарақаттар немесе өлімге және мүліктің бүлінуіне алып келуі мүмкін.**

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 45-бет

Дөңгелектерді орнату бұрыштарын ретке келтіру және шиналарды теңгеру.

Дайындаушы-зауытта сіздің автокөлігіңіздің дөңгелектерінің бұрышарын мұқият реттеу және шиналарды теңгеру жүргізіледі, бұл шиналардың барынша ықтимал ресурсын және автокөліктің ең жақсы пайдалану сипаттамаларын қамтамасыз етеді.

Көп жағдайларда, дөңгелек бұрыштарын қайта ретке келтіруге қажеттілік туындамайды. Алайда, егер сіз шиналардың шамадан тыс тозуын байқасаңыз немесе сіздің автокөлігіңіз қозғалған кезде бір жағына ығысатын болса, онда дөңгелектерді орнату бұрыштарын қалпына келтіру қажет.

Егер тегіс жол бетінде қозғалған кезде, діріл туындаса, онда дөңгелектерге қайта теңгеру жүргізу қажет болуы мүмкін.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Талаптарға сәйкес келмейтін теңгеру жүгін орнату автокөлік дөңгелектерінің аллюминий дискілерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Тек талаптарына сәйкес келетін теңгеру жүгін қолданыңыз.



Егер шиналар біркелкі тозса, онда тозу индикаторы протекторға кесе көлденең орналасқан тұтас жолақ түрінде пайда болады. Бұл шинада 1,6 мм (1/16 дюйм) кем қалыңдықта протектор қабаты қалды дегенді білдіреді. Егер осылай болса, шинаны ауыстырыңыз.

Ауыстыруды протектордың ені бойына жолақтардың пайда болғанын күтпестен жүргізу қажет.

1000 км (620 миль) жол жүргеннен кейін дөңгелектерді ауыстырған соң, дөңгелектерді бекіту сомындарын тартыңыз. Егер қозғалыс кезінде, рөлдік дөңгелек шытынаса немесе автокөлікті дірілдетсе, бұл дөңгелектердің теңгерілмеуін білдіреді. Дөңгелектерді теңгеру орындалуы тиіс. Егер қиындықтар жойылмаса, HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгіну ұсынылады.

- **Тозған шиналарды қозғау, қауіп төндіреді және тежелу тиімділігін, рөлдік басқару тиімділігін және ілінісу күшін төмендетеді.**
- **Автокөліктегі штаттық шиналары жол жүру және басқару қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Басқа типтегі және өлшемдегі шиналарды қолдануға тыйым салынады. Бұл автокөліктің қауіпсіздігі мен сипаттамасына әсерін тигізуі және басқарудан айрылуға немесе аударылуға алып келеді, салдарынан жарақат алуы ықтимал. Ауыстыру үшін орнатылған шиналардың бірдей протектор суреті және бірдей өлшемі, типі, бренді, барлық төрт дөңгелектерде жүк көтергіштігі болуы тиіс (жалғасын қар.)**

(жалғасы

- **Кез келген өлшемдегі немесе типтегі шиналарды қолдану жүрістің біркелкілігін және басқаруды, жол саңылауын, тежеуіш жолды, шанақ пен шиналар арасындағы саңылауды, жол саңылауы мен спидометр көрсетулерінің орнықтылығын біршама өзгертуі мүмкін.**
- **Ең дұрысы барлық төрт дөңгелекті бір мезгілде ауыстыру қажет. Егер бұл мүмкін болмаса, алдыңғы екі немесе артқы екі дөңгелекті жұппен ауыстырыңыз. Тек бір дөңгелекті ауыстыру автокөлік басқаруына қатты әсер етуі мүмкін.**
- **ABS жүйесі, дөңгелектердің жылдамдығын салыстыра отырып жұмыс істейді. Шиналардың өлшемі дөңгелектердің айналу жиілігіне әсер етуі мүмкін. Автокөліктің дөңгелегін ауыстыру үшін орнатылған бырлық дөңгелектері бірегей өлшеміне сәйкес келуі қажет. Әртүрлі өлшемдегі шиналарды қолдану Бұғаттауға қарсы тежегіштер жүйесі (ABS) мен электронды динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESC) қате жұмыс істеуіне себеп болуы мүмкін**

Шағын қосалқы дөңгелектерді ауыстыру (бар болса)

Шағын қосалқы дөңгелек шинасының әдеттегі өлшемдегі шиналарға қарағанда шағын протектор ресурсы бар. Шинаны бетінде протектор тозуы индикаторының жолақтары пайда болатын болса ауыстырыңыз. Шағын қосалқы дөңгелектің орнатылған жаңа шинасы жаңа автокөлікпен жеткізілген шинаның өлшемі мен құрылмасындай болуы, сол шағын қосалқы дөңгелекте жөнделуі тиіс. Шағын қосалқы дөңгелектерге арналған шинаны қалыпты өлшемдегі дөңгелектерге орнатуға арналмаған, ал шағын қосалқы дөңгелек оған қалыпты өлшемдегі шиналарды орнатуға арналмаған.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 47-бет

Дөңгелектерді ауыстыру

Дөңгелектерді ауыстыру кезінде, оның орындалатын себептеріне қарамастан, жаңа дөңгелектердің бірегей зауыттық дөңгелектерге диаметрі, тоғын ені мен дөңгелек шығымына сәйкес екеніне көз жеткізіңіз

Дөңгелектердің қате өлшемдері, доңғалақтар мен мойынтіректердің ресурсына, тежелу сипатына, автокөлікті басқаруға, жол саңылауына, шина мен шанақ арасындағы саңылауға, сырғуға қарсы орнатылған шынжыр арасындағы саңылауға, спидометр көрсетулерінің дұрыстығына, фара және бампер биіктігін реттеуге кері әсерін тигізуі мүмкін.

Шиналардың жолмен ілінісуі


Шиналардың жолмен ілінісуі тозған, нашар үрілген шиналарда жүргенде немесе тайғанақ жол бетімен жүрген кезде нашарлайды. Тозу индикаторы көріне бастаған кезде, шиналарды ауыстыру қажет. Автокөлікті басқарудан айрылу ықтималдығын азайту үшін, жаңбыр, қар немесе мұз басқан жол бетімен қозғалған кезде жылдамдықты төмендетіңіз.

Шиналарға техникалық қызмет көрсету

Дұрыс ауа қысымын ұстап тұру үшін, шиналардың тозуын төмендету, сол секілді дөңгелек бұрышын дұрыс орнату есебінен қол жеткізіледі. Егер шиналар әркелкі тозса, сіздің дилеріңіз дөңгелекті орнату бұрыштарын тексеру қажет.

Жаңа дөңгелектерді орнату кезінде, олардың теңгерілгеніне көз жеткізіңіз. Бұл оны анағұрлым қолайлы етуге және шина ресурсын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, шина ол дискіден әрбір шешілген сайын қайта теңсерілуден өтуі тиіс.

Шинаның бүйір бетіндегі таңбалама



Таңбаламада шиналардың негізгі сипатамалары, сонымен қатар шиналардың қауіпсіздік стандартына сәйкестік сертификатының болуын растау үшін қажетті сәйкестендіру нөмірі (TIN) болуы тиіс. TIN нөмірі шиналарды, ол қайтарылған кезде сәйкестендіру үшін қолданылады.

1. Өндіруші немесе сауда маркасы

Өндіруші мен сауда маркасы көрсетілген.

2. Шина өлшемдерінің белгіленуі

Шиналардың бүйір бетінде оның өлшемінің шартты белгілері қондырылады. Бұл деректер сізге шиналарды ауыстыру үшін таңдау кезінде қажет болады Төменде әріптер мен сандар мәні, шиналар өлшемінің шартты белгісі түріне келітіріледі.

Шина өлшемдерінің белгіленуіне мысалдар:

(Бұл сандар мысал ретінде келітірілген; сіздің шинаңыздың өлшемдерінің белгіленуі, автокөлік үлгісіне байланысты өзгеруі мүмкін).

205/65R16 95H

205 – миллиметрмен берілген шина ені.

65 – Шина профилі биіктігінің оның еніне қатысы. Көлденең шина биіктігінің оның пайызбен бейнеленген еніне қатысы.

R – шина типерінің коды белгіленуі (радиалдық).

16 – дюйммен берілген құрсау диаметрі

95 – жүктеме индексі. Шиналар тозуы мүмкін жоғары жүктемеге сәйкес келетін сандық код

H – шиналардың жылдамдық санатын белгілейтін таңба. Қосымша ақпараттар алу үшін, аталған бөлімде келтірілген жылдамдық санаттары кестесін қар.

Дөңгелек өлшемінің белгіленуі

Дөңгелекте ауыстыруды орындау үшін қажетті деректерден тұратын таңбалама орнатылады. Төменде әріптер мен сандардың мәні, дөңгелек өлшемдерінің шартты белгілері түрінде келтіріледі

Дөңгелек өлшемдерінің белгіленуіне мысалдар:

6,5JX16

6,5 – дюймммен берілген тоғын ені

J – дөңгелек тоғыны профилінің белгіленуі

16 - дюймммен берілген тоғынның диаметрі .

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 49-бет

Шиналардың жылдамдық санаттары

Төменде келтірілген кестеде, қазіргі уақытта жеңіл автокөліктерге қатысты қолданылатын әртүрлі жылдамдық санаттары берілген. Жылдамдық санттарының коды, шиналардың бүйір жағында қондырылған өлшемдердің белгілеу бөлігі болып саналады. Бұл таңба шиналар қолданылатын жоғары жылдамдыққа сәйкес келеді.

Шиналардың жылдамдық санатын белгілейтін таңба	Жоғары жылдамдық
S	180 км/с (112 миль/с)
T	190 км/с (118 миль/с)
H	210 км/с (130 миль/с)
V	240 км/с (149 миль/с)
Z	240 км/с жоғары

3. Шиналар ресурсын тексеру (TIN : Шиналардың сәйкестендіру нөмірі)

Қызмет мерзімі алты жылдан асатын барлық шиналарда, дайындалған күніне сәйкес, ескіруіне қарай беріктілік пен басқа да сипаттамаларының (тіпті қосалқы дөңгелектері қолданылмаған шиналарда да) табиғи төмендеуі орын алады. Осы себептерге шиналар (қосалқы дөңгелек шиналарын қоскқанда) жаңасына ауыстыру қажет. Шиналардың дайындалған күні DOT коды құрамындағы оның бүйір бетінде (кейбір жағдайларда, ішкі жағынан) көрсетіледі. DOT коды шиналардың бетіне қондырылады және сандардан және ағылшын әліпбиінен тұрады. Дайындалған күн DOT кодындағы соңғы төрт разрядтан құралады.

DOT: XXXX XXXX OOOO

DOT кодының бірінші бөлігінде дайындаушы-зауыттың код нөмірі, шина өлшемі және протектор суретінің типі көрсетіледі, ал соңғы төрт сан дайындалған апта және жылды көрсетеді.

Мысалы:

DOT XXXX XXXX 1616, шинаның 2016 жылдың 16-шы аптасында әзірленгенін көрсетеді.

Шиналардың атқарымы

Уақыт өте келе, шиналар, тіпті олар пайдаланылмаса да тозады. қақпағының ескіргеніне немесе ескірмегеніне қарамастан, әдеттегі жағдайларда, шиналарды 6 (алты) жыл пайдаланғаннан кейін ауыстыру ұсынылады.
Ыстық климатта немесе жиі үлкен жүктемелер шиналардың тозу процесін жеделдетуі мүмкін. Аталған ескертуді елемеу, шиналардың зақымдалуына себеп болуы мүмкін және бұл басқарудан айырылуға және ауыр жарақаттары бар апаттарға немесе өлімге алып келуі мүмкін.

4. Материал және шиналарда кордтың орналасуы

Шина ішінде резеңкеленген матаның көп мөлшері болады.

Өндірушілер шиналарды әзірлеу кезінде қолданылған материалды көрсетуі тиіс. Осы тізімге, болат, нейлон, полэстер және т.б. кіреді. R әрпі корд қабаттарының радиалдық орналасуын; D әрпі— қабаттардың диагональдік немесе көлбеу орналасуын білдіреді; B әрпі қабаттардың орналасуының диагональді белдік сұлбасына сәйкес келеді.

5. Шиналардағы максималды рұқсат етілген қысым

Бұл шама шиналар төзе алатын анағұрлым үлкен қысымға сәйкес келеді. Шиналарда максималды қысымнан асырмаңыз. Шиналардағы ұсынылған қысым мәндері шиналар сипаттамалары және автокөліктің рұқсат етілген жүктемесі туралы деректері кестешесінде көрсетілген.

6. Максималды рұқсат етілген жүктеме

Бұл километрмен және фунтпен көрсетілген шама, шиналарды төзе алатын максималды жүктемесін білдіреді. Ауыстыруды жүргізе отырып, әрдайым дайындаушы-зауытпен автокөлік орнатылған шиналардағы сол рұқсат етілген жүктеме шамасына ие шиналарды қолданыңыз.

7. Шина протекторының біркелкі тозуы негізінде сапа бойынша жіктеу

Сапа стандартын, қажет болған кезде протектор ені мен камера енінің арасындағы бүйір жағынан табуға болады.

Мысалы:

200 ПРОТЕКТОРДЫҢ ТОЗУҒА ТӨЗІМДІЛІГІ

АА ІЛІНІСУІ

А ТЕМПЕРАТУРАСЫ

Протектордың тозуы

Шиналардың тозуы бойынша сапа санаттары, мемлекеттік сынақ кезеңі барысында, бақыланатын жағдайлар кезінде шиналардың тозу жылдамдығына негізделген қатыстық баға болып саналады. мысалы, 150 санатына ие шина, 100 санатындағы шиналарға қарағанда, мемлекеттік сынақтар барысында жарты есеге ұзағырақ тозатын болады. Соған қарамастан, сипаттамалар қалыптыдан, қызмет көрсетуде жүргізілген жүргізу стиліне, жол жабынының сипатына және климаттағы айырмашылықтарға байланысты өзгешеленуі мүмкін.

Санаттардың белгіленуі, жеңіл автокөліктерге арналған шиналардың бүйір қабырғаларында қондырылады. Сіздің автокөлігіңіз үшін стандартты немесе қосымша жарық беру ретінде жеткізілген шиналар сапа санатынан өзгешеленуі мүмкін.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 51-бет

Жолмен ілінісу— AA, A, B және C

Жолмен ілінісу бойынша келесідей AA, A, B және сапалардың нашарлау сипаттамалары тәртібінде C сапа санаттары бар. Санаттар мемлекеттік сынақ барысында автокөліктің ылғалды асфальт төсемде тежеу қабілетін білдіреді. C санатындағы шинаның жолмен ілінісуін сипаттайтын нашар көрсеткіштерге ие.

Аталған шинаға берілген, жол жабынымен ілінісу дәрежесі алға қозғалу кезінде тежелу үшін сынақтар барысында алынған және автокөлік жеделдетілген бұрылыста қозғалған және акважоспарлау жағдайларына таратылуы мүмкін. Бұдан басқа, ол жол жабынымен барынша ықтимал ілінісуін көрсетпейді.

Температура — A, B және C

Температура бойынша келесідей сапа санаттары болады: A (ең жоғары), B және C. Осы сапа санаттары, шиналардың жылу бөлуге төзімділігін және оның зерханалық жағдайлардағы сынақ барысында, сыналатын дөңгелек талаптарына сәйкес келетін оның жылу бөлу қабілетін көрсетеді.

Жоғары температура әсерінен, қақпақ материалының қасиеті нашарлауы және оның ресурстары қысқартылуы мүмкін, бұдан басқа шамдан тыс температура шиналардың істен шығуына алып келуі мүмкін. B және A санаттары, заңнамамен талап етілетін төменгіге қарағанда, сынақ дөңгелектерін қолданып зертханалық жағдайларда алынған, анағұрлым жоғары көрсеткіштерді білдіреді.

Шиналар температурасы

Температура бойынша сапа санаттары ауа қысымы қалыпты шиналар үшін және артық жүктелу болмаған кезде орнатылады. Аталған шинаға берілген, жол жабынымен ілінісу дәрежесі алға қозғалу кезінде тежелу үшін сынақтар барысында алынған және автокөлік жеделдетілген, бұрылыста қозғалған және акважоспарлау жағдайларына таратылуы мүмкін. Бұдан басқа, ол жол жабынымен барынша ықтимал ілінісуін көрсетпейді.

Төмен профильді шина (бар болса)

Профилі 50-ден кем төмен профильді шина автокөлікке спорттық түр береді.

Төмен профильді шиналардың басқару және тежелу үшін оңтайландырылғандықтан, қозғалыс қолайсыздау болуы, сонымен бірге стандартты шиналармен салыстырғанда, шамадан тыс шуыл бірге ілесуі мүмкін.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Төмен профильді шиналардың бүйір қабырғаларының биіктігі, стандартқа қарағанда кішірек. сондықтан да, төмен профильді шиналардың дискісін зақымдау оңайырақ. Осыған байланысты, келесі сақтық шараларын сақтау қажет.

– Тегіс жолмен немесе жолсызбен шиналар мен дискілерді зақымдап алмау үшін, абайлап қозғалыңыз. Осындай жерлерден шыққаннан кейін, шиналар мен дискілерді қарап шығыңыз.

– Ойдым шұңқырлардан, жасанды бұдырлардан, люктер немесе жиектастардан өткен кезде, шиналарды зақымдап алмау үшін баяу қозғалыңыз.

– Шиналар зақымдалған кезде, оның күйін тексеру немесе жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

• Шиналардың зақымдалуын болдырмау мақсатында, әр 3000 км сайын олардың күйі мен қысымын тексеріңіз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

• Шиналардың зақымдалуын өз бетінше тану күрделі. Шиналарда азғана зақымдану белгілері болған кезде, тіпті зақымдалудың өзі көрінбесе де, шиналарды дереу тексеу немесе ауыстыру ұсынылады. Шиналардың зақымдалуы, ауаның шығып кетуіне алып келуі мүмкін.

• Егер шиналар тегіс емес жолмен, жолсызбен қозғалғанда, ойдым шұңқырлармен, люктер немесе жиектастардан өткен кезде зақымдалса, оларға кепілдік таратылмайды.

• Шиналар жөнінде ақпараттар оның бүйір қабырғасында көрсетілген.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 53-бет

БАЛҚЫМАЛЫ САҚТАНДЫРҒЫШТАР



Автокөліктің артық жүктелу салдарынан электр жүйесін істен шығудан қорғау үшін, балқымалы сақтандырғыштарды қолданыңыз.

Аталған автокөліктің екі (немесе үш) сақтандырғыш панелі бар. Біреуі жүргізуші жағындағы аспаптар панелінің астында, ал қалғандары- аккумулятор батареясының жанындағы қозғалтқы бөлігінде орналасқан.

Егер қандай да бір жарық беру аспаптары, қосалқы жабдықтар немесе басқару органдары жұмыс істемесе, тиісті тізбектегі сақтандырғыштардың күйін тексеріңіз. Сақтандырғыштың жанып кетуі, оның ішкі элементтерінің балқып кетуін көрсетеді. Егер электр жабдықтары жұмыс істемесе, алдымен жүргізуші жағынан орнатылған сақтандырғыш панелін тексеріңіз. Жанып кеткен сақтандырғышты ауыстырар алдында,

қозғалтқышты тоқтатыңыз, барлық ауыстырып-қосқыштарды ағытыңыз, содан кейін АКБ теріс кабелін ажыратыңыз. ауыстыру кезінде, номиналы дәл осындай сақтандырғыштарды қолданыңыз.

Жанып кеткен балқымалы сақтандырғыш, электр жүйесінде ақаулықтардың бар екенін көрсетеді. Тиіп тұрған жүйені қолданудан аулақ болыңыз және кеңес алу үшін, HYUNDAI дилеру авторизацияланған дилеріне дереу жүгініңіз.

i Ақпараттар

Автокөлікте сақтандырғыштың үш түрі болады: әлсіз токтарға арналған аяқ типіндегі сақтандырғыш, патронды сақтандырғыш, сонымен қатар күшті токтарға арналған мультисақтандырғыш.

Сақтандырғышты ауыстыру

Балқымалы сақтандырғышты ауыстыру үшін, әрдайым сол номиналдағы сақтандырғышты қолданыңыз.

- **Номиналды тогы үшін сақтандырғышты орнату зақымдалуға және өрттің пайда болуына алып келуі мүмкін**
- **Тиісті сақтандырғыштың орнына, сым қосқыштарды тіпті уақытша орнатуға тыйым салынады. Бұл электр сымдарының зақымдалуына және өрттің пайда болуына алып келуі мүмкін.**

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Сақтандырғыштарды шығарып алу үшін, бұрауышты немесе кез келген металл затты қолдануға тыйым салынады, себебі бұл қысқа тұйықталуды тудыруы және электр жүйесін зақымдауы мүмкін.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- **Жанып кеткен сақтандырғышты немесе релені ауыстыру кезінде, жаңа сақтандырғыш немесе реленің бекіткішке орнықты енгізілгеніне көз жеткізіңіз. Сақтандырғыштар мен релені толық орнатпау, сымның және автокөліктің электр жүйесінің зақымдалуына, сонымен бірге өрттің туындауына алып келуі мүмкін.**
- **Бұрандамамен немесе сомынмен бекітілген сақтандырғыштарды шығарып алмаңыз. Сақтандырғыштар, реле және клеммалар толықтай бекітілмеуі мүмкін, бұл өртке алып келуі мүмкін. Егер бұрандамамен немесе сомынмен бекітілген сақтандырғыш, реле немесе клеммалар жанап кетсе, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.**
- **Сақтандырғыштар/релелерге арналған клеммадағы, сақтандырғыштар мен релені қоспағанда басқа сақтандырғыштарды, релені салуға тыйым салынады, атап айтқанда бұрауыш немесе сым. Бұл түйіспелердің бұзылуына және жүйенің жаңылуына алып келеді.**
- **Жанып кеткен сақтандырғышты іздеу кезінде, сақтандырғыш блогының сырт жағында келтірілген сұлбаны басшылыққа алыңыз.**
- **Жанып кеткен сақтандырғышты, оталдыруды барлық ауыстырып-қосқыштарды алдын ала сөндіріп және сымды аккумулятор батареясының теріс клеммасынан ажыратып номиналы сондай жаңа сақтандырғышқа ауыстырыңыз.**

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 55-бет


OGC074013

Ішкі панельде орнатылған сақтандырғышты ауыстыру

1. Қозғалтқышты тоқтатыңыз және барлық ажыратқыштарды «Сөндірілген» күйіне ауыстырыңыз.
2. Сақтандырғыш панелінің қақпағын ашыңыз.



OGSR076072

3. Күмән тудыратын сақтандырғышты, оны панелге тік бұрыш асты бағытында тартып шығарып алыңыз. Балқымалы сақтандырғыштарды қозғалтқыш бөлігіндегі панельден шығарып алу үшін, автокөлікті жеткізу жиынтығына кіретін қысқаштарды қолданыңыз.
4. Шешіп алынған сақтандырғышты тексеріңіз; егер жанып кетсе, оны жаңасына ауыстырыңыз.
5. Сол номиналды тоқтағы жаңа балқымалы сақтандырғышты салыңыз және оның қысқышта орнықты бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Ақпараттар

Қосалқы сақтандырғыштар болмаған кезде, құрылғы тізбегінде орнатылған номиналды тоғы автокөлік жұмысы үшін міндетті болып саналатын сақтандырғыштарды қолданыңыз.

Егер фаралар немесе басқа электр жүйелері жұмыс істемесе, ал автокөлік салонының панеліндегі балқымалы сақтандырғыштар ақаусыз болса, қозғалтқыш бөлігіндегі балқымалы сақтандырғыштарды тексеріңіз. Егер балқымалы сақтандырғыштар жанып кетсе, оны ауыстыру қажет.


OGC074015

Сақтандырғыштардың ауыстырып-қосқышы

Сақтандырғыштардың ауыстырып-қосқышын әрдайым ON (ҚОС.) күйінде ұстаңыз.

Егер ауыстырып-қосқышты OFF (СӨНД. күйінде орнататын болса, бұл кейбір элементтердің, атап айтқанда дыбыстық жүйе және сандық сағаттардың түсірілуін, сонымен қатар электронды кілттің қате жұмыс істеуіне алып келуі мүмкін.

■ Аспаптар комбинациясының



OTLE045199RU

i Ақпараттар

Егер ауыстырып-қосқыш OFF (СӨНД.) күйінде тұрса, жоғарыда көрсетілген хабарлама шығатын болады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- **Қозғалыс кезінде сақтандырғыштардың ауыстырып-қосқышын әрдайым ON (ҚОС.) күйінде ұстаңыз.**
- **АКБ қуатының таусылуын болдырмау мақсатында, ауыстырып-қосқышты, егер автокөлік айдан астам уақыт бойына қозғалыссыз тұрса, ауыстырып-қосқышты OFF (СӨНД.) күйіне ауыстыру қажет.**
- **Балқымалы сақтандырғышты бірнеше рет шығаруға және орнына орнатуға жол бермеңіз. Балқымалы сақтандырғыш тозуы мүмкін.**

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 57-бет



Қозғалтқыш бөлігіне орнатылған сақтандырғышты орнату

1. Қозғалтқышты тоқтатыңыз және барлық ажыратқыштарды «Сөндірілген» күйіне ауыстырыңыз.
2. Барлық ажыратқыштарды «Сөндірілген» күйіне ауыстырыңыз.
3. Балқымалы сақтандырғыш қақпағына басыңыз және оны шешіп алыңыз.
4. Шешіп алынған сақтандырғышты тексеріңіз, оны жаңасына ауыстырыңыз. Қозғалтқыш бөлігіндегі панельдегі балқымалы сақтандырғышты шешіп алу немесе орнату үшін, оған арналған алынғышты қолданыңыз.
5. Сол номиналды тоқтағы жаңа балқымалы сақтандырғышты қондырыңыз және оның қысқышта орнықты бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Тығыз түйіспеген жағдайда, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінуді ұсынамыз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Мотор бөлігіндегі балқымалы сақтандырғыш блогы тексергеннен кейін, оның қақпағын орнықты бекітіңіз. Әйтпесе, блок ішіне судың тамып кетуінен электр жүйесі зақымдалуы мүмкін.



Басты сақтандырғыш (мультисақтандырғыш)

Жанып кеткен мультисақтандырғыш келесі үлгіде шығарып алынады:

1. Кабельді аккумулятор батареясының теріс клеммасынан ажыратыңыз.
2. Жоғарыда келтірілген суретте көрсетілген сомынды бұрап шығарыңыз.
3. Сол номиналдағы сақтандырғыштың жаңасына ауыстырыңыз.
4. Барлық бөлектелген бөлшектерді кері ретпен орнына орнатыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Басты сақтандырғышты дұрыс орнатпау, жанып кетуін тудыруы мүмкін. Бас сақтандырғыш жанып кеткен жағдайда, HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгіну ұсынылады.



Аяқ типіндегі сақтандырғыш

Сақтандырғышты тексеру алдында, қозғалтқышты және барлық электр жүйелерін сөндіру қажет. Егер сақтандырғыш жанып кетсе, оны шығарып алыңыз және мотор бөлігіндегі сақтандырғыш блогында осы үшін көзделген, алынғыштың көмегімен осындай номиналды тогы бар жаңасын орнатыңыз. Онда қосалқы сақтандырғыштар болады. Егер қажет сақтандырғыш жоқ болса, автокөліктің пайдалануына әсерін тигізбейтін, басқа жүйенің сақтандырғышын қолдануға болады, мысалы, дыбыстық жүйені.



Патрон типіндегі сақтандырғыш

Сақтандырғышты тексерер алдына, қозғалтқышты және барлық электр жүйелерін сөндіру қажет. Егер сақтандырғыш жанып кетсе, оны шығарып алыңыз және мотор бөлігіндегі сақтандырғыш блогында оқыс үшін көзделген, алынғыштың көмегімен осындай номинал алу кезінде, балқымалы сақтандырғышты зақымдамау үшін абай болыңыз.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 59-бет

Балқымалы сақтандырғыштар мен реле панельдерінің сипаттамасы



OGC074019

Жүргізуші жағынан сақтандырғыштар блогы

Балқымалы сақтандырғыштар мен реле панелінің қақпағының астында, сақтандырғыштар/реле атауы және олардың номиналды тогы шамасының кестешесі болады.

i Ақпараттар

Осы нұсқаулықта келтірілген сақтандырғыштар блогының сипаттамасы жариялау кезінде барлық автокөліктерге жарамды.



OGSR076077

Сақтандырғыштар блогын тексеру кезінде, сақтандырғыштар блогының қақпағында қондырылған кестешені қолдану қажет.

Салондағы балқымалы сақтандырғыш панелі

Позициясы	Атауы	Белгіленуі	Номиналы	Қорғалатын тізбек
БАЛҚЫМАЛЫ САҚТАНДЫРҒЫШ	АРТҚЫ ӘЙНЕКТІ ЖЫЛЫТУ		30 А	Артқы әйнекті жылыту релесі
	АРТҚЫ ОРЫНДЫҚ ЖЫЛЫТҚЫШЫ	RR	20 А	Артқы орындық жылытқышымен басқару модулі
	ҚОСАЛҚЫ	SPARE	30 А	-
	ЖЕРГЕ ТҮЙЫҚТАЛУДАН ҚОРҒАНЫС БАР ЭЛЕКТРЛІ ӘЙНЕК КӨТЕРГІШ	SAFETY	25 А	Қайталағыш, бұрылыс көрсеткіші
	БҰРЫЛЫС КӨРСЕТКІШІ		15 А	ВСМ
	АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДЫҚ ЖЫЛЫТҚЫШЫ	FRT	20 А	Жүргізуші/жолаушы орындығы жылытқышымен басқару модулі
	ОҢ ЖАҚ ЭЛЕКТРЛІ ӘЙНЕК КӨТЕРГІШ	RH	25 А	Электрлі әйнек көтергіштердің негізгі ауыстырып-қосқышы Электрлі әйнек көтергіштердің ауыстырып-қосқышы
	СОЛ ЖАҚ ЭЛЕКТРЛІ ӘЙНЕК КӨТЕРГІШ	LH	25 А	Электрлі әйнек көтергіштердің негізгі ауыстырып-қосқышы
	ҚОСАЛҚЫ	SPARE	20 А	-
	PDM	[2] PDM	10 А	ЭБУ электронды кілті/иммобилайзер
	ҚОСАЛҚЫ	SPARE	20 А	-
	1-ҚУАТ БЕРУ РОЗЕТКАСЫ	[1] POWER OUTLET	20 А	1-алдыңғы қуат беру розеткасы

Позициясы	Атауы	Белгіленуі	Номинал	Қорғалатын тізбек
БАЛҚЫМАЛЫ САҚТАНДЫРҒЫШ	ЕСІКТЕРДІ БҰҒАТТАУ		20 A	Есіктерді бұғаттау/бұғаттан шығару релесі, жүк салатын бөліктің есігін бұғаттау/бұғаттан шығару релесі
	BRAKE SWITCH	BRAKE SWITCH	10 A	ЭБУ электронды кілтті, тоқтату-сигналының ажыратқышы
	TCU	T	15 A	A/T : ауқымдар ауыстырып-қосқышы M/T: CC блогы (сақтандырғыш - F26 (артқы жүріс фонары))
	START	START 	10 A	CC блогы (күзет дабылдама релесі), КПП ауқымдарының ауыстырып-қосқышы, ECM, ЭБУ электронды кілті, оталдыру кілті және ілінісу басқысының күй бергіші
	PDM 1	1 PDM 1	15 A	ЭБУ электронды кілті
	Әйнекті жылыту	HTD IND	10 A	Жүргізуші/жолаушы жағынан артқы жақтағы сыртқы айна
	2-МОДУЛЬ	2 MODULE	10 A	Қосалқы ауыстырып-қосқыш, , ЭБУ 4WD, артқы жүріспе көлік қою кезіндегі көмек жүйесінің ызылы, артқы жүріспен көлік қою кезіндегі көмек беру жүйесінің сол жақ/оң жақ бүйірлік бергіштер және артқы жүріспен көлік қою кезіндегі көмек беру жүйесінің сол жақ/оң жақ орталық бергіштері
	ҚОСАЛҚЫ	SPARE	10 A	-
	ЖУҒЫШ		15 A	Көп атқарымды ауыстырып-қосқыш
	1-ЖЕЛДЕТКІШ	1	10 A	Кондиционерді басқару жүйесі
	ЖАДЫ	MEMORY	10 A	Артқы жағындағы сыртқы айнаны реттеу ауыстырып-қосқышы, сәндік сағаттар, кондиционерді басқару модулі, аспаптар комбинациясы, деректерді тарату желісінің жалғағышы
	ІШКІ ЖАРЫҚ БЕРУ ПЛАФОНЫ		10 A	Жүй салатын бөліктің фонары, бағытталған жарық беру шамы, салонға жарық беру шамы, косметикалық айна шамы
	3-МОУДЛЬ	3 MODULE	10 A	BCM, селектор иінтірегінің күй индикаторы, кондиционерді басқару модулі, навигациясы бар дыбыстық шолу жетекті құрылғысы, MTS E-Call модулі, жүргізуші/жолаушылар орындығының жылытқышымен басқару модулі, артқы орындық жылытышымен басқару модулі

Позициясы	Атауы	Белгіленуі	Номинал	Қорғалатын тізбек
БАЛҚЫМАЛЫ САҚТАНДЫРҒЫШ	ЭБУ	E	10 A	PCM/ECM, ЭБУ электронды кілті, иммобилайзер модулі
	КОНДИЦИОНЕР		10 A	Мотор бөлігінің үлестіруші қорабы (1-реле - электр жылытқышының релесі), CC блогы (желдеткіш релесі), кондиционерді басқару
	АРТҚЫ ӘЙНЕК ТАЗАРТҚЫШ		10 A	CC блогы (артқы әйнек тазартқыш релесі), артқы әйнек тазартқыштың электр қозғалтқышы
	МУЛЬТИМЕДИА	MULTI MEDIA	20 A	Дыбыстық жүйе, навигациясы бар дыбыстық шолу жетекті құрылғы
	2-ЖЕЛДЕТКІШ	2	10 A	[Қол кондиционері] Кондиционерді басқару блогы, желдеткіш ажыратқышы, желдеткіш резисторы
	1-МОДІЛЬ	1 MODULE	10 A	BCM, тоқтату-сигналының ажыратқышы
	ESC		10 A	ЭБУ ESC
	5-МОДУЛЬ	5 MODULE	10 A	Электрлік хром айна, артқы орындық жылытқышымен басқару модулі, фараның көлбеу бұрышын реттеу құрылғысының ажыратқышы, сол/оң жақ фара жуғышы бүріккішінің жылытқышы, жүгізуші/жолаушы орындығы жылытқышымен басқару модулі, қосымша үлестіруші қорабы (2/3 релесі- алдыңғы әйнек тазартқыш щеткасын жылытқыш)
	ҚОСАЛҚЫ	SPARE	10 A	-
	E-CALL	E-CALL	10 A	MTS E-Call модулі
	ҚОСАЛҚЫ	SPARE	20 A	-
	MDPS	1	10 A	[MDPS бар болса] MDPS блогы [MDPS-сыз] Рөлдік доңғалақтың бұрылыс бұрышының бергіші

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 63-бет

Позициясы	Атауы	Белгіленуі	Номинал	Қорғалатын тізбек
БАЛҚЫМАЛЫ САҚТАНДЫРҒЫШ	ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ		10 A	SRS басқару модулі
	4 МОДУЛЬ	4 MODULE	10 A	BCM, ЭБУ электронды кілті
	STRG ЖЫЛЫТҚЫШЫ		15 A	BCM
	2 -ҚУАТ БЕРУ РОЗеТКАСЫ	2 POWER OUTLET	20 A	Алдыңғы 2-ші қуат беру розеткасы
	ACC	ACC	10 A	Артқы қуат беру розеткасының релесі, BCM, сандық сағаттар, , MTS E-Call модулі, дыбыстық жүйе, навигациясы бар дыбыстық шолу жетекті құрылғысы, смартфон ұстағыш, ЭБУ электронды кілті, арт жағындағы сыртқы әйнекті ретке келтіретін ауыстырып – қосқыш
	ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНЫҢ ИНДИКАТОРЫ	IND	10 A	Аспаптар комбинациясы
	АСПАПТАР КОМБИНАЦИЯСЫ	CLUSTER	10 A	Аспаптар комбинациясы




Қозғалтқыш бөлігіндегі балқымалы сақтандырғыш панелі

Балқымалы сақтандырғыш және реле панелі қақпағының астында сақтандырғыштар/реле атаулары және олардың номиналды ток шамасы бар кестеше орналасқан.



■ АКБ жағы (бар болса)



■ Қосымша үлестіру қорабы (бар болса)



i Ақпараттар

Осы нұсқаулықта келтірілген сақтандырғыштар блогының сипаттамасы барлық автокөліктерге (қолдану нұсқасына байланысты) қолдануға жарамды. Барлық деректер жариялау кезінде өзекті. Сақтандырғыштар блогын тексеру кезінде, сақтандырғыш блогы қақпағына қондырылған кестешені қолдану қажет.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 65-бет

Бөліктегі балқымалы сақтандырғыш панелі

Позициясы	Атауы	Белгіленуі	Номиналы	Қорғалатын тізбек
БАЛҚЫМАЛЫ САҚТАНДЫРҒЫШ	MDPS	1	80 A	MDPS блогы
	ALT	**ALT**	150 A	Генератор, сақтандырғыш (F3/F4/F5/F7)
	B+5	5	40 A	Зияткерлік үлестіруші қорап (сақтандырғыш - F1)
	ESC 1	1	40 A	ЭБУ ESC
	ESC 2	2	40 A	ЭБУ ESC
	H/LAMP HI		10 A	[Биксенонды фар бар болса] PCB блогы (жетекті жарық фарының электрмагниттік релесі)
	B+1	1	50 A	Зияткерлік үлестіруші қорап (Сақтандырғыш - F2/F5/F10/F13/F14/F17), токтың кемуінің автоматты бөлу құрылғысының сақтандырғышы
	IG1	**IG 1**	40 A	[іске қосу батырмасы бар болса] PDM үлестіру блогы (IG1 релесі, ACC релесі) [Іске қосу батырмасыз] Оталдыру ажыратқышы
	B+4	4	50 A	Зияткерлік үлестіруші қорап (IPS 1/IPS 2/IPS 3, сақтандырғыш - F6)
	TCU1	T1	20 A	[A/T] PCM
	PTC HEATER	**PTC HEATER**	60 A	1-реле (Отын сүзгісінің жылытқыш релесі)

Қосымша үлестіру қорабы (бар болса)

Позициясы	Атауы	Белгіленуі	Номиналы	Қорғалатын тізбегі
БАЛҚЫМ АЛЫ САҚТАНДЫРҒЫШ	АЛДЫҢҒЫ СОЛ ЖАҚ ЖЫЛЫТҚЫШ	LH	50 A	Реле 2 (Алдыңғы сол жақ әйнек тазартқыш жылытқышы)
	АЛДЫҢҒЫ ОҢ ЖАҚ ЖЫЛЫТҚЫШ	RH	50 A	Реле 3 (Алдыңғы оң жақ әйнек тазартқыш жылытқышы)
	АЛДЫҢҒЫ ЖЫЛЫТҚЫШ ИНДИКАТОРЫ		10 A	Алдыңғы панельдің ауыстырып-қосқышы (көмескі жарық.)
Реле	C162/C262	LH	ISO HC MICRO	Реле 2 (Алдыңғы сол жақ әйнек тазартқыш жылытқышы)
	C163/C263	RH	ISO HC MICRO	Реле 3 (Алдыңғы оң жақ әйнек тазартқыш жылытқышы)

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 67-бет

ЖАРЫҚ БЕРУ ШАМДАРЫ

Автокөліктің жарық беру жүйесінің шамдарының көпшілігін ауыстыру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінуді ұсынамыз. Әдеттегідей, автокөліктегі шамдарды ауыстыру, шамға қолжеткізу үшін бөлектеу үшін қажетті басқа бөлшектермен қиындатылған. әсірсе, бұл шамдарды ауыстыру үшін, фара тораптарын бөлекшеуге қатысты.

Фара тораптарын шешіп алу/орнату, автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Жарық беру аспаптарымен байланысты жұмыстар орындар алдында, тұрақ тежегішін орнықты тартыңыз; оталдыру кілтінің LOCK/OFF күйінде бұрылғанына көз жеткізіңіз және автокөліктің кенет қозғалып кетуін, қол саусақтарын күйіп қалуын немесе электр тогының соғуын болдырмау мақсатында шамды сөндіріңіз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Жанып кеткен шамдарды ауыстыру кезінде, қуаттылығы сондай жаңа шамдарды орнатыңыз. әйтпесе, балқымалы сақтандырғыш жанып кетуі немесе электр сымы зақымдалуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер сізде қажетті құралдар, тиісті шамдар және тәжірибе болмаса, HYUNDAI авторландырылған дилеріне жүгіну ұсынылады. Көптеген жағдайларда, автокөліктегі шамдарды ауыстыру шамға қолжеткізу үшін қажетті басқа да бөлшектермен қиындатылған. Әсіресе, бұл шамды ауыстыруға арналған фара тораптарын бөлшектеуге қатысты.

Фара тораптарын шешіп алу/орнату, автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Ақпараттар

Күшті жаңбырдан немесе автокөлікті жуғаннан кейін, фара шашыратқыштары мен артқы фонарь ағарған болып көрінуі мүмкін. Бұл фаралардың ішіндегі және сыртындағы ауа температурасының айырмашылығына негізделген.

Бұл құбылыс, жаңбыр кезінде автокөлік терезесінің іштей булануына ұқсас және ақаулықтардың болу белгісі болып саналмайды. Егер судың ағуынан, шамдарды қосудың электр тізбегіне таматын болса, автокөлік HYUNDAI компаниясының дилерімен тексерілуі тиіс. .

Ақпараттар (Еуропа үшін)

Жақын түсетін жарық шоғыры ассиметриялы таралады. Қарама-қарсы қозғалыс бағытындағы елге жол жүру кезінде, бұл қарсы келе жатқан көлік құралдарының жүргізушілерін асимметриялық бөлік жүргізушілерді жаңылыстырады. Осы ереженің алдын алу үшін, ECE бірнеше техникалық шешімдерді қолдануды (атап айтқанда, жарық беруге автоматты бейімделу функциясы, өзі жапсырылатын пленканы орнату, жарық шоғырының төмен ауытқуы) талап етеді Осы фаралар қарсы келе жатқан автокөлік жүргізушілерін жаңылыстырмау үшін жасап шығарылды.

Фара шамдарын, бұрылыс көмескі жарығының статикалық оттарын, габариттік шырақтарды, бұрылыс көрсеткіштері мен тұманға қарсф фараларыд ауыстыру



(1) Фара (алысқа/жақынға түсетін жарық)

(2) Алдыңғы бұрылыс көрсеткіші

(3) Габариттік/күндізгі жүріс шырақтары*

(4) Бұрылыс көмескі жарығының статикалық фонары *

(5) Тұманға қарсы фара* немесе күндізгі жүріс шырағы*

* : бар болса



Фара шамын, габариттік шырақтарды, бұрылыс көрсеткішін, тұманға қарсы фараларды, күндізгі жүріс шырақтары мен бұрылыс көмескі жарығының стаикалық оттарын ауыстыру

- **Галоген шамдарын ұқыптап қолданыңыз. Галоген шамдарында қысымды газдар бар, ол шам зақымдалған кезде шыны сынықтарын тудыруы мүмкін.**
- **Шамдарды ауыстыруған кезде, қорғаныс көзәйнектерін киіңіз. Жұмыстар орындар алдында, шамды суытыңыз.**

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 69-бет

- Оларды қолданған кезде әрдайым абай болыңыз, сызаттар мен басқа механикалық бүлінулердің пайда болуына жол бермеңіз. Қосылған шамға сұйықтықтың тамуына жол бермеңіз.
- Шынысына жалаңаш қолды тигізбеңіз. Май қалдықтары шам колбаларының қызып кетуіне және шытынауына алып келуі мүмкін.
- Шамды фараны орнатқаннан кейін ғана қосуға болады.
- Шамдар зақымдалған немесе шытынаған жағдайда, оны дереу жаңасына ауыстырыңыз және қолданылған шамды тиісінше кәдеге жаратыңыз.



1. Капотты ашыңыз.
2. Кабельді аккумулятор батареясының теріс клеммасынан ажыратыңыз.
3. Фара шамының қақпағын, оны сағат тіліне қарсы бағытта бұрып шешіп алыңыз.
4. Жалғағышты шам патронынан ажыратыңыз.
5. Шамның серіппелі бекіткішін, оның ұштарын қысып және бекіткішті жоғары тартып ағытыңыз
6. Шамды блок-фарасынан шығарып алыңыз.
7. Жаңа шамды орнатыңыз және оны ойығымен шамда қиыстырып, серіппелі бекіткішпен бекітіңіз.
8. Жалғағышты шам патронына жалғаңыз.
9. Фара шамының қақпағын, оны сағат тілі бағытымен айналдырып орнатыңыз.

Ақпараттар

Жол-көлік оқиғасынан кейін немесе блок-фараны қайта орнатқаннан кейін, фараны реттеу үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну қажет.

Бұрылыс көрсеткіштерінің шамы мен габариттік шырақтар

1. Капотты ашыңыз.
2. Кабельді аккумулятор батареясының теріс клеммасынан ажыратыңыз.
3. Патронды тораптан, торап кертіктерімен патронда дөңесті қиыстырғанға дейін сағат тіліне қарсы бағытта айналдырып шығарып алыңыз.
4. Патроннан шамды, оған басып және патрон кертіктерімен шамдағы дөңесті қиыстырғанға дейін сағат тіліне қарсы бағытта бұрып шығарыңыз. Патроннан шамды шығарып алыңыз.
5. Жаңа шамды орнатыңыз, сол үшін оны патронға басып қысыңыз және бекітілгенше бұрыңыз.
6. Патронды торапқа орнатыңыз.
7. Патронды торапқа басып қысыңыз және патронды сағат тілі бойымен бұрыңыз.

Күндізгі жүріс жарығы / Габариттік шырақтар (Жарық диодты)

Егр жарық беретін аспаптар жұмыс істесе, оны тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Тұманға қарсы фара шамы/күндізгі жүріс шырақтары (бар болса)


1. Алдыңғы бампердің төменгі қақпағын шешіп алыңыз.
2. Алдыңғы бампердің артқы қабырғасына қолыңызды жеткізіңіз.
3. Патроннан қуат беру сымын ажыратыңыз.
4. Шам патронын корпусынан, патрон тілшігі корпустағы ойыққа сәйкес келуі үшін, оны сағат тіліне қарсы бағытта бұрып шығарыңыз.
5. Корпусқа патроны бар жаңа шамды, корпустағы ойығымен патрон дөңесін қиыстырып орнатыңыз. Патронды корпусқа салыңыз және оны сағат тілі бағыты бойымен бұрыңыз.
6. Қуат беру жалғағышын патронға жалғаңыз.
7. Алдыңғы бампердің төменгі қақпағын орнына орнатыңыз.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 71-бет

Бұрылыс көрсеткішінің бүйір қайталауыш шамын ауыстыру




Егер шам жұмыс істемесе, оны тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.



1. Фонарьды автокөлік шанағынан, шашыратқышты іліп алып, торапты тартып шығарыңыз.
2. Автокөлік шанағына жаңа фонарьды орнатыңыз.

Фаралар мен тұманға қарсы фараларды реттеу (Еуропа үшін)



Фараларды реттеу

1. Шиналарды тиісті қысымда орнатыңыз және қосалқы дөңгелектер мен құралдарды қоспағанда, автокөліктен жүктемені алып тастаңыз.
2. Автомокөлікті тегіс алаңға орналастыру қажет.
3. Экранға тік сызық (алдыңғы фара шамдарына сәйкес келетін шам ортасынан өтетін) және көлденең (алдыңғы фара шамдарына сәйкес келетін шам ортасынан ортасынан өтетін) сызыңыз.

4. Фаралардың ақаусыз күйде және аккумулятор батареяларының қуатының жеткілікті екеніне көз жеткізген соң, фараларды барынша ашық тұсы тік сызығы бар жерде тұратындай ретке келтіріңіз.

5. Жақыннан түсетін жарық бағытын солға немесе оңға өзгерту үшін, реттегіш бұранданы сағат тілі бағытымен немесе сағат тіліне қарсы бағытта айналдырыңыз. Жақыннан түсетін жарық бағытын жоғары немесе төмен өзгерту үшін, реттегіш бұранданы сағат тілі бағытымен немесе сағат тіліне қарсы бағытта айналдырыңыз.

   Алыстан түсетін жарық бағытын жоғары немесе төмен өзгерту үшін, реттегіш бұранданы сағат тілі бағытымен немесе сағат тіліне қарсы бағытта айналдырыңыз.



Тұманға қарсы фараны реттеу


Тұманға қарсы фараны реттеу алыстан және жақыннан түсетін жарық фараларын реттеуге ұқсас орындалады

Тұманға қарсы фараларды реттеу фаралардың қалыпты күйінде және аккумулятор батареясының қуаты жеткілікті болған кезде жүргізіледі.

Тұманға қарсы фаралар бағытын жоғары немесе төмен өзгерту үшін, реттегіш бұранданы сағат тілі бағытымен немесе сағат тіліне қарсы бағытта айналдырыңыз.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 73-бет

Фараны реттеу нүктесі




H1 : Фара шамының ортасынан жерге дейінгі (алыстан түсетін/жақыннан түсетін жарық) ара қашықтық
H2 : Алдыңғы тұманға қарсы фара шамының ортасынан жерге дейінгі ара қашықтық
W1 .Жетекші жарық фара шамдарының ортасының арасындағы ара қашықтық (алыстан/жақыннан түсетін жарық) W2 : алдыңғы тұманға қарсы фара шамдары орталарының арасындағы ара қашықтық

OGSR076083

Өлшем бірлігі: мм

Автокөліктің күйі	Шам типі	H1	H2	W1	W2
Жүргізушісіз	Стандарт (MFR типі)	865	526	1440	1510
	Опция (прожектор типі)	878		1478	
Жүргізушімен	Стандарт (MFR типі)	857	518	1440	1510
	Опция (прожектор типі)	870		1478	


Фараның жақыннан түсетін жарығы



1. Фараның жақын түсетін жарығын қосыңыз (жүргізуші автокөлік салонында)
2. Жиек сызығы суреттегі жиек сызыққа сәйкес келуі тиіс.
3. Алдымен фараны көлденең реттеу, содан кейін тігінен реттеу орындалады.
4. Егер фараны көлбеу бұрышын түзетуші орнатылса, реттегішті 0-ге орнатыңыз.


GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 75-бет

Алдыңғы тұманға қарсы фаралар



1. Фараның жақын түсетін жарығын қосыңыз (жүргізуші автокөлік салонында тұруы тиіс).
2. Жиек сызығы рұқсат етілген ауқымда (штрихталған аймақ) жобалануы тиіс.

Артқы құрама фонарь шамын ауыстыру




А типі

(1) Тоқтату сигналы /габариттік шырақтар

(2) Артқы фонарь

(3) Артқы бұрылыс көрсеткіші

(4) Артқы жүріс фонары




В типі

(1) Тоқтату сигналы/габариттік шырақтар

(2) Артқы бұрылыс көрсеткіші

(3) Артқы жүріс фонары



Сыртқы фонарь

Тоқтату-сигналының шамдары, артқы габариттік шырақтар мен бұрылыс көрсеткіштері

1. Қозғалтқышты тоқтатыңыз.

1. Жүк салатын бөліктің есігін ашыңыз.


2. Фонарь қақпағын тік оймакілтек бұрауышымен шешіп алыңыз.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 77-бет

3. Фонарьдың бекіткіш бұрандасын айқара тәрізді оймакілтегі бар бұрауышпен бұраңыз.
4. Автокөлік шанағынан артқы құрама фонарь торабын бөлектеңіз.
5. Патронды тораптан торап кертіктерімен патронда дөңес қиысқанға дейін сағат тілі бағытына қарсы айналдыру арқылы шығарып алыңыз.
6. Патроннан шамды, оны басып және патрон кертігімен шамдағы дөңестер қиысқанша сағат тілі бағытынаа қарсы бұрып, шығарып алыңыз Патроннан шамды шығарып алыңыз.
7. Жаңа шамды орнатыңыз, сол үшін оны патронға басыңыз және бекітілгенше бұраңыз.
8. Патронды торапқа орнатыңыз. Бұл үшін дөңесті топа кертіктерімен патронда қиыстыру қажет.
9. Патронды торапқа басып қысыңыз және сағат тілі бағытымен бұрыңыз.
10. Фонарь торабын автокөлік шанағына қайта орнатыңыз.

Тоқтату сигналының шамы/габариттік шырақтар (жарық диодты типі)

Егер тоқтату сигналының жарық диодты шамы мен габариттік шырақтар жұмыс істемесе, автокөлікті тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.



Ішкі фонарь

Габариттік шырақтар мен артқы жүріс фонарьлары

1. Қозғалтқышты тоқтатыңыз.
2. Жүк салатын бөліктің есігін ашыңыз.
3. Фонарь қақпағын тік оймакілтек бұрауышымен шешіп алыңыз.

4. Патронды тораптан сағат тіліне қарсы бағытта айналдырып, дөңес жерінің торап кетігімен патронда қиысқанға дейін шығарып алыңыз.
5. Патроннан шамды шығарып алыңыз.
6. Патронға жаңа шамды салыңыз.
7. Патронды фонарь корпусына, патрондағы дөңестерді кертікпен қиыстырып және патронды сағат тілі бағытымен бұрып салыңыз.
8. Фонарьды орнына орнатыңыз.

Тоқтату-сигналының шамы мен габариттік шырақтар (жарық диодты типі)

Егер жарық диодты тоқтату сигналы мен габариттік шырақтар жұмыс істемесе, автокөлікті тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну қажет.




Артқы тұманға қарсы фонарьлар

1. Патронды тораптан сағат тіліне қарсы бағытта айналдырып, дөңес жерінің торап кетігімен патронда қиысқанға дейін шығарып алыңыз.
2. Патроннан шамды, оны басып және патрон кертігімен шамдағы дөңестер қиысқанша сағат тілі бағытынаа қарсы бұрып, шығарып алыңыз.
3. Патронға жаңа шамды орнатыңыз.
4. Автокөлік шанағына фонарьды орнатыңыз.


GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 79-бет

Қосымша тежелу сигналын ауыстыру



Егер қосымша тежелу сигналы жұмыс істемесе, автокөлікті тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Нөмірлік белгінің жарық беру шамын ауыстыру



1. Бұрауыштың көмегімен, шашыратқыштың бекіткіш бұрандасын босатыңыз.
2. Шашыратқышты шешіп алыңыз
3. Шамды ұяшығынан тартып шығарып алыңыз.
4. Жаңа шамды орнатыңыз.
5. Шашыратқышты орнына орнатыңыз және бекіткіш бұрандамен бұраңыз.

Салонға жарық беру плафонының шамын ауыстыру



1. Оймакілтекті бұрауыштың көмегімен тістеп, салонға жарық беретін плафонды корпусынан мұқият шығарып алыңыз.
2. Шамды ұяшығынан тартып шығарып алыңыз.

Салонға жарық беретін шамдармен байланысты жұмыстарды орындау алдында, қол саусақтарының күйіп қалуын немесе электр тогының соғуын болдырмау мақсатында, OFF (СӨНД.) пернесінің басылып тұрғанына көз жеткізіңіз.

3. Патронға жаңа шамды орнатыңыз.
4. Шашыратқыштың дөңес жерін шам корпусының ішкі кертіктерімен қиыстырыңыз және шашыратқышты орнына орнатыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шашыратқышты шашыратқыштың дөңес жері мен пластмасса корпусын ластамау және зақымдамуын қадағалаңыз.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 81-бет

АВТОКӨЛІКТІҢ СЫРТҚЫ КӨРІНІСІН КҮТУ

Сырттай күту

Сырттай күтуді жүзеге асыру кезіндегі жалпы сақтық шаралары

Химиялық жуғыш заттарды немесе полирольді қолданған кезде, кестешеде келтірілген нұсқауларды басшылыққа алу өте маңызды. Кестешедегі барлық сақтандыру нұсқауларын мұқият оқып шығыңыз.

Жоғары қысыммен жуу

Жоғары қысыммен жұмыс істейтін жуғыш құрылғыларды қолданған кезде, біршама алыс қашықтықта тұрыңыз

Жеткіліксіз ара қашықтық немесе шамадан тыс қысым, компоненттердің зақымдалуына немесе оған судың тамып кетуіне алып келуі мүмкін. Камераны, бергішті және оларды қоршап тұрған жерлерін тікелей жоғары қысымдағы жуғыш құралдармен жууға тыйым салынады, Жоғары қысымдағы судың әсері құрылғының істен шығуына алып келуі мүмкін.

- Тозаңдыққа (резеңке немесе пластик тысқаптарға) немесе жалғағышқа шүмекті әкелуге тыйым салынады, себебі жоғарғы қысымдағы су оларды зақымдауы мүмкін.

Автокөліктің лакбояу бетін күту

Автокөлікті жуу

Лакбояу жабынды тоттану мен тозудан қорғау үшін, айына бір реттен сирек емес автокөлікті аздап жылы немесе суық сумен мұқият жуу керек.

Автокөлікті жолсыз жағдайларда жол жүру үшін қолданған кезде, оны әр жолға шыққан сайын жуу қажет. Кез келген тұз, шаң, кір және басқа да бөгде материалдардың жинақталуын кетіруге ерекше назар аударыңыз. Есіктің төменгі бетіндегі және табалдырық панеліндегі дренажды тесіктердің ластанулардан тазартылғанына көз жеткізіңіз.

Алайда, егер сумен дер кезінде жуса да барлық ластануларды кетіру үнемі мүмкін бола бермейді.

Анағұрлым тиімді жуу үшін, бояған беттер үшін қауіпсіз, сілтілі емес сабынды қолдану қажет. Жуғаннан кейін, автокөлікті аздап жылы немесе суық сумен мұқият шайыңыз. Автокөліктің лакбаяу бетінде сабын ерітіндісінің кебуіне жол бермеңіз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- **Күшті әсер ететін сабын, химиялық жуғыш құралдарды немесе ыстық суды қолданбаңыз. Сонымен қатар, автокөлікті тікелей күн сәулесінде немесе автокөлік шанағы қызып тұрған кезде жууға болмайды.**
- **Бүйір терезелерін қысымдағы күшті су ағысымен жумаңыз.**

  Су терезеден өтіп кетуі және салонды су қылуы мүмкін.
- **Пластмасса бөлшектер мен шамдарда бүлінудің болдырмау мақсатында, тазару үшін химиялық еріткіштерді немесе темір жуғыш құралдарды қолданбаңыз.**

Тежегіштің су болуы

Автокөлікті жуғаннан кейін, тежегіштердің жұмысы онда жинақталған судан бұзылмағанына көз жеткізу үшін, аз жылдамдықпен қозғалып, тежегіштің жұмысын тексеріңіз. Егер тежегіштер жұмысынң тиімділігі төмендемесе, аз жылдамдықпен қозғалуды жалғастырып және тежегіші басқысын аздап басып оны құрғатыңыз.



НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- **Қозғалтқыш бөлігін сумен, соның ішінде арынды сумен жуу қозғалтқыш бөлігінде орналасқан электр тізбектерінің тоқтап қалуына алып келуі мүмкін.**
- **Ешбір жағдайларда, автокөлік ішіндегі электрлі/электронды элементтерге су және басқа да сұйықтықтардың тамуына жол бермеңіз, себебі бұл олардың зақымдалуына алып келуі мүмкін.**

Балауызбен жылтырату

Балауызды су автокөліктің боялған бетіне жинақталуы тоқтағаннан кейін жағу керек.

Автокөлікті балауызбен жылтыратар алдында, міндетті түрде жуу және кептіру керек. Автокөлікті жылтырату үшін, жоғары сапалы сұйық балауызды немесе балауыз пастасын қолданыңыз және дайындаушының нұсқаулығын басшылыққа алыңыз. Балауызбен оларды қорғау және жылтырын сақтау үшін, барлық металл элементтерді жабыңыз. Шанақтың боялған бетінен дақ кетіруге арналған құралдың көмегімен майды, шайыр немесе соған ұқсас заттарды кетіру кезінде, әдетте жағылған балауыз шешіп алынады. Осы бөліктердің бетін, тіпті егер аталған уақыт мезетінде балауызбен автокөліктің қалған бөліктерін өңдеу қажет болмаса да, міндетті түрде қалпына келтіріңіз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- **Шанақ бетінен шаң немесе кірді кетіру, лакбояу бетке сызат түсуіне алып келуі мүмкін. (жалғасын қар.)**

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 83-бет

(жалғасы)

- **Хромдалған немесе анодталған алюминий бөлшектерді тазарту үшін, болат ысқыштарды, темір ысқыштарды немесе құрамында сілтілі немесе каустик компонеттері бар күшті еретінділерді қолданбаңыз. Бұл қорғаныс бетінің зақымдалуына, түссізденуіне немесе лакбояу бетінің бұзылуына алып келуі мүмкін.**

Бүлінген лакбояу беттерді қалпына келтіру

Боялған беттерге тастың түсуінен болған терең сызаттар немесе ойдымдар дер кезінде кетірілуі тиіс. Ашық металл жылдам тоттануы мүмкін, соның салдарынан жөндеу үшін едәуір шығындарға алып келуі мүмкін.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Егер сіздің автокөлігіңіз зақымдалса немесе қандай да бір металл бөлшектеріне кез келген жөндеу немесе ауыстыру қажет болса, сіздің HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады

Жылтыратылған металл элементтерді күту

- Жол гудронын және жәндіктердің іздерін кетіру үшін, осы үшін арналған құралдарды қолданыңыз. Бұл үшін қырғыштарды немесе басқа да өткір заттарды қолданбаңыз.
- Жылтыратылған металл бөлшектерді тоттанудан қорғау үшін, қорғаныс балауыз жабынын немесе құрамында хром бар сақтандыру құралдарын жағыңыз және көбірек жылтыр беру үшін ысыңыз.
- Қыс кезінде немесе жағалау аймақтарында жылтырлатылған металл бөлшектерін балауыздың барынша қалың қабатымен немесе қорғаныс құралдармен жабыңыз. Қажет болған кезде, осы бөлшектерді тоттануды тудырмайтын техникалық вазелин жағыңыз.

Шанақтың төменгі бөлігін күту

Тоттануды тудыратын заттар қар мен түбінде жинақталатын шаңды кетіру үшін қолданылады. Егер осы заттарды дер кезінде кетірмесе, автокөлік түбінде орналасқан элементтердің тоттануы үдетілуі мүмкін, атап айтқанда, отын құбыр жолдары, жақтау, жеке түбі, және пайдаланылатын жүйе элементтері, тіпті егер олар тоттанудан қорғауға арналған құралдармен өңделсе

Күшті су ағысымен аздап жылы немесе суық сумен, автокөлік шанағының төменгі бөлігін және дөңгелектің төменгі жағын айына бір реттен сирек емес, сонымен қатар жолсызбен жүрген кезде және қыс маусымы аяқталғаннан кейін мұқият жуыңыз. Автокөліктің осы бөлігіне ерекше назар аударыңыз, себебі барлық жинақталған шаң мен кірді көру қиын. Жиналған кірді оны кетірмей жай ғана сулау, пайдадан гөрі көбірек зиян келтіреді. Панель табалдырығы мен жақтау бөлшектеріндегі, есіктің төменгі бөлішінде бар дренажды тесікте кір бітеліп қалмауын қадағалаңыз; осы аймақтарда қалған тоттануға себеп болуы мүмкін.

Автокөлікті жуғаннан кейін, тежегіштердің жұмысы онда жинақталған судан бұзылмағанына көз жеткізу үшін, аз жылдамдықпен қозғалып, тежегіштің жұмысын тексеріңіз. Егер тежегіштер жұмысының тиімділігі төмендемесе, аз жылдамдықпен қозғалуды жалғастырып және тежегіші басқысын аздап басып оны құрғатыңыз.

Алюминий дөңгелек дискілеріне қызмет көрсету

Алюминий дөңгелек дискілерінің селдір қорғаныс жабыны бар.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- **Жемір жуғыш құралдарды, ысып жылтырататын құралдарды, еріткіштер немесе алюминий дөңгелек дискілер тазартуға арналған сым щеткаларды қолданбаңыз.**
- **Дөңгелектерді олар суығаннан кейін тазарту қажет.**
- **Бұл үшін оларды тазарту аяқталғанға дейін сумен мұқият жуып кетіре отырып, жұмсақ сабынды немесе бейтарап жуғыш құралдарды қолданыңыз. Тұзбен өңделген жол бетімен жүргеннен кейін барлық дискілерді тазартуды ұмытпаңыз.**
- **Дөңгелектерді автокөліктерді жууға арналған жоғары жылдамдықты щеткалармен жуып тазартпаңыз.**
- **Сілтілі және қышқылды тазалағыш заттарды қолдануға тыйым салынады.**

Тоттанудан қорғау

Автокөлікті тоттанудан қорғау

Тоттанудан қорғау үшін жобалау және өндірістің ең заманауи технологияларын қолдана отырып, біз ең жоғары сапалы автокөліктерді өндіреміз. Алайда, бұл тек жұмыстың бөлігі ғана. Тоттанудан ұзақ мерзімді қорғануысты қамтамасыз ету үшін, иеленушілер тарапынан көмек пен қолдау қажет етіледі.

Тоттанудың негізгі пайда болу себептері

Автокөлікте тоттанудың негізгі пайда болу себептері мыналар болып табылады:

- Жол тұзы мен автокөлік түбінде жинақталатын кір мен ылғал.
- Бояудың немесе қорғаныс беттердің тастармен, қиыршық құмдармен кертілуі, сонымен қатар

елеусіз кетіктер мен тоттану әсер ету үшін қорғалған металды ашық қалдыратын ішіне майысулар.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 85-бет

Белсенді тоттану аймақтары

Егер автокөлік тоттануды тудыратын, материалдардың әсеріне үнемі ұшырайтын жерлерде пайдаланылатын болса, одан қорғау ерекше маңызы саналады. Тоттанудың кейбір күшею себептері, жол тұзы жолдарда қолданылатын химиялық препараттар, теңіз ауасы мен өнеркәсіптік ластанулар болып саналады.

Ылғал — тоттану көзі

Ылғалды тоттану анағұрлым ықтимал жағдайларда қалыптасады. мысалы, тоттану процестері, ылғалдылық болған кезде, әсіресе қоршаған орта температурасы аздап нөлден жоғары болғанда жеделдетіледі. Осындай жағдайлар кезінде, тым баяу буланатын ылғал, автокөлік бетінен тоттануды тудыратын материалмен үнемі байланысты ұстап тұрады.

Әсіресе, тоттанудың белсенді көзі кір болып саналады, сондықтан ол баяу кебеді және автокөлік бетінде ылғалды кідіртіп тұрады. Тіпті егер батпақ құрғақ болып көрінсе де, ол әлі де болса ылғалдан тұруы және тоттану процесіне ықпал етуі мүмкін. Жоғары температура да, автокөліктің нашар желдетілген бөлігінде тоттанудың пайда болуына ықпал етеді, онда ылғал тұрып қалуы мүмкін. Осы себептерге байланысты, әсіресе автокөлікті таза ұстау, одан кірді және басқа жинақталып қалған материалдарды кетіру аса маңызды. Бұл көрініп тұрған бөліктеріне ғана емес, сонымен қатар автокөліктің түпкі бөліктеріне де қатысты.

Тоттануды ескерту

Сіз келесі әрекеттермен тоттанудың пайда болуының алдын алуға көмектесе аласыз:

Өз автокөлігіңізді таза ұстаңыз

Тоттануды болдырмаудың ең жақсы тәсілі — бұл сіздің автокөлігіңізді таза ұстау және оның тоттануын тудыратын материал түзілімдерін ұдайы кетіру. Автокөліктің түбіне ерекше назар аудару өте маңызды.

- Егер сіз автокөлікті белсенді тоттану аймақтарында пайдаланатын болсаңыз (жолдарға тұз төсетін, теңіздің қасында, өнеркәсіппен ластанған, қышқылды жаңбырлы аймақтарда және т.б.), сіз тоттануды болдырмау үшін ерекше шаралар қолдануыңыз қажет. Қыс кезінде ағынды сумен автокөлік түбін айына бір реттен сирек емес, ал қыс кезі аяқталғаннан кейін оны мұқият жуып отыру қажет.
- Автокөлік түбін тазарту кезінде, дөңгелек қуыстарында орналасқан құрылма элементтеріне және шолу қолжетімді емес басқа да жерлеріне ерекше назар аудару қажет. Тазартуды жиі жүргізіңіз; егер кірді жай ғана суласа,

оны жуып кетірмесе, онда бұл оның алдын алмайды, тоттануды анағұрлым қарқынды ете түседі. Жоғары қысымдағы су мен бу, әсіресе кір түзілімдері мен тоттану материалдарын кетіру кезінде тиімді болады. Есіктердің төменгі бөліктерін, асылғы элементтері мен күштік құрылмаларды тазарту кезінде, дренажды тесіктердің ашық болғанына, осылайша ылғалдың булануына және ішінде жинақталмай тоттанудың пайда болуын жеделдетіп, ішінде жинақталмауын қадағалаңыз.

Көлікжайда ылғалдың болмауын қамтамасыз етіңіз

Автокөлікті дымқыл, нашар желдетілген көлікжайға қоюға болмайды. Бұл тоттану үшін қолайлы жағдай жасайды. Әсіресе, бұған, сіз автокөлікті көлікжай ішінде жуғанда немесе көлікжайға дымқыл, автокөлікті қар, мұз немесе кір басқан күйінде соққан жағдайлар жатады, тіпті, жылытылған көлікжай, егер ол нашар желдетілсе және ылғал буланбаса, тоттанудың пайда болуына ықпал етеді.

Лакбояу беттер мен декоративтік панельдерді жақсы күйінде ұстаңыз

Лакбояу беттегі болмашы сызаттар мен кетіктер, тоттануды пайда болу ықтималдығын азайту үшін, мүмкіндігінше тезірек жылдам кебетін бояумен жабылуы тиіс. Қорғалмаған материал табылған кезде, шанақ жөндеуі бойынша мамандандырылған шеберханаға жүгіну ұсынылады.

Құс саңғырығы: Құс саңғырығы- өте белсенді тоттану болып саналады. Ол санаулы сағаттар ішінде лакбояу бетін бүлдіруі мүмкін. Құс саңғырығын қашанда мүмкіндігінше тезірек кетіріңіз.

Салон жайында ұмытпаңыз

Тоттану тудыратын ылғал кілемше астында және еден бетінде жинақталуы мүмкін. Кілемше астында ылғалдың жоқ екенін оқтын- оқтын тексеріңіз. Егер сіз автокөлікті тыңайтқыштар, тазартқыш материалдарды немесе химиялық реганеттерді тасымалдау үшін қолданатын болсаңыз, өте абай болыңыз.

Осындай материалдарды тек осы үшін арналған контейнерлерде тасымалдау қажет және олардан болатын кез келген тамшы және дақ сүртілуі, таза сумен жуылуы және мұқият құрғатылуы тиіс.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 87-бет

Салонды күту

Салондарды күту бойынша жұмыстарды орындау кезіндегі жалпы сақтық шаралары

Салон элементтеріне осындай химиялық заттардың, атап айтқанда, әтір, косметиалық сабын, күннен қорғайтын крем, қолды тазартуға арналған құрал және ауа тазартқыш сияқты заттардың түсуіне жол бермеңіз, себебі олар бетінің зақымдалуына немесе түссізденуі алып келуі мүмкін. Егер олар салон элементтеріне түссе, оларды дереу сүртіңіз.

Ванильді беттерді тазарту бойынша нұсқаулықтармен танысыңыз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Ешбір жағдайларда, автокөлік ішіндегі электрлі/электронды элементтерге су және басқа да сұйықтықтардың түсуіне жол бермеңіз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Былғары беттерді тазарту үшін (рөлдік дөңгелек, орындық қаптауы және т.б.), бейтарап тазартқыш құраларды немесе құрамында спирті аз ерітінділерді қолданыңыз. Құрамында спирті жоғары ерітінділерді немесе қышқылды/сілтілі тазарту құраларын қолдану, түстің көмескіленуіне немесе былғары беттің жоғарғы қабатының кетірілуін себепші болуы ықтимал.

Мата

Мата элементтерінен шаң мен әлсіз ластануларды сыпырғыш немесе шаңсорғыш арқылы кетіріңдер. Мата қаптаулары немесе кілемшелері үшін ұсынылған сілтілі емес сабынның көмегімен тазартыңыз. Жаңа түскен дақтарды мата бетіне дақты кетіретін құралды қолданып, мүмкіндігінше тезірек кетіріңіз. Егер жаңа түскен дақтар білінбесе, мата боялуы және оның түсі бүлінуі мүмкін. Бұдан басқа, егер материалды дұрыс күту қамтамасыз етілмесе, оның отқа төзімділігі төмендейді.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Ұсынылған тазартқыш құралдар мен әдістерден ауытқу матаның сыртқы түріне және оның отқа төзімділігіне кері әсер етуі мүмкін.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 88-бет

Құрамалы белбеулі-иықты қауіпсіздік белдігінің мата материалын тазарту

Мата белдігін маталы қаптаулар немесе кілемшелер үшін ұсынылған сілтісіз сабын ерітіндісінің көмегімен тазартыңыз. Май дайындаушының нұсқауларын басшылыққа алыңыз. Мата белдіктерін ағартуға немесе бояуға болмайды, себебі бұл оларды әлсіретуі мүмкін.

Әйнекті іш жағынан тазарту

Егер автокөлік әйнегінің ішкі беттері буланса (яғни, майлы, қою немесе балауыз қабығымен жабылса), онда әйнектерге арналған тазартқыштың көмегімен тазарту қажет. Әйнектерді тазарту бойынша құралдар қаптамасындағы нұсқаулықтарды басшылыққа алыңыз.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Салонға қаратылған артқы әйнек бетін қыруға немесе тырнауға болмайды. Бұл артқы әйнек жылытқышы торының зақымдалуына алып келуі мүмкін.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 89-бет

ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫҢ УЫТТЫЛЫҒЫН ТӨМЕНДЕТУ ЖҮЙЕСІ

Сіздің автокөлігіңіздің шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесіне шектелген кепілдіктің қолданылуы таратылады. Кепілдік міндеттемелер жөнінде толық ақпараттар автокөлікпен жеткізілген, «Кепілдік және техникалық қызмет көрсету» буклетінде келтірілген.

Сіздің автокөлігіңіз, автокөлік шығарындыларының атмосфераға таралатын құрамын қалыптастыратын барлық ережелерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесінен жабдықталған.

Төменде осындай жүйенің автокөлікте орнатылған үш элементі атап көрсетілген:

(1) қозғалтқыш картерінен шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі

(2) отын бағымен шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі

(3) пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

Уыттылықты төмендету жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін, осы нұсқаулықта келтірілген техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес, HYUNDAI авторизацияланған дилерінде автокөлікті тексеру және техникалық қызмет көрсетуді жүргізу ұсынылады.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Техникалық қызмет көрсету барысында (электронды курстық тұрақтандыру жүйесімен (ESC)) тексерлер мен сынақтар жүргізу кезіндегі, сақтық шаралары Динамометрлік сынақтар барысында оталдыруды өткізіп алуды болдырмау мақсатында, ESC OFF ажыратқышын басып, электронды курстық тұрақтандыру жүйесін (ESC) сөндіріңіз.

- **Динамометрлік тест аяқталғаннан кейін, ESC OFF ажыратқышын қайтадан басып, ESC жүйесін қосыңыз.**

1. Қозғалтқыш катерінен алынатын шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі

Автокөлікте қоршаған ортаның ластануының болдырмайтын, қозғалтқыш картерінің желдету жүйесі көзделген. Бұл жүйе картерге, ауаны жіберетін икемді шланг арқылы, таза сүзгіленген ауаны жібереді. Картер ішіндегі осы ауа картер газдарымен араласады, бұл қоспа содан кейін қозғалтқыш картерінің желдету жүйесінің қысымтығыны арқылы, жіберуші магистральге келіп түседі.

1. Отын бағынан алынған шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесі

Отын бағынан алынатын шығарындылардың уытылығын төмендету жүйесі отын бу атмосфераға түсуін болдырмайды.

Жинақтағыш

Отын багындағы отын булану салдарынан пайда болатын булар қозғалтқыш жұмыс істемей тұрғанша жинақтағышта жиналады. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде, жинақтағышқа жиналған отын булары отын булары жинақтағышын үрлеуді басқару электрмагниттік қысымтығыны арқылы тегістеуші ресиверге беірледі.

Отын булары жинақтағышын үрлеп тазартуды басқарудың электрмагниттік қысымтығыны (PCSV)

Отын булары жинақтағышының үрлеп тазартуды басқарудың электрмагнитті қысымтығыны ECM блогымен басқарылады. Қозғалтқыш бос жүріс режиміндегі жұмыс кезінде салқындату жүйесіндегі сұйықтық температурасы төмен болған кезде, қысымтығын жабық күйде болады, сондықтан отын булары енгізу магистралінің ресиверіне түспейді. Қозғалтқыш әдеттегі автокөліктің қозғалысы кезінде қызғаннан кейін, осы қысымтығын ашылады және енгізу магистралінің ресиверіне отын буын өткізеді.

2. Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі

Тиімділігі жоғары пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі пайдаланылған газдардың құрамын бақылайды, сөйте отырып автокөліктің жақсы жүру сипаттарын сақтайды.

Автокөлік құрылмасына өзгеріс енгізу

Аталған автокөліктің құрылмасына өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Автокөлік құрылмасына енгізілген өзгерістер автокөліктің сипаттамаларына, оның қауіпсіздігі мен қызмет мерзіміне теріс әсерін тигізуі мүмкін. Кейбір жағдайларда, олар тіпті қауіпсіздік және шығарындыларды шектеу бойынша мемлекеттік ережелерді бұзуы мүмкін.

Жеке қауіпсіздік үшін, мақұлданбаған электронды құрылғыларды қолданбаңыз.

Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарына (тұншықтырғыш газ) қатысты сақтық шаралары

Тұншықтырғыш газ басқа пайдаланылған газдардың арасында болуы мүмкін. Осылайша, сіздің автокөлігіңіздің ішінде пайдаланылған газдың кез келген исі пайда болған кезде, автокөлік дереу тексерілуі және жөнделуі тиіс. Егер сіз пайдаланылған газдың салонға келіп түскеніне шүбәланатын болсаңыз, автокөлікті бұдан әрі қозғалуына, егер барлық терезелер ашылып тұрған кезде ғана рұқсат етіледі. Бұл жағдайда, автокөлік дереу тексерілуі және жөнделуі тиіс.

Қозғалтқыштың пайдаланылған газдары тұншықтырғыш газдан (CO) тұрады. Оның иісі мен түсінің болмауына қарамастан, қауіпті болып табылады және оны жұту өлімге алып келуі мүмкін. Тұншықтырғыш газдан улануды болдырмау үшін, төменде атап көрсетілген нұсқауларды басшылыққа алыңыз.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 91-бет

- Қозғалтқышты жабық үй-жайларда (атап айтқанда, көлікжай), үй-жайларға кіру немесе шығу үшін қажетті мөлшерден ұзақ ұстамаңыз.
- Егер қозғалтқышы қосылған автокөлік ашық кеңістікте біршама ұзақ уақыт бойына тұрған кезде, желдету жүйесін салонға сырттан ауа берілетіндей етіп (қажет болуына қара) баптаңыз.
- Қойылған немесе қозғалтқышы қосулы автокөлікте ұзақ уақыт бойына отыруға болмайды.

- Егер қозғалтқыш өшіп қалса немесе іске қосылмаса, қозғалтқышты шамадан тыс мөлшерде іске қосуға әрекеттену, шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесінің істен шығуына алып келуі мүмкін.

Каталитикалық бейтараптандырғышты қолданумен байланысты сақтық шаралары (бар болса)

- **Ыстық пайдаланылған газдар сіздің автокөлігіңіздің түбінде жатқан тұтанатын заттарды тұтандыруы мүмкін. Тұтанатын нысандардың үстіне автокөлікті қоймаңыз немесе қалдырмаңыз, атап айтқанда шөп, өсімдіктер, қағаз, жапырақ және т.б.**
- **Пайдаланылатын жүйелер мен каталитикалық жүйе қозғалтқыш қозғалған кезде күшті қызуы мүмкін және қозғалтқышты сөндіргеннен кейін ыстық күйінде қалады. Абай болыңыз, осы жүйеге тиген, туындауы ықтимал күйіктерден аулақ болыңыз. Сонымен қатар, пайдаланылатын жүйенің айналасындағы радиаторды шешіп алмаңыз, автокөліктің төменгі бөлігін жаппаңыз және тоттанумен күресуге тырысып автокөлікті жаппаңыз. Кейбір жағдайларда, тұтануға алып келуі мүмкін.**

Сіздің автокөлік шығарынды уыттылықты азайту үшін каталитикалық бейтараптандырғышпен жабдықталған.

Осыған байланысты, келесі сақтық шараларын қолдану қажет:

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Тек ЭТИЛДЕНДІРІЛМЕГЕН БЕНЗИНДІ (бензинді қозғалтқышы бар автокөліктер үшін) ғана қолданыңыз.**
- **Қозғалтқышта ақаулық белгісі болған кезде автокөлікті пайдалануды тоқтатыңыз, атап айтқанда, оталдырудың өткізу немесе автокөліктің сипаттамаларының төмендеуі байқалған кезде.**
- **Белгіленген режимдері бұзылған қозғалтқышты пайдалануға тыйым салынады. Осындай бұзылуларға мысалдар, сөндірілген қозғалтқышта инерция бойынша қозғалу және қосылған беріліспен және сөндірулі қозғалтқышпен беткейден төмен түсу болады**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Қозғалтқышты бос жүріс режимінде ұзаққа созылған уақыт бойына (бес минуттан астам) қалдырмаңыз.**
- **Қозғалтқыштың құрылмасына немесе кез келген элементінің жұмыс режиміне және шығарындылардың уыттылығын төмендету жүйесіне өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Жүйені тексеру үшін, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінуді ұсынамыз.**
- **Егер отын деңгейі өте төмен болса, қозғалуды болдырмаңыз. Отынның болмауы, оталдыруды өткізіп алуға алып келуі және бұл каталикалық бейтараптандырғыштың шамадан тыс жүктелуіне себепші болуы мүмкін.**

Осы нұсқауларды орындамау каталитикалық бейтараптандырғыштың және тұтастай автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Бұдан басқа, осындай әрекеттер кепілдемелік міндеттемелердің қолданылуын тоқтатылуына себеп болуы мүмкін.

Габариттік өлшемдері 8-2
Қозғалтқыш 8-2
Жарық беру шамының қуаты 8-3
Шиналар мен дөңгелектер..... 8-4
Ауаны баптау жүйесі 8-5
Шиналардың жүктемелік және
жылдамдық сипаттамалары
..... 8-5
Көлемі мен массасы 8-5
Ұсынылатын майлау материлдары мен
май құю көлемі
..... 8-6
SAE бойынша ұсынылған
тұтқырлық индексі 8-8
Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN) 8-9
Автокөліктің сертификаттау кестешесі 8-9
Шиналардағы техникалық сипаттамалар
мен қысым кестешесі
..... 8-10
Қозғалтқыштың сериялық нөмірі..... 8-10
Кондиционер сығымдағышының зат белгісі 8-10
Сәйкестік декларациясы 8-11
Отынның зат белгісі..... 8-11
Бензинді қозғалтқыш 8-11

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ

Параметрі	мм (дюймдер)	
Габариттік ұзындығы	4270 (168,11)	
Габариттік ені	1780 (70,08)	
Габариттік биіктігі	1630 (64,17) / 1665 (65,55)*1	
Алдыңғы дөңгелек жолтабаны	205/65 R16	1556,5 (61,28)
	215/60 R17	1544,6 (60,81)
Артқы дөңгелек жолтабаны	205/65 R16	1570 (61,81)
	215/60 R17	1558 (61,34)
Дөңгелек базасы	2590 (101,97)	

ҚОЗҒАЛТҚЫШ

Параметрі	Nu 2.0 MPI	Gamma 1.6 MPI
Жұмыс көлемі текше. см (тек. дюймдер)	1999 (121,98)	1591 (97,09)
х цилиндрінің диаметрі піспек жүрісі мм (дюймдер)	81x97 (3,18x3,82)	77x85,4 (3,03x3,36)
Цилиндрлердің жұмыс режимі	1-3-4-2	1-3-4-2
Цилиндрлер саны	4, в ряд	4, в ряд

ЖАРЫҚ БЕРУ ШАМДАРЫНЫҢ ҚУАТЫ

Шам		қуаты, Вт
Алдыңғы бөлік	Фара (алысқа түсетін жарық) (тип А)	60
	Фара (жақынға түсетін жарық) (тип А)	55
	Фара (алысқа /жақынға түсетін жарық (В типі)	60
	Бұрылысқа жарық беретін статикалық фонарь *	55
	Алдыңғы бұрылыс көрсеткіші	21
	Алдыңғы габаритік шырақтар (А типі)	5
	Алдыңғы габаритік шырақтар (В типі)	LE D
	Күндізгі суық шырақтар*	LE D
	Бұрылыс көрсеткіштерін қайталаушы (бүйір жағында)*	5
	Бұрылыс көрсеткіштерін қайталауыш (арт жақтағы сыртқы айналарда а)*	LE D
	Тұманға қарсы фара*	35
	Күндізгі суық шырақтар * (алдыңғы бамперде)	21
Артқы бөлік	Тоқтату –сигналы мен артқы габариттік шырақтар	21/5 немесе LED
	Артқы габариттік шырақтар	21/5 немесе LED
	Артқы бұрылыс көрсеткіші	21
	Артқы жүріс фонары	16
	Тұманға қарсы фонарь*	21
	Қосымша тоқтату-сигналы	5
	Нөмір белгісіне жарық беру фонары	5

* : бар болса

ШИНАЛАР МЕН ДӨҢГЕЛЕКТЕР

атауы	Шиналардың өлшемі	Дөңгелек дискісінің өлшемі	Шиналардағы қысым, бар (шаршы дюймдегі фунттар, кПа)				Дөңгелек сомындарын тарту моменті, кгс·м (фунт-футтар, н·м)
			Стандартты жүктеме *1		Максималды жүктеме		
			Алдыңғы	артқы	Алдыңғы	артқы	
Толық өлшемді дөңгелек	205/65 R16	6.0J X 16	230 (33)	230 (33)	250 (36)	250 (36)	11~13 (79~94, 107~127)
	215/60 R17	6.5J X 17					
Қосалқы дөңгелек	205/65 R16	6.0J X 16	230 (33)	230 (33)	250 (36)	250 (36)	

*1 : Стандартты жүктеме: 3 адамнан аспайды.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- **Егер жақын арада салқындау күтілетін болса, шиналардағы стандартты қысымға 20 кПа (3 фунта на кв. дюйм) қосуға рұқсат етіліледі. Әдетте, қысымды түсіру, температураны әр әрбір 7 °C-қа (12 °F) төмендеткенде, 7 кПа шар. дюймге 1 фунт) құрайды. Егер температураның шұғыл өзгеруі күтілетін болса, шиналардағы қысымды ұдайы тексеріңіз, себебі олар тиісті түрде үрілуі тиіс.**
- **Жалпы жағдайларда, қысым теңіз деңгейінен үлкен биіктікте қозғалған кезде төмендейді. Осылайша, егер биік таулы жерлерге жол жүру жоспарланса, шиналардағы қысымды күні бұрын тексеріңіз. Қажет болған кезде, қысымды қажетті деңгейге (ауа қысымын ұлғайту: +10 кПа на 1 км высоты [+2,4 фунта на кв. дюйм на 1 милю]) көтеріңіз. :**

НАЗАР АУДАРЫҢДАР

Ауыстыру үшін жаңа шиналары орнату кезінде, шиналарды автокөліктің бірегей шиналарының түрөлшемі бойынша қолдану қажет.

Басқа өлшемдегі шиналарды қолдану, көршілес компоненттердің зақымдалуына немесе олардың тұрақсыз жұмыс істеуіне алып келуі мүмкін.

АУАНЫ БАПТАУ ЖҮЙЕСІ

Параметрі	Массасы және май құю көлемі	Жіктеу
Суық агент г (унция)	450±25 (15,87 ± 0,88)	R-134a
Компрессорлық май г (унция)	120±10 (4,23 ± 0,35)	PAG 205A

Анағұрлым толық мәліметті HYUNDAI ресми дилерлік орталығынан алуға болады

ШИНАЛАРДЫҢ ЖҮКТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ЖЫЛДАМДЫҚ СИПАТАМАЛАРЫ

атауы	Шиналардың өлшемі	Дөңгелек дискісінің өлшемі	Рұқсат етілген жүктеме		Рұқсат етілген жылдамдық	
			LI *1	кг	SS *2	км/ч
Толық өлшемді дөңгелектер	205/65R16	6.0J X 16	95	690	H	210
	215/60R17	6.5J X 17	96	710	H	210

*1 LI : ЖҮК КӨТЕРГІШТІК ИНДЕКСІ *2 SS : ЖЫЛДАМДЫҚ ИНДЕКСІ

КӨЛЕМ МЕН МАССА

Элементтер	1,6 л MPI				2,0 л MPI		
Автокөліктің Толық массасы кг (фунты)	2WD		4WD		2WD		4WD
	M/T	A/T	M/T	A/T	M/T	A/T	A/T
	1795	1825	1850	1890	1835	1855	1925
Жүк салатын бөлімнің көлемі (VDA)л(куб. фут)	431 (15,2)						

M/T: Механикалық беріліс қорабы A/T: Автоматты беріліс қорабы

ҰСЫНЫЛАТЫН МАЙЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ҚҰЯТЫН КӨЛЕМДЕР

Қозғалтқыш пен трансмиссияның тиімді жұмыс режимін қамтамасыз ету, сонымен қатар осы агрегаттардың қызмет мерзімін ұлғату үшін, тиісті сападағы майлау материалдарын қолданыңыз. Тиісті майлау материалдарын қолдану қозғалтқыштың жұмыс тиімділігін арттырады және отын шығындарын қысқартуға ықпалын тигізеді.
Көрсетілген майлау материалдары мен жұмыс сұйықтығы сіздің автокөлігіңізде қолдану үшін ұсынылған.

Майлау материалдары		көлемі	жіктелімі
Мотор майы *1 *2 (ағызу және құю) 	Қозғалтқыш 1,6 л	3,6 л	API Service SM *4 және ILSAC GF-4 немесе жақсырақ немесе ACEA A5(B5) *3
	Қозғалтқыш 2,0 л	4,0 л	
Мотор майының шығыны	Қалыпты пайдалану жағдайлары	1500 км-ге максимум 1 л	-
	Ауыр пайдалану жағдайлары	1000 км-ге максимум 1 л	-
Механикалық беріліс қорабының сұйықтығы	Қозғалтқыш 1,6 л	1,8 л	API Service GL-4, SAE 70W (HYUNDAI бірегей трансмиссиялық майы)
	Қозғалтқыш 2,0 л	1,7 л	
Автоматты беріліс қорабының сұйықтығы		6,7 л	Michang ATF SP-IV, SK ATF SP-IV, NOCA ATF SP-IV, ATF SP-IV маркалы Hyundai бірегей сұйықтығы
Салқындатқыш сұйықтығы	Қозғалтқыш 1,6 л	МКПП: 5,7 л	Суы бар антифриза ҚОСПАСЫ (алюминий радиаторларына арналған этиленгликоль негізіндегі салқындатқыш сұйықтық)
		АКПП: 5,5 л	
	Қозғалтқыш 2,0 л	5,7 л	
Тежегіш сұйықтығы және ілінісу гидрожетегінің сұйықтығы		0,7~0,8 л	FMVSS116 DOT-3 немесе DOT-4

Майлау материалы	көлемі	Топтастыру
Отын	55 л	-
Рөлдік күшейткіш сұйықтығы (бар болса)	1 л	PSF-4
Үлестіргіш қораптың майы (толық жетек)	0,3 л	HYPOID GEAR OIL API GL-5, SAE 75W/90 (SHELL HD AXLE OIL 75W90 немесе аналогы)
Артқы дифференциал майы (толық жетек)	0,5 л	HYPOID GEAR OIL API GL-5, SAE 75W/90 (SHELL HD AXLE OIL 75W90 немесе аналогы)

*1 : Келесі бетте келтірілген SAE бойынша тұтқырлықтың ұсынылған мәндерін қар.

*2 : Қазір сатылымда Energy Conserving Oil (энергия сақтаушы мотор майы) таңбаламасы бар май бар. Басқа артықшылықтарынан басқа, осындай майды қолдану қозғалтқыш компоненттері арасындағы үйкелудің орнын толтыру үшін, отын шығынын қысқарту есебінен жанамайды үнемдеуге ықпалын тигізеді. Көбінесе, бұл жақсартуларды күнделікті жүргізу кезінде бағалау қиын, алайда жыл ішіндегі құралдар мен энергияны жиынтық үнемдеу қомақты бола түседі.

*3 : Егер ACEA A5 мотор майы нақты елде қолжетімсіз болса, ILSAC GF-3 немесе ACEA A3 (немесе анағұрлым жоғары санаттағы) майларды қолдануға болады.

*4 : Егер API жіктелімі бойынша SM санатындағы мотор майы нақты елде қолжетімді болмаса, API жіктелімі бойынша SM санатындағы майларды қолдануға болады.

SAe бойынша ұсынылған тұтқырлық индексі

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Кез келген құятын қылта қақпағының айналасын, ағызатын тесік пен май сүңгіші бөлігін, деңгейін тексеру немесе майлау материалын ағызу алдында міндетті түрде тазартыңыз. Бұл, әсіресе шамадан тыс шаңданған және ластанған, сонымен қатар топырақты жолдарда автокөлікті пайдалану кезінде маңызды. Қақпақты және сүңгішті тазарту, қозғалтқышқа және зақымдалуы мүмкін басқа да механизмдерге шаң мен құмның түсіп кетуін болдырмайды

Мотор майының тұтқырлығы отын шығынына және суық күндерінде (қозғалтқышты іске қосу және майдың ағымдылығы) оның жұмысына әсерін тигізеді. Тұтқырлығы төмен мотор майы отынды жақсы үнемдеуге және суық күндері қозғалтқыштың жақсы жұмысын қамтамасыз етеді, ал тұтқырлық коэффициенті жоғары май ыстық күні қозғалтқышты тисінше майлау үшін қажет.

Тұтқырлық коэффицент мәні ұсынылғаннан ерекшеленетін майды қолдану қозғалтқыштың істен шығуына алып келуі мүмкін.
Май типін таңдау кезінде, автокөлік майды келесі ауыстырғанға дейін пайдаланылатын температуралық ауқымды назарға алыңыз.


Кесте бойынша тұтқырлық коэффицентінің ұсынылған мәндерін таңдаңыз.

SAe бойынша тұтқырлық мәндеріне арналған температуралық

Температура	°C	-30	-20	-10	0	10	20	30	40	50
	(°F)	-10	0	20	40	60	80		100	120
Бензинді қозғалтқыштарға арналған мотор майы *1						20W-50				
						15W-40				
						10W-30				
						5W-20, 5W-30				

*1 : Максималды отын үнемділігін қамтамасыз ету үшін, тұтқырлық санаты SAE 5W-20 (API SL, SM/ILSAC GF- 4 немесе жоғары) мотор майын қолдану ұсынылады. Алайда, егер осындай мотор майы нақты елде қолжетімсіз болса, кестеде ұсынылған май тұтқырлығы дерегінен алынған тиісті мотор майын таңдаңыз.

АВТОКӨЛІКТІҢ СӘЙКЕСТЕНДІРУ НӨМІРІ (VIN)




Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN) — бұл автокөлікті тіркеу кезінде қолданылатын нөмір, сонымен бірге автокөлік үшін меншік құқығы мәселесіне қатысты барлық жағдайларда қолданылады және т.б.

Нөмірі жолаушылар орындығы астында мөр басылған. Нөмірді көру үшін, қақпақты ашу керек.



Бұдан басқа, VIN нөмірі аспаптар панелінің жоғарғы бөлігіне бекітілген пластинкада көрсетілген. Пластинкаға қондырылған нөмір жел әйнегі арқылы сыртынан көрініп тұр.

АВТОКӨЛІКТІҢ СЕРТИФИКАТТАУ КЕСТЕСІ



Жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы жағынан шанақтың ортаңғы бағанына бекітілген автокөліктің сертификаттау кестешесі, сол секілді автокөліктің сәйкестендіру нөмірінен (VIN) тұрады.


CSr Rus 8_CM(FL).qxd 21.09.2018 16:01 10-бет


ШИНАЛАРДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТАМАЛАР МЕН ҚЫСЫМ МӘНІ



Сіздің жаңа автокөлігіңізге орнатылған шиналар автокөлікті жақсырақ басқаруды қамтамасыз ету үшін таңдалған. Шиналардың техникалық сипаттамалар кестешесі жүргізуші жағындағы бағанда орналасқан және автокөлік шиналарындағы ұсынылған қысым жөнінде ақпараттардан тұрады.

ҚОЗҒАЛТҚЫШ НӨМІРІ





Қозғалтқыштың сериялық нөмірі суретте көрсетілгендегідей цилиндр блогында мөрлеп басылған.

КОНДИЦИОНЕР СЫҒЫМДАҒЫШЫНЫҢ ЗАТБЕЛГІСІ



Сығымдағыш зат белгілісі үлгісі, өнім беруші және сығымдағыш майының типі көрсетілген.

СӘЙКЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

■ мысал

CE CE 0678

Ce0678


Автокөліктің радиожиілікті компоненттері 1995/5/EC директивасының талаптарына және басқа да қолданыстағы ережелеріне сәйкес келеді.

Анағұрлым толық мәліметтерді, оған қоса декларация HYUNDAI веб-сайтында келтірілген:
http://service.HYUNDAI -motor.com

ОТЫН ЗАТ БЕЛГІСІ (БАР БОЛСА)

Бензинді қозғалтқыш

Отын зат белгісі бензин багы люгінің қақпағында тұрады.



OTM048455L

A. Этилдендірілмеген бензиннің октан саны RON/ROZ: Зерттеу әдісі бойынша октан саны

1) (R+M)/2, AKI: Антидетонациялық көрсеткіш

B. Бензин отынына арналған сәйкестендіргіш

※ Бұл таңба тиісті отынды білдіреді. Басқа отын түрлерін қолданбаңыз.

C. Анағұрлым толық ақпараттар алу үшін, кіріспедегі «Отынға қатысты талаптар» бөліміне жүгініңіз.

CSr Rus Index_CM(FL).qxd 21.09.2018 16:07 1-бет

CSr Rus Index_CM(FL).qxd 21.09.2018 16:07 2-бет

A

Авариялық жарық дабылдама 6-2
Авариялық жиынтық 6-33
Дәрі қобдиша 6-33
Авариялық тоқтату белгісі..... 6-33
Өрт сөндіргіш 6-33
Шиналы манометр..... 6-33
Автоматты беріліс қорабы 5-21
Тұраққа қою 5-25
Қауіпсіз жүргізу тәсілдері..... 5-26
Автоматты беріліс қорабын басқару 5-21
Микроклиматты автоматты басқару жүйесі 3-106
Ауаны жылыту және кондициялауды автоматты басқару 3-107
Жүйе жұмысы 3-113
Ауаны жылыту және кондициялауды қолмен басқару 3-108
Жүйеге техникалық қызмет көрсету 3-116
Аккумулятор батареясы.....7-36
Аккумулятор батареясының сыйымдылығы көрсетілген жапсырма 7-38
Аккумулятор батареясын қуаттандыру7-38
Аккумулятор батареясын қолдану бойынша ұсыныстар 7-36
Аспаптар параметрін түсіру.....7-39
Мұзқатыртпауыш 3-95
Жел әйнегін жылытқыш 3-95
Артқы әйнекті жылыту 3-96
Аудиожүйе (сенсорлы экрансыз).....4-8
ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы арқылы шұғыл шақыру жасау кезінде мультимедиялық жүйе жұмысы (бар болса) 4-47
Баптаулар режимі.....4-40
Тасығыш режимі (Media) 4-25
Телефон режимі 4-31
Радиқабылдағыш режимі.....4-23
Дауысты айырып тану режимі 4-33
Дыбыстық жүйе функциялары 4-9, 4-13
Шұғыл шақыру (eCALL) 4-47
Аудиожүйе (сенсорлы экраны бар) 4-49
МӘЗІР: AUX..... 4-79
МӘЗІР: iPod® 4-77
МӘЗІР: USB 4-74
МӘЗІР:
Bluetooth® Wireless Technology функциясы бар дыбыстық жүйе 4-82
МӘЗІР: Дыбыстық жинақ-дискі..... 4-69
МӘЗІР: MP3 жинақ-дискісі..... 4-71
МӘЗІР: My music режимі (Менің музыкам)..... 4-80
ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы арқылы шұғыл шақыру жасау кезінде мультимедиялық жүйе жұмысы (бар болса)..... 4-107
Баптаулар режимі 4-100
Тасығыш режимі (Media)..... 4-68

Радиоқабылдағыш режимі 4-65
Дауысты айырып тану режимі 4-92
Телефон режимі 4-83
Аудиожүйе функциялары 4-50
Bluetooth® функциясы
Wireless Technology (B-1 типі) 4-85

Б

Сүйрету 6-29
Авариялық сүйрету 6-31
Сүйрету қызметі 6-29
Алмалы-салмалы сүйрету ілмегі 6-30
Тіркемені сүйрету 5-63
Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу 5-68
Тіркемені сүйретуге арналған жабдық 5-67
Тіркемені сүйрету кезінде 5-64
Тіркемені сүйрету кезіндегі техникалық қызмет көрсету 5-71

В

Маңызды сақтық шаралары 2-2
Балаларды ұстау жүйесін қолдану 2-2
Автокөлік жылдамдығын бақылау 2-3
Қауіпсіздік жастығының іске қосылу қауіптілігі 2-2
Жүргізуші назарын ауыстыру 2-2
Автокөліктің қауіпсіз күйін ұстап тұру 2-3
Қауіпсіздік белдігін тағыну 2-2
Сыртқы элементтер 3-127
Төбесіндегі жүксалғыш (бар болса) 3-127
Сыртқы көрінісі (I) 1-2
Сыртқы көрінісі (II) 1-3
Қыс жағдайында жүргізу 5-58
Қар және мұз үстінде жүргізу 5-58
Қыс кезеңіндегі сақтық шаралары 5-60
Ауа сүзгісі 7-30
Сүзгіні ауыстыру 7-30
Микроклиматты басқару жүйесінің ауа сүзгісі 7-31
Сүзгіні ауыстыру 7-31
Сүзгінің күйі 7-31
Қозғалыс кезіндегі күтпеген жағдайлар жағдайында 6-2
Егер қозғалтқыш қозғалыс кезінде өшіп қалса 6-2
Егер қозғалтқыш қиылыста өшіп қалса 6-3
Егер қозғалыс кезінде шиналар түсіп кетсе 6-3
Оталдыру ажыратқышы 5-5
Негізгі оталдыру ажыратқышы 5-5
Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы 5-8

CSr Rus Index_CM(FL).qxd 21.09.2018 16:07 4-бет

Г

Габариттік өлшемдері 8-2

Д

Қозғалтқыш 8-2
CE сәйкестік декларациясы.....4-110, 8-11
Балаларды ұстау жүйесі 2-29
Балаларды ұстау жүйесін таңдау..... 2-30
Балалар үнемі артқы орындықта болуы тиіс 2-29
Балаларды ұстау жүйесін орнату..... 2-32
Автокөлікке қолжеткізу мүмкіндігі 3-6
Қашықтық кілті..... 3-6
Қашықтық кілтін қолдану кезіндегі сақтық шаралары.... 3-8
Электронды кілтті қолдану кезіндегі сақтық шаралары 3-13
Иммобилайзер жүйесі 3-14
Электронды кілт 3-10

Е

Егер қозғалтқыш қызып кетсе 6-8
Егер қозғалтқышты іске қосу мүмкін болмаса 6-4
Егер қозғалтқыш бұрылмаса немесе баяу бұрылса 6-4
Егер қозғалтқыш қалыпты бұзылса, бірақ іске қосылмаса 6-4
Егер шиналар түсіп кетсе..... 6-22
Домкрат пен құралдар 6-22
Дөңгелектерді ауыстыру 6-23
Домкрат үшін ЕС нормативтеріне сәйкестік жөнінде мәлімдеу 6-28
Домкрат жапсырмасы 6-27

Ж

Жел әйнегі жуғышының сұйықтығы 7-28
Жел әйнегі жуғышы багындағы сұйықтық деңгейін тексеру 7-28
Салқындату жүйесінің сұйықтығы..... 7-21
Салқындатқыш сұйықтығын ауыстыру..... 7-24
Салқындатқыш сұйықтығы деңгейін тексеру 7-21
Рөлдік басқару күшейткішінің сұйықтығы 7-27
Рөлдік басқару күшейткішінің сұйықтық деңгейін тексеру 7-27
Рөлдік басқару күшейткішінің шлангісін тексеру 7-27
СК-дисплей
(В типіндегі аспаптар комбинациясы үшін)..... 3-66
Пайдаланушылар баптаулары режимі 3-69
СК-дисплей режимдері 3-66
СК-дисплеймен басқару..... 3-66

З

Есіктер құлпы 3-15
Автокөлік ішінен есік құлыптарын басқару 3-17
Автокөлік сыртынан есік құлыптарын басқару 3-15
Артқы есіктердің құлпын бұғаттау, оларды балалардың ашуын болдырмайтын құрылғысы 3-19
Есіктерді автоматты бұғаттау және бұғаттан шығару функциялары 3-19
Сыртқы көздерден қозғалтқышты іске қосу 6-4
Айна 3-24
Артқы жағындағы ішкі айна 3-24
Электрлік хромды айна 3-25
Арт жағындағы сыртқы айна 3-26

И

Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN) 8-9

К

Арт жағындағы камера 3-92
Кілттер 3-3
Автокөлігіздің кілтінің нөмірін жазыңыз 3-3
Кілттерді қолдану 3-3
Иммобилайзер жүйесі 3-4
Дөңгелектер мен шиналар 7-40
Дөңгелектерді ауыстыру 7-46
Шиналарды ауыстыру 7-44
Шиналардың бүйір бетіндегі таңбалау 7-46
Төмен профильді шина 7-51
Дөңгелектерді орны-орнына қою 7-43
Шиналардағы ауа қысымын тексеру 7-42
Дөңгелектерді орналастыру бұрышын реттеу және шиналарды теңгеру 7-44
Суық шиналардағы ұсынылған ауа қысымы 7-40
Шиналардың жолмен ілінісуі 7-46
Шиналарға техникалық қызмет көрсету 7-46
Шиналарды күту 7-40
Аспаптар комбинациясы 3-41
Аспаптар панеліндегі басқару органдары 3-42
Ескерту және индикаторлық сигналдар 3-47
СК-дисплейдегі хабарламалар 3-59
Көрсеткіштер мен өлшеуіштер 3-43
Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені 7-4
Автокөлік иесімен техникалық қызмет көрсету жүргізу кезіндегі сақтық шаралары 7-4
Иеленушінің жауапкершілігі 7-4

CSr Rus Index_CM(FL).qxd 21.09.2018 16:07 6-бет

Мерзімдік техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені 7-8
Әдеттегі техникалық қызмет көрсету кестесі — бензинді қозғалтқыш 7-9
Қиын пайдалану жағдайлары кезіндегі техникалық қызмет көрсету кестесі 7-13
Круиз-бақылау 5-43
Круиз-бақылау жүйесінің жұмысы 5-43

Л

Жарық беру шамы 7-66
Тежелудің қосымша сигналын ауыстыру 7-78
Артқы құрама фонарь шамын ауыстыру 7-75
Фаралар шамын, бұрылыстың көмескі жарығының статикалық оттарын, габариттік шырақтарды, бұрылыс көрсеткіштері мен тұманға қарсы фара шамдарын ауыстыру 7-67
Бұрылыс көрсеткішінің бүйірлік қайталауыш шамын ауыстыру 7-70
Нөмір белгісіне жарық беру шамын ауыстыру 7-78
Салонға жарық беру плафонының шамын ауыстыру 7-78
Фаралар мен тұманға қарсы фараларды реттеу (Еуропа үшін) 7-70

М

Маршруттық компьютер және техникалық қызмет көрсету туралы ескерту дабыл бергіші (А типіндегі аспаптар комбинациясы үшін) 3-71
Маршруттық компьютер 3-71
Техникалық қызмет көрсету туралы ескерту дабыл бергіші 3-74
Маршруттық компьютер (В типіндегі аспаптар комбинациясы үшін) 3-76
Маршруттық компьютер 3-76
Автокөлік массасы 5-72
Артық жүктелу 5-72
Механикалық беріліс қорабы 5-17
Қауіпсіз жүргізу тәсілдері 5-19
Механикалық беріліс қорабын басқару 5-17
Мотор бөлігі 1-6
Жарық беру шамдарының қуаты 8-3
Мультимедиялық жүйе 4-2
Антенна 4-2
Bluetooth® Wireless Technology қатты байланысының гарнитурасы 4-4
Рөлдік дөңгелектегі дыбыстық жүйені басқару органы 4-3
Автокөліктің дыбыстық жүйесінің жұмыс қағидаты . 4-5
AUX, USB және iPod® қосу жалғағыштары 4-2

Н

Шиналардың жүктемелік және жылдамдық сипаттамалары 8-5

О

Салонның жалпы түрі 1-4
Аспаптық панельдердің жалпы түрі..... 1-5
Көлем мен масса 8-5
Терезелер 3-29
Электрлік әйнек көтергіштер..... 3-29
Жарық бер 3-80
Ішкі жарық 3-86
Сыртқы жарық 3-80
Қауіпті жүргізу жағдайлары..... 5-55
Автокөлікті жаңбырда жүргізу..... 5-56
Автокөлікті су басқан жерлерде жүргізу 5-57
Автокөлікті түнгі уақытта жүргізу 5-56
Бірқалыпты бұрылыстарды орындау 5-56
Автомагистральдермен қозғалу..... 5-57
Қауіпті жүргізу жағдайлары 5-55
Автокөліктің шайқалуы 5-55
Заттарды сақтауға арналған бөлік 3-120
Орталық консолдегі бөлім 3-120
Күннен қорғайтын көзәйнектерге арналған бөлік 3-121
Қолғап жәшігі.....3-120
Қозғалтқыш бөлігі 7-3

П

Жол жүрер алдында 5-3
Қозғалтқышты іске қосар алдында 5-3
Автокөлікке отырар алдында 5-3
Балқымалы сақтандырғыштар 7-52
Балқымалы сақтандырғыштар мен реле сипаттамасы 7-58
Қауіпсіздік жастығы—
Пассивті қауіпсіздік жүйесі 2-42
Жүргізушіге ескерту ретінде жүргізушінің тағылмаған қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы оталдыруды қосқаннан кейін шамамен 6 секунд жанып тұрады – қауіпсіздік белдігі тағылған-тағылмағанына қарамастан.

Егер оталдыруды қосқан кезде жүргізушінің қауіпсіздік белдігі тағылмаса немесе оталдыруды қосқаннан кейін ағытылса, тиісті қауіпсіздік белдігінің бақылау шамы белдік тағылмайынша жанып тұрады.


Егер белдік тағылмаса, ал автокөліктің жылдамдығы 9 км/сағ-тан (5 миль/сағ) асып кетсе, бақылау шамы жылдамдық 6 км/сағ-қа (3 миль/сағ) азаймайынша жанып тұрады.

Егер қауіпсіздік белдігі тағылмаса, ал автокөліктің қозғалыс жылдамдығы 20 км/сағ-тан (12 миль/сағ) асып кетсе, шамамен 100 секунд бойы тағылмаған қауіпсіздік белдігі зуммерінің дыбысы шығады, ал тиісті бақылау шамы жанып тұрады.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Орындыққа дұрыс отырмау тағылмаған қауіпсіздік белдігі туралы ескерту жүйесінің жұмысына кері әсер етеді. Жүргізуші жолаушыны осы нұсқаулықта келтірілген, орындыққа отыруға қатысты талаптармен таныстыруы тиіс.

Қауіпсіздік белдіктері жүйесі



Бел-иық қауіпсіздік белдігі

Қауіпсіздік белдігін тағу үшін:

Белдікті тартушы құрылғыдан шығарып, металл тілді (1) құлыпқа (2) салу керек. Тілшікті құлыпқа бекіткен кезде шырт еткен дыбыс шығуы тиіс.

Белдіктің бел бөлігі белдік отырған адамның санына қатты жабысып тұратындай қолмен тартылғаннан кейін автоматты түрде бапталадық. Алға жай еңкейген кезде белдіктің ұзындығы сәйкесінше ұзарады.

Кенеттен тежеген кезде немесе соқтығысқан кезде белдік ағымдағы күйде бұғатталып қалады. Белдік сондай-ақ алға қарай кенеттен еңкейген кезде де бұғатталады.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Егер тартушы құрылғыдан белдікті жеткілікті ұзындыққа шығара алмасаңыз, белдікті қатты тартып, жіберу керек. Жібергеннен кейін белдікті қажет ұзындыққа жайлап тартуға болады.



АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік белдігін тиісті түрде реттемеген жағдайда, апат кезінде күрделі жарақат алу қаупі артады. Қауіпсіздік белдіктерін реттеу кезінде келесі шаралар қабылдануы тиіс:

- **Ыңғайлы болу үшін қауіпсіздік белдігінің бел бөлігін белге емес, сан арқылы барынша төмен қойыңыз. Бұл соқтығысу кезінде ішкі жарақат алу ықтималдығын азайта отырып, мықты жамбас сүйектерінің соққы күшіне қарсы келуіне мүмкіндік береді.**

(жалғасын қар.)

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 22-бет

(жалғасы)

- **Суретте көрсетілгендей, бір қолыңызды иықбаудың астына, екінші қолыңызды белдіктің үстіне қойыңыз.**
- **Иықбау бекітпесін талап етілетін биіктікте бекітілуі тиіс.**
- **Иықбауды мойын немесе бет арқылы өткізуге болмайды.**

Биіктікті реттеу

Ең жоғары жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін белдіктің иықбауын бекіту биіктігі келесі үш күйдің біріне реттелуі тиіс.

Белдіктің иық бөлігі мойын арқылы емес, кеуде арқылы және есік жақтағы иық ортасы арқылы өтуі тиіс.

■ Алдыңғы орындық



GC034026

Қауіпсіздік белдігін бекіту биіктігін реттеу үшін биіктікті реттегішті талап етілетін күйге ауыстырған жөн.

Биіктікті жоғарылату үшін биіктік реттегіш жоғарыға ауыстырылуы тиіс (1). Биіктікті азайту үшін бекіткіш батырмасын (2) баса отырып, оны төменге жылжыту керек.

Бекітпені талап етілетін күйге бекіту үшін батырманы жіберу керек. Тиісті бекітілгенін тексеру үшін биіктік реттегішті жылжытуға тырысу керек.



OGSR036052

Артқы ортадағы қауіпсіздік белдігі

Ортадағы артқы орындықтың қауіпсіздік белдігі үшін «CENTER» (ортада) таңбасы бар құлыпты пайдалану керек.

i Ақпарат

Егер қауіпсіздік белдігі тартушы құрылғыдан шығарылмаса, бұғаттан алу үшін белдікті күшпен тартыңыз. Жібергеннен кейін белдікті талап етілетін ұзындыққа жайлап шығаруға болады.


OGSR036060

АБАЙЛАҢЫЗ

Міндетті түрде металл тілді (A) тоғаға (A') салыңыз.


ODH033057

Қауіпсіздік белдігін ағыту үшін:

Қауіпсіздік белдігінің құлпындағы тоғаны (1) ағыту батырмасын басыңыз.

Ағытылған күйде қауіпсіздік белдігінің бауы автоматты түрде тартушы құрылғымен оралуы тиіс. Егер бұлай болмаса, белдікті ширатылғанын тексеру керек.


ODH033058

Алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белдіктері (жүргізуші мен алдыңғы жолаушының орындығы)

Автокөлік жүргізуші мен алдыңғы жолаушының орындығына арналған қауіпсіздік белдігін алдын ала тартушы құрылғылармен (алдын ала тартқыштармен) жабдықталған). Алдын ала тартқыш белдікті тарту үшін және маңтайлық соқтығысу кезінде жүргізушінің немесе жолаушының денесін ұстап тұру үшін арналған. Қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштары жеткілікті күрделі соқтығысулар кезінде қауіпсіздік жастықтарымен қатар іске қосылуы мүмкін.

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 24-бет

Кенеттен тежеген кезде немесе алға кенеттен еңкейген кезде қауіпсіздік белдігінің тартқыш құрылғысы ағымдағы күйде бұғатталып қалады. Белгілі бір маңдайлық соқтығысулар кезінде алдын ала тартқыш белсендіріледі және көлік құралының жүргізушісімен немесе жолаушысымен тығыз байланыс орнағанға дейін қауіпсіздік белдігін тартады.

АБАЙЛАҢЫЗ


- **Үнемі белдік тағып, орындыққа дұрыс отыру қажет.**
- **Ширатылған немесе босап кеткен қауіпсіздік белдігін пайдалануға жол берілмейді. Ширатылған немесе босап кеткен қауіпсіздік белдігі апат болған жағдайда тиісті қорғанысты қамтамасыз етпейді.**
- **Қауіпсіздік белдігі құлпының қасына бірдеңе қоюға болмайды. Бұл ретте құлыптың тиісті функциясы бұзылуы мүмкін.**
- **Белсендіргеннен кейін немесе апат жағдайында қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштары ауыстырылуы тиіс.**
- **Алдын ала тартқыштарды тексеруді, қызмет көрсетуді, жөндеуді немесе ауыстыруды тек арнайы шеберханада жүргізген жөн. Бұл HYUNDAI авторизацияланған дилерімен орындалуы тиіс.**
- **Қауіпсіздік белдігінің механизмін ұруға жол берілмейді.**

АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштары іске қосылғаннан кейін бірнеше минут бойы оларға тимеңіз. Қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыш механизмдері іске қосылған кезде жоғары температураға дейін қызып, күйік тудыруы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөліктің алдыңғы бөлігіндегі шанақ жұмыстары қауіпсіздік белдігінің алдын ала тартқыш жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Сондықтан жүйеге тек HYUNDAI авторизацияланған дилерінде қызмет көрсету керек.



OLMB033040/Q

Алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белдіктері жүйесі келесі компоненттерден тұрады. Олардың орналасқан жері жоғарыда келтірілген суретте көрсетілген:

(1) Қауіпсіздік жастықтарының бақылау шамы (SRS)

(2) Тартушы құрылғысы бар алдын ала тартқыш

(3) Қауіпсіздік жастықтарын басқару блогы

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Қауіпсіздік жастықтары жүйесін әрекетке келтіретін бергіштер қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштарымен де байланысты. Аспаптар панеліндегі қауіпсіздік жастықтарының бақылау шамы (SRS) оталдыруды қосқан кезде шамамен 6 секундқа жанып, сосын өшеді.

Егер қауіпсіздік жастығы жарамды күйде тұрса, алдын ала тартқыш жарамсыз болып қалған жағдайда бақылау шамы жанып тұрады. Егер қозғалыс кезінде бақылау шамы жанбаса, өшпесе немесе жанып тұрса, қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштар жүйесін және (немесе) қауіпсіздік жастықтарын мүмкіндігінше тез HYUNDAI авторизацияланған дилерінен тексерген жөн.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқышы белгілі бір фронталды, бүйір соқтығысқан кезде немесе аударылған кезде (аударылу бергіші бар болса) іске қосылуы мүмкін.

- Егер соқтығысқан кезде қауіпсіздік белдіктері тағылмаса, алдын ала тартқыштар белсендіріледі.
- Қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштары белсендірілген кезде қатты дыбыс шығуы мүмкін, және салонда ұсақ шаң және түтін пайда болуы мүмкін. Бұлл қалыпты болып саналады және қауіп тудырмайды.
- Бұл шаң улы болмағанымен, теріге түскен кезде ол тітіркенуді тудырады және оны ұзақ уақыт жұтпау керек. Нәтижесінде қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштары белсендірілген авариядан кейін шаң әсеріне ұшыраған тері аймағын мұқият жуу керек.

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 26-бет

Қауіпсіздік белдіктерін пайдалану кезіндегі қосымша сақтық шаралары

Жүктілік кезінде қауіпсіздік белдігін пайдалану

Жүктілік кезінде үнемі қауіпсіздік белдігі қолданылуы тиіс. Болашақ баланы қорғаудың ең жақсы тәсілі өзін қауіпсіздік белдігін тағу арқылы қорғау болып табылады.

Аяғы ауыр әйелдер үнемі бел-иық қауіпсіздік белдіктерін пайдалануы тиіс. Ол үшін иықбауды кеуденің ортасынан мойыннан барынша алыс өткізу қажет. Бел қауіпсіздік белдігін санды және іштің жұмырланған бөлігінен төмен жамбас сүйегін орап тұратындай өткізу керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Апат кезінде күрделі жарақат алу немесе болашақ баланың өлім қаупін азайту үшін аяғы ауыр әйелдер қауіпсіздік белдігінің бел бөлігін іштен жоғары немесе тура ішке қоймауы ТИІС.

Балаларды тағуға арналған қауіпсіздік белдігін пайдалану

Нәресте және кішкентай бала

Көптеген елдерде заңмен балаларды ұстау жүйесін және балаларды тасымалдауға арналған қосымша жастықтарды пайдалану бұйырылады. Әртүрлі елде балаларды ұстау жүйесінің орнына қауіпсіздік белдіктері қолданылатын жас әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан нақты елдегі белгілі бір талаптарды білу қажет. Нәрестелерге арналған балаларды ұстау жүйесі тиісті түрде артқы орындыққа орнатылуы тиіс. Толығырақ мәліметтер осы тараудың «Балаларды ұстау жүйесі» бөлімінде келтіріледі.

АБАЙЛАҢЫЗ

ҮНЕМІ сіздің балаңыздың бойы мен салмағына сәйкес келетін, балаларға арналған қауіпсіздік жүйесін пайдаланыңыз.

(жалғасын қар.)

Кішкентай балалар авария бар болса қолданылатын елдің қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін, балаларды ұстау жүйесінің көмегімен артқы орындыққа тиісті түрде байланған жағдайда жарақаттан жақсы қорғалады. Балаларды ұстау жүйесін сатып алар алдында ол қолданылатын елдің қауіпсіздік стандарттарына сәйкес сертификатталуына көз жеткізген жөн. Ұстап тұрушы жүйе баланың бойы мен салмағына сәйкес келуі тиіс. Бұл туралы мәліметті затбелгіден оқуға болады. Осы тараудағы «Балаларды ұстау жүйесі» бөлімін қар.

(жалғасы)

Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда ауыр дене жарақаты қаупін азайту үшін ЕШҚАШАН баланы қолыңызда немесе тізеңізде ұстамаңыз. Авария кезінде үлкен күш пайда болады, сондықтан сіздің қолыңыздан шығып кеткен бала автокөліктің ішкі бөлшектеріне соғылып кетуі мүмкін.

Үлкен жастағы балалар

Қосымша жастықтар қолданылуы енді мүмкін емес 13 жасқа дейінгі балалар үнемі артқы орындықта отыруы және штаттық иық-бел қауіпсіздік белдігін пайдалануы тиіс. Қауіпсіздік белдігі баланың денесін дұрыс ұстап тұруы үшін санның жоғарғы бөлігін, иықты және кеудені орап тұруы тиіс. Белдікті қиыстыру қайта-қайта тексеріліп тұруы тиіс. Бала қозғалған кезде белдік жылжып кетуі мүмкін. Егер балалар артқы орындықтағы тиісті ұстап тұрушы жүйемен және (немесе) қауіпсіздік белдіктерімен байланып тұрса, авария бар болса оларға ең жоғары қауіпсіздік қамтамасыз етіледі.

Егер 13 жастан асқан бала алдыңғы орындықта отыруы тиіс болса, ол штаттық иық-бел қауіпсіздік белдіктерімен байлануы, ал орындық шеткі артқы күйге орнатылуы тиіс.

Егер иықбау баланың мойнына немесе бетіне тисе, баланы көлік құралының ортасына жақын отырғызу керек.

Егер иықбау әлі де бетке немесе мойынға тиіп тұрса, тиісті қосымша жастықты пайдаланған жөн.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- **Балаларға тағылған қауіпсіздік белдігінің дұрыс тағылғанын және реттелгенін үнемі тексеріп отыру қажет.**
- **Иықбау баланың мойнына**
- **Қауіпсіздік белдігін бір баладан артық тағуға болмайды.**

Жарақаттанған адамдардың қауіпсіздік белдігін пайдалануы

Жарақаттанған адамды тасымалдау кезінде қауіпсіздік белдігі қолданылуы тиіс. Белгілі бір ұсыныстар алу үшін дәрігерге жүгінген жөн.

Бір адам – бір қауіпсіздік белдігі

Екі адамды (баланы қоса алғанда) бір белдікпен тағуға жол берілмейді. Бұл ретте авария бар болса күрделі жарақат алу ықтималдығы артады.

Автокөлікке жатпаңыз

Орындық арқасы шалқайтып автокөлікті басқару қауіпті болуы мүмкін. Арқаны шалқайтқан кезде, тіпті қауіпсіздік белдігін таққанның өзінде қауіпсіздік жүйесінің (қауіпсіздік белдігі және қауіпсіздік жастығы) тиімділігі айтарлықтай төмендейді.

Қауіпсіздік белдіктері тиісті жұмыс істеуі үшін сан мен кеудені орап тұруы тиіс.

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 28-бет

Авария кезінде қауіпсіздік белдігіне қатты соғылу қаупі бар, ол мойын жарақатын немесе басқа да жарақатты тудырады.

Орындықтың арқасы неғұрлым қатты шалқайтылса, жолаушының саны бел қауіпсіздігі белдігінің астында қозғалу немесе жолаушының мойны иықбауға соғылу ықтималдығы соғұрлым жоғары.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- **Орындықтың арқасын шалқайтып автокөлікті басқаруға жол берілмейді.**
- **Орындықтың арқасын шалқайтып автокөлікті басқару соқтығысқан жағдайда немесе кенеттен тежеген кезде күрделі жарақат алу немесе өлімге әкелетін жарақат алу қаупін едәуір арттырады.**
- **Жүргізушілер мен жолаушылар үнемі орындықтарда дұрыс отыруы, қауіпсіздік белдіктері тағылып тұруы, ал орындықтардың арқасы тік күйге орнатылуы тиіс.**

Қауіпсіздік белдіктерін күту

Қауіпсіздік белдіктерінің жүйесін бөлшектеуге немесе түрлендіруге жол берілмейді. Бұдан бөлек, қауіпсіздік белдіктерін немесе олардың компоненттерін орындықтың, есіктің ілмектерімен және т.б. зақымдап алмау үшін сақтық шараларын сақтау керек.

Мерзімді тексеру

Барлық қауіпсіздік белдіктері тозу немесе зақымдалуы бар-жоқтығы мерзімді тексерілуі тиіс. Зақымдалған бөлшектер бірінші мүмкіндік туған кезде-ақ ауыстырылуы тиіс.

Белдіктер таза әрі құрғақ болуы тиіс

Қауіпсіздік белдіктері таза әрі құрғақ ұсталуы тиіс. Белдіктер ластанған жағдайда оларды жылы судағы иіс сабын ерітіндісімен тазалауға болады. Ағартқыш, бояу, қатты жуғыш құралдар немесе қажақтар қолданылмауы тиіс, себебі олар матаны зақымдауы және нашарлатуы мүмкін.

Қауіпсіздік белдіктерін ауыстыру

Авария бар болса барлық қауіпсіздік белдігі толық ауыстырылуы тиіс. Бұл көзге көрінетін зақым болмаса да орындалуы тиіс. Кеңес алу үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

БАЛАЛАРДЫ ҰСТАУ ЖҮЙЕСІ

Балалар үнемі артқы орындықтарды отыруы тиіс

АБАЙЛАҢЫЗ

Балаларды ұстау жүйесін әрдайым автокөліктің артқы орындығына орнатыңыз; егер жолаушының қауіпсіздік жастығы ажыратылуы мүмкін болмаса, балалар жүйесін алдыңғы орындыққа орнатуға болмайды;

Балаларды ұстау жүйесін артқы орындықта пайдаланған кезде кез келген жастағы балалар қауіпсіздігінің ең жоғары деңгейі қамтамасыз етіледі. Соқтығысқан жағдайда алдыңғы жолаушы орындығында отырған бала ашылып жатқан қауіпсіздік жастығының қатты соққысына ұшырауы және АУЫР немесе ӨЛІМГЕ ӘКЕЛЕТІН ЖАРАҚАТҚА алып келуі мүмкін.

Авария, кенеттен тежеу немесе аяқ асты орағыту нәтижесінде жарақат алу қаупін барынша азайту үшін 13 жасқа дейінгі балалар үнемі артқы орындықтарда отыруы тиіс және тиісті түрде тағылуы тиіс. Авария статистикасына сәйкес, балалар алдыңғы орындықта отырғаннан гөрі артқы орындықта тиісті түрде тағылған кезде үлкен қауіпсіздікте болады.

Егер балаларды ұстау жүйесін пайдалану үшін бала тым үлкенболса, штаттық қауіпсіздік белдіктері қолданылуы тиіс. Көптеген елдерде заң балаларды ұстап тұрушы мақұлданған жүйелерді пайдалануды бұйырады. Балаларды ұстау жүйесінің орнына қауіпсіздік белдіктері қолданылуы мүмкін заңмен бұйырылатын бала жасы немесе салмағы/бойы әр елде әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан нақты елдегі белгілі бір талаптарды білу қажет.

Балаларды ұстау жүйесі артқы орындыққа тиісті түрде орнатылуы тиіс. Қолданылатын елдің қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін, нарықта қолжетімді балаларды ұстау жүйесі қолданылуы тиіс.

Балаларды ұстау жүйесілер әдетте автокөліктің орындығына бел қауіпсіздік белдігімен, үш нүктелі бел бауымен немесе жоғарғы байлаулы белдіктің және/немесе ISOFIX анкерлік бекітпесінің көмегімен бекітуге арналған.

Балаларды ұстау жүйесі үнемі артқы орындықтарда орнатылуы тиіс

Нәрестелер мен кішкентай балалар автокөліктің артқы орындығында қозғалыс бағыты бойынша немесе қозғалыс бағытына қарсы орнатылған, балаларды ұстап тұрушы тиісті жүйелерде байланып отыруы тиіс. Дайындаушымен берілген, балаларды ұстау жүйесін орнату және пайдалану бойынша нұсқауларды оқып, орындау қажет.

АБАЙЛАҢЫЗ

- **Орнату және пайдалану кезінде балаларды ұстау жүйесін дайындаушының нұсқаулары үнемі орындалуы тиіс.**
- **Бала балаларды ұстау жүйесінің көмегімен дұрыс тағылуы тиіс.**
- **Орындық арқасына тағылатын алынбалы бала креслосын немесе бала орындығын пайдалануға жол берілмейді, себебі авария болған жағдайда олармен тиісті қорғаныс қамтамасыз етілмейді.**
- **Авариядан кейін балаларды ұстау жүйесін, қауіпсіздік белдіктерін және ISOFIX төменгі және жоғарғы анкерлік бектіпелерін тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну керек.**

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 30-бет

Балаларды ұстау жүйесін таңдау

Өз балаңыз үшін балаларды ұстау жүйесін таңдау кезінде төмендегілерді ескерген жөн:

- Балаларды ұстау жүйесінің қолданылатын елдің қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігі расталатын сертификатталған заттаңбасы болуы тиіс.
- Балаларды ұстау жүйесін таңдау баланың бойы мен салмағы негізінде жүргізілуі тиіс. Бұл ақпарат әдетте заттаңбаларда және жүйені пайдалану бойынша нұсқауда көрсетіледі.
- Таңдалған балаларды ұстау жүйесі ол қолданылатын автокөліктің орындықтарына сәйкес келуі тиіс.
- Орындау кезінде балаларды ұстау жүйесімен бірге берілген нұсқаулар мен ескертулер ескерілуі тиіс.

Балаларды ұстау жүйесінің типтері

Балаларды ұстау жүйесінің негізгі үш типі бар: артқа келтірілген, алға келтірілген және қосымша жастықтар. Олар баланың жасына, бойына және салмағына сәйкес жіктеледі.



Артқа келтірілген балаларды ұстау жүйесі

Қозғалыс жүрісіне қарсы орналасқан балаларды ұстау жүйесі баланың арқасы сүйенетін бет арқылы ұстап тұруды қамтамасыз етеді. Белдіктер жүйесі баланы орнында ұстап тұрады, ал жол-көлік оқиғасы кезінде нәзік мойынға және омыртқаға түсетін күшті азайта отырып, баланы ұстау жүйесінде ұстап тұрады.

Бір жасқа дейінгі балалар қозғалыс жүрісіне қарсы орналасқан балаларды ұстау жүйесіде отыруы тиіс. Қозғалыс жүрісіне қарсы орналасқан балаларды ұстау жүйесінің көптеген түрлері бар. Нәрестелерге арналған балаларды ұстау жүйесі тек қозғалыс жүрісіне қарсы орналасуы тиіс. Артқа келтірілген, түрлендірілетін балаларды ұстау жүйесі үшін және 3-те 1-еу жүйелері үшін әдетте бой мен салмақ шегі көрсетіледі, бұл балаларды артқа келтірілген жүйелерде ұзақ уақыт бойы тасымалдауға мүмкіндік береді.

Балалар бой мен дене салмағы шектеріне сәйкес келіп тұрғанда, артқа келтірілген балаларды ұстау жүйесін пайдалана беріңіз.


OGC034027

Алға келтірілген балаларды ұстау жүйесі

Алға келтірілген балаларды ұстау жүйесімен баланың денесін белдік көмегімен ұстап тұру қамтамасыз етіледі. Бала дайындаушымен көрсетілген бой және дене салмағы шегіне жеткенше алға келтірілген балаларды ұстау жүйесі қолданылуы тиіс.

Бұдан кейін ол үшін қосымша жастық қолданылуы тиіс.

Қосымша жастықтар

Қосымша жастық – бұл көлік құралының қауіпсіздік белдіктері жүйесімен бірге қолдануға арналған балаларды ұстау жүйесі. Қосымша жастықты пайдалану қауіпсіздік белдігін баланың ең мықты дене бөлігіне жабысып тұратындай тағуға мүмкіндік береді. Бала үшін қосымша жастық онсыз қауіпсіздік белдігін пайдалану мүмкін болмайынша қолданылуы тиіс.

Қауіпсіздік белдігін тиісті түрде бекіту үшін бел белдігі ішті емес, санның жоғарғы бөлігін орап тұруы тиіс. Иық белдігі мойын немесе бет арқылы емес, иық пен кеуде арқылы өтуі тиіс. Авария, кенеттен тежеу немесе кенеттен орағыту нәтижесінде жарақат алу қаупін азайту үшін 13 жасқа дейінгі балалар тиісті түрде байланып отыруы тиіс.

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 32-бет

Балаларды ұстау жүйесін орнату

АБАЙЛАҢЫЗ

Балаларды ұстау жүйесін орнатар алдында:

Балаларды ұстау жүйесін дайындаушымен берілген нұсқауларды оқып, орындау қажет.

Авария болған жағдайда нұсқаулар мен ескертулерді сақтамау КҮРДЕЛІ ЖАРАҚАТ немесе ӨЛІМ себебі болуы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер балаларды ұстау жүйесін орнатуға орындықтың бас тірегіші кедергі келтірсе, бас тірегішті алып тастап, оны орналастыру биіктігін өзгерту керек.

Балаларды ұстап тұрушы тиісті жүйені таңдағаннан кейін және оның берілген көлік құралына сәйкестігін тексергеннен кейін дайындаушының нұсқауларына сәйкес, балаларды ұстау жүйесін орнатуға кірісуге болады. Балаларды ұстау жүйесін дұрыс орнатуға қажетті негізгі үш қадам:

- Балаларды ұстау жүйесін автокөлікте тиісті түрде бекітіңіз. Барлық балаларды ұстау жүйесілер автокөлікке бел қауіпсіздік белдігімен, үш нүктелі белдіктің бел бауымен немесе ISOFIX жоғарғы байлаулы белдігінің және/немесе ISOFIX анкерлік бекітпесінің көмегімен бекітілуі тиіс.
- Балаларды ұстау жүйесі тиісті түрде бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Балаларды ұстау жүйесін орнатқаннан кейін оның бекітілуі сенімділігін тексеру үшін оны алға қарай және бір жақтан бір жаққа еңкейтуге тырысу керек. Балаларды ұстау жүйесін қауіпсіздік белдігінің көмегімен барынша қатты бекітілуі тиіс. Дегенмен кейде бір жақтан бір жаққа жылжытуға болады.

Балаларды ұстау жүйесін орнату кезінде бала осы жүйеде ыңғайлы отыруы үшін автокөліктің арқасын реттеңіз (жоғары-төмен және алға-артқа).

- Баланы балаларды ұстау жүйесіне байлап қойыңыз. Дайындаушының нұсқауларына сәйкес, бала балаларды ұстау жүйесіде бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жабық автокөліктегі балаларды ұстап тұрушы жүйе қатты қызып кетуі мүмкін. Күйіктің алдын алу үшін баланы балаларды ұстап тұрушы жүйеге отырғызбас бұрын орындықтың бетін және тоғаны тексеру қажет.


ISOFIX төменгі бекітпесі және жоғарғы байлаулы белдіктің бекітпесі (ISOFIX бекіту жүйесі)

ISOFIX бекітпелері жол жүру кезінде және авария бар болса балаларды ұстау жүйесінің бекітілуін қамтамасыз етеді. Жүйе орнату процесін барынша қарапайым ету және дұрыс емес орнату ықтималдығын азайту үшін жобаланған. ISOFIX жүйесімен автокөлікте қарастырылған балаларды ұстау жүйесі бекітпелері және құралдары қолданылады. ISOFIX жүйесімен балаларды ұстау жүйесін артқы орындықтарға бекіту үшін қауіпсіздік белдігін пайдалану қажеттілігі жойылады.

ISOFIX анкерлік бекітпелері автокөліктің шанағында бекітілген металл сырықтар болып табылады. Әр отыратын орын үшін балаларды ұстау жүйесін бекітуге арналған екі ISOFIX төменгі бекітпелері қарастырылған.

ISOFIX жүйесін пайдалану үшін ISOFIX бекітпелері бар балаларды ұстау жүйесі сатып алынуы тиіс. (ISOFIX бекітпелері бар балаларды ұстау жүйесін әмбебап пайдалану үшін немесе ECE-R44 немесе ECE-R129 талаптарына сәйкес тиісті автокөлікте пайдалану үшін бекітілсе ғана орнатуға болады.

Балаларды ұстау жүйесін өндіруші балаларды ұстау жүйесін ISOFIX анкерлік бекітпелеріне бекіту бойынша нұсқау беруге міндетті.




OLM039035

ISOFIX анкерлік бекітпелері шеткі сол және оң артқы отыру орындарына орнатылған. Олардың орналасқан жері суретте көрсетілген. Ортадағы артқы орындық үшін ISOFIX төменгі бекітпелері қарастырылмаған.

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 34-бет

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Балаларды ұстау жүйесін ISOFIX анкерлік бекітпелерінің көмегімен артқы ортадағы отыру орнына орнатуға тыйым салынады. Бұл орын ISOFIX анкерлік бекітпелерімен жабдықталмаған. Балаларды ұстау жүйесін ортадағы отыру орнына орнату үшін бүйір артқы орындықтардың анкерлік бекітпелерін пайдалану анкерлік бекітпелердің зақымдалуына алып келуі мүмкін.



ISOFIX анкерлік бекітпелерін орналастыру орнының белгілері сол және оң артқы орындықтардың жастығында болады (суреттегі нұсқарларды қар.).

Екі шеткі артқы орындықтар ISOFIX анкерлік бекітпелерінің жұбымен, сондай-ақ артқы орындықтардың арқасындағы артқы жақтағы жоғарғы байлаулы белдігіне арналған тиісті бекітпелермен жабдықталған.

(ECE-R44 немесе ECE-R129 директиваға сәйкес бүкіл әлеммен мақұлданған балаларды ұстау жүйесілер артқы орындықтар арқасының артқы жағына жалғанатын жоғарғы байлаулы белдікпен қосымша бекітілуі тиіс).

ISOFIX анкерлік бекітпелері шеткі артқы сол және оң отыратын орындардың арқасы мен жастығы арасында орналасқан.

ISOFIX анкерлік бекітпелерді пайдалану үшін ISOFIX анкерлік бекітпесінің жоғарғы жағын басыңыз.

ISOFIX бекітпелерінің көмегімен балаларды ұстау жүйесін бекіту

ISOFIX бекітпелерімен үйлесетін балаларды ұстау жүйесін артқы бүйір орындықтардың біріне орнату:

1. Қауіпсіздік белдігінің құлпын ISOFIX анкерлік бекітпесі жағына орнықтырыңыз.
2. Балаларды ұстау жүйесін ISOFIX анкерлік бекітпелеріне жалғауға кедергі келтіретін барлық заттарды алып тастаңыз.
3. Балаларды ұстау жүйесін өндіруші нұсқауларына сәйкес, балаларды ұстау жүйесін автокөліктің орындығына орнатыңыз, содан кейін орындықты ISOFIX анкерлік бекітпелеріне жалғаңыз.
4. Балаларды ұстау жүйесін өндірушінің балаларды ұстау жүйесінің ISOFIX бекітпелерін тиісті түрде орнатуға және автокөліктің ISOFIX анкерлік бекітпелеріне жалғауға қатысты нұсқауларын орындаңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

ISOFIX жүйесін пайдалану кезінде келесі шаралар қабылдануы тиіс:

- **Балаларды ұстау жүйесімен берілген пайдалану бойынша нұсқаулықты оқып шығыңыз.**
- **Бала тартылған қауіпсіздік белдігін алып, ұстап қалуы мүмкін, сондықтан барлық қолданылмаған қауіпсіздік белдіктерін тағып, қауіпсіздік белдітерінің бауларын баланың артына тағу керек. Егер иықбау оның мойнын орап қалса және қауіпсіздік белдігі тартылса, бала тұншығып қалуы мүмкін.**
- **Бір анкерлік бекітпеге бір ұстап тұрушы жүйеден артық жалғауға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Бұл анкердің немесе бекітетін бекіткіштің босап кетуіне немесе сынып қалуына себеп болуы мүмкін.**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Авариядан кейін ISOFIX жүйесі авторизацияланған дилермен тексерілуі тиіс. Апат нәтижесінде ISOFIX жүйесі зақымдалуы және балаларды ұстау жүйесін тиісті түрде бекіте алмауы мүмкін.**

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 36-бет



Балаларды ұстау жүйесін жоғарғы байлаулы белдіктің көмегімен бекіту

Балаларды ұстау жүйесі ілмектерінің бекітпелері орындық арқасының артқы бөлігінде орналасқан.



1. Бала орындығын бекіту белдігін орындық арқасының бетінен өткізіңіз.

   Реттелетін бас тірегіштермен жабдықталған автокөліктер үшін бала орындығын бекіту белдігін бас тірегіштердің астынан оның тіреулерінің арасынан өткізіңіз немесе белдікті басқаша орындықтың арқасынан өткізіңіз.
2. Жүйені орындыққа сенімді түрде бекіту үшін балаларды ұстау жүйесі өндірушінің нұсқауларына сәйкес, жоғарғы байлаулы белдікті тиісті бекітпеге жалғап, тартыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жоғарғы байлаулы белдікті бекіту кезінде келесі шаралар қабылдануы тиіс:

- **Балаларды ұстау жүйесімен бірге берілген орнату бойынша нұсқаулықты оқып шығыңыз.**
- **Жоғарғы байлаулы белдік үшін бір бекітпеге бір ұстап тұрушы жүйеден артық жалғауға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Бұл анкерлік бекітпенің немесе белдік ілмегінің босап кетуіне немесе бұзылуына себеп болуы мүмкін.**
- **Жоғарғы байлаулы белдікті арнайы арналғаннан басқа анкерлік бекітпелерге бекітуге тыйым салынады. Дұрыс бекітпеген жағдайда белдік тиісті бекітуді қамтамасыз ете алмайды.**
- **Бала креслосын бекіту түйіндері орындыққа тиісті түрде орнатылған бала орындығынан ғана күш қабылдау үшін арналған.**

  Ешқашан оларды штаттық қауіпсіздік белдіктерін бекіту үшін немесе автокөлікте басқа заттарды немесе жабдықты бекіту үшін пайдалануға жол берілмейді.

Балаларды ұстау жүйесінің ISOFIX анкерлік бекітпелеріне жарамдылығы

ECE нормативтеріне сәйкес, әр отыратын орынның ISOFIX балаларды ұстау жүйесісіне жарамдылығы

Салмақ тобы	Өлшем класы	Бекітпе	Автокөліктегі ISOFIX бекітпелерінің күйі			
			Алдыңғы жолаушы	Артқы бүйір (жүргізуші жақ)	Артқы бүйір (жолаушы жақ)	Артқы ортада
Жылжымалы бала бесігі	F	ISO/L1	–	X	X	–
	G	ISO/L2	–	X	X	–
0 : до 10 кг	E	ISO/R1	–	IL	IL	–
0+ : до 13 кг	E	ISO/R1	–	IL	IL	–
	D	ISO/R2	–	IL	IL	–
	C	ISO/R3	–	IL	IL	–
I : от 9 до 18 кг	D	ISO/R2	–	IL	IL	–
	C	ISO/R3	–	IL	IL	–
	B	ISO/F2	–	IUF, IL	IUF, IL	–
	B1	ISO/F2X	–	IUF, IL	IUF, IL	–
	A	ISO/F3	–	IUF, IL	IUF, IL	–

IUF = Салмақ тобында пайдалануға мақұлданған әмбебап санаттағы алға келтірілген ISOFIX балаларды ұстау жүйесіне жарайды.


IL = Тіркелген тізімде көрсетілген белгілі бір ISOFIX балаларды ұстау жүйелеріне жарайды. Бұл ұстап тұрушы жүйелерге «ерекше», «шектеулі» немесе «жартылай әмбебап» санатына жататын жүйелер жатады.

X = ISOFIX бекітпесінің орналасуы осы салмақ тобындағы және/немесе берілген өлшем класындағы балаларды ұстау жүйесі үшін жарамайды.

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 38-бет

Бел-иық қауіпсіздік белдігінің көмегімен балаларды ұстау жүйесін бекіту

ISOFIX бекітпелерін пайдалану кезінде барлық ұстап тұрушы жүйелер автокөлікке бел қауіпсіздік белдігімен немесе үш нүктелі қауіпсіздік белдігінің бел бауымен бекітілуі тиіс.



Бел-иық қауіпсіздік белдігінің көмегімен балаларды ұстау жүйесін орнату


Балаларды ұстау жүйесін артқы орындыққа орнату үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес, балаларды ұстау жүйесін артқы орындыққа қойыңыз және бел-иық белдігін жүйе арқылы немесе оны айналдыра өткізіңіз.

   Белдік таспасы оралып кетпеуін қадағалаңыз.

i Ақпарат


Ортадағы артқы қауіпсіздік белдігін пайдалану кезінде осы тараудағы «Ортадағы үш нүктелі қауіпсіздік белдігі» тармағымен де танысып алу керек.



2. Бел-иық белдігін құлыпқа тағыңыз. Өзіне тән шырт еткен дыбыс анық шығуы тиіс.

Ақпарат

Бұғаттан шығару батырмасын төтенше жағдай бола қалған жағдайда оған ыңғайлы жететіндей орналастырыңыз.



3. Балаларды ұстау жүйесін орындыққа күшпен баса отырып, қауіпсіздік белдігінің салбырауын кетіріңіз және белдіктің тартушы құрылғыға тартылуына жол беріңіз.
4. Балаларды ұстау жүйесін орнатқаннан кейін бекіту сенімділігіне көз жеткізу үшін оны алға және бір жақтан бір жаққа еңкейтуге тырысыңыз.

Егер өндірушінің нұсқаулығымен балаларды ұстау жүйесін ISOFIX анкерлік белдігінің көмегімен бекіту қарастырылса, 2-41 беттерді қар.

Балаларды ұстау жүйесін алып тастау үшін қауіпсіздік белдігінің құлпындағы батырманы басыңыз, сосын қауіпсіздік белдігін жүйеден шығарып, оның толық тартылуын күтіңіз.

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 40-бет

Балаларды ұстау жүйесінің қауіпсіздік белдігінің көмегімен орындыққа орнату үшін жарамдылығы

ECE нормативтеріне сәйкес, әр отыратын орынның балаларды ұстау жүйесінің «әмбебап» санаты үшін жарамдылығы Сіздің балаңызға сәйкес келетін ресми мақұлданған балаларды ұстау жүйесін пайдаланыңыз. Балаларды ұстау жүйесін пайдалану кезінде келесі кестені қар.

Салмақ тобы	Отыратын орын		
	АЛДЫҢҒЫ ЖОЛАУШЫ	АРТҚЫ БҮЙІР	ОРТАДАҒЫ АРТҚЫ
0 : 10 кг дейін (0–9 ай)	X	U	U
0+ : 13 кг дейін (0–2 жас)	X	U	U
I : 9-18 кг (9 ай – 4 жыл)	X	U	U
II & III : 15-36 кг (4–12 жас)	X	U	U

U : Осы топта пайдалану үшін мақұлданған балаларды ұстау жүйесінің «әмбебап» санаты үшін жарайды.

UF : Берілген салмақ тобында пайдалануға рұқсат етілген, «бетті алдыға» отырғызумен «әмбебап» санаттағы қауіпсіздік жүйелері үшін жарайды.

X : Осы салмақ тобындағы балалар үшін жарайтын орындық күйі.


Балаларға арналған қауіпсіздік жүйесі – Еуропа үшін

					Отыратын орын				
					Алдынан		2-ші қатар		
					Сол жақ	Оң жақ	Сол жақ	Орта	Оң жақ
Әмбебап (5 бекітпе)	0+ тобы	Maxi Cosi Cabriofix		B _ _ _	Н/Д	Бар	Бар	Жоқ	Бар
	I топ	Roemer King (белдікпен бекіту)		B _ _ _	Н/Д	Бар	Бар	Жоқ	Бар
		Roemer Duo Plus		_ I _ S	Н/Д	Жоқ	Бар	Жоқ	Бар
Жартылай әмбебап (5 бекітпе)	0+ тобы	Easybase2 базасы бар Maxi Cosi Cabriofix		B _ L _	Н/Д	Бар	Бар	Жоқ	Бар
		Easyfix базасы бар Maxi Cosi Cabriofix		_ I L _	Н/Д	Жоқ	Бар	Жоқ	Бар
	0+/I тобы	HTS iZi Kid X3		_ I L _	Н/Д	Жоқ	Бар	Жоқ	Бар
	I топ	Familyfix базасы бар Maxi Cosi Pearl		_ I L _	Н/Д	Жоқ	Бар	Жоқ	Бар
OEM (2 нүкте)	Q1.5	U/SU	Өндіруші, ДУС моделі	B I L S	Н/Д	Жоқ	Бар	Жоқ	Бар
	Q3	U/SU	Өндіруші, ДУС моделі	B I L S	Н/Д	Жоқ	Бар	Жоқ	Бар

B : белдікпен
I : ISOFIX
L : тірейтін аяғымен
S : байлаулы белдікпен
Толығырақ ақпарат алу үшін HYUNDAI уәкілетті дилеріне жүгінген жөн.

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 42-бет

ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҚТАРЫ – ПАССИВТІ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІ



1. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы
2. Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы
3. Бүйір қауіпсіздік жастығы*
4. Қауіпсіздік пердешесі*

* : бар болса

Автокөлікке орнатылған шын қауіпсіздік жастықтары суретте көрсетілгеннен басқаша болуы мүмкін.

OGS035015L

Автокөлік жүргізуші мен алдыңғы жолаушығы арналған қауіпсіздік жастықтары жүйесімен жабдықталған.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары үш нүктелі қауіпсіздік белдіктеріне қосымша ретінде әзірленген. Қауіпсіздік жастықтарын пайдалану кезінед ең жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін үнемі қауіпсіздік белдіктері тағылып тұруы тиіс.

Егер қауіпсіздік белдіктері тағылмаса, авария кезінде автокөліктегі адамдар күрделі жарақат алуы немесе қаза болуы мүмкін. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі қауіпсіздік белдіктеріне қосымша ретінде жобаланған және олардың орнын баспайды. Бұдан бөлек, қауіпсіздік жастықтары кез келген соқтығысу кезінде іске қосылады деп есептелмеген. Кейбір авариялларда қауіпсіздік жүйесі тек қауіпсіздік белдіктері болып табылады.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

МІНДЕТТІ ТҮРДЕ балаларға арналған қауіпсіздік белдіктері мен қауіпсіздік жүйелерін пайдаланыңыз – әр сапар кезінде барлық жолаушылар үшін бірдей! Егер қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде қауіпсіздік белдіктерін дұрыс пайдаланбаса, қауіпсіздік жастықтары бар болса да соқтығысу кезінде күрделі немесе өлімге әкелетін жарақат алу мүмкін.

ЕШҚАШАН кез келген ұстап тұрушы жүйеде немесе қосымша жастықта алдыңғы жолаушы орындығына баланы отырғызбаңыз. Іске қосылған кезде қауіпсіздік жастығы балаға қатты соғылып, күрделі немесе өлімге әкелетін жарақат тигізуі мүмкін.

Үнемі 13 жасқа дейінгі балаларды артқы орындыққа тағыңыз. Бұл кез келген жастағы бала үшін ең қауіпсіз орын. Егер 13 жастағы және одан үлкен баланы алдыңғы орындыққа отырғызу қажет болса, ал орындық барынша артқа жылжытылуы тиіс.

Автокөлік тоқтамай, ал қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде барлық жолаушылар және жүргізуші орындықтарда тігінен отыруы, қауіпсіздік белдіктерін тағуы, аяқтары ыңғайлы созылып отыруы, табаны еденге тіреліп тұруы тиіс. Егер авария кезінде кімде-кім басқа күйде отырса, онда қауіпсіздік белдіктері ашылған кезде ол күрделі жарақат, тіпті өлімге әкелетін жарақат алуы мүмкін.

Жүргізуші мен жолаушылар ешқашан қауіпсіздік жастықтарына тым жақын отырмауы немесе еңкеймеуі немесе есікке немесе ортадағы консольге сүйкенбеуі тиіс.

Көлік құралын бақылауда ұстай отырып, орындықты алдыңғы қауіпсіздік жастықтарынан мүмкіндігінше алыс орнықтыру керек

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 44-бет

Қауіпсіздік жастықтарын орналастыру

■ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы



OGSR036018

■ Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы



OGC034033

Жүргізуші мен жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтары

Берілген автокөлік жүргізуші мен жолаушының орындықтарына арналған пассивті қауіпсіздік жүйесімен және үш нүктелі белдіктермен жабдықталған.

Пассивті қауіпсіздік жүйесі рөлдік дөңгелектің ортасындағы қақпақ астына және жолаушы жақтағы аспаптар панеліне (зат жәшігінің астында) орнатылған қауіпсіздік жастықтары жүйесінен тұрады.

Қауіпсіздік жастықтары жұмсақ қақпақтарда «AIR BAG» бедерлі жазумен таңбаланған.

Пассивті қауіпсіздік жүйесі жеткілікті күрделі фронталды соқтығысқан жағдайда қауіпсіздік белдіктері жүйесімен қатар жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қосымша қорғауды қамтамасыз етуге арналған.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары іске қосылған жағдайда жарақат алу қаупін азайту үшін келесі сақтық шараларын орындау керек:

- **Адамдарды тиісті күйде ұстап тұру үшін қауіпсіздік белдіктері үнемі тағылып тұруы тиіс.**
- **Автокөлікті бақылауда ұстай отырып, орындықты алдыңғы қауіпсіздік жастықтарынан мүмкіндігінше алыс орнықтыру керек.**
- **Есікке немесе ортадағы консольге сүйенуге болмайды.**
- **Алдыңғы жолаушыға аяғын аспаптар панеліне қоюға рұқсат бермеу керек.**
- **Қандай да бір заттарды рөлдік дөңгелектегі және алдыңғы жолаушы жақтағы аспаптық панельдегі қауіпсіздік жастықтары модулінің қасына қоюға болмайды. Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде мұндай объектілер жарақат алу себебі болуы мүмкін.**


OGC034044


OGS035047

Бүйір қауіпсіздік жастықтары (бар болса)

Берілген автокөлік әр алдыңғы орындықта бүйір қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған. Қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белдіктерімен қатар жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қосымша қорғауға арналған.

Бүйір қауіпсіздік жастықтары соқтығысу күрделілігіне, соғу бұрышына, жылдамдығына және соққы орнына қарай белгілі бір бүйір соқтығысулар кезінде іске қосылады.

Аударылу бергішімен жабдықталған автокөліктерде бүйір жастықтар/қауіпсіздік пердешелері және қауіпсіздік белдігінің алдын ала тартқыштары автокөлік аударылған жағдайда екі жақтан қатар іске қосылып кетуі мүмкін.

Бүйір қауіпсіздік жастықтары барлық бүйір соқтығысу және аударылу жағдайларында іске қосылады деп есептелмеген.

АБАЙЛАҢЫЗ

Бүйір қауіпсіздік жастығы іске қосылған жағдайда дене зақымын алу қаупін азайту үшін келесі сақтық шараларын орындау қажет:

- **Адамдарды тиісті күйде ұстап тұру үшін қауіпсіздік белдіктері үнемі тағылып тұруы тиіс.**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Жолаушыларға басымен немесе денесінің басқа бөліктерімен есікке сүйенуіне, қолын есікке қоюына, қолын терезеден шығаруына немесе есік пен орындық арасында қандай да объектілер қоюына болмайды.**
- **Қол жарақатын алу қаупін барынша азайту үшін рөл дөңгелегінің тоғынын сағат тілінің 9 және 3 сағат күйіне сәйкес келетін жерлерде ұстап отыру қажет.**
- **Қандай да бір аксессуарларды орындық арқасының бүйір қақпақтарына жапсырмаңыз. Бұл жүйе тиімділігінің азаюына алып келуі мүмкін.**
- **Қандай да бір заттарды қауіпсіздік жастықтарына немесе қауіпсіздік жастықтары мен өзінің арасына қоюға болмайды.**
- **Қандай да бір заттарды есік пен орындық арасына қоюға болмайды. Бүйір қауіпсіздік жастығы ашылған кезде олар күрделі жарақат тигізуі мүмкін.**
- **Қандай да бір қосымша жабдықты бүйір жаққа немесе бүйір қауіпсіздік жастығының қасына қоюға болмайды.**
- **Оталдыру қосулы тұрған кезде есіктерді ұрмаңыз, себебі бұл бүйір қауіпсіздік жастықтарының ашылып кетуіне алып келуі мүмкін.**
- **Орындық немесе орындық қақпағы зақымдалған жағдайда қызмет көрсетуді HYUNDAI авторизацияланған дилерінде жүргізген жөн.**

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 46-бет


OGS035034


OGS035046

Қауіпсіздік пердешесі (бар болса)

Қауіпсіздік пердешелері алдыңғы және артқы есіктердің үстінде, төбенің екі жағында орналасқан.

Олар белгілі бір соқтығысулар кезінде алдыңғы және артқы бүйір орындықтарда отырған адамдардың басын қорғау үшін арналған.

Қауіпсіздік пердешелері соқтығысу күрделілігіне, соғу бұрышы, жылдамдығы және орнына қарай белгілі бір соқтығысулар кезінде іске қосылады.

Аударылу бергішімен жабдықталған автокөліктерде бүйір жастықтар және қауіпсіздік пердешелері автокөлік аударылған жағдайда екі жақтан қатар ашылуы мүмкін. На


Бүйір қауіпсіздік жастықтары барлық бүйір соқтығысу және аударылу жағдайларында іске қосылады деп есептелмеген.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылған жағдайда дене жарақатын алу қаупін азайту үшін келесі сақтық шаралары орындалуы қажет:

- **Барлық адамдар орындықтарда тиісті күйде ұсталып тұруы үшін үнемі қауіпсіздік белдіктерін тағып отыруы тиіс.**
- **Балаларды ұстап тұрушы жүйе есіктен мүмкіндігінше алыс бекітілуі тиіс.**
- **Жолаушыларға басымен немесе денесінің басқа бөлігімен есікке сүйенуіне, қолын есікке қоюына, терезеден қолын шығаруына немесе қандай да бір объектілерді есік пен орындық арасына қоюына рұқсат бермеу керек.**
- **Қауіпсіздік белдіктерін ашуға немесе жөндеуге тыйым салынады.**

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жұмыс істеу принципі



Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне (SRS) келесі элементтер кіреді:

1. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі
2. Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі
3. Бүйір қауіпсіздік жастықтарының модулі*
4. Қауіпсіздік пердешелерінің модулі*
5. Алдыңғы қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштары
6. Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің бақылау шамы
7. Қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогы (SRSCM) және аударылу бергіші
8. Алдыңғы соққы бергіштері
9. Бүйір соққы бергіштері*

* : бар болса

Қауіпсіздік жастықтары ашылуы үшін немесе қауіпсіздік белдіктерінің алдын ала тартқыштары іске қосылуы үшін соққы күші жеткілікті ме, соны анықтау үшін оталдыру қосулы тұрған кезде SRSCM блогында SRS жүйесінің барлық компоненттерін бақылау жүзеге асырылады.



Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің бақылау шамы

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің бақылау шамы суретте көрсетілген символдар түрінде аспаптар комбинациясында көрінеді. Жүйе электрлік компоненттер жұмысының дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады. Бақылау шамының қосылуы автокөлік аударылған кезде (аударылу бергіші бар болса) қорғау үшін қолданылатын бүйір қауіпсіздік жастықтарын/пердешелерін қоса алғанда, қауіпсіздік жастықтары жүйесінің мүмкін ақаулығын көрсетеді.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер пассивті қауіпсіздік жүйесі ақаулы болса, апат кезінде күрделі жарақат алу немесе қаза болу қаупін арттырып, қауіпсіздік жастықтары ашылмай қалуы мүмкін.

(жалғасын қар.)

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 48-бет

(жалғасы)

Келесі жағдайлардың кез келгі пассивті қауіпсіздік жүйесінің ақаулығын көрсетеді:

- **Отлдыруды қосқан кезде бақылау шамы шамамен алты секунд бойы жанбайды.**
- **Бақылау шамы алты секунд өткеннен кейін жанады.**
- **Бақылау шамы автокөлік қозғалысы кезінде жанады.**
- **Бақылау шамы қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жанады.**

Жоғарыда аталған жағдайлардың кез келгені туындаған кезде жүйені барынша тез HYUNDAI авторизацияланған дилерінен тексерген жөн. но

Алдынан соқтығысқан кезде бергіштер көлік құралының баяулағанын тіркейді. Егер баяулау дәрежесі жеткілікті жоғары болса, онда басқару блогы алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын қажетті күшпен әрекетке келтіреді.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары бір ғана қауіпсіздік белдіктерімен жеткілікті қорғаныс қамтамасыз етілмейтін алдынан соқтығысу кезінде жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қорғауға арналған. Қажет бар болса қауіпсіздік жастықтары бүйірден соқтығысқан жағдайда немесе аударылған жағдайда қосымша қорғауды қамтамасыз етеді.

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесін тек оталдыру қосулы тұрған кезде ғана белсендіруге болады.
- Қауіпсіздік жастықтары белгілі бір фронталды немесе бүйірден соқтығысқан кезде жүргізуші мен жолаушыларды күрделі жарақаттардан қорғау үшін іске қосылады.
- Қауіпсіздік жастықтары әдетте соққы күші мен бағыты негізінде ашылады. Бергішпен қауіпсіздік жастықтарын ашуға электрондық сигнал берілетін екі фактор бар.
- Қауіпсіздік жастықтарының ашылуы автокөлік жылдамдығын, соқтығысу бұрышын, автокөліктердің немесе соқтығысуға ұшырағаң объектілердің қаттылығын қоса алғанда бірқатар факторларға байланысты. Анықтаушы факторлар жоғарыда аталғандармен шектелмейді.
- Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары бірден толық үрленіп, сосын іші босайды. Соқтығысудан кейін ашылған қауіпсіздік жастықтары өз модульдерінен салбырап тұруы мүмкін.
- Қатты бүйірден соқтығысу жағдайларымен қатар, бүйір қауіпсіздік жастықтары мен пердешелері автокөлік аударылған кезде де ашылуы мүмкін (егер автокөлік аударылу бергішімен жабдықталса).

  Автокөлік аударылған кезде жүргізушінің немесе жолаушының салоннан шығып кетуінің алдын алу үшін қауіпсіздік пердешелері біраз уақыт ашылып тұрады.

- Тиісті қорғанысты қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік жастықтарды өте тез үрленуі мүмкін. Соқтығысқан кезде адамның көлік құралының құрылмасына соғылуын болдырмау үшін қауіпсіздік жастығы өте аз уақытқа ашылады. Мұндай ашылу жылдамдығы күрделі немесе өмір үшін қауіпті жарақат алу қаупін азайтады және қауіпсіздік жастығы жұмысының маңызды құраушысы болып табылады.

  Алайда қауіпсіздік жастығының тез ашылуы бет бөлігінің жарақатын, соғып алуды және сүйектің сынуын қоса алғанда, жарақаттар тудыруы мүмкін, себебі мұндай ашылу жылдамдығында қауіпсіздік жастығынан болатын соққы едәуір күшпен болуы мүмкін.
- Кейбір жағдайларда қауіпсіздік жастығымен жанасу өлімге әкелетін жарақат тудыруы мүмкін, әсіресе егер қауіпсіздік жастығына тым жақын отырса.

Қауіпсіздік жастығы ашылған жағдайда жарақат алу қаупін азайту үшін белгілі бір шаралар қабылдануы мүмкін. Ең жоғары қауіп деңгейі қауіпсіздік жастығына тым жақын отырған кезде болады. Қауіпсіздік жастығы ашылуы үшін біраз кеңістік қажет. Жүргізушіге автокөлікті бақылауда ұстай отырып, рөлдік дөңгелектен барынша алыс отырған жөн.

■ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы (1)



Қауіпсіздік жастықтарын басқару блогы автокөліктің алдыңғы бөлігіне тиген жеткілікті қатты соққыны анықтаған кезде автоматты түрде алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын үрлейді.

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 50-бет

■ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы (2)



Іске қосылғаннан кейін жұмсақ қақпақтың тігісі ажырайды, ол қауіпсіздік жастығы кеңейген кезде қысыммен бөлініп кетеді. Қақпақтарды келесі ашу қауіпсіздік жастықтарының толықтай ашылуына әсер етеді.

Тиісті түрде тағылған қауіпсіздік белдіктерімен қатар қауіпсіздік жастығының толық ашылуы жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының алға жылжып кетуін баяулатуға және бас немесе көкірек қуысы жарақатын алу қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

■ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы (3)



■ Жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы



Толық ашылғаннан кейін жастық жүргізушіге көру мүмкіндігін және қажет бар болса көлік құралын басқару мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, дереу үрлене бастайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жолаушының қауіпсіздік жастығы ашылған кезде заттардан жарақат алу қаупінің алдын алу үшін:

- **Қандай да бір заттарды (сусындарға арналған ұстағыш, компакт-дискілерді ұстағыш, заттаңбалар және т.б.) қауіпсіздік жастығы орналасқан алдыңғы жолаушы жақтағы аспаптық панельге қоймау керек.**
- **Ауа сергітушісі бар құтыны аспаптар комбинациясының жанына немесе аспаптық панельдің бетіне қоймау керек.**

Қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін не болады?

Алдыңғы немесе бүйір қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін тез ауасы шығып кетеді. Қауіпсіздік жастығының ашылуы жүргізушіге жел әйнегі арқылы көру немесе көлік құралын басқару мүмкіндігіне кедергі келтірмейді. Бүйір қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін біраз уақыт жартылай үрленіп тұруы мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылғаннан кейін келесі сақтық шараларын орындау қажет:

- **Соқтығысқаннан кейін қауіпсіздік жастығы іске қосылғаннан кейін түзілген түтін мен ұнтақ әсерінің ұзақтығын азайту үшін бірден терезе мен есікті ашу керек.**
- **Іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік жастықтары модулінің ішкі компоненттерін бірден ұстауға болмайды. Қауіпсіздік жастығы іске қосылғаннан кейін бұл бөлшектер өте ыстық болуы мүмкін.**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Әсерге ұшыраған тері аймақтарын суық сумен және жұмсақ сабын ерітіндісімен жуу керек.**
- **Жұмыс істеп тұрған қауіпсіздік жастықтарын мүмкіндігінше бірден HYUNDAI авторизацияланған дилерінен ауыстырған жөн. Қауіпсіздік жастықтары бір реттік болып табылады.**

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 52-бет

Қауіпсіздік жастығы іске қосылған кездегі шу мен түтін

Қауіпсіздік жастықтарының ашылуы қатты дыбыспен қатар жүреді, ал олар жиналғаннан кейін автокөлікте түтін және ауада қалқыған ұнтақ қалуы мүмкін. Бұл үрлемелі қауіпсіздік жастығы модулінің газ генераторы іске қосылған кезде қалыпты болып табылады. Қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін түтін мен ұнтақ жұтудан, көкірек қуысының қауіпсіздік белдігімен және қауіпсіздік жастығымен жанасуынан тыныс алу кезінде айтарлықтай жайсыздық сезілуі мүмкін. Кейбір адамдарда ұнтақ астма ұстамасын тудыруы мүмкін. Егер қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін тыныс алумен мәселе болса, дереу медициналық көмекке жүгінген жөн.

Түтін мен ұнтақ усыз болғанымен, терінің, көздің, мұрынның, көмейдің және т.б. тітіркенуін тудыруы мүмкін. Бұл жағдайда дереу суық сумен жуып, шаю керек. Егер симптомдар кетпесе, медициналық көмекке жүгінген жөн.


Балаларды ұстау жүйесін алдыңғы жолаушы орындығына орнатпаңыз

■ А типі



OYDESA2042

■ В типі



OLM034310

Балаларды ұстау жүйесін алдыңғы жолаушы орындығына орнатуға тыйым салынады. Іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік жастығы күрделі немесе өлімге әкелетін жарақат тигізіп баланы қатты ұруы мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- **Аса қауіпті! Егер автокөлік алдыңғы қауіпсіздік жастықтарымен жинақталмаса, балаларды ұстау жүйесін алдыңғы орындыққа қозғалыс бағытына қарсы орнатпаңыз!**
- **Балаларды ұстау жүйесін алдында БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ тұрған орындыққа қозғалыс бағытына қарсы орнатуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Бұл баланың күрделі жарақат алуына немесе өліміне алып келуі мүмкін.**
- **Ешқашан балаларды ұстау жүйесін алдыңғы жолаушы орындығына орнатпаңыз. Ашылып жатқан қауіпсіздік жастығы баланың күрделі жарақат алуына немесе өліміне алып келуі мүмкін.**

Соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығы неге ашылмай қалды?

Қауіпсіздік жастықтары кез келген соқтығысу кезінде іске қосылады деп есептелмеген.

Қауіпсіздік жастықтарының ашылуы есебінен қосымша қорғаныс талап етілмейтін авариялардың бірнеше түрі бар. Оларға бірнеше көлік құралдарының қатысуымен болған авариятар кезінде артқы жақтан соғу, екінші рет соқтығысу, сондай-ақ төмен жылдамдықта соқтығысу жатады. Автокөліктің зақымдалуы соқтығысқан кезде энергияның жұтылуын көрсетеді және қауіпсіздік жастығы іске қосылуы тиіс пе, соны көрсететін индикатор болып табылады.

Қауіпсіздік жастықтарына арналған соқтығысу бергіштері

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік жастығының кездейсоқ іске қосылуы нәтижесінде дене жарақатын алу қаупін азайту үшін келесі сақтық шаралары орындалуы тиіс:

- **Қауіпсіздік жастықтарын және қауіпсіздік жүйесінің бергіштерін орнататын жерлерде қандай да бір заттардың соғылуына немесе құлауына жол бермеңіз.**
- **Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің бергіштерінде немесе оларға жақын жерде техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындауға тырыспаңыз. Бергіштерді орнату бұрыштары кез келген бұзылған жағдайда қауіпсіздік жастықтары олардың ашылуы орынсыз кезде ашылуы немесе қажет кезде ашылмай қалуы мүмкін.**


(жалғасын қар.)


(жалғасы)


- **Бамперге қорғаныс орнатпаңыз және түпнұсқа емес бамперді пайдаланбаңыз. Бұл соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастықтарының жұмысына кері әсер етуі мүмкін.**
- **Автокөлікті тіркеп сүйреу кезінде қауіпсіздік жастығының кездейсоқ ашылуының алдын алу үшін оталдыруды ажыратқышты LOCK/OFF немесе ACC күйіне қойыңыз.**
- **Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне жөндеу жүргізу үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.**



1. Қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогы және аударылу бергіші
2. Алдыңғы соққы бергіштері
3. Бүйір соққы бергіштері (орта бағанда) (бар болса)







OGSR036037/OGC034038/OGSR036059/OGC034039



OGS035027

Қауіпсіздік жастықтарының ашылу жағдайлары

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары фронталды соқтығысу кезінде оның қарқындылығына, жылдамдығына немесе бұрышына қарай іске қосылады.


OGS035032


OTL035074

Бүйір қауіпсіздік жастықтары және қауіпсіздік пердешелері

Бүйір жастықтар және қауіпсіздік пердешелері соқтығысу қарқындылығына қарай бүйірсоққы бергіштерінің көмегімен соқтығысуды тіркеген кезде іске қосылады.

Жолаушы мен жүргізушіге арналған алдыңғы қауіпсіздік жастықтары тек фронталды соқтығысу кезінде ашылуға ғана есептелсе де, олар алдыңғы бергіштермен жеткілікті күшпен соқтығысу тіркелген кезде басқа соқтығысу түрлерінде де ашылуы мүмкін.

Бүйір қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік пердешелері тек бүйір соқтығысу немесе аударылу кезінде ғана ашылуға есептелген, бірақ олар бүйір бергіштермен жеткілікті күшпен соқтығысу тіркелген кезде басқа соқтығысулар кезінде де ашылуы мүмкін.


Егер автокөліктің шассиіне жол жабынының тегіссіздігінен болатын соққы әсер етсе, бұл қауіпсіздік жастығының іске қосылуына алып келуі мүмкін. Тегіс емес жолда немесе автокөлік қозғалысына арналған жерлерде жүре отырып, қауіпсіздік жастықтарының штаттан тыс ашылуына жол бермеу үшін сақ болыңыз.

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 56-бет


OGS035028

Қауіпсіздік жастықтарының ашылмау жағдайлары

Төмен жылдамдықта белгілі бір соқтығысулар кезінде қауіпсіздік жастықтары ашылмай қалуы мүмкін. Қауіпсіздік жастықтары мұндай жағдайларда ашылады деп есептелмеген, себебі олармен қауіпсіздік белдіктермен қатар қосымша қорғаныс қамтамасыз етілмейді.


OGS035029

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары артқы жақтан соғу кезінде ашыларды деп есептелмеген, себебі жүргізуші мен жолаушылар соқтығысу күшінің әсерінен артқа жылжып кетеді. Бұл жағдайда қауіпсіздік жастықтарымен қосымша қорғаныс қамтамасыз етілмейді.



OGS035024

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары бүйір соқтығысқан кезде ашылмай қалуы мүмкін, себебі автокөлікте отырған адамдар соқтығысу бағытында жылжып кетуі және осылайша, бүйір соқтығысулар кезінде алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының ашылуы қосымша қорғанысты қамтамасыз етпейді.


Алайда соқтығысу қарқындылығына қарай бүйір қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік пердешелері іске қосылуы мүмкін.


ODH033076

Бүйірден соқтығысу кезінде соққы күшімен адамдар қауіпсіздік жастықтарымен қосымша қорғаныс қамтамасыз етілмейтін бағытта бағытталуы мүмкін, осылайша, бергіштермен қауіпсіздік жастықтарының ашылуына пәрмен берілмеуі мүмкін.


OGS035030

Тікелей соқтығысар алдында жүргізушілер көбінесе тежегіш басқысын қатты басып қалады. Бұлай тежеген кезде автокөліктің алдыңғы бөлігі төмен түседі және ол көлік құралының астына өте үлкен жол саңылауымен «кіріп кетуі» мүмкін. Мұндай жағдайда қауіпсіздік жастықтары ашылмай қалуы мүмкін, себебі бергіштермен белгіленген баяулау қарқындылығы едәуір азаюы мүмкін.


OED036104

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары автокөлік аударылған кезде ашылмайды, себебі олар мұндай авариялярда жолаушыларды қорғауды қамтамасыз етпейді.

i Ақпарат

Егер аударылу бергіші тиісті жағдайды тіркесе, бүйір қауіпсіздік жастықтары және қауіпсіздік пердешелері автокөлік аударылған кезде ашылуы мүмкін.

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 58-бет



Соққы бір жерге топталса және соқтығысу энергиясы көлік құралының құрылымымен жұтылса, қауіпсіздік жастықтары автокөлік соқтығысқан кезде ашылмай қалуы мүмкін.

Пассивті қауіпсіздік жүйесін күту

Пассивті қауіпсіздік жүйесі қызмет көрсетілмеуге келмейтін дерлік болып табылады және онда пайдаланушының өзімен қызмет көрсетілуі мүмкін бөлшектер жоқ. Егер қауіпсіздік жастығының бақылау шамы оталдыруды қосқан кезде жанбаса немесе үздіксіз жанып тұрса, жүйені мүмкіндігінше тезірек HYUNDAI авторизацияланған дилерінен тексерген жөн.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне байланысты кез келген жұмыстар, соның ішінде рөлдік доңгелектегі, аспаптық панельдегі, алдыңғы орындықтардағы және төбенің бойлық арқалықтарындағы жұмыстар HYUNDAI авторизацияланған дилерімен орындалғаны жөн. Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне дұрыс қарамау күрделі дене зақымына алып келуі мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Нәтижесі күрделі жарақат немесе өлім болуы мүмкін қауіпсіздік жастығының еріксіз іске қосылу қаупін азайту үшін:

- **Компоненттер конструкциясына және SRS жүйесінің сымына өзгеріс енгізбеңіз, сондай-ақ жапсырмаларды қауіпсіздік жастықтары модулінің қақпағына қоймаңыз және шанақ конструкциясына өзгеріс енгізбеңіз.**
- **Қандай да бір объектілерді рөл доңгелегіндегі және алдыңғы жолаушы жақтағы аспаптық панельдегі қауіпсіздік жастықтары модулінің қасына қоймаңыз.**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- **Қауіпсіздік жастықтары модулінің қақпақтарын тазалау үшін таза суға батырылған жұмсақ матаны пайдаланыңыз. Еріткіштерді немесе тазартқыштарды пайдалану қауіпсіздік жастықтары модулі қақпағының күйіне кері әсер етуі және жүйе жұмысында ақау тудыруы мүмкін.**
- **Қауіпсіздік жастықтарын ауыстыру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.**
- **Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің немесе жиынтықты автокөліктің компоненттерін пайдаға жарату кезінде бірнеше сақтық шараларын орындаған жөн. Қосымша ақпарат алу үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн. Аталған сақтық шараларын орындамау жарақат алу қаупін арттырады.**

Қосымша сақтық шаралары

Автокөлік қозғалысы кезінде жолаушылар бір орындықтан екіншісіне отырмауы тиіс. Қауіпсіздік белдігін тақпаған жолаушы соқтығысу немесе авариялық тоқтау кезінде автокөліктің ішкі бөлшектеріне, салондағы басқа адамдарға соғылуы немесе көлік құралынан шығып кетуі мүмкін.

Қауіпсіздік белдіктері үшін қосымша құралдар пайдаланбау керек. Жайлылықты арттыруға арналған құрылғылар немесе қауіпсіздік белдігінің орналасқан орнын өзгерту соқтығысу кезінде қауіпсіздік белдігімен қамтамасыз етілетін қорғанысты азайтуы және күрделі жарақат алу ықтималдығын арттыруы мүмкін.

Алдыңғы орындықтарды өзгертуге жол берілмейді. Алдыңғы орындықтарды өзгерту пассивті қауіпсіздік жүйесі немесе бүйір қауіпсіздік жастығы бергіштерінің қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

Алдыңғы орындықтардың астына қандай да бір заттарды қоюға жол берілмейді. Алдыңғы орындықтардың астына заттар қою пассивті қауіпсіздік жүйесі бергіштерінің қалыпты жұмысына кедергі келтіруі және сым бұрауларының зақымдалу себебі болуы мүмкін.

Есікті ұруға жол берілмейді. Оталдыру қосулы тұрған кезде есіктерді ұру бүйір қауіпсіздік жастықтарының ашылуына алып келуі мүмкін.

Жабдық қосу немесе қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жабдығын өзгерту

Егер жақтауды, бамперді, шанақтың алдыңғы немесе бүйір элементтерін өзгерте отырып немесе жол саңылауын өзгерте отырып, автокөлікке өзгеріс енгізсе, бұл қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін.

GSr Rus 2 LM (FL).qxd 20.02.2017 11:29 60-бет

Қауіпсіздік жастықтарының ескертуші жапсырмалары (бар болса)



Ескертуші жапсырмалар жүргізуші мен жолаушыларды қауіпсіздік жастықтары жүйесіне байланысты қауіп туралы ескерту үшін қауіпсіздік жастықтарының модуліне жапсырылады.

Осы пайдалану бойынша нұқсаулықта айтылған қауіпсіздік жастықтары жүйесіне қатысты ескертулермен танысып шығу қажет.

Автокөлік жабдығы

Кілттер 3-3
Өз автокөлігіңіздің кілтінің нөмірін жазып алыңыз..... 3-3
Кілттерді қолдану 3-3
Иммобилайзер жүйесі 3-4
Автокөлікке кіру 3-6
Қашықтықтан басқару кілті..... 3-6
Қашықтықтан басқару кілтін қолдану кезіндегі сақтық шаралары 3-8
Электрондық кілт..... 3-10
Электрондық кілтті қолдану кезіндегі сақтық шаралары . 3-13
Иммобилайзер жүйесі 3-14
Есіктердің құлыптары 3-15
Есіктер құлпын автокөліктің сыртынан басқару 3-15
Есіктер құлпын автокөліктің ішінен басқару 3-17
Есіктерді автоматты түрде бұғаттау және бұғаттан шығару функциясы..... 3-19
Балалардың ашуына жол бермейтін сыртқы есіктер құлпын бұғаттау құрылғысы..... 3-19
Рөлдік дөңгелек..... 3-20
Рөлдік басқаруды күшейткіш 3-20
Рөлдік басқаруды электрлік күшейткіш (EPS)..... 3-20
Реттелетін рөл бағанасы 3-21
Жылытылатын рөлдік дөңгелек..... 3-22
Дыбыстық сигнал..... 3-23
Айналар 3-24
Ішкі артқы көрініс айнасы 3-24
Электрохромды айна..... 3-25
Сыртқы артқы көрініс айнасы..... 3-26
Терезелер 3-29
Электрлік әйнек көтергіштер 3-29
Шанақ элементтері 3-34
Капот 3-34
Жүксалғыш қақпағы 3-36
Отын құятын қылта люгінің қақпағы 3-38
Аспаптар комбинациясы 3-41
Аспаптық панельдегі басқару органдары 3-42
Көрсеткіштер және өлшегіштер..... 3-43
Ескертуші және индикаторлық сигналдар 3-47
СК-дисплейдегі хабарламалар 3-59
СК-дисплей (В типті аспаптар комбинациясы үшін).... 3-66
СК-дисплейді басқару..... 3-66
СК-дисплей режимдері 3-66
Пайдаланушы баптауларының режимі 3-69
Маршруттық компьютер және техникалық қызмет көрсету туралы ескерту дабылын бергіш (А типті аспаптар комбинациясы үшін) ... 3-71
Маршруттық компьютер 3-71
Техникалық қызмет көрсету туралы ескерту дабылын бергіш..... 3-74

Маршруттық компьютер (В типті аспаптар комбинациясы үшін) .. 3-76
Маршруттық компьютер....3-76
Жарықтандыру....3-80
Сыртқы жарықтандыру....3-80
Ішкі жарықтандыру....3-86
Әйнек тазартқыштар және әйнек жуғыштар 3-89
Жел әйнегінің әйнек тазартқыштары....3-90
Жел әйнегінің әйнек жуғышы....3-90
Артқы әйнектің әйнек тазартқышын және және әйнек жуғышын ауыстырып-қосқыш....3-91
Артқы көрініс камерасы....3-92
Артқы жүріспен қою кезінде көмек көрсету жүйесі....3-93
Антимұздатқыш....3-95
Жел әйнегін жылытқыш....3-95
Артқы әйнекті жылытқыш....3-96
Қолмен басқарылатын микроклимат басқару жүйесі....3-97
Ауаны жылыту және баптау....3-98
Жүйе жұмысы....3-102
Жүйеге техникалық қызмет көрсету....3-105
Микроклиматты автоматты түрде басқару жүйесі....3-106
Ауаны жылытуды және баптауды автоматты түрде басқару....3-107
Ауаны жылытуды және баптауды қолмен басқару....3-108
Жүйенің жұмысы....3-113
Жүйеге техникалық қызмет көрсету....3-116
Жел әйнегінен қылауды және булануды жою 3-117
Қолмен басқарылатын микроклимат басқару жүйесі....3-117
Микроклиматты автоматты түрде басқару жүйесі....3-118
Булануды жою жүйесінің жұмыс істеу алгоритмі....3-119
Заттарды сақтауға арналған бөлімдер... 3-120
Орта консольдегі бөлім....3-120
Қолғап жәшігі....3-120
Күннен қорғайтын көзілдіріктерге арналған бөлім....3-121
Ішкі әрлеу элементтері....3-122
Күлсалғыш....3-122
Сусындарға арналған ұстағыш....3-122
Күннен қорғайтын күңқағар....3-123
Электрлік розетка....3-124
Сағаттар....3-125
Киімге арналған ілгек....3-125
Кілемшені бекіткіштер....3-125
Жүкті бекіту торы....3-126
Сыртқы элементтер....3-127
Төбедегі жүксалғыш (бар болса)....3-127

КІЛТТЕР

Өз автокөлігіңіздің кілтінің нөмірін жазып алыңыз



Кілттің кодтық нөмірі автокөліктің кілттер жиынтығына бекітілген нөмірлік пластинаға қалыпталған немесе жазылған.

Кілтті жоғалтып алған жағдайда HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн. Кілт нөмірі жазылған пластинаны алып, оны қауіпсіз жерге сақтаңыз. Сондай-ақ кілт нөмірін жазып алыңыз және осы жазбаны автокөлікте емес, қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Кілттерді қолдану



- Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату.
- Есіктерді бұғаттау және бұғаттан шығару.

АБАЙЛАҢЫЗ

Оталдыру кілті

Автокөлік салонында оталдыру кілті тұрғанда, тіпті ол оталдыру құлпына салынбаса да, балаларды қараусыз қалдыру қауіпті. Балалар ересектердің әрекетін қайталап, кілтті оталдыру біліесіне салуы мүмкін.

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

Оталдыру құлпындағы кілт балаларға электрлік әйнек көтергіштерді немесе басқа да басқару органдарын пайдалануға мүмкіндік береді, тіпті автокөліктің қозғалысқа келуіне алып келеді, бұл күрделі дене зақымына, тіпті өлімге алып келуі мүмкін. Ешқашан ересектердің қарауынсыз қалған балалар отырған автокөлікте кілтті қалдырмаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікте HYUNDAI түпнұсқа оталдыру кліттерін ғана қолданыңыз. Басқа өндірушілердің кілттерін пайдаланған жағдайда оталдыруды ажыратқыш START күйінен ON күйіне қайтпауы мүмкін. Бұл жағдайда жұмыс істей береді, бұл электрқозғалтқыштың зақымдалуына және мүмкін электр сымдағы ток күшінің көбеюі нәтижесінде жанып кетуіне алып келеді.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 4-бет

Иммобилайзер жүйесі

Берілген автокөлікте оны рұқсатсыз пайдалану қаупін азайтатын электрондық қозғалтқыш бұғаттау жүйесі (иммобилайзер) орнатылған.

Иммобилайзер кілтке орнатылған аз габаритті таратқыштан және автокөліктің ішіне орнатылған электрондық құрылғылардан тұрады.

Электрондық кілт жүйесі жоқ автокөліктер

Оталдыру құлпына салынған кілтті oN күйіне әр бұраған кезде иммобилайзер берілген оталдыру кілті жарамды ма, жоқ па, соны анықтайды.

Егер кілт түпнұсқа деп танылса, қозғалтқыш іске қосылады.

Егер кілт түпнұсқа деп танылмаса, қозғалтқыш іске қосылмайды.

Иммобилайзерді өшіру үшін:

Кілтті оталдыру құлпына салып, ON күйіне бұраңыз.

Иммобилайзерді қосу үшін:

Оталдыру кілтін oFF күйіне бұраңыз. Осы кезде иммобилайзер автоматты түрде белсендіріледі. Берілген автокөліктің түпнұсқа кілтінсіз қозғалтқыш іске қосылмайды.

Электрондық кілт жүйесі бар автокөліктер

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне басқан кезде иммобилайзер жүйесі қолданылатын кілттің түпнұсқалылығын тексереді.

Егер кілт түпнұсқа деп танылса, қозғалтқыш іске қосылады.

Егер кілт түпнұсқа деп танылмаса, қозғалтқыш іске қосылмайды.

Иммобилайзерді өшіру үшін

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне басыңыз.

Иммобилайзерді қосу үшін

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oFF күйіне басыңыз. Осы кезде иммобилайзер автоматта түрде белсендіріледі.

Сіздің автокөлігіңіздің түпнұсқа электрондық кілтінсіз қозғалтқыш іске қосылмайды.

Ақпарат

Қозғалтқышты іске қосу кезінде салонда иммобилайзердің орнатылған таратқышы бар басқа кілттің болуына жол бермеңіз. Олай істемеген жағдайда қозғалтқыш іске қосылмауы немесе іске қосылғаннан кейін көп ұзамай өздігінен тоқтауы мүмкін. Қозғалтқышты іске қосу кезінде мүмкін болатын барлық істен шығудың алдын алу үшін барлық кілтті бір-бірінен бөлек сақтаңыз.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Металл заттарды оталдыруды ажыратқыштың қасына қоймаңыз.

Металл заттар таратқышпен берілетін сигналға кедергі тудыруы мүмкін, соның салдарынан қозғалтқыш іске қосылмай қалуы мүмкін.

Ақпарат

Кілтті жоғалтқан жағдайда немесе қосымша кілттер дайындау қажет бар болса HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Оталдыру кілтіндегі таратқыш иммобилайзер жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Ол ұзақ қызмет ету мерзіміне негізделіп есептелген, алайда оны ылғал мен статикалық электрден сақтау қажет. Кілттерді абайлап қолданған жөн. Әйтпесе иммобилайзер жүйесінің жұмыс істеу қабілеті бұзылуы мүмкін.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Иммобилайзер жүйесін ауыстырмаңыз, реттемеңіз және оған өзгеріс енгізбеңіз, себебі бұл жүйенің істен шығуына алып келуі мүмкін. Бұл жүйеге қызмет көрсетуді тек HYUNDAI авторизацияланған дилерінде жүргізген жөн.

Иммобилайзер жүйесіне рұқсатсыз өзгеріс енгізуден, оны реттеуден немесе өз бетінше түзегеннен туындаған ақаулықтар автокөлік өндірушімен ұсынылатын кепілдікпен жабылмайды.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 6-бет

АВТОКӨЛІККЕ КІРУ

Қашықтықтан басқару кілті (бар болса)



HYUNDAI автокөлігінде есіктерді (жүксалғыш төбесін қоса алғанда) бұғаттау немесе бұғаттан шығару үшін, тіпті қозғалтқышты іске қосу үшін пайдалануға болатын қашықтықтан басқару пульті қолданылады.

1. Есіктерді бұғаттау
2. Есіктерді бұғаттан шығару
3. Жүксалғыш бөлімінің есігін бұғаттан шығару

Есіктерді бұғаттау

Бұғаттау үшін:

1. Барлық есікті, капотты және жүксалғыш бөлімінің есігін жабыңыз.
2. Қашықтықтан басқару кілтіндегі есіктерді бұғаттау батырмасын (1) басыңыз.
3. Автокөліктің есіктері бұғатталады. Сонымен қатар авариялық дабылдама шамдары жыпылықтайды.
4. Есіктердің автокөлік ішіндегі есік құпын бұғаттау батырмасы күйімен бұғатталғанына көз жеткізіңіз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер автокөлікте қараусыз балалар қалса, онда кілтті қалдырып кетуге болмайды. Қараусыз қалған балалар кілтті оталдыру құлпына салуы, электрлік әйнек көтергіштерді басқару батырмаларын басуы мүмкін, олардың әрекеттері автокөлікті қозғалысқа келтіруі де мүмкін, бұл күрделі жарақат немесе өлім себебі болуы мүмкін.

Есіктерді бұғаттан шығару

Бұғаттан шығару үшін:

1. Қашықтықтан басқару кілтіндегі есіктерді бұғаттан шығару батырмасын (2) басыңыз.
2. Барлық есік бұғатталады. Сонымен қатар авариялық дабылдама шамдары екі рет жыпылықтайды.

i Ақпарат

Егер 30 секунд ішінде қандай да бір есік ашылмаса, есіктер автоматты түрде бұғатталады.

Жүксалғыш қақпағын бұғаттан шығару

Бұғаттан шығару үшін:

1. Қашықтықтан басқару кілтіндегі жүксалғышты бұғаттан шығару батырмасын басып, бір секундтан көп ұстап тұрыңыз.
2. Авариялық дабылдама шамдары 2 рет жыпылықтайды. Ашып-жапқаннан кейін жүксалғыш қақпағы автоматты түрде бұғатталады.

i Ақпарат

- **Бұғаттан шығарғаннан кейін жүксалғыш қақпағы автоматты түрде бұғатталады.**

- **Батырмада "HOLD" (ұстап тұру) сөзі жазылған, бұл батырманы басып, бір секундтан көп ұстап тұруды көрсетеді.**

Қозғалтқышты іске қосу

Толығырақ ақпарат 5-тараудың «Оталдыруды ажыратқыш» бөлімінде келтіріледі.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Қашықтықтан басқару кілтінің зақымдануын болдырмау үшін:

- Таратқышты судан, басқа да сұйықтықтардан және оттан алыс ұстап керек. Егер таратқыштың ішкі бөлшектері су болып қалса (төгіліп қалған сусын мен ылғалдан), немесе тым қызып кетсе, бұл ішкі тізбектердің ақаулығына алып келуі мүмкін, ал бұл автокөлікке кепілдіктің күшін жояды.
- Қашықтықтан басқару кілтінің түсіп кетуіне жол бермеңіз.
- Қашықтықтан басқару кілтін экстремалды температуралар әсерінен қорғау қажет.


oAd045041L

Механикалық кілт

Егер қашықтықтан басқару кілті тиісті түрде жұмыс істемесе, есіктердің құлпын механикалық кілттің көмегімен бұғаттауға және бұғаттан шығаруға болады.

Кілтті қою үшін батырманы басыңыз, содан кейін кілт автоматты түрде қойылады.

Кілт қою батырмасын басқан кезде қолмен жиналады.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Кілтті батырманы баспай жинау мүмкін емес. Бұл кілттің зақымдалу себебі болуы мүмкін.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 8-бет

Қашықтықтан басқару кілтін қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Қашықтықтан басқару кілті келесі жағдайлардың кез келгенінде жұмыс істемейді:

- Кілт оталдыру құлпына салынған.
- Кілт әрекет ету аймағынан тыс тұрады (30 м жуық [90 фут]).
- Қашықтықтан басқару кілтінің батареясының заряды біткен.
- Сигнал басқа көлік құралдарымен немесе объектілермен бұғатталған.
- Ауаның экстремалды төмен температурасы.
- Қашықтықтан басқару кілті оның қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін радиотаратқыштың қасында, радиостанцияның немесе аэропорттың қасында тұр.

Егер қашықтықтан басқару кілті тиісті түрде жұмыс істемесе, есіктердің ашылуы мен жабылуы механикалық кілт көмегімен жүргізілуі мүмкін. Қашықтықтан басқару кілтімен мәселелер туындаған жағдайда HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Егер қашықтықтан басқару кілті ұялы телефонның қасында тұрса, кілт сигналы ұялы телефон сигналымен бұғатталуы мүмкін. Бұл телефон белсенді күйде тұрған кезде өте ықтимал (шақыру немесе шақыруды қабылдау, мәтіндік хабарламаларды немесе электрондық поштаны жіберу немесе қабылдау). Қашықтықтан басқару кілті мен ұялы телефонды бір сөмкеге немесе бір қалтаға салмау керек. Екі құрылғы арасында жеткілікті арақашықтықты сақтаған жөн.

i Ақпарат

Нормативтік құжат талаптарының сақталуына жауапты тараппен мақұлданбаған өзгертулер мен түрлендірулер енгізу пайдаланушының берілген жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін. Автокөлікті өндіруші кепілдігі нормативтік құжат талаптарының сақталуына жауапты тараппен мақұлданбаған өзгертулер немесе түрлендірулер енгізуден туындаған есіктер құлпын қашықтықтан басқару жүйесінің жарамсыздығына қолданылмайды.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Қашықтықтан басқару кілтін кілттің электромагниттік сәулеленуін бұғаттайтын электромагниттік аспаптардан алыс ұстаңыз.



oLm042302

Батареяны ауыстыру

Егер қашықтықтан басқару кілті тиісті түрде жұмыс істемесе, оның батареясын ауыстырған жөн.

Батареяның типі: CR2032

Батареяны ауыстыру:

1. Жіңішке құралды саңылауға салып, абайлап қақпақты ашыңыз.
2. Қолданылған батареяны жаңасына ауыстырыңыз. Батареяның дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.
3. Қашықтықтан басқару кілтінің артқы қақпағын орнына қойыңыз.

Қашықтықтан басқару кілті зақымдалған жағдайда немесе ол тиісті түрде жұмыс істемеген жағдайда HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Ақпарат

Батареяны тиісті кәдеге жаратпаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиянды әсер тиюі мүмкін. Батареяны пайдаға жарату жергілікті заңдар мен нормаларға сай жүргізілуі тиіс.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 10-бет

Электрондық кілт (бар болса)



oBA043222IN

HYUNDAI автокөлігінде есіктерді (және жүксалғыш қақпағын) бұғаттау немесе бұғаттау үшін, тіпті қозғалтқышты іске қосу үшін пайдалануға болатын электрондық кілт қолданылады:

1. Есіктерді бұғаттау
2. Есіктерді бұғаттан шығару
3. Жүксалғыш бөлімінің есігін бұғаттан шығару



oGS045001L

Есіктерді бұғаттау

Бұғаттау үшін:

1. Барлық есікті, капотты және жүксалғыш бөлімінің есігін жабыңыз.
2. Есіктің тұтқасындағы бұғаттау батырмасын немесе электрондық кілттегі есіктерді бұғаттау батырмасын (1) басыңыз.
3. Осы кезде авариялық дабылдама шамдары жыпылықтайды.
4. Есіктердің автокөлік ішіндегі есік құлпын бұғаттау батырмасының күйі бойынша бұғатталғанына көз жеткізіңіз.

i Ақпарат

Есік тұтқасындағы батырма электрондық кілт есіктің сыртқы бетінен 0,7-1 м (28-40 дюйм) қашықтықта тұрса ғана жұмыс істейді.

Төменде аталған жағдайлардың кез келгенінде, тіпті сыртқы тұтқадағы батырманы басқан кезде де есіктер бұғатталмайды және үш секунд ішінде дыбыстық сигнал берілмейді:

- Салонда электрондық кілт болмаса.
- Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы ACC немесе ON күйінде тұрса.
- Жүксалғыш қақпағын қоспағанда, қанда да бір есік ашық тұрса.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер автокөлікте қараусыз балалар қалса, онда электрондық кілтті қалдырып кетуге болмайды. Қараусыз қалған балалар қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын, электрлік әйнек көтергіштерді басқару батырмасын басып қалуы мүмкін және олардың әрекеттері автокөлікті қозғалысқа келтіруі де мүмкін, бұл күрделі жарақат алу немесе өлім себебі болуы мүмкін.



Есіктерді бұғаттан шығару

Бұғаттан шығару үшін:

1. Өзіңізде электрондық кілт болу керек.
2. Есік тұтқасындағы батырманы немесе электрондық кілттегі есіктерді бұғаттан шығару батырмасын (2) басыңыз.
3. Барлық есік бұғаттан шығарылады. Осы кезде авариялық дабылдама шамдары екі рет жыпылықтайды.

i Ақпарат

- **Есіктің тұтқасындағы батырма электрондық кілт есіктің сыртқы бетінен 0,7-2 м(28-40 дюйм) қашықтықта тұрса ғана жұмыс істейді. Осы кезде автокөліктің басқа барлық есігі де ашық болуы мүмкін.**
- **Егер 30 секунд ішінде қандай да бір есік ашылмаса, есіктер автоматты түрде бұғатталады.**

Жүксалғыш қақпағын бұғаттан шығару

Бұғаттан шығару үшін:

1. Өзіңізде электрондық кілт болу керек.
2. Жүксалғыш қақпағының тұтқасындағы батырманы немесе электрондық кілттегі жүксалғышты бұғаттан шығару батырмасын (3) басыңыз және бір секундтан көп ұстап тұрыңыз.
3. Авариялық дабылдама шамдары екі рет жыпылықтайды.

Ашып-жапқаннан кейін жүксалғыш қақпағы автоматты түрде бұғатталады.

i Ақпарат

Егер жүксалғыш бұғаттан шығарылғаннан кейін 30 секунд ішінде ашылмаса, ол автоматты түрде бұғатталады.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 12-бет

Қозғалтқышты іске қосу

Қозғалтқышты кілтті салмай-ақ іске қосуға болады. **Толығырақ ақпаратты «Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы» 5-тараудан қар.**

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Электрондық кілттің зақымдалуын болдырмау үшін:

- Электрондық кілтті судан және басқа да сұйықтықтардан, сондай-ақ оттан алыс ұстаңыз. Егер электрондық кілттің ішкі бөлшектері су болып қалса (төгілген сусындар мен ылғалдан) немесе қатты қызып кетсе, бұл ішкі тізбектердің ақаулығына алып келуі мүмкін, бұл автокөлікке берілетін кепілдіктің күшін жояды.
- Электрондық кілттің түсіп кетуіне жол бермеңіз.
- Электрондық кілтті экстремалды температуралар әсерінен сақтау қажет.



oAd045042L

Механикалық кілт

Егер электрондық кілт тиісті түрде жұмыс істемесе, есіктердің құлпын механикалық кілттің көмегімен бұғаттап, бұғаттан шығаруға болады.

Батырманы (1) басып, ұстап тұрыңыз, сосын механикалық кілтті (2) шығарыңыз. Механикалық кілтті есік тұтқасындағы кілтке арналған тесікке салыңыз.

Механикалық кілтті орнына орнату үшін кілтті тесікке салып, оны шырт еткенше басу керек.

Электрондық кілтті жоғалту

Бір автокөлік үшін екі электрондық кілттен артық тіркелуі мүмкін емес. Электрондық кілтті жоғалтып алған жағдайда автокөлік пен екі кілтті дереу HYUNDAI ресми техникалық қызмет көрсету орталығына жеткізген жөн (өз жүрісімен немесе қажет бар болса тіркеліп).

Электрондық кілтті қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Электрондық кілт келесі жағдайлардың кез келгенінде жұмыс істемейді:

- Электрондық кілт радиотаратқыштың, мысалы, таратыштың қалыпты жұмысына кедергі тудыратын радиостанцияның немесе аэропорттың қасында тұрса.
- Электрондық кілт мобильді қабылдаушы-таратушы радиожүйенің немесе ұялы телефонның қасында тұрса.
- Автокөліктің қасында басқа автокөліктің электрондық кілті қолданылса.

Егер электрондық кілт тиісті түрде жұмыс істемесе, есіктерді ашып-жабу механикалық кілттің көмегімен жүргізілуі мүмкін. Электрондық кілтпен мәселе туындаған жағдайда HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Егер электрондық кілт ұялы телефонның қасында тұрса, кілт сигналы ұялы телефон сигналымен бұғатталуы мүмкін. Бұл телефон белсенді күйде тұрған кезде өте ықтимал (шақыру немесе шақыруды шақыруды қабылдау, мәтіндік хабарламаларды немесе электрондық кілтті жіберу немесе қабылдау).

Электрондық кілт пен ұялы телефонды бір сөмкеге немесе бір қалтаға салмау керек. Екі құрылғының арасында жеткілікті арақашықтықты сақтаған жөн.

i Ақпарат

Нормативтік құжат талаптарының сақталуына жауапты тараппен мақұлданбаған өзгертулер мен түрлендірулер енгізу пайдаланушының берілген жабдықты пайдалануға құқығынан айыруы мүмкін. Автокөлікті өндірушінің кепілдігі нормативтік құжат талаптарының сақталуына жауапты тараппен мақұлданбаған өзгертулер мен түрлендірулер енгізуден туындаған есік құлыптарын басқару жүйесінің ақаулығына қолданылмайды.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Электрондық кілт электромагниттік толқындардың кілт бетіне өтуіне кедергі келтіруі мүмкін электромагниттік аспаптардан алыс тұруы тиіс.



Батареяны ауыстыру

Егер электрондық кілт тиісті түрде жұмыс істемесе, оның батареясын ауыстырған жөн.

Батарея типі: CR2032

Батареяны ауыстыру:

1. Электрондық кілттің артқы қақпағын ашыңыз.
2. Қолданылған батареяны жаңасына ауыстырыңыз. Батареяның тиісті түрде орналасқанына көз жеткізіңіз.
3. Электрондық кілттің артқы қақпағын орнына орнатыңыз.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 14-бет

Электрондық кілт зақымдалған жағдайда немесе ол тиісті түрде жұмыс істемеген жағдайда HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

i Ақпарат



Батареяны тиісті түрде пайдаға жаратпаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиянды әсер етуі мүмкін. Батареяны пайдаға жарату жергілікті заңдар мен нормаларға сай жүргізілуі тиіс.

Иммобилайзер жүйесі

Иммобилайзер жүйесі автокөлікті ұрлаудан қорғайды. Егер коды сәйкес келмейтін кілт (немесе басқа құрал) қолданылса, қозғалтқыштың отын жүйесі өшеді.

Оталдыру кілтін oN күйіне ауыстырған кезде иммобилайзер жүйесінің индикаторы қысқа уақыт аралығына жанып, сосын өшуі тиіс. Егер индикатор жыпылықтай бастаса, бұл жүйе кілт кодын танымады дегенді білдіреді.

Оталдыру кілтін lock/oFF күйіне ауыстырыңыз, сосын қайтадан oN күйіне ауыстырыңыз.

Егер қасында басқа кілт немесе металл зат (мысалы, кілтке арналған бау) тұрса, жүйемен кілт коды танылмауы мүмкін. Қозғалтқышты іске қосу мүмкін болмауы мүмкін, себебі металл транспондермен сигналдың берілуіне кедергі келтіреді.

Егер жүйемен мерзімді түрде кілт коды танылмаса, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Бұл жүйеге өзгеріс енгізуге немесе оған басқа құрылғыларды қосуға жол берілмейді. Бұл ретте болуы мүмкін ақаулықтар көлік құралының жұмыс істеу қабілетін бұзуы мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Сіздің автокөлігіңізді айдап кетудің алдын алу үшін автокөлікке қосалқы кілттерді қалдырмаңыз. Сіздің автокөлігіңіздің иммобилайзер құпиясөзі бірегей және құпия сақталуы тиіс.


НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Кілт транспондері иммобилайзер жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Ол ұзақ қызмет ету мерзіміне негізделіп есептелген, алайда оны ылғал мен статикалық электр әсерінен қорғау керек. Кілттерді ұқыпты ұстау керек. Әйтпесе иммобилайзер жүйесінің жұмыс істеу қабілеті бұзылуы мүмкін.

ЕСІКТЕРДІҢ ҚҰЛЫПТАРЫ

Есіктердің құлпын автокөлік сыртынан басқару





Механикалық кілт

Есік құлпын бұғаттан шығару үшін кілтті автокөліктің артқы бөлігі жағына, ал бұғаттау үшін автокөліктің алдыңғы жағына қарай бұрау керек.

Жүргізушінің есік құлпын кілтпен бұғаттау (бұғаттан шығару) кезінде автокөліктің барлық есіктерінің құлпы автоматты түрде бұғатталады (бұғаттан шығарылады).

Құлыптарды бұғаттан шығарғаннан кейін есіктерді тұтқаның көмегімен ашуға болады.

Жабу үшін есікті қолмен басу қажет. Есіктердің сенімді жабылғанына көз жеткізген жөн.



Қашықтықтан басқару кілті

Есіктерді бұғаттау үшін қашықтықтан басқару кілтіндегі есіктерді бұғаттау батырмасын (1) басыңыз.

Есіктерді бұғаттан шығару үшін қашықтықтан басқару кілтіндегі есіктерді бұғаттан шығару батырмасын (2) басыңыз.

Құлыптарды бұғаттан шығарғаннан кейін есіктерді тұтқаның көмегімен ашуға болады.

Жабу үшін есікті қолмен жабу керек. Есіктердің сенімді жабылғанына көз жеткізген жөн.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 16-бет

Ақпарат

- **Суық және ылғалды климаттық жағдайларда есіктердің құлыптары мен механизмдерді қатып қалу салдарынан нашар жұмыс істеуі мүмкін.**
- **Кілт арқылы да, есікті бұғаттау батырмасы арқылы да өте қысқа уақыт ішінде көп рет жауып-ашқан кезде электр тізбегін қорғау және жүйе элементтерінің зақымдалуын болдырмау мақсатында жүйенің жұмысы уақытша тоқтауы мүмкін.**

■ A типі



■ B типі



Электрондық кілт

1. Есіктерді бұғаттау
2. Есіктерді бұғаттан шығару
3. Жүксалғыш қақпағын ашу

Есіктерді бұғаттау үшін есіктің сыртқы тұтқасындағы батырма (бұл кезде өзіңізде электрондық кілт болу керек) немесе электрондық кілттегі есіктерді бұғаттау батырмасы қолданылады.

Есіктерді бұғаттан шығару үшін есіктің сыртқы тұтқасындағы батырма (бұл кезде өзіңізде электрондық кілт болу керек) немесе электрондық кілттегі есіктерді бұғаттан шығару батырмасы (2) қолданылады.

Есіктерді бұғаттан шығарғаннан кейін есіктерді қолдың көмегімен ашуға болады.

Жабу үшін есікті қолмен басу керек. Есіктердің сенімді жабылғанына көз жеткізген жөн.

Ақпарат

- **Суық және ылғал климаттық жағдайларда есіктердің құлыптары мен механизмдері қатып қалу салдарынан нашар жұмыс істеуі мүмкін.**
- **Кілт арқылы да, есікті бұғаттау батырмасы арқылы да өте қысқа уақыт ішінде жауып-ашқан кезде электр тізбегін қорғау және жүйе элементтерінің зақымдалуын болдырмау мақсатында жүйенің жұмысы уақытша тоқтауы мүмкін.**

Есіктердің құлпын автокөлік ішінен басқару



Есіктерді бұғаттау батырмасының көмегімен

- Есікті бұғаттан шығару үшін есік құлпын бұғаттау батырмасын (1) «бұғаттан шығару» күйіне ауыстыру керек.
- Есікті бұғаттау үшін есік құлпын бұғаттау батырмасын (1) «бұғатталды» күйіне ауыстыру керек.
- Есікті ашу үшін есіктің тұтқасынан (2) тарту керек.
- Есік құлпын бұғаттау батырмасы «бұғатталды» күйінде тұрған кезде жүргізуші (немесе алдыңғы жолаушы) есігінің ішкі тұтқасынан тартса, батырма бұғаттан шығарылып, есік ашылады.
- Егер кілт оталдыру құлпында тұрса, ал алдыңғы есік ашық тұрса, есіктер бұғатталуы мүмкін.
- Егер электрондық кілт автокөліктің ішінде тұрса және есіктердің кез келгені ашық тұрса, алдыңғы есікті бұғаттау мүмкін емес.

i Ақпарат

Есік құлпының электр жетегі істен шыққан жағдайда, автокөліктің ішінде отырған адам сыртқа шығу үшін келесі тәсілдердің бірін немесе бірнешеуін қолдана алады:

Есік тұтқасын өзіңізге қарай қатар тарта отырып, есіктің құлпын бірнеше рет ашуға тырысыңыз (электр жетегінің көмегімен де, қолмен де).

Басқа есіктердің (алдыңғы да, артқы да) құлыптары мен тұтқаларын пайдаланыңыз.

Есікті сыртынан ашу үшін алдыңғы есік терезесінің әйнегін түсіріп, кілтті пайдаланыңыз.



Есіктердің құлпын орталықтан басқару

Ауыстырып-қосқыштың (🔒) бөлігін басқан кезде барлық есік бұғатталады.

- Егер кілт оталдыру құлпына салынса және есіктердің кез келгені ашық тұрса, есіктердің құлпын орталықтан басқаруды ауыстырып-қосқыш батырмасы (1) басылып тұрса да есіктер бұғатталмауы мүмкін.
- Егер электрондық кілт салонда болса және есіктердің кез келгені ашық тұрса, есіктердің құлпын орталықтан басқару батырмасы (1) басылып тұрса да есіктер бұғаттан шығарылмауы мүмкін.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 18-бет



Есіктерді бұғаттан шығару үшін есіктерді бұғаттан шығаруды ажыратқыш батырмасын басыңыз. Автокөліктің барлық есігі бұғаттан шығарылады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік қозғалысы кезінде барлық есік үнемі толық жабылып, бұғатталуы тиіс. Егер есіктер бұғатталмаса, соқтығысқан жағдайда жүргізушінің немесе жолаушының ашылған есік арқылы ұшып шығу ықтималдығы артады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөліктің есіктерін үнемі жауып жүріңіз.

Есіктері бұғатталмаған автокөлікті қалдыра отырып, сіз оны ұрлар мен айдап әкетушілердің нысанасы етуіңіз мүмкін.

(жалғасын қар.)

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөліктен балаларды немесе жануарларды қараусыз қалдыруға жол берілмейді. Күн сәулесінің әсерінен автокөлік салоны қатты қызып кетеді, бұл автокөліктен басқа біреудің көмегінсіз шыға алмайтын балалардың немесе жануарлардың жарақат алуына немесе өліміне себеп болуы мүмкін. Балалар автокөлікті басқару органдарын іске қосуы мүмкін, соның нәтижесінде жарақат алуы мүмкін немесе көлік құралына басқа адамдар кірген кезде олармен зақым келуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

(жалғасы)

Автокөліктен шығар кезде міндетті түрде берілістерді ауыстырып-қосу иінтірегін P (тұрақ) (автоматты беріліс қорабы) күйіне орнатыңыз, бірінші немесе артқы берілісті (механикалық беріліс қорабы) қосыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз, оталдыруды ажыратқышты LOCK/OFF күйіне ауыстырыңыз, барлық терезені жабыңыз және барлық есікті бұғаттаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Кедергі жақындаған кезде есікті ашу мүліктің зақымдалуына немесе адамдардың жарақаттануына алып келуі мүмкін. Есіктерді ашатын кезде абай болыңыз және есікті ашу аймағында болуы мүмкін жақындап келе жатқан автокөліктер, мотоциклдер, велосипедшілер немесе жаяу жүргіншілер жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Есіктерді автоматты түрде бұғаттау және бұғаттан шығару функциясы

Соқтығысқан кезде есіктерді бұғаттан шығару жүйесі

Нәтижесінде үрлемелі қауіпсіздік жастықтары іске қосылатын соқтығысу кезінде барлық есік бұғаттан шығарылады.

Қозғалыс кезінде есіктерді бұғаттау жүйесі (бар болса)

Автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ-тан (9 миль/сағ) асып кетсе, барлық есік автоматты түрде бұғатталады.

Есіктерді автоматты түрде бұғаттау/бұғаттан шығару функциясын СК-дисплейдегі пайдаланушы баптаулары режимінде белсендіруге немесе белсенсіздендіруге болады. **Толығырақ осы тараудағы «СК-дисплей» тармағын қар.**

Балалардың ашуына жол бермейтін артқы есіктер құлпын бұғаттау құрылғысы



Артқы есіктердің құлпын бұғаттау құрылғысы оларды автокөлік ішінде отырған балалардың кездейсоқ ашуынан қорғауға арналған. Балаларды қорғауға арналған құлыпты бұғаттау құрылғысы автокөлікте балалар отырған кезде үнемі қолданылуы тиіс.

Балаларды қорғауға арналған құлыпты бұғаттау құрылғысы әр артқы есіктің жиегінде орналасқан. Балаларды қорғауға арналған құлыпты бұғаттау құрылғысы бұғаттау күйінде тұрса, артқы есік ішкі есік тұтқасының көмегімен ашылмауы мүмкін.

Ішкі тұтқаны бұғаттау үшін кілтті немесе бұрағышты (1) тесікке салып, бұғаттау күйіне бұрау керек.

Артқы есіктерді ішінен ашу мүмкін болуы үшін құрылғы бұғаттан шығарылуы тиіс.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер қозғалыс кезінде балалар аяқ астынан артқы есікті ашса, сыртқа құлап түсуі мүмкін. Балаларды қорғауға арналған құлыпты бұғаттау құрылғысы автокөлікте балалар болған кезде үнемі қолданылуы тиіс.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 20-бет

РӨЛДІК ДӨҢГЕЛЕК

Рөлдік басқаруды күшейткіш (бар болса)

Рөлдік басқаруды күшейткіш автокөлікті басқаруды оңайлату үшін қозғалтқыштың қуатын пайдаланады. Егер қозғалтқыш тоқтап тұрса, немесе егер күшейткіші бар рөл жетегі жүйесі жұмыс істеуге жарамсыз күйде тұрса, автокөлікті әлі де басқаруға болады, бірақ бұл кезде үлкен күш қажет етіледі.

Рөлдік басқару жұмысында нормадан қандай да бір ауытқулар анықталған жағдайда, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Ешқашан қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде рөлдік дөңгелекті шеткі оң немесе шеткі сол күйде 5 секундтан көп ұстап тұрмаңыз. Егер рөлдік дөңгелекті шеткі күйлердің кез келгенінде 5 секундтан артық ұстап тұрса, бұл рөлдік басқаруды күшейткіш сорғысының зақымдалуына алып келуі мүмкін.

i Ақпарат

Рөлдік басқаруды күшейткіш сорғысының жетек белдігі үзілген жағдайда немесе сорғының өзі істен шыққанда, рөлдік дөңгелекті бұруға қажетті күш айтарлықтай артады.

i Ақпарат

Егер автокөлік суық ауа райында (10°C/14°F төмен температура кезінде) ашық тұрақта ұзақ тұрып қалса, дереу қозғалтқышты іске қосқаннан кейін рөлдік дөңгелекті айналдыру үшін қосымша күш талап етілуі мүмкін. Бұл суық ауа райынан туындаған күшейткіштегі жұмыс сұйықтығының жоғары тұтқырлығынан болады және ақаулық белгісі болып табылмайды.

Егер бұл жағдай болса, акселератор басқысын басу арқылы иінді біліктің айналу жиілігін 1500айн/мин-қа дейін көбейтіңіз, сосын басқыны жіберіңіз, немесе сұйықтықты жылыту үшін қозғалтқышқа екі-үш минут бойы бос жүрісте жұмыс істеуге мүмкіндік беріңіз.

Рөлдік басқаруды электрлік күшейткіш (EPS) (бар болса)

Бұл жүйе автокөлікті басқаруда көмектесу үшін арналған. Егер қозғалтқыш тоқтатылса, немесе егер күшейткіші бар рөл жетегі жүйесі жұмыс істеуге жарамсыз күйде тұрса, автокөлікті әлі де басқаруға болады, бірақ бұл кезде үлкен күш талап етіледі..

Бұдан бөлек, автокөлікті оңтайлы басқару үшін қосымша күш автокөлік жылдамдығын көбейткен кезде көбейеді және жылдамдықты азайтқан кезде азаяды.

Рөлдік басқару жұмысында нормадан қандай да бір ауытқулар анықталған жағдайда, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Егер рөлдік басқаруды электрлік күшейткіш жүйесі тиісті түрде жұмыс істемесе, аспаптар комбинациясында сигнал шамы ( ) жанады.

Бұл кезде рөлдік дөңгелекті айналдыру үшін едәуір күш талап етілуі мүмкін немесе жүйе тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін. Автокөлікті тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

i Ақпарат

Автокөліктің қалыпты пайдалану жағдайларында келесі құбылыстар байқалуы мүмкін:

- **Оталдыруды ауыстырып-қосқышты немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын ON күйіне орнатқаннан кейін бірден рөл күші жоғары болуы мүмкін.**

  Бұл EPS жүйесіне диагностика жасау нәтижесінде болады. Диагностика аяқталғаннан кейін рөлдік басқару жүйесі қалыпты жұмысына келеді.

- **Оталдыруды ауыстырып-қосқышты LOCK/OFF немесе ON күйіне ауыстырған кезде (электрондық кілт жүйесінсіз) немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын ON немесе OFF күйіне басқан кезде (электрондық кілт жүйесімен) моторлы бөлікте EPS релесінің шырт еткен дыбысы естілуі мүмкін.**

- **Тоқтатқан кезде немесе аз жылдамдықпен жүргізген кезде электркозғалтқыш жұмысының шуы естілуі мүмкін.**

- **Рөлдік дөңгелек төмен температурада айналған жағдайда бөтен дыбыс естілуі мүмкін. Температура жоғарылаған кезде шу жоқ болады. Бұл қалыпты жағдай.**

- **Егер автокөлік қозғалмаса және рөлдік дөңгелек үнемі тірелгенше солға немесе оңға бұрылса, рөлдік басқару күші артуы мүмкін. Бұл жүйенің ақаулығы болып табылмайды. Біраз уақыт өткеннен кейін рөлдік басқару күші нормаға келеді.**

Реттелетін рөл бағаны (бар болса)

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалыс кезінде рөл бағанын реттеуге болмайды. Бұл кезде автокөлікті басқаруды игере алмауыңыз мүмкін, бұл ауыр жарақатқа, өлімге немесе апатқа алып келеді.

i Ақпарат

Кейбір жағдайларда реттеу жүргізгеннен кейін бұғаттаушы иінтірек рөлдік дөңгелекті бұғаттамауы мүмкін.

Бұл ақаулық болып табылмайды. Мұндай жағдай екі тістегеріш ілінісіп қалған кезде болады. Бұл жағдайда рөлдік дөңгелекті реттеуді қайталап, оны бұғаттаңыз.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 22-бет



Рөлдік дөңгелек бетке емес, көкірек қуысы жағына бағытталуы тиіс. Аспаптар комбинациясының және барлық сигнал шамдарының көрініп тұрғанына көз жеткізіңіз. Реттегеннен кейін рөлдік дөңгелектің сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны жоғары және төмен жылжытуға тырысыңыз.

Қозғалыс кезінде рөлдік дөңгелектің күйін реттеуге болмайды.

Рөлдік дөңгелек биіктігінің көлбеу бұрышын өзгерту үшін:

1. Бұғаттаушы иінтіректі (1) төмен қарай тартыңыз.
2. Рөлдік дөңгелектің көлбеу бұрышын (2) және биіктігін (3, бар болса) ретке келтіріңіз.
3. Рөлдік дөңгелекті бекіту үшін бұғаттаушы иінтіректі бастапқы күйіне келтіріңіз.

Жылытылатын рөлдік дөңгелек (бар болса)



Рөлдік дөңгелекті жылыту оталдыру қосулы тұрған кезде немесе қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде батырманы басу арқылы қосылады. Батырмада индикатор жанады.

Рөлдік дөңгелекті жылытуды өшіру үшін батырманы тағы бір рет басу керек. Батырмадағы индикатор өшеді.

Ақпарат

Рөлдік дөңгелекті жылыту қосылғаннан кейін шамамен 30 минуттан соң автоматты түрде өшеді.

Егер рөлдік дөңгелекті жылыту қосулы тұрған кезде қозғалтқыш тоқтаса, рөлдік дөңгелекті жылыту таймері тасталады.

Рөлдік дөңгелекті жылытуды қайтадан қосу үшін батырманы тағы бір рет басыңыз.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Рөлге тысты немесе қосымша жабдықты орнатуға жол берілмейді. Бұл рөлдік дөңгелекті жылыту жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Дыбыстық сигнал



Дыбыстық сигналды қосу үшін тиісті символмен (суретті қар.) белгіленген рөлдік дөңгелектегі аймақты басыңыз. Дыбыстық сигнал осы аймаққа басқан кезде ғана жұмыс істейді.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Дыбыстық сигналды қатты соққы арқылы қоспаңыз, дыбыстық сигналды қосатын жерді жұдырықпен ұрмаңыз. Ол үшін үшкір заттарды пайдаланбаңыз.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 24-бет

АЙНАЛАР

Ішкі артқы көрініс айнасы

Автокөлік қозғалысы басталар алдында айнаны ол артқы терезе арқылы жақсы шолуды қамтамасыз ететіндей ретке келтіріңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөліктің айналасын қажетті шолу қамтамасыз етілетініне көз жеткізіңіз. Егер артқы терезе арқылы жақсы шолу нашарласа, қандай да бір заттарды артқы орындықтарға, жүксалғышқа немесе артқы орындықтардың бас тірегіштеріне қоюға болмайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

Апат болған жағдайда немесе қауіпсіздік жастығы ашылған кезде артқы көрініс айнасын түрлендіруге немесе панорамалық айна орнатуға жол берілмейді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалыс кезінде айнаны реттеуге ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ. Бұл автокөлікті басқарды игере алмауға алып келуі және апат себебі болуы мүмкін.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Айнаны тазарту үшін әйнекке арналған тазартқышқа батырылған қағаз сулықты немесе соған ұқсас материалды пайдаланған жөн. Әйнекке арналған тазартқышты тура әйнекке себуге болмайды, себебі бұл кезде сұйықтық әйнек корпусының ішіне кіріп кетуі мүмкін.



Артқы көрініс айнасының күндізгі/түнгі режимі (бар болса)

Артқы көрініс айнасының күйін реттеуді қозғалысты бастар алдында, күндізгі/түнгі режимді ауыстырып-қосу иінтірегі күндізгі режим күйінде тұрған кезде жүргізу қажет.

Түнде жүру кезінде артта келе жатқан автокөліктердің шағылыстыратын әсерін әлсірету үшін осы иінтіректі өзіңізге қарай тартыңыз.

Артқы көрініс айнасының түнгі режимінде суреттің анықтығы белгілі бір жоғалатыны есіңізде болсын.

Электрохромды айна (бар болса)

Түнгі уақытта немесе жеткіліксіз жарықтандыру жағдайында электрлік артқы көрініс айнасымен артта келе жатқан көлік құралдарының фарасының жарық сәулесі автоматты түрде бақыланады.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жарық сәуленің болуы артқы көрініс айнасына орнатылған бергішпен бақыланады. Бергішпен көлік құралының айналасындағы жарықтандыру деңгейі анықталады және артта келе жатқан көлік құралының жарық сәулесіне қарай автоматты түрде түзету жүргізіледі.

Селекторды R (артқы жүріс) күйіне ауыстырған кезде жүргізушіге артқы жақтан оңтайлы көру қабілетін қамтамасыз ету үшін автоматты түрде ең жарық баптауға ауысады.



Электрохромды артқы көрініс айнасын басқару

- Автоматты түрде қараңғылау функциясын өшіру үшін oN/oFF батырмасын (1) басыңыз. Айнадағы индикатор өшеді. Автоматты түрде қараңғылау функциясын өшіру үшін oN/oFF батырмасын (1) басыңыз. Айнадағы индикатор жанады.
- Әдетте айна оталдыруды ауыстырып-қосқышты әр қосқан кезде немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басқан кезде ҚОСУ күйінде тұрады.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 26-бет

Сыртқы артқы көрініс айнасы

Автокөлікте екі жағынан сыртқы артқы көрініс айнасы орнатылған.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Артқы көрініс айналары

- **Сыртқы артқы көрініс айналары дөңес пішінге ие.**

  Мұндай айнада заттар шын мәніндегіден жақын болып көрінеді.
- **Қайта құрар алдында артта келе жатқан көлік құралына дейінгі қашықтықты бағалау үшін ішкі немесе сыртқы көрініс айнасы арқылы артқа қарау керек.**

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік қозғалысы кезінде сыртқы артқы көрініс айнасының күйін реттемеңіз және жинамаңыз. Бұл басқаруды игере алмауға және жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін, бұл адамдардың қаза табуына, ауыр жарақат алуға немесе мүлікке зиян тиюіне алып келуі мүмкін.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Айнаның беткі жағындағы мұзды қырып алмаңыз, себебі бұл бет әйнегінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Егер айна қатып қалса, оны күш қолданып реттеуге тырыспау керек. Жібіту үшін қатып қалуға қарсы спрейді (суыту жүйесіне арналған антифриз емес) немесе ыстық суға батырылған жұмсақ матаны қолдануға болмайды.



Механикалық жетегі бар (бар болса)

Айнаның күйін реттеу үшін реттеуші иінтіректі жылжытыңыз.



Электр жетегі бар (болған жағдадйда)

Артқы көрініс айналарын реттеу:

Реттеуге сәйкес келетін айнаны таңдау үшін иінтіректі (1) солға (L) немесе оңға (R) жылжытыңыз.

Айнаны жоғарыға, төменге, солға немесе оңға жылжыту үшін реттеуді ауыстырып-қосқышты (2) пайдаланыңыз.

Реттеуді аяқтағаннан кейін иінтіректі (1) орташа күйге қайтарыңыз.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Шеткі күйге жеткеннен кейін айна жылжымай қалады, бірақ ауыстырып-қосқыш басулы тұрған кезде электр жетегі жұмыс істей береді. Ауыстырып-қосқышты қажет болғаннан көп ұстап тұрмаңыз, себебі бұл электр қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Сыртқы артқы көрініс айналарының күйін реттеуге жол берілмейді, бұл кезде электр қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін.

Складывание наружного зеркала заднего вида



Қол жетегі бар

Сыртқы артқы көрініс айнасын жинау үшін оны корпусынан ұстап, артқа тартыңыз.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 28-бет



Электр жетегі бар (бар болса)

Сыртқы артқы көрініс айнасын жинау үшін (1) батырманы басыңыз.

Сыртқы артқы көрініс айнасын ашу үшін батырманы тағы бір рет басыңыз.

Батырма басылып тұрған кезде сыртқы айналар автоматты түрде жиналып, ашылады.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ


Электрлік сыртқы артқы көрініс айнасын басқару оталдыру тіпті өшірулі тұрған кезде де жұмыс істейді. Алайда АКБ зарядының орынсыз бітуінің алдын алу үшін айналарды қозғалтқыш өшірулі тұрған кезде қажет болғаннан ұзақ реттемеңіз.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Сыртқы артқы көрініс айналарын қолмен жинауға жол берілмейді. Бұл кезде жетек механизмі зақымдалуы мүмкін.

ТЕРЕЗЕЛЕР

Электрлік әйнек көтергіштер (бар болса)



(1) Жүргізуші есігінің электрлік әйнек көтергішін ауыстырып-қосқыш

(2) Жолаушы есігінің электрлік әйнек көтергішін ауыстырып-қосқыш

(3) Сол жақ артқы есіктің электрлік әйнек көтергішін ауыстырып-қосқыш

(4) Оң жақ артқы есіктің электрлік әйнек көтергішін ауыстырып-қосқыш

(5) Есікті ашып-жабу

(6) Автоматты электрлік әйнек көтергіштер*

(7) Электрлік әйнек көтергіштерді бұғаттауды ажыратқыш

* : бар болса

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 30-бет

Электрлік әйнек көтергіштер оталдыру қосулы тұрған кезде ғана жұмыс істейді. Әр есікте электрлік әйнек көтергіштің өз ажыратқышы орнатылған. Жүргізуші үшін электрлік әйнек көтергіштерді бұғаттауды ауыстырып-қосқыш қарастырылған, олармен жолаушы есіктерінің әйнек көтергіштерінің жұмысы бұғатталуы мүмкін. Оталдыруды ажыратқышты ACC немесе oFF күйіне қойғаннан кейін электрлік әйнек көтергіштерді тағы шамамен 30 секунд басқаруға болады. Алайда алдыңғы есіктердің кез келгенін ашқан жағдайда электрлік әйнек көтергіштерді тіпті 30 осы 30 секунд ішінде де басқаруға болмайды.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Күрделі жарақаттың немесе өлімнің алдын алу үшін қозғалыс кезінде терезеден басты, қолды немесе денені шығаруға болмайды.

i Ақпарат

- **Суық және ылғалды климаттық аймақтарда электрлік әйнек көтергіштердің жұмысында қатып қалуға байланысты бұзылу байқалуы мүмкін.**
- **Артқы терезелерді ашып қойып жүргізген жағдайда салонда ауа ағындары үйірілуі немесе лүпілді дыбыстар шығуы мүмкін. Бұл дыбыстар қалыпты құбылыс болып табылады. Оларды жоюға болады немесе жоғарыда аталған шараларды қабылдап олардың деңгейін төмендетуге болады. Егер бір немесе екі артқы терезе де түсіріліп тұрса, екі алдыңғы терезені де шамамен 2,5 см-ге (1 дюйм) түсіріңіз.**



Терезелерді ашып-жабу

Ашу:

Электрлік әйнек көтергішті ауыстырып-қосқышты төменге бірінші бекітілген күйге (5) дейін басыңыз. Әйнекті қалаған биіктікке жеткізгеннен кейін ауыстырып-қосқышты жіберіңіз.

Жабу:

Электрлік әйнек көтергішті ауыстырып-қосқышты жоғарыға (5) бірінші бекітілген күйге дейін тартыңыз. Әйнекті қалаған биіктікке жеткізгеннен кейін ауыстырып-қосқышты жіберіңіз.

Терезені автоматты түрде ашу (бар болса)

Электрлік әйнек көтергішті басқаруды ауыстырып-қосқыш батырмасын екінші бекітілген күйге (6) басыңыз, және пернені жібергеннен кейін де әйнек толық түседі. Электрлік әйнек көтергіш жұмыс істеп тұрған кезде әйнекті қажетті күйде тоқтату үшін ауыстырып-қосқыш батырмасын басып, жіберу керек.

Терезені автоматты түрде ашу/жабу (бар болса)

Электрлік әйнек көтергішті ауыстырып-қосқышты бірден екінші бекітілетін күйге (6) басқан кезде ауыстырып-қосқышты жібергеннен кейін де әйнек толық түседі немесе көтеріледі. Электрлік әйнек көтергіш жұмыс істеп тұрған кезде әйнекті қажетті күйде тоқтату үшін ауыстырып-қосқыш пернесін басып, жіберу керек.

Электрлік әйнек көтергіштерді басқару жүйесін қайта жүктеу

Егер электрлік әйнек көтергіштер тиісті түрде жұмыс істемесе, автоматты түрде басқару жүйесі қайта жүктелуі тиіс. Ол үшін төменде аталған әрекеттерді орындау керек.

1. Оталдыруды қосыңыз.
2. Терезені жауып, электрлік әйнек көтергішті ауыстырып-қосқышты кем дегенде тағы 1 секунд тартыңыз.

Егер қайта жүктегеннен кейін электрлік әйнек көтергіштер әлі де тиісті түрде жұмыс істемесе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.



Автоматты реверс (бар болса)

Егер терезені автоматты түрде жапқан кезде кедергі анықталса, әйнек тоқтап, объектіні жоюға мүмкіндік бере отырып шамамен 30 см-ге (12 дюйм) түседі.

Егер аса үлкен кедергі электрлік әйнек көтергішті ауыстырып-қосқышты жоғарыға ұстап тұрған кезде анықталса, әйнек көтерілуді тоқтатып, сосын шамамен 2,5 см-ге (1 дюйм) түседі.

Егер автоматты реверс функциясымен электрлік әйнек көтергішті ауыстырып-қосқышты тағы 5 секунд бойы тарта берсе, функция өшеді.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 32-бет

i Ақпарат

Әйнектің автоматты реверс функциясы ауыстырып-қосқышты екінші күйге көтеру арқылы белсендірілетін автоматты түрде көтеру функциясын пайдаланған жағдайда ғана белсенді.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Терезені жаппас бұрын дененің барлық бөліктері немесе бөгде заттар әйнекті жылжыту жазықтығынан қауіпсіз арақашықтықта тұрғанына көз жеткізіңіз.

Егер әйнек пен терезе жақтауы арасындағы бөгде заттың диаметрі кемінде 4 мм-ді (0,16 дюйм) құраса, автоматты реверс функциясы іске қосылмауы мүмкін, себебі мұндай заттан болатын кедергі электрлік әйнек көтергіштерді басқару жүйесімен анықталмауы мүмкін.



Электрлік әйнек көтергіштерді бұғаттауды ажыратқыш

Жүргізуші бұғаттауды ажыратқышты басып, артқы есіктердің электрлік әйнек көтергіштерін ауыстырып-қосқышты бұғаттауға болады.

Электрлік әйнек көтергіштерді бұғаттауды ажыратқыш бұғаттау күйінде тұрған кезде:

- Жүргізуші жақтан орнатылған басты ауыстырып-қосқыш барлық электрлік әйнек көтергіштерді басқаруға мүмкіндік береді.
- Алдыңғы жолаушы алдыңғы жолаушының электрлік әйнек көтергішін басқара алмайды.
- Артқы жақтағы жолаушылар артқы электрлік әйнек көтергіштерді басқара алмайды.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Балаларға электрлік әйнек көтергіштермен ойнауға жол бермеңіз. Жүргізушінің есігіндегі электрлік әйнек көтергіштерді бұғаттауды ажыратқыш батырмасы үнемі LOCK күйінде тұруы тиіс. Баланың электрлік әйнек көтергіштерді абайсыз басқаруы күрделі жарақаттарға немесе өлімге алып келуі мүмкін.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Электрлік әйнек көтергіштер жүйесінің мүмкін зақымдалуының алдын алу үшін бірнеше әйнекті қатар ашып-жаппаңыз. Бұл созылмалы сақтандырғыштың ұзақ қызмет ету мерзіміне де әсер етеді.
- Ешқашан жүргізушінің есігіндегі басты ауыстырып-қосқышты және қандай да бір есіктің электрлік әйнек көтергішін ажыратқышты әр түрлі бағытта қатар басқаруға тырыспаңыз. Бұл жағдайда әйнек тоқтайды, және оны әрі қарай жылжыту мүмкін болмайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

- **Егер автокөлікте балалар ересектердің қарауынсыз қалса, ЕШҚАШАН қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған автокөлікте кілті қалдырмаңыз.**
- **ЕШҚАШАН қараусыз қалған балаларды автокөлікте қалдырмаңыз. Тіпті ең кішкентай балалар да автокөлікті абайсызда қозғалысқа келтіруі, әйнек көтергішпен жарақат алуы немесе өзін және автокөліктің ішіндегі басқа балаларды бұғаттауы мүмкін.**
- **Терезені жаппас бұрын дененің барлық бөліктері (алақан, қол, бас) және басқа да кедергілер әйнекті жылжыту жазықтығынан қауіпсіз арақашықтықта тұруы тиіс.**
- **Балаларға электрлік әйнек көтергіштермен ойнауға жол бермеңіз. Жүргізушінің есігіндегі электрлік әйнек көтергіштерді бұғаттау батырмасы үнемі LOCK (басылған) күйінде тұруы тиіс. Баланың электрлік әйнек көтергіштерді абайсыз басқаруы күрделі жарақаттарға алып келуі мүмкін.**
- **Қозғалыс кезінде терезеден басты, қолды немесе денені шығаруға болмайды.**

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 34-бет

ШАНАҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Капот



Капотты ашу

1. Автокөлікті тоқтатып, тұрақ тежегішін қосыңыз.
2. Капоттың құлпын бұғаттан шығару үшін оны ашу тұтқасынан тартыңыз. Капот шамалы ашылуы тиіс.



3. Автокөлікке алдынан келіңіз, капотты көтеріңіз, капот астында ортадағы екінші ысырманы (1) көтеріп, капотты (2) ашыңыз.
4. Капоттың тіреуін алып тастаңыз.



5. Ашық капотты тіреумен (3) тіреңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Капоттың тіреуі

- **Капоттың тіреуін оның резеңкеленген бөлігінен ұстау керек. Резеңкелі жабын ыстық қозғалтқышпен қызған металдан күйік алудың алдын алуға көмектеседі.**
- **Моторлы бөлікті тексеру кезінде капот тіреуі тек ол үшін қарастырылған капоттағы ұяшыққа толық салынуы тиіс. Бұл капоттың құлауының және жарақат тиюдің алдын алады.**

Капотты жабу

1. Капотты жапапас бұрын төмендегілерді тексеріңіз:
   - Моторлы бөліктегі құю қылталарының барлық қақпағы дұрыс орнатылуы тиіс.
   - Қолғап, шүберек және басқа да тұтанғыш материалдар моторлы бөліктен алынып тасталуы тиіс.
2. Капот салдырамас үшін оны қайтадан бекіткішке орнатыңыз.
3. Капотты жартылай түсіріңіз (жабылғанға дейін шамамен 30 см-ге), сосын шырт етуі үшін капотты жіберіңіз. Капоттың сенімді жабылғанына көз жеткізіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- **Капотты жаппас бұрын оның ойығынан барлық бөгде заттар алынып тасталғанына көз жеткізіңіз.**
- **Қозғалысты бастар алдында капоттың құлыппен сенімді жабылғанына көз жеткізген жөн. Қозғалыс кезінде ашық капот жүргізушіге шолуды шектеуі және елеулі оқиғаға алып келуі мүмкін.**
- **Қозғалыс кезінде мүмкін жол-көлік оқиғасына және капоттың зақымдалуына жол бермеу үшін капотты үнемі қатты жауып жүріңіз.**

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 36-бет

Жүксалғыш қақпағы



- Кілтті, таратқышты, электрондық кілтті немесе орта құлыпты ажыратқышты қолдана отырып есіктерді әр бұғаттау/бұғаттан шығару кезінде жүксалғыш қақпағы бұғатталып, бұғаттан шығарылады.
- Жүксалғыштың бұғаттан шығарылған қақпағын ашу үшін оны тұтқасынан басып, жоғарыға қарай тарту керек.

i Ақпарат

Суық және ылғалды климаттық жағдайларда есіктердің құлыптары мен механизмдері қатып қалу себебінен нашар жұмыс істеуі мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Жүксалғыш қақпағы жоғары қарай ашылады. Жүксалғыш қақпағын ашатын кезде автокөліктің артқы бөлігінің қасында басқа объектілер немесе адамдар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Автокөлікпен қозғалыс бастамас бұрын міндетті түрде жүксалғыштың қақпағын жабыңыз. Егер қозғалысты бастар алдында жүксалғыш қақпағын жаппаса, қақпақтың көтергіш цилиндрлері мен кронштейндері зақымдалуы мүмкін.



Жүксалғыштың қақпағын жабу

Жүксалғыштың қақпағын жабу үшін оны түсіріп, қатты басыңыз. Жүксалғыш қақпағының сенімді бұғатталғанына көз жеткізіңіз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Жүксалғыштың қақпағын жаппас бұрын дене бөліктері немесе бөгде заттар жүксалғыш ойығынан қауіпсіз арақашықтықта тұрғанына көз жеткізіңіз.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Жүксалғыштың қақпағын жабатын кезде құлып пен бекіткіштің айналасында бөгде заттар жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Олар жүксалғыш қақпағының құлпын зақымдауы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Пайдаланылған газдар

Жүксалғыштың қақпағын ашып жүргізу кезінде салонға қауіпті пайдаланылған газдар кіріп кетуі және жүргізуші мен жолаушылардың күрделі улануына немесе өліміне алып келуі мүмкін.

Жүксалғыштың қақпағын ашып жүргізу қажет болған жағдайда салонға қосымша таза ауаның кіруін қамтамасыз ету қажет, ол үшін желдету каналдары мен барлық терезені ашық ұстау қажет.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жүксалғыш бөлімі

Пассивті қауіпсіздік жүйелері жоқ жүксалғыш бөлімінде жолаушыларды тасымалдауға тыйым салынады. ЖКО немесе кенеттен тежеген жағдайда жарақаттанудың алдын алу үшін жүргізуші мен жолаушылар үнемі дұрыс тағынып отыруы тиіс.



Жүксалғыш қақпағын авариялық ашу

Автокөлік жүксалғыштың төменгі бөлігінде орналасқан қақпақты авариялық ашу құрылғысымен жабдықталған. Адамды жүксалғышқа абайсыз жауып тастаған жағдайда қақпақты төмендегідей ашуға болады:

1. Жалпақ бұрағышты тесікке салыңыз.
2. Жүксалғышты оңға басыңыз.
3. Жүксалғыштың қақпағын көтеріңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- **Керек болған жағдайда жүксалғыш қақпағын апаттық ашу иінтірегінің орналасуын және өзін жүксалғыш бөлімінде абайсызда жапқан жағдайда оны ашу тәртібін жақсы білу қажет.**
- **Жүксалғыш бөлімінде адамдардың болуына жол берілмейді. Жүксалғыш соқтығысқан жағдайда адамдар үшін ең қауіпті жер болып табылады.**
- **Апаттық ашу иінтірегін тек төтенше жағдайларда ғана пайдаланыңыз. Өте сақ болыңыз, әсіресе қозғалыс кезінде.**

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 38-бет

Отын құятын қылта люгінің қақпағы



Отын құятын қылта люгінің қақпағын ашу

Отын құятын қылта люгінің қақпағы автокөлік ішіндегі тұтқамен ашылады.

1. Қозғалтқышты тоқтатыңыз.
2. Отын құятын қылтаның қақпағын ашатын тұтқадан тартыңыз.



3. Отын құятын қылта люгінің қақпағын (1) толық ашылғанға дейін тартыңыз.
4. Отын құятын қылта тығынын (2) сағат тіліне қарсы бұрай отырып алып тастаңыз. Қысым теңестірілген кезде бакте шуыл дыбыс естілуі мүмкін.
5. Отын құятын қылтаға тығынды орнатыңыз.

i Ақпарат

Егер отын құятын қылта люгінің қақпағы қатып қалып, ашылмаса, мұзды еріту үшін оны ұру керек немесе қақпақты басу керек, содан кейін қақпақ ашылуы тиіс. Қақпақты иінтіректің көмегімен ашуға тырыспаңыз.

Қажет бар болса есік контурының бойына мақұлданған антимұздатқышты себу керек (суыту жүйесіне арналған антифризді қолдануға тыйым салынады) немесе мұз еруі үшін автокөлікті жылытылатын үй-жайға апару керек.

Отын құятын қылта люгінің қақпағын жабу

1. Отын құятын қылта тығынын орнату үшін оны шырт еткенше сағат тілі бойынша бұраңыз.
2. Отын құятын қылта люгінің қақпағын бекітілгенше жабыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік бензині өрт және жарлыс қаупі бар заттарға жатады. Төменде аталған нұсқауларды сақтамау КҮРДЕЛІ ЖАРАҚАТҚА немесе ӨЛІМГЕ алып келуі мүмкін.

- **Құю станциясындағы барлық ескертулерді оқып, мүлтіксіз сақтау керек.**

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

- Отын құяр алдында отын үлестіру бағаналарындағы апаттық тоқтату батырмасының орналасқан жерін анықтап алу керек (болған жағдайда).
- Құю пистолетін ұстар алдында статикалық электр әсерін болдырмау үшін отын багінің қылтасынан қауіпсіз арақашықтықта автокөліктің металл бөлігін немесе жанарбай буларының басқа көздерін жалаң қолмен ұстап көру керек.
- Құю станциясында ұялы телефон қолдануға тыйым салынады. Ұялы телефонның электр тогы және/немесе радиокедергілері отын буларының жануына алып келуі мүмкін.
- Отын құйып бастағаннан кейін автокөлікке бармағаныңыз жөн. Кез келген затты немесе қаптау матасын ұстау, ұқалау немесе сырғып өту кезінде статикалық электр

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

түзілуі мүмкін. Статикалық электрдің разрядталуы отын буларының жануына алып келуі мүмкін. Автокөлікке қайтқан жағдайда статикалық электрді разрядтау үшін отын багі қылтасынан қауіпсіз арақашықтықта көлік құралының металл бөлігін немесе мұнай буларының басқа да потенциалды көздерін тағы да жалаң қолмен ұстап көру керек.

- Отын құю кезінде берілістерді ауыстырып-қосу иінтірегін міндетті түрде P (тұрақ) күйіне қою керек немесе бірінші немесе артқы берілісті (механикалық беріліс қорабын) қосып, тұрақ тежегішін іске қосу керек және оталдыруды LOCK/OFF күйіне ауыстыру керек. Электрлік компоненттерден шығатын ұшқындар отын буларының

(жалғасын қар.)

(жалғасы)

жануына алып келуі мүмкін.

- Егер канистр қолданылса, май құяр алдында оны жерге қою керек. Канистрден шығатын статикалық электр разряды отын буларының жануына алып келуі мүмкін. Құйып бастағаннан кейін құю аяқталғанға дейін жалаң қолмен автокөлікпен байланысты сақтап тұру керек.
- Бензинді сақтау үшін арнайы осыған арналған пластик канистрлер қолданылуы тиіс.
- Автокөліктерге отын құю станциясында шылым шегуге, ашық отты пайдалануға немесе көлік құралында тұтанған шылым қалдыруға тыйым салынады, әсіресе отын құю кезінде.
- Отын багын толық толтырудың қажеті жоқ, себебі бұл бензиннің төгіліп кетуіне алып келуі мүмкін.

(жалғасын қар.)

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 40-бет

(жалғасы)

- **Егер отын құю кезінде жану орын алса, дереу көлік құралынан кету керек, автокөлікке отын құю станциясының операторына хабарласып, жергілікті өрт сөндіру командасын шақыру керек. Барлық нұсқаулар мен кеңестерді орындау қажет.**
- **Отын қысыммен шашыраған кезде теріге және киімге тиіп кетуі мүмкін. Жанып кеткен жағдайда ол ауыр күйіктерге алып келуі мүмкін. Отын багының тығынын барынша сақтықпен жайлап шығару керек. Егер тығыннан отын булары шықса немесе шуыл дыбыс естілсе, тығынды толық шығармас бұрын тоқтап, бұл құбылыстың аяқталуын күту керек.**
- **Апат болған жағдайда отындың төгіліп кетуін болдырмау үшін отын құйғаннан кейін тығынның өз орнына дұрыс орнатылғанына көз жеткізу керек.**

Ақпарат

Автокөлікке отынды тек «Кіріспе» тарауының «Отынға қойылатын талаптар» тармағындағы нұсқаулықтарға сай құйыңыз.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Отын автокөліктің сыртқы бетіне төгіліп кетпеуін қадағалаңыз. Боялған беттерге отынның кез келген типінің төгілуі бояуды бұзуы мүмкін.
- Егер отын құятын қылта тығынын ауыстыру қажет болса, тек HYUNDAI түпнұсқа тығынын немесе арнайы осы автокөлікке арналған оның баламасын қолданған жөн. Отын құятын қылтаның тиісті емес тығынын пайдалану отын жүйесінің немесе пайдаланылған газдарды басқару жүйесінің күрделі ақаулығына алып келуі мүмкін.

АСПАПТАР КОМБИНАЦИЯСЫ

■ A типі



■ B типі



1. Тахометр
2. Спидометр
3. Суытушы сұйықтық температурасын көрсеткіш
4. Отын деңгейін көрсеткіш
5. Ескертуші және индикаторлық сигналдар
6. СК–дисплей (борттық компьютерді қоса алғанда)

Автокөлікте орнатылған аспаптар комбинациясы суретте көрсетілгеннен басқаша болуы мүмкін.
Толығырақ ақпарат осы тараудың «Көрсеткіштер» бөлімінде келтіріледі.

oGSR046138/oGSR046146

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 42-бет

Аспаптық панельдегі басқару органдары



Аспаптар комбинациясының көмескі жарығы (бар болса)


Автокөлікте габариттік шырақтар немесе алдыңғы фаралар қосулы тұрған кезде аспаптық панельдегі көмескі жарықты өзгерту үшін жарық реттегішті пайдаланыңыз.

Жарық реттегішті пайдаланған кезде ауыстырып-қосқыштар жарығының қарқындылығы да өзгереді.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалыс кезінде аспаптар комбинациясына баптау жүргізуге болмайды. Бұл басқаруды игере алмауға және жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін, ол адамдардың қаза табуына, ауыр жарақаттануға немесе мүлікке зиян келуіне алып келуі мүмкін.

■ А типі ■ В типі



- Аспаптық панельдің көмескі жарығының ашықтығы көрінеді.
- Көмескі жарық ашықтығының ең жоғары немесе төмен деңгейіне жеткен кезде дыбыстық сигнал беріледі (бар болса).

Көрсеткіштер мен өлшегіштер



oGC044140

Спидометр

Спидометрде автокөліктің сағатына километрде (км/сағ) жылдамдығы көрінеді.



oGC044142


Тахометр

Тахометрде қозғалтқыштың иінді білігінің минутына айналым (айн/мин) айналу жиілігі көрінеді.

Тахометр берілістерді ауыстырып-қосудың оңтайлы сәтін таңдау үшін және иінді біліктің айналу жиілігінің серпілуін және/немесе күрт тасталуын болдырмау үшін қолданылады.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Қозғалтқыштың тахометр тілі ҚЫЗЫЛ АЙМАҚТА тұрған режимде жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Бұл қозғалтқыштың күрделі зақымдалуына алып келуі мүмкін.



oGS045144/oGS045147

Қозғалтқыштың суытушы сұйықтығының температурасын көрсеткіш

Оталдыруды ажыратқыш oN күйінде тұрған кезде бұл аспап қозғалтқыштың суытушы сұйықтығының температурасын көрсетеді.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Егер көрсеткіш тілі «130» белгі бағытында қалыпты температура диапазонынан шығып кетсе, бұл қызып кетуді көрсетеді, бұл қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

(жалғасын қар.)

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 44-бет


(жалғасы)

Қызып кеткен қозғалтқышпен қозғалысты жалғастыруға жол берілмейді. Егер қозғалтқыш қызып кетсе, 6-тараудағы «Егер қозғалтқыш қызып жатса» тармағын қар.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқыш ыстық кезде радиатордың немесе кеңейткіш кіші бактің қақпағын алып тастамаңыз. Суытушы сұйықтық қысыммен тұрады және ауыр күйіктер тигізуі мүмкін. Кіші бакке суытушы сұйықтықты қосар алдында қозғалтқыштың сууын күтіңіз.

■ A типі ■ B типі



Отын деңгейін көрсеткіш

Бұл көрсеткішпен отын бағындағы отынның болжалды мөлшері көрінеді.

i Ақпарат

- **Отын бағының көлемі бойынша деректер 8-тарауда келтірілген.**
- **Отын деңгейін көрсеткіштердің көрсетілуі бактің іші босағанға дейін көп ұзамай жанатын отынның төмен деңгейін бақылау шамымен толықтырылады.**
- **Еңістер мен бұрылыстарда бактегі отынның қозғалуы салдарынан отын деңгейін көрсеткіш өзгеріп тұруы немесе отынның төмен деңгейін бақылау шамы әдеттегіден ерте жануы мүмкін.**

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Отын қорын өндіру автокөліктегі адамдарды қауіпке ұшыратуы мүмкін.

Отынның төмен деңгейін бақылау шамы жанғаннан кейін немесе отын деңгейін көрсеткіш тілі «0» белгісіне жақындаған кезде, мүмкіндігінше тез тоқтап, автокөлікке май құю керек.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Отын деңгейінің тым көп төмендеуіне жол бермеуге тырысыңыз. Отынды толық тауысу оталдырудың іркілуіне және каталитикалық бейтараптандырғыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Сыртқы ауа температурасын көрсеткіш

Бұл көрсеткіш сыртқы ауаның ағымдағы температурасын Цельсий (°C) немесе Фаренгейт (°F) градустарында көрсетеді.

- Температураны өлшем диапазоны:
  -40...60 °C (-40...140 °F)

Жүргізушіні алаңдатпау үшін дисплейде суық ауа температурасы әдеттегі термометрге қарағанда бірден өзгереді.

Температураны өлшеу бірліктері арасында ауыстыру (°C-тан °F- ке және керісінше) төмендегідей жүргізіледі:

■ A типі



oGC044150

– Отынның қалдығында автокөліктің жүрген жолын көрсету режимінде рөлдік дөңгелектегі RESET батырмасын басып, 5 секунд немесе одан көп ұстап тұрыңыз.

■ B типі



oTL045130

– Аспаптар комбинациясындағы пайдаланушы баптаулары режимі: температураны өлшеу бірліктері «other Features (Өзге функциялар) – Temperature unit (Температураны өлшеу бірліктері)» тармағында өзгертілуі мүмкін.

– Микроклиматты басқарудың автоматты жүйесі – oFF батырмасын басқан күйде ұстап тұрып, AUTO батырмасын басыңыз және оны кем дегенде 3 секунд ұстап тұрыңыз.

Температураны өлшеу бірліктерін ауыстыру аспаптар комбинациясы үшін және микроклиматты басқару жүйесі үшін қатар жүргізіледі.


GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 46-бет



oGC044148/oTL045136

Одометр

Одометрде кезекті техникалық қызмет көрсету мерзімін анықтау үшін қолданылуы тиіс автокөліктің толық жүріп өткен жолы көрінеді.



oGC044152/oTL045132

Берілістер қорабын ауыстырып-қосу индикаторы

Автоматты беріліс қорабын ауыстырып-қосу индикаторы (бар болса)

Бұл индикатор берілістерді ауыстырып-қосу иінтірегінің таңдалған күйін көрсетеді.

- Тұрақ: P
- Артқы жүріс: R
- Бейтарап: N
- Қозғалыс: d
- Спорттық режим: 1, 2, 3, 4, 5, 6



oGC044154/oTLE045134

Механикалық беріліс қорабын ауыстырып-қосу индикаторы (бар болса)

Бұл индикатор беріліс нөмірін көрсетеді, оны таңдаған кезде ең жақсы үнемділік қамтамасыз етіледі.

- Ең жоғары беріліске ауысу: ▲2, ▲3, ▲4, ▲5, ▲6
- Ең төменгі беріліске ауысу: ▼1, ▼2, ▼3, ▼4, ▼5


Мысалы

▲3 : «Жоғарыға» 3-ші беріліске ауысу дұрыс екенін көрсетеді (қазір 2-ші немесе 1-ші беріліс қосылып тұр).

▼3 : «Төменге» 3-ші беріліске ауысу керек екенін көрсетеді (қазір 4-ші, 5-ші немесе 6-шы берілісте тұр).

Егер жүйе дұрыс жұмыс істемесе, индикатор көрінбейді.

■ B типі



oTL045134

Қалқымалы ауыстырып-қосу индикаторы (бар болса)

Қалқымалы индикатор аспаптар комбинациясында 2 секундқа пайда болады және диапазондарды ауыстырып-қосу кезінде (P/R/N/d) берілістерді ауыстырып-қосу иінтірегінің ағымдағы күйін көрсетеді.

Ескертуші және индикаторлық сигналдар

i Ақпарат

Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін барлық бақылау шамдарының өшкеніне көз жеткізіңіз. Егер олардың қайсыбірі әлі де жанып тұрса, бұл ерекше назар аударуды талап ететін жағдайдың туындағанын көрсетеді.

Қауіпсіздік жастығының ақаулығын бақылау шамы



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты іске қосу-тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 6 секундқа жанып, сосын өшеді.
- SRS жүйесінде ақаулық пайда болған кезде.

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 48-бет

Қауіпсіздік белдігін бақылау шамы



Бұл бақылау шамы жүргізушіні қауіпсіздік белдігінің тағылмағаны туралы ескертеді.

Толығырақ ақпарат алу үшін 2-тараудағы «Қауіпсіздік белдіктері» тармағын қараңыз.

Тұрақ тежегішін және тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін бақылау шамы



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Отландыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 30 секундқа жанып, кейін өшеді.
  - Егер тұрақ тежегіші іске қосылса, үздіксіз жанып тұрады.
- Тұрақ тежегіші іске қосылған кезде.
- Тежеу жүйесінің кіші багындағы тежеу сұйықтығының деңгейі төмендеген кезде.
  - Егер бақылау шамы тұрақ тежегішін өшіргеннен кейін жанса, бұл тежеу жүйесінің кіші багындағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен екенін көрсетеді.

Кіші бактегі тежеу сұйықтығының деңгейі төмендеген жағдайда:

1. Абайлай отырып жақын қауіпсіз жерге жетіңіз және көлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқыш тоқтап тұрған кезде дереу тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз және қажет бар болса оны толтырыңыз (**толығырақ ақпарат алу үшін 7-тараудағы «Тежегіш сұйықтығы» тармағын қараңыз**). Сұйықтықты толтырғаннан кейін тежеу жүйесінің барлық элементтерінде істен шығу жоқ екенін тексеріңіз. Егер тежегіш сұйықтығының кемуі анықталса, бақылау амы жанып тұра берсе немесе тежеу жүйесінің жұмысы нормадан ерекшеленсе, автокөлік қозғалысын жалғастыруға жол берілмейді. Жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Контурлары диагональді бөлінген екі контурлы тежеу жүйесі

Сіздің автокөлігіңіз диагональді сызба бойынша орындалған екі контурлы тежеу жүйесімен жабдықталған. Бұл оның магистралінің бірі істен шыққан жағдайда да автокөліктің екі дөңгелегіндегі тежегіштердің жұмыс күйінде тұрғанын білдіреді.

Бұл жағдайда автокөлікті тоқтату үшін тежегіш басқысының үлкен жүрісі және оған үлкен күш талап етіледі.

Бұдан бөлек, тежеу жүйесінің бір бөлігі ғана жұмыс істейтін автокөліктің тежеу жолы әдеттегіден көп болады.

Автокөлік қозғалысы кезінде тежегіштер істен шыққан жағдайда қозғалтқышпен тоқтату үшін ең төмен беріліске ауысыңыз және қауіпсіз мүмкіндік туған кезде автокөлікті тоқтатыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Тұрақ тежегішін және тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін бақылау шамы

Бақылау шамы жанып тұрған кезде автокөлікті басқару қауіпті. Егер бақылау шамы тұрақ тежегішін өшіргеннен кейін жанса, бұл тежеу жүйесінің бағындағы тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін көрсетеді.

Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесін бақылау шамы (ABS)



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 3 секундқа жанып, кейін өшеді.
- Тежегіштердің бұғаттауға қарсы жүйесінде ақаулық болса (автокөліктің жұмыстық тежеу жүйесі бұғаттауға қарсы жүйені қолдауынсыз жұмыс істей береді).

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Тежеу күшін таратудың, электрондық жүйесін бақылау шамы (EBd)



Бұл екі бақылау шамы қозғалыс кезінде қатар жанады:

- ABS жүйесі және жұмыстық тежеу жүйесі тиісті түрде жұмыс істей алмаса.

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 50-бет

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Тежеу күшін таратудың электрондық жүйесін (EBD) бақылау шамы

Егер ABS бақылау шамы және тұрақ тежегішінің бақылау шамы қатар жанса, тежеу жүйесі қалыпты жұмыс істемейді, бұл кенеттен тежеген кезде қауіпті жағдайға алып келуі мүмкін.

Бұл жағдайда жоғары жылдамдықпен жүргізуге және кенеттен тежеуге болмайды.

Жүйені тексеру үшін мүмкіндігінше тез HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

i Ақпарат — Тежеу күшін таратудың электрондық жүйесін (EBd) бақылау шамы

Егер ABS бақылау шамы жанса немесе ABS бақылау шамы және тұрақ тежегіші мен тежеу сұйықтығының төмен деңгейін бақылау шамы қатар жанса, спидометрдің, одометрдің немесе жүріп өткен жолды есептегіштің көрсеткіштері бұзылуы мүмкін. Бұдан бөлек, EPS бақылау шамы жануы мүмкін және рөлдік доңгелектегі күш көбеюі немесе азаюы мүмкін.

Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін мүмкіндігінше тезірек HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Рөлдік басқаруды электрлік күшейткішті (EPS) бақылау шамы (бар болса)



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 3 секундқа жанып, кейін өшеді.
- EPS жүйесінде ақаулық пайда бар болса.

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Қозғалтқыштың ақаулығын бақылау шамы (mIL)



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 3 секундқа жанып, кейін өшеді.
- Қозғалтқыштың шығарындыларын бақылау жүйесінде ақаулық туындаған жағдайда, сондай-ақ қозғалтқыштың және беріліс қорабының басқа да ақаулықтарында.

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Жанып тұрған бақылау шамымен ұзақ жүргізу пайдаланылған газдардың улылығын бақылау жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін, бұл автокөліктің жүріс сипаттамаларына және/немесе отын шығынына әсер етуі мүмкін.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Егер қозғалтқыштың ақаулығын бақылау шамы (mIL) жанса, каталитикалық бейтараптандырғыш зақымдалуы мүмкін, бұл қозғалтқыш қуатының жоғалуына алып келуі мүмкін.

Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін дереу HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Аккумулятор батареясын зарядтауды бақылау шамы



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Қозғалтқыш іске қосылғанға дейін жанып тұрса.
- Генераторда немесе аккумулятор батареясын зарядтау жүйесінде ақаулық бар болса.

Генераторда немесе аккумулятор батареясын зарядтау жүйесінде ақаулық пайда бар болса:

1. Абайлай отырып, жақын қауіпсіз жерге жетіңіз және автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты өшіріңіз және генератор жетегі белдігінің созылуын және онда зақым жоқ екенін тексеріңіз. Егер белдіктің созылуы қалыпты болса, аккумулятор батареясын зарядтау жүйесінде ақаулық болады.

   Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін дереу HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 52-бет

Мотор майының төмен қысымын бақылау шамы



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Қозғалтқыш іске қосылғанға дейін жанып тұрса.
- Мотор майының төмен қысымында.

Мотор майының қысымы төмендеген жағдайда:

1. Абайлай отырып, жақын қауіпсіз жерге жетіңіз және автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты өшіріп, мотор майының деңгейін тексеріңі (**толығырақ ақпарат алу үшін 7-тараудағы «Мотор майы» тармағын қараңыз**).
   Егер май деңгейі нормадан төмен болса, майды жеткілікті мөлшерде құйыңыз.

   Егер шам мотор майын қосқаннан кейін де жанып тұрса, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

- Егер мотор майының төмен қысымын бақылау шамын қосқаннан кейін дереу қозғалтқышты тоқтатпаса, қозғалтқыш қатты зақымдалуы мүмкін.
- Егер мотор майының төмен қысымын бақылау шамы қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде де жанып тұрса, қозғалтқыш қатты зақымдалуы мүмкін. Бұл жағдайда келесі әрекеттерді орындаңыз:
  1. Бірінші қауіпсіз мүмкіндік туындаған кезде автокөлікті тоқтатыңыз.
  2. Қозғалтқышты өшіріп, май деңгейін тексеріңіз. Егер май деңгейі нормадан төмен болса, майды қажет етілетін деңгейе дейін толтырып құйыңыз.
  3. Қозғалтқышты іске қосыңыз. Егер іске қосқаннан кейін бақылау шамы әлі де жанып тұрса, дереу қозғалтқышты тоқтатыңыз. Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Отынның төмен деңгейін бақылау шамы



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Бактегі отынды толық тауысқан кезде.

  Мүмкіндігінше тезірек автокөлікке май құйыңыз.

НАЗАРҒА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Отынның төмен деңгейінің шамын жағып қозғалысты жалғастыру немесе отын деңгейін көрсеткіш тілінің «E» немесе «0» деңгейінде тұруы қозғалтқыш цилиндріндегі оталдыруда қате туындауына және каталитикалық бейтараптандырғыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін (бар болса).

Жуатын сұйықтықтың төмен деңгейін бақылау шамы (А типті аспаптар комбинациясы, бар болса)



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Әйнек жуғыштың кіші багындағы жуатын сұйықтықты толық тауысқан кезде.

Бұл жағдайда кіші бакке жуатын сұйықтықта құю керек.

Басты бақылау шамы (В типті аспаптар комбинациясы)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 3 секундқа жанып, кейін өшеді.
- Келесі жүйелердің кез келгенінде ақаулық бар болса немесе жұмысы бұзылған жағдайда:
  - Әйнек жуғыш сұйықтығының төмен деңгейі (бар болса)
  - Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPmS, бар болса)
  - Техникалық қызмет көрсету туралы ескерту дабылын беру

Себепті дәл анықтау үшін СК-дисплейдегі индикацияны тексеріңіз.

Шиналардағы төмен қысымды бақылау шамы



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 30 секундқа жанып, кейін өшеді.
- Бір немесе бірнеше шиналардағы қысым едәуір төмендеген кезде (қысымы төмен шиналардың орналасуы СК-дисплейде көрінеді, бар болса).

Толығырақ ақпарат 6-тараудағы «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPmS) бөлімінде келтірілген.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 54-бет

Бақылау шамы 60 секунд жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанады немесе үш секундта бір рет жиілікпен үздіксіз жыпылықтайды:

- TPmS жүйесінде ақаулық туындаған жағдайда.

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін дереу HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Толығырақ ақпарат 6-тараудағы «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPmS)» бөлімінде келтірілген.

АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіз тоқтау

- **TPMS жүйесі сыртқы факторлардан болатын шинаның мүмкін зақымдалуы туралы ескертуге қабілетсіз.**
- **Автокөліктің орнықтылығы нашарлаған жағдайда дереу аяғыңызды акселератор басқысынан алып тастаңыз және тежегіш басқысын жайлап баса отырып, автокөлікті жол жиегіндегі қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.**

Жабылмаған есікті бақылау шамы (A типті аспаптар комбинациясы)



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Есікті толық жаппаған кезде.

Жүксалғыштың жабылмаған қақпағын бақылау шамы (A типті аспаптар комбинациясы)



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Жүксалғыштың қақпағын толық жаппаған кезде.

Электрондық тұрақтандыру жүйесінің индикаторы (ESC)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 3 секундқа жанып, кейін өшеді.
- ESC жүйесінде ақаулық пайда бар болса.

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- ESC жүйесі іске қосылған кезде.

Толығырақ ақпарат 5-тараудың «Электрондық тұрақтандыру жүйесі (ESC) бөлімінде келтірілген.

Электрондық тұрақтандыру жүйесін өшіру индикаторы (ESC)




Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 3 секундқа жанып, кейін өшеді.
- ESC oFF батырмасын басып ESC жүйесін өшірген кезде.

Толығырақ ақпарат 5-тараудың «Электрондық тұрақтандыру жүйесі (ESC) бөлімінде келтірілген.

Кілттің болмау индикаторы (А типті аспаптардың комбинациясы, бар болса)



Егер қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы ACC немесе oN күйінде тұрса, онда кез келген жүйені ашатын кезде жүйе электрондық кілттің бар екенін тексереді. Егер электрондық кілт автокөліктің салонында болмаса, индикатор жыпылықтай бастайды, ал егер бұл кезде автокөліктің барлық есігі жабық болса, онда 5 секунд ішінде де ескерту сигналы естіледі.

Индикатор автокөлік қозғалысын бастаған кезде өшеді. Электрондық кілт салонда болуы тиіс.

Иммобилайзер индикаторы (электрондық кілтсіз) (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Иммобилайзерді белсенсіздіргеннен кейін оталдыруды ажыратқышты oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Бұл кезде қозғалтқышты іске қосуға болады.
  - Индикатор қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін өшеді.

Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Иммобилайзер жүйесінде ақаулық пайда бар болса.

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 56-бет

Иммобилайзер индикаторы (электрондық кілтпен) (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда 30 секундқа жанады:

- Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы ACC немесе oN күйінде тұрған кезде автокөлік салонында электрондық кілт анықталған кезде.
  - Осы кезде қозғалтқышты іске қосуға болады.
  - Индикатор қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін өшеді.

Бұл индикатор келесі жағдайларда бірнеше секундқа жыпылықтайды:

- Егер электрондық кілт салонда болмаса.
  - Бұл кезде қозғалтқышты іске қосуға болады.

Бұл индикатор келесі жағдайларда 2 секундқа жанады:

- Егер электрондық кілт салонда болса және қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы oN күйіне ауысқан кезде, бірақ жүйе электрондық кілтті анықтай алмаса.


  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Бұл индикатор келесі жағдайларда жыпылықтайды:

- Электрондық кілт батареясының кернеуі азайған кезде.
  - Бұл кезде қозғалтқышты іске қосуға болмайды. Қозғалтқышты тікелей электрондық кілтпен қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басып қана іске қосуға болады **(қосымша ақпарат алу үшін 5-тараудағы «Қозғалтқышты іске қосу» тармағын қараңыз).**
- Иммобилайзер жүйесінде ақаулық пайда бар болса.

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Бұрылысты көрсеткішті қосу индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жыпылықтайды:

- Бұрылыстың жарық көрсеткішін қосқан кезде.

Төменде аталған белгілердің кез келгені бұрылыс көрсеткішінің ақаулығын көрсетеді:

- Бұрылысты көрсеткіш жанады, бірақ жыпылықтамайды.
- Бұрылысты көрсеткіш ұлғайған жиілікпен жыпылықтайды.
- Бұрылысты көрсеткіш жанбайды.

Аталған жағдайларда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Фаралардың жақын жарығын қосу индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Фараларды қосқан кезде.

Фаралардың алыс жарығын қосу индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Фаралардың алыс жарығын қосқан кезде.
- Бұрылысты көрсеткіш иінтірегін алыс жарықпен дабыл беру күйіне ауыстырған кезде.

Жарықтандыруды қосу индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Габариттік шамдарды немесе фараларды қосқан кезде.

Тұманға қарсы фараларды қосу индикаторы (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Тұманға қарсы фараларды қосқан кезде.

Артқы тұманға қарсы шамдарды қосу индикаторы



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Артқы тұманға қарсы шамдарды қосқан кезде.

Жылдамдықтың артуын бақылау шамы (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- 120 км/сағ жылдамдықты асырған кезде.

  – Бұл функция жылдамдықты арттырып жүргізудің алдын алуға мүмкіндік береді.

  – Бұдан бөлек, шамамен 5 секунд ескертуші дыбыстық сигнал естіледі.

Круиз-бақылау жүйесін бақылау шамы (бар болса)



Бұл индикатор круиз-бақылау жүйесін қосқан кезде жанады

- Аспаптық панельдегі круиз-бақылау жүйесін қосуды Контрольная лампа включения бақылау шамы рөлдік дөңгелекте орналасқан круиз-бақылау жүйесінің oN-oFF батырмасын басқан кезде жанады.
- Круиз-бақылау жүйесін ажыратқыштың oN-oFF батырмасын қайтадан басқан кезде бақылау шамы өшеді.

Круиз-бақылау жүйесін пайдалану туралы толығырақ ақпарат 5-тараудағы «Круиз-бақылау жүйесі» тармағында келтірілген.

Круиз-бақылаудың SET жүйесін бақылау шамы (бар болса)

Бұл индикатор ауыстырып-қосқыш ауыстырып қосқыштардың функционалды ажыратқышын ауыстырғанда жанады

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 58-бет

Бұл индикатор ON индикациясы кезінде круиз-бақылау жүйесін ауыстырып-қосқышты функционалды ажыратқышты (SET- немесе RES+) жылжытқан кезде жанады.

- Егер круиз-бақылау жүйесінің басты ауыстырып-қосқышы басылып тұрса, аспаптар комбинациясындағы круиз-бақылау жүйесінің SET жарық индикаторы көрінеді.
- Круиз-бақылау жүйесінің ауыстырып-қосқышты «CANCEL» басқан кезде немесе осы жүйені өшірген кезде SET шамы жанбайды.

Толық жетекті бақылау шамы (4Wd) (бар болса)



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 3 секундқа жанып, кейін өшеді.
- Толық жетек жүйесінде (4Wd) ақаулық пайда бар болса.

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Толық жетекті бұғаттау индикаторы (4Wd) (бар болса)



Бұл индикатор келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 3 секундқа жанып, кейін өшеді.
- 4Wd LoCK батырмасын баса отырып, толық жетек жүйесінде бұғаттау режимін қосқан кезде.
  - Автокөліктің ылғалды беттермен, қар басқан жолдармен және жолсыз жерлермен жүруі кезінде бұғаттау режимі (4Wd LoCK) үйкеліс күшін арттырады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

4WD LOCK бұғаттау режимі

Құрғақ асфальтталған жолда немесе автодаңғылда жүру кезінде 4WD LOCK бұғаттау режимін пайдаланыңыз. Олай болмаған жағдайда шу, діріл пайда болуы және толық жетек жүйесінің бөлшектері зақымдалуы мүмкін.

Еңісте тежеуді басқару жүйесінің индикаторы (dBC)



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады:

- Оталдыруды ажыратқышты немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын oN күйіне ауыстырған кезде.
  - Шамамен 3 секундқа жанып, кейін өшеді.
- Тиісті батырманы басып, dBC жүйесін қосқан кезде.

Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жыпылықтайды:

- dBC жүйесінің жұмысы кезінде.

Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жасыл жарықпен жанады:

- dBC жүйесінде ақаулық пайда бар болса.

  Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Қосымша ақпарат алу үшін 5-тараудағы «Еңісте тежеуді басқару жүйесі» (dBC) тармағын қараңыз.

СК-дисплейдегі хабарламалар

■ B типі



oGSR046217

Селекторды «P» күйіне ауыстырыңыз (электрондық кілт және автоматты беріліс қорабы жүйесі үшін)

Бұл ескертуші хабарлама селектор иінтірегін «P» (тұрақ) күйіне ауыстырмай қозғалтқышты тоқтатуға тырысқанда көрінеді.

Бұл кезде қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басқаннан кейін ACC режимі қосылады (егер қозғалтқышты қосу/тоқтату батырмасын тағы бір рет басса, оталдыру қосылады).

■ B типі



oGSR046108

Кілттегі аккумулятордың заряды біткен (электрондық кілті бар жүйе үшін)

Электрондық кілт батареясының заряды біткен жағдайда, бұл ескертуші хабарлама қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын оталдыруды өшіргеннен кейін көрінеді.

■ B типі



oGSR046109

Рөлдік дөңгелекті бұрып, START батырмасын басыңыз (электрондық кілті бар жүйе үшін)

Рөлдік дөңгелек қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басқан кезде қарапайым тәсілмен бұғаттан шығарылмаса, осы ескертуші хабарлама көрінеді.

Рөлдік дөңгелекті оңға және солға бұра отырып, қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басу керек.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 60-бет

■ B типі



oGSR046122

Іске қосу үшін тежегіш басқысын басыңыз (электрондық кілт және автоматты беріліс қорабы жүйесі үшін)

Егер қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы тежегіш басқысын баспай екі рет ACC күйіне басылса, осы хабарлама көрінеді.

Қозғалтқышты тежегіш басқысын басқаннан кейін іске қосуға болады.

■ B типі



oTL045143RU

Іске қосу үшін ілінісу басқысын басыңыз (электрондық кілт және механикалық беріліс қорабы жүйесі үшін)

Егер қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы ілінісу басқысын баспай екі рет ACC күйіне басылса, осы ескертуші хабарлама көрінеді.

Қозғалтқышты іске қосу үшін ілінісу басқысын басыңыз.

■ B типі



oGSR046113

Кілт көлікте емес (электрондық кілт жүйесі үшін)

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басқан кезде автокөлік салонында электрондық кілт болмаса, осы ескертуші хабарлама көрінеді.

Бұл өзіңізде үнемі электрондық кілт болуы тиіс екенін білдіреді.

■ B типі



oGSR046121

Кілт табылмады (электрондық кілт жүйесі үшін)

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басқан кезде жүйемен электрондық кілт анықталмаса, осы ескертуші хабарлама көрінеді.

■ B типі



oTL045145RU

START батырмасын тағы бір рет басыңыз (электрондық кілт жүйесі үшін)

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын басып қозғалтқышты іске қосу мүмкін болмаған жағдайда осы хабарлама көрінеді.

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын тура электрондық кілтпен баса отырып, қозғалтқышты іске қосуға тырысыңыз.

Қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасын әр басқан кезде ескертуші хабарлама көрінсе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне жүгінген жөн.

■ B типі



oGSR046137

Кілтпен START батырмасын басыңыз (электрондық кілт жүйесі үшін)

«Кілт табылмады» ескертуші хабарламасы көрінген кезде қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасы басылып тұрса, осы хабарлама көрінеді.

Осы кезде иммобилайзер индикаторы да жыпылықтайды.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 62-бет

■ B типі



oTL045147RU

BRAKE SWITCh сақтандырғышын тексеріңіз (электрондық кілт және автоматты беріліс қорабы жүйесі үшін)

Тежегішті ажыратқышты ауыстырып-қосқыш өшіп қалған жағдайда осы ескертуші хабарлама көрінеді.

Бұл сақтандырғышты жаңасына ауыстыру қажет екенін көрсетеді.

Егер мүмкін болса, қозғалтқышты ACC күйіне ауыстырғаннан кейін іске қосу/тоқтату батырмасын 10 секунд басу арқылы іске қосыңыз.

■ B типі



oTL045146RU

Іске қосуға арналған “P” немесе “N” иінтірегі (электрондық кілт және автоматты беріліс қорабы жүйесі үшін)

Берілістерді ауыстырып-қосу иінтірегін P (тұрақ) немесе N (бейтарап) күйіне орнатпай, қозғалтқышты іске қосуға тырысқан кезде осы хабарлама көрінеді.

i Ақпарат

Қозғалтқышты селектор иінтірегі N (бейтарап) күйінде тұрған кезде де іске қосуға болады. Ең жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қозғалтқышты селектор иінтірегі P (тұрақ) күйінде тұрған кезде қосыңыз.

oGC044176/oGC044177

Есікті, жүксалғыш қақпағын ашу

Бұл ескертуші хабарлама қандай да бір есіктің немесе жүксалғыш қақпағының ашылғанын көрсетеді.

■ B типі



oGSR046174

Рөлді жылыту өшірулі (бар болса)

Бұл ескертуші хабарлама рөлдік дөңгелекті жылытуды өшірген кезде көрінеді.

Қосымша ақпарат осы тараудың «Жылытылатын рөлдік дөңгелек» бөлімінде келтіріледі.

■ B типі



oGSR066014

Төмен қысым (бар болса)

Бұл ескертуші хабарлама шиналардағы қысым азайған кезде көрінеді. Сондай-ақ тиісті дөңгелектің пиктограммасы жанады.

Толығырақ ақпарат 6-тараудың «Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPmS)» бөлімінде келтіріледі.

■ B типі



oTL045155RU

FUSE SWITCh ауыстырып-қосқышты қосыңыз

Бұл ескертуші хабарлама рөлдік дөңгелек астындағы сақтандырғыш-ажыратқыш өшірілген кезде пайда болады.

Сақтандырғыш-ажыратқышты қосу керек.

Толығырақ ақпарат 7-тараудың «Сақтандырғыштар» бөлімінде келтіріледі.

■ B типі



oGSR046177

Жарықтандыру режимі

Бұл индикатор сыртқы жарықтандырудың қосулы аспаптарын көрсетеді.

■ B типі

● Алдынан

● Артынан



oGSR046176/oGSR046178

Әйнек тазартқыш

Бұл индикатор әйнек тазартқыш жұмысының жылдамдығын көрсетеді.

■ B типі



oTL045159RU

Әйнек тазартқыш сұйықтығының төмен деңгейі (бар болса)

Егер әйнек тазартқыштың кіші багындағы сұйықтық деңгейі төмен болса, бұл ескертуші хабарлама қызмет көрсету туралы ескерту режимінде көрінеді.

Сұйықтықты әйнек тазартқыштың кіші багына құю керек.

■ B типі



oTL045160RU

Отын бітейін деп тұр

Бұл ескертуші хабарлама бактегі отын таусылып жатқан кезде көрінеді.

Бұл хабарламаның көрінуі отынның төмен деңгейін бақылау шамын қосумен қатар жүреді.

Бұл жағдайда автокөлікке май құятын жақын станциядан автокөлікке май құйдыру керек.

Автокөлікке мүмкіндігінше тез май құйдырыңыз.

■ B типі



oGSR046175

Артқы жүріспен қою кезіндегі көмек көрсету жүйесінің ақаулығы (бар болса)

Бұл ескертуші хабарлама артқы жүріспен қою кезіндегі көмек көрсету жүйесінде ақаулық туындаған кезде көрінеді. Жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгінген жөн.

Толығырақ мәлімет 3-тараудың «Артқы жүріспен қою кезінде көмек көрсету жүйесі» бөлімінде келтіріледі.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 66-бет

СК–ДИСПЛЕЙ (В ТИПТІ АСПАПТАР КОМБИНАЦИЯСЫ)

СК-дисплейді басқару




СК-дисплей режимдерін басқару батырмалары арқылы өзгертуге болады.

(1) : Режимді өзгертуге арналған modE батырмасы

(2) , : Мәзір тармағын таңдауға арналған moVE ауыстырып-қосқышы

(3) oK : Мәзір тармағын таңдауға және таңдаудан бас тартуға арналған SELECT/RESET батырмасы

СК-дисплей режимдері

Режимдер	Символ	Сипаттам асы
Маршруттық компьютер		Бұл режимде дисплейде тәулікте жүріп өткен жол, отын шығыны және т.б. сияқты жүргізушіге арналған ақпарат көрінеді.. Толығырақ ақпарат осы тараудың «Маршруттық компьютер» бөлімінде келтіріледі.
Ақпарат	 немесе	Бұл режимде қызмет көрсету интервалы (жүріп өткен жол км немесе күндер) туралы ақпарат және ескертуші хабарлама шығады, мысалы, жуғыш сұйықтығының төмен деңгейі туралы.
Пайдаланушы баптаулары		Бұл режимде есіктерге, шамдарға және т.б. арналған баптауларды өзгертуге болады.

■ Механикалық беріліс қорабы

■ Автоматты беріліс қорабы

oTL045292RU/oTL045293RU

Тұрақ тежегіші қосулы тұрған кездегі ред.параметрлер / Edit settings after shifting to P

Бұл ескертуші хабарлама автокөлік қозғалысы кезінде пайдаланушы баптауларын өзгертуге тырысқан кезде шығады.

– Механикалық беріліс қорабы

Қауіпсіздікті сақтау мақсатында тұрақ тежегішін іске қосып, пайдаланушы баптауларына өзгертулер енгізіңіз.

– Автоматты беріліс қорабы

Қауіпсіздікті сақтау мақсатында автокөлікті тұраққа қоя отырып, тұрақ тежегішті іске қосып және берілістерді ауыстырып-қосу иінтірегін P (тұрақ) күйіне қойып, пайдаланушы баптауларына өзгертулер енгізіңіз.



oGSR046181

Маршруттық компьютер режимі (Trip Computer mode)

Маршруттық компьютер режимінде дисплейде отын шығынын, тәулікте жүріп өткен жол деректерін және автокөлік жылдамдығын қоса алғанда, автокөлік қозғалысының параметрлері туралы ақпарат шығады.

Толығырақ ақпарат осы тараудың «Маршруттық компьютер» бөлімінде келтіріледі.

Ақпарат режимі (Information mode)

Бұл режимде техникалық қызмет көрсету арасындағы интервал (жүріп өткен жол және күндер) көрінеді.



oGSR046183

Техникалық қызмет көрсету арасындағы интервал

(Service in) арқылы қызмет көрсету

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету жүргізілуі тиіс кезде есептеліп, көрінеді (жүріп өткен жол немесе күндер).

Интервал аяқталғаннан кейін оталдыруды әр қосқан кезде бірнеше секундқа «Арқылы қызмет көрсету» хабарламасы шығады.



oGSR046180

ТҚ қажет (Service required)

Егер көрсетілген интервал ішінде автокөлікке техникалық қызмет көрсетілмесе, онда оталдыруды әр қосқан кезде «ТҚ қажет» деген хабарлама шығады.

Техникалық қызмет көрсету интервалын бұрын енгізілген жүріп өткен жолға және күндерге түсіру.

– oK батырмасын басқан күйі 1 секундтан көп ұстап тұрыңыз.



oGSR046184

АЖЫР. арқылы қызмет көрсету (Service in OFF)

Егер техникалық қызмет көрсетулер арасында интервал берілмесе, СК-дисплейде «АЖЫР. арқылы қызмет көрсету» хабарламасы шығады.

i Ақпарат

Келесі жағдайлардың кез келгені туындаған кезде жүріп өткен жол және күндер дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

- **Аккумулятор батареясының кабелі ажыратылса.**
- **Сақтандырғышы бар ауыстырып-қосқыш өшірілсе.**
- **Аккумулятор батареясының заряды бітсе.**

Ескертуші хабарлама

Төменде аталған оқиғалардың бірі бар болса бірнеше секунд бойы ескертуші хабарлама шығады.

– Әйнек тазартқыш сұйықтығының төмен деңгейі (TPmS, бар болса)
– Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPmS, бар болса)
– Техникалық қызмет көрсету туралы ескерту дабылын беру

Пайдаланушы баптауларының режимі

Есіктер

Элементтер	Сипаттамасы
Автоматты түрде бұғаттау	• Өшірулі: Есіктерді автоматты түрде бұғаттау функциясы өшіріледі. • Жылдамдықта қосу: 15 км/сағ (9,3 миль/сағ) жылдамдықты асырған кезде барлық есік автоматты түрде бұғатталады. • Берілістері ауыстырып-қосу кезінде қосу: Берілістерді ауыстырып-қосу иінтірегін P (тұрақ) күйінен R (артқы жүріс), N (бейтарап) немесе d (қозғалыс) күйіне қойған кезде барлық есік автоматты түрде бұғатталады.
Автоматты түрде бұғаттан шығару	• Өшірулі: Есіктерді автоматты түрде бұғаттан шығару функциясы өшіріледі. • Оталдыру кілтін шығару: Кілтті оталдыру құлпынан шығарған кезде немесе қозғалтқышты іске қосу/тоқтату батырмасымен оталдыруды қосқан кезде барлық есік автоматты түрде бұғаттан шығарылады. • P күйіне ауыстырып-қосу: Автоматты трансмиссия берілісін ауыстырып-қосу иінтірегін P (тұрақ) күйіне қойған кезде барлық есік автоматты түрде бұғаттан шығарылады.

Жарық түсіргіш аспаптар

Элементтер	Сипаттамасы
Бұрылыс көрсеткішті бір түртіп қосу	• Өшірулі: Бұрылыс көрсеткішті бір түртіп қосу функциясы өшірілді. • 3, 5, 7 жыпылықтау: Бұрылыс көрсеткішті ауыстырып-қосқыш иінтірегін бекітілгеннен тыс күйге қойған кезде бұрылыс көрсеткіштер 3, 5 немесе 7 рет жыпылықтайды. **Қосымша ақпарат осы тараудағы «Жарықтандыру» бөлімінде келтіріледі.**
Фараларды өшіруді тоқтату	• Бұл тармақты таңдаған кезде фараларды өшіруді тоқтату функциясы қосылады.

GSr Rus 3a(-79) LM (FL).qxd 12.09.2017 10:51 70-бет

Ыңғайлылық

Элементтер	Сипаттамасы
Әйнек тазартқыш/фаралар режимі	Бұл тармақты таңдаған кезде әйнек тазартқыш және фаралар режимі көрінеді.
Қалқыма ауыстырып-қосу индикаторы (бар болса)	Бұл тармақты таңдаған кезде берілістерді ауыстырып-қосу иінтірегін жылжытқан кездегі қосулы беріліс көрінеді.

Техникалық қызмет көрсету арасындағы интервал

Элементтер	Сипаттамасы
Техникалық қызмет көрсету интервалы	Бұл тармақты таңдаған кезде техникалық қызмет көрсету интервалын баптау режимі белсендіріледі. Бұл режимде жүріп өткен жол немесе уақыт негізінде техникалық қызмет көрсету интервалын орнатуға болады. **Толық ақпарат осы тараудың «Ақпарат режимі» бөлімінде келтіріледі.**

Other features

Элементтер	Сипаттамасы
төмен қысым туралы анықтау немесе сигнал беру мүмкін емес болуы мүмкін. TPMS жүйесінің ақаулығы шиналар мен дөңгелектерді дұрыс орнатпауды немесе ауыстыруды қоса алғанда, әртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін. Бір немесе бірнеше шиналарды немесе дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін, сондай-ақ TPMS жүйесінің жұмыс істеу қабілеттілігіне көз жеткізу үшін дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін TPMS жүйесінің ақаулығы индикаторының көрсеткіштерін әрдайым тексеріңіз.

i Ақпарат

Егер TPMS индикаторы оталдыру кілтін ON күйіне бұрғаннан кейін немесе қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде 3 секунд ішінде жанбайтын болса немесе шамамен бір минут ішінде жыпылықтағаннан кейін жанатын болса, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

Шинадағы төмен қысымды сигнализатор

Шинадағы қысымды бақылау жүйесінің ескерту индикаторы қосылған кезде,

бұл бір немесе бірнеше шинадағы қысым ұсынылған әлдеқайда төмен екенін білдіреді.

Индикаторлық құрылғының кез-келген шамдарын қосқан кезде жылдам бұрылыстарды болдырмай және тежегіш жолы ұлғайтылуы мүмкін екенін ескере отырып, тез арада жылдамдықты бұрыңыз. Барынша тезірек тоқтаңыз және шиналарды тексеріңіз. Шиналарды автокөліктің ақпараттық тақтайшасында немесе жүргізуші жағынан орталық тіректің сыртқы панелінде орналасқан шиналардағы қысым туралы ақпараты бар жапсырмада көрсетілгендей қысымның тиісті деңгейіне дейін жел беріңіз. Егер техникалық қызмет көрсету станциясына жету мүмкін болмаса немесе жел бергеннен кейін шинадағы қысым тиісті деңгейде болмаса, дөңгелектің желі кеткен шинасын қосалқымен алмастырыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Суық ауа райы кезінде шинадағы төмен қысымды сигнализатор, егер шинада жылы ауа райы үшін ұсынылған қысым орнатылса, жануы мүмкін. Бұл TPMS жүйесінің ақаулығын білдірмейді, себебі температураның төмендеуі шинадағы қысымның пропорционалды төмендеуіне әкеледі.

Температурасы төмен аймақтан жоғары аймаққа және керісінше қозғалғанда немесе сыртқы температура едәуір жоғары немесе төмен болса, шинадағы қысымды тексеру және оны ұсынылатын деңгейге жеткізу қажет.

Осыдан кейін шинадағы төмен қысымды сигнализатор шамамен бір минут ішінде жыпылықтауы мүмкін, содан кейін қозғалтқышты кейіннен іске қосу кезінде және қысымы төмен дөңгелек жөнделмегенге және ауыстырылғанға дейін 20 минут бойы үздіксіз қозғалуды жалғастыратын болады.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 12

Төмен қысымның қаупі

Шинадағы тым төмен қысым автокөлікті басқарудың жоғалуына және тежегіш жолдың артуына әкелуі мүмкін.

Шиналардағы төменгі қысым кезінде қозғалысты жалғастыру шиналардың қызып кетуіне және механикалық бұзылуына әкелуі мүмкін.

Шинадағы қысымды бақылау жүйесінің ақаулық индикаторы (TPMS)

Шинадағы қысымды бақылау жүйесі бұзылған жағдайда шинадағы төмен қысымды индикатор бір минут бойы жыпылықтап, содан кейін үздіксіз жанады. Егер жүйе жүйенің істен шығуымен бір уақытта жеткіліксіз қысым туралы ескертуді дұрыс анықтауға қабілетті болса, TPMS жүйесінің ақаулығы индикаторын қосады.

Жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **TPMS жүйесінің ақаулық индикаторы, мысалы, автокөлік инспекциясы бекетінің, Мемлекеттік мекемелердің, радиохабар станцияларының, әскери объектілердің, әуежайлардың, таратушы станциялардың және т.б. жанынан автокөліктің электр беріліс кабельдерінің немесе радиотаратқыштардың жанынан өту кезінде де жануы мүмкін.**
- **TPMS ақаулығының индикаторы автокөлікте сырғанауға қарсы тізбекті немесе ноутбук, мобильді зарядтау құрылғысы, қашықтан стартер, жерсеріктік навигация жүйесі және т.б. сияқты бөлек сатып алынған құралдарды пайдаланған жағдайда жануы мүмкін.**

TPMS жүйесінің бергішімен шинаны ауыстыру

Егер шинаның желі шыққан болса, шинада төмен қысымды индикаторы жанады. Шинаның желі шыққанын тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шиналарды жөндеу үшін HYUNDAI компаниясы мақұлдаған құралдарды пайдалануды ұсынамыз.
Шинадағы қысым бергішінде шиналық герметикті шиналарды жаңа/жөнделгенімен ауыстыру кезінде жою керек.

Әрбір дөңгелек шинадағы шұра соташығының сыртына орнатылған ауа қысымының бергішімен жабдықталған. Автокөлікте TPMS жүйесімен үйлесімді дөңгелектер қолданылуы керек. Шиналарға ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ HYUNDAI авторизацияланған дилерінде ұсынылады. Тіпті желі шығарылған шинаны ауыстыру кезінде де шинадағы төмен қысымды қосалқы сигнализатор желі шығарылған шинаны жөндеу және оны автокөлікке кері орнатқанға дейін жыпылықтайды немесе үздіксіз жанады.
Желі шығарылған шинаны ауыстырғаннан кейін шинадағы төмен қысымды қосалқы сигнализатор бірнеше минуттан кейін жыпылықтауы немесе жануы мүмкін, өйткені қосалқы дөңгелекке орнатылған TPMS бергіші іске қосылмаған.
Желі шығарылған шинаға жел бергеннен кейін және оны автокөлікке орнатқаннан кейін қосалқы дөңгелекте орнатылған TPMS бергіштерін іске қосу үшін HYUNDAI компаниясының авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады. TPMS жүйесінің ақаулық индикаторы және шинадағы төмен қысым индикаторы қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минуттан кейін өшіріледі. Егер қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минуттан кейін индикатор өшірілмесе, жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орнатылған дөңгелекті қосалқымен ауыстыру кезінде қосалқы дөңгелектегі TPMS бергішін іске қосу қажет. Бастапқы орнатылған дөңгелекте TPMS бергіштерін HYUNDAI дилерімен өшіру ұсынылады. Егер бастапқы орнатылған дөңгелекте TPMS бергіші қосалқы дөңгелек ұстағышында белсенді болса, шинадағы қысымды бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. HYUNDAI авторизацияланған дилерінде жүйеге қызмет көрсетуді ұсынамыз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 14

Сіз оған қарап төмен қысымды шинаны анықтай алмайсыз. Шинадағы қысымды өлшеу үшін әрқашан жарамды шина манометрін пайдаланыңыз. Назар аударыңыз, ыстық шинаның (автокөлік қозғалысынан кейін) суық шинаға қарағанда жоғары қысымы болады.
"Суық шина" сөзі автокөлік 3 сағат бойы тұрып немесе осы 3 сағаттық кезеңде 1 мильден (1,6 км) аз жүріп өтті дегенді білдіреді
.
Қысымды өлшеу алдында шинаны суытыңыз. Ұсынылған қысымға дейін шина суық болуы үшін әрдайым қадағалаңыз.

Егер автокөлік шиналардағы қысымды бақылау жүйесімен жабдықталған болса, HYUNDAI компаниясы мақұлдаған шина герметигін пайдалануды ұсынамыз. Сұйық герметик шинадағы қысым беpгішіне зақым келтіруі мүмкін.

TPMS жүйесі

• TPMS жүйесі сыртқы факторлар, мысалы, жолдағы өткір заттардан туындаған шинаның кенеттен зақымдануы туралы хабарлауға арналмаған.

• Егер автокөліктің жүріс-тұрысы тұрақсыз болса, тез арада газ басқысынан аяқты алып тастаңыз,баяу және аз күшпен тежегіш басқысын басыңыз және автокөлікті жолдың жиегіндегі қауіпсіз жерде баяу тоқтатыңыз.

TPMS жүйесін қорғау

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін тиісінше пайдаланбау, өзгерту немесе ажырату жүргізушіні шиналардағы қысымның төмендеуі немесе TPMS жүйесінің ақаулығы туралы хабардар ету жүйесінің мүмкіндіктеріне әсер етуі мүмкін. Шинадағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін тиісінше пайдаланбау, өзгерту немесе ажырату осы автокөлік жүйесіне кепілдікті жоюға әкелуі мүмкін.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 15

Европа үшін

- **Көлік құралын түрлендіруге тыйым салынады, өйткені бұл TPMS жүйесінің жұмыс істеуіне әсер етуі мүмкін.**
- **Нарықта қол жетімді дөңгелектер TPMS бергіштерімен жабдықталмаған.**
- **Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін HYUNDAI авторизацияланған дилерінен ауыстыруға арналған бөлшектерді пайдалану ұсынылады.**
- **Нарықта қол жетімді дөңгелектер пайдаланылса, міндетті түрде дилермен мақұлданған HYUNDAI TPMS бергіштері қолданылуы тиіс. Егер автокөлік TPMS бергішімен жабдықталмаса немесе TPMS жүйесі тиісті түрде жұмыс істемесе, автокөлік міндетті техникалық байқаудан өтпеуі мүмкін.**

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 16

Шинадағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS) (в түрі)



■ Дисплей комбинации приборов

(1) Шинадағы төмен қысым/TPMS ақаулығы индикаторы

Төмен қысымды шинаның орналасу индикаторы және шинадағы қысым индикаторы (СКД дисплейінде көрсетіледі)

Шина манометрі (болған кезде)



Аспаптар комбинациясында ақпараттық режимде шинадағы қысымды тексеруге болады

3-тараудың "Пайдаланушы баптауларын" қараңыз.

- Шинадағы ауа қысымы қозғалтқышты бірінші іске қосқаннан кейін бірнеше минуттан кейін көрінеді.
- Егер көлік тоқтағаннан кейін қысым көрсетпесе, "Drive to display" хабары шығады (көрсету үшін қозғалысты бастаңыз). Қозғалыс басталғаннан кейін шинадағы қысымды тексеріңіз.
- Шинадағы көрсетілген қысым мәндері шина манометрінің көмегімен өлшеу кезінде алынған мәндерден ерекшеленуі мүмкін.
- Шина қысымын өлшеу бірліктерін пайдаланушы баптауларында аспаптар комбинациясында өзгертуге болады.

  – фунттарды кв.дюймға, кПа, барлар **(3-тарауда "Пайдаланушы баптауларының режимі" бөлімін қараңыз).**

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 17

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі

Артық немесе жеткіліксіз қысым шинаның қызмет ету мерзімін азайтуы, автокөліктің басқарылуына кері әсер етуі және басқару мен жол - көлік оқиғасы және басқарудың жоғалуына себеп болуы мүмкін шинаның кенеттен үзілуіне әкелуі мүмкін.

Суық ауа райы кезінде ай сайын қосымша дөңгелекті қоса алғанда (бар болса) шиналардың әрқайсысындағы қысымды тексеру және қажет болған жағдайда, шиналардағы қысым деңгейін өндіруші ұсынған шиналарға жеткізу қажет (автокөліктің ақпараттық тақтайшаларында және шиналардағы қысым деңгейінде көрсетіледі). (Егер автокөлікте тақтайшаларда көрсетілген өлшемнен ерекшеленетін шиналар орнатылған болса, олар үшін қысымның тиісті деңгейін анықтау қажет.)

Қосымша қауіпсіздік жүйесі ретінде автокөлік шинадағы қысымды бақылау жүйесімен (TPMS) жабдықталуы мүмкін, ол бір немесе бірнеше шинадағы қысымның мәнді төмендеуінің индикациясын шинадағы төмен қысымды сигнализатордың көмегімен қамтамасыз етеді. Егер шинадағы төмен қысымды сигнализатор жанса, автокөлікті мүмкіндігінше тоқтату, шиналардың жағдайын жүргізу және олардың қысымын нормаға дейін жеткізу қажет. Шиналардағы төменгі қысым кезінде қозғалысты жалғастыру шиналардың қызып кетуіне және механикалық бұзылуына әкелуі мүмкін.
Сондай - ақ отын шығынының артуына, шиналардың қызмет ету мерзімін қысқартуға, сондай-ақ автокөліктің басқарылуы мен тежегіш жолының ұзындығына әсер етуі мүмкін.
TPMS жүйесін пайдалану шиналарға дұрыс қызмет көрсету қажеттілігінің болмауын немесе TPMS жүйесінің шиналарындағы төмен қысымды сигнализаторы жұмыс істеуі үшін қысым деңгейінің төмендеуі жеткіліксіз болса да, онда тиісті қысымды ұстап тұру қажеттілігінің болмауын білдірмейді.

Автокөлікте TPMS жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін бақылауды қамтамасыз ететін ақаулық индикаторы да қарастырылған. TPMS ақаулық индикаторы шинадағы төмен қысымды индикатормен біріктірілген. Жүйе ақаулықты анықтағанда, индикатор шамамен бір минут бойы жыпылықтайды, содан кейін үздіксіз жарықты жалғастырады. Индикатор қозғалтқышты іске қосқаннан кейін, ақаулық болғанша үнемі жанады.

Ақаулық индикаторы жанған кезде, жүйе шинадағы төмен қысымды анықтау немесе сигнал бере алмай қалуы мүмкін. TPMS жүйесінің ақаулығы әртүрлі себептерге шиналар мен дөңгелектерді дұрыс орнатпау немесе ауыстырумен байланысты болуы мүмкін.

Бір немесе бірнеше шиналарды немесе дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін, сондай-ақ TPMS жүйесінің жұмыс істеу қабілеттілігіне көз жеткізу үшін дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін TPMS жүйесінің ақаулығы индикаторының көрсеткіштерін әрдайым тексеріңіз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 18

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Төменде көрсетілген жағдайлардың бірі туындаған жағдайда жүйені тексеру үшін ең жақын HYUNDAI авторизацияланған дилеріне хабарласыңыз.

1. Шинадағы төмен қысымды/ TPMS ақаулығы индикаторы оталдыру кілтін ON күйіне ауыстырғаннан немесе қозғалтқышты іске қосқаннан кейін 3 секунд ішінде жанбайды.
2. TPMS ақаулық индикаторы шамамен 1 минут ішінде жыпылықтағаннан кейін іске қосылады.
3. Төмен қысымды шинаның орналасу индикаторы қосулы қалады.

Шинадағы төмен қысымды Сигнализатор

Төмен қысымды шинаның орналасу индикаторы және шинадағы Қысым индикаторы



OGSR066014

Шинадағы қысымды бақылау жүйесінің ескерту индикаторлары енгізілген кезде, бұл бір немесе бірнеше шинадағы қысым ұсынылған деңгейден айтарлықтай төмен екенін білдіреді. Төмен қысымды шинаның орналасу индикаторы тиісті жарық белгісінің көмегімен қандай шинада қысым нормадан төмен екенін көрсетеді.

Индикатор символдарының кез келгенін қосқан кезде жылдам бұрылыстарды болдырмай және тежегіш жолы ұлғайтылуы мүмкін екенін ескере отырып, тез арада жылдамдықты түсіріңіз. Тез арада тоқтау және шиналарды тексеру керек. Шиналарды автокөліктің ақпараттық тақтайшасында немесе жүргізуші жағынан орталық тіректің сыртқы панелінде орналасқан шиналардағы қысым туралы ақпараты бар жапсырмада көрсетілген қысымның тиісті деңгейіне дейін жел толтырыңыз.

Егер техникалық қызмет көрсету станциясына жету мүмкін болмаса немесе жел бергеннен кейін шинадағы қысым тиісті деңгейде болмаса, дөңгелектің желі кеткен шинасын қосалқымен алмастырыңыз.

Шинадағы төмен қысымның индикаторы жанады, ал TPMS ақауының индикаторы бір минут ішінде жыпылықтауы мүмкін, содан кейін төмен қысымды дөңгелек жөнделмегенше және автокөлікке кері орнатылғанға дейін үздіксіз жануы мүмкін (автокөліктің қозғалыс жылдамдығы 25 км/сағ (15,5 миль/сағ) астам болғанда шамамен 20 минут ішінде).

i Ақпарат

Қосалқы дөңгелек шинадағы қысым бергішімен жабдықталмаған.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Суық ауа райы кезінде шинадағы төмен қысымды индикатор, егер шинада жылы ауа райы үшін ұсынылған қысым орнатылса, жануы мүмкін. Бұл TPMS жүйесінің ақаулығын білдірмейді, себебі температураның төмендеуі шинадағы қысымның пропорционалды төмендеуіне әкеледі.

Температурасы төмен аймақтан жоғары аймаққа және керісінше қозғалғанда немесе сыртқы температура едәуір жоғары немесе төмен болса, шинадағы қысымды тексеру және оны ұсынылатын деңгейге жеткізу қажет.

⚠

Төмен қысымның қаупі

Шинадағы тым төмен қысым автокөлікті басқарудың жоғалуына және тежегіш жолдың артуына әкелуі мүмкін.

Шиналардағы төменгі қысым кезінде қозғалысты жалғастыру шиналардың қызып кетуіне және механикалық бұзылуына әкелуі мүмкін.

Шинадағы қысым бақылау жүйесінің ақаулық индикаторы (TPMS)

Шинадағы қысымды бақылау жүйесі бұзылған жағдайда шинадағы төмен қысымды индикатор бір минут бойы жыпылықтап, содан кейін үздіксіз жанады.

Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласу қажет.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

TPMS жүйесінде ақаулықтар болған жағдайда, автокөлік шиналарындағы қысым жеткіліксіз болғанда да шиналардағы төмен қысымды индикатор көрсетілмейді.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 20

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

TPMS жүйесінің ақаулық индикаторы сондай-ақ автокөліктің электр беру кабельдерінің немесе радиотаратқыштардың жанынан жүріп өтуі кезінде шамамен бір минут ішінде жыпылықтағаннан кейін, мысалы, автокөлік инспекциясы, мемлекеттік мекемелер, радиохабар станциялары, әскери объектілер, әуежайлар, таратушы станциялар және т. б. жанынан жануы мүмкін.

Сонымен қатар, TPMS жүйесінің ақаулық индикаторы сырғанауға қарсы тізбектерді немесе компьютерлер, зарядтау құрылғылары, дистанционды стартерлер, спутниктік навигация жүйесі және т.б. сияқты электрондық құрылғыларды пайдаланған жағдайда жануы мүмкін. Бұл TPMS жүйесінің қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

TPMS жүйесінің бергішімен шинаны ауыстыру

Егер шинаның желі шыққан болса, шинадағы төмен қысымды индикатор және төмен қысымды шинаның орналасу индикаторы жанады. HYUNDAI авторизацияланған дилерінде түсірілген шинаны мүмкіндігінше тезірек жөндеңіз немесе дөңгелекті қосалқымен ауыстырыңыз.

Шиналарды жөндеу үшін, желі шыққан шиналарды жөндеу және/немесе жел беру үшін HYUNDAI дилері мақұлдамаған құралдарды пайдалануға тыйым салынады. HYUNDAI дилері мақұлдамаған шиналық герметик шинадағы қысым бергішіне зақым келтіруі мүмкін.

Қосалқы дөңгелек (бар болса) шиналардағы қысымды бақылау бергішімен жабдықталмаған. Төмен қысымды шина немесе желі шыққан шинаны қосалқы шинамен ауыстырғанда, шинадағы төмен қысымды индикатор іске қосылады. TPMS ақаулық индикаторы, егер автокөлік болса, шамамен бір минут ішінде жыпылықтағаннан кейін іске қосылады шамамен 20 минут ішінде 25 км/сағ (15,5 миль/сағ) жылдамдықпен қозғалады.

Қысымды бақылау бергішімен жабдықталған түпнұсқа шина жел беріліп болғаннан кейін ұсынылған қысымға дейін және оны автокөлікке орнатқанға дейін шинадағы төмен қысымды индикатор және TPMS ақаулық индикаторы қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минуттан кейін өшіріледі.

Егер бірнеше минуттан кейін индикаторлар өшірілмесе, HYUNDAI авторизацияланған дилеріне хабарласыңыз.

Әрбір дөңгелек шинадағы шұра соташығының сыртына орнатылған ауа қысымының бергішімен жабдықталған. Автокөлікте TPMS жүйесімен үйлесімді дөңгелектер қолданылуы керек. Шиналарға қызмет көрсету әрдайым HYUNDAI авторизацияланған дилерінде ұсынылады.

Сіз оған қарап төмен қысымды шинаны анықтай алмайсыз. Шинадағы қысымды өлшеу үшін әрқашан жарамды шина манометрін пайдаланыңыз. Назар аударыңыз, ыстық шинада (автокөлік қозғалысынан кейін) суық шинаға қарағанда жоғары қысым болады.

"Суық шина" деген 3 сағат бойы жүрмей тұрған немесе осы 3 сағаттық кезеңде 1,6 км (1 миль) кем жүрген автокөлікті білдіреді. Қысымды өлшеу алдында шинаны суытыңыз. Ұсынылған қысымға дейін толтырудан бұрын шина суық болуы үшін әрдайым қадағалаңыз.

• TPMS жүйесі сыртқы факторлар, мысалы, жолдағы өткір заттардан туындаған шинаның кенеттен зақымдануы туралы хабарлауға арналмаған.

• Егер автокөліктің жүріс-тұрысы тұрақсыз болса, тез арада газ басқысынан аяқты алып тастаңыз,баяу және аз күшпен тежегіш басқысын басыңыз және автокөлікті жолдың жиегіндегі қауіпсіз жерде баяу тоқтатыңыз.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін тиісінше пайдаланбау, өзгерту немесе ажырату жүргізушіні шиналардағы қысымның төмендеуі немесе TPMS жүйесінің ақаулығы туралы хабардар ету жүйесінің мүмкіндіктеріне әсер етуі мүмкін. Шинадағы қысымды бақылау жүйесінің (TPMS) компоненттерін тиісінше пайдаланбау, өзгерту немесе ажырату осы автокөлік жүйесіне кепілдікті жоюға әкелуі мүмкін.

Еуропа үшін

• Көлік құралын түрлендіруге тыйым салынады, өйткені бұл TPMS жүйесінің жұмыс істеуіне әсер етуі мүмкін.

• Нарықта қол жетімді дөңгелектер TPMS бергіштерімен жабдықталмаған.

• Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін HYUNDAI авторизацияланған дилерінен ауыстыруға арналған бөлшектерді пайдалану ұсынылады.

• Нарықта қол жетімді дөңгелектер пайдаланылса, міндетті түрде дилермен мақұлданған HYUNDAI TPMS бергіштері қолданылуы тиіс. Егер автокөлік TPMS бергішімен жабдықталмаса немесе TPMS жүйесі тиісті түрде жұмыс істемесе, автокөлік міндетті техникалық байқаудан өтпеуі мүмкін.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 22


ЕГЕР ШИНА ЖЕЛІ ШЫҚҚАН БОЛСА

Дөңгелекті ауыстыру қауіпті болуы мүмкін. Өлімге әкеп соғуы мүмкін ауыр жарақат алу қаупін төмендету үшін нұсқаулықтың осы бөлімінде келтірілген талаптар сақталуы тиіс.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Домкрат тұтқасын қолданғанда сақ болыңыз. Жалпақ жамбастың өткір жиектері бар, олармен кесіп алу қаупі бар.

Домкрат және аспаптар


OGC064002b

(1) Домкрат
(2) Домкрат тұтқасы
(3) Баллонды кілт
(4) Сүйреткіш тесігі (бар болса)
(5) Сомын кілті (бар болса)
(6) Бұрауыш (бар болса)

Домкрат, домкрат тұтқасы және дөңгелек сомындарына арналған кілт жүк бөлімшесінде жүк жәшігінің қақпағының астында сақталады.

Домкрат дөңгелекті авариялық ауыстыру үшін ғана арналған.


OGS065012

Құлақты қысқыш бұрандаманы сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

Қосалқы дөңгелекті сол бөлімшеде сағат тілі бағыты бойынша құлақты қысқыш бұрандаманы созып сақтаңыз.

Қосалқы дөңгелектен және аспаптардан шығатын дыбыстың пайда болуын болдырмау үшін оларды тиісті орындарда сақтаңыз.

Дөңгелекті ауыстыру

Домкратпен көтерілу кезінде автокөлік мүмкін сырғып кетуі немесе төңкерілуі мүмкін, бұл ауыр жарақат немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Келесі сақтық шараларын сақтау қажет:

- **Егер ол тек домкратпен көтерілген жағдайда ұстап тұрса, автокөліктің астына түспеңіз.**
- **Қозғалыс жолағында дөңгелекті ауыстыруға тыйым салынады. Дөңгелекті ауыстыру әрдайым жолдың сыртында тегіс және қатты бетте жүргізілуі тиіс. Егер тегіс және қатты беті бар алаңды табу мүмкін болмаса, эвакуаторды шақыру қажет.**
- **Домкрат осы автокөлікке арналған шоферлік құрал жиынтығынан ғана пайдаланылуы тиіс.**
- **Автокөлікті көтеруге арналған домкрат тек арнайы арналған орындарда ғана орнатылуы тиіс және ешқашан бамперлердің астына немесе автокөліктің басқа бөліктеріне орнатылмауы тиіс. (жалғасын қараңыз)**

(продолжение)

- **Домкрат көтерген автокөлік қозғалтқышы тоқтатылуы тиіс.**
- **Егер ол домкрат арқылы көтерілсе, ешкім автокөлікте болмауы керек.**
- **Балалардың жолдан және автокөліктен жеткілікті қашықтықта болуын қадағалау қажет.**

Қосалқы доңғалақ

Уақытша қосалқы шинаны орнату кезінде 120 км/сағ жылдамдықты шектеуді және 230 кПа шинадағы ауа қысымын (33 фунт шаршы дюймге) қадағалаңыз. Уақытша қосалқы шиналар негізінен төтенше жағдайларда, доңғалақты түсіру немесе шинадағы ауа қысымы тым жеткіліксіз болғанда, автокөлікке қауіпсіздікке қол жеткізу қажет болған жағдайларда пайдаланылады
(жалғасын қараңыз)

(жалғасы)

Уақытша қосалқы шина орнатылғаннан кейін HYUNDAI компаниясының авторизацияланған дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласу ұсынылады. Уақытша қосалқы шинада үлкен қашықтыққа жылжытпаңыз.

Дөңгелекті ауыстыру үшін::

1. Автокөлікті тегіс қатты бетінде тоқтатыңыз.
2. Берілісті ауыстыру иінтірегін P күйіне (автоматты беріліс қорабы бар авто - мобиль үшін) немесе бейтарап күйге (механикалық беріліс қорабы бар автокөлік үшін) орнатыңыз, тұрақ тежегішін іске қосыңыз және тұтану кілтін LOCK/OFF күйіне ауыстырыңыз.
3. Басыңыз авариялық дабыл ажыратқышы.
4. Автокөлік жүк салғышынан дөңгелекті гайкаларға арналған кілт, домкрат, домкрат тұтқасы және қосалқы дөңгелек алыңыз.
5. Ауыстыруға жататын дөңгелектің қарама-қарсы алдыңғы және артқы дөңгелектің диагоналі бойынша блоктаңыз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 24



6. Дөңгелекті бекіту сомынының ұштарын сағат тіліне қарсы бағытта әлсіретіңіз, бірақ дөңгелек жер үстіне көтерілмегенше оларды толығымен бұрамаңыз.



7.Домкратты ауыстыруға жататын дөңгелекке жақын арнайы арналған көтеру нүктесіне орнатыңыз. Көтеру нүктелері — екі тіректі және шығыңқы пластина рамасына дәнекерленген. Автокөлікті домкратпен қандай да бір басқа жерде көтеруге тыйым салынады. Бұл кезде Бүйірлік тығыздағыш молдинг зақымдануы мүмкін.



8. Тұтқаны домкратқа салыңыз да және оны сағат тілі бағытымен дөңгелек жерден көтерілмейінше бұраңыз. Домкрат көтерген автокөлік тұрақты екеніне көз жеткізіңіз.

9. Кілт арқылы дөңгелекті бекіту сомындарын босатыңыз және оларды қолмен бұраңыз. Ақадан дөңгелекті алып, жерге қойыңыз. Ақа, монтаждық беттер мен дөңгелектерден кір алып тастаңыз.
10. Күпшектің ақасына қосалқы дөңгелекті орнатыңыз.
11. Дөңгелекті бекіту сомындарын қолмен дөңгелек жағына қарай конус бөлігімен тартыңыз.
12. Домкрат тұтқасын сағат тіліне қарсы бағытта бұрып, автокөлікті жерге түсіріңіз.


OGS066007

13. Дөңгелек сомындарына арналған кілт арқылы дөңгелекті бекіту сомындарын көрсетілген ретпен бұраңыз. Әрбір сомынның созылуын қайта бақылау жасаңыз. Дөңгелектарді ауыстырғаннан кейін дөңгелекті сомындарды керу үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз. Дөңгелекті бекіту доңғалағының тартылу сәті: 11~13 кгс•м (79 ~ 94 фунт-күш•фут).

50 км кейін дөңгелек сомындарын тартыңыз және олар босаған немесе жоқ екенін тексеріңіз. Шамамен 1000 км - ден кейін дөңгелек сомындары босаған жоқ па, қайта тексеріңіз.

Шина манометрі болған кезде шинадағы ауа қысымын тексеру қажет (шиналардағы ауа қысымына қатысты нұсқаулар 8-тараудың "Дөңгелектер мен шиналар" бөлімінде келтіріледі). Егер қысым нормаға сәйкес келмесе, шиналардағы қысымды реттеу үшін автокөлікті ең жақын техникалық қызмет көрсету станциясына дейін төмен жылдамдықпен жеткізу керек. Шұра қалпақшасының шинасындағы ауа қысымын реттегеннен кейін орнына бұралуы тиіс. Егер қалпақ орнына бұралмаса, шинадан ауа шығуы мүмкін. Егер шұраның қалпақшасы жоғалса, жаңасын сатып алып, оны бірінші мүмкіндік болғанда орнына орап алу қажет. Ауыстырылғаннан кейін түсірілген дөңгелек, домкрат және құралдар өздерінің штаттық орындарында бекітілуі тиіс.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Қосалқы дөңгелекті орнатқаннан кейін бірінші мүмкіндік кезінде шинадағы ауа қысымын тексеру қажет. Ұсынылған қысымды орнатыңыз.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 26

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Бұл автокөлікте метрлі бұрандалы дөңгелекті бекіткіш ақалар мен сомындар қолданылады. Дөңгелекті ауыстыру кезінде дөңгелекті бекіткіштің түпнұсқа сомындарын пайдалану керек. Егер дөңгелекті бекіту сомындарын ауыстыру қажет болса, метрлік бұрандасы бар сомындар қолданылуы тиіс, әйтпесе дөңгелекті бекіту ақаларындағы бұрандалар зақымдануы мүмкін және дөңгелек тиісті түрде бекітілмейді. Қосымша ақпарат алу үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне хабарласу ұсынылады.

Егер домкрат, ақалар, сомындар немесе кез келген басқа жабдықтар бүлінген немесе лайықсыз жағдайда болса, дөңгелекті ауыстыруға тырыспаңыз.

Шағын қосалқы дөңгелекті пайдалану

(болған кезде)

Шағын қосалқы дөңгелек тек төтенше жағдайларда ғана пайдалануға арналған. Шағын қосалқы дөңгелек орнатылған жағдайда барлық сақтық шараларын сақтай отырып, көлік құралын абайлап басқару керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шағын дөңгелектің зақымдануын болдырмау және басқарумен ықтимал болатын аварияның алдын алу үшін :

- **Шағын қосалқы дөңгелек тек төтенше жағдайларда пайдаланылуы тиіс.**
- **Көлік құралының жылдамдығы 80 км/сағ (50 миль/сағ) аспауы тиіс.**
- **Шағын қосалқы дөңгелектің бүйірінде көрсетілген ең жоғары жүктемені немесе жүк көтергіштікті арттыруға жол берілмейді.**

(жалғасын қараңыз)

(жалғасы)

- **Шағын қосалқы дөңгелекті үнемі пайдалануға тыйым салынады. Бастапқы шинаны жөндеу немесе ауыстыру шағын қосалқы дөңгелектің зақымдануын болдырмау үшін мүмкіндігінше тезірек орындалуы тиіс.**

Көлік құралында шағын қосалқы дөңгелекті пайдалану кезінде:


- Шағын қосалқы дөңгелекті орнатқаннан кейін онда ауаның қысымы тексерілуі тиіс. Шағын қосалқы дөңгелектегі ауа қысымы 230 kPa (33 psi) (205/65 R16) тең болуы тиіс.
- Шағын қосалқы дөңгелек орнатылған жағдайда автоматты жуу қызметтерін пайдалануға болмайды.
- Шағын қосалқы дөңгелек басқа көлік құралдарында пайдаланылмауы тиіс, өйткені ол тек осы көлік құралы үшін ғана арналған.

- Шағын қосалқы дөңгелек шинаның протекторының қызмет ету мерзімі әдеттегі шинаның қызмет ету мерзімінен аз. Шағын қосалқы дөңгелектің шина протекторының тозуы үнемі тексерілуі тиіс.
- Бір шағын қосалқы дөңгелекті бір реттен артық пайдалануға болмайды.
- Егер көлік құралында шағын қосалқы дөңгелек орнатылған болса, тіркемені сүйреуге жол берілмейді.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Түпнұсқа дөңгелекті жөндегеннен және орнатқаннан кейін орнына бекіту сомынымен дөңгелектің дірілін болдырмау үшін тиісті сәтпен тартылуы тиіс. Дөңгелекті бекіту сомындарын созудың тиісті сәті: 11-13 кгс•м (79-94 фунт · күш · фут)

Домкрат жапсырма



OHYK065011

Домкраттың нақты жапсырмасы суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
Толық ерекшелігі домкратқа бекітілген жапсырмада көрсетілген.

1. Модель атауы.
2. Максималды рұқсат етілген жүктеме.
3. Домкратты пайдаланған кезде тұрақ тежегішін іске қосыңыз.
4. Домкратты пайдаланған кезде қозғалтқышты өшіріңіз.
5. Тек домкратқа сүйенетін автокөліктің астында тұруға тыйым салынады.
6. Рама астында орнатуға қарастырылған орындар.
7. Автокөлікті жалғаған кезде домкрат негізі тігінен және көтеру нүктесінің астында болуы тиіс.
8. Механикалық беріліс қорабы бар автокөліктерде берілісті артқы жүріске ауыстыру тұтқасын ауыстырыңыз, автоматты беріліс қорабы бар автокөліктерде иінтірегті P күйіне ауыстырыңыз.
9. Домкрат қатты көлденең бетке сүйенуі тиіс.
10. Домкрат өндіруші.
11. Өндіріс күні.
12. Өкіл-Компания және мекенжайы.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 28

Домкрат үшін ЕС нормативтеріне сәйкестігі туралы өтініш




EC Declaration of Conformity
according to EC Machinery Directive 2006/42/EC

JACKDOC14S

Сүйрету

Тіркеп сүйреу қызметі



OGC064007

Авариялық сүйреу қажет болған жағдайда HYUNDAI авторизацияланған дилеріне немесе автокөліктерді эвакуациялаудың коммерциялық қызметіне жүгіну ұсынылады.

Автокөліктің бүлінуін болдырмау үшін көтеру мен сүйретудің тиісті рәсімдері сақталуы тиіс. Ішкі арбаларды немесе платформаны пайдалану ұсынылады.

Артқы дөңгелектер жерде болғанда (аспалы арбашаларсыз), ал алдыңғы дөңгелектер көтерілген кезде автокөлікті сүйреуге болады.

Егер дөңгелектердің кез келгені бүлінсе, аспаның бөлшектері зақымданса немесе егер автокөлік жерде алдыңғы дөңгелектермен тіркеп сүйретілсе, алдыңғы дөңгелектердің астында жылжымалы арбаша пайдаланылуы тиіс.

Эвакуатор сүйреген жағдайда, жылжымалы арбашалар пайдаланылмаса, артқы емес, көлік автокөлігінің алдыңғы бөлігі әрдайым көтерілуге тиіс.

Толық жетекті автокөліктерді тіркеп сүйреу үшін дөңгелектерге арналған көтергіштерді, дөңгелекті арбаларды немесе автокөліктің барлық төрт дөңгелектері жер үстінен көтерілген платформаларды пайдалану қажет.


OGC064008


OGC064009

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

• Көлік алдыңғы дөңгелектері жерге тисе, оны сүйреуге болмайды.

• Иілгіш ілінісуде сүйреуге болмайды. Дөңгелек көтергішін немесе платформаны пайдалану қажет.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 30

Авариялық сүйреу кезінде дөңгелектерге арналған сүйрегіш арбаларды пайдаланбай:

1. Оталдыру кілтін ACC күйіне орнатыңыз.

2. Берілісті N (бейтарап) күйіне ауыстыру иінтірегін орнатыңыз.

3. Тұрақ тежегішінен автокөлікті алып тастаңыз.

⚠ Назар аударыңыз

Егер берілісті ауыстырып қосу иінтірегі N (бейтарап) күйіне орнатылмаса, бұл трансмиссияның зақымдануына әкелуі мүмкін


Алынбалы сүйреткі ілгегі



■ Спереди



■ Сзади



1. Жүксалғышты ашыңыз және саймандары бар жәшіктен сүйреткі ілгегін алыңыз .
2. Алдыңғы немесе артқы бампердегі қақпақтың төменгі бөлігіне басу арқылы тесіктен қақпақты алып тастаңыз.
3. Сүйреткі ілгегін сағат тілі бағыты бойынша тесікке тірелгенге дейін бұрап орнатыңыз.
4. Пайдалану аяқталғаннан кейін сүйреткі ілгекті бұрап, қақпақты орнына қойыңыз.

Авариялық сүйреу

■ Спереди



OGSR066012

■ Сзади



OGC064013

Тіркеп сүйреу қажет болған жағдайда HYUNDAI авторизацияланған дилеріне немесе автокөліктерді эвакуациялаудың коммерциялық қызметіне жүгіну ұсынылады.

Егер авариялық жағдайда эвакуаторды шақыру мүмкін болмаса, уақытша құрал ретінде автокөлікті алдыңғы немесе артқы сүйрегіш ілгекке бекіте отырып, арқан немесе шынжыр артына сүйреуге болады.


Тростың немесе шынжырдың көмегімен автокөлікті сүйреген кезде шекті сақтық сақталуы тиіс. Жүргізуші рөл дөңгелегі мен тежегіш басқысының көмегімен басқаруға арналған автокөлікте болуы тиіс.

Осындай тәсілмен сүйретуге қатты жабыны бар жолдарда, қысқа қашықтыққа және төмен жылдамдықта ғана жол беріледі. Бұдан басқа, дөңгелектер, көпірлер, трансмиссия, рөлдік басқару және тежегіштер жарамды күйде болуы тиіс.

Авариялық тіркеп сүйреу кезінде келесі талаптарды әрдайым сақтаңыз:

- Рөлдік дөңгелектің құлпын ашу үшін оталдыру кілтін ACC күйіне орнатыңыз.
- Берілісті N (бейтарап) күйіне ауыстыру иінтірегін орнатыңыз.
- Көлік тұрағы тежегішінен алып тастаңыз.
- Тежегіш басқысын басу әдеттегі салыстырғанда үлкен күш қажет. Тежегіш жүйесінің тиімділігі төмендейтін болады.
- Рөлдік дөңгелекті басқару үшін көп күш жұмсау қажет, себебі рөль күшейткіші жүйесі жұмыс істемейтін күйде болады.
- Тартқыш ретінде неғұрлым ауыр көлік құралы пайдаланылуы тиіс.
- Екі көлік құралының жүргізушілері арасында байланыс болуы тиіс.
- Авариялық тіркеп сүйреу алдында тіркеп сүйреу ілгегінің дұрыс күйіне көз жеткізу қажет.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 32



ODH063025

- Сүйреткіш ілгекке сүйреткіш арқанды немесе шынжырды берік бекітіңіз.
- Күрт секіруге жол бермеңіз. Орнынан бірқалыпты қимылдап, бірқалыпты күш салу керек.
- Сүйреткіш арқанның немесе шынжырдың ұзындығы 5 м (16 фут) кем болмауы тиіс. Сүйрету арқанының ортасында жақсы көрінуді қамтамасыз ету үшін ақ немесе қызыл матаны (ені 30 см [12 дюйм]) бекіту керек.
- Сүйреткен кезде арқан немесе шынжыр керілген күйде қалуы тиіс.
- Тіркеп сүйреу алдында автоматты беріліс қорабынан сұйықтықтың ағуына көз жеткізу қажет. Автоматты беріліс қорабы үшін сұйықтықтың ағуы болған кезде сүйреуді тиеу платформасының немесе сүйрету арбасының көмегімен жүргізу керек.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тіркеп сүйреу кезінде автокөліктің зақымдануын болдырмау үшін:

- **Сүйреу ілгектерін қолданғанда тура алға тартыңыз. Бір жағына немесе тік бұрышта тартуға болмайды.**
- **Егер автокөлік өз жүрісімен шыға алмаса, автокөлікті батпақтан, құмнан және т.б. шығару үшін сүйрету ілгектерін пайдалануға болмайды.**
- **Тіркеп сүйреу кезінде автокөліктің қозғалыс жылдамдығы 15 км/сағ (10 миль/сағ) аспауы тиіс, ал тіркеп сүйреу қашықтығы автоматты беріліс қорабының күрделі зақымдануын болдырмау үшін 1,5 км (1 миля) аспауы тиіс.**

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 33

АВАРИЯЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ (БАР БОЛСА)

Автокөлік төтенше жағдайда пайдалануға арналған авариялық жиынтықпен жабдықталған.

Өрт сөндіргіш

Аздаған өрт болған жағдайда оны сөндіру үшін өрт сөндіргіш пайдаланылуы мүмкін. Ол үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

1. Тұтқаны кездейсоқ басуды болдырмайтын өрт сөндіргіштің үстіне сақтандыру штифтін шығарыңыз.
2. Шүмекті жалын негізіне бағыттаңыз.
3. Жалыннан 2,5 м (8 фут) қашықтықта тұрып, өрт сөндіргішті разрядтау үшін тұтқаны басыңыз. Тұтқаны босату кезінде разряд тоқтатылады.
4. От негізі бойынша алға және артқа жылжыңыз. Өрт сөндірілген соң, қайтадан жануы мүмкін болғандықтан, бақылауды жалғастыру керек.

Дәрі- дәрмек қобдишасы

Алғашқы көмек көрсету кезінде пайдалануға арналған. Құрамында қайшылар, таңу материалы, жабысқақ пластырь және т. б. бар.

Авариялық тоқтау белгісі

Авариялық тоқтау белгісі Төтенше жағдайлар кезінде жақындап келе жатқан көлік құралдарының жүргізушілерін ескерту үшін жолда орнатылуы тиіс, мысалы, автокөлік жол жиегінде ақаулықтан тоқтаған кезде.

Шина манометрі (болған кезде)

Шиналар әдетте күнделікті пайдалану кезінде аздап ауаны жоғалтады және мерзімді тартып шығаруды талап етеді. Бұл шиналардың герметикалық емес екенінің белгісі емес, бұл қалыпты тозу нәтижесі болып есептеледі. Шинадағы қысым әрқашан суық күйде тексерілуі тиіс, өйткені қысым температураның ұлғаюында артады.

Шиналардағы қысымды тексеру үшін келесі әрекеттер орындалуы тиіс:

1. Дөңгелектің жиегінде орналасқан шұраның қалпақшасын бұраңыз.
2. Манометрді шинаның шұрасына қысып, ұстап тұрыңыз. Бұл ретте ауаның аз мөлшері шығарылады. Манометр ауаның шығуын тоқтату үшін өте күшті қысу керек.
3. Қатты басқан кезде (ауа шығарусыз) өлшеу орындалады.
4. Манометрдің көрсеткіші бойынша шинадағы ауаның нақты қысымын анықтауға болады.
5. Шинадағы ауа қысымын қажетті деңгейге дейін реттеңіз. 8-тарауда "Дөңгелектер мен шиналар" қараңыз.
6. Шұра қалпақшасын орнына орап қойыңыз.


GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 34

ЭРА-ГЛОНАСС ШҰҒЫЛ ШАҚЫРУ (БАР БОЛСА))

Бұл автокөлікте "ЭРА-ГЛОНАСС" жүйесіне қосылған шұғыл қызметтерге қоңырау шалу құрылғысы * орнатылған.

.ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі - бұл Ресей Федерациясының автокөлік жолдарындағы оқиғалар кезінде жедел қызметтерді шақырудың автоматтандырылған жүйесі.

Бұл жүйе қажет болған жағдайда РФ автокөлік жолдарында қандай да бір оқиға болған жағдайда бірыңғай кезекші -диспетчерлік қызмет (БКДҚ) операторымен байланысуға мүмкіндік береді. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі, автокөлікті пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта, сондай - ақ автокөлікке арналған Сервистік кітапшасында белгіленген шарттарды ескере отырып, деректердің ең аз жиынтығын бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке, оның ішінде автокөліктің орналасқан жері, автокөлік моделі, vIN коды (автокөліктің сәйкестендіру нөмірі) сияқты береді.



① Жол-көлік оқиғасы
② Сымсыз байланыс желісі
③ Бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызмет (БКДҚ))
④ Құтқару

* Бұл автокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықта ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы деп автокөлікке орнатылған және ЭРА-ГЛОНАСС жүйесімен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін жабдық түсініледі.

** "Өзге оқиғалар" деп Ресей Федерациясының автокөлік жолдарындағы кез келген оқиғалар түсініледі, олардың салдарынан зардап шеккендердің болуы және/немесе біреуге көмек қажет. Қандай да бір оқиға тіркелген жағдайда автокөлікті тоқтату және SOS батырмасын басу қажет (осы батырманың орналасқан жері осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың "ЭРА-ГЛОНАСС (бар болса) шұғыл шақыру" кіші бөлімінде көрсетілген). Бұл ретте, қоңырау шалғанда қоңырау шалынған көлік туралы деректер жиынтығы қалыптасады және БКДҚ операторымен байланыс жасалады, оған шақыру себебі туралы айту қажет.

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінде сақталған деректер жүргізушіге және жолаушыларға тиісті көмек көрсету үшін құтқару орталығына берілгеннен кейін бұл деректер құтқару операциялары аяқталғаннан кейін жойылады. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесін құраушылардың жұмысы үшін (автокөлікке орнатылған жабдықтарды қоспағанда) "ЭРА-ГЛОНАСС "Мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі туралы" 28.12.2013 ж. № 395-ФЗ Федералдық заңның ережелеріне сәйкес "ЭРА-ГЛОНАСС" жүйесінің операторы ("ГЛОНАСС" ақ) жауапты болады.

ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы



Автокөлік салонында орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің элементтері:

① Микрофон

② SOS батырмасы

③ SOS ТЕСТ батырмасы

④ Жарықдиодты

SOS батырмасы: жүргізуші / жолаушы батырманы басу арқылы бірыңғай кезекші - диспетчерлік қызметке (БКДҚ) шұғыл шақыру жасайды.

SOS ТЕСТ (тексеру) батырмасы: бұл батырма HYUNDAI ресми дилерлік орталығы жағдайында жүйенің жұмысқа қабілеттілігін тексеруді қамтамасыз етеді. "SOS ТЕСТ" режимін HYUNDAI ресми дилерлік орталығының маманы ғана іске қосуға болады. Жалған шақыруларды болдырмау үшін осы батырманы баспауды және "SOS тест" режимін өз бетінше іске қоспауды сұраймыз.

.

6

Жарықдиод: қызыл және жасыл жарықдиодтары оталдыру қосылғанда 3 с жанады. Осыдан кейін олар жүйенің қалыпты жұмысы кезінде өшіріледі.

Жүйеде проблемалар болған жағдайда қызыл жарықдиод күйеді.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 36

Жол-көлік оқиғасы кезінде шұғыл шақыруды автоматты түрде белсендіру



ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысы автокөліктің қатысуымен болған жол-көлік оқиғасы кезінде құтқару бойынша іс-әрекеттерді уақтылы орындау үшін бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке автоматты түрде шұғыл шақыру жасайды.
Дер кезінде көмек көрсету және қолдау үшін ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі жол-көлік оқиғасы туралы деректерді бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке автоматты түрде береді.

Бұл жағдайда шұғыл шақыруды SOS батырмасын басу арқылы аяқтауға болмайды, ал ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі қоңырауды қабылдайтын бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызмет операторы шұғыл шақыруды ажыратқанға дейін қосылған күйде қалады.

i Ақпарат

Болмашы жол-көлік оқиғалары жағдайларында ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі автоматты шұғыл шақыру жасамауы мүмкін. Бұл ретте SOS батырмасын басу арқылы шұғыл шақыру қолмен жасалуы мүмкін (6-36 бет).

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жылжымалы ұялы байланыс желілерімен жабу болмаған және GPS және ГЛОНАСС сигналдары болмаған кезде жүйенің іске қосылуы мүмкін емес.

"SOS" батырмасын басу арқылы шұғыл шақыруды қолмен іске қосу



Жүргізуші / жолаушы шұғыл жедел қызметтерді шақыру үшін SOS батырмасын басу арқылы бірыңғай кезекші - диспетчерлік қызметке шұғыл шақыру жасай алады.

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің көмегімен авариялық қызметке шақыруды бірыңғай кезекші - диспетчерлік қызмет операторымен қосылу орнатылғанға дейін ғана SOS батырмасын қайта басу арқылы тоқтатуға болады.

Жедел шақыру қолмен іске қосылғаннан кейін көмек көрсету және қолдау үшін ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі SOS батырмасын басу арқылы көмек шақыру кезінде бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызмет операторына жол-көлік оқиғасы/өзге оқиғалар туралы деректерді береді. Жол-көлік немесе өзге де оқиға туындаған жағдайда шұғыл шақыруды қол режимінде іске қосу үшін қажет:

1. Автокөлікті тоқтату, содан кейін жол жүру ережелеріне сәйкес өзіңіз және басқа да қозғалыс қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
2. SOS батырмасын басыңыз. SOS батырмасын басқан кезде құрылғыны жылжымалы радиотелефон байланысы желілерінде тіркеу жүргізіледі және құрылғы жұмысының техникалық талаптарына сәйкес автокөлік және оның орналасқан жері туралы деректердің ең аз жиынтығы қалыптастырылады. Осыдан кейін ЭРА - ГЛОНАСС операторымен шұғыл шақыру жағдайларын анықтау үшін байланыс жасалады.
3. Шұғыл шақыру жағдайы анықталғаннан кейін БКДҚ операторы ең аз деректер жинағын шұғыл қызметке жібереді және шұғыл шақыруды аяқтайды.

Егер шұғыл қоңырау жоғарыда көрсетілген алгоритмге сәйкес аяқталмаса, бұл қоңырау жалған болып сәйкестендіріледі.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 38

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің батареядан резервтік қорегі

- ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің батареясы бір сағат ішінде шұғыл жағдайда соқтығысу нәтижесінде автокөліктің негізгі қуат көзі өшірілген жағдайда қуат береді.
- ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің батареясын әрбір 3 жыл сайын өзгерту керек. Толық ақпарат 7-тарауда "Техникалық қызмет көрсету кестесі" бөлімінде ұсынылған.

(жалғасын қараңыз)

(жалғасы)

Қызыл жарықдиодты қосу (жүйенің ақаулығы)

Егер автокөлік қозғалысының қалыпты жағдайында қызыл жарықдиоды үнемі жанып тұрса, бұл ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің ақаулығын көрсетуі мүмкін. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесін тексеру үшін HYUNDAI ресми дилеріне дереу хабарласыңыз. Әйтпесе, сіздің автокөлігіңізде орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының жұмысына кепілдік берілмейді. Жоғарыда аталған ережелерді сақтамау салдарынан болған зардаптарға автокөліктің иесі жауап береді.

(жалғасын қараңыз)

(жалғасы)

Баптау жүйесіне өз бетінше өзгерістерді енгізу және алып тастау

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі көмек көрсету үшін шұғыл жедел қызметтерді шақыруға арналған. Сондықтан ЭРА - ГЛОНАСС жүйесіне өз бетінше өзгерістерді өзгерту немесе алып тастау қозғалыс кезінде сіздің қауіпсіздігіңізге әсер етуі мүмкін. Бұл сондай - ақ бірыңғай кезекші -диспетчерлік қызметке жалған шұғыл шақыруларды жасауға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты сіздің автокөлігіңізге орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің жабдығын баптауға өз бетінше/үшінші тұлғалар арқылы қандай да бір өзгерістер енгізбеуді сұраймыз.

Тексеру режимі



Автокөлік салонында орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің элементтері:

① Микрофон

② SOS батырмасы

③ SOS ТЕСТ батырмасы

④ Жарықдиодтар

Сіздің автокөлігіңізге орнатылған ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының жұмысқа қабілеттілігін тексеру техникалық мүмкіндігі бар. Жалған шақыруларды жүзеге асыруды, сондай-ақ ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының дұрыс жұмыс істемеуін болдырмау үшін сіздің автокөлігіңізге орнатылған ЭРА - ГЛОНАСС құрылғысын тексеруді тек қана Hyundai авторизацияланған дилерлік орталықтарының мамандары және тиісті авторизацияланған Hyundai дилерлік орталықтарының аумағында тестілеу режиміне кіру үшін пайдаланушының интерфейсін пайдалану жөніндегі келесі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асыруы тиіс.

ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысын тексеру режимі "SOS тест" батырмасын басу арқылы іске қосылады. Тексеру режимі ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының жұмысқа қабілеттілігін тексеру үшін дауыстық нұсқаулармен бірге іске қосылады. ЭРА-ГЛОНАСС құрылғысының жұмысқа қабілеттілігін тексеру барысында қызыл және жасыл жарықдиодтары жанып тұрады.

Дауыстық нұсқауларды шығару кезінде тексеру режимін өшіру үшін "SOS тест" батырмасын қайта басу қажет.

GSr Rus 6_LM (FL).qxd 26.01.2018 15:37 Страница 40

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 Страница 1

Техникалық қызмет көрсету

Қозғалтқыш бөлігі 7-3
Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс кешені.....7-4
Иесінің жауапкершілігі.....7-4
Автокөлік иесімен техникалық қызмет көрсету кезінде сақтық шаралары 7-4
Автокөлік иесі орындайтын техникалық қызмет көрсету.....7-5
Автокөлік иесі жүргізетін техникалық қызмет көрсету кестесі 7-6
Кезеңдік техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар кешені.....7-8
Әдеттегі техникалық қызмет көрсету -бензинді қозғалтқышы.....7-9
Пайдаланудың ауыр жағдайларында техникалық қызмет көрсету кестесі.....7-13
Мерзімді техникалық қызмет көрсету позициялары..... ...7-15
Қозғалтқышты майлау жүйесі..... ...7-19
Мотор майының деңгейін тексеру.....7-19
Мотор майы мен сүзгіні ауыстыру..... 7-20
Салқындату жүйесінің сұйықтығы.....7-21
Салқындатқыш сұйықтық деңгейін тексеру.....7-21
Салқындату сұйықтығын ауыстыру 7-24
Тежегіш сұйықтығы / сұйықтық ілінісу гидрожетегі 7-25
Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру/ ілінісу гидрожетегінің сұйықтығы.....7-25
Рөлдік басқару күшейткішінің сұйықтығы.....7-27
Рөлдік басқару күшейткішінің сұйықтық деңгейін тексеру.....7-27
Рөлдік басқару күшейткішінің шлангісін тексеру..... 7-27
Жел әйнегін жуғыш сұйықтығы..... 7-28
Кіші бактағы жел әйнегін жуғыш сұйықтығының деңгейін тексеру.....7-28
Тұрақ тежегіші 7-29
Тұрақ тежегішін тексеру..... 7-29
Ауа сүзгісі.....7-30
Сүзгіні ауыстыру..... 7-30
Микроклиматты басқару жүйелері ауа сүзгісі.....7-31
Сүзгі күйлері.....7-31
Сүзгіні ауыстыру 7-31
Әйнек тазартқыш щеткасы..... 7-33
Щеткалардың күйін тексеру.....7-33
Щеткаларды ауыстыру.....7-33

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 Страница 2

Аккумуляторлық батарея..... 7-36
Аккумуляторлық батареясы бар өтініш бойынша ұсыныстар.....7-36
Аккумуляторлық батарея сыйымдылығы көрсетілген жапсырма.....7-38
Аккумуляторлық батареяны зарядтау ...7-38
Аспаптар параметрлерін тастау.....7-39
Дөңгелектер мен шиналар 7-40
Шиналарға күтім жасау.....7-40
Суық шиналарда ұсынылатын ауа қысымы.....7-40
шиналардағы ауа қысымын тексеру.....7-42
Дөңгелектерді ауыстыру 7-43
Дөңгелектерді орнату бұрыштарын реттеу және шиналарды теңгеру 7-44
Шиналарды ауыстыру 7-44
Дөңгелектерді ауыстыру..... 7-46
Жолмен шиналардың ілінісуі.....7-46
Шиналарға техникалық қызмет көрсету.7-46
Шинаның бүйір бетіне таңбалау.....7-46
Төменгі профильді шина 7-51
Балқығыш сақтандырғыштар 7-52
Реле және балқығыш сақтандырғыштар панелінің сипаттамасы.....7-58
Жарықтандыру шамдары..... 7-66
Фара шамдарын, бұрылыс жарығының статикалық шырақтары, габариттік шырақтар, бұрылыс көрсеткіштері және тұманға қарсы фараларды ауыстыру..... 7-67
бұрылыс көрсеткішінің бүйірлік қайталағышы шамды ауыстыру.....7-70
Фаралар мен тұманға қарсы фараларды реттеу(Еуропа үшін)..... 7-70
Артқы құрама фонарьдың шамдарын ауыстыру.....7-75
Қосымша сигналдың тежелуін ауыстыру 7-78
нөмірлік белгіні жарықтандыру шамын ауыстыру.....7-78
Салонды жарықтандыру плафонының шамдарын ауыстыру.....7-78
Автокөліктің сыртқы түріне күтім жасау..... 7-80
Сыртқы күтім 7-80
Салон күтімі 7-86
Шығарындылар уыттылығын төмендету жүйесі.....7-88
1. Қозғалтқыш картері шығарындыларының уыттылығын төмендету жүйесі.....7-88
2. Отын багы шығарындыларының уыттылығын төмендету жүйесі 7-88
3. Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесі 7-89

ҚОЗҒАЛТҚЫШ БӨЛІГІ

■ GAMMA 1.6 қозғалтқышы



■ NU 2.0 қозғалтқышы



1. Қозғалтқыштың май құю қылтасының қақпағы
2. Қозғалтқыштың май қуысы
3. Тежегіш сұйықтығына/ ілінісу гидрожетегі сұйықтығына арналған кіші бак *
4. Аккумуляторлық батареяның оң клеммасы
5. Аккумуляторлық батареяның теріс клеммасы
6. Балқығыш сақтандырғыштар блогы
7. Ауа сүзгісі
8. Радиатордың қақпағы
9. Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығы үшін кеңейткіш кіші бак
10. Жел әйнегін жуғыштың сұйықтығына арналған кіші бак
11. Рөлдік басқару күшейткішінің сұйықтық кіші бағы*

* : бар болса

OGSR076006/OGSR076005

Қозғалтқыш бөлігінің нақты құрастырылуы көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

GSr Rus 7_CM(FL).qxd 20.02.2017 11:43 Страница 4

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР КЕШЕНІ

Техникалық қызмет көрсету немесе тексеру бойынша кез келген жұмыстарды орындау кезінде автокөлікті зақымдамау және өзін жарақаттамау үшін барынша сақтықты сақтау қажет.

Автокөлікті жөндеу және қызмет көрсету үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне жүгіну ұсынылады. HYUNDAI авторизацияланған дилерлері HYUNDAI қызмет көрсету сапасының жоғары стандарттарын сақтайды және қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін HYUNDAI компаниясынан техникалық қолдау алады.

Иесінің жауапкершілігі

Автокөлік иесі құжаттарды сақтау және қызмет көрсету үшін жауап береді.

Төменде келтірілген мерзімдік техникалық қызмет көрсету карталарына сәйкес автокөлікке тиісті техникалық қызмет көрсетуді жүргізуді растайтын құжаттарды сақтау қажет. Бұл ақпарат автокөлікке техникалық және профилактикалық қызмет көрсету автокөлікке кепілді міндеттемелерді сақтау үшін қойылатын талаптарға сәйкес келетінін растау үшін қажет.

Кепілдік міндеттемелер туралы толық ақпарат автокөліктің техникалық қызмет көрсету төлқұжатында берілген.

Кепілдік міндеттемелер өндірушінің талаптарына сәйкес келмейтін техникалық қызмет көрсету салдарын жою немесе қажетті техникалық қызмет көрсетуді орындамау үшін жүргізілетін жөндеу және реттеу жөніндегі жұмыстарға қолданылмайды.

Автокөлік иесімен техникалық қызмет көрсету кезіндегі сақтық шаралары

Тиісті емес, толық емес немесе жеткіліксіз қызмет көрсету зақымдалуға, жол-көлік оқиғаларына немесе жарақаттарға себеп болуы мүмкін автокөлікпен пайдалану проблемаларының туындауына әкелуі мүмкін. Бұл тарау техникалық қызмет көрсетудің оңай орындалатын пункттері бойынша ғана нұсқауларды қамтиды. Кейбір операцияларды арнайы құралдарды пайдаланатын HYUNDAI авторизацияланған дилері ғана орындай алады.

Автокөлікті қандай да бір жолмен өзгертуге тыйым салынады. Мұндай модификациялар автокөліктің пайдалану сипаттамаларына, қауіпсіздігіне немесе сенімділігіне кері әсер етуі мүмкін және одан басқа, автокөліктегі шектеулі кепілдік шарттарын бұзуы мүмкінь.

НАЗАРДА ҰСТАЙТЫН ЖАЙТ

Кепілдік мерзімі ішінде автокөлік иесі жүргізген дұрыс емес техникалық қызмет көрсету кепілдіктің әрекет етуіне әсер етуі мүмкін. Толық ақпарат автокөлікпен бірге жеткізілетін техникалық қызмет көрсету паспортында көрсетілген. Егер сіз қандай да бір автокөлікті жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету рәсімін дұрыс орындай алатынына сенімді болсаңыз, жүйеге қызмет көрсету үшін HYUNDAI авторизацияланған дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

АВТОКӨЛІК ИЕСІ ОРЫНДАЙТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

